



2

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫН
АНТОЛОГИЯСЫ



БАТЫРЛАР
ЖЫРЫ





«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»
ЖОБАСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Тәжин М. М., төраға
Балаева А. Ғ., жауапты хатшы

Әзібаева Б. У.
Әлбеков Т. К.
Жүсіпов Н. Қ.
Керім Ш. Т.
Күзембай С. Ә.
Қазтуғанова А. Ж.
Қасқабасов С. А.
Қирабаев С. С.
Қоңыратбай Т. Ә.
Қорабай С. С.
Матыжанов К. І.
Пангереев А. Ш.
Рахымов Б. С.
Ыбыраев Ш. Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

2
ТОМ

БАТЫРЛАР
ЖЫРЫ

Алматы, 2019

УДК 398
ББК 82
Д15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы Матыжанов К. І.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. І. (*төраға*), Қалиева А.Қ. (*жауапты хатшы*),
Қасқабасов С. А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т. К. (*жауапты редактор*), Сәкен С. И., (*жауапты шығарушы*),
Құрманғалиев Т. Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор Жураев М. (Өзбекстан),
филология ғылымдарының докторы, профессор Қоңыратбай Т. Ә.,
филология ғылымдарының докторы, профессор Пангереев А. Ш.

Д 15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: С. И. Сәкен, Н. Ә. Сәрсек. – Алматы: Brand Book, 2019.

ISBN 978-601-7218-29-4

Т. 2: Батырлар жыры. – 2019. 572 б.

ISBN 978-601-7218-31-7

Дала фольклоры антологиясының 2-томына атақты жыршы Мұрын жырау Сеңгірбекұлының орындауынан 1939–1948 жылдары жазып алынған «Қырымның қырық батыры» жырлар топтамасының үлгілері енгізілді. Бұл эпикалық циклде Алтын Орда және оның орнында пайда болған түркі мемлекеттері тарихының XIV–XVII ғасырлардағы ірі оқиғалары көркем баяндалған.


Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, оқытушыларға, халық әдебиетіне қызығушы көпшілік оқырманға арналған.

УДК 398
ББК 82

ISBN 978-601-7218-31-7 (том 2)
ISBN 978-601-7218-29-4 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2019



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиісіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Ұлттық мәдениеттің тарихында тұңғыш рет басылым көріп отырған «Дала фольклорының антологиясы» он томдығының 2-томын баспаға дайындауда М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мамандарынан іріктелген құрастырушылар тобы еліміздің көрнекті фольклортанушылары мен мұратанушы мамандардың қатысуымен жыр нұсқаларын текстологиялық тұрғыда қайта саралап, мәтіндерді іріктеу мақсатында арнайы зерттеулер жүргізді. Ғылыми сарапшылардың ұсыныстары Институттың ғылыми кеңесінде талқыланып, ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары назарға алынды. Соның нәтижесінде томға «Қырымның қырық батыры» атты жырлар топтамасы енгізілді.

Бұл эпикалық цикл 1942 жылы Мұрын жыраудың айтуынан жазып алынып, ол үлкен тарихи оқиғаға айналды. Ташкентте 1944 жылы өткен Орта Азия фольклоры туралы Бүкілодақтық ғылыми конференция қаулысында жыр-эпопеяның дүниежүзілік маңызы айқындалып, арнайы атап өтілді. Дегенмен, көп ұзамай оның жариялануына, зерттелуіне тыйым салынды. Тек жариялылық жылдарынан кейін ғана жарыққа шығаруға жол ашылды. Топтаманың алғашқы басылымдары (1989, 1990) кеңестік цензураның талабымен өзгертулер мен қысқартуларға ұшырады және 2005 жылғы жинақ та осы жарияланымдарды өзгеріссіз қайталады. Тек «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясына енген жырлар (2008, 50, 51-тт.) текстологиялық тұрғыдан зерттеліп, бұрынғы редакциялық өзгерістер қайта қалпына келтірілді.

Томды баспаға дайындау барысында топтама құрамына енген жырлар Орталық ғылыми кітапхананың қорындағы қолжазба үлгілерімен қайта салғастырылып, бұрынғы басылымдарда назардан сырт қалған кейбір сөздер, тіркестер, үзіліп қалған тармақтар мен шумақтар қалпына келтірілді.

Томның оқушыларға, студенттерге, жалпы оқырман қауымға арналғаны ескеріліп, сондай-ақ ғылыми сарапшылардың, институт ғалымдарының пікірлерімен санаса отырып, топтама құрамындағы өте қысқа, үзінді түрінде жеткен «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» сияқты жырлар томға енгізілмеді.

Томның құрылымдық жүйесі «Дала фольклорының антологиясы» он томдығына қойылған жалпы талаптарға толықтай жауап береді. Ол құрастырушылар тарапынан берілген аңдатпадан басталып, топтаманы толық жырлап, жаздырған Мұрын жыраудың фотосуреті мен өмірбаяны берілді. Топтама құрамындағы үш саланың және оларды құрайтын жырлардың әрқайсысына қатысты түсініктемелер беріліп, иллюстрациялық



суреттер мен ноталық жазбалары қамтылды. Соңында этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) берілді. Мәтіндерде кездесетін көне түркі, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) және диалект сөздердің мағыналары әр беттің аяғында көрсетілді. Иллюстрацияға Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің қорындағы суреттер пайдаланылды.

Томның кітаби басылымымен қоса электронды және аудио нұсқалары да қатар дайындалды. Жырларды орындаушылар осы асыл мұраны жеткізген Мұрын жыраудың туған жері — Маңғыстау өңірінен арнайы шақырылды. Туындылар саз аспаптарының сүйемелдеуімен дәстүрлі жыршылық өнердің Батыс мектебіне тән мақамдармен жырланып, таңдаулы студияда жазылды. Шығармалардың электронды және аудио нұсқалары қазіргі заман талабына сай дайындалып, олар орналастырылған сайттардың мекенжайы мен қажетті коды кітаптың мұқабасында көрсетілді.



ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ





Мұрын жырау Сеңгірбекұлы (1859—1954) — «Қырымның қырық батыры» эпопеялық жырын жадында сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізген ұлы жыршы. Маңғыстау түбегінің Бозашы алқабындағы Қоңырорпа деген жерде дүниеге келген. Оның жыр өнеріне деген құмарлығын анасы Қалдыкөз (Қалдықыз) қалыптастырған. Ол баласына бар білгенін үйретіп, жиын-тойда жанынан тастамай ертіп жүрген.

Мұрын он жеті жасынан бастап біржола жыршылық жолға түсіп, әйгілі өнерпаздардың қасына еріп, жыр айтуға машықтанады. Кейін «Қырымның қырық батыры» топтамасындағы туындыларды Нұрым Шыршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды атақты ақын-жыршылардан үйренеді. XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін ол Орта Азияның отыздан астам қаласын аралап, «Қырымның қырық батырын» жырлайды. Оның репертуарындағы жырларды жазып алу шарасы 1939 жылдан басталды. Мұрын жырау Қазақстан Үкіметінің арнайы шақыртуымен 1942 жылы Алматыға келіп, алты ай бойы жыр айтып, әдебиетші мамандарға жаздырады. Кейін өз бетінше хатқа түсірген төрт жырды 1947 жылы Алматыға әкеліп тапсырады. Сол жолы Халық шығармашылығы үйінің тапсырмасымен Алматыда 1 ай, 23 күн жатып, жыр жаздырады.

Мұрын Сеңгірбекұлы 95 жасқа қараған шағында туған топырағында дүние салды.



Суретші Т. Ордабеков

АҢШЫБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

«Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» шежірелік эпикалық циклі — «Қырымның қырық батыры» эпос-эпопеясын құрайтын үш саланың алғашқысы. Бұл циклге Ұлы Ноғай Оргасының негізін қалаушы, кезінде Алтын Ордаға билік жүргізген Егіге бигің, оның Аңшыбай, Парпария, Құттықия сияқты ата-бабаларының, Нұрадын, Мұса хан, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі секілді ұрпақтарының ерліктері бейнеленеді. Топтамада Егігенің шыққан тегі ол туралы өзге жыр-аңыздар мен шежірелік деректерден мүлде басқаша баяндалады. Циклдің құрамына енген бірнеше жыр Мұрын жыраудан өзге жыршының репертуарында кездеспейді. Бұл жырлардың 1939, 1941 және 1942 жылдары жазып алынған нұсқалары қазір Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында сақтаулы тұр. Кезінде тыйым салынған рухани мұралар қатарындағы бұл құнды жәдігерлерді жариялаудың мүмкіндігі кеңестік кезеңнің соңына қарай жариялылық жылдары ғана туды. Соған орай бұл жырлар тобы «Қазақ халық әдебиеті» атты көптомдық аясында жарық көрген «Батырлар жыры» сериясында (2005, 5-т., 2006, 6-т.), «Қырымның қырық батыры» (2005), «Бабалар сөзі» жинақтарында (2008, 50-т.) жарияланды. Бұл саланы құрайтын жырлардың ерекшеліктері жөнінде кеңестік дәуірде В.М. Жирмунский ғана сөз қозғағаны белгілі. Ал еліміз егемендік алғаннан кейін бұл туындылардың өзіндік сипаттарын ашып көрсетуге арналған еңбектердің ішінен Р. Бердібай, С. Қасқабасов зерттеулерін айрықша атап көрсеткен жөн.

Томды баспаға дайындау барысында көрсетілген жырлардың қолжазба нұсқалары мен басылым үлгілері салыстырылып, бұрынғы жарияланымдарда орын алған кейбір кемшіліктер түзетілді.



АҢШЫБАЙ БАТЫР

Жырга Аңшыбай Егігенің тұпатасы ретінде суреттеледі. Ол Егігенің бабасы екені туралы Мұрын жыраудан жазып алынған жырларда, «Қарасай, Қази» жырының жырлаушысы белгісіз бір нұсқасында және ноғайдың «Эдиге» эпосы мен башқұрт халқының прозалық аңыздарында ғана айтылады. Оларды салыстыра қарағанда, бұл туындылардың мазмұнында біршама айырмашылық бары байқалады. Орталық ғылыми кітапхананың қорында Мұрын жыраудың айтуынан жазып алынған Аңшыбай туралы жырдың үш қолжазбасы сақталған. Олардың екеуін М. Хакімжанова жазып алған. Қолжазбадағы бастапқы мәтінге «Аңшыбай», кейінгісіне «Егіге (Ақоралдың шаһарында)» деген атаулар қойылған. Салыстырмалы зерттеу барысында екі мәтіннің бірін-бірі қайталап тұрғаны анықталды.

Томды баспаға дайындауда жоғарыда көрсетілген екі мәтін осы қордағы Б. Жақыпбаев хатқа түсірген екінші нұсқамен салыстырыла қаралып, М. Хакімжанова нұсқасы ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (330-бума, 3-гәптер).



Аңшыбай үш жасында шешесінен, төрт жасында әкесінен жетім қалды. Бала біткен ауылға келтірмей қуа берді. Аңшыбай жыңғылдан жақ алып, шиден оқ алып, далада қаңғырып жүре береді. Өзі жалаң аяқ, жалаң бас, тырдай жалаңаш. Қыдырып жүріп қалың тоғайлардың ішіне барады. Тоғайдың ішінде бір көлдің жағасына барып жатып еді. Оның ішінде бір уақ шіл, үйректер жүр екен. Аңшыбай сол үйректі атып алып, отқа көміп пісіріп алып, тамақ етіп жүрді. Алты жыл сонда үйрек атумен жатты.

Бір күндері болғанда, көлшікке бір аққу келіп қонады. Аңшыбай көріп, атайын дегенде, аққу сілкініп еді, бір бойжеткен қыз болды.

— Адам баласы, сен мені атпа. Мен — мұсылман пері патшасының қызымын. Сіз «қара саз жерде не қылып жатқан адам баласы екен деп келіп едім». Бұрыннан да көріп жүр едім. Сен не қылған адам баласысың, бұл ел жоқ жерде жүрген? — деді.

Аңшыбай:

— Менің әкем де, шешем де жоқ. Елден қаңғырып жүрген бір ғаріпін¹, тамағым мынау — шіл, үйрек, — деді.

Сонда аққу:

— Ертең келермін, — деп, ұшып жүре берді. Қарасы үзілгесін, тағы бір аққу келіп қона қалды. Бұл сілкініп еді, бір қыз бола қалды.

— Мені атпа, бала сен, — деп, тұра қалды. — Сен не қылып жатқан адам баласысың? — деп сұрады.

— Ата-анам жоқ, ағайыным тағы жоқ. Осында шіл үйректі тамақ қылып жатқаным бес-алты жыл болды, — деді.

Сонда аққу тұрып айтты:

— Әлгі ұшып кеткен не?

Аңшыбай:

— Білмеймін. «Мұсылман пері патшасының қызымын», — деп кеткен. «Ертең келермін», — деді.

Аққу:

— Онда мен кәпір патшасының қызымын. Ол ертең келсе, мен де келермін, — дейді.

Сонда Аңшыбай:

— Келіп не қыласың? Менде үй де, күй де жоқ, ішіп-жейтін тамақ та жоқ, — деді.

Аққу:

— Ол келіп, тиер болса, мен де артынан келіп, тиермін, — деді.

— Бірақ мұсылман перісінің қызы «тием» деген жоқ.

Ертеңіне мұсылман пері патшасының қызы ұшып келіп, былай деді:

— Мен саған, адам баласы, мынадай тәуекел етіп жатқаныңда «тием», — деп келдім.

Сонда Аңшыбайдың айтқаны:

¹ Ғаріп /а/ — бейшара.

— Ақылың жоқ баласың,
 Жазған, қайда барасың?
 Менде біркиер киім жоқ,
 Сататұғын тиын жоқ,
 Баратұғын үйім жоқ,
 «Тиемін маған» дегенің,
 Сен — патшаның баласы,
 Басыңда сенің миың жоқ,
 Ағайын, іні менде жоқ,
 Жақын жерде елім жоқ,
 Мен — бір жүрген сормаңдай,
 «Тием» дегенің маған бұл қалай?
 Ойдың менің көзімді,
 Өлтіремісің өзімді?
 Алмаймын мен сені,
 Өлтірмесең, жаным, өзімді.
 Майданда жатқан мен ғаріп
 Сен бір не күн көрерсің?
 Маған жолдасым сен болсаң,
 Асыл бір туған данасың.

Адам біздей пақыр болар ма?
 Біз секілді пақырға,
 Жарқыным, не деп барасың?

Сонда бір қызың сөйледі:
 — Әй, Аңшыбай, Аңшыбай,
 Тамақ пен киімді қайғы етпе.
 Табармын бәрін мен, — деді, —
 Саған болсам жолдас мен, — деді. —
 Қазынаға қолды салармын,
 Не керекті алармын
 Атамның тұрған тағынан.
 Кейін қайтып барғасын.
 Қазынадан алып, тақ алсам,
 Дүниені сатып, табармыз.
 Апарармын жеріңе,
 Жеткізермін еліңе,
 Киім мен тамақ қайғы етпе,
 Егер болсам сенің жолдасың.

Сонда кәпір патшаның қызы ұшып келіп қонып, ана қызға айтқаны:

— Сен бір болсаң жолдасы,
 Артықпын ба мен сенен?
 Мен де қатар болайын.
 Мынау тұрған — Аңшыбай
 Майданда жатқан ер екен,
 Жақыны жоқ бір жалғыз,
 Өзі бір пақыр жан екен.
 Елсізде көріп жетімдік,
 Тарыққан пақыр бала екен.
 Артықпын ба сіздерден?
 Атамның алтын қазынасына
 Мен де қолды салармын,
 Көп етіп алтын алармын.
 Әкеліп берсем, мал болар,
 Осының өзі — Аңшыбай
 Ноғайлыға хан болар.
 Астана халықты билеп,
 Аңшыбай қалай кем болар,
 Жақсылармен тең болар?!
 Екеуіміз бақыт алып,
 Жолдас қылып алармыз
 Неше жыл болды жатқалы,
 Қара көрмей жүр екен.
 Тигеніміз осыған

Екеуіміздің жөн екен.
 Жақсылармен тең болса,
 Майданда жатқан ер еді,
 Кімнен кем болар?

Аңшыбай сонда мұңайды,
 Жарлылық пен жалғыздық
 Есіне түсіп жылайды.
 Екі ару бірдей дегесін,
 Қайғы етпей, не қып шыдайды?
 «Екі бірдей аруды
 Бола ма бірден алуға?
 Хан баласы біз едік.
 Таза халық біз едік,
 Жақсы жаман көрмеген.
 Неміз қалды біздей пақырдың Енді
 қайтіп өлмеген?»

Осылай деп қайғысын
 Аңшыбай сонда сөйлеген.
 Екі әйел тап келіп,
 Батыр енді ойлайды:
 — Қайдан іздеп табайын
 Жас күнде жүрген елімді?

Екі бірдей данасың,
Патшадан туған баласың,
Біз секілді ғаріпті
Апарып, қорлап, не қыласың?

Екеуі сонда сөйледі,
Мұсылман, көпір қыздары
Сөйлегенде не деді?

— Әй, Аңшыбай, Аңшыбай, дүние үшін тарықпа, мал үшін сен қамықпа. Сені ел шетіне жеткізіп тастаймыз. Ертең еліңе барғасын: «Маған қатын алып беріңіз, тұрарға үй, айдарға мал, ішерге тамақ, мінерге ат беріңіз», — деп, халқың мен ағайындарыңнан сұрарсың. Олар айтқаныңа ере алмас, мал түгіл, нәрсе де бере алмас. Сосын сен бір төбенің басына екі ағаш қағып, басына жалау іліп, өзің екі ағаштың арасына отыр. Сол уақытта аспаннан біз ұшармыз. Ұшып жүріп, бір қарайған нәрсе тастармыз. Қарайған нәрсе табақтай алтын болар. Сен соларды жинап аларсың. Алтынға киіз бен үйдің сүйектерін сатып алып, сол жерге алты қанат екі үй тігіп отырарсың. Біз осының бәрін үстіңде ұшып жүріп байқармыз, — дейді.

Осыдан кейін екі аққу Аңшыбайды елінің шетіне әкеліп түсіріп, өздері ұшып кетеді.

Аңшыбайдың ноғайларға келіп, «Мен он жасқа келдім. Маған қатын алып беріңдер» деп айтқаны:

— Қатын алып беріңіз,
Ағайыным, сіз, — деді, —
Ортаға келдім мен, — деді.
Сонда ноғай кірмеді,
Біреуі де бір лақ
Аңшыбайға бермеді.

Тыңдамады бір ноғай:
«Қаңғырмай, жоғал сен!» — деді.
Төбенің шығып басына,
Отырды барып Аңшыбай
Қағулы ағаш қасына.

Қағулы екі ағаштың ортасында отырған Аңшыбайға қос аққу ұшып келіп, бір қарайған нәрсе тастады да, екеуі қайырылмастан қайтадан ұшып кетеді. Аңшыбай аспаннан түскен қарайған нәрсені алып, оны киізге сатып, керегін алды. Екі жерге он-оннан қатындарды бөліп, алты қанат екі үй тіктірді. Екі ағашты қағып, ортасына Аңшыбай отырады, жалауын байлап қояды.

Сонда ноғайлар: «Мұны қайдан тапты екен?!» — деп таңғалады. Сол уақытта екі аққу да келіп қонады. Екеуі де әдемі қызға айналады. Қызға айналғанда мынадай қызық болды. Қыздардың бет-әлпеттерінің әдемілігін көріп, енді ноғайлар жиналып, кеңес құрады. Олардың: «Осы Аңшыбайдың көзін жойып, екі қызды өзіміз алайық», — деп сыбырласқандарын екі қыз естіп отырып, сонда перінің бір қызы ноғайларға:

— Ақылдарың қалай? Аңшыбайды өлтіріп, бізді алмақсыз, олжаға батып қалмақсыз. Тауды алып, үстіңізге тастасақ, өлтіреміз біз сіздерді, — дейді.

Сонда ноғайлар жаман қорықты,
Сөзінен қыздың торықты,
Зор мықтыға жолықты.

– Енді сіздерді айтпаймыз, отыра беріңіздер. Аңшыбай төре, хан болады, үндемейміз сіздерге, – дейді.

Асылдар келіп тұрады
Аңшыбайдың қасына.
Би мен бектер кеңес құрады,
Әртүрлі еткен талабын
Аңшыбайдың сұрады.

Сонда Аңшыбайдың екі қызды алған жері – тоқсан баулы Ноғайлы елінің шетіне көшіп барған жері.

Аңшыбай: «Қайта аттанам», – деп кеңес қылған. «Жалғыз қаңғырған қара басы», – деп, оның қасына ешкім ермеген.

Аңшыбай мінді Қара атқа,
«Алыс жерге кетем, – деп, –
Құба таудан өтем, – деп, –
Орақшыға жетем, – деп, –
Бармай жауға, не етем?» – деп.
Жапанға жалғыз кеткесін,
Батыр не қып шыдайды?
Астында мінген Қара ат бар,
Жануарда қанат бар.
Бес қаруы¹ белінде,
Асынған бойда жарақ² бар.
Жануар басып тұрмаған,
Ұшқан құстай зырлаған.
Төрт айлық жолдарда
Болдырып демін алмапты.
Кетеді алыс жерге аттанып,
Кезіккен жері
Аңшыбайдың сол еді,
Орақшының тұрған жері құм еді.
Қырық кісі әскермен
Қарауыл жүрген бұл еді.
Аңшыбайға кез келді
Орақшыдай қалмағың.
Орақшы келіп сөйледі:
– Жолдассыз жүрген данасың,
Жапанда жүрген дарасың.
Жолдасың жоқ қасыңда,
Жалғыздық, қайда барасың?
Атаң мен айтшы анаңыз,

Білейік сіздің шамаңыз?

Сонда Аңшыбай сөйледі:
– Руымды сұрасаң,
Дін мұсылман елі еді.
Тұқымымды сұрасаң,
Тоқсан баулы ноғайдың
Қырық таңбалы Қырымы,
Қырымның байтақ елі еді.
Менің атым – Аңшыбай.
Іздегенім сұрасаң –
Орақшы қалмақ қаласы.
Орақшының алуға
Іздеп шықтым қаласын,
Жылатуға баласын.
«Көрейін», – деп мен шықтым,
Сол қалмақтың шамасын.
Естимісің, қалмақ, сен? – деді, –
Ат-жарағың бер, – деді, –
Алмай кетпен мен, – деді.

Сонда қалмақ қолды салады.
Атайын деп баланы
Аңшыбайға оңталды.
«Жеңемін сені!» деген соң,
Залым қалмақ долданды.
Орақшы мінген кер³ еді,
Тебініп қалмақ келеді.
Аңшыбай мінген Қара еді,

¹ Бес қару – қылыш, айбалта, найза, шоқпар, садақ.

² Жарақ – жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман; қару-жарақ.

³ Кер – малдың құла мен торы аралығындағы түсі.

Қайраты атының бар еді,
 Жасқанбайтын ер еді.
 Қарсы келген қалмаққа
 Аңшыбай да келеді.
 «Бердім кезек мен, — деді, —
 Ата бер, қалмақ, сен», — деді.
 Атайын деп Орақшы
 Сонда оғын жөндеді.
 Қорамсаққа қол салды,
 Есепсіз оққа мол салды.
 Аңшыбайдың ішінде
 Бар еді киген шарайна,
 Сыртында бар-ды ақ сауыт.
 Сыртында бар-ды шекпені¹,
 Шекпеннің өтіп ар жағына
 Оғы кетеді.
 Бір атқанда, үш атты,
 Үш атқанда, бос атты.
 Ақ сауыттан өтпеді,
 Онан арман кетпеді.

Сонда Аңшыбай тұрып сөйледі:
 — Әй, қалмағым, сен, — деді, —
 Берсең кезек сен, — деді, —
 Енді атайын мен, — деді. —
 Сен — бір тұрған Орақшы,
 «Өлмеймін», — деп ойлама,
 Меніменен ойнама.
 Атыңның басын тарт, — деді, —
 Жолдасыңа қайт, — деді, —
 Арызың болса, айт, — деді, —
 Атамын енді мен, — деді, —
 Өлесің, қалмақ, сен, — деді.

Сонда Аңшыбай оқ алды,
 Есебі жоқ мол алды.
 Қалмақ тұрды қақшиып,
 Жалмауыздай емініп,
 Аңшыбай шықты тебініп,
 Кекті ашу жанын кеміріп.
 Орақшыдай қалмаққа
 Атқан оғы өтеді,
 Іркілмей, дәл кетеді.
 Ар жағында оқ барды

Үйілген топырақ, құмдарға,
 Атаңа нәлет қалмақты
 Құмдай қылып ұндарға.
 Қалмақтың қашты қарасы,
 Бытырады қалмақтар
 Кейіндегі шамасы.
 Алды-алдына тарады,
 Әлі қашып барады.
 Артынан қуып Аңшыбай,
 Жауына ойран салады.
 Астына мінген Қара ат
 Жер басқаннан қалмаған.
 Жанында оның шар болат²,
 Сермесе, кеспей қалмаған.
 Қалмақ сорлы: «Кетем, — деп, —
 Қалаға қалай жетем?» — деп,
 Қашып еді жалбақтап.
 Қалмақтың көрді қаласын,
 Шулатты қатын-баласын.
 Талқандады қаласын,
 Шулатты оның даласын.
 Сегіз күнге толғанда,
 Күні біраз болғанда,
 Жеңді қалмақ елдерін.
 Сындырып жықты белдерін,
 Қалмақтың ойды көздерін.
 Он алты күн болғанда,
 Алады шауып өздерін.
 Жеңді қалмақ қаласын.
 Мұсылман қылды баласын.
 Кәпірдің көрді шамасын.
 Қалмақтан жаулап алған жер,
 Қалмаққа ойын салған жер.
 Әуелі бастап аттанып,
 Орақшы еді барған жер.
 Орақшы қалмақ өлген соң,
 Ел мұсылман болған соң,
 Көнгендігін көрген соң,
 Қайтты еліне Аңшыбай,
 Қасына алып баласын.
 Алғандығын білдіріп:
 «Көрсін, — деді, — қалмақ алған жер».
 Келді жетіп жеріне,
 Мекен қылған еліне,

¹ Шекпен — түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырт киім.

² Шар болат — қылыш.

Ноғайлыға келгені.
Би мен төре, бектері,
Хан мен тұрған қарасы:

«Аңшыбайдан жауап алам», — деп,
Жиналып келді өңкей төресі.

Орақшыны алғасын, Аңшыбай елге келеді. Көнгенін мұсылманға көндіріп, көнбегенін елге алып келеді. Сонда бектер мен мықты билер алқақотан жиналады. Оларға Аңшыбайдың айтқаны:

— Көрдім бір жердің даласын
Орақшыдай қалмақтың,
Барып көрдім қаласын,
Шулаттым жас баласын.
Қираттым, талқандап қаласын.
Қалмақтан бір шауып, ел алдым,
Орақшыдан кек алдым.
Шұбырттым қатын-баласын,
Қираттым қалмақ қаласын.
Білген соң, жеңіп, шамасын,
«Елге», — деп мен де жөнелдім,
Аман ба туған еліміз,
Мекен еткен жеріміз?
Саламат па бәріңіз,
Ұлы-кіші жамағат?
Сәлем бердім сіздерге,
Сіздер де келіспіз біздерге.
Төрт ай мезгіл толғанша
Қалмаққа жүрдім жорықта.
Астымда мінген Қара ат,
Жануарда бар қанат.
Ұшқан құстан кем емес,
Мініп бір алсаң бұл атқа,
Тасыған судай ағады,
Ұшқан құстай самғайды,
Аяғы жерге тимейді.
Бұл секілді жануар
Ойға келсе, ызғыған,
Қырға келсе, қарғыған,
Жерді басып тұрмаған.
Төрт аяқтан шыққан шаң,
Топырақты суырған.
Белге буған қорамса,
Атса, бір өтпей қалмаған.
Қынаптағы көк алмас¹,
Сермесе, шаппай қалмаған.

Атаңа нәлет қалмақтың
Төбесі шоқты талайын
Жорықта жеңіп мен алғам.

Жиналып әскер келгесін,
Айқасқан жауды жеңген соң,
Жесір-жебір келгесін,
Жиғызбай есін батырдың,
Хабар келді ноғайға:
«Ағырабат деген үндістің ханы бар.
Оның мұнда «аттанамыз» деген ойы бар».
Бұл хабарды естіп Аңшыбай,
Ағырабат шаһарын² аларға
Тағы ойлады барарға.
Астында мінген Қара ат.
«Қалмаққа енді жетем», — деп,
Аңшыбай сонда жол жүрді,
Жапанда жалғыз ол жүрді,
Есепсіз жолды мол жүрді.
Бес-он күн жол жүргесін,
Жан-жағына қарамай,
Жалғыз жүріп далада,
Сонда батыр мұңайды,
Алладан тілек сұрайды.
Сұрағанда не дейді?
Айтқан бір сөзі осындай:
«Айналайын ата-анам,
Жапанда жалғыз барамын.
Қасымда жоқ ағайын
Қаңғырған жалғыз дарамын.
Жар болсаң сен өзің,
Қырық та менің жолдасым,
Бұрынғы ата-бабамыз.
Алла жәрдем бермесе,
Қандай амал қыламыз?»

¹ Көк алмас — қылыш.

² Шаһар /а/ — қала.

Ағайын-туған, көп халық
 Қасыма бірі ермеді.
 Жететұғын күн болса
 Қайта айналып жеріме,
 Шалқып жатқан елдерім,
 Толқып жатқан көлдерім,
 Биік-биік дөңдерім,
 Қызығыңды көрермін,
 Аман келсем сендерге.
 Астыма мінген Қара ат,
 Жануарда бар қанат.
 Өзіңдей ұшқан құстарды
 Жүгірген аңдай көрмейсің.
 «Биік жатқан таулардан,
 Ағып жатқан сулардан
 Бөгелемін», — демейсің.
 Бұдан да өтіп кетесің.
 Жететін күн болар ма
 Ағырабаттың еліне?

Талқандармын қаласын,
 Жылатармын баласын».
 Қара атқа қамшы салады.
 Құлаштап¹ аяқ басады,
 Тасыған судай тасады,
 Биіктерден асады.
 Тереңірек сай болса,
 Жануар ырғып асады.
 Ол үш айлық жерлерге
 Тоғыз күнде жетеді.
 Ағырабаттың қаласын
 Көзіменен көргесін,
 Ойлады ақыл шамасын.
 Қасында екі тауы бар,
 Сонда үндіс көп екен.
 Өзінің байтақ жауы бар,
 Бір жүзікті қолы бар.
 «Мұсылман халқы келер», — деп
 Ағырабат хан ойлайды.

Сонда Ағырабаттың қарауылға қойған көп әскері Аңшыбайдың келе жатқанын көріп, ханға хабар береді. Хан:

— Бізге адам тең емес,
 «Тең» дегені жөн емес.
 Қасыма жақын келсін, — деп, —
 Құдай бізге берді, — деп, —
 Ойранымды көрсін, — деп,
 Шекесінен қарады.
 Мекен еткен жері үндісте
 Ағырабат патша ханы еді.
 Ол көп үндісті жинаған
 Қатарда жүрген жан еді.
 Аңшыбайға айтқан сөзі:
 — Асыл туған баласың,
 Жарқыным, қайда барасың?
 Білмей ме екен адамзат
 Өзінің қайрат-шамасын?
 Мен — байтақ жатқан ел едім,
 Жерім айдын-шалқар көл еді.
 Шұман көлдің басында
 Отырған халық мен едім,
 Неше жылдан бері қарай
 Осы өзеннің қасында.
 Өлтіремін өзіңді,
 Қысқартармын жасыңды.

Астыңдағы Қара атты,
 Беліңе бұған болатты
 Шешіп, маған бер, — деді, —
 Өлмейін десең сен, — деді —
 Аты-жөнің сен айтшы,
 Сұрайын деп мен тұрмын.
 Маған жауап бермесең,
 Өлтіремін өзіңді,
 Оярмын көзіңді.

Аңшыбай сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Атаңа нәлет, үндісті-ай,
 Көргенім жоқ бұл түсті-ай!
 Сен секілді жаманды-ай,
 Қаңғырып жүрген адамды-ай!
 Әркімде білер, ойласа,
 Өзінің қатар шамасын.
 Еркек болсаң, жалғыз жүр,
 Сен секілді ақылсыз
 Білмей ме қайрат-шамасын?
 Мен — ноғай деген ел едім,
 Елден бір шыққан ер едім.
 Мынау тұрған үндісті

¹ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

Талқандайын деп едім.
 Менің атым — Аңшыбай,
 Аң аулаған аңшымын.
 Талай астым биіктен.
 Сен секілді көрмедім
 Қаңғырып жүрген үндісті.

Сонда Ағырабаттың айтқаны:
 — Артық туған ер, — деді, —
 Кезегімді бер, — деді, —
 Ер болған болсаң сен, — деді. —
 Өзім артық хан едім,
 Асыл бір туған жан едім.
 Мекен еткен ел едім
 Мен — үндістің ері едім.
 Ағырабат деген хан едім,
 Аптығып жүрген, жас бала,
 Сен не қылған бала едің?

Аңшыбай сонда сөз айтты,
 Сөз айтқанда, мол айтты:
 — Әй, Ағырабат, Ағырабат,
 Енді өлесің сен, — деді, —
 Кезекті маған бер, — деді. —
 Емеспін саған тең, — деді, —
 Асылың сенің кім? — деді.

Ағырабат сонда сөйледі,
 Сөйлегенде, не деді?
 — Аттың басын тарт! — деді, —
 Кейін қарай қайт! — деді. —
 Жолдасыңа бар-дағы,
 Көргеніңді айт, — деді. —
 Қайта айналып кел, — деді, —
 Өлтіремін мен, — деді.

Сонда тұрып, Аңшыбай,
 Он екі тұтам оқ¹ алды,
 Өтірік емес, шын алды.
 Анау тұрған Ағырабат
 Қайырылмады қасына-ай,
 Бұрмады атының басын-ай.
 «Ат, — деп, — ноғай, осылай».
 Аңшыбай сонда көздеді.
 Ойлап тұрар кез бе еді?!
 Он екі тұтам оқ алып,
 Қорамсағын қалдырып,

Аңшыбай атып қалады.
 Атқан оғы өтеді,
 Бір төбеге жетеді.
 Жан тәтті екен дүниеде,
 Ағырабат хан құлады,
 Ұзынынан сұлады.
 Атып жерге түсірді,
 Үнін жаудың өшірді,
 Өлтіргесін қашырды.
 Жүз кісіге қарсы кеп,
 Аңшыбай батыр айқасты,
 Қашқан жаумен шайқасты.
 Артынан қуып Аңшыбай,
 Тағы да жетіп қалады.
 Талқандайды қаласын,
 Көріп елінің шамасын.
 «Ажал жетіп, өлдік, — деп, —
 Не айтқаныңа көндік, — деп, —
 Енді дінге кірдік, — деп, —
 Мал мен бала бердік», — деп.

Салдырып мына мешітті
 Хабар берді қалаға:
 «Мұсылман дінді ханыңа», — деп,
 Хабар берді балаға.
 Аңшыбай батыр барарға,
 Мекен етіп аларға.
 Басын иді жаулары:
 «Батырлықты көрдік», — деп.
 Аңшыбайдың ерлігін көргесін,
 Патшадай қылып табынған.
 Астында жүрген жануар
 Дариядай тасады,
 Биік таудан асады.
 Шамасы жерде жоқ еді
 Бұл жануар тоқтаған.
 Сол секілді мал еді.
 «Алыс жерге жетем, — деп, —
 Жауға шаппай, не етем?» — деп,
 Құйысқаны шартылдап,
 Ақ көбігі шалпылдап,
 Бүгіліп-жазылса жер бауыры,
 Атыла қарғып, алқымдап.
 Тұяғы тиген қара жер
 Қалатұғын борпылдап.

Ақ сүңгісін қолға алып,
 Келеді батыр толғанып.

¹ Он екі тұтам оқ — үлкен, ұзын жебе.

Алыс жердің арасын,
 Қаланың көрді қарасын.
 Мекен еткен жері еді
 Онда байтақ қараса.
 Ол да байтақ ел еді,
 Қасында бар қырық кісі,
 Алдынан шықты Ақорал.
 Қарсы келіп екеуі,
 Сонда жауап береді.
 Ақорал сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Жапанда жалғыз дарасың.
 Жарқыным, қайда барасың?
 Астыңа мінген Қара атың,
 Енді өліп қаласың.
 Білмеймісің өзіңнің
 Қайратыңның шамасын?
 Қай халықтың ұлысың?!
 Енді жауап бер, — деді, —
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Өлтірермін өзіңді,
 Келтірермін кезіңді.
 Жұламын талдап шашыңды,
 Қысқартармын жасыңды.
 Өлтірермін өзіңді,
 Оярмын екі көзіңді.
 Қаңғырып жүрген, сен ноғай,
 Тыңда менің сөзімді.

Сонда Аңшыбай тұрып сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Әй, атаңа нәлет, үндісім,
 Келдің жетіп сен, — деді, —
 Іздегенім сұрасаң,
 Сендей үндіс жау еді.
 Мен — Ноғайлы елінің
 Елден шыққан ерімін,
 Артық туған шерімін,
 Асыл туған бөрісі едім.
 Талай алдым қалмақты.
 Астымдағы ала тай,
 Жануарда қанат бар.
 Енді қуып жетейін,
 Қорамсаны қолға алайын,
 Алмай қойман өзіңді.
 Енді қанға малармын,
 Басыңды кесіп алармын.
 Қалаңа ойын салармын.

Қызыңды қатын етермін,
 Шаһарыңды күл етермін.
 «Жалғызбын», — деп ойламан,
 Сенімен ойнаман,
 Жарағым қанға тоймаған.

Сонда қалмақ сөйледі,
 Сөйлегенде, не деді?
 — Атаңа нәлет, құл ноғай,
 Ақылың жоқ, көп ноғай,
 Әскерің жоқ, қу ноғай!
 Ақылыңның жоқтығы —
 Бұл мезгілде келгенің.
 Алармын басыңды мен, — деді, —
 Қиратармын сені! — деді.

Атып қалды үш оқты.
 Атқан оғы өтпеді,
 Көздеген жерге жетпеді.
 Сонда тұрып долданды,
 Басына киген телпегін,
 Ашу қысып, қолға алды.

Анау тұрған, қарасаң,
 Көкірекке жел кірді.
 Аңшыбайдай батырың
 Артық туған ер еді,
 Жақын жетіп келеді.
 Аңшыбай келді тебініп,
 Қашатұғын ол емес,
 Үндістен қорқып, шегініп.
 «Қорамса» деген оқ алды,
 Қайраты ердің көп еді.
 «Атамын сені мен, — деді, —
 Шыдамасаң, кел!» — деді.
 Сонда бір тұрып қарады,
 Ол үндістің ері еді,
 Кеп, бір қолды салады,
 Жағадан ұстап алады.
 Жағаласып екеуі
 Ат үстінде қалады.
 Келіп тұрған көп қалмақ
 Қайтадан кейін қашады.
 Аңшыбайда жоқ серік,
 «Тәңірі жәрдем берсін!» — деп,
 Жан-жағына қарады.
 Шамырқанып, шамданды.
 Буырқанып, долданды.

Ол үндіске қол салды,
 Қисабы жоқ мол салды,
 Жағасынан сонда алды.
 Екі көзі қызарып,
 Тұра алмады кідіріп,
 Шамданғансын, бозарып.
 Хан еді ол — қарысты,
 Жағаласып қалысты,
 Екі-үш күндей олар алысты.
 «Жеңем!» — деп бір-бірін,
 Аямай найза салысты.
 Аңшыбай қия барып тұра қап,
 «Байқайын», — деп.
 Болып отыз-қырық күн жүргендеріне,
 Аңшыбай тұтқиылдан ойран салды,
 Үндістер жетіп келді айғай салып.
 Жағадан ұстап алды сонда Аңшыбай,
 Жіберді қаһарланып қолын қағып.

Аңшыбай:

— Баста еліңе сонда, — деді, —
 Не түрлі өнерің бар, айтшы, — деді, —
 Осы жерде сөйлесең егер жалған,
 Оярмын екі көзіңді, ойла! — деді.

— Біздің саған айтар сырымыз бар,
 Қазулы терең жатқан орымыз бар.
 Көлденең биік қорған жарымыз бар,
 Бекіткен мықты қылып шегеміз де бар.
 Сұрасаң, сексен қақпа қаламыз бар,
 Қарулы қалың әскер панамыз бар,
 Сұрасаң, елде жатқан төреміз бар.
 Көретін енді сізді көзіміз бар,
 Айтатын сізге, тақсыр, сөзіміз бар.
 Мен-дағы өзіңіздей азаматпын.
 Шын достыға айтқанымды есіңізге ал.

Аңшыбай бұл кеңеске құлақ салды,
 «Достық» деген тілегін қабыл алды.
 Аңшыбай атқа мініп шыққасын,
 Үш айда зорға жетіп өз еліне,

Үндістің айтқан сөзі сонда былай:
 — Аңшыбай, ер екенсің сен-ай, — деді,
 Жапаңда тұрдым жалғыз мен-ай, —
 деді. —
 Сұрасаң, алыс емес, елім жақын,
 Жау емеспін, дос болып кел-ай, —
 деді. —
 Бар еді ақ сүт берген менің анам,
 Бар еді інім менен сендей ағам.
 Қажырлы қайратыңа көзім жетті:
 Келмейді Ноғайлыға менің шамам.
 «Жалынса, жақсы кешер» деген еді,
 «Шын батыр әділдігін шешер» деген еді.
 Егер де тірі тастап, жанымды қисаң,
 Сұраймын ата-анамның атынан
 үйімдегі.

Келгесін, Аңшыбай халқын жиып,
 қала салды,
 Жиналып ноғай елі, хабар алды.
 — Қалмақтың көрдім барып қалаларын.
 Жапаңда жүріп, жалғыз араладым.
 Саны көп, сапасы жоқ ел екен ол,
 Қайратын, қаруын да шамаладым,
 Жауыңды жеңіп келдім алдарыңа.
 Аман ба мал мен басың, балаларың?
 Бармысыз сау-саламат елде, халқым?
 Көтерді, аруақ қолдап, ноғай атын,
 Аман ба, мал мен басың, балаларың?

— Келдің бе, аман-есен, ей, жарқыным,
 Дүниеде артық екен бұл ақылың!

Аңшыбайың осылай деп ел алдында,
 Халқының орындалды аманаты.
 Жиналып, осылай деп алғыс айтып,
 Риза Аңшыбайға болған халқы.

Бірінші мақам

Орындаған: Асқанов Нұрым

Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

жүрдек

А - е - - ей Әй, а - қы-лың жоқ ба - ла-сың, әй,
 Жаз-ған қай - да ба - ра - сың? Мен де бір ки - ер ки - ім жоқ, әй,
 Са - та - тұ - ғын ти - ын жоқ, әй, Ба - ра - тұ - ғын ү - йім жоқ,
 "Ти - е - мін ма - ған" де - ге - нің, Сен пат - ша - ның ба - ла - сы
 Ба - сың - да се - нің ми - ың жоқ, А - ға - йын, і - ні мен - де жоқ
 Жа - қын жер - де е - лім жоқ, Мен бір жүр - ген сор маң - дай
 Ти - ем де - ге - нің ма - ған бұл қа - лай,
 Ой - дың ме - нің кө - зім - ді - ай, Өл - ті - ре - мі - сің ө - зім - ді.

Қайырымы


Жар - қы - ным - ау, Не деп ба - ра - сың
 А - е - е - е - е а - е е - е - е, а - й - й - й - й - й - й - йеу.

Екінші мақам

А - е - - - еу - Әй, Аң - шы - бай - ай, Аң - шы - бай,
 Та - мақ пен ки - ім - ді қай - ғы ет - пе, Та - бар - мын бә - рін мен, - де - ді.
 Са - ған бол - сам жол - дас мен. Қа - зы - на - ға қол - ды са - лар - мын
 Не ке - рек - ті а - лар - мын, Әй, а - там - ның тұр - ған та - ғы - нан,
 Қайтарымы
 Ке - йін қай - тып бар - ға - сын. Е - гер бол - сам, се - нің жол - да - сың.
 А - е - е - е - е а - е е - е - е, е - е - е - еу.

Үшінші мақам

А - е - - - еу, Әй, сен бір бол - саң жол - дас (ы) - ай,
 Ар - тық - пын ба мен се - нен, Мен де қа - тар бо - ла - йын.
 Мы - нау тұр - ған Аң - шы - бай. Май - дан - да жат - қан ер е - кен.
 Жа - қы - ны жоқ, бір жал - ғыз, Ө - зі бір па - қыр жан е - кен.
 Ел - сіз - де кө - ріп же - тім - дік...





Суретші Е.М. Сидоркин

ПАРПАРИЯ БАТЫР

Бұл жырда Едігенің туған атасы Парпарияның қалмақ басқыншыларынан елін қорғау үшін жасаған ерліктері суреттеледі. Едіге Парпарияның немересі екені бізге жеткен эпостық туындылардың арасында «Қырымның қырық батыры» циклі мен ноғайдың «Эдиге» жырында ғана айтылады. Мұрын жыраудың айтуынан жазып алынған «Парпария» жыры бізге екі нұсқада жеткен. Оның алғашқысын М. Хакімжанова, екіншісін жыраудың немересі Д. Сеңгірбаев хатқа түсірген. Бұл эпикалық туынды фольклортанушы ғалымдардың ерекше қызығушылығын тудырды. Ол туралы Е. Ысмайылов, В.М. Жирмунский, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Қ. Сығиықов, С. Қасқабасов және өзге де фольклортанушы ғалымдар зерттеу жұмыстарын жазды. Е. Ысмайылов жырдағы бас кейіпкер есімінің этимологиясын ежелгі дәуірге Парфия атты мемлекеттің атауымен байланыстырады. Ал С. Қасқабасовтың пайымдауынша: «Қырымның қырық батыры» тарихи тұтастану барысында өмірге болған адамдармен қатар жырға шежірелік сипат беру мақсатымен өмірге болмаған кісілерге де сюжетке енгізген. Эпоеядағы Едігеге дейінгі батырлар тарихта белгісіз, тек Құттықия туралы болжамдар бар».

Томды баспаға дайындау барысында аталған екі мәтін салғастырыла зерттеліп, Д. Сеңгірбаев жазып алған нұсқа ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 10-дәптер).



Баба Түкті¹ — Парпарияның әкесі. Ол мешіті бар, әулие² кісі болған екен. Парпария — оның жалғыз ұлы. Арада он алты жыл өткеннен кейін — он алты жасқа келгенде, сол елден Парпарияға әйел алып береді. Әкесі — Баба Түкті әулиелігін құрып тұра береді. Парпарияның жасы жиырмаға толғанда — жазда ел қыстаудан³ жайлауға⁴ көшеді. Сол елмен араласып Парпарияның да елі көшеді. Парпария әкесі Баба Түкті мешітте қалатын болған соң, елін көшіріп жіберіп, өзі әкесіне қайта келеді. Әкесінің жанында он күн отырады. Бір күні қой баққан қойшы әкесінің мешітінің алдына келіп, былай сөйлей бастайды.

Сөйлегенде бүй деді:
— Баба Түкті піріміз⁵,
Қашып келдім мен, — деді, —
Шамақан қалмақ елге келген соң,
Бүлінді біздің ел, — деді, —
Не айла сен істейсің?
Шамақандай қалмақ баласы
Шауып кетті еліңді,
Бүлдіріп кетті жеріңді.
Қасиетті піріміз,
Амалын тап сен, — деді.

Баба Түкті пірлерге
Қойшы келіп сөйледі.
Сол жауапты естіп,
Түрегеліп, балаға
Баба түкті бүй деді:
— Түрегел, балам, сен, — деді, —
Айла жауға ет, — деді. —
Шамаң келсе, жан балам,
Жіберме кекті сен, — деді, —
Артынан қуып кет, — деді. —
Қысылған жерде мен саған,
Жалынсаң, жәрдем берермін.

Сонда тұрып Парпария
Құла шұбар⁶ ат мінді,

Құм сағыздай созылған
Ат құйрығын шарт түйді.
Жалғыз да болса, кетуге,
Ол қалмаққа жетуге,
Артынан қуып жесірдің,
Ерлік айла етуге
Сонда жөнөп кетеді.
Не салса да, көнерге,
Шамақандай залымның
Қайратын сынап көрерге.
Жолға шығып кеткен соң,
Жолдасы жоқ қасында,
Астына мінген Құла ат
Бір жылқыдан кем емес,
Жануардың баласы.
Ауыздығы қаршылдап,
Табаны жерге тарсылдап,
Найзағайдай алмасы.
Беліндегі жарқылдап,
Құлаша мінген аттары —
Келе жатыр жануар
Құйысқаны сартылдап,
Аяқта алтын тағасы,
Келе жатыр жарқылдап.
Аузын ашып араңдай⁷,
Құлаштап⁸ адым ашады,
Арындап аяқ басады.

¹ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

² Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

³ Қыстау — малшылардың мал қыстатын қысқы мекені.

⁴ Жайлау — малдың жазғы алыс жайылымы.

⁵ Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

⁶ Шұбар — теңбіл-теңбіл түс, ала, алабажақ.

⁷ Араңдай — дәлиған үлкен, кең.

⁸ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

Үндістегі Парпария
 Екі қолы қарысты,
 Құйын да емес, аң емес,
 Жылқыдай мал емес,
 Дариядай тасады.
 Кемер-кемер таулардан
 Әп-сәтте басып асады.
 Таутеке мен бұғылар
 Келіп қалса қасына,
 Кетерін қайда ол білмей,
 Қысылып, жаман сасады.
 Үндістегі Парпария

Ен далаға көзді салады.
 Ел қарасы көрініп,
 Көз ұшында қалады.
 Атынан түсе қалады,
 Елге жақын барады.
 Аралап келіп ол жүрді.
 Ат-сайманын тасалап,
 Жағдайын барлап қарады.
 Бір жерлерге келгенде
 Шеткері тұрған күркеден
 Ызың дауыс ол есітті.

Сол күркеден Парпария әйелі мен бір қыздың дауысын естиді. Сонда қызға әйел былай деп отыр екен:

— Сұлтаным менің келер, — деп, —
 Құдай бізге берер, — деп, —
 Жылама, Жарқын, жылама.
 Атаңа нәлет ит кәпір,
 Дегеніңді қыла алмай,
 Баптан, кәпір, ал, — деді, —
 Етек-жеңі кең, — деді.

Сүй дегенше болмады,
 Парпария келіп қалады.
 Құдай қосқан жарымен
 Әйелі тұрып, көрісті.
 Әйелі сонда сөйледі,
 Ұстап тұрып қолдарын,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Құдай қосқан қосағым,
 Аман-есен келдің бе?
 Арып-ашып жол жүріп,
 Оңғарғай Алла жолыңды!
 Айыруға жесірді
 Артынан қуып келдің бе?

Түн ұйқыңды төрт бөліп,
 Ат үстінде желдің бе?

Сонда Парпария сөйледі,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Елден шықтым мен, — деді, —
 Білуге жүрмін шамасын
 Берік, осал елдерін,
 Шамақан залым қалмақтың
 Мекендеген жерлерін
 Қиратуға келемін
 Сол қалмақтың қаласын.
 Айыруға келемін
 Ноғайдың жесір, баласын.

Аралап елін көрерге,
 Қасарысқан ер болса,
 Сазасын анық берерге.
 Сонда тұрып сұрады
 Айласын анық білерге.

Осыдан соң Парпария сол елді көру үшін тағы да қалмақтың елін аралап жүріп кетті. Шамақанның әкесі — Шаштөбені де көрді. Оның жинаған ерлерін де көрді. Әбден сырын біліп алып, баяғы әйеліне келіп: «Шамақанның елін шабамын», — деп, бір-екі ауыз сөз айтады:

— Алла тілек оңдаса,
 Жолымды менің оңғарса,
 Ер жігіт тая шала ма?

Желге кетер мал үшін,
 Жерге тамар қан үшін,
 Жесір-жебір жан үшін?

Әйелі сонда сөйлейді:
 – Жапаңда жалғыз дарасың,
 Сарсыған сары қалмаққа
 Жалғыз қалай барасың?
 Барып қайрат етерге,
 Мұнан барып, сен өлсең,
 Жолығармыз біз бейшара
 Мұнан да жаман бетерге¹.
 Абайла, батыр, шамасын,
 Алуға шамаң жетер ме
 Мұнша халықтың баласын?

Сонда Парпария сөйледі:
 – Тәуекел етіп қарайын,
 Қалмаққа таман барайын.
 Кәуір² болмас ағайын,
 Ер белгісін етерге.
 Қорлық бізге болмай ма,
 Кек жіберіп жауға кетерге?
 «Келдім іздеп мен» деген,
 Ажал жетсе, өлермін,
 Ажалсыз пенде өлмеген.
 Қолға алған сұр жебе,
 Атса, өтпей қалмаған.
 Атаңа нәлет ит қалмақ
 Үстімнен дүбір өткізіп,
 Менен жесір алмаған.
 Астыма мінген Құлаша
 Шабыстан ол танбаған.
 Белге буған ақ берен³,
 Сермесе, кеспей қалмаған.
 Қанша айтса да ит кәуір
 Теңім менің болмаған.
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Отырмайын бөгеліп,
 Тиейін жауға, қозғалып.

Астындағы Құлаша ат
 Жал-құйрығын өреді.
 «Барайын», – деп оңтайлап,
 «Барайын», – деп жүреді,
 Шамақандай қалмаққа
 Аттың басын қаратты.

Астындағы Құлаға
 Қамшыны қардай боратты.
 Табандатып желеді,
 Дөңгелентіп келеді.
 «Тәңірі берген қайратты
 Аясын ба?» – деп еді.
 Аттанған қалмақ мол болды.
 Жиылған сондай жандарға
 Байқасатын жол болды.
 Қарсы келіп тұрады,
 Сонда Шамақан сөйледі:
 – Әй, ноғай, ақымақ ноғайсың,
 Болуға жем оңайсың,
 Біздің қалмақ ерлердің
 Құраған мұндай қолы бар.
 Қаңғырып жүрген ноғайдың
 Маңдайының соры бар.
 Шамақандай ерлердің
 Алдыңда құрған торы бар.
 Шаштөбедей ағам бар,
 Жаңылдырар тобам бар,
 Ажалың бізден келеді.
 «Жалғыз», – деп сендей ноғайға,
 Ат-тонын жұлып алыңыз,
 Келді сорлы оңайға.

Сонда тұрып Парпария сөйледі:
 – Әй, ит қалмақ, ит қалмақ,
 Алмай кетпен қалаңды,
 Шулатпай кетпен балаңды.
 Алмай кетпен елінді,
 Сындырмай кетпен белінді.
 Танытармын бабаңды,
 Жаңыларсың, әй, кәуір,
 Сиынып жүрген тобаңды.
 Басыңа қылыш тигенде,
 Танырсың сонда ағаңды.
 Ұстатармын жағаңды,
 Тарттырармын сазаңды.
 Қапы қалма, қалмағым,
 Тістелмесін бармағың.
 Жеңіл емес, ит қалмақ
 Сенің менен салмағың.

¹ Бетер – «қиындық, қауіп» деген мағынада айтылып отыр.

² Кәуір – кәпір.

³ Ақ берен – алмас қылыш.

Ноғай менен қалмақтың
 Дос болғанын көрмедім.
 Абайсызда, ит кәуір,
 Елімді менің шапқаның.
 Бермеу үшін намысты
 Артыңнан қуып келгенім.
 Алла тілекті оңғарса,
 Жекпе-жекке сен шықсаң,
 Басыңды сенің алармын,
 Еріңді отқа жағармын.
 Астыңа мінген боз тарлан
 Жетегіме алармын.
 Осы айтқанды қылармын,
 Осы айтқанды қылмасам,
 Атадан тумай кетейін.
 Артыңнан қуып мен келіп,
 Алмай кекті, не етейін.
 Сенен кекті алмасам,
 Қаңғырып мен кетейін!

Сонда қалмақ сөйледі:
 – Менің жерім сұрасаң,
 Айдынды көлдің жағасы.
 Шаштөбедей хандардың
 Шамақандай, байқасаң,
 Соның болған баласы.
 Аршындатып сөйлейсің,
 Берілер саған сазасы,
 Жетеді тез қазасы.
 «Қапы қалма», – дейсің сен
 Кісідей-ақ жеңетін,
 Әлің қайдан келеді?
 Шамасыз жерге шарпы ұрып,
 Қасыңдағы дұшпанның
 Алынып тұр мазасы.

Сонда тұрып, алысты,
 Ерегісіп бір-біріне,
 Ақ найзасы жарқылдап,
 Алысып, сонда қағысты.
 Белдегі алды беренді,
 Беренменен шабысты.
 Шамақандай қалмақтың
 Қайраты сонда көп екен.
 «Қасыма келсе ноғайлы,

Жем қып жермін», – дер екен.
 Үстеріне киген ақ сауыт
 Парпариядай ерлердің,
 Кете жаздады намысы,
 Шамақандай залымың
 Алты жерден шанышты.

Сонда тұрып Парпария сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Жаратқан Алла, жан ие
 Кетіркесін намысты,
 Мен қысылдым, келе көр!
 Баба Түкті Шашты Өзіз,
 Асыраған әлпештеп
 Өсірген балаң қысылды,
 Жәрдем маған бере көр!
 Қолтығымнан демей көр,
 Жәрдемдесіп, жебей көр!
 Атадан жалғыз баламын,
 Қазам жетсе жаулардан,
 Тұяқсыз кетіп қаламын.

Сонда тұрып Парпария,
 Өзіне-өзі дем берді.
 «Ақырғы демім кетсін», – деп,
 Жесір үшін өлуге
 Өзіне-өзі жөн көрді.
 «Балдағы¹ алтын ақ берен,
 Адыра сен қалдың», – деп,
 Тұрып сонда сермеді.
 Өлейін деп тұрса да,
 Батырды ашу кернеді.
 Кәміл пірі жар болып,
 Баба Түкті пірлері
 Айдаһар болып көріңді.
 Сонда тұрып көп кәшір
 Ысырылды шеткері.
 Айдаһар сонда ысқырды,
 Ен қалмақты тықсырды.
 Батырлар сонда қашады,
 Пірлері жәрдем берген соң,
 Ердің пысы басады.
 Айдаһарды көргенде,
 Парпария батырдың
 Көңілі сонда тасыды.

¹ Балдақ – қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

Шамақандай залымның
 Айдаһарды көргенде,
 Кетіп есі танады,
 Іші күйіп-жанады.
 Парпария сонда ол тұрып,
 Садақты қолға алады.
 «Қақ жүректің басы, — деп, —
 Өлерің сенің — осы, — деп, —
 Ажал оқтың тұсы», — деп,
 Керіп алып тартады.
 Сонда қалмақ құлады,
 Құлап қалмақ қалғанда,
 Нар¹ түйедей бақырды.
 Аузынан қаны атылды,
 Даусы жерді көшірді,
 Аузынан қаны атыпты.
 Сүй дегенше болмай-ақ,
 Парпариядай еріңіз
 Ақ найзамен бір түйреп,
 Сөйтіп үнін өшірді.
 Жаудың беті қайтқан соң,
 Кетті айдаһар жоқ болып.
 Шамақандай залымның
 Жанған оты ол қалды,
 Күлге таяу шоқ болып.
 Сонда қалмақ қырылды,
 Өзіне-өзі ұрынды.
 Қалаға таман келеді,
 Қара қандар төгілді,
 Қаланың ішін қан қылды,
 Қырды сонда сан қолды.
 Қалмақтайын залымға
 Парпариядай жалғызың
 Қылыш сонда үйірді.
 Сонда тұрып қалмақтар
 Шеттеу жерге жиылды.
 Санын санап қараса,
 Тек екі жүздей жан болды.
 Шамақанның әкесі —
 Шаштөбе болды бастығы,
 Ноғайменен бар қастығы.
 Сонда тұрып, қарады
 Парпариядай жалғызға.

Әуелі Алла, екінші
 Пірлері болды панасы.
 Жаудың бетін жапырып,
 Сонда кетіп барады.
 Шаштөбедей залым хан
 Қылыш, найза асынды.
 «Алармын, — деп ойлайды, —
 Парпария, сенің басыңды».
 Тоғыз қабат темір сауытын
 Алды киіп үстіне.
 Киімін киіп, жамылды,
 Шамақаннан айырылып,
 Парпариядан кек алғанша
 Жүрегі қатты қабынды.
 Баладан жалғыз айырылып,
 Қанаты қалды қайырылып.
 Бұрылуға шама жоқ,
 Отырды ханың майырылып.
 Екі жүз кісі қасында,
 Дулығасы басында.
 Қабағынан қар жауды,
 «Аударарды, — деп келеді,
 Жетпес қол бір тауды».
 «Кесейін», — деп келеді
 Үзілмес шынжыр бір бауды.
 Парпария сұлтан ханыңыз
 Жапырылған жандардан,
 Өтті кешіп қандардан.
 Байқалмай келіп қалыпты
 Далдалап² кәпір бір тауды.
 Үстінен шықты Парпария
 Не екенін ол білмей,
 Тұра қалды батырың.
 Күрең³ шұбар ат мінген,
 Ат құйрығын шарт түйген,
 Үстіне темір көп киген
 Көрді сонда жау ханын.

Шаштөбедей залым хан
 Келіп, сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әй, жас бала, жас бала,
 Елді мұнша бүлдіріп,

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

² Далдалап — тасалап.

³ Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Дұшпаныңды қиратып,
 Тарпаңдайын¹ таңданба.
 Ерегiссен менiмен,
 Басыңды кесiп алармын,
 Түсiрiп жерге, аяққа салармын.
 Үстiндегi ақ сауыт
 Омырауын айырып,
 Ат артына жабармын.
 Қолындағы ақ найза
 Омырып² оны салармын.
 Ұстаған қолға беренiң
 Оны да қолға алармын.
 Бар қаруды алып ап,
 Басыңа ойын салармын.
 Шамақандай қылармын,
 Басыңды кесiп, жоярмын.
 Ақ сүңгiнi бiр салып,
 Қаныңды ұрттап, тоярмын.
 Қасымда менiң тұрғанда,
 «Бармын», — деп, бала, ойлама,
 Жоқ етiп сенi қоярмын.
 Қандай, бала, ақылың?
 Ерегiссен менiмен,
 Қара қанға малармын.
 Тұрған емес ноғай қасыма.
 Ерегiссен менiмен,
 Қылыш тиер басыңа.
 Жолдасың да жоқ келетiн,
 Өлгенде сенiң қасыңа.
 Мықты болсаң, қайдасың,
 Алғанда шауып қалаңды,
 Шулатқанда балаңды?
 Қалаңнан сенiң мен шықтым,
 Жетiм-жесiр шулатып,
 Жамыраған қойдай дулатып.
 Естiп пе едiң сен? — дедi, —
 Сенi де алған — мен, — дедi. —
 Жетегiме аламын,
 Ұқтың ба ендi сен?! — дедi, —
 Елiңдi шапқан мен, — дедi. —
 Батыр болсаң, кел, — дедi, —
 Ойранымды көр! — дедi.

Парпария сонда сөйледi,
 Сөйлегенде бұй дедi:
 — «Балам, балам», — дей берме,
 Сенiң балаң мен емес,
 Менiң әкем сен емес.
 Шамақандай балаңды,
 Шулатқанда қалаңды,
 Мықты болсаң, қайдасың?
 Жасырынып далада,
 Батырлық сен айтасың.
 Ол айтқаның жөн емес,
 Алла тiлек оңдаса,
 Әулиелер жәрдем бұл болса,
 Ақ сүңгiнi салармын,
 Қара қанға малармын.
 Асылымды сұрама,
 Мен — ноғайдың баласы!
 Жалғыз келген ноғайдың
 Елiңе бүлiк бұл салып,
 Алғанын жауды қарашы.
 Шамақандай балаңның
 Бергенмiн оның сазасын.
 Алдырармын мазанды,
 Кiсiмсiнiп сөйлесең,
 Берермiн өлiм жазанды.
 Екi жүздей батырың,
 Жалғыз да болсам, алармын,
 Табаныма салармын.
 Шамаң келсе, кел берi.
 Жекпе-жекке сен келсең,
 Соғысып сенiмен қарармын.
 Үстiндегi ақ сауыт
 Сауырына³ аттың жабармын!

Шыдамады бұл сөзге,
 Қылышын алып қолына.
 Өлiмге байлап бастарын,
 Намыстың шықты жолына.
 Шаштөбе де ер едi,
 Парпарияның қасына
 Iркiлмей жетiп келедi:
 — Әй, ноғайсың, ноғайсың,
 Алуыма оңайсың.
 Алысалық, кел, — дедi, —

¹ Тарпаң — жабайы жылқы.

² Омырып — шорт сындырып, қақ бөліп.

³ Сауыр — малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Шаштөбедей бабаңның
 Қайратын байқап көр, — деді.
 Сонда тұрып алысты,
 Жолбарыстай ыңыранып,
 Қарсы қарап шабысты.
 Ақ берені жарқылдап,
 Аттары тізе қағысты.
 Қолындағы ақ берен,
 Майысып, о да қабысты.
 Қылышынан айырылып,
 Батырлар сонда қамықты,
 Найзаларын алысты.
 Біріне-бірі итеріп,
 Найза сонда салысты,
 Серпуіне шыдамай,
 Аттар жата қалысты.
 Парпария еріңіз
 Найзаны ырғап ендірді.
 Қалмақтың ханы — Шаштөбе
 Сол жағына құлады,
 Жаны шығып сұлады.
 Артындағы ерлері
 Алдында ханы өлген соң,
 Өлгенін көзі көрген соң,
 Қолынан намыс берген соң,
 Тұрып сонда, жапырды.
 Парпария оған қайыспай,
 Қайрат оған қылады.
 Оң келгенін оң шапты,
 Сол келгенін сол шапты.
 Атаңа нәлет қалмақтың
 Талайын сөйтіп құлатты.
 Ашуы керіп батырдың,
 Маңдайы оның терледі.
 Қызған сайын ол батыр
 Құлаштап қылыш сермеді.
 Менменсінген ерлерді
 Тек бұтадай көрмеді.
 Астындағы Құлаша
 Қашқан жауға жетеді.
 Ақ сүңгімен бір түйіп,
 Қасынан оның кетеді,
 Қалаға қарай қуады.
 Қалмақтан шыққан ерлердің
 Басына күн туады.
 Тірі қалған қалмақты
 Қалаға әкеп қамады.

Жеткенінше қырады,
 Кетерін қайда ол білмей,
 Қамалып шіркін тұрады.
 Қалмақ босқын табады,
 Жалғыз өзі Парпария
 Қалмақты қуып сабады,
 Бәлеге қалмақ қалады.
 Астындағы Құлаша
 Найзағайдай ойнады.
 Қашып кеткен қалмақты
 Артынан қуып жетеді,
 Жетіп, одан өтеді,
 Басқа жерге кетеді.
 Қалаға бәрін қамады,
 Қашуына таппай жер,
 Сонда тұрып қалады.
 Қайта келіп Парпария,
 Алдына шығып қалмақтың,
 Сонда оған сөйледі:
 — Мұсылман дінге кір, — деді, —
 Мұсылман болып жүр, — деді. —
 Айтқанымды қылсаңыз,
 Тимеспін саған мен, — деді. —
 Дегенімді қылмасаң,
 Айтқаныммен жүрмесең,
 Салайын ойын мен, — деді, —
 Ойынымды, кәуір, көр, — деді.

Сонда тұрып қалмақтар:
 — Кешір, батыр, сен, — деді, —
 Абайсызда іс істедік,
 Еліңді сенің шапқанбыз.
 Қасарысып, қабыспа,
 Дінің кірдік біз, — деді, —
 Дегеніңді қылармыз,
 Айтқаныңмен жүрерміз.
 Сізге кәуір қас қылса,
 Кескілесіп өлерміз,
 «Барам» деген жеріңе.
 Аларсың әскер сен, — деді.

Сонда тұрып Парпария,
 Қалмақтар тартты сыйлықты.
 Ислам дінге көндіріп,
 Баяғы жеріне,
 Әйеліне келеді.
 Үйдің келіп тұсынан,

Сонда сөйлей береді:
— Айналайын алғаным,

Сау-саламат бармысың,
Аманбысың, саумысың?

Сонда алғаны — әйелі үйден жүгіріп шығып, Парпарияға сөйлейді:

— Айналайын алғаным,
Шырын, шекер, бал татқан.
Қынай бөлім шешілген,
Ибалықпен сөйлеп сөз,
Наздықпенен қосылған.
Аман-есен келдің бе?
Атаңа нәлет кәпірдің
Қайраттарын көрдің бе,
Сазасын иттің бердің бе?
Шамақандай залымды
Өлтіріп, қызық көрдің бе?
Әкесімен өлтіріп,
Алдың ба жанын кәуірдің?
Елге қашан қайтамыз,
Ата менен ананың
Қашан жүзін көреміз?
Жолығып, жауап оларға
Біздер қашан береміз?
Жесірлікке түскен біз сорлы
Сағындық қайран халықты.

Сонда тұрып Парпария,
Ата-ана еске түскенде,
Ақ найзаға сүйеніп,
Өксіп-өксіп қамықты.
Қиындық көріп жерлері
Есіне түсіп жабықты.
Өзіне-өзі дем беріп,
Жылауын басады.
Алғанымен қосылып,
Жабыққан көңілін ашады.
— Тарықпашы, алғаным,
Қалмақты қасқа алармыз.
Ата менен анаға
Біз де тездеп барармыз.
Аға менен інінің
Алдында жүріп көрерміз.

Қайын жұрты — халқына,
Қамықпа, батыр, қамықпа,
Біз де сәлем берерміз,
Салтанатпен жүрерміз.

Сонан соң қатынын тастап, өзі қалмаққа барып, жолдас алып, еліне қайтпақ болады.

Қалмаққа таман барады,
Сол қалмақтың ішінен,
Елі дінге келген соң,
Жолдас қылып қасына
Жүз кісі алады.
Әйеліне қайта ол келіп,
Еліне қарай жол тартты.
Асты сонда белдерден,
Асты және таулардан.
Бір күндері болғанда,
Еліне сонда кеп жетті.
Мешітіне атаның
Парпария сонда барады.

Атасы шығып алдынан,
Сонда сөйлей береді,
Сөйлегенде бүй деді:
— Аман-есен келдің бе,
Айналайын жан балам,
Айырдан¹ туған нар балам?
Аман-есен тұрады
Мекендеген бұл қалаң.
Қалмақ итті алдың ба,
Еліне ойын салдың ба?
Сол кәуірдің еліне
Өзің жалғыз бардың ба,
Еліне ойын салдың ба?
Елін көндіріп,
Айырып жесір алдың ба?

¹ Айыр — қос өркешті түйе тұқымы.

Сонда тұрып Парпария
 Атасына сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Ата менен анамыз,
 Аман ба, туған қаламыз,
 Сау-саламат бармысыз?
 Айырып жесір мен алдым,
 Шаштөбе мен Шамақан
 Кесіп басын мен алдым.
 Елін дінге көндіріп,
 Мұсылман болып ол қалды.

Атасы мен баласы
 Қойдай маңырап көрісті.
 Сонда бір қалмақ сөйледі:

– Мінгені Парпарияның көк-ті, – деді, –
 Қалмақты көк бауырдан төкті, – деді. –
 Кешегі Шамақан мен Шаштөбенің
 Сүйегін жалғыз бала сөкті, – деді.

Ноғайға салды қабарға,
 Халықты жиып ол алып,
 Той-думанды сыйларға
 Келді ноғай жиналып.
 Тоғыз күн ұдайы тойын қып,
 Он екі күн ұдайы ойын қып,
 Кеткен анау жесір-ді,
 Ел-жұртымен қосылды.
 Парпария ерлердің
 Әуелі жауға аттанып,
 Айырған жері осы еді.



Бірінші мақам

Орындаған: Рахманбердиев Сәрсенбай
Нотаға түсірген: Тоқжанов Төлепберген


желдірге



Е _____ Сөй-ле-ген-де бүй де-ді: Ба-ба түк-ті пі-рі-міз,



Қа-шып кел-дім мен, де - ді. Ша-ма-хан-дай қал-мақ кел-ген соң,



Бү-лін-ді біз-дің ел де-ді, Не ай-ла сен іс-тей-сің.



Ша-ма-хан-дай қал-мақ ба-ла-сы, Ша-уып кет-ті е-лің-ді,




Бұл-ді-ріп кет-ті же-рің-ді. Қа-си-ет-ті пі-рі-міз, Ей, қа-си-ет-ті пі-рі-міз,



А-ма-лын тап сен, де-ді. Ба-ба түк-ті пір-лер-ге, Ба-ба түк-ті пір-лер-ге,



Қой-шы ке-ліп сөй-ле-ді. Ғайыру
Ы-зың-да дау-ыс



ол ес-тіп о ей _____ ей.

Екінші мақам

жүрдек



Ей, "Сұл-та-ным ме-нің ке-лер,- деп, Сұл-та-ным ме-нің ке-лер,- деп,



Құ-дай біз-ге бе-рер,- деп, Жы-ла-ма, Жар-қын, жы-ла-ма, А та-ңа нә-лет ит кә-пір,

31

34 Ай, де ге-нің-ді қы-л(а)ал-май, Бап-тан, кә-пір, ал, -де-ді, Е-тек же-ңі кең," - де-ді.

36 Сүй де-ген-ше бол-ма-ды. Ай-ла-сын а-нық бі-лер-ге

а э ей.

42 жылдамырақ Үшінші мақам


45 Ей, "Ал-ла ті-лек оң-да-сың, Ал-ла ті-лек оң-да-сын.

48 Жо-лым-ды ме-нің оң-ғар-сын, Жо-лым-ды ме-нің оң-ғар-са, Ер жі-гіт та-я ша-ла ма,

51 Жер-ге та-мар қан ү-шін, Же-сір-же-бір жан ү-шін?" Ә-йе-лі сон-да сөй-ле-ді:

54 "Жа-пан-да жал-ғыз да-ра-сың..." Оң-тай-лап а е ай.





Суретші Е.М. Сидоркин

ҚҰТТЫҚИЯ БАТЫР

Жырдaғы басты кейiпкер Едiгенiң туған әкесi ретiнде суреттеледi. Құттықия Едiгенiң әкесi екенi басқа да түркi халықтарының жыр-аңыздарында сөз болғанымен, оған жыр арнап, жеке-дара кейiпкер ретiнде көркем бейнелеген Мұрын жыраудан басқа жырышы кездескен емес. Бұл — осы циклге тән тың сипаттардың бiрi. Құттықия есiмi қазақ эпосында «Қырымның қырық батырынан» өзге Нұртуған Кенжеғұлұлының «Мәулімнияз-Едiге» жырында ғана көрiнiс бередi. Онда Құттықия Едiгенi асырап алған өгей әкесi ретiнде жырланады. Түрлi дереккөздерiнде оның есiмiнiң әрқилы аталуы көрнектi тарихшылар мен фольклортанушылардың назарын ерекше аударғаны белгiлi. Соған орай Едiгенiң шыққан тегiн және әкесiнiң есiмiн анықтау мәселесiмен Алтын Орда заманындағы тарихи хроникалардың авторлары болып табылатын шығыстың шежiрешiлерiнен бастап, В.В. Бартольд, В.М. Жирмунский, В.В. Трепавлов және басқа зерттеушiлер айналысқан. Өкiнiшке орай, «Құттықия» жыры Мұрын жыраудың айтуынан толықтай жазып алынбаған. Сондықтан бұрынғы басылымдарының барлығы да 1941 жылы А. Хангелдин жазып алған жалғыз нұсқаның негiзiнде жарияланып отырған.

Томды баспаға дайындау барысында түпнұсқа мен оның жарияланымдары салғастырылып, мәтiн қолжазба бойынша ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кiтапхананың сирек кiтаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 3-дәптер).



Құттықия өзі үлкен болған соң, хандықтан түскесін, оған басқа ой кіреді.

Қырымға хабар салады:
— Аттаналық, кел, — деді, —
Қалмаққа таман барайық.
Сыпыра сонда сөйледі:
— Ақташыны шап, — деді.
Парпария сөйледі:
— Ала алмайсың сен, — деді, —
Қиын жері Қалмақтың,
Үш айлық жер жүреді.

Құттықия кетерде
Бәйбішесі сөз бастады:
— Кетемісің, алғаным,
Бір перзенттің жоғынан,
Менің жалғыз қалғаным.
Дүниенің білдім жалғанын,
Көтерем Алла салғанын.
Артыңда қалған балам жоқ,
Тәңірі қылды, шарам жоқ.
Және қалған мал да жоқ,
Жаны ашитын пенде жоқ.

Құттықия сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Ақташының еліне
Барсам, хабар алармын,
Үш Бөкенбай жеріне,
Қалмақ деген еліне.
Жарлылық пен жалғыздық,
Бір тәуекел етемін,
Ол үш айлық жол еді,
Қош, аман бол, сен! — деді.

Аттың басын жөндеді,
Тоқсан күндік жол еді,
Қашықтығы сол еді.
Күні-түні жол жүріп,
Есебі жоқ мол жүрді.
Құттықия сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Ағайын-туған, ел де жоқ,
Есіркейтін пенде жоқ.
Ен майданда қаңғырып,
Ел, қараны көрмедім.
Ағайын-туған, ел қайда?

Баяғы кеткен жер қайда?
Аспанда жүрген бозторғай,
«Көрдім», — деп хабар берсейші.
Бөкенбайға мен жетейін,
«Алайын», — деп қаласын.

Хан мінген боз тарлан ат көрінді,
Қай жерде тұрып қаласың?
Алыс болды арасы,
Үш Бөкенбай көрінді.
Бөкенбайдан шыққасын,
Ақташының еліне
Ол бір айлық жер еді.
Отыз кісі қасында.
«Барыңыз сыртқа», — деп еді,
«Бөкенбайда бар шығар,
Қанша да болса, ел деген,
Барамын соған мен» деген.
Бөкенбайдан шыққасын,
Он күндік жерге толғасын,
Алдынан көрді бір қара.
Ол қараны көрген соң,
«Жетейін», — деп долданды.
Жақындап келді қарасы,
Ол — қалмақтың баласы.
Көп қалмақтан бөлініп,
Алдына шықты қарашы.

Қара жетіп келеді,
Келе сөйлей береді,
Сөйлегенде бұй деді:
— Қалмақ деген ел едік,
Бөлініп шыққан қаладан
Ақташының ері едік.
Алыстан қара көргесін,
Іздеп сені біз келдік.
Білейін деп мен келдім,
Көргеннен соң қараңды,
Білейін деп шаманды.

Құттықия сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Мен — ноғайлы деген ел, — деді, —
Жерімді менің сұрасаң,
Өзен бойы жер еді.

Іздегенім сұрасаң,
Ақташы деген ел еді.
Тауып бер маған қалаңды,
Шақыр жолдас балаңды
Тая шаппан мен, — деді, —
Соғысам десең, қалмақ,
Берегірек кел, — деді, —
Қайратымды көр, — деді.

Қарсыласып, аңдысты:
— Бердім кезек мен, — деді, —
Ата бер, қалмақ, сен, — деді.
Әуеліде оқ атты,
«Дәл жүректің басы, — деп, —
Өлер жерің — осы», — деп.
Атып еді бұл қалмақ,
Атқан оғы өтпеді,
Етіне оғы жетпеді.
Бір атқанда үш атты,
Үш оқты бірден босатты.
Өзіне кезек берген соң,
Өз кезегі келген соң,
Құттықия оқ атты:
«Қалмақ ердің қасы, — деп, —
Қақ жүректің басы, — деп, —
Өлер жерің — осы», — деп.
Бір атқан оғы өтпеді,
Етіне таман жетпеді.
Құттықия тебінді,
Жалмауыздай емінді,
Атқан оғы өтпеді.
Өтпей қалса қиын-ды,
Сол уақыт болғанда,
Бабасына сиынды.
Сонда Құттықия сөз сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Өлдің, қалмақ, сен, — деді, —
Атыңның басын тарт, — деді, —
Жолдасыңа қайт, — деді, —
Арызыңды, бар да, айт, — деді.

Сонда қалмақ сөйледі.
Сөйлегенде бүй деді:
— Ата бер, ноғай, сен, — деді, —
Жасқанбаймын мен, — деді.

Сол мезгілде Құттықия
Толайына¹ қол салды,
Аз ғана емес, мол салды,
«Атамын», — деп оқталды.
«Қалмақ ердің қасы, — деп, —
Қақ жүректің басы, — деп, —
Жан денесі осы», — деп,
Тартты батыр қол оқты²,
Жұмсады батыр болатты.
Қалмақтан оғы өтеді,
Денеден өтіп кетеді.
Ар жағында бір төбе,
Тостағандай төңкеріп
Ол төбені кетеді.
Алыстан тұрып шаң көрді,
Шаң көрген соң,
Қалмақ таң көрді.
Келе жатқан шаң астында
Жалғыз жан көрді.
Жақындап қалмақ келген соң,
Қарсы шапты алдынан.
Отыз кісі бұл қалмақ
Тұра қалды қамалап.

Сонда Құттықия сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қалмақ деген ел, — деді,
Еркек туған ер болсаң,
Жекпе-жекке кел, — деді.

Тыңдамады сөзін де,
Қарамады қалмақ өзіне,
Жабылып кетті қалмақтар.
Бес күн ұдайы соғысты,
Қалмақтар қашып барады,
Жан-жағына тарады.
Оны шауып алған соң,
Қалаға жүрді жетерге,
Барып қайрат етерге.
Қаласы, келсе, тау екен,
Мықты қалмақ жау екен.
Бұрын қашып ноғайдан,
Қорғалаған жері осы екен.
Ақташы деген қалмақтың,
Ноғайдан қашып, заңғардың³

¹ Толай — қорамсақтың бір түрі.

² Қол оқ — жебе.

³ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада айтылып отыр.

Қорғалаған жері еді.
Сексен аршын¹ қаласы,
Мықтылығы сол еді.
Дарбазасы² бек алтау

Шынжырлаған бар еді.
Бір арба ғана сыйғандай
Аузы оның тар еді.

Келсе, Ақташы хан дарбазасын бекітіп алып, Құттықияны кіргізбейді.

Құттықия жүрді кіре алмай,
Есігін тауып, жүре алмай.
Үшінші күні болғанда,
Күн тал түске толғанда,
Құттықия сөйледі:
— Қалмақтың көрдім қаласын,
Кетемін бе далаға,
Кіре алмай осы қалаға?
Бұны нешік етем, — деп,
Кіре алмай қалай кетем? — деп,
Дарбазаға ер келді.
Балтамен ұрды қылышын,
Ердің шықты дыбысы.
Бұзайын деп есікті
Суырып алды қол оқты,
Жұмсады батыр болатты³.
Шауып, бұзып алады,
Тақтайды бұзып, ашқан соң,
Ордаға⁴ келді тебініп,
Жалмауыздай емініп.
Ханға Құттықияның айтқаны:
— Біздің дінге көн, — деді, —
Келіп тұрмын мен, — деді.

Сонда Ақташы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Тыңдамаймын сөзіңді,
Оямын екі көзіңді.
Енді, ноғай, өлесің,
Өлімді жақын көресің,
Біз — байтақ жатқан ел, — деді.

Ақташы хан ақырды,
Артында көбін шақырды.

Үш қатар қамап алады,
Ортада батыр қалады.

Құттықия сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Астымда мінген Тарланым,
Шабыстан, шіркін, танбадың.
Сендер — қарға, мен — сұңқар.
Ақ сұңқар мен қарғасың,
Білмеймісің қалмақтың
Құтылмай енді қалмасын?
Қанатым қақпай қу алғам,
Нешелер қалмақ суалған.
Ақташыдай хандарым,
Алармын сенің қалаңды,
Көрермін, қалмақ, шаманды.

Қалмаққа салды ойынды,
Басқасын жеңіп болған соң,
Ақташыдай хандарға
Сонда сөйлей бастады:
— Ақташыдай хандарым,
Құмарлы қалмақ, кел, — деді,
Ұрысамын мен, — деді.
Қарсы шапты: «Жетем, — деп,
«Ұрыспай неге кетем?» — деп.
Бесеу екен баласы,
Қалмақтың шапты қаласын.
Үш күн ұдайы алысып,
Қалмақтың көрді шамасын.
Қалмақты жеңіп алып,
Құттықия еліне келеді.

¹ Аршын — метрге тең өлшем.

² Дарбаза /п./ — қораның, үй-жайдың сыртқы үлкен қақпасы.

³ Болат — қылыш.

⁴ Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

Бірінші мақам

Орындаған: Асқанов Нұрым
 Нотаға түсірген: Тоқжанов Төлепберген

орташа

5 Е Қы-рым-ға ха-бар са-ла-д(ы)ай: "Ат-та-на-лық кел де-д(і)ай,
 8 Қал-мақ-қа та-ман ба-ра-йық." "Сы-пы-ра сон-да сөй-ле-д(і)ай: Ақ-та-шы-ны шап", де-д(і)ай.
 11 Пар-па-ри-я сөй-ле-д(і)ай: "Ал(а) ал-май-сың сен, де-д(і)ай. Қи-ын да же-рі қал-мақ-тың,
 12 Үш ай-лық жер жү-ре-д(і)ай." Құт-ты қи-я ке-тер-де, Бәй-бі-ше-сі сөз бас-тад(ы):

Екінші мақам

орташа, мұңды

14 "Ке - те - мі - сің, ей, ал - ға - ным? Бір пер-зент - тің - ау жо - ғы - нан.
 16 Ме-нің де жал-ғыз-ау қал - ға - ным. Дү-н(и)е-нің біл-дім жал-ға-нын,
 18 Кө-те-рем Ал-ла сал-ға-нын. Ар-тың-да қал-ған-ай ба-лам жоқ, ей,
 20 Тә - ңі - рі - ме ша-рам жоқ. Ей, жә - не қал - ған мал да жоқ,
 22 Жан(ы) - а - ши - тын мы - на пен - де жоқ."

жылдамдық

Үшінші мақам

23 Құт-ты-қи-я сөй-ле-д(і)ай, Сөй-ле-ген-де бұй-де-д(і)ай: "Ақ-та-шы-ның е - лі-н(е)ай,

26

Бар-сам, ха-бар а -лар-мын. Үш Бө-кен-бай же-рі-н(е)ай, Қал-мақ де-ген е - лі-н(е)ай.

29

Жар-лы-лық пен жал-ғыз-дық, Бір та -уе-кел е - те мін, Ол үш ай-лық жол е-д(і)ай.

32

Қош, а - ман бол, _____ мы - нау сен", де - ді. _____

34

Е _____

39 **жүрдегірек** **Төртінші мақам**

Е _____ Ат-тың-да ба-сын жөн-де-д(і)ай, Тоқ-сан күн-дік жол е-д(і)ай.

42

Қа-шық-ты-ғы сол е-д(і)ау, Кү-ні-тү-ні жол жү-ріп, Е - се - бі жоқ мол жү-ріп.

45

Құт-ты-қи - я сөй-ле - ді, Сөй-ле-ген-де бүй де - ді: "А - га -йын ту-ған ел де жоқ,

48

Е - сір-кей-тін пен-де жоқ. Ен май-дан-да қаң-ғы-рып, Ел, қа-ра-ны көр-ме-дім."

51 **жүрдек** **Бесінші мақам**

А _____ ей, Құт-ты-қи - я сөй-ле - ді, _____ Сөй-ле-ген-де бүй де - ді:

54

"Қал-мақ та де-ген ел де - ді, _____ Ер-кек те ту-ған, ей, ер бол-саң,

56

Жек-пе-жек-ке ғой кел", де - ді - ай. Тың-да - ма - ды ғой сө - зін де.

58
 Қа - ра - мад(ы) қал - мақ - ай ө - зі - не, Жа - бы - лып кет - ті ғой қал - мақ - тар.

60
 Бес күн ұ - да - йы со - ғыс - ты, Қал - мақ - тар қа - шып ба - ра - ды. Жан - жа - ғы - ы - на та - ра - ды,
 қайыру

63
 О - ны да ша - уып - ай ал - ған соң... А е

67
 е е ей.





Суретші Т. Ордабеков

ЕР ЕДІГЕ

Жырдың Мұрын жырау нұсқасында да, оның өзге де қазақ, түркі халықтары нұсқалары сияқты, Алтын Орда мемлекетінің болашақ тағдырына әсер еткен Тоқтамыс хан мен Егіге бигің арасындағы қанды тартыстар, Ақсақ Темірге қатысты оқиғалар баяндалады. Талай ғасыр өтсе де, оның көп өзгеріске түспей сақталуы — бұл жырды халықтың ауызша тарихнамасы ретінде бағалауға болатынын көрсеткендей. Сондықтан бұл жәдігергі В.В. Бартольд, В.В. Третьяков, Ә. Марғұлан сынды тарихшылар да, Г.Н. Потанин, В.М. Жирмунский, Е.М. Мелетинский, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Е. Мағауин т.с.с. фольклортанушылар да баға жетпес тарихи дереккөзі, әдеби жәдігер ретінде қарастырды.

Жырдың қазақ, ноғай, татар, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түрікмен және басқа да түркі тілдес халықтар фольклорындағы нұсқалары туралы осы уақытқа дейін іргелі зерттеулер көптеп жазылды. Сол еңбектерге Егіге туралы жырлардың тамытыла жырлануына қазақ жыршыларының қосқан үлесі айрықша аталып өтті. Оған жырдың Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, Ә. Диваев, М.Ж. Көпеев, Н. Кенжеғұлұлының нұсқаларын және қазақ тіліндегі өзге де варианттарын оқи отырып анық көз жеткізуге болады. Орта Азия мен қазақ жеріндегі көп жыршымен таныс-біліс болған Мұрын жырау бұл нұсқалардың мазмұндарын жақсы білгені күмәнсіз. Дегенмен, ол тыңдармандарына «Егіге» жырының қайталанбас өзгешеліктері бар құнды нұсқасын ұсынды. Атап айтқанда, Тоқтамыстың жеңілісінен кейін Едігенің қалмақтарға қарсы соғысуы — осы нұсқаға ғана тән ерекшеліктердің бірі. Сондай-ақ бұл нұсқада бейнеленетін көп кейіпкер өзге жырларда кездеспейді.

Томды баспаға дайындау барысында қолжазба бұрынғы басылымдармен, олардың нұсқаларымен, кейбір түркі тілдеріндегі өзге де версияларымен салыстырылып, ілгеріге жіберілген кемшіліктері түзетіліп барып ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (79 Д-бума).



Тоқтамыс деген қаһарлы хан болған. Оның Қуқанат деген жақсы құсы бар еді. Оны жеті кісі бағып-қағатын. Біреуі құсқа жем берген кезде, оны біреуі: «Бір жамандық істемесін», — деп аңдып отыратын. Осылайша жеті кісі бірін-бірі аңдитын.

Бір күні жем беріп жүрген кісінің біреуі өліп қалады. Содан Тоқтамыс хан: «Осы ноғайдың ішінен біреуді тауып беріңдер, — деп бұйрық берді. — Ол құсыма жем беріп әрі жақсы бағатын кісі болсын!» — дейді.

Үш жаққа үш адам жібереді, біреуі де тауып келе алмады.

Тоқтамыс хан:

— Енді ноғайда адам жоқ па? — дегенде, біреуі тұрып айтады:

— Бір адам бар еді, оған айтуға бетіміз шыдамады, — деді.

— Кім? — деп сұрайды.

— Құттықия — деген бір бала. Өзі жапанда жалғыз отыр және өзінің жалғыз қарасы да жоқ. Өзі хан баласы болған соң, оған: «Сен құс бағасың ба?» — деп айтуға бетіміз шыдамады, — деді.

Сонда Тоқтамыс хан:

— Бар айтыңдар, — дейді. Олар Құттықияға келіп айтқанда, Құттықия:

— Менің жалғыздығым мен жарлылығым ғой — «Құс бақ!» дегендерің.

Шара жоқ, халім келгенше бағармын, артыңнан көшіп барармын, — деді.

Сонда Тоқтамыс ханның жіберген кісілері: «Құттықия осылай деді», — деп, оның сәлемін ханға жеткізеді. Тоқтамыс хан:

— Қанша болса да, хан баласы еді ғой, шарбақты¹ тазалаңыз, сонда келіп қонсын, — деді.

Тоқтамыс хан құсын даладағы терекке отырғызып, оның басына ұялатып, жұмыртқалататын еді. Құттықия көшіп келіп, ханның шарбағына қонбай, тап сол теректің қасына қонды.

Сонда Сәтемір деген бір қалмақ бар еді, ол Құттықияның әкесі Парпариямен дос болған. Құттықия Қуқанаттың қасына келіп отырғасын, Сәтемір оны естіп, Құттықияға бір кемпір жіберіп:

— Құстың бір балапанын маған беріп жіберсін, — дейді.

Құттықия кемпірді ешкім көрместей етіп тығып қояды. Ол құсқа жем беруге шыққанда, қасындағы басқа бағушылар: «Бір жамандық істемесін», — деп, оның үсті-басын тінтіп қарайтын. Ол басындағы теллегінің төбесіне бір тауықтың жұмыртқасын салып барып, оны ауыстырып алып келіп, кемпірге: «Жасырын Сәтемірге бер», — деп жібереді. Телпектің төбесі содан шұқыр болып қалған деседі. Бір күндері Тоқтамыс ханның әр елге жіберіп тұратын жансыздарының² бірі:

— Мен Сәтемірдің үйінде Қуқанат құсты көрдім, — дейді.

Сонда Тоқтамыс:

— Алда, қан жауғыр-ай, Сәтемір хан Парпарияның досы еді, оны мына Құттықия беріп жіберген екен ғой. Бар, Құттықияны мұнда шақырып кел, — деп бұйырды.

¹ Шарбақ — қоршау, қаша.

² Жансыз — тыңшы.

Тоқтамыс ханның алмасы¹ өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, еш нәрсе айтпастан, басын кесіп тастапты. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберіп:

— Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен? — дейді. Барған кісілер:

— Қатыны буаз екен, — деп келді. Содан Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойып:

— Баласы түскен кезде, ұл, қыз демей, осында алып келіңдер, — дейді.

Ол екеуі: «Қатын қашан туар екен?» — деп, бағып жүрді. Осы мезетте сол үйдің қасындағы бір үйде той болып жатқан. Сол той болған үйдің қара ала қаншығы да буаз екен. Құттықияның қатыны толғатқан кезде, оны қарауылдап жүрген екеуі ана үйде тойда отырған-ды. Құттықияның қатыны баласын туып, бір адамнан «Жылқыбайдың үйінің сыртына апарып таста», — деп, баланы беріп жіберіп, өзі той болып жатқан үйдің қара ала қаншығының күшігін әкеліп, астына сала салды. Оны аңдып жүрген екі адам білмей қалады.

Олар қатынның қасындағы күшікті Тоқтамыс ханға әкеліп береді. Тоқтамыс: «Құдайдың құдіреті», — дейді де, отыра береді.

Сол күні Жылқыбай далаға шығып, жылап жатқан баланы көреді. Оны үйіне әкеліп қараса, ұл бала екен. Қатынына айтты:

— Осы баланы емізіп, өз балаңмен бірге бақ. Бұны Құдай берді. Бұл — елден келген бала, сол үшін оның атын Едіге қоялық, — деді.

Бір күні Тоқтамыс ханның ел қыдырып жүретін жансызы далада ойнап жүрген Едігені көріп, Тоқтамысқа хабар береді.

— Мен Жылқыбайдың үйінде бір бала көрдім. Асылы Жылқыбайдың тұқымына біткен бала емес. Жауырыны қақпақтай, шекесі тоқпақтай, мойны құрықтай, көзі оттай жайнаған.

Сонда Тоқтамыс:

— Бар, Жылқыбайдың баласын мұнда алып кел! — деп бұйрық берді.

Жылқыбайдың баласын алуға кісі келгенде, қатынына Жылқыбай былай дейді:

— Жас он бесте қосылған,
Қынадай белім шешілген.
Ибалықпен сөйлеп сөз,
Наздықпенен көсілген.
«Баласын алып келсін», — деп
Тоқтамыс хабар етіпті,
Ол тілеуі кесілген.
Тілімді алсаң, бәйбіше,
Хан баласы — Едіге,
Едігені бермейік,
Мұның бетін көрмейік,
Біздің бала не қылар?
Тек жинаған малға ие болар.

Тірі болса Едіге,
Дұшпаннан басып кек алар.
Едігеден айырылсақ,
Хан тұқымы жоғалар,
Тілімді алсаң, алғаным,
Едігені алып қалып,
Өз баламызды берейік.

Сонда бәйбіше мұңайды,
«Өлімге кетеді» дегесін,
Жалғыз туған баласы
Жыламай қалай шыдайды.
— Асыл бірдей алғаным,

¹ Алмас — қылыш.

Дүниенің білдім жалғанын.
Тоқтамыстай зұлымның
Басқа қайғы салғанын.
«Беремін» десең бер, — деді, —
Қайғыруға бола ма?
Жорға таңдап міндірші,
Торқа¹ таңдап кидірші,
Мен мауқымды басайын,
Бір сағат маған сүйдірші.
Тоқтамыстай зұлымға
Барса бала келу жоқ,
Енді тірі көру жоқ.

Өксіп-өксіп жылайды,
Жыламай, қалай шыдайды?
Басайын деп бұл мауқын,
Бір сағат тұрып сүйеді.
Омырауын кемпір ашады,
«Жүрегім менің күйді», — деп,
Бауырына басады.
Бетінен сүйіп, егіліп,
Көзінің жасы төгіліп,
Кемпір сорлы бұл қалды,
Бала мінді атына.

Жылқыбай баласын құшақтап алып, жылаумен шығып кетеді.

Құшақтаумен баласын
Жылқыбай үйіне кетеді.
Атқа да мінбей, уайыммен,
Жаяу жүріп кетеді.
Қатыны келді қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай.
Ұстап тұрды Жылқыбай,
Жерге қоймай басын-ай.

Сонда кемпір сөйледі,
Сөйлегенде, не деді?
— Әй, Жылқыбай, Жылқыбай,
Ақылың болса, жылама,
Жылағанмен бола ма?
Өлген адам тұра ма,
Тоқтамыс дегенінді қыла ма?

Баласын ертіп қасына,
Тоқтамыс ханның үйіне
Жылқыбай келіп кіреді.
Суырып алды Тоқтамыс
Төсекте жатқан алмасты.
Сермей қалды басына-ай,
Басы түсті кесіліп,
Жылқыбайдың қасына-ай.
Етегіне бұл салып
Баласының басын-ай,
Төге берді Жылқыбай
Көзінің аққан жасын-ай.
Сонда тұрып Жылқыбай,
Тоқтамысқа сөйледі:
— Әй, Тоқтамыс, Тоқтамыс,
Құдай алсын басыңды,
Қысқартсын сенің жасыңды,
Иесіз ордаң² бұл қалсын,
Қатының мен балаңыз
Екеуі де тұл қалсын!
Иесіз қалсын қалаңыз,
Мендей болып зар еңіреп,
Сақалың жуып жылаңыз.

Қаншама жылап айтсаң да,
Тірілмейді өлгесін,
Тоқтамыс неге тірі жіберсін,
Белгілі жауын көргесін?
Өлгеніңе қайғы етпе,
Ол қайғыдан пайда жоқ,
Өлімге қылар айла жоқ.
Жалғыз өліп зарлаған
Біздей сорлы қайда жоқ?
Қанша айтса да, келмейді,
Енді қайтып бала да.
Еш жас алма көзіңе,
Жылама босқа балаға.
Өзің алып барғасын,
Өлтірсін деп бөлеге.
Тәуекел ет те, көре бер,

¹ Торқа — қымбат бағалы селдір, жібек мата.

² Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

Ісіне Ақтың¹ көне бер.
Жалғыз туған балаңды
Қонысына қондыр да,
Тәуекел етіп жүре бер.

Жылқыбай көзі көреді,
Жалғыз туған баланы
Ақырда жерге көмеді.
Қайтып елге келгесін,
Ұйқысын шала қылмасқа
Едігені бағады.
— Айналайын Едіге,
Қарағым, көтер басыңды,
Тұрып-ай, ішші асыңды.
Қашан тыям, қарағым,

Көзімнен аққан жасымды?
Бұл ордада кім қалды,
Жасы жетіп қуарған?
Мен секілді шал қалды.
Мынадай бір пәле тап болып,
Қарағым, тұршы, Едіге,
Мен отырмын қасыңда,
Асыл туған ер, — деді, —
Иесіз дәулет бұл қалды,
Адыра болып ақ орда,
Иесіз болып, тұл қалды.
Бұл орданың ішінде
Екі қу бас бұл қалды.
Ие болып кім қалар
Иесіз қалған қараға?

Сонда Едіге тұрып, Жылқыбайдың қолынан ұстап:

— Ата, бері жүрші, — деп, сыртқа шығарып, — Ата, сіз: «Малым иесіз қалады», — дейсіз. Мен сенен туған бала емес пе едім? Мен тірі тұрғанда, неге иесіз қалады дейсіз? — деді.

Сонда Жылқыбай тұрып толғады:

— Арғы атаңды айтайын:
Ала тайлы Аңшыбай,
Аңшыбайдың екі қатыны —
Артық еді ақылы.
Ол да жалғыз өскен жан еді,
Жоқ еді туған жақыны.
Екі әйелден, қарағым,
Екі бала бұл туды.
Баба Түкті Шашты Әзіз²
Екі бірдей ұл туды.
Біреуінен бала жоқ,
Біреуінен туғаны
Парпария деген ұл болды.
Парпариядан, қарағым,
Құттықия деген бұл туды.
Ол Құттықияны қарасаң,
Жарлы болып бұл кедей,

Хандығынан айырылып,
Отырып еді жалғыз ұй.
Қуқанат еді баққаны.
Бақташысы өлгесін,
Қуқанаттың қасына
Қондырды Құттықия — әкенді,
Сол уақытта сен өзің
Іште қалған бала едің.
Қуқанатты баққанда
Қалмақтың ханы Сәтемір
Жіберген екен бір кемпір.
Парпарияның досы еді.
«Баққаны болса Қуқанат,
Бір балапан берсін», — деп,
Бұл кемпірді жіберді
Балапанды аларға.

Сонда жеті кісі бірін-бірі бағып жүруші еді. Құттықия төбесі шошақ телпектің астына бір тауықтың жұмыртқасын көрсетпей алып шығып, Қуқанаттың бір жұмыртқасын алып, оның орнына тауықтың

¹ Ақ, Хақ /а/ — Алла Тағала есімдерінің бірі.

² Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

жұмыртқасын салып, әлгі жеті кісіге көрсетпей, кемпірге беріп жібереді: «Сәтемірге апарып бер», — деп. Сонда Тоқтамыс ханның бір жансызы бар еді. Сол ел аралап жүргенде Сәтемірдің үйіндегі Қуқанатты көріп, келіп Тоқтамысқа келіп айтады:

— Мен Сәтемірдің үйінен Қуқанатты көрдім, — деп. Сосын Тоқтамыс:

— Қап! Парпария Сәтемірдің досы еді ғой. Оған Құттықия берген екен, — деп, сол кезде Құттықияны шақыртып, басын кеседі. Сосын үйінде қалған буаз қатынына екі кісі қарауылға қойып: «Қыз туса да, ұл туса да алып кел», — деп жібереді.

Сонда Құттықияның қасындағы бір үйде той болады және сол той болып жатқан үйдің бір қара ала қаншығы да буаз екен. Әлгі қатынды бақтырып қойған екі қарауыл қасындағы үйдегі тойға кеткенде, қатын толғатады. Сонда әлгі қаншық та туады. Қатын туа сала екі қарауылға көрсетпей, баласын бір адамға беріп: «Баланы Жылқыбайдың үйінің сыртына апарып тастандар», — дейді. Өзі әлгі қара ала қаншықтың күшіктерін алып келіп жатады.

Біз сені даладан тауып алып: «Елден келді», — деп, атыңды Едіге қойдық. Сені өз баламызбен бірге емізіп, асырадық.

Күндердің бір күнінде Тоқтамыстың жансызы далада асық ойнап жүргенінді көріп, оны Тоқтамысқа айтып, содан сені Тоқтамыс: «Алып келіңдер», — деп, кісі жібереді. Сонда мен сені өлтіруге қимадым, хан баласы болған соң: «Хан тұқымы таусылар», — деп сыйладым. Оның орнына өзімнің жалғыз баламды бердім. Оны да Тоқтамыс хан өлтірді. Оның орнында қалған қазір сен, — деді.

«Ие болсын, — деп, — қараға»,
Тоқтамыстай залымнан
Сөйтіп қалдым пәлеге, — деді.

Сонда Едіге Жылқыбайға:

— Баймын дейсің ғой, көне, жылқыңды әкел, көрейін, — деді.

Жылқыбай бар жылқысын иіріп әкелгенде Едіге:

— Жылқың көп болғанымен, мұның ішінде мінетіні жоқ екен. Маған басқа жылқы тауып беріңіз, — деді.

Сондағы бір жарлының «Екі жылқыға ауыстырамын», — деп жүрген бір шұбары¹ бар екен. Жылқыбай оған екі жылқы беріп, айырбастап алып, шұбар жылқыны Едігеге береді. Едіге: «Осы жарайды», — деп шұбарға мініп алады.

Сол заманда Тоқтамыстың қырық нөкері бар еді. Сол нөкерлер күнде кешкі салқынмен аңға шығатын, аңшылықтан кейін күнде Тоқтамыстың бағына түсетін. Сонда Едіге де Тоқтамыстың қырық нөкерімен бірге аңда жүріп, олар қайтқанда, солармен бірге Тоқтамыстың бағына барып түсіпті. Ол қырық кісінің біреуі Аңғысын деген кісі еді. Едіге мен Аңғысын екеуі құшақтасып, қияметтік дос болады. Ханның нөкерлері, түс болғанда отырып, шарап ішетін әдеттері бар еді. Бір күні Едігені Аңғысын: «Шарап ішейік», — деп шақырады.

¹ Шұбар — теңбіл-теңбіл түс, ала, алабажақ; бұл жерде *шұбар ат* дегенді айтып отыр.

Едіге: «Ішіп жүрсіз ғой, іше беріңіз», — деп бармайды.

Сонда қырық кісі шарап ішіп кеткесін, Тоқтамыс ханның қатыны оның қасына барып отырғанда, Едіге кіріп келіп:

— Ассалаумағалайкүм, — дегенде, Тоқтамыс селк ете түсті. Осыдан кейін қатыны үйіне барып, қара сиырды сауып, сүтін қатық қылып ұйытады. Бір тостағанға ұйытып, қатықтың үстіне қасық салады да, ішіне өзінің сідігін құйып:

— Соңғы кеткен жігітке осы қатықты апарып бер, — деп, бір адамнан беріп жібереді.

Едіге қатықты алып, ішіндегі қасығымен төртке бөліп, қақ ортасынан ішеді. Ішіп болған соң:

— Мына аяқты иесіне апарып бер, — деп, қатықты әкелген кісіге қайтадан қайтарып береді де: «Қатығы тәтті, бірақ иісі ескі деп апарып бер», — дейді.

Сонда қатын «Алда, қан жауғыр-ай: «Менен үлкен болып кетті, маған тең емес» дегені — жаңағы қатықты төртке бөлгені «еліңнің мына жағынан кіріп, мына жағынан шығам» дегені — ортасын ойып ішкені «ордаңды бұзып алам» дегені екен ғой», — деп ойлапты.

Қатын Тоқтамыс ханның жанына қайтадан келіп:

— Сіз осы соңғы келген жігіттен қорқасыз-ау? — дейді.

Сонда Тоқтамыс:

— Атаңа нәлет, «қатын — дұшпан» деген ғой. Жер-жердегі хан біткен маған басын ұрып, еңкеймей кетпейді. Енді маған: «Өзімнің қызметкерімнен қорқады» дегенін қарашы, — деп, қатынды өлгенше сабайды. Қатыны үйден бір тебен инені¹ алып, бір ұстаға: «Қатты сүріп берсін²», — деп беріп жібереді. Ұста тебен инені қатты сүріп береді. Қатын Едіге келетін уақытта тебен инені алып, Тоқтамыстың жанына келіп отырады. Сонан соң жаңағы тебен инені Тоқтамыстың киімінің астындағы төсегіне түйреп, ханның жанында етегін баса отырады. Сонда Едіге келіп:

— Ассалаумағалайкүм! — дегенде, Тоқтамыс хан селк ете түседі, сонымен қатар тебен ине шарт ете түседі. Едіге кеткесін Тоқтамыс ханға қатыны:

— Қорықтың ба, қорықпадың ба? Мына инені қарашы, — деді. Сонда Тоқтамыс хан енді шошығанын біледі.

Тоқтамыстың Сыпыра жырау деген жыршысы, Кеңестің ұлы Кең Жанбай деген биі бар еді. Тоқтамыс Едігеден басқасының бәрін жинап:

— Осы Едігені өлтірейін. Оны қалай өлтіру керек? — деп кеңес құрады.

Жанбай би:

— Жиырма үй тіктіріп, үлкен той жаса. Сонда Едігеге табақ тарттыр және Едіге табақ тартқанда, сол үйдегі кісілердің бәрі де Едігеге асатсын, қымыз бергенде, қымыздың сарқытын³ Едігеге ішкізсін. Ең шеткі үйге Сыпыра жырауды түсір. Едіге Сыпыра жырауға сәлемдесіп барғанда ол: «Мен сені танымаймын. Қай баласың?» — деп сұрасын. Едіге ер

¹ Тебен ине — ұзын, жуан ине, жуалдыз.

² Сүріп беру — қайрап беру.

³ Сарқыт — үлкен кісілерден, қонақтан қалған тамақ, сусын.

болса, қорықпай, ата-бабасын айтар. Қорықса, айтпас. Қорықпай айтса, өлтіру керек. Қорқып жасырса, өлтірмесе де, еш нәрсе ете қоймас. Және сол үйдің есігінің алдына қолдарына екі пышақтан ұстатып, екі адамды тұрғызып қою қажет. Олар Едіге есіктен шыққанда, ішін жарып өлтірсін, — дейді.

Тоқтамыс хан Жанбай бидің бұл сөзін мақұлдайды. Хан жиырма үй тігіп, той жасайды. «Сол тойды жасайын» деп әңгімелескенде, Аңғысын ішінде бар еді.

Сосын Аңғысын оны Едігеге келіп:

— Енді қызық болды, — деді. — Тез үйге бар да, бір мықты семіз нарыңды¹ сой, — деді. — Оның мойнын бітеу ал, — деді. — Сосын оның бір жағын тастай қылып тіктірі, екі бұрышына жіп тағып, бір шетін ышқырыңа, бір жағын тамағыңа байла. Тамағыңның астындағы шеті ашық болсын, сонда торсықтай болсын, ішің қабақтай болсын, — деді.

Сонда Едіге торсықты байлап алып, табақ тартуға шықты. Отырған жұрт әрқайсысы Едігеге «асату», — деп ет берсе, Едіге оны асамайды, торсығына сала береді көрсетпей. Сонан кейін екі шеткі үйге барып, табақ тартқанда, Сыпыра жырау сол үйде еді. Сонда Аңғысын да тойға келген жігіттердің атының үзеңгісінің оң жағын қиып қойып еді, басса, үзіліп кеткендей қылып. Шеттегі үйге келгенде, Сыпыра жырау Едігеден сұрай бастады:

— Жасы жеткен қартыңбыз,
Біз бір үлкен болған жан — деді. —
Табақ тартқан жас бала,
Аты-жөнің кім,
Танымай тұрмын мен, — деді, —
Меңзетемін² біреуге, — деді.

Сонда Едіге тұрып сөйледі:

— Атам атын сұрасаң,	Шашты Өзіздің баласы
Ала тайлы Аңшыбай.	Парпария сұлтан хан еді.
Баба Түкті Шашты Өзіз —	Өз әкемді сұрасаң,
Аңшыбайдың баласы.	Құттықия бек еді,

Өзім атым — Едіге, — деп айтып жатқанда, Аңғысын жүгіріп келіп, есіктің алдында, ат үстінде тұрып, Едігеге сөйлей бастады:

— Менің атым — Аңғысын,	Жер болғанда жапыра,
Аңдашы сөзім соңғысын,	Екі алмақты алуға,
«Едігедей ер», — деді, —	Сіздерге тұр салуға,
Ажал жетті, тез», — деді, —	Тәуекел Ақтың ісі еді,
Келтірдім алып Шұбарды.	Өлмей жаның қалуға.

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

² Меңзетемін — ұқсатамын.

Кідірме, батыр, сен, — деді, — Жылдам шығып кел, — деді.
 Әзірледім мен, — деді, —

Сонда Едіге үйден шыға жүгіргенде, есіктің екі жағында тұрған екі кісі Едігеге пышақты салып қалғанда, манағы жинаған еттер шашылып қалады.

«Ішін жарып салдық, — деп, — Атқа мініп алады,
 Өлтіріп мұны қалдық», — деп, Аңғысын мен Едіге
 Есіктегі екі адам кейін шегінеді. Шаһардан¹ шығып барады.

Едіге мен Аңғысын қаша жөнелгенде, екеуін қумақ болғандардың оң жақ үзеңгісі қиылып, қуа алмай қалады. Сонда Тоқтамыс хан Сыпыра жырау мен Жанбай биді шақыртып алып: «Едігені қалай да маған ұстап әкеліп беріңдер», — деді. Сонан соң Сыпыра жырау мен Жанбай би Едігеге келіп:

— Едіге сұлтан ер, — деді, — Қайта жүрші қалаға,
 Артыңнан келдім мен, — деді. — Кетпе, — деді, — далаға.
 Кідірші батыр, сен, — деді, — Талайды көрген бабаңмын,
 Тоқтамыстай залымды Ашуыңды, Едіге,
 Түсіріп тақтан қояйық. Тілей келдім мен, — деді. —
 Тоқтамыстай залымның Қайта жүрші сен, — деді, —
 Басын кесіп алайық, Жасы жеткен бабаңыз
 Жоқ қылып оны, жояйық, Бір тілегін бер, — деді.
 Орнына сізді қояйық.

Содан кейін Кеңестің ұлы Кең Жанбай сөйлей бастады:

— Әй, Аңғысын, Аңғысын, Іні мен қалды ағаңыз,
 Хан баласын қаңғыртып, Ата мен қалды апаңыз.
 Енді қайда барасың? Тоқтамыс кеткесін далаға,
 Кетірме мұны далаға, Тұрғызбалық қалаға.
 Қайта алып жүр қалаға. Шақырып келдік біз, — деді, —
 Қатын мен қалды балаңыз, Қалаға қайтшы сіз, — деді.

Сонда Едіге:

— Кеңестің ұлы Кең Жанбай, Оярмын сенің көзіңді,
 Ақылың жоқ, боқ Жанбай, Өлтіремін өзіңді.
 Тыңдамаймын сөзіңді, Тыңда менің сөзімді,
 Алма менің мазамды. Сыпыра жырау, сен, — деді, —
 Енді жауап сөйлесең, Екеуің де кейін қайт,
 Тарттырамын жазанды, Енді кейін қайтпасаң,
 Жеткізермін қазанды. Екеуіңді де өлтірем.

¹ Шаһар /а/ — қала.

Мен кетермін, кетермін,
Сәтемірдей қалмақтың
Еліне іздеп жетермін,
Сәтемірдің елінде
Шұбарды үш ай бағармын.
Осы отырған қалаңды

Талқан қылып шабармын.
Тоқтамыстай ханыңның
Ордада басын алармын.
Үш ай — тоқсан күн болғанда,
Осы ордаға жетермін,
Келерде хабар етермін.

Едіге Сәтемірдің еліне барып, үш ай — тоқсан күн болғанша
Көкшұбарды бағып жатады.

Үш ай — тоқсан күн болғасын,
Аңғысынды ертіп,
Едіге елге қарай салады.

Сонда Сәтемір хан Едігеге: — Әскер берейін, ал, — деп еді.
Едіге:

— Әскердің керегі жоқ, мен өзім он ноғайға теңмін, — деді, — әскер
алып қасыма, бүлдірмеймін ноғайды, — деп, ешкім алмайды қасына. Елге
үш күндік жер қалғанда, алдынан Аңғысынды жібереді.

— Тоқтамысқа хабар бер. Ел-жұртын жинасын, босаң болып тұрма-
сын. Үшінші күні сәске болғанда жетермін, — деді.

Аңғысын Тоқтамысқа келіп сөйлей бастады:

— Ей, Тоқтамыс, Тоқтамыс,
Едіге ерің келеді,
Жолдас едім мен, — деді.
Қол астыңды жинашы,
Бейқам болып тұрмашы,
Хабарға келдім мен, — деді, —
Үш күннен соң келеді
Едігедей ер, — деді, —
Шабайын деп қалаңды,
Көрейін деп әліңді,
Берейін деп саған өлімді.
Тез бар, — деді, — сіздерге.
Хабар айт, — деп, — сіздерге.
Айттым хабар мен, — деді, —
Ендігісін өзің біл,
Тоқтамыс хан, сен, — деді.

Аңғысын қайтып келеді,
Едігеге жетеді,
Келіп, хабар етеді.
Тоқтамыс салды хабарды,
Ноғайға: «Кел! — деп бұйырды, —
Едігедей ерменен ұрысуға ер!» — деді.

Тоқтамыстың сөзіне
Жалғыз ноғай ермеді,
Бір адам еріп жүрмеді.
Тоқтамыс жаман торықты.
Келмегесін бір адам
Өте жаман қорықты.
Желмаяны алдырып,
Кетер болды Тоқтамыс,
«Тұрмаспын, — деп, — қалаға»,
Кетер болды далаға.
Қатын менен балаға
Тоқтамыс болды садаға.
Өрге қарап жөнелді,
Тоқтамыс қашып далаға.
Әрбір жерге барады,
Бір тоғайға тап болып,
Тоқтамыс хан қалады.
Түйеде кісі жерінбес
Сондай қалың ну еді.
Тоқтамыс хан ойлады:
«Қаша беріп неетем? — деп, —
Осы жерге қорғалап,
Жан айласын етем», — деп.

Сонда бір қызғыш құс жолына тап болады. Ол жұмыртқалап жатыр екен. Қасында адам жатқанын көргесін, қызғыш құс шырылдап түйілді. Сонда Алланың қаһарымен гулеген қызыл жел қаптады.

Едіге Тоқтамыс ханның еліне келсе, Тоқтамыс хан жоқ, қашып кеткен екен. Артынан қуып жетеді. Сонда желден шалғын жапырылғанда, Тоқтамыстың айтқан сөзі:

— Гулеме, желім, гулеме, Алладан үкім келсе, тынарсың. Жапырылма, көк шалғын, Еліміздің ажары Баса қонса, сынарсың. Әй, қызғыш құс, қызғыш құс, Отыңды оттап, суыңды іш. Сені көлден айырған — Қаршыға құстың екпіні. Мені елден айырған —	Едігенің секпілі. Едіге де ержетті, Қатын менен баланы Бір көрсетпей, шөлдетті. Бір тоғайдың ішінде Қара жерге көлбетті. Енді болды өлгенім, Едігенің мен білдім Жатқанда бағып көргенін.
---	---

Едіге Тоқтамыстың артынан қуып жетіп:

— Тоқтамыс хан, сен, — деді, — Артыңнан келдім мен, — деді. — Құттықия бабамды Өлтіргенің шын ба еді, Бір торғайдың құны үшін?	Жылқыбайдың өлтірдің Мен үшін жалғыз баласын, Тастап иесіз қарасын. Екі адамнан артық көрдің бе, Бір торғайдың баласын?
--	---

Сонда Тоқтамыс сөйледі:

— Басымда бақыт тұрғанда, «Кетпес», — деп едім дүниеден. Басыма қонған бағымнан, Айырдың менің тағымнан. Құлықтан ¹ туған құлаша Ат боларын білмедім, Жетектеп алып кетерге. Тумадан ² туған сұм бала	Ер боларын білмедім, Жөргегіңді кесерге. Бұл дүниеден мен болдым Енді шығып кетерге. Елім кетіп, танғаным, Дүниенің білдім жалғанын. Қатын-балам — аманат, Енді кетіп қалғаным.
--	--

Едіге алмаспен Тоқтамыстың басын кесіп алып, сақалынан қанжығаға байлап, елге қайтады.

Жетейін деп еліне
Ата-анасын көруге.

«Тоқтамысты Едіге қуып кетті» деген соң, Жылқыбай мен қатыны бір төбенің басынан түспей отырған екен. Жеті күн бойы: «Едігежан не етер екен? Қандай күнді көрер екен?» — деп, үйінен тамақ та татпаған екен.

¹ Құлық — алғаш құлындаған байтал.

² Тума — ағайын, туысқан.

«Едігежан не етер, — деп, —
Қандай күнді көрер?» — деп,
Ол төбенің басында
Екеуі жылап, қақсаған.
Көзінің жасын тыя алмай,

Жылап тұрды-ау, қия алмай.
Қасына келіп отырды
Өзінің туған анасы.
Ол да не қып шыдасын,
Ішінен шыққан жалғыз баласы?

Сонда төбенің басында отырған Жылқыбайға келіп, Едіге Тоқтамыстың басын лақтырды. Жылқыбайдың жанына өзінің туған шешесі де келіп тұрған болатын. Сонда Тоқтамыстың басын етегіне салып тұрып, Жылқыбай былай сөйледі:

— Артық едің, асылым,
Ертеден сені алғаным,
Жалғызың бүгін тірілді.
Едігені бере алмай,
Бүтін алып қалғаным.
Ризамын Құдайға,
Едігені бергесін,
Басын алып жалғыздың,
Едіге алып келгесін,
Ризамын Аллаға!
Бүгінгі күн осылай
Тыңдашы менің сөзімді,
Бас қосып жастан алғаным,

Болар ма менің арманым?
Едігедей сұңқарым,
Келіп қондың, қарағым,
Ақ сұңқарым, қолыма.
«Осылай қайрат етер», — деп,
Кіріп еді ойыма.
Едігедей қарағым,
Тоғыз ай, он күн көтерген
Мынау тұрған анаңыз.
Ембесең де, көріңіз,
Анаңа жауап беріңіз.
Ризамын мен саған,
Шешеңізге еріңіз.

Сонда өзінің шешесі:

— Едіге деген ер, — деді, —
Құлағың сал, Едіге,
Бір тұқым едің сен, — деді. —
Жерге түскен бойыңда
Емізбедің мамаңды.
Тоқтамыстай залымның
Пиғылы оның жаман-ды.
Жіберіп едім сыртына
Жылқыбайдың мен, — деді, —
Жаның аман қалды енді.
Жылқыбайдың үйіне
Отын алып, от жағып,
Менен туған бала болсаң,
Жылқыбайды бағып жүр
Өлгеніңше сен, — деді, —
Бала емессің, шырағым,
Жылқыбайды бақпасаң.
«Балам», — демен мен, — деді, —

Атаға тартып тумасаң,
Атаның жолын қумасаң.
Атаңа тартып сен тусаң,
Жылқыбайды бағарсың.
Не құлқын ойлап табарсың,
Сүтін берген мынау, қарасаң.
Елік сүтін емген соң,
Көзіңді ашып, қарағым,
Жылқыбайды көрген соң.

Сонда Едіге сөйледі,
Сөйлегенде, не деді?
— Асыл туған Жылқыбай,
Артық еді бабамыз,
«Келмеді», — деп жылайсыз,
Перзент жалғыз балаңыз.
Балаңды берсең мен үшін,
Сүрегі¹ біткен күніңіз.

¹ Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Айтатұғын сөзім бар,
Жылқыбай, ойлап біліңіз.
Тоқтамыстың орнына
Хан етіп сені қоямын.
Тоқтамыстай хандардың
Қызын алып беремін.
Бетіңе біреу қараса,
Басын кесіп, жоямын,
Тұқымын құртып қоямын.

Өлгенімше бағармын.
Екеуіңнің құлқыңды,
Тірі жүрсем, табармын,
Назарым саған салармын.
Қараған дұшпан бар болса,
Басын кесіп, жоярмын.
Ағайын, туған халқымен
Тұқымын құртып қоярмын.

Едіге Жылқыбайға Тоқтамыс ханның үлкен қызын алып беріп, оны хан етіп, таққа отырғызады. Ол әйелі екі бала туады. Бірінің есімі — Сұлтан, бірінің есімі — Меңді.

Тоқтамыстың қызынан
Екі ұл туды, қарашы.
Сексен жасқа келгенде,

Балалы болды, шамасы,
Ешкімнің жоқ Алланың
Еткен ісіне шарасы.

Сонда Едіге бұрын атқа мініп, тауға шықпаған еді:

Едіге атқа мінгенде,
Қалмақ деген ел еді,
Ханқожа деген қалмақ бар еді,

Абығай дейтін баласы бар,
Тоғалай дейтін ері бар.

Едіге Ханқожаның еліне бармақ болып, сапарға шықты. Қасына екі жүз кісі әскер алды. Ол күнде Ащыбас шат деген жер еді. Ол — қалмақтың тұрған жері. Сонда Ханқожаның баласы — Абығай мен ері — Тоғалай: «Ноғай келеді» деген соң, екі мың кісі әскермен оған қарсы аттанады. Сонда екі жақтың әскері бір-біріне қарсы келеді.

Сонда Абығай:

— Аттанған ноғай ел, — деді, —
Қалмақ едім мен, — деді, —
Мекен еткен қашаннан
Мынау — біздің жер, — деді, —
Аз ғана ноғай — сен, — деді, —
Көп қалмақпын — мен, — деді. —
Қонысымда тұрғанмын,
Сен секілді ноғайды
Қашаннан-ақ алғанмын.
Енді болар, ноғайым,
Кеудеңде сенің арманың.

Ноғай едім — мен, — деді, —
Ноғайға көзің салғаның,
Бар ма еді бұрын-соңды
Ноғайды шауып, жесір алғаның?
Енді болар, Абығай,
Өлгеннен соң арманың.
Алмасам сенің еліңді!
Тыңда мені, ит қалмақ,
Менің айтқан кебімді¹.
Өзіме қоныс қылармын
Сен отырған жеріңді.

Сонда Едіге сөйледі:
— Қалмақ едің — сен, — деді, —

Сонда Абығай сөйледі:
— Аттандырдым мың кісі

¹ Кебімді — жайымды.

«Алсын, — деп, — сенің қолыңды»,
 Көруге, ноғай, шамаңды.
 Сен өзің қандай ел едің,
 Менімен қалай тең едің?
 Көрмеп пе едің бұрын сен
 Біздей қалмақ баласын?
 Қайратыңның көрдің бе,
 Сен ұрысып шамасын?
 Қайратыңа мақтанба,
 Алсаң, алып жүрген шығарсың
 Аз ғана қалмақ баласын.
 Тоғалайдай еріміз,
 Кеткен жоқ жауға кегіміз,
 Тыңда айтқан кебіміз.
 Басылды ма, ноғайлы,
 Кеудеңдегі жараңыз?
 Бізге бағын болады
 Астана мекен қылған жеріңіз.
 Біздің дінге кіреді
 Сіздің ноғай еліңіз.

Соңда Едігенің айтқан сөзі:
 — Біз ноғай деген ел едік,
 Ежелден жатқан ер едік.
 «Қалмақты көрсек, алармыз
 Талқан қылып», — деп едік.
 Аз ғана кісі қолымыз,
 Болушы еді жолымыз.
 Сен секілді қалмақтың
 Болушы еді теңіміз.
 Әлі бар ма, қалмағым,
 «Алдырман» деген ойыңыз?
 Соғысалық енді біз,
 Өңгімені қойыңыз.

Едіге енді қарады,
 «Алла!» — деп ұран салады,
 Екі жүз кісі қолменен
 Едіге кіріп барады.
 Екі мың кісі қалмақпен
 Екі жүз кісі салысты.
 Неше күндей ұрысып,
 Қырғын болып қалысты.
 Сол ұрыстың ішінде
 Ханқожаның баласы
 Абығайды өлтірді.
 Қалмақ қашпай не қылсын?

Екі мың кісі қалмақтан
 Бес жүздейі өліп қалады.
 Бес жүз кісісі өлген соң,
 Мың бес жүз кісі қалмағың —
 Олар да қашып жөнелді.
 Қашқан жауды қуа ма,
 Бір қашқан кісі тұра ма?
 Ханқожадай қалмаққа
 Барып, хабар еткен соң,
 Алды қашып жетеді,
 Ханға хабар етеді.
 Қалмақ сонда асарға
 Босып қашып жөнелді,
 Көрінбей жаудан қашарға.
 Тоғалай деген қалмақтың
 Астында мінген бозы еді,
 Қорықпайтын батырдың өзі еді.
 Тоғалай салды соғысты,
 Қызылқұмның ішінде
 Екі батыр тоғысты,
 Екі күндей соғысты.
 Тоғалайды өлтіріп,
 Ханқожа кеткен жер еді.
 Ханқожа қашты, тұра алмай,
 Тұрғанымен, не пайда,
 Жер-қонысын қия алмай.
 Әлі қашты Ханқожа,
 Қара жерге сыя алмай.
 Үш Бөкенбай жерлерден
 Ханқожа асты кетерге,
 «Жолықтым, — деп, — бекерге».
 Ханқожаның қалдырды
 Ноғайлыққа қаласын,
 Асырып қатын-баласын.
 Абығай мен Тоғалай —
 Екі батырын өлтіріп,
 Қалмақтың көрді шамасын.
 Ханқожа қалмақ ер еді,
 Кетпестен бұрын мың кісі
 Ноғайлыққа аттандырып:
 «Оған барыңыз», — деп еді.
 Аттанған кісі мың болды,
 Ноғайлыққа кететіні
 Қалмағыңның шын болды.
 Едіге құды артынан,
 «Ханқожаны қойман», — деп.
 Оны қуып кеткенде,

Бөкенбайда жатқанда,
«Ноғайға қалмақ жетті, — деп, —
Елге әлек етті», — деп,
Едігедей ерлерге
Сонда хабар етеді.
Ердің көбі таныпты,
Бір жүзі өліп ноғайдың,
Сол сапарда қалыпты.
Ханқожаға жете алмай,
Артынан хабар еткесін,
Едігедей ер қайтты,
«Елге қалмақ жетер, — деп, —
Қашқанды қуып бұл жүрген
Жалғанынша бекер», — деп.
Жүз кісі әскер қасында,
Едіге жүріп келеді,
«Елге бүлік салар», — деп.

Ол қалмақтың бастығы —
Иманқара ер еді.
«Ол да — Ханқожаның
Бір баласы», — деп еді.
Аттанып қалмақ келгесін,
Едігедей ерлердің,
Таппасын ба ол қалмақ
Ерлердің жатқан жерлерін?
Шеттен келіп, тоғайдан
Қалмақ келіп, ел алды.
Ел алғанда, нені алды?
Едігедей ерлердің,
Мекен еткен жерді алды.
Ішіне келіп сол жерде
Тоғанның елін шабады,
Қиырдан іздеп табады.

Қатыны жау қолында қалады. Иманқара елсіз жұртты шауып алады. Сонда қалмақтар Тоғанның қатынын айдап кетіп бара жатқанда, жесірдің үстіне Едіге жүз кісімен Ханқожаны тастай беріп, бұған келеді. Сонда қалмақтың ханын өлтіріп, төрт күн соғысып, жесірді айырып алады.

Едігедей ер еді,
Едіге тірі тұрғанда,
Жесірді қалай береді?

Айдаудан босаған Тоғанның қатыны — Мақпал сұлу Едігеге келіп, былай сөйлейді:

— Едіге сұлтан, ханымыз,
Кеудедегі жанымыз,
Артық туған бегіміз.
Сұлтаным жауға кеткесін,
Бүлінді қатты еліміз.
Жібектен тартқан ұзыннан
Кесілді мынау желіміз¹.
Жаяулық көрді басымыз,
Төгілді жерге жасымыз.
Есім кетіп мен деген,
Тек жаным қалды-ау, өлмеген.
Сұлтаным едің, Едіге,
Дүниеде жүзің көрмеген.

Біз секілді бейшара
Сыртыңнан жүріп шөлдеген.
Айырылдық туған баладан,
Жинаған дәулет, қарадан.
Әйел құрысын, ғаріп² екен,
Әйел ерден айырылса,
Маңдайының соры екен.
Атаңа нәлет, ит қалмақ
Жаяу айдап, бұл қуды,
Басымызға күн туды.
Атаңа нәлет, ит қалмақ
Көлікке де мінгізбей,
«Өлтіремін мен», — деді.

¹ Желі — ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кендір арқан.

² Ғаріп /а/ — бейшара.

Ұрады бізді қамшылап,
Ризамын Құдайға!
Едіге сұлтан, келдің бе?
Едіге сұлтан, ер, — деді, —
Көрдім күнді қорлықты,
Қатты көрдім зорлықты.

Сонда Едіге тұрып сөйледі:
— Қайғы етпеңіз сіз, — деді, —
Қалмақты қырдық біз, — деді. —
Тауыстық қалмақ елдерін,
Ханқожадай қалмақтың,
Өлтірдім екі баласын,
Тоғалайдай ерлерін,
Талқандадым мекендеген қаласын.
Ханқожасын асырдым
Қайырылмастай бұл жерге.
Тоғалайдай ерін боздаттым,
Жылатып, қырып баласын.
Қыл жалаулы қалмақтың
Көрдім, жүріп, шамасын,
Көзіңнің жасын тый, — деді, —
Батыр Тоған келгенше,
Дидарласып көргенше,
Аладан бұйрық бұл болса,
Көрмессің қалмақ баласын.
Қайта айналып қонарсың
Мекен еткен жеріңе.
Алты қанат ақ орда
Өз қолыңнан тіктірсең,
Неше түрлі тағамның
Ең тәттісін татарсың,
Кең сарайда жүрерсің.
Сабырлық қыл, бәйбіше,
Бұрынғыдай боларсың.
Қайтарамын еліңе,
Апарамын жеріңе,
Қондырамын кешегі
Көшірген қалмақ жеріңе.

— Тірі болса дүниеде,
Тоған батыр ол жетер.
Тірі қоймай қалмақтың
Талайларын меңдетер,
Сіздей қылып шулатар.
Қалмақты көрсе, айдаған,
Екі қолын артына
Ит қалмақтың байлаған.

Ер Тоғанның Мақпалы
Көп еді артық ақылы
Қалмақты сабап айдаған.
«Кезекті дүние» деген бұл,
Қалмақтың соры қайнаған.
Қыбырлауға шама жоқ,
Қайырып қолын байлаған.
Баяғы кеткен жерінде,
Жеткенше, қуып айдаған.
Артық туған ер еді,
Қатын сабап қуғанын
Едігедей ерлерің
Артынан жүріп, қарайды.
Қалмақты айдап қуғаны
Едігеге жарайды.
Қуып жетті еліне
Тоғанның келіп қатыны.
Қонып қалды орнына,
Баяғы кеткен жеріне.
«Тағы зарар қылар», — деп,
Едігедей батыр ер еді,
Айдауменен қалмақты
Сол жерге алып келеді.
Асауларын қалмақтың
Сол жерге қойып, қырады,
Басын кесіп қояды.
Ол қалмақтың нешесі
Сол жерде дінге кіреді.
Дінге кірмеген қалмақтың
Сол жерде басы қалады.

— Тоған батыр еріміз
Елге қайтып бұл келсін.
«Енді бізге келсін», — деп, —
Қалмаққа хабар салайық,
Келмей қалған қалмаққа
Өзіміз іздеп барайық.
Ханқожадай ер кетті,
Таусылмай сонан ел кетті.
Артынан тауып алайық,
Тірі келсе қалмаққа,
Біз аттанып барайық,
Тұқымын құртып алармыз,
Сол қалмаққа барармыз.
Тоған ерге сәлем айт,
Неше күн лаң салғанын,
Тұнық елді алғанын.

«Біз жетерміз», — деп едік,
Осы хабар келгесін,
Бара алмай енді қалғаным.
Құрталық елдерін,
Суалталық көлдерін,
Артынан іздеп табармыз
Ханқожадай қалмақтың

Мекен қылған жерлерін.
Қайда да болса, барайық,
Сол қалмақты алайық,
Алыс та болса, арасын,
Көрелік қалмақ шамасын.
Тірі жерге қоймаспыз
Қалмақ иттің баласын.

Сөйтіп Едіге батыр елге жөнелді. Едіге елге келгесін Тоған келе қоймады. Сонда Едіге Айса ұлы Ахметті шақыртып, екеуі Ханқожаның еліне жүретін болды.

Іздегенін қарасаң,
Ханқожаның елі еді.
Ол бір қашық жер еді.
«Не қылса да, сол елге
Бармай, не етем?» — деп еді.
Ахмет пен Едіге —
Екеуі көп жол жүрді,
Жол жүргенде, мол жүрді.
Айса ұлы Ахметтің
Кер тарлан¹ еді мінгені.
Ол шабыстан танбайды,
Бір жылқының баласы:
«Онан озам», — деп білмейді.
Едіге мінген Шұбардан,
Жылқы озар ма бұлардан?
Ахмет пен Едіге —
Екеуі бірдей жол жүрді,
Асықпай жолда ол жүрді.
Алыс жерге баруға,
Қалмаққа соғыс салуға.
Тоғанды шауып, ел алған
Қалмақ еді қашаннан
Ол ұрысып, кек алған.
Қорлық көріп басынан,
Ахметті ертіп,
Едіге кетті қасына.
Бір күндері болғанда,
Қалмақтың көрді қарасын.
«Білейін», — деп екеуі
Қалмақтың азды-көпті шамасын.
Екеуі де артық ер еді,
Ерлігі қатар тең еді.
— Тұрамыз ба жасқанып,

Баралық енді, кел, — деді, —
Тұрамыз ба бұл жерде?
Бұл қалмаққа жетейік,
Барып, қайрат етейік, —
деп, Ахмет сөйледі.

Сонда Едіге сөйлей бастады:
— Шеттен хабар салайық,
Әскерлерін шығарып,
Сыртқа таман алайық.
Сосын соғыс салайық,
Тосып жатқан байтақ ел
Тап үстіне барайық,
«Кім десең?» — деп сұрайық.

Сонда Ахмет тұрып:
— Ақыл, — деп, —
Бұл айтқаның мақұл, — деп. —
Ел шетіне барғасын,
Ноғайдың келеді ері, — деп. —
Ноғай келді еліңе,
Жиналыңыз сіз, — деді.

Қалмақ шіркін қамалды,
Таба алмады амалды.
Жиналып қалмақ толады,
Қойқара батыр бас болып,
Көп әскер сыртқа шығып қалады.
Жиналған әскер мың болды,
Бастығы оның — Қойқара,
Ойлап тұрса, бұл — бәле,
Ол — Ханқожаның баласы.
Жиналғасын қалмаққа

¹ Тарлан — тарғыл, шұбар секілді аралас түс; бұл жерде түсі осындай атты айтып отыр.

Екі батыр келеді қасына.
Жалмауыздай емініп
Қойқарадай ханыңыз
Шыға қалды алдынан.
Ол да — мықты ханыңыз.

Сонда қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде, не деді?
— Толағайдай еріміз,
Қалды сізге жеріміз,
Иманқара — ағамыз,
Өлшеулі еді шамамыз.
Салайын соғыс мен, — деді, —
Ноғаймысың сен? — деді. —
Солар үшін кек алуға
Тұрмын көздеріңді оюға.
Жанымда әскер қолым бар,
Екі бірдей қаңғырған
Ноғайлы, сенің сорың бар.
Жиналған әскер қаптаса,
Басың кесіп алмай ма?
Ерлеріңді жоярмын,
Қаныңды ұрттап, тоярмын,
Олжаға атыңды алармын.
Еттеріңді кескілеп,
Сеңдерді итке салармын.
Жасқанатын мен бе едім?
Мен ноғаймен тең бе едім?
Ұрысатын менімен,
Сорлы ноғай, сен бе едің?

Сонда Едіге сөйледі,
Сөйлегенде, не деді?
— Мен — ноғай деген ел, — деді,
Екеуміз де ер, — деді. —
Емеспіз саған тең деді, —
Сөзің емес жөн, — деді. —
Өлтіргемін мен сенің
Тоғалайдай еріңді.
Иманқара ағаңды
Өлтіргемін мен, — деді, —
Емессің маған тең, — деді. —
Менің атым — Едіге,
Қасымдағы — ер Ахмет,
Бұ да қашаннан жатқан ер еді.


Төбесі шоқты сен қалмақ,
Едің бізге жем, — деді. —
Тұрмалық көп сөйлесіп,
Соғысалық, кел, — деді.

Ахмет пен Едіге
Аттың басын жөндеді.
Сұр жебені қолға алды,
Айсаның ұлы Ахмет
Тебінгіден тесе атты,
Үзеңгіден үзе атты,
Суырып алып қорамса,
Жауған қардай боратты.
Біреу емес, бәрінен
Тепшіп сонда кетеді.
Қамалып тұрған қалмақты
Шүберектей көрмеді.
Балдағы¹ алтын алмасты
Батырлар жауға сермеді.
Ақ сүңгіні қолға алып,
Келген әскер долданып,
Неше күн салды соғысты,
Қалмақпенен тоғысты.
Жарағы қанға тояды,
Сермесе, кеспей қоя ма?
Кеудесінен жел беріп,
Ақ сүңгіні қолға алып,
Тағы тиді-ау долданып.
Қырылғаны көп болып,
Қалмақтар састы-ау қозғалып.
Жақын екен қалмақтың
Тек сол жерде қаласы.
Екі батыр біледі
Соғысқан қалмақ шамасын.
Он екі күн болғанда
Қалмақтың алды қаласын,
Шулатып қатын-баласын,
Жинаған дәулет, қарасын.
Қой секілді қалмаққа
Тойғасын бөрі қояр ма?
Ашығып жүрген бөрі еді,
Артық туған ер еді.
Ханқожадай қалмақты
Жеңіп алған жері еді,
Жинап алған ел еді.

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

Адамның қырды ірісін,
Тастады жаман сірісін.
Жинағасын елдерін,
Суалқасын көлдерін,
Жинағасын қалмақты,
Жесір қылып шұбыртты.
Едіге мен Ахметтің
Бұл тауысқан жері еді.
Ноғайға, жинап, келтірді

Сол қалмақтың баласын,
Тауысып алып шамасын.
Екі ердің бірігіп,
Алған жері осы еді.
Ерлердің алған жері еді,
Тауысқан сөйтіп елі еді.
Қисапсыз¹ көп ел еді,
Көп те болса, не қылсын
Тақ таусылған жері еді.



¹ Қисапсыз /а/ – есепсіз.

Бірінші мақам


Орындаған: Рахманбердиев Сәрсенбай
Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

жүрдек

А - - ей, Жа - сы он бес - те қо - сыл - ған,
Қы - на - дай бе - лим ше - шіл - ген, И - ба - лық пен сөз сөй - леп
Наз - дық - пе - нен кө - сіл - ген, "Ба - ла - сын а - лып кел - сін" деп,
Тоқ - та - мыс ха - бар е - тіп - ті, ол ті - ле - уі ке - сіл - ген
Ті - лім - ді ал - саң, бәй - бі - ше, Хан ба - ла - сы - Е - ді - ге,
Е - ді - ге - ні бер - ме - йік, Мұ - ның да бе - тің көр - ме - йік
Біз - дің ба - ла не қы - лар, Жи - на - ған мал - ға ие бо - лар,
Ті - рі бол - са Е - ді - ге, Дұш - пан - нан ба - сып кек а - лар,
Е - ді - ге - ден ай - рыл - сақ, Хан тұ - қы - мы жо - ға - лар,
Ті - лім - ді ал - саң, ал - ға - ным, Е - ді - ге - ні а - лып қа - лып,




Екінші мақам



Қайырымы





Үшінші мақам



Жа - ыу жү - ріп ке - те - ді, Қа - ты - ны кел - ді қа - сы - на,
 Кө-зі-нен тө-гіп жа-сын-ай, Ұс-тап тұр-ды Жыл-қы-бай, Жер-ге қой-май ба-сын-ай
 Сон-да кем-пір сөй-ле-ді, Сөй-ле-ген-де не де-ді: "Әй, Жыл-қы-бай, Жыл-қы-бай,
 Ақы-лық бол - са жы - ла - ма, Жы - ла - ған - мен бо - ла ма,
 Жы ла - ған ме - нен бо - ла ма? Өл-ген а - дам тұ - ра ма?
 Тоқ - та - мыс де - ге - нің - ді қы - ла ма? Жы-ла-ған-мен қан-ша - ма
 Ті - ріл-мей - ді, өл - ге - сін Тоқ - та - мыс не - ге ті - рі жі - бер - сін
 Бел - ті - лі жа - уын көр - ге - сін. Өл - ге - ні - ңе қай - ғы ет - пе,
 Ол қай - ғы - дан пай - да жоқ, Ө - лім - ге қы - лар ай - ла жоқ,
 Қайырымы
 Жал-ғыз ту - ған ба - лаң - ды, Қо - ны - сы - на қон - дыр да,
 Та - уе - кел е - тіп жү - ре бер ай."

Төртінші мақам






Суретші Е.М. Сидоркин

НҰРАДЫН БАТЫР

Егіге бидің тұңғыш ұлы әрі оның ең сенімгі серіктерінің бірі болған Нұрадын мырза туралы жеке жырлар тек қазақ жыршыларының шығармашылығында ғана сақталып қалған. Оның бірін Мұрын жырау жеткізген болса, екіншісін ХІХ ғасырдың аяғында жергілікті қазақтар арасынан профессор А.В. Васильев жазып алған. Бұл екі нұсқаның арасында да біршама айырмашылықтар кездеседі. А.В. Васильев жазып алған нұсқада, өзге де Егіге туралы жырларда атақты би мен ұлының арасындағы араздық Тоқтамыс ханды жеңгеннен кейінгі оның қыздарын бөліске салу кезінде туындайды. Ал Мұрын жырлаған нұсқада Нұрадынның әкесіне қарсы шыққаны жөнінде ешқандай сөз айтылмайды. Дәстүр бойынша бұл жырдың бас кейіпкері де жорыққа шығар сәттерінде әкесінен бата алып аттанады. Жырда Нұрадынның әуелі үндіс қалмақтармен, соңынан қызылбастармен шайқасуы да — Мұрын жырау нұсқасына ғана тән ерекшелік.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың аталған екі нұсқасы, Егігеге қатысты жырлардың қолжазбалары және олардың басылымдары өзара салыстырылып, М. Хакімжанова жазып алған нұсқа ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 4-дәптер).



Едігенің баласы
 Нұрадын деген ер еді.
 Онға жасы толғанда,
 Едәуір жігіт болғанда,
 Едігеге келеді,
 Келіп, кеңес етеді:
 – Артық туған бабамыз,
 Ақылға қамал данамыз.
 Рұқсат болса, бабамыз,
 Сөз сұрауға келеміз.
 Рұқсат болса, айтайын,
 Рұқсатсыз болса, қайтайын.

Сонда Едіге сөйлейді,
 Сөйлегенде, бүй дейді:
 – Перзентім, саған бермей, не етейін,
 Алпысқа жасым толғасын,
 Өзім егде болғасын.
 Сақалым енді ақ болды,
 Алпыс деген – бұл заңғар
 Келіп, бізге тап болды.
 Сұрашы, балам, сен, – деді, –
 Айтайын жауап мен, – деді.

Сонда тұрып Нұрадын
 Атасына сөйледі:
 – Жалғыз туған баламын,
 Ағайын-туған шамалы.
 Рұқсат етсең, жан ата,
 Атқа мініп мен шығып,
 Шамалы жерді қыдырып,
 Үндіс пенен қалмаққа
 Шығып көзім салайын,
 Мал бақпайын мен, – деді, –
 Мал соңында жалпылдап
 Атқа мініп жүрмейін,
 Жақсы-жаманды білмеймін.
 Рұқсат болса, қарт баба,
 Үндісті іздеп барайын,
 Асылы көпір ел еді,
 Соған бір қайрат етейін.

Сонда әкесі сөйледі:
 – Барарсың, балам, сен, – деді, –
 Жолдассыз жүрген дарасың.

Жақын емес бұл үндістің қаласы,
 Жүдә¹, қашық арасы,
 Тоқсан күндік жол еді.
 Бұл үндісті сұрасаң,
 Өзі мықты зор еді,
 Қиындығы сол еді,
 Бекітіп салған қаласы.
 Келмей жүр еді оған
 Талай барған ноғай шамасы.
 Үндістің ханы – Тарқас-ты,
 Тарқастың берік қаласы.
 Келмейтұғын шамалы
 Жанның оған шамасы.
 Бір жағында бар оның
 Жан жүрмейтін қалың құмдары,
 Биік тау мен шыңдары,
 Тоғайы қалың қамыс-ты.
 Жете алмассың, балам, алыс-ты.
 «Пәленшенің баласы
 Қаңғырып келді», – деп айтар,
 Тілімді алсаң, жан балам,
 Қаңғырма жалғыз сен, – деді.

Сонда тұрып баласы,
 Әкесіне сөйледі:
 – Артық туған данасың,
 Талайдың көрдің шамасын.
 Тәуекелге болмайды
 Ешкімнің, ата, шарасы.
 Жақын болса, барармыз,
 Алыс болса, жетерміз,
 Тәуекел етіп Аллаға,
 Не қылса да, қарармыз,
 Рұқсат етсең сіз, – деді, –
 Талпынып тұр жүрегім
 Баруға соған бір, – деді.

Сонда Едіге сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Баяғы мінген Шұбардың
 Баласы еді Телшұбар,
 Атасымен тең шығар.
 Шауып малдан қалған жоқ,
 Алдына жылқы салған жоқ,
 Тек қанатты күс емес,

¹ Жүдә /а/ – өте, тым, аса, тіпті.

Қатын менен балаға
 Қиындық қатты салар», — деп,
 Нұрадын сонда Шұбармен
 Елден шығып барады.
 «Алыс болса, алам, — деп, —
 Жақын болса, барам», — деп,
 Шұбарға мініп жүреді,
 Дөңгеленіп желеді.
 Тоқсан күндік жер еді,
 Арасы қалың құм еді,
 Бер жағы биік дөң еді.
 Сексеуілді бұл томар,
 Қалыңдығы сол болар,
 Арасы байтақ шөл болар.
 Құмға келсе, асады,
 Құлаштап¹ аяқ басады.
 Терең суға келгенде,
 Дариядан өктеп асады.
 Жүрісін байқап қарасаң,
 Шапшаңдығы көрінер
 Таутеке мен бұландай.
 Жаяу жандай көрмеді
 Киік пенен құланды-ай.
 Шаңын байқап қарасаң,
 Шамалы жерде түтіндей.
 Қайратты жылқы болар ма
 Бұл секілді шұбардай?!
 Екпіні күшті тасқасын,
 Жан шыдай ма жүріске,
 Аяғын сондай басқасын.
 Шапшаңдығы осындай,
 Ұшқан құстай атқасын.
 Тоқсан күндік жер еді,
 Сол шабыспен бұл жерге
 Елу күнде келеді.
 «Ноғайлы шіркін келер», — деп, —
 Қарауылға үндісің
 Елу кісі жіберді, —
 «Келген жауды бақсын, — деп.
 Бірлі-екілі жау болса,
 Кідірмей басын алың», — деп.
 Шыққан екен бұл жерге
 Үш жүз елу кісі далаға,
 Үш күндік жердің сыртында

Жатады екен қалмақтар
 Елу-елуден бөлініп.
 Нұрадын көрді бұлардың
 Жүз қарадай шамасын.
 Жалғыз қара көргесін,
 Қалмақтар жақсы қуанды:
 «Аламыз мұны енді, — деп, —
 Сорлы болған ерді, — деп, —
 Қаза айдап келді», — деп,
 Шабысты қалмақ бұл салды.
 Жалғыз-жалғыз келмейді
 Елуі бірден келеді,
 Келіп қамап алады:
 — Үндіс — деген біз, — деді, —
 Барасың қайда сіз? — деді, —
 Өлтіреміз біз, — деді.

Сонда Нұрадын сөйледі:
 — Атаңа нәлет, үндісім,
 Асылымды сұрама,
 Емеспін болат құрама².
 Қолға алған жебедей.
 Мен үндісті көрмедім
 Етікке қаққан шегедей.
 Әкем аты — Едіге,
 Ежелден артық ер еді.
 Сен секілді қалмақты,
 Талай сойып жеп еді.
 Менің атым — Нұрадын,
 Асылымның несін сұрадың,
 Тұрсың ба қамап, қалмағым?
 Болмасын сорлы арманың.
 Сен қораланған қой едің,
 Мен ашыққан тарлан бөрі едім.

Нұрадын қолға сүңгі алып,
 Қалмаққа қарай оңталды.
 Ашуланған зарпынан
 Тер шықты ерден тамшылап.
 Шұбарды салып жіберді
 Ашүменен қамшылап.
 Қаптай тұрған үндістің
 Үстінен қарғып асады.
 Тұяғы тиіп басына,

¹ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

² Құрама — бұл жерде «будан» деген мағынада айтылып отыр.

Талай үндіс сасады.
 Жығыла берді сормаңдай,
 Ту сыртынан түйгенде,
 Жығылмай сорлы не қылсын,
 Өзіне найза тигенде.
 Қандары жаман сорғалап,
 Алды-алдына қашады.
 Сорлы маңдай қорғалап
 Нұрадын шапты оларды.
 Біреуі жоқ үндістің,
 Онан өлмей қаларға.
 Қорыққанның зарпынан,
 Әрбіреуі әр жаққа барады.
 Нұрадындай балаңыз
 Әрқайсысын қуады,
 Үндіске күндер туады.
 Әрқайсысын бір түйіп
 Желкесінен өтеді.
 Жалғыздап қашқан заңғарға¹
 Қуғаннан соң жетеді.
 Оған жете алмаса,
 Ат болып Шұбар не етеді?!
 Ұрыстың түрін көргесін,
 Бірі қалмай қашады.
 Біреуі кеткен қалаға,
 «Барамын», — деп хабарға.
 Қалаға хабар келгесін,
 Тарқастайын ханыңыз
 Үндісті қоймай жинайды.
 Жан-жағына салады,
 «Ноғай келді», — деп хабарды.
 Жиналған әскердің саны
 Екі мыңға толады,
 Ол да біраз болады.

— Қаптаңыз, үндіс, сен, — деді. —
 Алыңыз басын тез, — деді. —
 Мен ілгері барайын
 Ол ноғайдың қасына-ай.
 Бір қамыстай көрмеймін,
 Барсам, қылыш сермеймін,
 Қаңғырып жүрген ноғайды
 Еш нәрседей көрмеймін.
 Шыр айнала құрсаңыз,
 Ортаға қамап алыңыз,
 Басын кесіп салыңыз.

Екі мың кісі кәпір-ай,
 Келе жатыр, апыр-ау.
 Астында мінген кер еді,
 Алдынан шығып Тарқасың
 Жападан-жалғыз келеді.
 Қарсы келген Тарқасқа
 Тайсалсын ба Нұрадын?

Сонда қалмақ сөйледі:
 — Астында мінген шұбарың,
 Алайын деген бар ма еді,
 Жазған сіздің құмарың?
 Біз бір әскер ел едік,
 Етек-жеңі кең еді.
 Жапа-жалғыз бейшара,
 Барасың қайда сен енді?
 Үндістің ханы — мен, — деді, —
 Әлек болма сен, — деді. —
 Қысқартпа, бала, жасыңды,
 Тастатпа жерге басыңды,
 Еш тимеймін мен саған,
 Бере ғой түсіп атыңды.
 Өзің болсаң ақылды,
 Осы айтқаным мақұл-ды.
 Көремісің әскерді,
 Байтақ жатқан қол, — деді. —
 Екі мың кісі — бұл әскер
 Бола ма саған ол? — деді. —
 Түсіп, атты бермесен,
 Маңдайда бар-ды сор, — деді.

Сонда Нұрадын сөйледі:
 — Әркімнің ісі ойласаң,
 Бір Аллаға аян-ды.
 Сен қалмақтан қорықсам,
 Бұл жерлерге келем бе?
 Шығамын ба далаға,
 Барамын ба қалаға?
 Қолыңнан келсе қыбырла.
 Елден шыққан ер жігіт
 Өлімнен қорқып, тая ма?!
 Жәрдем берсін Аршылан,
 Шаһимардан жар болып,
 Жәрдем берген ер, — деді, —
 Жалғыз келдім ішіне

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада айтылып отыр.

Көп үндістің мен, — деді. —
 Баба Түкті Шашты Әзіз,
 Қашаннан-ақ бабамсың.
 Жер үстінде ит үндіс
 Бар адамын жинады.
 Бермеске қатын-баланы.
 Тарқастайын қалмағым,
 Қапсы қалма сен, — деді, —
 Қозғаламын мен, — деді.

Жел қаптады сонардай,
 Қамшы салды шұбарға-ай.
 Бола ма жылқы шұбардай?
 Қамап тұрған үндістің
 Үстінен қарғып асады,
 Үндіске найза салады,
 Жарағы қанға боялды.
 Күні-түні дамылсыз
 Нобайлап қырды заңғарды.
 Сермеген алмасы кесіп жүр
 Домалатып басын-ай,
 Сермей берді осылай.
 Жер үстіне қараса,
 Қызыл жоса қан болды,
 Қырылып жатқан жан болды.
 Тарқас қашып жөнелді,
 «Шүү» дегенде керімен,
 Өзінің келген жерімен.
 Кеткен екен неше жан
 «Еліне хабар етем», — деп.
 Қатын менен балаға-ай,
 Шұбырды қойдай, қарашы.
 Бір мыңындай қырылды-ай,
 Қырылған жаман бұрында-ай.
 Тарқастайын ханыңыз
 Өлгенді көріп, сасады.
 Жан тәтті екен, қарашы,
 Еліне қарай қашады.
 Тарқасты көзі көргесін,
 Нұрадын оны қуады.
 Қуып оны жетерге,
 Жолықты Тарқас бетерге¹.
 Ойлап еді ол жазған
 Құтылып мұнан кетерге.
 Айнала тұрып ханыңыз:

— Ноғайдың ері — сен, — деді, —
 Үндістің ері — мен, — деді. —
 Қайтып едім еліме
 Тағы да әскер аларға.
 Кетейін енді мен, — деді. —
 Жалпақтама, ер болсаң,
 Жекпе-жек кел, — деді.

Сонда Нұрадын сөйлей бастады:
 — Жасқанбаймын мен, — деді, —
 Дәмең болса, кел, — деді.
 Шұбарға салды қамшыны,
 Екеуі сонда алысты,
 Жағаласып қалысты.
 Нұрадынмен екеуі
 Ат үстінде алысты.
 Нұрадын сонда алмасқа
 Іркілмей қолды салады,
 Суырып алмасты алады.
 «Иә, Алла!» — деп үндістің
 Мойнына алмаспен салады.
 Басы жерде домалап,
 Ол үндістің қалады.
 Сала берді іркілмей
 Үндіске жақсы ойынды,
 Көрсетті жақсы тойынды.
 Шамалы жері қан болды,
 Көз көрмейтін шаң болды.
 Тарқастайын үндістің
 Жетті қуып қалғанын.
 Көріне қашқан үндістің
 Ешбіреуін қоймады.
 Қарамады үндістің,
 Қаладан шығып даласын.
 Жақын жерде жинады,
 Қатыны мен баласын.
 Неше күндей қамады.
 Ашық жерді таба алмай,
 Қамалып үндіс қалады.
 Үндісті сонда қамады,
 Қашқанын іздеп табады,
 Жібермеді далаға,
 Уақтарын жинап алады.
 Тарқастың қызы Жәмільхан
 Сонда жетіп келеді,
 Келе сөйлей береді:

¹ Бетер — «қиындық» деген мағынада айтылып отыр.

— Артық туған төре едің,
 Асыл туған ер едің,
 Атам Тарқас хан еді,
 Ол үндістің ішінде
 Артық туған жан еді.
 Толып жатқан ел еді,
 Ежелден мекен қылған жер еді.
 Үндістің көрдің шамасын,
 Жылаттың қатын-баласын.
 Қатар жүрген тең едім,
 Хан баласы мен едім.
 Хабар бердім сіздерге,
 Сүйегім қатар болғасын.
 Хабар бердім өзіміз,
 Көргесін батыр көзіміз,
 Не қылса да, көруге.
 Астана халық еліміз.
 Талқандалды үндістер,
 Мекен қылған жеріміз.

Нұрадын сонда сөйледі:
 — Еліңді жинап алайын,
 Кеткені болса, қырайын.
 Үндіс пенен ноғайлы
 Емес, сірә, ағайын.
 Ежелден-ақ кәпір мен
 Мұсылманның жаулығы
 Емес пе еді тағайын¹?
 Қосылған болса егер де
 Жұмыла халқың не қилы-ай
 Халқына хабар салайын,
 Әуелі бір жеңіп алайын.

Үндістар шығып, тарады,
 «Қалған-құтқан бар ма?» — деп,
 Нұрадын шығып тұрады.
 Сегіз күндей шабуыл
 Күні-түні салады.
 Он күн нағыз болғанда,
 Күн он күнге толғанда,
 Айдады үндіс қаласын,
 Үндістің біліп шамасын.
 «Біз мұсылман болдық» — деп,
 Астана халқы бағынды.
 Нұрадындай хандардың

Шарасыз тілін алады.
 Қасына алып құл-құтан,
 Бірер мыңдай мал мен бас
 Шетінен бөліп айдады.
 Шарасы бар ма үндістің
 Шұбырып, соры қайнады.
 Артық туған ер еді,
 Еліне қайтып Нұрадын,
 Жеңіп елін Тарқастың
 Болғасын еліне қайтады.
 Күні-түні жол жүрді,
 Дамыл алмай мол жүрді,
 Алмады дамыл: «Не етем?» — деп, —
 Асығып: «Елге жетем», — деп.
 Түні-күні тең жүрді.
 Алпыс күнде бұл жетті
 Ол үш айлық жер еді.
 Артында қалған секілді
 Ата менен анасы.
 Нұрадыннан басқа жоқ
 Олардың туған баласы.

«Нұрадын келді» дегесін,
 Естіген соң хабарға,
 Кемпір мен шал ойланды
 Алдынан шығып барарға.
 Едіге сұлтан ер еді,
 Оларды елден шығармай
 Нұрадын өзі келеді.
 Келгесін сөз сөйледі:
 — Берейін сәлем, бабамыз,
 Сау-саламат бармысыз,
 Ата менен анамыз,
 Астана халқым — бәріңіз!
 Үндістейін қалмақтың
 Көрінер енді қарасы.
 Келе жатыр шұбырып,
 Бір қатар қатын-баласы,
 Жинаған түлік қарасы.
 Ислам дінге бағынды,
 Бұрынғы діннен жаңылды.
 Сау-саламат келеміз,
 Оңғарып Алла жолымыз.
 Оңғарылып жол болды,
 Сапарымыз оң болды.

¹ Тағайын — белгілі, жазылған, анықталған.

Жапанда кеткен дара едім,
Жалғыз кеткен жан едім.
Алла оңғарса сапарды
Кімнен зарар болады?!

Анасы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айналайын Нұрадын,
Құдайдан сені сұрадым.
Жапа-жалғыз кеткесін
«Перзентім не қып қалар?» — деп,
Әрбір күнде жыладым.
Ризамын Аққа, бергесін,
Шүкір етем Құдайға!
Сұңқарым ұшқан қонғансын,
Кірді-ау балам реңім,
Жарылды енді жүрегім.
Сау-саламат келдің бе,
Перзентім, енді сен, — деді, —
Ризамын бір Аллаға-ай!

Нұрадын таққа мінеді,
Осы келген сапарда
Мерекелеп, той қылып,
Жинады ноғай базарлап.
Сонда тұрып Нұрадын
Ноғайға жауап береді,
Таққа мініп алғасын:
— Астана халқым, ел, — деді, —
Енді қайрат етейік,
Етірек пен Күргенге
Алла оңғарса сапарды,
Сол жерге таман барамын.
Қызылбасдеген байтақ ел,
Бер жағында мекендеп
Ерсарыдай халықтың
Баян қылған дөңі еді.
Қарамай шың еді,
Толағай жері бұл еді.
Қарашың деген бір түзде ол —
Қарауылға шыққан жер.
Қызылбастың бұл, — деді, —
Сол жерде салған қаласы,
Көп, — деді, — бұның шамасы.
«Сол заңғарда қалар», — деп, —
Қауіп етіп мен тұрмын.
Бұл ноғайға аттанған

Қызылбас — байтақ ел, — деді, —
Бәрі бірдей ер, — деді. —
Алыс емес ол өзі,
Тек бір елу күндік жол, — деді. —
Сол елге таман барайық
Шығарып арман қарайық,
Сөйтіп жерін алайық.
Бер жағында тағы бар
Кеңарал — деген бұл дала.
Елі бір, әне, оңаша,
Жері жақсы, тамаша.
Ар жағында қара тау
Қызылбастың көп еді.
Оңғарса Құдай сапарды
Он бес күнде кетемін,
Бір тәуекел етемін.
Үндістің алдым каласын,
Қызылбас деген халықтың
Көрейін-дағы шамасын.
Тапсырып Аққа кетемін
Көп ноғайдың баласын.

Үндемеді ноғайдың:
«Барамыз», — деп біреуі.
«Жауыма барам», — деген соң,
Ақсақалды қарттардың
Нешесінің кетеді
Түсі қашып реңі,
Қалып, олжа алғандай.
Біреуінің ойы жоқ
Мұнымен бірге барғандай,
Ноғайлының бірқатары.
Сонда жауап сөйледі:
— Әй, Нұрадын, Нұрадын,
Жиналып тұрған ноғайдан
Мұның несін сұрадың?
Ноғайдың жері кең, — деді, —
Бетегелі боз бұйрат
Бұл бір жақсы жер, — деді. —
Бұған сыйып жатыр ғой
Байтақ ноғай ел, — деді. —
Қызылбас түгіл, келмейді
Бұл жерлерге қалмақ та.
Бұрынғы өткен ерлерден
Талайы батырған бармақты.
Ноғайлы деген ер атым
Қаншадан болған салмақты.

Қызылбас пен үндісті
 Қашырған талай ер еді.
 Бұл Қызылбас пен үндістің
 Келмейтұғын жер, — деді. —
 Атаңнан алдың тағынды,
 Көтерді Алла бағынды.
 Едіге сұлтан ер еді,
 Талай жауды қашырған
 Ақсүйек, асыл төре еді,
 Онан туған сен, — деді. —
 «Барамыз», — деп айтпады
 Көп ноғайдың біреуі.
 Не келеді қолымнан,
 Қара сақал ақ болып,
 Бір қураған шал — мен, — деді.

Сонда Нұрадын сөйледі:
 — Астана халқым, қашаннан
 Бақытың артық жасалған.
 Атамыз еді Едіге —
 «Шаш ал десе, бас алған».
 «Дұшпанға кегім кетер, — деп, —
 Үстімнен дүбір өтер, — деп. —
 Қалмақ пенен қызылбас
 Жетелеп бала кетер», — деп, —
 Онан туған — мен, — деді, —
 Отырып үйде, не етейін,
 Тәуекел, жолға кетейін.
 Қызылбас деген — байтақ ел,
 Кеңітуге сол жерді,
 Шамам келсе, жетейін.
 Жалғыздың жары — бір Құдай,
 Аршылан хандай еріміз.
 Баба Түкті Шашты Әзіз —
 Керемет қонған піріміз,
 Әуелі Алла оңдаса,
 Екінші сүйен пірлерге.
 Көкірекке ой түсті:
 «Барайын, — деп күйзеліп, —
 Көрмеген енді жерлерге.
 Ерсарыдай ерлердің
 Мекен қылған жері екен,
 Ол да байтақ ел екен.
 Қызылбастың Шаппазхан
 «Барайын, — деп, — ойладым».

Бір айға нағыз толғасын,
 Аттың құлқын табулы.
 Тарқастан қайтып келгесін,
 Жерден шөпті үздірмей,
 Сусынына сүт беріп,
 Шекер менен бал беріп,
 Әрбір тәтті дән беріп,
 Тигізбей желді бетіне,
 Баққан екен Шұбарды.
 «Тиер», — депқатты етіне
 Мақпал¹ жапты үстіне.
 Шығарып алып Шұбарды,
 Алтын қазыққа байлайды.
 Жарыққа шығып алғасын,
 Қырық құлаш шылбыры,
 Арқанда тұрып ойнайды.
 Төбедей болып бұл жолы,
 Тартылып іші жүреді.
 Тұрушы еді жануар
 Неше жылдай байлауда,
 Шыр көбелек шабады,
 Қазығынан айналып.
 Сәрсенбі күні болғанда,
 Өзі келіп Нұрадын,
 Шұбарды сонда ерледі.
 «Ері кейін кетер», — деп,
 Омырауға салды омырауша,
 Артына салды құйысқан.
 Нұрадынмен жоқ еді
 Атадан бірге туысқан.
 Керегеде көк жебе
 Ер басына іледі.
 Едігенің көк алмасын²
 Беліне мекем буады.
 Үстіне киіп ақ сауыт,
 Шарайна белге байлады,
 Жүруге жөнді сайлады.
 Үй сыртында көк сүңгі
 Белдеуден алды суырып.
 Атасы шығып, бұл келді
 Қоштасуға жүгіріп:
 — Айналайын шырағым,
 Естісін сөзді құлағың.
 Ноғайлы сынды еліміз,

¹ Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

² Көк алмас — қылыш.

Үшқияндай жеріңіз.
 Саламат қайтар күн болса,
 Көп кешікпей, перзентім,
 Елге қарай жүріңіз.
 «Қызылбас деген осал», — деп,
 Төңірегін аңдыңыз.
 Шаппаздайын қызылбас
 Ханын жақын алыңыз,
 Шаппаздың салған шәріне¹
 Әуелі тура барыңыз.
 Жансыз² жіберіп, ел бекіп,
 Қызылбас залым қоймасын.
 Ұстадың найза қолыңа
 Қыдыр ата³ жар болсын,
 Қырық шілтен⁴ қолдасын,
 Аршылан болсын жолдасың.
 Тапсырдым Аққа мен сені,
 Оң болсын жолың, ер, — деді. —
 «Шаршап атам қалар», — деп, —
 Ойлама, батыр, сен, — деді. —
 Аттың бабы табылған,
 Тұқымды жүйрік бұл, — деді.

Талай топта шабылған.

Нұрадын мініп алады,
 «Жібер», — деп басын жануар,
 Сілкіп-сілкіп алады.
 «Тапсырдым, — деп, — Аллаға»,
 Нұрадын кетіп барады.
 Нұрадындай еріңіз
 Аяңдамай, желеді.
 Диірменнің тасындай
 Дөңгеленіп келеді.
 Арандай⁵ аузын ашады,
 Құлағын тігіп қайшылап,
 Келе жатыр дөңгелеп,
 Омыраудан тері тамшылап.
 Найза бойы жар келсе,
 Кідірмей, қарғып асады,

Тасып жатқан су көрсе.
 Қысылып, онан саспайды,
 Киіктей орғып аттайды.
 «Жануар осың жақсы-ау», — деп,
 Жалғыз өзі келе жатып,
 Нұрадын атын мақтайды.
 Күн бір айға толғанда,
 Нұрадын сонда сөйлейді:
 «Екпінің күшті дауылдай,
 Баласы жылқы болар ма
 Бұл секілді шұбардай?!
 Жар болып Жаппар⁶ Құдайым,
 Өзіңнен басқа пана жоқ,
 Іні менен аға жоқ.
 Ноғайлы шіркін ел ме еді?
 Біреуі ермей қалғаны
 Ноғайлының жөн бе еді?!
 Аршылан, жәрдем бере көр,
 Рүстем-Дастан, ер едің,
 Шақырдым, ерлер, келе көр!
 «Аршылан», — деп ат қойған
 Бір Алланың өзі еді,
 Аршылан, жәрдем бере көр.
 Бір адам қатарыма ермеді.
 Мені «адам» деп көрмеді.
 Артық туған Шұбарым,
 Осы жауды мен алсам,
 Тарқар еді-ау құмарым.
 «Алармын», — деп келемін,
 Шаршамаса Шұбарым.
 Екі айда жетер жер еді,
 Санасам алпыс күн еді.
 Жиырма күні қалғанда,
 Бес күнде енді барайын.
 Қызылбасқа барғанда,
 Қайратыңды көрейін.
 Шаппаздайын хандардың
 «Алсам, — деймін, — басын-ай», —
 Бара қалсам қасына-ай».

¹ Шәр /а/ — қала.

² Жансыз — тыңшы.

³ Қыдыр ата — ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші.

⁴ Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

⁵ Арандай — далиған үлкен, кең.

⁶ Жаппар, Жағыпар /а/ — күдірет; Алла Тағаланың есімінің бірі.

Сол сөзді айтып, Нұрадын жолда келе жатқанда, алдынан жиырма қара көрінеді.

Көлденең жатқан қара дөң
 Қарамая деген шың еді,
 Түсі қара тау еді.
 Шыңға таман келгенде,
 Биіктен шықты аз қара.
 Нұрадын көрді алдында
 Аздау болған қарасы
 Алдынан шыққан аз кісі
 Шабуылды салады.
 Нұрадын да кідірмей
 Алдынан қарсы барады.
 «Барып қамап алайық,
 Атын олжа қылып қалайық,
 Елге қашып кетер, — деп, —
 Жалғыз жүрген қара», — деп.
 Қызылбастан шыққан ер еді,
 Ол үйінде тұрғанда,
 Бәрі бірдей сері еді.
 Нұрадындай ерінің
 Ат құйрығын өреді.
 Алыстан қара көргесін
 «Жау болар», — деп Нұрадын,
 Қараға қарсы келеді.
 Жиырма кісі — бұл өзі
 Қарауылда жүр екен,
 Бөлінбеді біреуі.
 Жиырмасы да жапырып,
 Нұрадынға келеді.

Сонда қызылбас сөйледі:
 — Астыңдағы Шұбарың,
 Бар ма еді жауға құмарың?
 Қазаға айдап сен келдің,
 Өлімге айдап Құдайың.
 Аты-жөнің білейін,
 Өлімнен бұрын сұрайын,
 Сұрамай, неге тұрайын?
 Біз — қызылбас деген ел, — деді. —
 Етек-жеңім кең, — деді. —
 Қызылбастың ішінен
 Әрқайсысымыз бөлініп,
 Елден шыққан ер, — деді. —

Тірі тұрған күнінде
 Жөніңді айтшы, жас бала,
 Байқайын сөзің мен, — деді.

— Атаңа нәлет, қызылбас,
 Асылымды сұрасаң,
 Өз дінімді сұрасаң,
 Ислам — деген дін — деді. —
 Табымды сұрасаң,
 Ноғай — деген ел, — деді.
 Издегенім сұрасаң —
 Қызылбастың Шаппазы.
 Көруте шықтым қаласын,
 «Білейін», — деп мен келдім.
 Шаппаз ханның шамасын.
 Қызылбас деген сен бе едің,
 Бәрің бірдей ер ме едің?
 Кезектессең сен, — деді, —
 Жапыра бері кел, — деді. —
 Жасқанбаймын мен, — деді. —
 Менің атым, сұрасаң —
 Нұрадын деген ер, — деді. —
 Мекенімді сұрасаң —
 Үшқиян деген жер, — деді. —
 Кеңаралдан өткенім,
 Саған келіп жеткенім,
 Атың басын тарт, — деді. —
 Хабарың болса тағы да,
 Бар, бәріңе айт, — деді.

Нұрадын кейін шегінді,
 Қу жебені қолға алды,
 Атайын деп қозғалды,
 Жебені тартып жіберді,
 Атқан оғы өтеді,
 Тоқтасын ба оларға?
 Ар жағына өткесін,
 Көлденең тұрған бір тауға
 Оғы кіріп кетеді.
 Оғының бар-ды қанаты,
 Жалғыз емес ол оғы,
 Толып жатыр болаты¹.

¹ Болат — қылыш.

«Шүү» дегенде жығылды
 Қызылбастың бесеуі.
 Найзасы жоқ, бар екен
 Қызылбастың қылышы.
 Бесеуі жерге түскесін,
 Тарыла берді-ау тынысы.
 Қаңды көзі көргесін,
 Қызылбас жаман торықты.
 Он бесі қалды заңғардың,
 Бір пәлеге жолықты.
 Он төрті соғыс салады,
 Біреуі кетіп шапқылап,
 Шаппазға кетіп барады.
 Қояр емес оны мұрсатқа,
 Әрқайсысы қашады
 Жалғыз-жалғыз далаға.
 Бұрынғы қайрат болмады,
 Қызылбас қалды пәлеге.
 Ашылған екен арасы,
 Ол сорлының көрініп,
 Бара жатыр екен қарасы.
 Көрінген қара кете ме?
 Артынан қуып бұл жетті.
 Қуып жетіп сорлыға,
 Салып қалды найзасын,
 Төгіліп қаны қалады.
 «Хабарланып қалар», — деп,
 Нұрадын елге салады.
 Шаппаз ханның елінің
 Шетіне барып қалады.
 Сонда бір шал көреді,
 «Араласты қара», — деп,
 Шаппазға кетіп барады,
 Алып барды хабарды.

Сонда шалың егіліп,
 Көзінің жасы төгіліп:
 — Әй, сұлтаным, сұлтаным,
 Келдім сізге хабарға.
 Қалаға келді бір қара,
 Өзі ноғай — бұл бала.
 Адамды іздеп табады.
 Кез келгенді аямай,
 Ақ найзасын салады.

Қапы қалма сіз, — деді, —
 Енді өлдік біз, — деді.
 Шошып кетіп Шаппазың,
 Үйіне қарай жүгірді,
 Кіл темірден киінді.
 Шаппаз ханның атына
 Мінетұғын түрі бар,
 Қайратының зоры бар.
 Жинаулы тұрған бағында
 Бір мың кісі құлы бар.
 Үндемепті Шаппазың,
 Атқа мініп алғасын,
 Әскерге айғай салады:
 — Аттаныңыз енді, — деп, —
 Дұшпан елге келді, — деп.

Сонда шалға сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Жасың үлкен шал, — деді, —
 Қай жақтан келді жау? — деді, —
 Айтшы маған сен, — деді.

Сонда шалың сөйледі:
 — Халық ұстаған ханымыз,
 Артық туған нарымыз¹,
 Қызылбас деген елдерде
 Ақылы көп барымыз.
 Дария тасыса — тоқтатқан
 Белгілі қызыл жарымыз.
 Темірқазық² жағынан
 Келіп қалды-ау жауымыз.
 Қалаға жақын таянды
 Хабар келді, шақырып,
 Балалар келді жүгіріп.
 Сермеп жатыр найзасын
 Көп екен оның айласы.
 Сізге хабар бергенім —
 Бұл халықтың пайдасы.
 Көрдім, — деді, — қарасы-ай.
 Найзаны салды, қарамай,
 Азды, көпті санамай.
 Жалғыз барма, қарулы
 Әскермен бар, қарағым.

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

² Темірқазық — поляр жұлдызы.

Тігулі тұрған ағаш үй
 Қасынан өтіп шабады,
 «Қирасын», — деп, ол үйді
 Қылышпенен шабады.
 Талқан болып талайы
 Ағаш үйдің қалады.
 Қиратып үйді, шапқылап,
 Батыр кетіп барады.
 Нұрадындай батырың
 Аттың басын бұрады.
 Айғай даусын естігесін,
 Кідіріп батыр тұрады.
 Айғай даусы, шабуыл,
 Шулағанды көргесін,
 Астына мінген шұбар ат
 Көкке қарап қарғиды.

Сонда Шаппаз келеді,
 Келе тұрып сөйлейді:
 — Мінген екен шұбарды-ай,
 «Жау», — дей ме екен бұларды-ай?

Қасындағы жолдасқа
 Шаппазың сонда ақырды:
 — Алып таста басын, — деп, —
 Алып келші атын, — деп, —
 Мұның ісі болмас мақұл, — деп, —
 Бұл бір қаңғып жүрген пақыр, —
 Бұл болған шығар ноғай, — деп, —
 Өлтіруге оңай, — деп, —
 Мұның емі солай, — деп.

Сонда Нұрадын сөйледі:
 — Менің елім — ноғай, — деп, —
 Қызылбас деген халық
 Алуға бізге оңай, — деп. —
 Іздеп шықтым қалаңды
 «Көрейің, — деп, — шамаңды». —
 Шеттен келдім қалаға,
 Күшті болсаң, қашпаңыз
 Қаңғырып енді далаға.
 Қолыңнан келсе хабары,
 Қызылбас халқым, аяма.

Шаппазың сонда ақырды,
 Әскерлерін шақырды,

«Кесіп басын алың, — деп, —
 Әр жапырақ етінен
 Кесіп, итке салың», — деп.
 Қызылбас біткен жапырды.
 Нұрадындай батырың:
 «Алла!» — деп ұран шақырды.
 Найзағайдай жалтылдап,
 Қызылбастың үстіне
 Қылыш тиді жарқылдап.
 Шаппаз хан қашып кетеді,
 Қашып кетті далаға,
 Көрінбеді қараға.
 Неше күндей соғысты,
 Тарылды қызылбас тынысы.
 Бұл шәріден шығармай
 Қызылбасты қамады.
 «Бұл қай жаққа кетті?» — деп,
 Төңірекке көз салып,
 Шаппаз ханды қарады.
 — Қайда да болса, шап, — деді,
 Көп кісінің ішінен
 Шаппазды іздеп тап, — деді. —
 Егер оны таппасаң,
 Өлесің енді кешікпей,
 Әй, қызылбас, сен, — деді.

Сонда қызылбас сөйледі:
 — Асылың артық ер, — деді, —
 Сілтейін жөнін мен, — деді. —
 Жеткізбейді-ау Шаппаз хан,
 Қалың қамыс ішінде
 Сізден қашып жатыр ол.

Нұрадын сонда қамысқа
 От жіберіп өртеді.
 Қамысқа от тигесін,
 Шаппазың шығып жөнелді.
 Жанған қамыс ішінен
 Көрінді сонда қарасы,
 Алыс екен арасы.
 Артынан қуды Нұрадын
 Жетейін деп қараға.
 Аттың басын жіберіп,
 Шаппазың кетіп барады
 Артына сорлы қарамай.
 Дауыс жетер болғанда,
 Нұрадын: «Түр!» — деп ақырды.

Шаппазың сонда кідірді:
«Енді қашып болмас, — деп, —
Қашқанмен де қоймас», — деп.
Артынан жетіп Нұрадын,
Шаппазға сөйлей бастады:
— Әй, Шаппазым, сен, — деді, —
Сөзіме құлақ сал, — деді. —
Өлтіремін мен, — деді, —
Өлесің енді сен, — деді.

Сонда Шаппаз сөйледі:
— Нұрадын артық ер, — деді, —
Кідірдім саған мен, — деді, —
Келдің жетіп сен, — деді.
Астыңа мінген Шұбарың,
Неше күндей соғысып,
Тарқады ма құмарың?
Керегінді сен сұра,
Елде болса, берейін,
Қасыңа еріп жүрейін.
Бұл халқымда жоқ болса,
Іздеп қайдан табайын?!
Біз қызылбас болғанмен,
Ар жақ дініміз жақын ағайын.
Не қылса да, өлем ғой,
Бір мүддемді айтып қалайын.

Сонда Нұрадын сөйледі:
— Шаппаз деген хан, — деді, —
Айтқан тілімді ал, — деді. —
Тілімді егер алмасаң,
Өлтіремін мен, — деді. —
Ол — Мұхаммед үмбеті¹,
Бұл біздің дінге кір, — деді.
Біздің дінге кіргізбей,
Қоям ба сені мен, — деді.

Сонда Шаппаз сөйледі.
— Кірейін дінге мен, — деді, —
Көп қырылды ел, — деді.
Ислам діні көп жақын —
Шаппаз хан еріп бұл келді
Нұрадынның қасына.
Шаппаздың еліне келгесін,
Жұртын жинап, шақырды.

Ортасына жиналып
Қызылбас халқы тұрады.
Сонда Шаппаз сөйлейді:
— Қызылбас халқы, бәріңіз,
Нұрадын дініне кіріңіз.
Егер дінге кірмесен,
Осы жерде жауап бер, — деді.

Сонда жиналған қызылбас
Шаппаз ханға сөйледі:
— Шаппаздайын ханымыз,
Кеудедегі жанымыз,
Қызылбастың ішінде
Белгілі болған барымыз,
Бұйырсаңыз, сұлтаным,
Әр іске де көнеміз.
Ислам діні көп жақын,
Оған қатты көнеміз.
Осы отырған жамағат
Хош аламыз біз, — деді.

Сонда Шаппаз патшаңыз
Нұрадынға жақын келеді,
— Бер, — деп, қолын алады, —
Көндік сізге біз, — деді.
Ислам — жақын дін, — деді,
Көндім, артық ер, — деді. —
Дінге бағи² болғаным.
Батыр, қолың бер, — деді.

Шаппаз ханың үйіне
Нұрадынды шақырды.
Шақырып барып үйіне,
Бек жақсылап сыйлады.
Үш күн қонақ қылады,
Қасына еріп жүреді.
Шаппайтұғын бір жорға ат,
Алтыннан тонды кідірді
Шаппаздайын ханыңыз.
Нұрадынмен екеуі
Қияметтік дос болып,
Нұрадын қайтып еліне,
Өзінің барды жеріне.
Дұшпан кейін шегінді,


¹ Үмбет — ислам дініне мойынсұнған адам.

² Бағи — тиесілі, меншікті.

Қалмақ пенен үндістің
Шегарасы ашылды.
Жас басынан кек алған
Нұрадын сондай бала еді.

Елге жетіп келгенде,
Алдынан шығып анасы,
Нұрадынға сөйледі:
— Келдің бе аман, шырағым,
Жолдассыз кеткен дарасың,
Көрдіңіз бе Шаппаздың
Мекен еткен қаласын?
Айналайын қарағым,
Атаға тартып туғаның,

Атаның жолын қуғаның,
Ер белгісін еткенде,
Жапанда жалғыз кеткенде,
Не қып едің, қарағым?
Сау-саламат келдің бе
Арымай-ашпай сен? — деді. —
Риза болдым Алланың,
Қарағым, еткен ісіне,
Қабыл екен тілегім,
Жаңа кірді реңім.
Сен кеткесін ол жаққа,
Артыңнан туды бір бала,
Атын қойдым «Мұса» деп, —
Қарағыма ұқса, — деп.



Бірінші мақам

Орындаған: Құлсымақ Оспан

Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

орташа

Ей, Е - ді - ге - нің ба - ла - сы, ей, Нұ - ра - дын де - ген ер е - ді.

4 Он - ға жа - сы тол - ған - да, ей Е - дә - уір жі - гіт бол - ған - да, Е - ді - ге - ге ке - ле - ді, ай

7 Ке - ліп те ке - ңес е - ге - ді, ай: Ар - ғық та ту - ған ба - ба - мыз, Ей, а - қыл - ға да - на да - на - мыз,

10 Ай, рұқ - сат бол - са ай - та - йын, Сөз сұ - рау - ға ке - ле - міз

12 Рұқ - сат бол - са, ай - та - йын Ей, рұқ - сат - сыз, ей, бол - са қай - та - йын, ей.

Екінші мақам







14 А - ей, Нұ - ра - дын сон - да сөй - лей - ді Ше - ше - сі - не жа - уап

17 бе - ре - ді: "Сен е - дің ту - ған а - на - мыз, Мен е - дім ту - ған ба - ла - ңыз.

20 Тә - уе - кел е - тіп са - пар - ға, ей, Оң - ғар - са Құ - лай ба - ра - мыз.

22 А - лыс е - мес, қа - шан - нан Ол ша - ма лы жер е - ді. Үш ай - лық жер - ді ме - кен - деп

25 Тұр - ған үн - діс ел - е - ді. Үн - діс - тің кө - бі сол де - ді. Е - сеп - сіз көп, ай, ел," - де - ді.



МҰСА ХАН

Нұрадынның немересі, Ұлы Ноғай Оргасының беделгі биі, бүкіл Дешті Қыпшақтың хакімі болған Мұсаға арналған бұл жыр тек қазақтар арасында ғана сақталып қалған. Мұрын жырау жеткізген «Мұса хан» жыры осыны айғақтайды. Мұса — Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханның Оргасында беглер-бегі лауазымын атқарып, жас мемлекеттің іргесін нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Тарихи деректер Қазақ хандығының астанасында Керей ханның оргасы, ал елдің батысындағы Сарайшықта Жәнібек пен Мұса бидің оргасы болғанын көрсетеді. Жәнібек хан өмірден өткен соң, Мұса би Жәнібектің ұлы Қасым ханға қызмет етуден бас тартып, дербес мемлекет дәрежесіндегі Ұлы Ноғай оргасының басшысы лауазымын иеленеді. Туындыда Мұсаның қалмақ хандары Қозан мен Қосымға қарсы жүргізген күресі суреттеледі.

Бұл жыр жариялылық салтанат құрған заманда — 1989 жылғы атақты қаулыға байланысты ғана жалпы көпшілікке таныс болғаны белгілі. Сондықтан оның тарихи негіздерін ашып көрсетуге арналған еңбектер саусақпен санарлық қана. Бұл тұрғыдан алғанда, академик В.М. Жирмунскийдің Ноғайлы жырлары жөніндегі зерттеулері, В.В. Трепавлов, М. Сафарғалиев, Б.А. Кочекаев сынды тарихшылар еңбектері туындыдағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын анықтауға зор септігін тигізетіні анық.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың Мұрынның айтуынан М.Хакімжанова жазып алған қолжазба нұсқасы бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, ілгеріде жіберілген өзгерістер қалпына келтірілді. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 6-гәптер).



Нұрадынның баласы Мұса он бес жасында атқа мінген. Ол он бес жасында таққа да, атқа да мініп, хан болды. Содан кейін қырық кісілік әскер жинап, Қозанның елін шабуға аттанады. Қозанның Қосым деген баласы бар еді. Олда бір шәр¹ салған еді. Мұса: «Қосымның не өз ұлысын, не шәрін алып, олжа қылып алам», — деуші еді. Қосым «Ноғайдан Мұса хан аттанып келе жатыр» деген хабарды естігесін, оның алдынан бес жүз кісілік әскерді қарауылға шығарған. Мұса алдынан бір адамды жіберіп: «Қосымның шәрін барып байқа, біз артыңнан барамыз», — деді.

Жіберген адам шәрді аралап көріп, қайтып келіп, Мұсаға айтқаны:

— Халық ұстаған ханымыз,
Артық туған жанымыз,
Қосымның көрдім қаласын.
Жеті қатар қазған оры бар,
Жетеуінің ішінде де
Қабат жайған торы бар.
Ар жағында жебе бар,
Суырылмайтын дүниеде
Болаттан қаққан шеге бар.
Алпыс аршын² қаласы,
Дарбазасының³ саны алтау,
Бір жағында көлденең
Биік жатқан тауы бар.
Ар жағында дария
Тасып жатқан суы бар,
Бер жағында қалың нуы бар.
Келе ме екен шамаңыз?
Аз ғана кісі, сұлтаным,
Өзіңіз ойлап қараңыз.
Аз ғана емес, елі мол,
Қиындығы оның — сол.
Байлаулы аты бағында,

Көлігі оның қолында,
«Жау талабын етем, — деп, —
Жауға көніп не етем?» — деп, —
Жинаулы түр ерлері,
Мықты төре, бектері,
Өте биік жерлері
Көп болған байтақ елдері.

Сонда Мұса хан сөйледі:
— Аттанып шықтық ер, — деді, —
Білдік енді, кел, — деді.
«Білмеймін», — деп ойлама,
Жауменен жүріп, ойнама.
Көрсеніз жауды асуға
Ойламаңыз қашуға.
Жау көрінсе, алыңыз,
«Алла!» — деп ұран салыңыз.
Алармыз оның қаласын,
Көрерміз қалмақ шамасын.
Қайғы салма сен, — деді, —
Ақылсыз, бала, сен, — деді.

«Ноғайлы аттанып келе жатыр» деген хабарды естіген Қосым: «Мың кісі әскермен қарауылға шығып қарайық, көрсек, жақын барайық», — деп, Мұса ханның алдынан шықты. Мұса: «Көрейін, шамасын білейін», — деп, бір мың әскерге қарама-қарсы жүрді. Сонда Қосымның айтқаны:

— Мен — бір осындай ер, — деді, — Жер қылармын жастығын.
«Алысырақ жерден Қасындағы жолдасқа:
Жалғыз-ақ ноғай келед», — деп, — — Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Көріп тұрмын мен, — деді. — Кейінірек түр, — деді. —
Ноғайдың көрдім бастығын, Алай-бұлай мен болсам,

¹ Шәр /а/ — қала.

² Аршын — метрге тең өлшем.

³ Дарбаза /п/ — қораның, үй-жайдың сыртқы үлкен қақпасы.

Артымдағы қалмаққа
Барып хабар, сал, — деді, —

Сосын келіп, ноғайлының да
басын ал, — деді.

Сонда Мұса хан да қасына бір кісіні ертіп, Қосымның жанына жетіп келеді:

— Сендер кейінірек тұрыңыз,
Мен жақындап барайын,
Кім екен? Бұдан хабар алайын.

Мұсаның қасындағы жолдасы Берді деген кісі еді. Содан соң Мұса Қосымға сөйлей бастады:

— Байқасам, қалмақ секілді,
Қай қалмақсың сен? — деді. —
Байқап шықтым қалмақты,
«Алайын», — деп қаласын.
Асылымды сұрасаң,
Мен — бір ноғай баласы.
Мекенімді сұрасаң,
Хантөрткіл деген жер еді.
Атам атын сұрасаң,
Ежелден еді ел алған,
Қалмақтан басып кек алған,
Қай қалмақсың сен? — деді. —
Аты-жөнің айт, — деді, —
Білейін сұрап мен, — деді.

Атамның аты — Қозан-ды,
Тарттырармын, ноғай, сазаңды.
Қазулы жатқан орым бар,
Жаюлы жатқан торым бар,
Бекітулі қалам бар,
Сен секілді қаңғырған
Ноғайға келер шамам бар.
Оспан деген ағамыз,
Жүдә¹ берік қаламыз.
Қаңғырып қайда барасың?
Сорлы ноғай, сенің де
Неге келеді шамаңыз?
Ноғайлының елінде
Ежелден жатқан кегім бар,
Айтайын деген кебім бар,
Ноғай Мұса сен болсаң,
Саған енді өлім бар.

Сонда Қосым сөйледі:
— Мен — қалмақ деген ел, — деді.

Сонда Мұса хан сөз бастайды:

— Әй, Қосым қалмақ, сен, — деді, —
Мұса хан ноғай — мен, — деді. —
Сенің жаның темір болса,
Менің жаным от, — деді. —
Саған енді, қанша да болса,
Бұл Мұса хан жоқ, — деді. —
Ақылың жоқ сен, — деді, —
Не түседі бұл сөзден?
Соғысалық, кел, — деді.

Атының басын бұрады,
Ұрысуға оңтайлап
Әзірленіп тұрады.
Қосымның мінгені кер еді,
Қасарып қалмай,
Ол да жетіп келеді.
Екеуі де оқ алды
«Атайын», — деп кезеніп.
Атқан оғы бірден өтпеді.
Киімінен өтсе де,
Етіне, сірә, жетпеді.
Үстінде бірдей сауыты,

Мұса хан мінген боз еді,
Жер басқаннан озады.

¹ Жүдә /а/ — өте, тым, аса, тіпті.

Екеуінің шамалас
 Қайратының зауығы¹.
 Бір күн, бір түн атысты,
 Ат үстінде алысты,
 Ұйықтамай жатысты,
 Шыдап ерлер тұра алмай,
 Ағарып таң атқанда,
 Атқа қамшы салады,
 Жағасынан алысты.
 Ат үстінде алысып,
 Екі батыр қалысты.
 Аттарынан түседі
 Қасындағы жолдастары
 Кейін тұрып қалысты.
 Шыдамады, япыр-ай,
 Қалмақ тұрып шабысты.
 Жақындасып қалысты.
 Қалмақ жақын келгесін,
 Берді тұрып қарады
 Артындағы әскерге.
 Аз да болса ноғайлы,

Ол да шыға жапырды.
 Екі жақтан әскер келгесін,
 Ұлы соғыс болады.
 Бір күн соғыс бұл болды,
 Екінші күнгі соғыс нағыз шын болды.
 Үшінші күн болғанда,
 Қалмақ тұрып сасады,
 Алды-алдына қашады.
 Сонда тұрып Мұса хан
 Қосымды артынан қуады.
 Таба алмай, іздеп жүреді,
 Көк мінген кісі көрінсе,
 «Қосым», — деп қуып жетеді,
 Оны өлтіріп кетеді.
 Қосым кетіп қалаға,
 Тұра алмады далада.
 Көп әскерді қырдырып,
 Қалмақтан болды садаға.
 Мұсылманның тұсында
 Қалмақ қалды пәлеге.

Сонда Мұса Қосымды іздеп, артынан қаласына барады. Қала ішінен іздеп таба алмағасын, оның ағасы Оспанды іздеді.

Оспан деген ағасын
 Ізеді: «Тауып алам», — деп,
 Тастады тұрған қаласын.
 «Анау — Қосым» дегесін,
 Қалмақтың көріп шамасын,
 Сонда Мұса хан қуады.
 Артынан қуып жетеді,
 Жеткесін, қайрат етеді.
 Қосымдай қалмақты өлтіріп,
 Мұса кейін қайтады.
 Қосымның алды қаласын,
 Қалмақтың көрді шамасын.
 Шулатып қайтты баласын.
 Мұсадайын хан еді,
 Артық туған жан еді.
 Нұрадынның баласы,
 Болсын ба осал Мұса хан?
 Бұл сегіз күн болғанда,
 Қосымдайын қалмақтың
 Білінді сонда шамасы.

Шулатып алып жетімді,
 Қатыны мен баласын,
 Жаяу айдап қатынын,
 Қасына ертіп барады.
 Қосымның жалғыз баласын
 Өзінің тұрған жеріне,
 Еділ-Жайық бойына.
 Боғданың бергі жағасы
 Хантөрткілдің басы еді
 Мұса ханның салған қаласы.
 Ноғайдан жинап ер алған,
 Қалмақтан Мұса кек алған,
 Мұса атқа мінгесін
 Ноғайлы халқы демалған.
 Қалмақ Қозан зор болып,
 Балалар ноғайдан қырылып, қор болып.
 Қосымды ноғай алғасын,
 Оспан бекітті мықтап қаласын.
 «Көрейін, — маған келсін, — деп, —
 Ноғай халқының шамасын».

¹ Зауық — мәнгер, күй, қалып, ауан.

Биіктігін бұл қылды,
Сексен аршын қаласы,
Қалыңдығын қарашы,
Үстінен арба жүргендей.

«Аз болсын, — деп, — есігі»,
Төртеу еді дарбаза —
«Осы есігім болар», — деп,
Қалмақтар соған жайлаған.
Он екі қатар ор қазған,
Он екі қатар орына
Он екі бірдей тор салған.
Он екі қатар жебесі
Кіл болаттан¹ қағылған.
Тойтармалы² шегесі,
Сондай берік қаласы —
Келер ме жанның шамасы?
Ноғайлы деген елдерден
Әскер жинап, аттанды
Мұса хандай ханыңыз.
«Оспанның шәрін алсам, — деп, —
Сол қалаға барсам», — деп,
Қатты жүрді тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Тұрды сонда шегініп.
Алыс емес арасы,
Алпыс күндік шамасы.
Тек екі айлық жол еді,
Бір мың кісі әскермен
Аттанды Мұса қарасы.
Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз³ көп, мол жүрді.

«Алыс та болса, — жетем, — деп, —
Жауға бармай, не етем? — деп, —
Қалмаққа қайрат етем», — деп,
Мұса аттанып жол жүрді.
Екі айлық жерге мың кісі
Әскерімен ол жүрді.
Мұса хан артық ер еді,
Ол Оспан шәріне
Мың кісімен келеді.
Шәріге жақын келгенде,

Бір мың кісі әскермен
Алдынан Оспан шығады.
Екі әскер күресті,
Қарсыласып алысты.
Ноғайдан шықты хан Мұса,
Қалмақтан шықты Оспан.

Екеуіне қарасаң,
Қасында бар жолдасы.
Екі хан бірге келгесін,
Енді сөйлей бастады.
Мұса хан сонда сөйледі:
— Танымай тұрмын мен, — деді,
Қай қалмақсың сен? — деді, —
Жауапты бер сен, — деді.

Сонда Оспан тұрып сөйледі:
— Мен — қара қалмақ елімін,
Сол қалмақтың ішінде
Артық туған ерімін.
Әкем аты — хан Қозан,
Төбесі шоқты қалмақта
Белгілі артық ер еді.
Сондай асыл төре еді,
Сонан туған мен, — деді. —
Іздегенім сұрасаң,
Ноғайлы — деген ел, — деді. —
Ноғайлы көрсем, алармын,
Барып, елін шабармын.
«Бұзармын, — деп ойладым, —
Ноғайдың салған қаласын.
Жесірлікке айдармын
Қатыны менен баласын».
Мың кісі шықты әскермен
Мұса ханның елін іздеп табарға
Ұзын өзен, кең тоғай
Мұса ханның елі бар.
Сол тоғайды «кең» деген,
Іздеген оны «мен» деген,
«Алмасам хан Мұсаның қаласын,
Жылатпасам баласын,
Қайратын көрсем бұл» деген,
«Халқым еді көрмеген,
Алмай қойман мен» деген.

¹ Кіл болаттан — тек қана болаттан.

² Тойтармалы — кері қайырылған, тойтарылған.

³ Қисапсыз — есепсіз.

Сонда Мұса хан сөйледі,
 Сөйлегенде не деді?
 — Мекенімді сұрасаң,
 Хантөрткілдің басы еді.
 Іздеген жауым сұрасаң,
 Бұл — Қозанның баласы.
 «Алайын», — деп келемін,
 Сендей құлдың қаласын.
 «Көрейін», — деп келемін
 Сендей құлдың шамасын.
 Жолдасыңды шақыр сен, — деді, —
 Жасқанбаймын мен, — деді. —
 Мұса деген ханыңыз. —
 «Өлмеймін», — деп, қалмақ, ойлама,
 Жұлынады шашыңыз,
 Қысқарады жасыңыз,
 Кезегіңді бер, — деді, —
 Кезектесіп тұрмасаң,
 Хабарла, қалмақ, сен, — деді.

Сол уақыт болғанда
 Балдағы¹ алтын беренге²
 Қалмақ та қолды салады.
 Ол бір қолды салғанда,
 Суырып Мұса да алды найзасын.
 Найзасын қолмен салысты,
 Атайын десе, жебеге
 Мұрсат келмей қалысты.
 Екеуіне де қару өтпеді,
 Киімінен өтсе де,
 Етіне қарай жетпеді.
 Өтпегеннің себебі:
 Екеуінде сауыт бар.
 Өтпегесін қылышын
 Қынабына салады.
 Ат үстінде екеуі
 Жағасынан алады,
 Жағаласып қалады.
 Екі-үш күндей алысты.
 Жағаласты салысты.
 Ала құйын шаң болып
 Тұрған жері қалысты.
 Артындағы Оспанның
 Әскері бәрі жиналды.

Ол әскер жақын келгенде,
 Артындағы ноғайға,
 Бәрі келді қолайға.
 Біріне-бірі қарамай,
 Алысады екі қол,
 Бірін-бірі көргесін,
 Шабысты ерлер шыдамай.
 Соғыс болды үзілмей,
 Жердің үсті шаң болды,
 Ала құйын шаңдарды
 Көрмеген адам таң болды.
 Кім екенін білмейді,
 Ұрысқасын сабалап,
 Бастары жатыр домалап.
 Ұрысқан әскер тап болып,
 Бір замандар болғанда,
 Басылды шаңдар сап болып.
 Шыққан шаңын қараса,
 Қалмақ шіркін таусылып,
 Сай-салаға жалпақтап
 Қалмақтың көбі кетіпті.
 Екі жүз кісі ноғайдың
 Басы жерге жетіпті.

Көрінді сонда қарасы,
 Жүз кісідей бар екен
 Ноғайдың етіне тиген жарасы.
 Мұса хан сонда ақырды,
 «Жоқ болды, — деп, — қалмақ,
 Қаптаңыз, — деп шақырды,
 Қыралық, — деп, — көпірді».
 Бүлінген қалмақ ел екен,
 Елдерінің қамын жеті күндік жер екен.
 Өшігіп жүрген батыр-ай,
 Қашқан екен көпір-ай,
 Әуелі жетті Мұса хан
 Жапа-жалғыз, апыр-ай,
 Мұса хан мінген боз еді,
 Көп әскерден озады.
 Жапанда жалғыз барады
 Оспанның салған шәріне.
 Бұл қалмақтың сол жерде
 Лаң тиді бәріне.
 Жеткенінше Мұса хан

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

² Берен — болат қылыш.

Ол үш айлық жер еді.
Мұса хан мінген боз еді,
Бұл тұлпардың өзі еді.
Бұрын тек бір сауытпен

Соғысқанда жүретін.
Сауытының сырты шарайна,
Оны тағы киетін.

Мұса хан көп әскерімен үш айлық жолға аттанып кетеді.

Арасы алыс құм еді,
Бер жағы жатқан шын еді,
Бір жағы дария су еді.
Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз жолда мол жүрді,
Бір күндері болғанда,
Көрінді елдің қарасы,
Ол қара — бес жүз кісі
Қалмақ екен қарауылда
Жатқан, шамасы.
Қарауылда ол кісі
Көп әскерді көреді.
Асанәзір бас болып,
Жүз кісі алып қасына,
«Баралық», — деп хабарға,
Онан хабар аларға,
Төрт жүз кісі бұл қалмақ
Артынан жүріп барады.
Қарап жүріп көреді,
«Білейін, — деп Асан жүрді, —
шамасын»,
Мың кісінің ішінде
Мұса хан да бір жүрді.
Елу кісі қасына алып,
Екеуі қарсы келісті.
Ілгері шығып Мұса хан,
Екі хандар кез болды,
Енді айтатын сөз болды.

Сонда Асан хан сөйледі.
Сөйлегенде, не деді?
— Мен бір қалмақ деген ел едім,
Етек-жеңім кең едім,
Қашаннан жатқан ел едім.
Берік еді қаламыз,
«Келер, — деп ойлаймыз, —
Мұсылманға шамамыз».
Деуші едік: «Ноғай халқына
Қашан барамыз?»
Отыр едік қамалып

Балқан суының басында,
Дарияның қасында.
Қай халықсың сен? — деді. —
Сұрасалық, кел, — деді.

Сонда Мұса хан сөйледі:
— Асылымды сұрасаң,
Дінім — ислам баласы.
Мен — ноғай деген халықпын,
Мұсылман кәміл баласы.
Менің атым — хан Мұса —
Нұрадынның баласы.
Асылымның несін сұрадың?
Мұсылман кәміл ел едім,
Жасқанатұғын мен емес.
Білемісің сөзімнің
Осы жерде санасын?
Қаза айдаған сормандай,
Қалмақ, қайда барасың?
Білмеймісің ноғайдың
Қандай қайрат шамасын?
Білмеймісің жеріңнің
Алыс-жақын арасын,
Алмай қойман мен, — деді, —
Біз бір бөлініп шыққан ел, — деді. —
Қайратымды қарасаң,
Ендігі жерде көр, — деді, —
Қапы қалма сен, — деді. —
Ішіндегі еріңді
Бәрін жинап кел, — деді.

Сонда Асанның айтқаны:
— Мен — қалмақтың ханымын,
Артық туған жанымын.
Іздеуші едім: «Ноғай, — деп, —
Алуға жақсы, оңай, — деп. —
Тапсаңыз, іздеп баралық,
Ноғайды іздеп, солай», — деп, —
Ноғай болсаң сен, — деді, —
Кезегімді бер, — деді. —

Кезектесіп әуелі
Ұрысалық, кел, — деді.

Мұса хан тұрды кідіріп:
— Ата бер, қалмақ, сен, — деді, —
Жасқанбаймын мен, — деді. —
Сұрадың-ау кезекті,
Жасың үлкен болғасын,
Зұлым қалмақ, сен, — деді, —
Ата бер, қалмақ, сен, — деді.

Толайына¹ қалмақ қол салды,
Есепсіз қылып мол салды.
Әуелі атайын дегенде,
Қозы жауырын оқ² алды.
Атып еді, өтпеді,
Киімінен өтсе де,
Етіне қарай батпады.
Және тұрып, берен деген оқ алды,
Оны тартып тағы алды,
Тартып қалса ол оғы,
Онысы да өтпеді.
Киімінен өтсе де,
Етіне қарай жетпеді.
Сонда тұрып қалмағың
Тағы атайын деп оңталып,
Сауыт бұзар оқ алды.
Салып алып қорамса,
Оны да тартып бұл қалды.
Бұл оғы да өтпеді,
Етіне қарай кетпеді.
Сауыты мен шарайна
Онан әрі батпады.

Сонда тұрып қалмағың:
— Бердім кезек мен, — деді, —
Ата бер, ноғай, сен, — деді.
Мұса ханың қарады:
«Осында бар-ды сауыт», — деп, —
Сауыт бұзар оқ алды,
Мұнан бұлай өткір оғы жоқ еді.
Он екі қатар оқ алды,
Қорамсаға салғасын,

Көздеп тұрып ол оқты,
Мұса хан сонда қалмаққа
Бір ауыз жауап айтады.

Сонда Мұса хан сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді?
— Атамын, қалмақ, мен, — деді, —
Енді өлесің сен, — деді.

Он екі тұтам оқ³ алды,
Мұнан өткір оғы жоқ еді.
— Өлдің, қалмақ, сен, — деді, —
Атың басын тарт, — деді. —
Жолдасыңа бар-дағы
Қатының мен балаңа
Арызыңды айт, — деді.

Сонда Асан хан сөйледі:
— Мынау тұрған, ноғай, сен, — деді.
Сенен өлмен мен, — деді.
Қолыңнан келсе, аяма,
Өлтіре бер сен, — деді.

Үзеңгіні тебініп,
Мұса хан тұрып оқ атты,
Жұмсады қатты болатты.
«Жұтқыншақтан өтсін, — деп, —
Мойнын үзіп кетсін», — деп.
Атқан оғы өтеді,
Мойнын үзіп кетеді,
Басы жерге жетеді.
Өлді енді ханыңыз,
Кетті енді сәніңіз,
Артындағы көп әскер
Бәрін бірдей жапырды.
Әскер де қатты шабады,
Болғанын біліп зор істің,
Артындағы көп кісі
Мұсаның да шабады.
Мұсаның елу жолдасы
Қалмақпен араласып қалады.
«Алла!» — деп ұран шақырып,
Мұса хан да айғай салады.

¹ Толай — қорамсақтың бір түрі.

² Қозы жауырын оқ — пішіні қозы жауырынына ұқсас, ұшы болат, жалпақ жебе, оқ.

³ Он екі тұтам оқ — үлкен, ұзын жебе.

Көп кісі келіп ұрысып,
 Араласып қалады.
 Қалмақтар да ер еді,
 Бөлініп шыққан өңкей бөрі еді.
 Отырғанда үйінде:
 «Бір-біріміз боламыз-ау
 Мың кісіге», — деп еді.
 Отырғасын басында,
 Мақтанады бейшара
 Ауылдардың қасында.
 Болды қызық осындай.
 Екі күндей ұрысып,
 Қаптаған шаң басылды.
 Күннің көзі көрініп,
 Төңірегі ашылды.
 Мың кісілері бытырап,
 Бұл қалмақтар шашылды.
 Қашқан екен қалмақтар,
 Тұра қалмай сандалып,
 Көлденең тауды жағалап.
 Әрбір тастың түбінде
 Біреуі тұр паналап.
 Сондайды қалмақ ер еді,
 Қуумен қалмақты
 Өз шәріне келеді.

Оқ-Балқан — деген биік тау,
 Араласып болғасын
 Үлкен ұрыс сол жерде,

Қашқан жауды қояды.
 Жарағы қанға тояды.
 Қашқан жауды алғанша,
 Талқандап шәрін болғанша
 Мекен қылған жер еді.
 Қашаннан бері жау көрмей,
 Тыныш жатқан ел еді.
 Тоғыз күннің ішінде
 Елді жиып алады.
 Шамалы қалған қалмаққа
 Қарамады Мұса хан.
 «Қайталық енді елге», — деп,
 Мұса хан хабар салады,
 Мұса хан тұрып қарады:
 Кімдер бар да, кімдер жоқ?
 Мың кісінің ішінен
 Үш жүз елу кісісі
 Сол жерде өліп қалады.
 Мұса хан сол уақытта:
 «Алпысқа жасым толды, — деп, —
 Қоятын шағым болды, — деп, —
 Ендігісін өзі біледі
 Кейінгі туған балалар».
 Мұса хан елге барғасын,
 Өлгендердің үйіне,
 «Мынау тұрған — дүние», — деп,
 Баршасына бөліп береді.
 Мұса ханның үш барып,
 Жау алған жері осы еді.



Бірінші мақам

Орындаған: Баймағанбет Әзімхан
 Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

жүрдек

А - е - е - еу, Ха-лық ұс - та - ған ха - ны - мыз,
 Ар - тық ту - ған жа - ны - мыз, Қо - сым - ның көр - дім қа - ла - сын:
 Же - ті қа - тар қаз - ған о - ры бар, Же - те - уі - нің і - шін - де
 Қа - бағ жай - ған то - ры бар. Ар жа - ғын - да же - бе бар,
 Су - ы - рыл - май - тын дү - ни - е - де Бо - лат - ған қақ - қан ше - те бар.
 Ал - пыс ар - шын қа - ла - сы, Дар - ба - за - сы - ның са - ны ал - тау,
 Бір жа - ғын - да көл - де - нен, Би - ік жат - қан та - уы бар.
 Ар жа - ғын - да да - ри - я Та - сып жат - қан су - ы бар,
 Бер жа - ғын - да қа - лың ну - ы бар. Ке - ле ме е - кен ша - ма - ныз?
 Аз - ға - на кі - сі сұл - та - ным, Ей, ө - зі - ніз ой - лап қа - ра - ныз.

Екінші мақам

Ей, Сон - да Мұ - са хан сөй - ле - ді: Ат - та - нып шық - тық ер, де - ді,

Біл - дік ен - ді, кел, де - ді. Біл - мей - мін деп ой - ла - ма,
 Жау - ме - нен жү - ріп ой - на - ма. Көр - се - ніз жау - ды а - су - ға
 Ой - ла - ма - ныз қа - шу - ға. Жау кө - рін - се а - лы - ныз,
 "Ей, Ал - ла!" деп ұ - ран са - лы - ныз. А - лар - мыз о - ның қа - ла - сын,
 Кө - рер - міз қал - мақ ша - ма - сын. Қай - ғы сал - ма сен, де - ді,
 А - қыл - сыз, ба - ла, сен, де - ді, ау.

Үшінші мақам

Әй, мен бір о - сын - дай ер де - ді, А - лы - сы - рақ жер - ден
 Жал - ғыз - ақ но - ғай ке - лед(і) деп, Кө - ріп тұр - мын мен, де - ді,
 Но - ғай - дың көр - дім бас - ты - ғын, Жер қы - лар - мын жас - ты - ғын.
 Қа - сын - да - ғы жол - дас - қа: Жа - ман айт - пай жақ - сы жоқ,
 Ке - йі - ні - рек тұр, де - ді. А - лай - бұ - лай мен бол - сам,
 Ар - тым - да - ғы қал - мақ - қа Ба - рып ха - бар, сал, де - ді,
 Со - сын ке - ліп, но - ғай - лы - ның да ба - сын ал де - ді.



Суретші Е.М. Сидоркин

ОРАҚ, МАМАЙ

Жырдa ерлігі дәрiптелетiн тарихи қайраткерлер — Орақ пен Мамай XVI ғасырдың алғашқы жартысында Ноғай Ордасы және онымен көршiлес жатқан Қырым, Астрахан, Қазан хандықтарының тарихына елеулі ықпалы болған белгiлi тарихи тұлғалар. Сондықтан Ноғайлы этникалық бiрлестiгiнiң құрамына енген қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт сияқты халықтардың фольклорында оларға қатысты аңыз-әңгiмелер мен жырлар көп сақталған. Олардың iшiнде өзiнiң танымдық құндылығымен, қызықты мазмұнымен, көркемдiк сипатымен дараланғаны — Мұрын жырау жеткiзген «Орақ, Мамай» жыры. Туындыда екi кейiпкерде Мұса бидiң ұлдары ретiнде бейнеленгенмен, тарихи деректер Орақтың Мамай батырдың ағасы Алшағырдың баласы екенiн айғақтайды. Мұрын жырау 1890 жылға дейiн Орта Азияның отыздан астам қаласын аралап, шығармашылығын жетiлдiрiп және өзiнiң жырларын да таратып, насихаттап келгенi белгiлi. Сол себептi «Орақ, Мамай» жырының мазмұнында түрiкменнiң «Жүсiп, Ахмет» эпосының кейбiр сарындарымен ұқсастықтар байқалады. Туындының осы нұсқасында Бозұғланнның кейiпкер ретiнде көрiнуiнiң, батырлардың Өгiз ханмен соғысуының себебi де осында жатыр. Ш. Уәлиханов жырдың үлгiлерiн жариялап, тарихи негiздерiн анықтауға айрықша көңiл бөлген. Кейiпкерлердiң бiрi «Қарауылдан шыққан Орақ» екенiне тоқталған. Ал А. Байтұрсынов бұл шығарманы тарихи жыр жанрына жатқызған. С. Сейфуллин қазақтың қариялары Орақ пен Мамайды «өзiмiздiң батырларымыз» деп есептейтiнiн атап көрсеткен. Мұның себебi Ноғай ордасы тарихында Орақ Жанарысланұлы (Петр Урусов) және Орақ Алшағырұлы, Мамай мен Шах-Мамай секiлдi аттас қайраткерлер болғанында жатқан секiлдi.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба үлгiсi бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, мәтiннiң түрлi себептермен түсiп қалған бөлiктерi қалпына келтiрiлдi. Түпнұсқа Орталық ғылыми кiтапхананың сирек кiтаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 7-дәптeр).



Мұса ханның бәйбішесінен туған Орақ және Мамай деген екі баласы бар еді. Екеуі үнемі далада асық ойнап жүретін. Олар ыстық болса, күймейтін, суық болса, тоңбайтын еді. «Қарным ашты», — деп үйге, сірә, жиі бармайтын. Ұйықтағанда алты күн ұйықтайтын.

«Аңшыбайдың тұқымынан маған адам ұстап әкеліп беріңдер», — деп, Қозан деген қалмақтың ханы үш жүз кісі әскер аттандырды. Үш жүз кісі әскер ауылдан аулақ ұйықтап жатқан екі баланың үстінен түсті.

Ноғайлар: «Мұса ханның баласы қаңғыбас болды, адам болмайды», — деуші еді. Бірақ Мұса хан сыншы хан болған, ол баласының жақсы болатынын білуші еді. Үш жүз кісі келіп, ұйықтап жатқан екі баланы найзамен түртіп оятады. Оянғанда, Орақ түсі суық адамдарды көріп, жылап қоя берді.

— Не қылып жатқан баласың? — деп, қалмақ сұрай бастайды.

Сонда Мамай сөйлей бастады:

— Жылама, Орақ, жылама,
Жыламай, көңілің тына ма?
Атаңа нәлет, ит қалмақ,
Дегеніңді сенің қыла ма?
Арғы атамды сұрасаң —
Ала тайлы Аңшыбай.
Бергі жағын сұрасаң —
Баба Түкті Шашты Өзіз¹.
Бергі атамды сұрасаң —
Парпария сұлтан хан еді.
Тоқсан баулы ноғайлы
Билеген артық жан еді.
Бергі атамды сұрасаң —
Құттықия бек еді.
Бергі жағы — Едіге,
Ежелден артық ер еді.
Төбесі шоқты қалмақты
Талай сүйреп жеп еді.
Төбесі шоқты қалмақты
Қойға салып, құл қылған.
Шәрін² бұзып, ұн қылған,
Бергі атамды сұрасаң —
Халық билеген Нұрадын,
Нұрадын таққа мінгесін,
Ноғайлының берген мұрадын.
Асылымның несін сұрадың?
Өзімнің әкем — хан Мұса,
Мұсаның анау қаласы,

Мен — Мұса ханның баласы.

Менің атым — хан Мамай,
Қасымдағы Орағым —
Өзімнің егіз қарағым.
Көк аланың көзімін,
Өшпенді жаудың өзімін.
Қайтпайтын қара болатым,
Сермесе, кеспей қалмаған.
Асық ойнап мен шықтым
Балалықпен далаға.
«Барамын» десең, ал — анау
Мұса тұрған қалаға,
Білгеніңді ете бер
Жалаңаш тұрған балаға.

Сонда қалмақ қарады:

«Құдай бізге берді, — деп, —
Алатын кезек келді, — деп. —
Қаласы құрысын, не етем? — деп, —
Қозанға алып кетем», — деп,
Орақ пенен Мамайды
Ат көтіне салады,
Мінгестіріп алады.
Алып қалмақ жөнелді,
«Көрмеймін, — деп, — қаланы»,
Олжа көріп баланы.
Қозанға жақын келгенде,
Екі кісі оздырды.
«Сүйінші сұра сен, — деді.

¹ Баба Түкті Шашты Өзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

² Шәр /а/ — қала.

Аңшыбайдың тұқымынан
Екі кісі ертіп
Алып келеміз біз», — деді.

Сонда Орақ жылады:
— Хан алдына барғанда,
Не деп жауап береміз?
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Келе жатырмыз біз, — деді.
Сонда Орақ жылайды.
Мамай тұрып сөйледі:
— Болса да, қалмақ жан шығар,
Ол да шешесінен туғанда,
Бала болған жан шығар.
Ойнаған шығар далада,
Қосылған шығар балаға.

Қалаға жақын келгесін,
Қозан биікте тұр еді.
Төмен түсіп келді қасына,
Сонда Қозан сөйледі:
— Жап-жалаңаш баласың,
Жарқыным, қайда барасың,
Айтшы, білейін ата-анаң?

Сонда Мамай толғай бастады:
— Атамның аты — Аңшыбай,
Ұсынғанын жазбаған,
Қойы мыңнан қоздаған,
Сары інген¹ жүзден боздаған.
Тоқсан баулы ноғайда
Ерлік пен билік озбаған.
«Көшінің сәні болсын» деп,
Жүз нарға² жүгін арттырған.
«Мұның сәні болсын» деп,
Жібектен арқан тарттырған.
Сен секілді құлдарға
Қаңғытып жылқы бақтырған.
Атынан түсіп келгенде,
Есіктен отын жақтырған.
Бергі жағым сұрасаң —
Баба Түкті Шашты Өзіз

Керемет қонған пір³ еді.
Ұлсыздарға ұл берген,
Қызсыздарға қыз берген.
Тарығып жатқан пақырдың
Қолынан тартып,
Қолтығынан сүйеп демеген.
Бергі жағым — Парпария
Тоқсан баулы ноғайды
Ақылымен билеген,
Дұшпанға кегін бермеген.
Адырнасын қолға асып,
Жарағын жауға сермеген.
Бергі жағым сұрасаң —
Құттықия бек еді,
Артық туған ер еді,
Асыл туған төре еді,
Онан туған Едіге
Қыл жалаулы қалмақты
Талай сүйреп жеп еді.
Бергі атам — Нұрадын,
Нұрадын таққа мінгесін.
Ноғайдың берген мұрадын.
Ақылсыз туған сен, қалмақ,
Асылымның несін сұрадың?
Өзімнің әкем — хан Мұса,
Менің атым — хан Мамай,
Қасымдағы — Орағым,
Өзімнің егіз қарағым,
Қайнарлы қара болатым,
Сермесе кеспей қалмаған.
Жеті атадан ер еді,
Кек жібермей, арлаған.
Асылымның несін сұрадың?
Көк аланың көзімін,
Өшпенді жаудың өзімін.
Балалықтың зарпынан
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Қолыңа түстім жалаңаш.
Тап келді қалмақ балаға,
Бармады көрініп тұрған қалаға.
Қалмақ ата, сен, — деді, —
Қолыңа келдім мен, — деді.

¹ Инген — айыр өркешті түйенің ұрғашысы.

² Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

³ Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

Сонда Қозан: «Енді бұл екеуін де зынданға¹ апарып салыңыз», — деді.
«Қозанды шабам», — деп Хиуаның ханы Бозұғлан деген патша аттанып келген екен. Сол Бозұғланның аты орға жығылып, өзі қолға түсіп қалған болатын. Апарып Бозұғланның үстіне екі баланы зынданға салады. «Орақ пен Мамай екеуі де зынданға түсті», — деген хабарды Қозанның қызы Қарахан естіп, арзу болған² екен. Күннің көзі батқасын, кісінің алды жатқасын, қасына қырық қызды ертіп, Қарахан сұлу зындан аузына жүгіріп келеді. Қарахан сұлу зындан аузында отырып:

Ораққа: «Мұнда кел, — деді, —
Дидарыңды көрейін мен, — деді. —
Бар болсаң, Мамай, сен, — деді, —
Ортаға бері кел», — деді.

Сонда Мамай ортаға келіп сөйлей бастады:

— Қарахан сұлу сен, — деді, —	«Киейін» десем, киім жоқ,
Хан баласы болсаң да,	«Сатайын» десем, тиын жоқ.
Ақылың сенің кем, — деді. —	Менен басқа ғаріп ³ жоқ.
Жалаңаяқ, жалаңбас,	Мені қайтып көресің,
Қолға түстім тырдай жалаңаш.	Қараңғы тастай, жарық жоқ.

Сонда Қарахан қасындағы қыздарға:

— Бір сағаттан қалдырмай жағатын шам, киетін киім, ішетін ас әкеліңіздер. Осының бәрін, бар болса, шаһардан⁴ табыңыздар, — деп бұйырды.

Сонда қыздар жүгірді,	Жейтін нан берді,
Біреуі қалмай шұбырды.	Жамылуға киім берді.
Қарахандай сұлуың	«Келе алмаймын күндіз мен, — деді.
Құдықтан кетпей кідірді.	Керегіңді ойлап айта бер,
Құдыққа шамды салады,	Мамай, сен, — деді. —
Іші жарық болғасын,	Келе алмаймын қасыңа.
Орақ пенен ер Мамай	Егер күндіз мен келсем,
Ортаға келіп қалады.	Береді қорлық басыма».
Жауырыны қақпақтай,	Бар жауабын айтады,
Шекесі еді тоқпақтай.	Айтып болып жауабын,
Көзі шамдай жайнаған.	Қарахан сұлу енді
Қарахан сұлу қарады,	Үйіне қайтады.
Мамай сонда ол қызға	Орақ пенен ер Мамай
Қалай да болса жарады.	Зынданда жатып қалады.
Жағарына шам берді,	

¹ Зындан /п/ — тұтқынға, қолға түскен адамдарды қамап ұстау үшін жер астынан қазылған терең ор.

² Арзу болу — ғашық болу.

³ Ғаріп /а/ — бейшара, кемтар.

⁴ Шаһар /а/ — қала.

Күндердің бір күнінде қарлығаш сол зынданға ұя салып, жұмыртқалайды. Орақ қарлығаштың балапанын қалай өсіріп, оны ұшырып жібергенін көріп жылайды. Жылап жүріп, былай жырлады:

— Біз келгенде жоқ еді,
Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Балапан ұшып, құс болды.
Жеті менен сегізде
Мынадай заман тұс болды.
Мұсылманда бар ма екен
Мұндай болып зарыққан?
Құбыладан жел шығып,
Естілер ме екен дауысым
Елдегі ата-анаға,
Іні менен ағаға,
Қатар жүрген жеңгеге?
Есім кетіп мен деген,

Енді неміз қалды өлмеген,
Қорлық бар ма мұнан басқа көрмеген?

Сонда Мамай сөйлейді:
— Асыл туған Орағым,
Жылама енді, қарағым.
Жорға таңдап мінерміз,
Торқа¹ таңдап киерміз,
Аға менен жеңгенің
Алдында ойнап-күлерміз.
«Орақ, Мамай» атанып,
Ел ішінде жүерміз.

Мамай осы сөзді айтып отырғанда, зынданның жанынан бір шал өтіп бара жатады. Ол айнала тұра қалып, зынданнан шыққан сөзге құлақ салып тыңдайды.

Жасы үлкен шал еді,
Қозандайын патшаға
Қадірлі жүрген жан еді.
Қайта барды патшаға:
— Орақ пенен Мамайдың
Сөзі жақсы бұзық, — деп, —
Жауаптары қызық, — деп. —
Мамайдың сазын естіп
Қалдым мен, — деді. —

Алдыңызға алдырып, тақсыр,
Соны естіп көріңіз, — дейді.

Сонда Қозан патша сөйледі:
— Мамайға сен бар, — деді, —
Біздің Берен шайырмен
Айтысар ма екен ол? — деді. —
Егер Берен шайырмен
Айтысып, жеңсе, екеуін
Жіберелік еліне, — деді.

— Егер Берен шайырды жеңбесе, өлтіріп, жоқ етейік. Құр зынданды ластатқанша, өлтіріп, жоқ қылайық, — деді.

Сонда әлгі шал келіп, Мамайды шақырады:

— Бізде Берен деген шайыр бар, сонымен сен айтысасың, — деді.

Мамай:

— Берен шайыр емес, Қозанның өзімен де айтысуға қорықпаймын. Бірақ мен жолдасымды тастап кеткен жан емеспін. Бұл зынданнан шықсам, жолдасымды бірге алып кетемін. Бар, Қозанға айт, мен жолдасымды тастап кеткен тұқым емеспін, — деді.

Шал оның жауабын Қозанға келіп айтады. Қозан:

— Мамай бір кісі түгіл, мың кісі ертіп кетсе де, ықтиярлы, — дейді.

Берен шайырға: «Келіп жатқан ноғаймен айтысасың», — деп, хабар жібереді. Берен шайыр аяң жорғамен пар жегіп, арбаменен, қасына жүз

¹ Торқа — қымбат бағалы седдір, жібек мата.

қыз, жүз жігіт, жүз келіншек, яғни үш жүз кісімен Қозан патшаның ордасына¹ келіп түседі. Ал Орақ пен Мамайдың екі қолын байлап әкеледі.

Жап-жалаңаш айдап келді,
Бозұғлан патша еріп келді.

Алтын жыға басында,
Баланың келді қасында.

Сонда Берен шайыр сөйлей
бастайды,

Есікте отын жағарсың,
Сөйтіп өлмей қаларсың.
Білесің бе, сен ноғай,
Қаңғырып келген шамасын.
Ат артына мініп келген баласың,
Ақылың жоқ сормандай
Меніменен айтысып,
Неғылып атақ аларсың?

Екі бірдей ноғайға:
— Ноғайлы келді оңайға,
Өлетұғын қолайға.
Шығарма, ноғай, үніңді,
Кесермін сенің тіліңді,
Жұлармын сенің шашыңды,
Қысқартармын жасыңды.
Біздің Қозан патшаның
Он екі қатар оры бар,
Он екі ордың ішінде
Жаюлы жатқан торы бар.
Бер жағында жебесі,
Болаттан қаққан шегесі.
Ақылсыз ноғай, қарашы,
Келер ме жанның шамасы?
Отыз аршын² қаласы
Екі арба қабат жүргендей,
Қалыңдығын қарашы.
Төрт дарбаза³ салулы —
Қақпасы оның темірден.
Талай ноғай қаңғырып,
Жер ортада қалулы.
Айдын шалқар көлі бар,
Көл ішіне қарасаң,
Мамыр қаз бен қуы бар,
Жағалай қалың нуы бар.
Қалың нудың ішінде
Аю менен пілі бар.
Қалмақтың мұнда қоры бар,
Қолға түскен ноғайдың
Маңдайының соры бар.
Дорба салып мойныңа,
Жерден тезек аларсың,
Серке, тана бағарсың,

Сонда Мамай сөйлейді:
— «Балам, балам» дей берме,
Сенің балаң мен емес,
Менің әкем сен емес.
Ер жігіт тая шала ма,
Желге кетер жан үшін,
Жерге тамар қан үшін,
Қатын менен бала үшін,
Қарындас, халық қамы үшін?!
Атам еді Аңшыбай
Егескен жерден кек алған,
Ноғайлы халқым дем алған.
Баба Түкті Шашты Әзіз —
Сиынатын піріміз.
Парпариядай ханымыз —
Кеудедегі жанымыз.
Құттықия — бегіміз,
Едіге сұлтан — еріміз.
Қашаннан едің сен, қалмақ —
Келе жатқан шайнап жеміміз.
Бергі атам — Нұрадын,
Нұрадын ұлы — Мұса хан.
Мұса хандай әкеміз
Қозанның шапқан екі қаласын,
Өлтіріп еді Қозанның
Оспан, Қосым баласын.
Мықты болсаң, қайда едің?

¹ Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

² Аршын — метрге тең өлшем.

³ Дарбаза /п/ — қораның, үй-жайдың сыртқы үлкен қақпасы.

Ала алмадың кегінді.
 Тыңда менің кебімді¹.
 Он екі қатар қазған ор,
 Ат қарғытсам, өтермін,
 Он екі қатар жебенді,
 Атсам, талқан етермін.
 Суалтармын айдын көлінді,
 Ішінен ұстап алармын
 Мамыр қаз бен қуыңды.
 От жіберсем, өртермін
 Жағалай шыққан нуыңды.
 Қолыммен ұстап алармын
 Аю менен пілінді.
 Ат-жарағым бар еді,
 Қырар едім өзіңді,
 Тыңдар едім айтқан сөзіңді.

Асық ойнап жүр едім
 Балалықпен далада.
 Қорыққаннан бармады
 Аттанған әскер қалаға.
 Қолыңнан келсе, аяма,
 Жасқанып бала қала ма?!
 Асылы сонда ер еді,
 Қыран құстай шарлаған.
 Сен секілді қалмақтың
 Талайын алып, қорлаған.
 Балалықпенен, не етейін,
 Ондай заман болмаған.
 Мен — ақсұңқар құстың баласы,
 Қанатын қақпай қу алған.
 Мен қаһарланып ұмтылсам,
 Тасыған дария суалған.

Сонда Қозан патша қасындағы отырған көп халықтан сұрады:

— Мұның қайсысын «айтқыш» деп білеміз? — деп.

Сонда отырған көп жұмыла халық:

— Біздің Берен шайыр — айтқыш, — деді.

— Жерді, суды қалай мақтайды? — деді.

Сонда Қозан хан айтты:

— Біздің Берен шайыр айтқыш емес, мен дүниені жаратсам, өз қолымнан жасаттым, менің мұсылманға істеген қайратымды айтсын. «Ер» десең, мына тұрған Мұса ханның екі баласын айт. Мен «Аңшыбайдың тұқымынан адам ұстап әкеп беріңіз», — дедім.

— Екі балам өлгесін,
 Бүлініп екі қалам қалғасын.
 Бармапты қорқып қалаға,
 Тап келгесін екі бірдей балаға.

Бұлар аз ғана ноғай ғой, қолынан түк келмейтін. Астына ат, жанына азық беріңіз, кетсін, жеріне барсын. Біздің қалмақ ноғайды, қайдан да болса да, іздеп табар, — деді Қозан патша.

Сонда Орақ пен Мамайға, Бозұғлан патша — үшеуіне ат беріп, жеріне жіберетін болды. Сонда Орақ тұрып сөйлейді:

— «Аз ғана ауыл» дедің бе,
 Атаңа нәлет, қалмағым?
 Кәрленсем, хабар салармын
 Қырық таңбалы Қырымға,
 Он екі баулы Ұрымға.
 Шамдансам, хабар салармын

Шам шәрі мен Мысырға.
 Және хабар салармын
 Балықты мен Бадақшанға.
 Кәрленсем, хабар салармын,
 Хиуа мен көне Үргеніш —
 Бәрінен де әскер алармын.

¹ Кебімді — жайымды.

Талқандармын қалаңды,
Шулатармын балаңды,
Кетігерермін, сөйтіп шамаңды.
Осы сөзге жетермін,
Жалғыз қызың Қарахан
Мамайға қатын етермін!
Осынымды етпесем,
Атадан туып не етермін,
Байдың қойын бағармын,
Есігінде отын жағармын.
Қапы қалма сен! — деді.

Бозұғлан менен ер Мамай —
Үшеуі шығып жөнелді.
Сонда үшеуі үш қонып шыққасын,
Бозұғлан патша сөйледі:
— Асыл туған Мамай хан,
Бұл сөзіме құлақ сал.
Менің жерім — көне Үргеніш,
Хиуа шәрінің ханы едім.
Орға атым жығылып,
Ұстауда қалған жан едім.
Енді қашан келесің?

Қозанның салған қаласын
Екеуміз бірігіп көрейік
Бұл қалмақтың шамасын.
Біздің елді сұрасаң,
Он екі күндік жер еді,
Келетін күнің кес, — деді, —
Әскер жинап, сол күні
Келтірейін мен, — деді.

Сонда Мамай сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, Бозұғлан, Бозұғлан,
Халық ұстар хан, — деді, —
Халқыңнан асқан сен, — деді. —
Тірі болсаң дүниеде,
Үш айдан қалмай кел, — деді.

Сонда Бозұғлан патша:
— Айтқан сөзің жөн, — деді, —
Ақылың кең, мол, — деді. —
Қияметтік екеуміз дос болайық,
Мамайым, қолың енді бер, — деді.

Осылайша екеуі дос болып айырылысады. Мұса ханның шәріне қарай қырық батыр жөнеледі. Келгеннен соң Мұса ханнан сұрайды:

— Халық ұстаған ханымыз,
Көпті көрген жанымыз,
Орақ пенен Мамай жоқ.
Екі бала бірдей қалай жоқ?
Көзімен ноғай көрген жоқ,
Қолынан ұстап көмген жоқ.
Аманатын сөйтіп берген жоқ,
Орақ, Мамай келген жоқ.

Сонда Мұса хан сөйледі:
— Қырымның байтақ ері еді,
Келесіз бе сен, — деді. —
Жасы жеткен қартыңыз,
Елде болған біз, — деді. —
Қозанның өлтіріп екі баласын,
Шапқылады екі қаласын.
Жетпіске жасым толғанда,
Көзімнің нұры азайып,
Енді үлкендік болулы.
Шыға алмай тұрмын далаға,

Арзу болып мен тұрмын
Орақ пенен Мамайдай
Екі бірдей балаға.
Артық, асыл ерлерім,
Жиналған өңкей билерім,
Орақ пенен Мамайды
Қозан ұстап алған-ды,
Тар зынданға салған-ды,
Көздері қатты жаудырап,
Зынданда жатып қалған-ды.
Қозанды іздеп барсаңыз,
Шығарарсыз екеуін,
Қозанның шәрін алсаңыз.
Бұрынғыдай әлім жоқ,
Көретұғын көзім жоқ,
Есептеп айтар сөзім жоқ.
Алыс болса, жетіңіз,
Басқа жерден іздемей,
Қозанды іздеп кетіңіз.
Керек болса бұл дүние,

Толып жатыр ол, — деді. —
 Азық-түлік керек пе?
 Біздің малдан ал, — деді. —
 Дүниеге қолың сал, — деді. —
 Орақ пенен Мамайдан
 Аямаймын мен, — деді. —
 Барамын десең, ер, — деді, —
 Керегінді ал, — деді.

Сонда Алау батыр сөйледі,
 Сөйлегенде не деді?
 — Тілімді алсаң, батырлар,
 Ханға көзді салмаңыз,
 Бір тоқтысын алмаңыз.
 Халықтан дүние алайық,
 Қозанның шәріне
 Енді барып қарайық,

Мұсадайын хандардың
 Рас болар бұл сөзі.
 Алыс-жақын болжамай
 Қалатын болар бұл көзі.
 Көп дұшпанды не қылсын,
 Жапанда жалғыз бұл өзі.
 Баралық оған біз, — деді, —
 Көрдің бе, ерлер, сіз, — деді.

Алаудың айтқан сөзі мақұл, — деді.
 Елінен азық алады,
 Шабуылды салады.
 Кетейін деп батырлар,
 Шәріне Қозан жөнелді.
 Орақ пен Мамай жеті күн
 Ол Қозаннан шыққанда,
 Алдынан батырлар келеді.

Жаңбыршыұлы Телағыс батыр қарама-қарсы келгенде сұрады:

— Екі бірдей баласың,
 Жарқыным, қайда барасың?
 Азығың жоқ, атың жоқ,
 Белінде қару, затың жоқ.
 Біз ноғай деген ел едік,
 Ноғайлыдан бөлініп,
 Шыққан өңкей ер едік.
 Қозандайын қалмақтың
 «Жерін тапсақ», — деп едік.
 «Мұсадайын хандардың
 Орақ, Мамай баласын
 Қозан ұстап алды-ау», — деп, —
 Іздедік соның қаласын.
 Ноғаймыз сонда, — дегенде,
 Орақ жылап жіберді.

Мамай сөйлей бастады:
 — Бәрің де үлкен ағалар,
 Ақылға қамал даналар.
 Жасың үлкен жақсы аға,
 Қолдасалық кел, — деді, —
 Қолдарыңды бер, — деді. —
 Іздеген Орақ, Мамайың
 Қаңғырып жүрген біз, — деп,
 Батырлармен қолдасты.

Сонда Мамай сөйледі:
 — Қозандайын қалмақтың

Он екі қатар оры бар,
 Ор ішінде жайнаған
 Он екі қатар торы бар.
 Он екі қатар жебе бар,
 Болаттан қаққан шеге бар.
 Сексен аршын қала бар,
 Қалыңдығын сұрасаң,
 Екі арба қабат жүргендей.
 Жеті қабат тағы бар,
 Дарбазасы бұл төрттен,
 Төрт адам соны бағулы.
 Күннің көзі батқасын,
 Бекітіп есік жабулы.
 Қаласын сондай бекітіп
 Қозан залым алулы.
 Төрт есіктің аузында
 Төрт дарбаза бағулы.
 Қарауылы ішінен
 Сол қораның бағулы.
 Бер жағында
 Айдын шалқар көлі бар,
 Оның ішінде
 Мамыр қаз бен қуы бар,
 Жағалай қалың нуы бар.
 Аю менен пілі бар,
 Қалмақтың сонда қоры бар,
 Неше мықты зоры бар.

Біз балалық етпейік,
Елге қарай кетейік.
Ноғайға хабар етейік,
Көп әскерді қолға алып,
Қозанға сонда жетейік.
Мықтылығы осындай,
Келе ме жанның шамасы.
Жасың үлкен, ағалар,
Өзің ойлап қарашы.

Сонда Орақ сөйледі,
Сөйлегенде не деді?
— Асыл туған, хан Мамай,
Айтасың қорқып сен, — деді, —
Мынау тұрған қырық кісі
Әрқайсысы мың кісілік ер, — деді, —
Қорқамыз ба жаудан біз? — деді. —
Қорықсаң, елге жүре бер,
Барып, хабар бере бер
Қатын менен балаға.
Қойшы менен түйеші,
Жаудың болса иесі,
Іздесең, тауып аларсың
Қатын менен баласын.
Қорықсаң, әскер аларсың,
Соларды бағып қарашы.
Асыл туған Ахмет —
Ер Айсаның баласы,
Астыңдағы Тарланды,
Ер болсаң, маған бер, — деді. —
Белге буған көк алмас¹
Мен беліме салайын.
Қолыңда тұрған ақ сүңгі,
Үстіңде тұрған шарайна
Шешіп, батыр, бер, — деді. —
Белге буған қорамса
Ер қасына ілейін.
Мықты, осалын қалмақтың
Енді барып білейін.
Жүре берсең сен елге,
Дулыға бер, киейін,
Ол қалмаққа тиейін.

Айсаның ұлы Ахмет
Артық туған ер еді,
Ақсүйек туған төре еді.
Үстіндегі шарайна
Белде тұрған ақ балдақ²
Шешіп алып, Орақтайын ерлердің
Алдына шешіп салады.
Орақ батыр ер еді,
Қорамсаны бергенде,
Ер қасына іледі.
Ақ сүңгіні қолға алып,
Атқа мініп алады.
«Тәуекел!» — деп аттанып,
Жалғыз кетіп барады
Ол Қозанның еліне
Өзінің көрген жеріне.
Ашылар бұл арасы,
Көрінбей кетті қарасы.
Жалғыз кетіп барады
Мұса ханның баласы.
Шыдай ма жылқы жауырға,
Шыдамайды екен ер бауырға.
Орақ жалғыз кеткесін,
Кешегі көрген жерлерге,
Артынан шығып жөнелді,
Суыт шығып хан Мамай.
Ашылды ердің арасы,
Енді ерлерге болды тамаша,
Артынан жүрді Ахмет —
Ер Айсаның баласы.
Онан соң жүрді ер Алау,
Ерлерге түсті бір қалау,
Қырымның қырық батыры
Бәрі бірдей жиналды.
Іркілмеді, япыр-ай,
Орақ кетіп қалғасын,
Қозан тұрған қалаға.
«Қиындық түсіп қалар, — деп, —
Орақтай туған балаға».
Ерлердің бәрі жапырды,
«Барайын, — деп, — Қозан салған
қалаға».

¹ Көк алмас — қылыш.

² Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

Қозанның адамы биік басында қарауылда тұр еді. Ол төмен түсіп, еліне: «Бір қара келе жатыр», — деп хабар береді. Қозан патша: «Жақындап келгенде дарбазаны ашыңдар. Оны жабылып ұстап, көп кешіктірмей-ақ зынданға салыңдар», — дейді.

Он екі қатар қазған ор
Ат қарғытып өтеді.
Он екі қатар жебесін
Атып, талқан етеді.
Дарбазаны ашады,
Есіктен қарап ер Орақ,
Ішке кіріп барады.
Дарбаза мен жебесін
Бәрін бірден шабады.

Есік бекіп қалады.
Қозанға сонда
Орақ тұрып барады.
Қозан жоғарыдан
Төмен түсіп қалады.
Қозан келген кезінде
Орақ сөйлей береді:
«Кешегі кеткен Орағың
Ордаңа келдім мен», — деді.

Сонда Орақ ішіне кірсе, төрт дарбаза бар екен. Төртеуінде төрт адам тұр. Орақ төртеуін де өлтірді. Орақ Қозанға сөйлейді:

— Қапы қалма сен, — деді, —
Орақтайын батырың — мен, — деді. —
Ордаңа сенің мен келдім,
Қаһарың болса, берірек кел, — деді.

Орақ сонда тебінді,
Жалмауыздай емінді.
Сонда Қозан шалады,
Орақ тұрып қалады.
Беліндегі алтын алмасты
Орақ суырып алады.
Жақындап ер барғасын,
Алмасты тұрып сермеді.
Сермеген алмас қойсын ба,
Бір бұтадай көрмеді.
Басы қалды домалап,
Оқты қалмақ боратты,
Өңкей қалмақ сабалап.
Ол қаланың ішінде
Орақ соғыс салады.
Артындағы көп кісі
Ол да келіп қалады.
Он сегіз күн ұрысты.
Қаланың іші қанға толады,
Қырылған адам мың талай
Сол соғыста болады.
Он сегіз күн соғысты,

Ішті Орақ алады.
Сырттағы жаудың ішінде,
Айсаның ұлы Ахмет
Ұңғысынан омырып¹,
Алпыс балта сындырды,
Сырттағы жауды Ахмет тындырды.
Іштегіні Орақ алады,
Көп соғыс болып қалады.

Он сегіз күн өткенде,
Жиырма күнге жеткенде,
Қоймай жесір алады,
Қалмақтың алып қаласын,
Шулатты, сөйтіп баласын.
Көрді, сөйтіп шамасын.
Елге жесір жинатып,
Көктөрткілдің басына шығып,
«Кім келеді?» — деп қарады.
Көктөрткілдің басында
Тұрып Орақ толғады:
«Бес кісіні жіберіп,
Қалмақты қойдай айда, — деп, —
Елге айдап жет, — деді. —
Бастап осыны кет», — деді.

Көктөрткілдің басында
Тұрып Орақ толғады:

¹ Омырып — шорт сындырып.

— Алланың шері — Аршылан,
Ол да бізге тең емес,
Ол біздей туған ер емес.
Сегіз жасқа келгенде,
Дұшпанға көз салған.
Ол жесірді кәпірден
Аршылан да алған жоқ,
Жасым сегізге келгенде,
Қозанның алдым қаласын,
Білдім қалмақ шамасын.
Енді біз шықпаған тау бар ма?
Біз алатын жау бар ма?
Алыс болса, кетелік,
Жау болса, қайрат етелік.
Артымызға жау тастап,
Неге елге кетелік?!

Сонда Ахмет сөйледі:
— Қашық жерде жаулар бар,
Жүдә¹ биік таулар бар.
Өгіз тау деген тауларда
Өгіз хандай хандар бар.
Жылқы хайуан көтермеді,
Мінгені болар керігі.
Оған талай ноғай барып жүр,
Барғаны өліп қалып жүр.
Барған жанға болмады,
Барғаны бір де қайтпады.
Қалмақтың мықты зоры еді,
Алдырмайтын қалмақ сол еді.

Артық туған ер Орақ:
— Алланың шері — ер Аршылан,
Ол емес жанға тең, — деді, —
Асылық² айтпа сен, — деді. —
Қалмаққа бармай қайтпан, — деп,
Орақ батыр Төрткөлден жөнелді.
«Жіберіп жалғыз болмас», — деп,
Отыз бес кісі ереді,
Бәрі де зулап қалмаққа жөнелді.
«Орақ, Мамай бас болып,
Келе жатыр» дегесін,
Жетпіс мың кісі әскермен
Өгіз хан қалмақ жиылды.

Неше күндей жол жүрді,
Арасы қашық сол жер-ді.
Бір күндері болғанда,
Қалмақтың көрінді қарасы.
Жақындады шамасы.
Аз да болса келісі,
Жасқанбай-ақ ерлердің шамасы.
Жекпе-жектеп шыққанда,
Тарлан атпен жөнелді.

Орақ батыр қарады,
Орақ жетіп келгенде,
Өгіз хан тұрып сөйледі:
— Өзің бір жас баласың,
Жарқыным, қайда барасың?
Менің атым — Өгіз хан,
Ойласаң, ноғай, сен, — деді. —
Жап-жас қана баласың,
Жаным ашып, айтамын,
Ат-жарағың бер, — деді. —
«Өлмеймін», — деп ойлама,
Меніменен ойнама,
Мініп жүрмін бір керік
Маған болған емес,
Сірә, бұл бала — серік.
Қаласың ғой, сорлы, сен өліп.

Сонда Орақ батыр сөйледі:
— Атаңа нәлет, қалмағым,
Жеңіл емес еді сенен салмағым.
Ежелден қалмақтың басы еді ғой
Менің кесіп алғаным.
Танысайын сенімен,
Жаның ашып бұл тұрса,
Ат-жарағың бер, — деді, —
Ат-жарағым бермеймін,
Қанша айтсаң да сен, — деді. —
Дәмең болса бұл, қалмақ,
Берегірек кел, — деді.

Қарсы келіп екеуі,
Жағаласып алысты.
Ұстап қолмен қалысты,
Жеті күндей жағаласып,

¹ Жүдә /а/ — өте, тым, аса, тіпті.

² Асылық — күнәһарлық, асқандық.

Ат үстінде салысты.
 Сол уақыттар болғанда,
 Күрең¹ жорға атымен
 Мамай шыға салады,
 Жақындап тұрып қалады.
 Келе тұра хан Мамай.
 Атынан түсіп сөйледі:
 — Асыл туған Орағым,
 Шаршадың ба, жас бала,
 Кезегіңді маған бер,
 Айналайын қарағым.

Сонда Орақ сөйледі:
 — Тыңдамаймын, Мамай, сөзіңді.
 Жау қасында сөйлеме,
 Өлтіремін өзіңді,
 Тыңдамаймын мен, — деді, —
 Мазамды алма сен, — деді. —
 Енді кетсең далаға,
 Көрінбе менің көзіме.

Сонда Өгіз хан сөйледі:
 — Орақ пенен Мамайсың,
 Екі бірдей ноғайсың,
 Екеуің де қолайсың,
 Екеуің бірдей кел, — деді. —
 Екеуіңді білмеймін,
 Қанша айтсаң да сен, — деді, —
 Болмаймын сізге тең, — деді.

Сонда Мамай кейін қайтады
 Орақ тұрып бірауыз сөз айтады:
 — Алланың шері Аршылан,
 Кәпірден қорлық көрсетпей,
 Маған жәрдем бер, — деді, —
 Шақырамын ер, — деді. —
 Баба Түкті Шашты Өзіз
 Қасиеті бар едің,
 Керемет мықты ер едің.
 Тарықтым енді мен, — деді, —
 Жәрдем бер енді сен, — деді.

Сонда Өгіз хан тұрып сөйледі:
 — Енді сорлы сен келдің
 Өлетұғын жерге енді.

Енді алам басыңды,
 Қысқартамын жасыңды.
 Енді ойғаным көзіңді,
 Өлтіргенім өзіңді.

Өгіз хан сөйлеп тұрғанда,
 Күншығыстан көреді,
 Құйындай шыққан шаң сонда.
 Шаң астына қараса,
 Қыбырлап келе жатқан жан көрді.
 Сол бір шаңның астында
 Айдаһар жыlandaй жан көрді.
 Орақты жерге ұшырып,
 Ол айдаһар бұл жылан
 Келді де, бұл Орақтың
 Беліне жылан орады.
 Өгіз хандай қалмағың
 Жыланды көзі көргесін.
 Есі кетіп қалады,
 Зәресі кетіп танады.
 Өгіз хандай қалмақты
 Керіктен жұлып алады,
 Қояндайын өкіртіп,
 Қалмақты сонда шалады.
 Өгіз ханды шалғасын,
 «Алла!» — деп Орақ ақырды
 Сонда артындағы қырық батырдың
 Біреуі қалмай жапырды.
 Сонда қалмақтар сасады,
 Өгіз хан өліп қалғасын,
 Жапыра қалмақ қашады.
 Оларды басып асады,
 Аруағы тасады.
 Жетпіс мыңдай қалмақтың
 Отыз мыңын өлтіріп,
 Қырығын таудан қуады,
 Болмады ерлер арманды.
 Таудан құлап бармады
 «Таудан құлап, не етеміз?
 Өгіз ханды өлтіріп,
 Енді елге кетеміз».
 Ертіп алып жөнелді
 Өңкей батыр ноғайды.
 Елге қайтып келеді,
 Елге жуық келгесін,

¹ Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Алдынан хабар шыққасын,
Қарсы шықты әкесі,
Көрейін деп баласын,
Мұса хандай ханымыз.

Алдынан шығып ер Алау,
Ханға келіп сөйледі:
— Халық ұстаған ханымыз,
Асылы туған жанымыз.
Келе жатыр саламат
Бұл күнде сіздің балаңыз.
Сабыр етіп аз ғана,
Патша, тұрып қараңыз.
Көргесін сіздерді
«Ілгері барып көрсет», — деп,
Жіберді ерлер біздерді.

Сол уақыт болғанда
Келіп қалды баласы.
Анасына сөйледі
Сонда Мамай баласы:

— Асыл туған анамыз,
Қозан ханды өлтірдік,
Өгіз ханды тағы өлтірдік,
Оның да көріп шамасын.
Қалмақтың алдық аттанып,
Екі бірдей қаласын.
Жасың үлкен жан баба,
Сағынып келдік біз, — деді, —
Қолыңды бер сіз, — деді. —
Ара ашыңыз, әлеумет,
Көрсін, — деді, — әкеміз
Біздей сағынып жүрген баласын.

Ноғайлар тұрып жолды ашады,
Орақ пенен ер Мамай
Әкесімен қолдасты.
Артық туған ер еді,
Сағынып келген ерлердің
Төбелесіп алған
Жері осы еді.



Бірінші мақам

Орындаған: Қайрулла Күнқожа
 Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

екпіндеге





А-сы-лым-ның не-сін сұ-ра-дың? Ө-зім-нің ә-кем хан Мұ-са, Мұ-са-ның а-нау қа-ла-сы,



Мен - Мұ-са хан-ның ба-ла-сы. Ме-нің а-тым - хан Ма-май, Қа-сым да-ғы О-ра-ғым,



Ө-зім-нің е-гіз қа-ра-ғым, Көк а - ла-ның кө-зі-мін, Өш-пен-ді жау-дың ө - зі-мін,



Қайт-пай-тын қа - ра бо-ла-тым, Сер-ме-се, кес-пей қал-ма-ған. А-сық ой-нап мен шық-тым




Ба-ла-лық-пе-нен да-ла - га. Ба-ра-мын де-сен, ал а - нау Мұ-са тұр-ған қа-ла - га,



Біл-ге-нің-ді е - те бер, е - у, Жа-ла-наш тұр-ған ба-ла - га. е_____

49

Екінші мақам



Ей, сон-да қыз-дар жү-гір-ді, Сон-да қыз-дар жү-гір-ді, Бі-ре-уі қал-май шұ-быр-ды.

52



Қа-ра-хан-дай сұ-лу-ың, Құ-дық-тан кет-пей кі-дір-ді. Құ-дық-қа шам-ды са-ла-ды,

55



І-ші жа-рық бол-ға-сын, О-рақ пе-нен ер Ма-май Ор-та-ға ке-ліп қа-ла-ды.

58



Жа-уы-ры-ны қақ-пақ-тай, Ше-ке-сі е-ді тоқ-пақ-тай. Кө-зі шам-дай жай-на-ған.

61



Қа-ра-хан сұ-лу қа-ра-ды, Ма-май сон-да ол қыз-ға Қа-лай да бол-са, жа-ра-ды.

64

Жа-га - ры-на шам бер-ді, Жей__тін нан бер-ді, Жа-мы-лу-ға киім бер-ді.

67

"Ке-л(е)ал-май-мын күн-дiз мен,- де-дi-, Ке-ре-гiн-дi ой-лапай-та бер, Ма-май, сен",- де-дi.

70

"Ке-л(е)ал-май-мын қа-сы-на. Е-гер күн-дiз мен кел-сем, Бе-ре-дi қор-лық ба-сы ма."

73

Бар жа-уа-бын ай - та-ды, Ай-тып бо-лып жа-уа-бын, Қа-ра-хан сү-лу ен-дi

76

Үй-і-не қай-та-ды. О-рақ пе-нен ер Ма-май Зын-дан-да жа-тып қа-ла-ды.



2

1
 2
 3
 4
 5
 6
 7
 8
 9
 10
 11
 12
 13
 14
 15
 16
 17
 18
 19
 20
 21
 22
 23
 24
 25
 26
 27
 28
 29
 30
 31
 32
 33
 34
 35
 36
 37
 38
 39
 40
 41
 42
 43
 44
 45
 46
 47
 48
 49
 50
 51
 52
 53
 54
 55
 56
 57
 58
 59
 60
 61
 62
 63
 64
 65
 66
 67
 68
 69
 70
 71
 72
 73
 74
 75
 76
 77
 78
 79
 80
 81
 82
 83
 84
 85
 86
 87
 88
 89
 90
 91
 92
 93
 94
 95
 96
 97
 98
 99
 100

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (673-бума, 8-дәптер).

ҚАРАСАЙ, ҚАЗИ

Қарасай мен Қазига байланысты эпикалық туындылар тек қазақ жыршыларының шығармашылығында ғана кездеседі. Екі кейіпкердің де Орақтың ұлдары екенін тарихи деректер айғақтайды. Қарасайдың ерліктері қазақ, ноғай, татар халықтарында сақталған «Әділ сұлтан» жырында суреттелгенімен, ол туындыда Кіші Ноғай оргасының негізін қалаушы Қазидың есімі аталмайды. Бұған керісінше, қазақ жыршыларының жағында отыздан астам нұсқасы сақталған «Қарасай, Қазиге» эпосында кенже ұлдың ерлігі ағасынікінен де басым түседі. Қазақтың М. Мәңкеұлы, Қ. Күржіманұлы, А. Байтабынов, Н. Байғанин, М. Ахметов, Қ. Шоқаев және басқа да ақын-жыршылары бұл жырдың бірін-бірі қайталамайтын нұсқаларын жеткізді. Бұл нұсқалардың танымдық, көркемдік құндылықтарын В.М. Жирмунский, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Д. Есенжанова, Т. Әлбеков және өзге де ғалымдар жақсы ашып көрсеткен.

Жырдың Мұрынға тиесілі екі нұсқасының алғашқысын жыраудың айтуынан 1939 жылғы Маңғыстау экспедициясы кезінде Б. Жақыпбаев, екіншісін 1942 жылы М. Хакімжанова жазып алған. Қарасай мен Қазидың Батыр ханмен қақтығыстарын баяндайтын оқиғалар жырдың өзге нұсқаларында және түркі тілдеріндегі версияларында кездеспейді. Тарихи деректер атақты қалмақ қонтайшысы Батырдың Қарасай мен Қазиге дүниедегі өткеннен кейін тарих аренасына шыққан тұлға екенін көрсетеді. Сондықтан аталған шайқастар Қырым хандығының сол тұстағы билеушісі Мұхаммедкерейдің ұлы Баһадүргерей – Батыр атты сұлтан бастаған әскермен болса керек деп топшылауға болады.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың Мұрын жырау жеткізген екі үлгісі, қазақ тіліндегі өзге де нұсқалары және басылым көрген жарияланымдар өзара салыстырылып, туындының М. Хакімжанова хатқа түсірген нұсқасы баспаға ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы түр (673-бума, 8-дәптер).



Орақ, Мамай деген екі батыр өмір сүрген заманда Ораққа: «Әйел ал», — десе, ол алмайды екен. «Маған жақсы әйел керек, жаман әйелді алмаймын», — дейді екен. Орақтың ауылында бір көзі жоқ — соқыр, бір қолы жоқ — шолақ және бір аяғы жоқ әйел тұратын. Орақ жауға аттанайын деп тұрғанда сол әйел дәрет сындырады. Орақ: «Тірі қайтып келетін күн туса, осы әйелді алармын», — деп, — Бұл әйел бір асыл бала туады екен», — деп ойлайды.

Мамайдың тоқалы Қарахан сұлу Қозанның қызы болса, бәйбішесі Ақтерме сұлу ноғайлының қызы, Алау батырдың қарындасы болатын. Ақтерме түсінде Орақтың беліне оралған екі айдаһар жыланды көреді. Сонда Ақтерме: «Жақсыны алмады, жаманды алды», — деп қимады. Сонан соң Смайыл Тобаяқты шақырып:

— Мына Орақты шапсам, қылышым өтпейді, сабасам, таяқ өтпейді, айтсам, тілімді алмайды! — дейді.

— Көзіңе күйік қылмай, онда өлтір! — деді.

Ақтерме сұлу:

— Қалай өлтірем? — дегенде, Смайыл Тобаяқ:

— Оны Мамайдан сұра, екеуінің аруағы бір болар, — деді. Ақтерме сонда Мамайдан:

— Сірә, сізге қару өтетін жер болар ма? — деп сұрады.

Сонда Мамай:

— Бізге өз алмасымыз ғана өтсе керек, — деді.

Мұны Ақтерме сұлу Смайыл Тобаяққа хабарлады. Сол күннен бастап Смайыл Тобаяқ Орақ батырды аңди бастайды. Бір күндері Орақтың алмасын есіктің алдына құрады да, өзі жылқыға жүре береді. Жылқыға келіп, Орақтың ала тайын ұстап, оның аяғына бір тулақты байлайды. Тулақтан тай үркіп шапқан кезде:

— Орақ, Мамай, ауылға жау келді! — деп Смайыл айғай салады. Сонда Орақ батыр үйден жүгіріп шығам дегенше, Орақты алмас ортасынан кесіп, Орақ өліп қалады.

Ал шолақ қатыннан Қарасай, Қазиді бір туды. Артынан Қибат деген қыз туды. Шолақ қатын үш баламен қала берді. Қарасай мен Қазиді алты мен жетіге жетті. Алтыда Қибат болды, жетіде Қазиді, сегізде Қарасай болды. Сонда Қондыкер деген қалмақтан хат келді. Әділхан деген ханға (бұл ноғайдың ханы еді) «Қарасай мен Қазиді қорықпаса, келсін, қалмаққа аттанып шапсын, — деді. — Ер болса, екеуі де келсін», — деді.

Сонда Әділхан: «Екібірдей жетім баланы жауға жіберіп, өзіміз үйде отыру келісімізге келмейді», — деп ойлады. Қырымға хабар салады. Қырымның байтақ ерлерін жинап алады. «Ежелден келе жатқан Едіге ханның ордасына түсіп кетейік, — деп, — жолымыз болар ма екен», — деп, Мұса ханның ордасына келіп түседі. Осы кезде Қарасай мен Қазиді да лада асық ойнап жүрген. Қарасай Әділхан келгесін, ханды көрмек болып есіктен қарайды. Әділхан Қарасайды көріп:

— Қарт бурадай қабағы,
Бесті өгіздің¹ терісіндей
Салбыраған тамағы.

Дөңгеленген көзі, — деп, —
Бейне Ораққа ұсаған
Қарағымның өзі, —

деп, Орақтың сыбаға табағын береді.

Бұрын Орақ ауылға келгенде мал сойылып, ауыл адамдары бір табақ етті алдымен Ораққа беруші еді, сонда Орақ: «Бісмиллә!» — деп, аузына бір салып, сосын жұртқа асатушы еді.

— Қарағым, бері кел, — дегенде, — Орақтың сыбаға табағын бер, — дегенде, Қарасай аузына бір салып, екінші салмайды. Бір салғаны өтпеді, жұтынып еді, кетпеді. Сонда тұрып:

— Мен балалық етейін,
Рұқсат берсеңіз, үйге кетейін,
Мұнда отырып, не етейін? —

деп, үйіне жылап барады.

Қараулек деген шешесі: «Далаға ойынға бармаңдар. «Жетім бала» деп, асығыңды тартып алады, басыңды далада қалдырады. Содан соң маған келіп жылама», — дейді екен. Қарасай даладан жылап келгенде шешесі «Бұл далада балаларға асығын алдырып келген екен-ау», — деп ойлады. Онда баласының «ханға барады» деген ой болмаған еді. Қарасайға шешесінің ұрысып айтқаны:

— Құрғыр, тілімді алмайсың,
Айтқаныма сенбейсің,
Жақсы сенің өлгенің,
Өлім болсын көргенің,
Балалардан таяқ жеп,

Құрғыр, неге келгенің?
«Жетім бала», — деді ме,
Асығыңды тартып алды ма,
Бетіңе таңба салды ма?

Сонда Қарасай бұрынғыдан да қатты жылап, шешесіне:

— Айналайын шешеке,
Асығымды ешкім алған жоқ,
Қорлыққа басым қалған жоқ,
Әділдей сұлтан хан көрдім.
Мені көргесін Әділхан:
«Айналайын қарағым,
Қарт бурадай қабағың,
Бесті өгіздің терісіндей
Салбыраған тамағың,
Дөңгеленген көзі, — деп, —
Бейне Ораққа ұсаған
Қарағымның өзі, — деп. —

Орақтың бер, — деп ол айтты, —
Сыбаға оның табағын».
Бір салып едім, өтпеді,
Жұтынып едім, кетпеді,
Жүтіріп шықтым далаға,
Қайтып келдім анаға.
Айналайын шешеке,
Сатайын десем, тиын жоқ,
Киейін десем, киім жоқ,
Кірейін десем, үйім жоқ,
Мінейін десем, атым жоқ,
Ат сұрайтын жақын жоқ,

¹ Бесті өгіз — бес жасар өгіз.

Ағайын, туған менде жоқ,
Есіркейтін пенде жоқ,
Қалмаққа кетіп барады
Әділдей сұлтан ханымыз.
Жатқа бір кетіп қалады,
Келмейді енді шамамыз.
Айналайын шешеке,
Менің бір жақсы өлгенім,
Өлім болсын көргенім.
Қорлық болды Алланың
Тірлікте маған бергені.
Жетімдік ойды көзімді,
Кім тыңдайды сөзімді?
Қарғай берме, шешеке,
Дүниеде менің өзімді.
Бала асығымды алған жоқ,
Қорлыққа басым қалған жоқ.
Ерік кетіп мен деген,
Тек жаным тұр өлмеген,
Қарғама, шеше, сен, — деген.

Қази бір келді жүгіріп,
Отыра алмай кідіріп.
Сақа бір топай қолында,
Балалықтың жолында.
«Мұндай жауап болар», — деп,
Деген жоқ еді мұның ойында.

Қарасайды көргесін,
Көзінің жасы төгіліп,
Жылағасын егіліп,
Сонда Қази сөйледі,
Сөйлегенде не деді?
— Айналайын Қарекем,
Мына тұрған Ақ Қибат
Артық туған бала еді.
Жатқа бір кетіп қалады,
Кімге берсең де Қибатты,
Бір тайға сатып алады.
Қибатты беріп ат алып,
Мініп, жауға кет, — деді, —
Ер белгісін ет, — деді. —
Кете бер, аға, сен, — деді, —

Айтайын жауап мен, — деді. —
Егер бармай сен қалсаң,
Ішің толып кетеді.
Ішің толып, сен өлсең,
Артыңнан мен кетермін:
«Егізім менің қайда?» — деп, —
Мынау қалған жарағың
Еш болмайды айла, — деп.

Сонда бір кемпір сөйледі,
Сөйлегенде не деді?
— Әй, Қарасай, Қарасай,
Қарағымның баласы-ай,
Қолыңа жүген ал, — деді,
Көп жылқыға бар, — деді.
Көп жылқының ішінде
Сегіз жылқы, бір саяқ,
Қабан құлақ қара ат бар.
Белі бүкіш¹ құду-ды²,
Жылқыдан артық сұлу еді.
Көрген адам кеткісіз,
Бір жылқының баласы
Ол жылқыдан өткісіз.
Ішінде бар-ды бір Тарлан,
Қарны болар қабақтай,
Бұты болар таяқтай.
Ұзын болар құлағы,
Үлкен болар тұяғы,
Таң мезгілі болғанда,
Сауырының³ үстіне
Қайырып жусар басын-ай!
Құс ұйқысы келгенде,
Ұйқысы болар осындай.
Қасына соның барарсың,
Жалынан ұстап аларсың,
Сосын жүген саларсың,
Сексендегі Көкше бар,
Ер қадірін ер білер.
Көкшенің мінгені — тарлан ат —
Анасы еді — Сүйін бике,
Атасы еді — Қарақұс.
Таң ұйқысы келгенде,
Сауырының үстіне,

¹ Бүкіш — жауырыны шығыңқы, еңкіш, бүкірлеу.

² Құду — жұп-жұмыр (құду бел — жіңішке, жұмыр бел).

³ Сауыр — малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Қайырып жусар басын-ай.
 Барып сонда осылай,
 Сонда ұстап аларсын.
 Сексендегі Көкше шал
 Алты жасар Қибатты
 Тоқалдыққа ала алмас.
 Орақпенен ол бірге
 Тірлікте жүрген жан еді.
 Бірге жүріп,
 Талай жаудан алған жер еді.

Қарасай жүген алады,
 Үйден шығып, жүгіріп
 Жылқыға кетіп барады.
 Жеті күндей аралап,
 Таба алмады жылқыны.
 Ішінде жүрді аралап,
 Сегізінші күн болғанда,

Қабан құлақ қара атты,
 Сонда көрді бұл атты.
 Бір күн, бір түн аңдыды,
 Таң ұйқысы болғанда,
 Тарланға жақын барады.
 Сауырының үстіне
 Қайырып басын салғанда,
 Сонда барды қасына.
 Қолы тиді Тарланның
 Жалы менен шашына.
 Жарағын салып алғасын,
 Мініп келді Тарланды.
 Келді де, атты ерледі¹,
 Ерлеп тұрып терледі.
 «Жылдам атқа мінер», — деп, —
 Әскер кетіп қалар», — деп,
 Шапшаңдап қолын сермеді.

Сонда бір қыз Қибатқа жүгіріп барып:

— Айналайын жан апа,
 Қарасайдай ағанды
 Белгілі Құдай атыпты.
 Сексендегі бір шалға
 Тоқалдыққа сатыпты.

«Бір тайға сатты» дегесін,
 Инжу-маржан тағынды-ай,
 Бұлдыраған сағымдай,
 Аққан бір судай сылдырап,
 Жібектей бойы үлбіреп,
 Қоңыраудай даусы шылдырап,
 Көзінің жасы төгіліп,
 Жыландайын иіріліп,
 Қарасайға келеді.

Тұра қалып ақ Қибат,
 Сонда бір сөз сөйледі:
 — Айналайын жан аға,
 Сенің туған жеріңнен
 Тумап па едім мен де, аға!
 Не жазығым бар еді

Көзімді мұнша ойғаңдай,
 Қорлыққа басым қойғаңдай?
 Рас па еді, Қареке,
 Сексендегі бір шалға
 Тоқалдыққа сатқаның,
 Сатып, бір тай алғаның.
 Аманатын Алланың
 Көз алдымда бергенің?
 Мені қоймай дүниеге,
 Өз көзіңмен көріп кет,
 Өз қолыңнан қойып кет,
 Қара жерге беріп кет.
 Арғы атамды сұрасаң,
 Ала тайлы Аңшыбай
 Ежелден артық ер еді,
 Ақсүйек туған төре еді.
 Бергі жағын сұрасаң,
 Баба Түкті Шашты Өзіз²
 Керемет қонған пір³ еді.
 Бергі жағын сұрасаң,
 Парпария сұлтан хан еді.
 Тоқсан баулы ноғайды

¹ Ерледі — ерттеді.

² Баба Түкті Шашты Өзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

³ Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

Билеген артық жан еді,
 Бергі жағын сұрасаң,
 Құттықия бек еді,
 Шынжырлы туған ер еді.
 Бергі жағың — Едіге
 Дұшпанға кегін бермеген,
 Үстінен дүбір өтпеген.
 Бергі жағың — Нұрадын,
 Нұрадын патша болғасын,
 Ноғайдың берген мұратын.
 Бергі жағың — хан Мұса,
 Орақ пенен Мамай-ды.
 Ерлігі мұның қалай-ды?
 Орақтан туған сен едің,
 Қарындасың мен едім.
 Жеті атаңнан бар ма еді
 Тоқалдыққа қыз берген?
 Не жазығым бар еді,
 Мұнша ойып көзімді?
 Өлтіріп кет өзімді.
 Бермеймін саған Тарланды
 Өлтірмесең сен, — деді, —
 Кеспесең менің қолымды.
 Жеті бір жасқа келгенде,
 Жоқ еді мұндай ойымда.
 Талдап бір шашым жұл, — деді, —
 Басымды кесіп, жан аға,
 Мені де жоқ қыл, — деді.

Сонда бір тұрып Қарасай
 Атының ерін алады,
 Етігін шешіп салады,
 Байластырып етігін,
 Иығына салып алады.
 «Тұрмаймын, — деп, — қалада,
 Қаңғырам, — деп, — далаға»,
 Қарасай кетті жүгіріп,
 Отыра алмай кідіріп.
 Қарасайдың кеткенін
 Қазі бала көргесін,
 Артынан келді жүгіріп.

Қибатқа сонда сөйледі,
 Сөйлегенде не деді?
 — Асыл туған ақ Қибат,
 Қара бауыр кәпірсің.
 Асылың әйел болғасын,

Сен бір қалай тұрасың?
 Көп ішінде аударып,
 Көкемнің атын алғаның,
 Қорлыққа басын салғаның.
 Хан баласы — Қарасай,
 Қайтып енді келмейді.
 Енді келмес қалаға,
 Қаңғырар жалғыз далада.
 Қарекемнің жолында
 Менің жаным садаға.
 Адам шыдап тұрар ма,
 Бірге туған ағаға?
 Мен артынан кетейін,
 Көкемнен қалып не етейін?
 Жаяу да болса, жетейін,
 Өлгенін көзіммен көрейін.
 Артықпын ба көкемнен?
 Мен де өліп жатайын.
 Мынау иесіз қаланы,
 Жақсы бірдей баға көр
 Екі бірдей ананы.
 Аманатын Алланың
 Көз алдымда көрейін.
 Артықпын ба көкемнен?
 Мен де өліп жатайын.

Сонда бір Қибат егілді,
 Көзінің жасы төгілді:
 — Айналайын жан аға,
 Нашар ие боп тұрар ма
 Мұндай қалаға?
 Мен бір қалай бағармын
 Екі бірдей ананы?
 Қарекемнің жолында
 Жаным болсын садаға.
 «Шамырқанып, шамданып,
 Ерге аруақ қонсын, — деп, —
 Кімнің алыс, жақынын,
 Кімнің жақсы, жаманын
 Осындайда білсін», — деп,
 Қарекемнен алғанымды
 Енді апарып берейін,
 Қарекем атқа мінбесе,
 Жолында жүріп өлейін.
 Қайран ағам, өзіндей
 Екеуіңнен айырылсам,
 Алтын басым күң болар,

Жібек шашым жүн болар,
Екеуің кетсең далаға,
Елсіз ерге тұл болар.
Біз секілді бір бейбақ
Екі ананы баға алмай,
Құл ішінде қалғасын,
Біздей сорлы оңа алмас.

Қибат бір сонда қарады,
Тарланға мініп алады,
Шабуылды салады.
Қарасайдың артынан
Тарланмен жетіп барады.
Түсе қалып Тарланнан,
Қарасайға жақындап барады.
Қарасай жерден кесекті
Жұмыртқадай алады.
«Енді сені көрмен», — деп,
Аттың басын тартады.
Етегінен ақ Қибат
Қарасайдың ұстап алады.
Көзінің жасы төгіліп,
Жылай берді егіліп:
— Айналайын жан аға,
Үш айналып болайын,
Көке, сенен садаға!
Адам шыдап тұрар ма
Бірге туған ағаға?
Жамандыққа қимадым,
«Тоқсан баулы ноғайдың
Кімнің алыс, жақынын,
Кімнің жақсы, жаманын
Қайран көкем білсін», — деп, —
Мініп кет, көке, Тарланды.
Артыңнан алып мен келдім.
Сексендегі Көкшеге,
Неке қыл да, беріп кет,
Өз қолыңнан беріп кет.
Жалған емес бұл сөзім,
Бір болмақта қатыны он болсын,
Көке, саған жол болсын.
Айырылып сенен қалғасын,
Өртеніп ішім, жанбай ма,
Көрінген көзін салмай ма?
«Жетім қалған қаншық», — деп, —
Мазамды, көке, алмай ма?
Жібермеймін мен, — деді, —

Өлтірмесең сен, — деді. —
Мынау тұрған Тарланды,
Егізім болсаң, мін, — деді.

Қарасай сонда қарады,
Қибатқа көзін салады,
Айнала тұра қарады.
Ақ жүзінен бір сүйіп:
— Айналайын қарағым,
Жылама, Қибат, сен, — деді, —
Жаяу жүрме, кел, — деді. —
Мінгесейін мен, — деді, —
Барайық елге, кел, — деді. —
Тірі болсам дүниеде,
Сексендегі бір шалға
Бере алман мен, — деді.

Тарланға мініп, Қибатты
Ордаға әкеп түсірді.
Тарланға мініп ол кетті,
Кешегі кеткен әскердің
Әділдей сұлтан хандардың
Артынан қуып ол жетті.

Қасындағы жолдасы
Сексендегі Көкше еді.
Сонда келіп ақ Қибат,
Көкше шалға сөйлейді:
— Тоқсан баулы ноғайлы,
Байтақ жатқан ел едің,
Сол елдердің ішінде
Тұқымы асыл ер едің.
Қази менен Қарасай —
Орақтың екі баласы-ай.
Жақынырақ келіңіз,
Менің сөзім тыңдаңыз,
Қарекем: «Берем», — дегесін,
Сізге келдім мен, — деді. —
Асыл киім менде жоқ
Үстімізге киерге.
Сізге келдім, ер Көкше,
Қатарыңда жүрерге.
Бізде мінер көлік жоқ.
Болар ма жаяу ерерге?

Сонда Көкше сөйледі,
Қибаттайын балаға:

— Қибат, бері кел, — деді, —
Қияметтік өкіл бала бол,
Алмаймын сені мен, — деді.

Іркілмейді ақ Қибат,
Жақынырақ келеді.
— Қиямет күн болғанда,
Жалғасалы иманнан,
Шырағым, жақын келші, — деп,
Ұстай алып қолынан,
Қияметтік қолдасқан осылай, — деп,
Қибаттың қолынан ұстап, жіберді.
Сонда үйден Қазиді жүгіріп шығып,
Көкше шалға:

— Артық туған ер, — деді, —
Түспей кетпе сен, — деді. —
Қонақасы берейін,
Батыр, сізге мен, — деді.

Көкше түсті, батыр-ай,
Іркілсін бе, япыр-ай,
Қонақ болып, Қазимен
Бір күн, бір түн отырды.
Бір сандық алтын бар еді,
Ішінде бір тон бар еді,

Көкшеге сыйға береді.
Алтын тонды алғасын,
Көкше атына мінеді.
Алмай кеткен Қибатты
Ол Көкшенің жері еді.
«Ер қадірін ер білер» деген
Бұрыннан қалған кеп еді,
Сол Көкшеден қалған сөз еді.
Қарасай мен Ер Көкше
Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз¹ мол ол жүрді.
Тоқсан күнде ол жетті.
Қалмақтың мықты қаласы,
Берік еді шамасы.
Қаласының мәнін айтайын:
Өзі мықты тамаша.
Айнала жатқан тау еді,
Арғы жағы ну еді.
Жалғызаяқ жолы бар,
Онан құлаған адам
Орға жығылып өлуші еді,
Қорлыққа басы қалушы еді.
Орақ батыр жеті барып,
Жетеуінде де ала алмай келіп еді.

Әділхан сұлтан қырық кісіден тұратын әскерімен «Қондыкер» деген қалмақтың шәріне² барады. Әділханның аты орға құлап, өзі қолға түсіп қалады. Оның қол-аяғына тоғыз кісен салып, зынданға³ тастайды. Ол бұлқынып, кісенді сындырмақ болғанда қол-аяғының терісі сыдырылып түседі. Оның үстіне тоғыз кісен салған екен. «Енді қолымның сіңірі үзіліп кетер», — деп, тулағанын қойыпты. Әділхан сұлтан отырған зынданның ішіне бір қарлығаш келіп қонады. Әділ сұлтанның үйінде жеті жасар Ханзия деген қарындасы бар еді. Әділ сұлтан: «Мен зынданға түсіп қалдым, мені құтқарып алатын тоқсан баулы ноғайда ешкім жоқ. Орақ қияметтік досым еді, оның жеті жасар баласы Қазиді қалып еді. Тірі болса, қарындасым Ханзия іздеп тапсын», — деп, хат жазып, сол хатты қарлығаштың қанатының астына қойып ұшырып жібереді. Бір күндері Ханзия есіктің алдында отырғанда тізесіне бір қарлығаш келіп қонады. Сонда Ханзия қарлығаштың қанатын сипайды, осы кезде қарлығаш қанатын жазып, оның арасынан бір хат түседі. Ханзия хатты оқып, жылай береді. Сонда шешесі көріп:

¹ Қисапсыз — есепсіз.

² Шәр /а/ — қала.

³ Зындан /п/ — тұтқынға, қолға түскен адамдарды қамап ұстау үшін жер астынан қазылған терең ор.

— Таң атпай неге жылайсың, оразаңды ашпай? Жалғыз ағаң жауға кетті, жамандық болар, жылама, — дейді.

Сонда Ханзияның шешесіне жылап айтқаны:

— Айналайын анажан,
Суалған емген мамажан.
Жау қолында қалыпты,
Әділ де көкем, агажан.
Зынданға кәпір салыпты,
Қол-аяғын кісендеп.
Бұзылғансын оның мүшесі,
Қарлығаштан жазған хат.
Көкемнен жазған хат келді,
Ішінде Қазидеген ат келді.
Көкем бір сәлем айтыпты:
«Тоқсан баулы ноғайда
Құтқарып алар адам жоқ», — депті.
Досы бар Орақ деуші еді.
«Сол Орақтың баласы —
Жеті жасар Қазидеген,

Соған хабар сал, — депті. —
Тірі болсаң, Зияжан,
Ат жетелеп бар», — депті. —
Айналайын шешеке,
Хан ордасын қайдан табайын,
Қаңғырып қайда барайын,
Құдай нашар қылғансын?
Іні болып мен тусам,
Іздемес пе еді ағасын?!
Мен жыламай, не етейін,
Көкемнің естіп шамасын?
Алдымда туған аға жоқ,
Артымда тұрған іні жоқ,
Өзімнен туған бала жоқ,
Құдай нашар жаратты,
Қайрат қылар шама жоқ.

Сонда шешесі халыққа:

— Хан ордасын табатындарың бар ма? — деп, хабар жібереді. Сонда Хантөрткіл деген қалада, Орақ пен Мамай бар заманда жеті жыл жылқысын баққан, жасы жетпіске келген ақ сақалды бір шал: «Мен қартайсам да, табармын-ау», — депті. Шешесі Ханзиядай аруға күрең¹ жорға ат беріп: «Мынау ағаң қасыңа еріп жүрер, екеуің хан ордасын табарсыңдар», — дейді. Тағы не түрлі мал, алтын беріп, қызы Ханзияны Қазиды іздеуге шығарып салады. Он екі күн жүріп, Мұса ханның мекен еткен жеріне келеді. Сонда ноғайлылар той қылып жатыр екен. Ханзия да келіп қалады. Ноғайлар: «Ханзия қызды көреміз», — деп алдынан өріп жүріп күледі.

— Хан кеткесін Ханзия,
Қаңғырып шыққан далаға,
Іздеп келген екен қалаға, —

деп, бәрі Ханзияға күлді. Сонда Ханзияның ноғайларға айтқаны:

— Жиналған, аға, ер, — деді, —
Ұлы бір, кіші жамағат,
Бәріңе сәлем бердім мен.
Мен — Әділдің қарындасы-ай.
Көкем бір қалған кәпірде.
Жазылған бір хат келді,

Қазидеген ат келді.
Ол Қазидеген бар ма екен?
Ол қай жерде жүр екен?
Қатар тұрған теңімсің,
Көрмеген бұрын елімсің.
Көргенің болса, айтыңыз,

¹ Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Қазидай туған баланы,
Құдай бір солай қылғасын,
Қыдырып шықтым, шыдамай.

Іздеп шықтым далаға,
Көкемнен жаным садаға!

Сонда Қазидай бұл сөзді естіп, шетке кетіп жүре береді. Сонда біреулер: «Қазидай — анау», — деп, бір жалаңаяқ, жалаңбас кетіп бара жатқан баланы көрсетеді. Ханзия артынан жетіп, Қазидайға айтқаны:

— Айналайын Қазидай,
Аманбысың, сауымысың,
Сау-саламат бармысың?
Терең суды тоқтатқан
Белгілі қызыл жармысың?
Көденең жауды тоқтатқан
Биік қара таумысың?
Көкемнен жазған хат келді,
Қазидай деген ат келді.
Іздеп келдім сіздерге,
Жауап берсең біздерге.
Құдай нашар қылғасын,
Шыға алмаймын далаға,
Көкем бір хабар бергесін,
«Бар, — деп, — сіздей балаға».
Айналайын Қазидай,
Жауап бер, айтшы сен, — деді. —
Дидарыңды көргенше,
Артыңда жүріп шөлдедім мен, — деді.

Сонда Қазидай тұра қалып сөйледі:
— Айналайын апай,
Шашың ұзын болса да,
Ақылың сенің кем, апай.
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Бейне тұрмын жалаңаш.
«Сатайын», — десем тиын жоқ,
«Киейін», — десем, киім жоқ,
«Шейін», — десем, тамақ жоқ,
«Кірейін», — десем, үйім жоқ,
«Жатайын», — десем, төсек жоқ.
Өлтірдің, апай, өзімді,
Ойдырдың ғой көзімді.
Көп ішінде шақырып,
Өлтіргенің емес пе,
Қайран апай, не етейін?

Сонда Ханзия сөйледі,
Сөйлегенде не деді:

— Айналайын Қазидай,
Үйде тұрған боз жорға ат,
Мерекелі той болса,
Мінуші еді жан көкем.
Айналайын қарағым,
Мынау қоржын ішінде
Киетұғын киім бар.
Түрлі асыл киімді
Іркілмей, батыр, киіп ал.
Елге таман барғасын,
Тоғай толған қойым бар.
Біреуін ұстап ал, — деді, —
Бәрін бір тұғырға сал, — деді. —
Тоғай толған сиыр бар,
Мұны да соған қосып ал.
Тоғай толған жылқы бар,
Оны да бірге қосып ал.
Тоғай толған түйе бар,
Оны да атқа сал, — деді. —
Үйдің іші толған қазына,
Қарағым, мұны да атқа сал.
Оның бәрі бір тұғырға жетпесе,
Мені де қосып сал, — деді. —
Барлығымызды сат-тағы
Бір ат сатып ал, — деді.

Қоржын ішін ашады,
Ішіндегі жібек киімді
Төгіп жерге салады.
Сонда Қазидай ереді,
Киімге жақын келеді.
Кілең жібек киімді
Қазидай кие бастайды.
Сақа мен топай тастады,
Бір түрлі ақыл бастады.
Сонда Қазидай жібектен
Киімді киіп алады,
Киімді киіп алғасын,
Төңірекке қарады.

Боз жорға атқа мінеді.
Ханзиямен екеуі
Бірге шауып жөнеді.
Тойға мінген боз жорға ат
Құлаштап¹ аттап басады,
Адымын жақсы ашады.

Ноғай біткен жалпылдап,
Артынан шауып барады.
Шапса да, жете алмай,
Артында қалып барады.
Атқан оқтай зырқырап,
Боз жорға кетіп барады.

Сонда Ханзияның шешесі алдынан қарсы алады. Ханзия Қазиды ертіп ауылына алып келеді.

Сонда кемпір сөйлей бастайды:
— Қарағым, Қазиді, жол болсын,
Сапарың жүрген оң болсын!
Алдыңнан шықтың мен, — деді. —
Тоғай толған қой бар,
Тоғай толған жылқы бар,
Тоғай толған сиыр бар,

Бәрін атқа сал, — деді. —
Жаратқан атың бар болса,
Ноғайлыдан ал, — деді.
Бәрі бір атқа жетпесе,
Қасыңдағы Ханзия,
Мұны да атқа сат, — деді.

Сонда Әділдің сарайға салып қойған бір күрең тұлпары бар еді. Оны кемпір: «Қазиді келеді», — деп, сыртқа — жарыққа шығарып, арқандап қойған еді. Қазиді келгесін:

— Қазидайын асыл ер,
Мынау тұрған күрең ат
Жақындап келіп көр, — деді.

Қазиді жақындағанда, күрең ат кейін шегінеді. Шегінгенде барып жібек шылбырынан барып ұстай алып, мініп: «Шүү», — деп еді, сонда күрең сегіз күндік ордасының ар жағына қарғып, дүрс ете түсті. Сосын жайлап үйге келіп: «Осы ат жарайды», — деп, үш күн ішінде азық-түлік жинап алып, Қазиді жолға жүріп кетті. Сонда Қырымның қырық батыры Қондыкердің шәрінен үш қонып шыққанда Қазиді алдынан шықты. Сонда қырық батыр:

— Ағасы Қарасайдың қолынан түк келген жоқ, бұл Қазидің қолынан не келер дейсің? — деп күледі.

Қазиді қырық батырдың қасына жетіп барады, сонда Ахмет батыр:

— Біз ала алмай келген берік қала бар. Асты — су, ар жағы — ну, іші — жатқан сор, оның ішінде Әділхан қалды. Біз бір ай жатып еш нәрсе бітіре алмай келдік, — деді.

Қазиді:

— Әкем Орақ мені екі жасымда алдына алып отырып әділейтін еді. Сол кезде: «Қондыкерге жеті барып, жетеуінде де ала алмай келдім. Менен туған ұл болсаң, қатарға кірген тең болсаң, «Қондыкер деген қаланы ал», — деуші еді. — Таудың түстік жағында бір қазандай қара тас бар. Сол қара тасты аударып жіберсең, астында бір ін бар, ол іннің астында

¹ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

жазулы хат болар, сонда Орақ деген ат бар, астында кісі сыятын тесік бар. Сол тесікпен екі күн, екі түн жүрсең, қаланың тап ортасынан шығасың. Егер қорықпай шықсаң, қаланы аласың. Басқа шығатын жол жоқ», — деуші еді. Енді мен сол жолды тауып алып, кірсем керек, Қондыкерді алсам керек. Сендер қорықсаңдар, жүре беріңдер, — деп, өзі Қондыкерге қарай жүре берді.

Сонда қырық батыр: «Мұның да қайратын көрейік», — деп, артынан ереді. Батырлар таудың жағасына келіп түсіп, тоқтайды. Қазі түспей, асып жүре береді. Қазидың қасында Әмет, Ахмет, Алау батырлар бар еді. Олар да Қазимен бірге жүре берді. Қаланың түстігіне келгенде, қазандай тасты көрді. Қазі атынан түсіп, тасты аударып еді, астындағы інді көрді. Ін ішінде хат бар екен. Қазі хатты алып оқиды. Хатта «Осы шәрді, жеті келіп, жетеуінде де ала алмай кеттім. Менен туған ұл болса, осы шәрді, келіп, ала көрсін. Осы тесіктен кірсе, екі күн, екі түн жердің астымен жүреді және сол тесікке кіргенде, қалмақ келіп көріп тұрар, сен де оны көрерсің және тесіктің аузын қалмақ қамап тұрар. Сонда: «Сенің басыңды кесіп алармын», — дер, бірақ сен қорықпа, сол тесікті тауып, жауды көріп шықсаң, шаһарды¹ аласың», — деп жазылған екен. Қазі хатты алып оқып: «Шәрді аламыз», — деді. Алау мен Ахмет: «Енді біз өлдік», — деді. Сонда қырық батыр да «Тесікке кіреміз», — деп іркіліп, кіре алмай қорқып тұрады. Қазі ат құйрығын өріп, шәрді айнала шабады. Шауып келіп айтқаны:

— Тәңірі берсе, несіп, — деп, —
Атаның кірген есік, — деп. —
Жаудан өлмек — қашаннан
Ер жігітке кәсіп, — деп, —

Қазі күрең атпен тесікке кіре жөнелді. Қалғандары іркіліп, кіре алмай, қорқып, қамалып тұрып қалды.

Артынан кірді ер Абат,
Онан соң кірді Ахмет,
Онан соң кірді ер Алау,
Ноғайға түсті бір талау.
Бір-біріне қарады,
Іркілмеді ноғайлар,
Енді шауып барады.
Алдында жүріп Ер Қазі,
Өлең айтып барады.
Артынан жүрді Қарасай,
Болып кетіп барады
Орақтың екі баласы-ай.
Ауызға жақын барғанда,
Сонда Қазі атынан түсе қалады.

Тесікке жүгіріп барады,
Тасты аударып алады.
Артынан келіп ерлері,
Катар тұрып қалады.
Артық туған ер еді,
Қамалып тұрған қалмақтың
Алдын тосып алады.

Сонда Қазидың ерлерге айтқаны:
— Қырымның байтақ елдері,
Ілгері жүрдім мен, — деді. —
Мен бір шауып барайын
Қамалып тұрған қалмаққа,
Артымнан көзді салыңыз.

¹ Шаһар /а/ — қала.

Мен тесіктен шыққанша,
Қатар тұрып қалыңыз.
Егер шықсам тесіктен,
«Алла!» — деп, ұран шақырып,
Баршаңыз да шыға салыңыз.

Сонда Қази жөнелді,
«Алла!» — деп ұран шақырып,
Шыға шапты ақырып.
Қази шыға шапқанда,
Қалмақтар шауып жөнелді
Алды-алдына жапырып.
Қази шығып алады,
Шақырып ұран айғайды,
Артынан да салады.
Қази шығып кеткесін,
Артындағы ерлердің
Біреуі қалмай, жапырып,
Ол да шығып алады.
Қалмаққа салды ойынды,
Жақын қылды тойыңды.
Сындырып жатыр қаланы,
Шулатып жатыр баланы.
Қырық батыр қатар шыққасын,
Өлтірді талай баласын.
«Білгірмін», — деген қалмақтың
Қырды талай шамасын.
Еркегін қырып тауысып,
Қатын мен қалды баласы.
Басында қалмақ қырылып,

Қаласының шамасын.
Енді Әділді таба алмай
Қыдырып ерлер жүреді.
Бір жас қатын жүгіріп
Қазифа таман келеді.
Қазидың келіп қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай,
Тұра қалды жас қатын
Мұсылман екен, осылай:
— Қази сұлтан, ер, — деді, —
Бір тілегім бар, — деді. —
Келдім саған мен, — деді. —
Мен — мұсылман деген ел, — деді. —
Мекенімді сұрасаң,
Адарыс деген қала еді.
Бесікте қалды бір бала,
Жалғыз жесір жан едім.
Жесір болып қалғалы —
Алты айдың жүзі толулы.
Балапан еске түскенде,
Көзімнің жасы толулы.
Тілегімді сіз берсең,
Әділхан жатқан жерін
Табайын, Қази батыр, мен, — деді.
Атының басын бұрады,
«Әділді табам», — дегесін,
Қази сынды батырың
Кідіріп сонда тұрады.
— Тілегіңді берейін,
Әділ сұлтан ханды көрейін.

Сонда қатын:

— Әділ сұлтанды зынданға ұстап салғанда, қасында мен бар едім, — деді.

— Сізден жәрдем болар, — деп, — Қазір тауып беремін
Жүгіріп сізге келгенім, Әділханды біз, — деді. —
Жалған емес көргенім, Әділдейін ханымыз
Жүріңіз батыр сіз, — деді. — Тап осы жерде, — деп,

Әділхан тұрған жерге ертіп келіп, Әділді тауып береді. Қази бір тақтайды көтерсе, оның асты шыңырау екен. Әділхан сол шыңырауда жатқанды. Сонда Қази:

— Жаныңыз бар ма, Әділ? — деп айғайлайды.

Сонда Әділхан сөйледі:

— Жатырмын тірі мен, — деді, —
Келдің бе, Қази, сен, — деді.

Қазифа қарындасы — Ханзия қырық құлаш жібек арқан берген еді. «Көкемнің, есін біліп, ер болып жеткелі, қолына жіп тиген жоқ еді. Енді мына жібек арқанды салып, көкемнің етін тасқа тигізбей, қауғадай тартып ала көр», — деген. Сол жібек арқанды құдыққа түсірсе, Әділдің қолында тоғыз кісен бар екен.

Сонда Қазифа айтты:

— Қайраттан дымың жоқ екен, тоғыз кісенді сындыра алмай, не қылып жатқаның? — деді.

Сонда Әділ айтты:

— Тоғыз кісенді тулап сындырып едім, енді мына тоғыз кісенді сындырсам «қол-аяғымның сіңірі құрысып қалар» деген оймен сындырмадым, — деді. Сонда Қазифа тоғыз кісенді қабатынан ұстап, басып сындырды да: «Мына менің күрең атыма мін», — деді. Әділ Қазифаның күрең атына мінбеді. Сол мезгілде бір қалмақ қасынан өтіп бара жатқанды. Сонда Әділ жерден бір тасты алып, сол қалмаққа атып қалғанда, қалмақ ұшып түсті. Әділхан соның атына мініп алды. Содан он сегіз күн талқандап Қондыкердің шәрін алады. Қазифа әлгі Әділді тауып берген қатынның сөзін ұмытып кетеді. Далада үш қонып, шығып, әңгімелесіп отырғанда, қатын сол жерге келеді. Сонда қатын Қазифа:

— Дария тасыса, сең бе еді,
Ерлер сөзін екі айтса,
Ол әйелмен тең бе еді?
Қазифайын сұлтаным,
Мен қасыңа ергенде,
Әділдейін хандардың
Жатқан жерін көргенде,
«Осы жерде», — деп, кеп жылап,

Бір төмпекке келгенде,
Тілеп едім мен сенен,
«Берерсің тілек», — деп едім.
Келе жатқан бұл асыл
Ежелден артық ел едің,
«Уәдесінен ер таймас
Бір айтқасын», — деп едім, —

дейді. Қазифа орнынан ұшып тұрып:

— Қанша дүние керек? Қанша көлік берейін? Қанша азық керек? Осы жерде бәрін тауып берейін, — деді.

Сонда әйел:

— Жүрісі тыныш жорға бер,
Жүрсем, тыныш өзіме.
Бір жүйрік ат тағы бер,
Жау көргенде өзімді,
Жеткізбей тұрып асайын.
Қырық құлаш арқан бер,
Шыңырауға салайын,

Суын тартып алайын.
Бір айлық азық беріңіз,
Жолдас алып, не етейін,
Көріп келген жерім ғой
Адаспай-ақ жетейін.
Өз еліме барайын,
Тәуекел етіп қарайын.

Қазифа қатынға шаппайтын жорға, жер басқаннан қалмайтын жүйрік береді. Қырық құлаш арқан, бір айлық азық береді. Қатынның атына мініп алып айтқаны:

— Қази, асыл ер, — деді, —
 Қош-аман бол сен, — деді. —
 Қабыл болды-ау тілегім,
 Кірді-ау, — деді, — реңім.
 Атқа мініп алғасын,
 Жарылды-ау менің жүрегім.
 Алыс болса, кетейін,

Жақын болса, жетейін.
 Ұлы-кіші жамағат,
 Сау-саламат болыңыз,
 Енді мұнан артық не етейін?!
 Ол екі айлық жер еді —
 Әділханның ордасы¹ —
 Сарыат деген көл еді.

Сол көлдің басына екі айда әскер жинап, шұбырып жесір келеді. Жақындап елге келгенде, Ахмет пен ер Алау, қасында бар ер Қази және Әділ төртеуі оның еліне жақын келеді. Әділді бір сайға тастап, үшеуі үйіне келеді. Сонда ат дүбірі естілген соң, үйден кемпір шыға келеді.

Сонда Ахмет кемпірге сөйлей береді:

— Артық туған анамыз,
 Қалмақтың көрдік шамасын,
 Бұзып алдық қаласын.
 Ешкімнен осал деменіз
 Ер Орақтың мынау тұрған баласын,
 Қазидайын ер, — деді. —
 Асыл туған анамыз,
 Шығарып алдық зынданнан.
 Алладан бұйрық болғасын,
 Дүниеден қайтты, шеше, балаңыз.
 Шешеке, Әділ сұлтан хан кетті,
 Қырымның қырық батырының
 Басшысы өліп, меңдетті.

Сонда кемпір сөйледі,
 Сөйлегенде не деді?
 — Артық туған Ахмет,

Айсадан туған сен, — деді, —
 Қалмақты алған ер, — деді. —
 Жалған айтып тұрсыз ғой,
 Сенбеймін сізге мен, — деді. —
 Қарағым менің өлген жоқ —
 Қарағым өлсе сапарда,
 Ерлер, жүзің солмай ма,
 Сізде қайғы болмай ма?
 Менің қатқан көнім жібіп тұр,
 Қашаннан суалған қу емшек,
 Міне, бүгін иіп тұр.
 Іші-бауырым еріп тұр,
 Қарағым менің келіп тұр,
 Құдай маған беріп тұр.
 Жасырып тұрсыз, балалар,
 Бұл далада келіп тұр.

Сонда қарындасы Ханзия да үйден жүгіріп шығып, батырларға сәлем беріп:

— Айналайын ағалар,
 Сау-саламат келдің бе?
 Әділдейін көкеме
 Жібектен арқан салдың ба?
 Қазидайын жас бала,
 Шығарып оны алдың ба?
 Аман-есен, түп-түгел
 Жатқан жаудың қасында,

Ағаларым, бардың ба?
 Тайдай болып тулайды,
 Ағалар, менің жүрегім,
 Кіріп тұр менің реңім.
 Көкемді көрген шағымда
 Бітсе де мейлі сүрегім².
 Жасырмай-ақ көкемді
 Шақырып сіз беріңіз.

¹ Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

² Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Керек болса, тоғайда
Толып жатыр мал деген.
Қаншасы керек, ағалар,
Сүйіншіге ал, — деді. —
Мен кетейін садаға
Бірге туған ағаға.
Құрбаны болып өтейін,
Жалғыз туған ағаға.
Ал оған көңілің болмаса,
Мені-дағы ал, — деді, —
Сүйіншіге жарасам,
Ризамын мен, — деді.

Сонда Ахмет сөйледі:
— Қарындасым, бауыр-ай,
Сөзің жақсы тәуір-ай,
Артымыздан келеді
Шұбырып қалмақ деген кәуір¹-ай.
Ол кәуірдің ішінде
Неше жақсы жандар бар,
Неше түрлі жақсы балалар бар,
Ризамын мен, — деді. —
Әділ сұлтан, көп тұрмай,
Енді мұнда кел, — деді.

Сонда Әділхан бір сайда тұр еді. Шақырғасын келді. Сонда шешесі мен қарындасы Ханзия ағасын көріп, алдынан жүгірді. Ханзия шешесінен кейінірек барды.

Сонда кемпір талпынып,
Оған барып жетем деп,
Бір-екі жерде жығылды.
Сонда тұрып қарады,
Әділ сұлтан көргенде,
Жақындап жетіп келгенде,
Омырауын кемпір ашады:
— Қарағым, Әділ, кел, — деді, —
Жасыңда емген маманды,
Балам болсаң, ем, — деді.

Келіп Әділ, қарады:
— Жасымда емген емшек, — деп,
Әділ басын салады.

Сонда кемпір толғайды:
— Құдай маған берді, — деп, —
Қарағым, маған келді, — деп. —
Жасыңда емген мамасын,
Қарағым келіп, емді, — деп. —
Құдайға мен риза, — деп, —
Алса да бүгін енді, — деп.

Қарындасы Ханзия
Келіп тұрды қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай
Көтермеді сонда басын Әділ-ай.

Сонда Ханзияның айтқаны:
— Айналайын анамыз,
Бірге туған ағамыз,
Көріңді көкем көзіме,
Айналайын шешеке,
Бір көрсетші өзіме.
Сүйіп бір, көңілім басайын,
Жабыққан көңілім ашайын,
Қайғылы менің жүрегім.
Мен жыламай, не етейін?
Ағекемнің жүзінен,
Құшақтап тұрып мойнынан,
Мауқымды бір басайын.
Тыңдашы, көке, сөзімді
Бірге туған егізім,
Қайырылып көрші өзімді.
Шешеке, маған бер, — деді. —
Бауырыңа басасың,
Омырауыңды ашасың.
Жек көреме адамзат
Бірге туған ағасын?
Айналайын ағеке,
Бұрмайсың маған мойныңды,
Ашпайсың неге қойныңды?
Ерік кетіп мен деген,
Дидарыңды көргенше,
Бар еді жаным өлмеген,
Жүзінді көрмей, шөлдеген.

¹ Кәуір — кәпір.

Бірге туған бауырым,
Сау-саламат келдің бе,
Жан көке, енді сен? — деді.
Шыдамады ағасы,

Қарындасына барады,
Құшақтап алып, бетінен
Ханзияның сүйеді.

Шешесінің айтқаны:

— Жапанда айналайын жалғызым, — деп, —
Ішінде терең судың құндызым, — деп, —
Жаратқан дүниеде перзентім, — деп, —
Қарағым, болдың енді тұяғым, — деп. —
Бір туған Ханзиямен сүйегің, — деп, —
Жарылды енді бүгін жүрегім, — деп. —
Басыма енді шықты мүйізім, — деп, —
Ризамын Аллаға,
Өтсе енді сүрегім, — деп.

Сонда жеті күн ойын-той қылады. Сөйтіп ноғайлы халқы жиналып, Әділханды сайлайды. Әділханның ноғайлы ханы болып тұрған жері осы еді.

Қалмақтан алған қаласын
Қазидайын ерлердің
Білген сонда шамасын,
Ерлік қылмай, не қылсын?
Ол да — Орақтың баласы.

Қондыкердің шәріні Қазидан мен Әділдің алғаны осы еді.

* * *

Қарасай мен Қазидан екеуі бірігіп үйге келгесін, қалмақтың Батыр деген ханы: «Қарасай мен Қазидан қорықпаса, келсін, қорықса, жатсын. Біз аттанып барып, шабамыз», — деп, хабар жібереді.

Сонда Қибатты беріп алған жалғыз Тарлан бар еді. Екеуі барып, сол Тарланға таласты.

Сонда Қазидан:

— Біз екеуіміз бір Тарлан үшін керіспейік. Шешемізге барып, ақылдасайық. Ол: «Қайсысың бар», — десе, — сонымыз барармыз, — дейді.

Сонда бұл екеуі шешесінің қасына келіп, оған Қазидан:

— Шеше, Қарасайдан сұраңызшы. Батыр ханға барғанда не деп айтпақшы екен? — дейді.

Сонда Қарасайдан айтқаны:

— Менің атым — Қарасай,
Мен де — Орақтың баласы-ай.
Іздегенім сұрасаң,

Батыр ханның қаласы-ай.
Кіргізуге дінімді,
Алдыртуға дінімді

Бармаймын ба қалмаққа?
Шеше, бір тыңда сөзімді.
Хан алдына барғанда,
Жасқанбаймын өзім-ай,
Оярмын екі көзін-ай.
Қайырып жауап ол айтса,
Өлтірермін өзін-ай.
Анау тұрған Батыр хан,
Көрсетейін қайратым.

Бермеймін оған тынымды,
Алдырамын тілімді.
Кіргізермін дінімді,
Алдырармын тілімді.
Алдырармын басын-ай.
Қысқартармын жасын-ай,
Отырам ба қалмақтың
Атаңа нәлет қасында-ай.

Сонда Қазиді: «Енді менің айтқанымды тыңда», — деді.

— Менің атым — ер Қазиді
Қарасай, Қазиді бір туған,
Орақтан екі ұл туған.
Үйде қалды Қарасай,
Ол да — Орақтың баласы-ай.
Ерегіссе, кегін бермеген,
Адырнасын қолға алып,
Қаруын жауға сермеген.
Шамырқанып қараса,
Үйде бір тұрып шамданып,
Қаршыға құстай қомданып.
«Кідірмей, — маған, — бар, — деді, —

Кідіріп қалсаң сен, — деді, —
Артыңнан барам мен», — деді. —
Көрейін деп қалаңды,
Білейін деп шамаңды,
Алайын деп еліңді,
Суалтуға айдын көліңді,
«Аламыз», — деп кегіңді,
«Сыңдырам», — деп беліңді,
«Оярмын», — деп екі көзіңді.
Ағамның айтқанын етпесем,
Өлтіреді өзімді.

Сонда шешесі айтты:

— Егер Қарасай барса: «Ағасының қолынан түк келмейді, інісінің қолынан не келер дейсің?» — деп айтар. Ал енді Қазиді барса: «Үйінде ағасы бар екен», — деп қорқар, сондықтан Қазидіжан барсын, — деді.

Қазиді жауға аттанып кетті. Қазиді неше күн жүреді, бір күні оның алдынан көп қалмақтың әскері кез болды. Сол кездегі Қазидіның айтқаны:

— Менің атым — ер Қазиді-ай,
Мен — Орақтың баласы-ай.
Артымда қалды Қарасай.
Жарағын жауға сермеген,
Дұшпанға кегін бермеген.
Үстіне киім кимеген,
Ақылсыз туған ит қалмақ,
Нең қалды енді өлмеген?
Іздегенім сұрасаң,
Батыр ханның қаласы.
Көрейін деп барамын
Қалмақтың сондай шамасын.
Қамалып, қалмақ, сен келдің,
Бәрің бірдей жиналып.

Біздің елге бара бер.
Ноғайлының нашарын
Қарасай шығар сайланып.
Жарағы қанға тоймаған,
Сансыз жауды қоймаған.
Қарасай атқа мінген соң,
Ноғайлы халқы демалған.
Мен кетейін, кетейін,
Іркіліп сізге, не етейін?
Батыр ханға жетейін,
Оған қайрат етейін.
Үйде қалған Қарасай мен
Ноғайлыға сендерді олжа етейін.

Сонда қалмақтар кеңеседі. «Інісі Қазидың қайраты — мынау, бізді адам да демей, озып барады қалмаққа. Қой, енді біз Қарасайға бармалық», — деп, кейін шабады. Батыр хан: «Қази келеді», — деген хабарды естіген соң, есіктің алдына екі қатар алмас, жеті қатар шеге, болаттан жебе қақтырды. Қази бұлардың бәрін қиратып, өтіп кетеді. Келгесін Қазидың айтқаны:

— Асыл туған, қалмағым,
 Менің атым — ер Қази,
 Мен — Орақтың баласы,
 Көрейін деп мен келдім
 Қалмақтың сондай шамасын.
 Қапыл бір болма, қалмағым,
 Жеңіл емес салмағым.
 Қарасай, Қази бір тудық,
 Орақ ханнан ұл тудық.
 Шығып бір келдім Тарланмен
 Алайын деп қалаңды,
 Жылатуға балаңды,
 Қиратуға еліңді,
 Суалтуға айдын шалқар көліңді.
 Мынау тұрған сен, — деді, —
 Тезден жауап бер, — деді. —
 Жауапты тез бермесең,
 Әкетемін өзіңді.
 Біздің дінге кірмесең,
 Жұлып алып басыңды,
 Қысқартармын жасыңды.

Сонда қалмақ сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Асыл туған, Қази ер,
 Бізге үш күн мұрсат бер.
 Қол астымды хабарлап,
 Ел-жұртымды жинайын,
 Қазы менен төремнен:
 «Бұл қалай?» — деп сұрайын.
 «Көнбеймін», — десе сіздерге,
 Әскер жинап, алдыңнан
 Әзірленіп тұрайын.
 Қатты отырмын торығып,
 Келгеніңнен қорқып.
 Құрулы тұрған алмасты
 Пытырлатып қираттың,
 Бұтадайын көрмедің.
 Құрулы тұрған жебені
 Шегедейін көрмедің.

Берейін хабар мен, — деді, —
 Үш күн етші сабырлық,
 Асыл Қази, сен, — деді.
 Үйде қалған Қарасай,
 Орақтың үлкен баласы-ай,
 Ер екен ғой шамасы.
 Мен ақылдан торығып,
 Қатты тұрмын қорқып,
 Бір пәлеге жолығып,
 Берсең мұрсат сен, — деді, —
 Тұр едім жалғыз мен, — деді.

Сонда бір Қази ер еді,
 Үш күн мұрсат береді.
 Тұра кейін шегініп,
 Атына мініп жөнелді.
 Сонда тұрып Батырхан
 Ер Қазиға сөйледі:
 — Асыл туған ер Қази,
 Жылдам елге кет, — деді, —
 Қарасайға жет, — деді. —
 Үстіне киер алтын тон
 Қарасайға берейін,
 «Алтын тонды кисін», — деп. —
 Астына мінер жорға ат
 Қарасайға ала кет.
 Ат басындай алтынды
 Сыйлыққа тағы берейін.
 Қарасай деген — ер, — деді, —
 Апарып соған бер, — деді. —
 Келмесін мұнда Қарасай,
 Апарып сен бер, — деді. —
 Кете көр енді сен, — деді,
 Мұсылман болдым мен, — деді.

Қази алып жөнелді.
 Қара жорға атпенен
 Алтын тонды алады,
 Ат басындай алтынды —
 Үшеуін алып ер Қази,

Қарасайға апарып береді.
Бір күндері болғанда,

Қази еліне келеді.

Сонда Қазидың ағасы мен шешесіне айтқаны:

— Айналайын шешеке,
Ноғайлы деген ел еді,
Етек-жеңі кең еді.
«Орақ пенен Мамайды
Сен тумадың», — деп едің.
Сегіз-тоғыз жасымда
Батырхан елін мен көрдім,
Қалмақ деген ел көрдім,
Неше мықты ер көрдім.
Үйде қалған Қарасай,
Бұл да — Орақтың баласы-ай.
Мінетұғын аты жоқ,

Киетұғын киімі жоқ,
Сатайын десе, тиыны жоқ,
Жарлылықтан басқа көрер күні жоқ.
Қарасай деген ер еді,
Болмас па екен тең? — деді.
Үйде қалған Қарасай
«Мінуге бердім сыйлық», — деп.
Қалмақтың алдым қаласын,
Мұсылман қылдым баласын.
Біз секілді ноғайдың
Бар ма екен, шеше, шамасы?

Сонда кемпірдің Қазига айтқаны:

— Айналайын қарағым,
Орақтан қалған тұяғым,
Сау-саламат келдің бе?
Асылдан қалған, сұңқарым,
Шаршамай жүріп келді ме
Астыңдағы тұлпарың?
Ақылы көп тірегім,
Қалмақтан алдап ел алдың,
Не деген артық сен деген.
Ақылға толған, молығып,
Тоқсан баулы ноғайдың
Жоқ еді бұрын кек алған.
Асыл туған баласың,
Алдың ба қалмақ қаласын,

Көрдің бе жаудың шамасын?
Артық туған сұңқарым,
Айналайын қарағым,
Қайғы етпей бола ма
Орақтан қалған балаға?
Белгілі туған ер еді
Мынау тұрған Қарасай,
Сен бір қалған тұқымды-ай.
Үндемейтін ер едің.
Орақтың айтқан сөзі еді:
«Асылым болар қарағым —
Қазижаным», — деуші еді.
Ризамын Аллаға,
Тапсырдым Аққа¹ мен, — деді.

«Қази мен Қарасайдың» біткен жері осы еді.



¹ Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, ақиқат; нағыз; Алла Тағала есімдерінің бірі.

26

 Жы-лай бер-ді е - гі-ліп: Ай-на-ла-йын жан а - ға, Үш ай-на-лып бо-ла-йын,
 29

 Кө-ке, се-нен са - да - ға! А-дам шы-дап тұ-рар ма, Бір-ге ту-ған а - ға - ға?!
 32

 Жа-ман-дық - қа қи - ма - дым... *Қайырым* $\frac{5}{4}$





Үшінші мақам

35

 Ай-на-ла-йын а-на-жан, Су ал-ған ем-ген ма-ма-жан. Жау қо-лын-да қа-лып-ты
 38

 Ө-діл де кө-кем а-ға-жан. Зын-дан-ға кә-пір са-лып-ты, Қол-а-я-ғын кі-сен-деп.
 41

 Бұ-зыл-ған-сын о - ның мү - ше - сі, Қар - лы - ғаш-тан жаз-ған хат.
 43

 Кө - кем-нен жаз - ған хат кел - ді, Мен жы - ла - май, не - (е)ге - йін,
 45

 Кө - кем-нің ес - тіп ша - ма - сын? Ал-дым-да ту - ған а - ға жоқ,
 47

 Ар-тым-да тұр-ған і - ні жоқ, Ө - зім-нен ту - ған ба - ла жоқ,
 49

 Құ - дай на - шар жа - рат - ты, Қай-ран да қы - лар ша - ма жоқ, ей.
 51 *Қайырым*

 $\frac{4}{4}$

Төртінші мақам

53
 Ей, Ме - нің а - тым - Қа - ра - сай,

55
 Мен де - О - рақ - тың ба - ла - с(ы)ай. Із - де - ге - нім, сұ - ра - саң,

57
 Ба - тыр хан - ның қа - ла - с(ы)ай. Кір - гі - зу - ге ді - нім - ді, Ал - дыр - ту - ға ді - нім - ді

60
 Бар - май - мын ба қал - мақ - қа! Ше - ше, бір тың - да сө - зім - ді,

62
 Хан ал - ды - на бар - ған - да Жас - қан - бай - мын ө - зім - ай,

64
 Ай, о - яр - мын е - кі кө - зін - ай. Қа - йы - рып жа - уап ол айт - са...

66 *Қайырымы*






Суретші А.А. Гурьев

ҚАРАДӨҢ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

«Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» шежірелік топтамасында есімі тек түркі халықтарына ғана емес, бүкіл Еуразия аумағына мәшһүр болған Нәрікұлы Шора батыр мен оның ата-бабасының, әкесінің жорық жолдары, ерлік істері суреттеледі. Негізі 8 жырдан құралған топтаманың құрамындағы «Қарадөң батыр», «Жұбаныш» (2 нұсқа), «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Көгіс, Тегіс», «Тама», «Тана» секілді туындылар бір әулеттен тараған ұрпақтардың өмір жолдарын жеке-жеке баян етеді. Дәл мұндай үргіс Мұрын жыраудан басқа жыршылардың шығармашылығында кездеспейді. Сондай-ақ топтамадағы алғашқы бес басты кейіпкердің тарихи тұлға екені оқырман қауымға тек осы туындылар арқылы мәлім болды. Топтама құрамындағы жырлардың бірқатары алғаш «Батырлар жырына» (1964, 3-т.), кейін «Ақсауыт» жинағына (1977, 2-т.) енгенімен, цикл толығымен 1989 жылы шыққан «Батырлар жыры» басылымында ғана жарияланды. Дегенмен, бұл басылымдарда кеңестік цензураның талаптарына орай жасалған өзгертулер, түзетулер, қысқартулар болған еді. Ал 2005 жылы «Қырымның қырық батыры» атауымен жарыққа шыққан жеке жинақ — «Батырлар жырының» 1989, 1990 жылдары жарияланған бесінші, алтыншы томдарының қайта басылған көшірмесі. Халық мұрасын идеологиялық ұстанымдардың араласуынсыз түпнұсқа негізінде дайындау мен мәтіндерді текстологиялық зерттеу мәселесі кейінгі жылдары ғана жүзеге асырыла бастады. Жариялылық кезеңінде бұл цикл Р. Бердібай, С. Қасқабасов, Б. Қорғанбеков және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылды. Соған орай томды баспаға дайындау барысында «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» топтамасына енген жырлардың басылымдары мен қолжазбалары бір-бірімен салыстырылды. Мәтіндер сақталған қолжазба түпнұсқаларының негізінде ұсынылды.




Суретші А.А. Гурьев

ҚАРАДӨҢ БАТЫР

Жырда Қарадөң осы топтамадағы барлық басты кейіпкерлердің тұпатасы ретінде бейнеленеді. Оның қалың оқырман назарына алғаш ілігіп және тарихи тұлға ретінде танылып, зерттеу нысанына айналуына Мұрын жырау жеткізген осы жыр қозғау салды деуге толық негіз бар. Өйткені халық мұрасын бізге жеткізушілер ондағы кейіпкерлердің есімдерін ойдан шығарды деудің еш қисыны жоқ. Бұл туынды да, осы шежірелік циклге енетін басқа жырлар да «Қырымның қырық батыры» топтамасының ғылыми айналымға алғаш рет түскен үлгілерінің санатына жатады. Шығармаға «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томындағы (1960) «Бұрын зерттелмеген жырлар» атты тарауда сипаттама берілді. С. Садырбаев қазақ эпосындағы сюжеттік тұтастану тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясында жырды осы топтағы туындылардың қатарында зерттеді. Жырдың танымдық тұрғыдан алғандағы құндылығы өзге де ғалымдардың еңбектерінде ашып көрсетілді. Шығарманың екі нұсқасы сақталған. Алдыңғы нұсқаны Мұрынның айтуынан М. Хакімжанова, соңғысын жыраудың немересі Д. Сеңгірбаев жазып алған.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың Мұрын жеткізген екі нұсқасы мен бұған дейін басылымдарда жарияланған мәтіндері салыстырылып, туындының Д. Сеңгірбаев хатқа түсірген нұсқасы ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 1-дәптер).



Қарадөң бір жаста әкеден, екі жаста шешеден жетім қалды. Бала сөйтіп жүріп, жасы үшке жетті. Сонда Қарадөң ноғайға келді. Балалар оны сабап қуды. Бала соған шыдамай қаңғырып кетті. Бала бір жерге келіп отырып, қамығып жылап айтқаны:

— Жаратты Алла өзімді,
Ойдырып жанға көзімді.
Тыңдайтын пенде болар ма,
Бұл жалғанда сөзімді?
Сорлаған мен қу маңдай,
«Ішейін» десем, асым жоқ,
«Киейін» десем, киім жоқ,
Баратұғын үйім жоқ,
Үйге кірер күйім жоқ,
Ата менен ана жоқ,
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Отырмын мен де жалаңаш.
Қайда отырып, жүрейін,

Сорлы пенде мен болдым.
Бала болса, қуады.
Көзімнен аққан қанды жас
Бетімді судай жуады.
Құдай қорлады өзімді,
Кім тыңдайды сөзімді?
Бүйтіп қорлық бергенше,
Алсайшы, Аллам, өзімді.

Жарлы жердің түбінде
Қарадөң отырып мұңайды.
Жап-жалаңаш бұл бала
Сүйеніп жарға жылайды.

Сөйтіп бала жылап отырғанда қасына бір кісі келеді. Астында есегі, басында сәлдесі, үстінде мәллесі¹, қолында асасы бар адамның балаға айтқаны:

— Жылама, балам, жылама,
Жыламай, көңілің тына ма?
Анау тұрған тоғыз үй,
Ортадағы үлкен үй,
Соған бар да, кір, — деді, —
Асырайды сол, — деді.
— Ол үй барсам, қуады, — деп, —
Басыма күн туады, — деп, —
Бала тағы жылады.
— Баратын үй сол, — деді, —
Сені жақсы бағады,
Балам, сонда бол, — деді, —
Қумайтын үй — ол, — деді.

Айтуынша үлкеннің
Үйіне айтқан келеді.
Келді де бала отырды,
Ешкім жауап бермеді,
Адам деп оны көрмеді.

Отырған екен бір кемпір,
Қасында оның бала жоқ,
Отырған шалы және жоқ,
Үндеген оған адам жоқ,
Босағада мұңайып,
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Отырды бала жалаңаш.
Бір уақыттар болғанда,
Үйдің келіп ақсақал,
Тұрды кемпір қасында.
Қарадөң сонда жүгіріп,
Шалдың атын байлады,
Қайта айналып келіп,
Отырды сонда есікте.

Сонда тұрып кеңесті:
— Мынау бала кім? — десті.
— Танымаймын мен, — деді, —
Сұрамасаң сен, — деді.

¹ Мәлле — көгілдір желең шапан.

Сонда бала:

— Мен бір жетім баламын, ата-анам жоқ, — деді.

— Мына қаңғырып жүрген балаға киім, тамақ беріңдер. Осы үйде тұрсын, кез келгенін ішіп-жесін, — деді.

Өзінің жүгіріп жүрген жалғыз баласы бар екен. О да еркелеп, хан баласы болғанмен, бір ауыз сөз айтпайды. Қарадөң ас ішіп, киімін киіп, қыдырып жүре берді.

Бір күндері болғанда, Қарадөңді ертіп, кеңеске апаратын болады. Тоқсан баулы Ноғайлының ханы екен. Сол уақытта Қарадөң он бес жасқа келген екен. Хан бір күн бойы батыр мен биін жинап алып: «Осы баланы, шамадан келсе, сыйлағым келеді. Астымдағы тағымды, басымдағы тәжімді берсем», — деп, кеңес етеді. Сонда бала жылап тұрып жырлайды:

— Айналайын жан баба,
Мен едім тұрған бір бала.
Қатар жүріп көрмеген,
Тек жаным бар өлмеген.
Ағайын-туған, жақын жоқ,
Ата, менде ақыл жоқ.
Жалғыздық пен жалаңаштық,
Дүниеде одан кәпір жоқ.
Енді қайтіп жүрермін,
Менен басқа пақыр жоқ.
Әр малыңның соңында
Қаңғырып жүрдім жалпылдап.
Әркім ояр көзімді,
Кім тыңдайды сөзімді?
Сіз берген алтын тағыңыз,
Басыңыздағы тәжіңіз
Қиын болар киюге,
Ауыр болар минуте.
Қорламаңыз өзімді,
Күнде шұқыр көзімді,
«Қаңғырып жүрген жетім», — деп,
Тыңдамас ешкім сөзімді.
Сізден кидім киімді,
Бүгін халқың жиылды.

Қаңғырып жүрген жетімге
Таққа міну қиын-ды.

Сөйтіп, бала егілді,
Көзінің жасы төгілді.
Сонда тұрып атасы,
Тағы бір сөз сұрайды:
— Тоқсан баулы ноғай халқы еді,
Балам менің жалқы еді.
Өлгенінің арты еді,
Білсең, мұның парқы¹ еді.
Өзімнен туған бұл бала,
Ол қатарға кірмейді,
«Атам», — деп, жауап бермейді,
Балалықтан еркелеп,
Қатарымда жүрмейді.
Мынау тұрған Қарадөң —
Кеудесі толған сана еді.
Тоқсан баулы ноғайды,
Тірі болса бағады.
Ашы менен арығын,
Пақыр, міскін², кәрібін
Түгелдей көңілін табады.

Сонда жиналған көптің ішінде бір бек бар еді, ол сөйледі:

— Мен бес жылдай оның әкесі — ханның қасында жүріп едім. Әкесі — ел билеген хан еді, ақылы көп жан еді, — деп ханның сөзін қостады.

Сонда хан айтты:

— Осы Қарадөңді сынап көрейік, — деді. — Жақсылық шамасын байқап көріңіз, — деді.

¹ Парқы — бағасы, құны.

² Міскін — кембағал, кемтар адам.

Қарадөң сонда күледі,
 Өксіп-өксіп жылайды.
 Жылайды да, жырлайды:
 — Мен бір жетім бала едім,
 Жалғыз жүрген жан едім.
 Таба алмасам парқыңды,
 Біле алмасам қалпыңды,
 Көптің бабын таба алмай,
 Мен ойлаймын артымды.
 Айналайын көп халқым,
 Оя көрме көзімді,
 Тыңда менің сөзімді,
 Өлтіресің бе өзімді?
 Қымбатты артық бабамыз,
 Жел болған күн панамыз,
 Жау келген күн қаламыз,
 Мені ілгері бастырып,
 Қорлыққа бермей қараңыз.

Сонда қартың сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Қарадөң қойған атыңды,

Екі-үш күн өткен соң атасына келіп:

— Әй, ата, мен де жалғыз бала едім. Жалғыз болсам да, халықтың ойы жеңді ғой. «Жалғызбын», — деп отыра берем бе? Қараменде деген қалмаққа барайын, соны шауып алайын, — деді.

Ол «Ер қаруы — бес қаруды¹» асынып, басына дулығасын киіп, қара тұлпарды ерттеп мініп, жүріп кетеді.

Қарадөң бала жөнелді,
 Сол қалмаққа бармаққа,
 Қалмақтың елін алмаққа,
 Барып, ойын салмаққа.
 Тәуекел етіп, жол жүрді,
 «Алыста болса, жетем», — деп,
 Күні-түні жол жүрген,
 Есебі жоқ мол жүрген.
 Көрмеді жанның қарасын,
 Жалғыздық сонда білінді.

«Жапанда жалғыз мен, — деді, —
 Қыбырлаған қара көрмеген,
 Тек жалғыз қалдым өлмеген.
 Ен майданға шыққан соң,

Асыл туған затыңды.
 Сыйлап саған билікті,
 Берейін деп отырмын,
 Тыңдаңыз, халқым, сөзімді.
 Айтып саған бәрін де,
 Қасында өзім тұрайын,
 Бітпейтұғын іс болса,
 Өз халқымнан сұрайын.
 Бірігіп кеңес құрайын,
 Қыдырып бір-екі жыл қасында,
 Өзім жолдас болайын.

Есіткен соң бұл сөзді,
 Қарадөң бала тебіренді.
 Қоймасын ақыр білген соң,
 Мақұлдап бала, алады.
 Тарқаған соң кеңестен
 Атасымен ол еріп,
 Үйге сонда барады.
 Атадан тақты алған соң,
 Қарадөң ойға қалады.

Сонда көңілім сүрінді.
 Жараттың, Алла, өзімді,
 Аштырған соң көзімді,
 Көрсеттің жақсы-жаманды.
 Дүниеден екі рет
 Шешекемнен айырып,
 Зарлаттың, Алла, өзімді.
 Табаным жерге тие алмай,
 Жығылдым талай жерлерге.
 Бір күндері болғанда,
 Екіге жасым толғанда,
 Әкемнен тағы айырылдым.
 Әкемнің аты Бек еді,
 Аруақты ер еді.
 Қысылғанда жебейтін

¹ Бес қару — қылыш, айбалта, найза, шоқпар, садақ.

Қайран атам жоқ еді,
 Тәуекелге бел байлап,
 Найза ұшына ту байлап,
 Жалғыз да кетіп барамын,
 Біз секілді ерлерді,
 Қаңғырып жалғыз жүргенде,
 Есіңе ал біздерді.
 Көрмеген қиғаш жерлерге,
 Шығайын деп белдерге,
 Жетейін деп елдерге.
 Баба Түкті Шашты Әзіз¹,
 Қырық шілтен² Қызырмен,
 Жәрдем берші біздерге.
 Астымдағы Қара атым
 Шапқан сайын зулайды,
 Жануар да қанатты.
 Алдынан қашқан бұлан мен
 Ақбөкендей аңдардың
 Біреуін де қоймайды.
 Жалғаншы деген бұл зұлым
 Талайларды алдаған.
 Жалғыз жүріп жапанда
 Қалай жұмыс етермін?
 Он беске жасым толғанда,
 Талаптанып жол шықтым,
 Аз ғана емес, мол шықтым,
 Бір мезгілде қашан жетермін?»

Бір уақытта түн болды,
 Түн артынан күн болды.
 Дамылсыз шауып келеді,
 Қара ат-тағы піл болды.
 Төрт аяғын тең басып,
 Ұшқан құспен теңесті.
 Шаршасын ба жануар,
 Шапқан сайын бұл өсті.
 Қос тепкіні салғанда,
 Жымитып құлақ алғанда,
 Атына көңлі толығып,
 Өзімен-өзі кеңесті:
 «Жан серігім, Қара атым,
 Қолымдағы болатым³,

Үстіңдегі Қарадөң
 Сендерге де сын болды.
 Жалғыз шықтым елімнен,
 Туып-өскен жерімнен.
 Жалғыз жетім қалғанда,
 Қарт атама бала боп,
 Мұндай күйге жеткенде,
 Ала алмасаң жауыңды,
 Саған да, батыр, мін болды!»

Ен даладан өткенде,
 Қалмаққа жақын жеткенде,
 Көңілі өсіп батырдың,
 Ентеленіп ол жүрді.
 Жақындап кеп, қараса,
 Алыстан үлкен шаң көрді.
 Шаң ішінде будақтап
 Келе жатқан жан көрді.
 Шаңға қарай ол жүрді.
 Жақындағанда ол шаңы,
 Топырлаған көп жан көрді.
 Бөлінбеді шамасы,
 Ашылмады арасы,
 Шаң мен жанды көргенде,
 Сонда тұрып қамықты:

«Ана менен атадан
 Қылып жүрдай қойғаның,
 Жетім қалып жасымнан.
 Осы ма еді дүниеде
 Екі көзбен көргенім?
 Дін мұсылман елдерім,
 Шағалалы айдын көлдерім,
 Көңірсіген құба дөңдерім.
 Егер мынау жау болып,
 Алла жәрдем бермесе,
 Қалады сондай жерлерім.
 Қырық шілтен Қызыр мен
 Бабам, жәрдем болғайсың.
 Баба Түкті Шашты Әзіз
 Біздерді еске алғайсың.
 Сөндіргей жаудың оттарын,

¹ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

² Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

³ Болат — қылыш.

Күлін көкке ұшырып,
 Дарытпағын оқтарын.
 Осы егер жау болып,
 Жау қолында мен өлсем,
 Ата менен туған анам жоқ,
 Қысылсам, көмек беретін.
 Анамнан туған ағам жоқ,
 Білмеймін кімнің жоқтарын.
 Әуелі Алла, екінші —
 Әулие¹, шайқы², пірлерім³
 Болмасабасқа панам жоқ.
 Не болса да көнемін,
 Қылды Алла, шарам жоқ.
 Ен далада жалғызбын,
 Қара аттан басқа қарам жоқ.
 Қасымда жоқ жолдасым,
 Осындай қиын тар жолда
 Алланың өзі қолдасын!»

Жаудың көрді қарасын,
 Көріңді оның шамасы.
 Жақындап келіп қалыпты
 Жиналған қалмақ баласы.
 Жалғыз тұрған қараға,
 Тобын жазбай көп қалмақ,
 Қараменде бас болып,
 Қарадөңдей келді балаға.
 Келе сонда Қараменде сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Әй, жас бала, жас бала,
 Жоқ жолдасың қасыңда,
 Ақылың жоқ басыңда.
 Қырық бірдей биіммен
 Шықтым аңға осында.
 Көріп сені далада,
 Келдім сенің қасыңа.
 Танымай тұрмын мен, — деді, —
 Аты-жөнің сен айтып,
 Түсіндір, бала, сен, — деді.

Қарадөң сонда сөйледі:
 — Ата-тегім сұрасаң,

Ноғай деген ел, — деді, —
 Өзімнің әкем Бек еді,
 Атымды менің сұрасаң,
 Қарадөң деген ер едім.
 Жөнімді менің сұрасаң,
 Қалмақ деген ел, — деді.
 Сол қалмаққа барарға,
 Қалмақтың елін аларға,
 Еліне ойын саларға,
 Ата жауым қалмақтың
 Издедім елін шабарға.
 Ата тегіңді сұрайын,
 Жауап маған бер, — деді.

Сонда қалмақ сөйледі:
 — Қалмақ деген ел едім,
 Ежелден мекен тұтынып,
 Тұрған осы жерім.
 Атымды менің сұрасаң,
 Қараменде ер еді,
 Қалмақ та болсам, асылым —
 Ақсүйек туған төре еді,
 Ноғайды көрсе, жер еді.
 Ноғайлы деген сен бе едің,
 Бізбенен тең бе едің?
 Қаһарланып ақырсам,
 Ноғайлының баласын
 Бір қауызға сыйдырам.
 Қаһарым қатты ер едім,
 Деміме ас пісірген.
 Ерегіскен сендей ноғайдың
 Өзінің қанын өзіне
 Түрпіменен ішірген.
 Басыңдағы дулыға,
 Шалқайтып оны киіпсің.
 Қолыңа ұстап найзаңды,
 Айла қандай қылыпсың?
 Соғысуға келіпсің,
 Астыңдағы Қара атпен
 Күні-түні желіпсің.
 Соғысуға келсең сен,

¹ Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

² Шайқы /а/ — ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

³ Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

Астыңдағы атың мен
 Қолыңдағы найзаңды
 Маған, бала, бересің.
 Егер маған бермесен,
 Сонда, сорлы, өлесің,
 Өлімді жақын көресің.
 Жас басыңнан соғыссаң,
 Жанбай отың болып күл,
 Тезірек, бала, сөнесің.
 Егер соны етпесең,
 Қасымдағы аламан
 Ұрыспай ма баламен?
 Астыңа мінген қарасың
 Шаршап келген Қара атпен.
 «Қашамын», — деп ойлайсың,
 Қашып қайда барасың?

Сонда Қарадөң сөйледі:
 — Қашатын кісі мен емес,
 Ол айтқаның жөн емес.
 Аяп тұрсаң: «бала», — деп,
 Астыңдағы атың мен
 Беліндегі беренді¹
 «Шешіп беріп көр», — деген,
 «Дәмең болса кел», — деген,
 «Қайратымды көр», — деген.
 «Бала», — деп сен аясаң,
 Кезегімді бер, — деген.

Сонда Қараменде сөйледі:
 — Жасым үлкен ағамын,
 Жасы кіші баладан,
 Жасымды мен ол бұлдап,
 Кезегімді аламын.
 Кезегімді мен алсам,
 Алла тізгін оңдаса,
 Ақ сүңгіні саламын,
 Көңіліңді табамын.
 — Жасың үлкен ағасың,
 Жасыңды сен ол бұлдап,
 Кезегіңді аласың.

Сонда қалмақ оқталды,
 Толайына² қол салды,
 Қозы жауырын қу жебе³
 Суырып оны қолға алды,
 Садағын керіп тағы алды.
 Ішінде бар ақ сауыт,
 Қарт қояндай қасқарып⁴,
 Тұрды қарап қақшиып,
 Сонда қалмақ оқ атты,
 Бір атқанда үш атты,
 Үш оқты бірден босатты.

Үстіне киген ақ сауыт
 Жыртыла жаздап ол қалды.
 Сөгілер еді ақ сауыт,
 Жар болды кәміл пірлері,
 Кереметті дүрлері,
 Қасиетті ерлері.
 Қарадөңдей жас батыр
 Садақты керіп қолға алды,
 Садақты қолға алғанда,
 Өлерін өзі білген соң,
 Қарадөңдей баланың
 Аруағын көрген соң,
 Жағаға сонда қол салды.
 Суырып алды қылышын,
 Тарылтуға тынысын.

Сонда тұрып Қарадөң
 Қылышын алды суырып,
 Атаңа нәлет қалмақтың
 Заманасын қуырып.
 Суырып алған қылышпен
 Сонда тұрып ұрады.
 Үстіне киген көк темір,
 Батпады, қылыш тисе де.
 Батырлар сонда шамданды,
 Қатуланды, қаттанды,
 Буырқанды, бусанды,
 Мұздай темір құрсанды.
 Қолына алды батырлар
 Ақ сапты болат найзасын.

¹ Берен — болат қылыш.

² Толай — қорамсақтың бір түрі.

³ Қозы жауырын жебе — пішіні қозы жауырынына ұқсас, ұшы болат, жалпақ жебе, оқ.

⁴ Қасқарып — қасқайып, тура қарап.

Шығаруға ерліктің
Біріне-бірі айласын,
Ойлады жанның пайдасын.

Жап-жас қана балаға
Тамағынан шалдырып,
Жанын беру қиын-ды.
Өздерінше ол-дағы
Бабасына сиынды.
Найзаларын суырып,
Біріне-бірі салады,
Итерісіп қалады.
Қиын сондай іс болды,
Қарадөңдей балаға
Қалмақ сонда күш қылды.
Қарадөң сонда қарады,
Бабасына сиынып,
Балдағы¹ алтын құрыш болат
Суырып қолға алады.

Бабасы жәрдем болған соң,
Ендіре алмады ит қалмақ
Онан әрі найзасын,
Таппады жанның айласын.
Қараменде қалмаққа
Қарадөң найза ендірді.
Қылышпенен тағы ұрды
Қалмақтың басын алмаққа.
Қалмақтайын кәуірдің²,
Жүрекке найза енгенде,
Ауыздан қаны атылды.
Сонда басын алады,
Тездетіп ол жүгіріп,
Қара атқа барады.

Ханы оның өлген соң,
Қасындағы би мен бек
Ақ берені жарқылдап,
Соғысуға қарады.
Алды қолға қылышын,
Тарылтуға тынысын.
Ақ найзасын өңгерді.
Жалғыз өзін, қарасаң,

Сол қырыққа теңгерді.
Салды батыр айғайды,
Басындағы дулыға
Сонда кейін қайқайды.
Араласып соғысты,
Сол соғыстың ішінде
Би, шора, бектері
Басына қылыш тигенде,
Жаны кетіп кеудеден,
Тек ат үстінен шалқайды.
Шалқасынан жығылған,
Ішіне найза тығылған.
Ат үстінде ол жүріп,
Көрді алып талайды.
Аты жүйрік би мен бек
Еліне қашып барады,
Сай-саланы далдалап³.
Еліне хабар береді,
Сол хабарды есітіп,
Шықты елінен көп халық.
Ала шұбар⁴ ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген.
Құр айғыр ол ұстап,
Кейбіреуі салт мінген
Шықты, міне, қаладан.
Келді алдынан Қарадөң,
Сол бір қолды көргенде.
Астындағы қара тұлпары
Ортқи-ортқи ойнады,
Қолында бар ақ семсер,
Жүзі қанға тоймайды.
Топтан шықты бір қара,
Келе тұра қалады.

Сонда тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қарсы топқа ұрынып,
Өзің де жас баласың.
Білмей ме екен жас бала.
Өзінің қайрат-шамасын?
Сенің әлің жете ме,
Қалың топты қарашы?
Өлейін деген жас бала,

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

² Кәуір — кәпір.

³ Далдалап — тасалап.

⁴ Шұбар — теңбіл-теңбіл түс, ала, алабажақ.

Өлімнен тіпті ойың жоқ,
Өзіңнен зорға жолықсаң,
Жабыстырар жерлерге.
Қарға-құзғын жем болып,
Бұйырмас саған жерлер де.
Боларсың сонда масқара.

Қарадөң сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— «Балам, балам», — дей берме,
Менің әкем сен емес,
Сенің балаң мен емес,
Ол айтқаның жөн емес.
Атаңа нәлет, ит кәуір,
Қыламысың келемеж?
Қанша айта келсең де,
Ол айтқаның жөн емес.

Көптігіне сүйеніп,
Қалмақ сонда жапырды.
Ақ семсерін қолға алып,
Оларға қарап, ақырды,
Аллалап ұран шақырды.
Нәсерлеген жауындай
Қолыңдағы қылышты
Үсті-үстіне сермеді.
Кезіне келген қалмақты
Бұтадайын көрмеді.
Қарсы келген қалмақтың
Қақ маңдайын шабады.
Оңына келген қалмақтың
Найзамен көңілін табады.
Қарадөңдей батырдың
Қабағынан қар жауды,
Екі көзден от жанды.
Қарсы келген қалмақтың
Айнадайын көзінен
Қып-қызыл боп қан тамды.
Найзағайдай ойнады,
Қалмақтың тойын тойлады.
Ақ семсері жарқылдап,
Қара тұлпар үстінде,
Найзағай мен бұлттай
Ортада жүріп ойнайды.
Қалмақтың тойын тойлайды,

Сұр бүркіттей түнерді.
Сонда қалмақ қашады,
Қайтерін білмей сасады.

Жанұшырумен көп қалмақ
Қалаға келіп кіреді.
Қаланың аузын қандатты,
Шарбақтың¹ ішін шаңдатты.
Ортадан ойып жол салды,
Ерегіскен қалмақтың
Жабығынан қол салды,
Жесірлерін дулатты.
Қаланы алып болған соң,
Мұсылман қылды діндерін.
Сындырды жаман белдерін,
Бүлдірді сөйтіп елдерін.
Қаланы алып болған соң,
Айдады елге ол қарай
Жесір-жебір, жетімді,
Және малды айдады.
Арада асты таулардан,
Және асты белдерден,
Жесірді айдап барады.
Батпақ, сорлы жерлерден,
Орғыл, шағыл құмдардан,
Және де өтіп барады.
Батпақты, лай көлдерден,
Арып, ашып, тон тозып,
Сонда жеткен секілді
Мекен еткен елдерге.
Алып жесір келгенде,
Көк ала шұбар ту байлап,
Көктен шатыр көтертіп.
Салтанатын білдіріп,
Боз жорғамен жүрдіріп,
Атасы өгей ол шықты.

Қарадөңдей еріңіз
Қара атынан ол түсіп,
Алдынан келіп атаның
Сонда сәлем береді.
Ел-жұрты халқы мен
Ата-анасы көреді.
Барлығына ол қарап,
Және де сәлем береді:

¹ Шарбақ — қоршау, қаша.

— Жасың үлкен бабамыз,
Жел болғанда, панамыз,
Сау-саламат, аман ба
Өзіңнің салған қалаңыз?
Қалмақ жауға мен бардым,
Шауып алдым қаласын,
Қараменде хандарды
Жекпе-жекте өлтіріп,
Қасында келді қырық би,
Оны-дағы жібердім
Сұхбатына келтіріп.
Содан бардым қалаға,

Қалада қалмақ көп екен,
Шеңгелі иттің зор екен,
Бардым салып соғысты.
Қалмақтың алып қаласын,
Шулатып қатын-баласын,
Жесір-жебір мен алдым.
Келе жатыр артымда
Қосылған және мал мен мүлік.
Малдың санын төрт түлік
Ноғайлының аш-арық
Соларға, ата, бер бәрін.

Сонда атасы көптің ортасына шығып, мадиықтанып¹, бір ауыз сөз айтты:

— Жиналған көп жамағат,
Қайтарды ғой еңбекті,
Өгей де болса, бір өскен
Келді бала саламат.
Халықтың қамын мен айттым,
Жөнін біліп баланың.
Айтпадым мен ол жалған.
Абзальында² шын айттым.
Айналайын ел-халқым,
Балаға мен ризамын,
Он беске жасы толғанда,
Атаның кегін арлаған,
Өшіккен жауын қорлаған.
Ноғайлыда ондай ер,
Жаралғалы адамзат,
Ондай ұлан болмаған.

Жапанда кетіп барады —
Қасында жоқ жолдасы,
Алласы болды панасы.
Атадан артық туғандай,
Суретіне қарашы.
Қарадөң тірі бар болса,
Жыламас ноғай баласы.
Үстінен дүбір өткізбес,
Кетпес жауға қарасы.
Ноғайдың кегін арлады,
Болады Ноғай панасы.
Айтпадым ба аздада:
«Осындай туған баланың
Көкірегінде көп, — деп, —
санасы!» —

деп, ноғай ханы сөзін бітірді. Сонан кейін бүкіл Ноғайлыны шақырып, той қылып, Қарадөңді мадиқаттап³ көтерді.

Арада неше жыл өтті. Ноғай ханның баласы Бердіханды азғырды. Әкесі жоқ кезінде ноғай сонда жиылды. Сонда тұрып, бір биі сөз сөйледі:

— Әй, Бердіхан, Бердіхан,
Әкеңнің тұрған алтын тақ
Қаңғырып келген жетімге
Билеттің оны сен бейбақ.
Баласы ханның сен едің,

Алтын тақты билеуің
Саған, бала, жөн еді.
Айырылдың мұра орнынан,
Ақылың сенің кем, — деді. —
Баланы қойшы жоқ етіп,

¹ Мадиықтанып — мақтанып, масаттанып.

² Абзальында — расында, шындығында.

³ Мадиқаттап — мадақтап, дәріптеп.

Әкеңнің тұрған тағында
Тұршы, балам, сен, — деді. —
Қаңғырып келген сол жетім
Билеп сенің кетпей ме
Маңдайдағы бағыңды?
Айырылсаң бағыңнан,
Жиналған сенің ол құрбың
Сені мазақ етпей ме?
«Айырылдың бақтан», — деп,
Маңдайыңа теппей ме?
Ақылынан адасып,
Болсаң да ханның баласы,
Ақылың сенің болды кем.
Алтын тақтан айырылып,
Болдың ғой сорлы, сен бейбақ.

Ортасына көптің келгенше,
Бүйтіп қорлық көргенше,
Емес пе жақсы өлгенің?

Сонда бала тұрады.
Ақылынан адасты.
Араға түскен шайтандар
Әртүрлі жолға бұрады.
Ақылының кемдігі:
Әкесі мен баланы
Шағыстырып залымдар,
«Жолдаспын», — деп жүргенде,
Болмады оған елдігі.
Ала алмай тақты жүргенің
Азалдағы ақылыңның кемдігі.

Сонда бала «Әкеме барайын, бүйтіп ханның тағын жетімге беріп, өзім билерге күлкі болғаным жарамас. Сол тақты, қалай да болса, өзім алайын» деп ойлады.

Бұл сөздің бәрін естіген Қарадөң
«Жетім» деген сөздері
Жүрегіне жік болды.
Есіткен соң сөздерді,
Қайғыланып қан жұтты.
«Жараттың, Алла, не етерге,
Жолығып тұрмын бетерге¹.
Әуелі бастан мен неге

Келдім екен қалаға,
Өмірімді мен өткізіп,
Жүрмедім неге далада?
Қайғылы болды іштері,
Жасыды жаман күштері.
Тұра берсем бұл жерде,
Қиын болар шайтанның
Істейтін маған істері».

Бердіханның әкесіне келіп сөйлегені:

— Әй, бабамыз, бабамыз,
Желді күні панамыз.
Жауын жерде панамыз,
Мен көрдім, ата, зорлықты.
Жетімді қойып тағыңа,
Бердің маған қорлықты.

Хан баласы болсам да,
Қатарыма енбедім,
Күнім өтті кеюмен.
Қатарға жүріп, атамыз,
Қызықты дәурен сүрмедім,
Қызықты дәуір сүрмедім.

Сонда баланы ертіп, жиналған топқа әкеліп, әкесінің айтқаны:

Жиналған еді ноғайлы,
Атасы сонда сөйледі:
— «Атам», — деп, маған ермедің,
Жолығып жауап бермедің,
Қатарымда жүрмедің.

Жас он беске келгенше,
Қатарымды көрмедің.
«Хан баласы» дегенмен,
Асып сөзді сөйледің.
Қарадөңдей жас бала,

¹ Бетер — «қиындық» деген мағынада айтылып отыр.

Дұшпанменен қас бала
 Сегіз жасқа келген соң,
 Қатар жүріп, көздеді,
 Өз қатарын іздеді.
 Жаманға, жүдә, ермеді,
 Жаманның бетін көрмеді.
 Жақсы сөзін сөйлесе,
 Отырып сөз тыңдады.
 Жаманның ісін қылмады,
 Жасы үлкенді сыйлады.
 Балам, сені қарасам,
 Керек емес сөз айтып,
 Жақсының ісін қылмадың.
 Бетіңе біреу айтса сөз,
 Өз-өзіңнен тұлдандың.
 Баласы ханның болған соң,
 Шора мен биді жинадың.
 Қарадөңді тақтан алуға,
 Мұддағанды¹ айтуға
 Атаңа келіп сөйлейсің.

Лайықты сөзің болмады.
 Қарадөңді қарасам,
 Хас патшадай қамданған.
 Лашын құстай қомданған,
 Дұшпанды айтса, сайланған,
 Қару-жарақ байланған,
 «Қиын-қыстау кездерде
 Тоқсан баулы ноғайдың,
 Іздеп, құлқын табад деп,
 Ерегіскен дұшпанды
 Айдап жолға салад», — деп.
 Айтпадым көп қалпын.
 Араға түскен бұл бала
 Бұзды ма елдің түр-қалпын?
 Өзімнің балам болсаң да,
 Қоя алмаймын хандыққа.
 Егер де болсаң хандықта,
 Елім-халқым бұзылар,
 Тұра алмайсың хандықта.

Сол елдің бір басты адамы бар екен. Сол да ханның сөзін қостады. Сол қостағасын, барлық халқы да қостайды.

Қарадөң «Ішіндегі жамандардың ойы жаман екен. Мен тағы да қалмаққа аттанайын. Сонан соң сол елді алып келген соң, ноғайға көзін сала алмайды ғой» деп ойлады.

Қарадөңдей батырың
 Мінерге атын баптады.
 Найзаларын саптады,
 Қылыштарын таптады.
 Тұлпарын қара жемдеді,
 Айыл-тұрман бек тартып,
 Құйысқанын қысқартып,
 «Жүрейін жөн», — деді.
 Тоқсан баулы ноғайдан
 Бір жан оған ермеді.
 «Қаразымдай қалмақ ханына
 Жүрейін», — деп, атты ерледі².

Бадана көзді берік сауыт
 Үстіне баса киеді.
 Пірлеріне сиынып,
 Енді атына мінеді.

Халық үшін белді буады,
 Ноғайдың қамын ойлады,
 Жылатпасқа баласын,
 Бүлдіртпеске қаласын,
 Қаладан шығып жөнелді.
 Астындағы қарасы
 Орғыл-орғыл құмдардан
 Ақ бөкендей өрмелеп,
 Аузын ашып келеді.
 Омыраудан тері сорғалап,
 Және де өтіп барады
 Талай-талай төбеден.
 Шалқыған дария көлдерден
 Суғарып атын алады.
 Суға әбден қанған соң,
 Ор қояндай жосытып
 Және кетіп барады.

¹ Мұддаға /а/ — талап-тілек.

² Ерледі — ерттеді.

Өтті биік таулардан,
 Қорқар емес жаулардан.
 Ақ найзасын өңгеріп,
 Келе жатыр сол бала,
 Бір өзін мыңға теңгеріп.
 Алыс та болса алмағы,
 Қаразымның жеріне
 Ойлады бала бармағы.
 Қызын соның күң етіп,
 Ұлын қоюды ойлады
 Есікте жүрер құл етіп.
 Неше күндей жосиды,
 Бір замандар болғанда,
 Келді елдің шетіне,
 Келген соң елдің шетіне,
 Қарауылда ол тұрған.
 Көрді жүздей қалмақты.

Сонда көрді шамасын,
 Жүз қаралы кісінің
 Көріп қалды қарасын.
 Келе тұра қала сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Кімнің мынау қаласы?
 Кімсің сендер сұрайын,
 Боласың қандай ел? — деді. —
 Аты-жөнім сұрасаң,
 Қарадөң деген ер, — деді. —
 Издедім қалмақ елдерін,
 Жерін оның аларға,
 Еліне ойын саларға
 Издеп шықтым мен, — деді. —
 Асылым менің — ноғаймын.
 Жүргенім менің солаймын.

Сонда қалмақ ханы Әзір жігіттен сегіз жүз жігіт алып, Қарадөңге қарсы шықты. Сонда қалмақтар артындағы еліне хабар жіберді. Сонда сегіз жүз кісінің ішінен біреуі сөз сөйледі:

— Тегімізді сұрасаң,
 Қалмақ деген ел едік,
 Тұрған бөлініп ер едік.
 Күтіп тұрған ерлерміз,
 Көрсек ноғайды, жер едік.
 Қаңғырып мұнда келгенің,
 Ағарды ма, сорлы көзіңіз?
 Сегіз жүздей еріміз,
 «Соғысамын», — деп сен сорлы
 Келіп, нені білгенің,
 Болмай ма өлім көргенің?
 Ажал-дағы сормаңдай,
 Сені айдап келгені.
 Өзің жалғыз дарасың,

Байтақ қалмақ елдерін,
 Алдында тұрған бабаңыз
 Өлтіреді өзіңді,
 Қалай менен аласың?
 Қолға ұстаған ақ сүңгі
 Саған салып алармын,
 Қайратыңды қарармын.
 Ұстаған қолға көк берен,
 Оны да сермеп қалармын.
 Ерегіссең сен, бала,
 Астыңдағы атыңмен
 Үстіңе киген шарайна,
 Ұстаған қолға қаруың
 Олжа қып бәрін алармын.

Сонда Қарадөң сөйледі:

— Менің атым — Қарадөң,
 Жекпе-жекке келсең сен,
 Өлтірермін өзіңді,
 Оярмын екі көзіңді.
 Астыма бүктеп салармын,
 Тамағыңнан бауыздап,
 Көңіліңді табармын.
 Артыңдағы көп қолды

Талқандап оны шабармын,
 Мақтасам, мақтау сүйеді
 Астымадағы Қара атым.
 Жүзіне келсе қоймайды
 Жандағы алмас болатым.
 Қусам, саған жетермін,
 Өлтіріп сені алармын,
 Еліңе таман барармын!

Ұлыңды отын етермін,
 Қызыңды қатын етермін.
 Қалаңды шауып мен алып,
 Қызың қатын етпесем,
 Атамнан тумай кетермін
 Қаразымдай қалмаққа.

Осы сөзі өтеді,
 Сүйегіне жетеді.
 «Қызын қатын етейін»
 Деген сөзі қалмақтың
 Зығырын сонда қайнатты.
 Сонда қалмақ долданды,
 Құрыш болат қолға алды,
 Қарадөңге қарады.
 О да қайсар ер екен,
 Суырып қылыш алады.
 Қаразым сонда ұмтылды,
 Екі батыр жекпе-жек
 Алысып сонда қалады.
 Ақ найзасы жарқылдап,
 Бірін-бірі шанышты.
 Нар¹ бурадай айқасып,
 Арыстандай алысты.
 Шанышқанға шыдамай
 Қаразымның найзасы,
 Ортасынан бөлінді.
 Найзасы қолдан кеткен соң,
 Жеңілері білінді.
 Қарадөңнің көздері
 Шамшырақтай жайнады,
 Зығыры ердің қайнады.
 Атқа қамшы басады,
 Екінші кезек келгенде,
 Найза сонда шаншады.
 Найзамен түйіп қалғанда,
 Ысырылып ханыңыз,
 Ат көтіне барады.
 Мұрсат бермей, тағы да

Найзаны салып қалады.
 Қалмақтың ханы Қаразым
 Сонда аттан ұшады,
 Қара жерді құшады.
 Ханы аттан ұшқанда,
 Сегіз жүз қалмақ жапырды.
 Сонда тұрып Қарадөң
 Бұларға қарай ақырды.
 Оң келгенін оң шапты,
 Сол келгенін сол шапты.
 Қарсы келген қалмақтың
 Қақ маңдайын шабады,
 Кейбіреуін шанышады.
 Аттан түсіп кей қалмақ,
 Аузынан қаны атылды.
 Сонда қалмақ қашады,
 Қырылып көбі қалған соң,
 Не етерін білмей, сасады.
 Қалаға келіп, қамалды-ай,
 Таппады басқа амалды-ай.
 Қарадөң мінген Қарасы,
 Желеді есіп самалдай.
 Қаланың ішін қан қылды,
 Қатын мен баласын,
 Қалмақтың алды қаласын.
 Мұсылман қылды діндерін,
 Жесір-жебір, мал алып.
 Қаразымның қызы еді,
 Гүлқашима сұлуды
 Алып жүрді оны да.
 Еліне қайтты, қарашы.
 Бірнеше күн жүреді,
 Нақ үш айға толғанда,
 Жесір-жебір, мал алып,
 Еліне сонда келеді.
 Жесір менен жебірді
 Үлестіріп батырың
 Халыққа оны береді.
 Жарлысы байға теңелді...

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

Бірінші мақам

Орындаған: Асқамбаев Темірбек
 Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

жай

6 Ай, _____ Жа-рат-ты Ал-ла ө-зім-ді, Ой-ды - рып жан-ға

9 кө - зім - ді. Тың-дай-тын пен - де бо - лар - ма,

12 Бұл жал-ған - да сө - зім - ді? Сор - ла - ған мен қу маң-дай,

14 І - ше - йін де - сем, а - сым жоқ, Ки - е - йін де - сем, ки - ім жоқ,

16 Ба - ра - тұ - ғын ү - йім жоқ, Үй - ге кі - рер кү - йім жоқ,

18 Ей, а - та ме - нен а - на жоқ. Жа - лаң а - яқ, жа - лаң - бас,

20 О - тыр-мын мен де жа - ла - ңаш. Қай - да о - ты - рып, жү - ре - йін...

Ей _____

Екінші мақам

24 Қа-ра-дөң сон-да сөй-лей-ді: - А - та-те- гім сұ-ра-саң,

29 Но-ғай де - ген ел, де-ді. Ө-зім-нің ә - кем Бек е - ді, ей, А-тым-ды ме-нің



Үшінші мақам



Төртінші мақам

74

78 Жи-нал-ған е - ді но-ғай-лы А - та-сы сон - да

83 сөй-лей-ді: "А- там" деп ма-ған ер-ме-дің, Жо-лы-ғып жа-уап бер-ме-дің,

88 Қа-та-рым-да жүр-ме-дің. Жас(ы) он бес-ке, ой кел-ген-ше, Қа- та- рым-ды

93 көр-ме-дің. "Хан ба-ла сы" де-ген-мен, А-сып сөз - ді сөй-ле-дің.

96 Қа - ра - дөң- дей жас ба - ла, Дұш-пан - ме__ нен

қас ба- ла...





Суретші А.А. Гурьев

ЖҰБАНЫШ БАТЫР

Жырда Қарагөң ұлы Жұбаныш батырдың ел тәуелсіздігіне қауіп төндірген қалмақ қолымен ұрыста көрсеткен қаһармандық тұлғасы бейнеленеді. Туындының бүгінгі күнге жеткен екі нұсқасын да М. Хакімжанова Мұрын жыраудың айтуынан жазып алған. Олардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Мысалы, екінші нұсқа жыршылық дәстүрге орай бас кейіпкердің дүниеге келуі, оған ат қойылуы секілді типологиялық сарындармен басталса, бірінші нұсқада мұндай сюжеттік элементтер кездеспейді, туынды он жасқа келген Жұбаныштың әкесінен жауға аттануға рұқсат сұрауынан басталады. Екінші нұсқа бұрынғы басылымдарға ілікпей қалып, тек «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясында ғана (2008, 50-т.) алғаш рет жарияланды. Ал «Батырлар жыры» жинақтарында бірнеше мәрте жарияланған алғашқы нұсқаға құрастырушылар тарапынан түрлі өзгерістер енгізілгені байқалады. Атап айтқанда, нұсқаның кіріспесіндегі 30-дан астам жыр жолының мазмұны кітапта қара сөзбен шағындап қана берілген.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың бұрын жарияланған мәтіндерінің кіріспесіндегі жыр тармақтары және мақсатты түрге кіргізілген өзге де өзгерістер қолжазба бойынша бастапқы қалпына келтіріліп, Мұрын жеткізген туындының екі нұсқасына текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Соның негізінде Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы 673-буманың 2-дәптерінде сақталған мәтін ұсынылды.



Қарадөңнің баласы болып,
 Жасы жетіге толып,
 Едәуір егде болып,
 Ноғайда хан болған,
 Өзі асыл жан болған.
 Жетім қалып жасында,
 Бақыт қонып басына,
 Қалмақ пен қызылбас,
 Үндістен кек алған,
 Атасынан тақ алған.

Құдай беріп бағын да,
 Отырғасын тағында,
 Тоқсан баулы ноғайды
 Өз аузына қаратқан.

Ақылы асып, білік пен ерлікке,
 Қосқан жоқ Алла кемдікке.
 «Енді кеттім-ау» дегенде,
 Қатынынан бір ұл туады.
 Ұл туғанда қатыны
 Әулиеге¹ түнеген,
 Алладан перзент тілеген.
 Артық туған ерлердің
 Тілегі қабыл болған соң,
 Бұрынғы өткен пірлерден²
 Балалы жан болғасын,
 Мерекелі той қылып,
 «Кім қоямыз, — деп, — атын?»
 Ноғайлы халқы кеңесті.
 «Жұбаныш», — деп қойды атын.

Онға жасы толады,
 Едәуір жігіт болады.
 Әкесі Қарадөң
 Сексенге таман жетеді.
 Әкесі Қарадөңге келіп,
 Жұбаныш сөз сөйлейді:
 — Артық туған данасың,
 Ноғайлы халқына панасың.
 Алыс пенен жақынның
 Жүріп білдің арасын.

Жас басыңнан ат міндің:
 «Алыс жерге жетем, — деп, —
 Ноғайды бермей қорлыққа,
 Соған пана етем», — деп.
 Бір күндері болғанда,
 Артыңнан туған мен балаң,
 Сіз барда көлік мінейін.
 Жақсы менен жаманды
 Қыдырып-ақ білейін.
 Күш-көмегі аз еді,
 Жалғыз болды тағайын³,
 Бола ма бізге ағайын.
 Шығуға қалай далаға,
 Отырған қалай қалада,
 Алыс жерге барарға.
 Көкірекке жел енді,
 Басқа жерді аларға.
 Рұқсат сізден аларға,
 Алыс жерге кетерге,
 Қару-жарақ, атыммен
 Үндіс пенен қалмаққа,
 Шама келсе, жетерге.
 Ноғайлының жақсысы
 Ақыл салып, жолықсын.
 Көп халықтың ішінде
 Неше түрлі бар шығар,
 Жамандары қорықсын:
 «Ата жолын қуды, — деп, —
 Атаға тартып туды», — деп,
 Жақсылары қуансын,
 Жамандары күйінсін.
 Тәуекелмен, әй, ата,
 Жапанда жалғыз көп жүрдің.
 Тәуекел мен де етейін.
 Аллаға қойып ниетті,
 Бұл қалмаққа кетейін.
 Енді басқа халықтар
 Бізбен болмас ағайын.
 Қайратым халыққа білінсін,
 Ноғайға болсын қайратым.
 Білінген сыртқа тағайын,
 Тудым, ата, мен сізден,

¹ Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

² Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

³ Тағайын — белгілі, жазылған, анықталған.

Не қылып мал бағайын?
Не қылса да, бір жерге,
Рұқсат болса, барайын.

Қарадөң сонда сөйледі:
— Ақ сұңқар едің қу алған.
Жалғызы кетсе алысқа,
Оның арты суалған.
Алпыстан жасым асқасын,
Перзентті беріп бір Алла,
Мен едім қатты қуанған.
Қойып едім атыңды,
«Жұбатсын», — деп, — Жұбаныш.
«Кетемін», — десең алысқа,
«Жүремін», — десең, жол болсын.
«Ерлік» деген жалғанда
Айламенен он болған.
Айламенен ерлік қыл,
Тек ерліктен пайда жоқ.
Біреуге күйіп сен кетпе.
Құр ашудан пайда жоқ.
Жалғыз жүрген ерлер көп,
Ноғайлының ішінде —
Ол ерлерде айла көп.
Айламенен іс қылмақ,
Егескен жауға күш қылмақ.
Міне қалсаң, шырағым,
Байлаулы тұрған Қара атқа,
Төрт тұяғы болат-ты.
Төрт аяқтан қолаңса¹,
Ол бір үлкен қанат-ты.
Саңдықта бар-ды,
Темірі — асыл болат-ты.
Кез келгенді кесерге
Кез келген қылыш жарамас.
Саңдықта тұрған көк балдақ
Ол темірге қарамас.
Ақ сүңгі найза қолыңа ал,
Жебесі алмас жасалған,
«Өтпейді», — деп тая алмас.
Саңдықта тұрған көк жебе
Ер қасына ілерсің.
Алыс та болса, шамалы
Жерге қатты жүрерсің.
Шамалы жерді өлшеп бар,
Ол шабыстан танбайды.

Жүрісін байқап қарасаң,
Ұшқан құстан қалмайды.
Жекпе-жекке келгенде,
Көк жебенің ішінде
Сауыт бұзар бір оқ бар —
Ол сауытты бұзбай қоймайды,
Өтпей, сірә, қалмайды.
Жекпе-жекке келгенде,
Шарайнасыз келмейді,
Жұмсап қатты болатты,
Сауыт бұзар оқ атшы.

Қарадөң мен Жұбаныш
Екеуі сөйлеп тұрғанда,
Шешесі келіп сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Халық ұстаған хан едің,
Ақылға қамал дана едің,
Айтпасыңа болмайды,
Перзентіңе үйрет ақылды.
Ақылы болса, аңдасын;
Барған жауын шамдасын.
Тек сөйлескенмен, жылыстап,
Дұшпанға сырын бермесін,
Оны жақын көрмесін.
Естісін, Жұбаныш, құлағың,
Тапсырдым Аққа, шырағым.
Алыс та болса, барарсың.
Аршыланнан көп тіле,
Қабыл болса тілегің,
Үндіс пенен қалмақтың,
Қайсысын болса да, аларсың.
Кетемін десең кетерсің,
Дұшпанға қайрат етерсің.
Шаршаймын деп ойлама.
Алыс болса, барарсың.
Жері жазық, дөң болса,
Кештің қыры жүргейсің.
Ол дұшпанға қаларсың,
Ортаға кіріп кетпегін,
Шетте тұршы оңаша.
Орта тұрсаң қаларсың,
Қиындыққа, қарағым,
Ақылың болса, аларсың,
Жадыңа ал мұны, қарағым.

¹ Қолаңса — қуыс таға.

Жадыңа алып әр сөзді:
 «Батаңызды бер, — деді.
 Жақсы менен жаманды
 Көп көріп едің сен», — деді.
 Рұқсат алып бәрінен,
 Жұбаныш шықты үйінен.
 Алғыс алып анадан,
 Қара атты, келіп, ерледі¹.
 «Етіне қатаң тиер», — деп,
 Мақпалдан² тоқым салдырды,
 Жібектен салды құйысқан.
 Жоқ еді шуысқан.
 Омырауша бұл салды,
 Екі тартпа бұл тартты.

Шешесіне Жұбаныш
 Қайырылып тұрып сөйледі:
 — Асыл туған анамыз.
 Алыс та жерге біз кетіп,
 Қайран ана, барамыз,
 Болғай Алла панамыз!
 Қолыңды бер, қарт ана,
 Жылағаннан пайда жоқ,
 Тәуекел, ерде айла көп.
 Үндіс деген елдердің
 Қылыш деген ханы бар,
 Ар жағында тауы бар.
 Бер жағында құмы бар.
 Өзен, дария, көлі бар,
 Естігенім шын болса,
 Байтақ жатқан елі бар.
 Асыл туған анамыз,
 Оң қолыңды беріңіз.
 Жылап қалма, шешеке,
 Жас шығарып көзіңнен.

— Ризамын өзіңе,
 Қарғам, айтқан сөзіңе.
 Аман қайтар күн болса,
 Кешікпей, балам, кел, — деді, —
 Жасы жеткен бабаң бар,
 Шетте тұрған қалаң бар,
 Ноғайлы деген елің бар.

Осынша ноғай ішінен.
 Барасың жалғыз сен, — деді. —
 Жылағанмен, пайда жоқ,
 Тапсырдым Аққа мен, — деді. —
 «Бер», — десең қолым, қарағым,
 Берірек кел, — деді.

Жұбаныштай жас бала:
 «Ат үстінен қол берсем,
 Мұным ұлық болар», — деп,
 Аттан түсіп қалады,
 Шешесінің қолынан
 Жұбаныш ұстай алады.
 Көзінің жасын тигізбей,
 Қолдасып кемпір қалады.
 Атқа мініп Жұбаныш,
 Сапар шығып жөнелді.
 Жануардың жүрісі
 Ор қояндай ырғиды,
 Атқан оқтай зырғиды.
 Аяңдамайды, желеді,
 Дөңгеленіп келеді.
 Диірменнің тасындай,
 Жүрісі қызық осындай.
 Үндістің жері алыс-ты,
 Балалығы емес пе,
 Жұбаныштай батырың
 Ұшқан құспен жарысты.
 Арандай³ аузын ашады,
 Құлаштап⁴ аяқ басады.
 Дарияның суындай
 Тер шыққан сайын құлашты
 Жануар жаман ашады.
 Найза бойы жар келсе,
 Үстінен аттап кетеді.
 Тасыған дария су келсе,
 Онан да қарғыш өтеді.
 Бір айуанның баласы
 Онан не қып озады?
 Таулардың шығып басына,
 Көз салады әр жерге.
 Издеп жүрген үндістің
 Еш қарасын көрмеді.

¹ Ерледі — ерттеді.

² Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

³ Арандай — далиған үлкен, кең.

⁴ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

Бөтентаудан құлады.
 «Алайын», — деп хабарға,
 Сол қараға барарға.
 Жұбаныштай ер еді,
 Соған құлап жөнелді.
 Арасы сексеуіл, жыңғыл ну еді,
 Қалыңдығы бұл еді.
 Бөтентаудың басынан
 Жүз кісі әскер көріпті.
 «Жетім-жесір алдық, — деп, —
 Олжаға батып қалдық», — деп,
 Жүз кісіге бас болып,
 Қылыш ханың қас болып,
 Қарадөңді өлтіріп,
 Талқандап оның қаласын,
 Шулатып қатын-баласын,
 Еліне бұрын барарға,
 «Салайын», — деп хабарға.
 Қашаннан жүріп, ел алған,
 Ноғайдан неше кек алған.
 «Елге таман барамын,
 Жатып, демді аламын.
 Ноғайға тағы шабам», — деп.

Сонда Жұбаныш сөйледі:
 — Асықпашы, батыр-ай,
 Қорықпашы, япыр-ай.
 Атаңа нәлет, сен үндіс,
 Мақтанасың, Қылыш хан,
 Сөзіме енді құлақ сал.
 Мен — Ноғайлы елімін,
 Елден шыққан ерімін.
 «Қылыш хандай үндісті
 Алармын, көрсем», — деп едім.
 Тұр едім көріп қолыңды,
 Білейін деп тұр едім,
 Сендей, үндіс, шамаңды.
 Мен — Қарадөң баласы,
 Менің атым — Жұбаныш.
 Тыңдап, салып құлағың,
 Ұрысар болды уағым.
 Ақ сүңгіні беруге
 Ерге бола ма тұруға?
 Астыма мінген Қара ат-ты,
 Жануар құстай қанатты.

Қамалып тұрған үндіске
 Жұмсады батыр болатты.
 Араға түсіп үндістер,
 Қылыш ханды қорыды.
 Қарт бурадай қасқайып,
 «Алла!» — деп ұран салады.
 «Елінді алдым», — дегесін,
 Құм сағыздай сазарып,
 Қаны қашты бозарып,
 Өз-өзінен долданып,
 Батыр жаман қорланып,
 Үлкен соғыс болады.
 Қаңбақтайын жұмалап¹,
 Жұмсады найза сабалап,
 Үндістің басы құлады
 Қара жерге жұмалап.
 Әрқайсысын әр жерде
 Найзалады қуалап.
 Өлгеннен соң нобайлап,
 Өлтіруге қолайлап,
 Үндістің кетті сәндері.

«Бізге болды солай, — деп, —
 Болмайды екен оңай, — деп, —
 Құлады таудан Қылыш хан
 Жасырынатын тоғай», — деп.
 Жұбаныш шапты тоғайды-ай,
 Қылыш етті тойынды-ай.
 Тұрмады жаудың қасында,
 Талайдың түсірді басын-ай,
 Қысқартып итін жасын-ай.
 Қарсы тұрып, тоғысты,
 Мұндай етіп соғысты.
 Көбі қашты еліне,
 Артынан қуып бұл жетті,
 Бірталайын меңдетті.
 Қатын менен баласын,
 Үндіске көрсетпей, шулатты.
 Алып барып еліне.
 Кірді туған еліне,
 Жеткізіп қанды жеріне.
 Қашқанының артынан
 Жұбаныш қуып жетеді.
 Ақ сүңгіні салады,
 Жығылып шіркін қалады.

¹ Жұмалап — домалап.

Жер жазықтап ол-дағы
Топыраққа барады.
Қырылды үндістің
Бірі қалмай, қарашы.
Тап келеді далада
Жұбанышқа анасы.
Дорба салып мойнына,
Тезек теріп жүр екен,
Ен далада мұңайып.

— Аспандағы жұлдызым,
Судағы берен құндызым,
Ішімнен шыққан уызым —
Жапанда жүріп зарлаған
Есітер ме екен дыбысым,
Шақырсам, қолға қонар ма?
Жалғзынан айырылған
Біздей сорлы оңар ма?
Заманым менің түзеліп,
Бұрынғыдай болар ма?
Қан төгіліп көзімнен,
Қалды дүние өзімнен.
Атаңа нәлет, бұл үндіс
Ойды менің көзімді,
Құртуға қалды өзімді.
Есітер ме екен жалғзым
Зарлаған менің сөзімді.
Естісе оның құлағы,
Келер еді шырағым.

Бұрылуға шама жоқ,
Залым қалмақ алғандай,
Енді болды арманда-ай.
Сонда кемпір мұңайды,
Жапанда жүріп жылайды.
Артынан еріп Жұбаныш
Анасының келеді.
Айтқан сөзін естіп,
Соңынан қалмай ереді.

Алдынан шығып Жұбаныш,
Анасына сөйледі:
— Артық туған данамыз,
Сен едің туған анамыз,
Мен едім сіздің балаңыз.
Үндістің көрдім қаласын,

Қалмақтың көрдім шамасын.
Тоғыз ай, он күн көтерген
Қайран менің анамсың.
Танымасаң өзімді,
Тыңда менің сөзімді.

Сонда кемпір сөйледі:
— Айналайын жас бала,
Кеселеп менің алдымды,
Басыма күн туды,
Үйге барсам, сабалап
Қатын мен бала тұрады:
«Өлтірем, — деп, — өзімді»,
Жұлады талдап шашымды,
Кесейін деп басымды,
Қысқартуға жасымды,
Қорлады менің өзімді,
Тыңдамайды сөзімді,
Танымай тұрмын мен, — деді.

Жұбаныштай жас бала
Атынан түсе қалады.
— Жалған емес сөзім, — деп, —
Балаң едім өзім, — деп, —
Жұбаныш балаң — мен, — деді, —
Менің шешем — сен, — деді. —
Сынайын десең, шешеке,
Мамаңды маған бер, — деді.

Сонда кемпір қарады.
«Қарағым менің сен бе?» — деп,
Омырауын бұл ашып,
Кемпір жақын барады.
«Жасымда емген мамам, — деп, —
Сен едің менің анам», — деп,
Аузына салып Жұбаныш,
Емшегін сорып қалады.
Танығасын бір-бірін,
Екеуі атқа мінеді.
Қылыштайын қалмақтың
Жылатқан екен баласын,
Көргесін шамасын,
Алды жинап қарасын.
Шұбыртып елге айдады
Үндістің қатын-баласын.
Шешесіне өзінің

Жорғаны таңдап мінгізді,
Торқаны¹ таңдап кигізді.
Қасына қосып бір қосшы,
Тәрбиемен жүргізді.
Қалмақты айдап еліне,
«Жеткізем», — деп жеріне,
Келеді айдап батыр-ай.
Жақындады, япыр-ай!
Жаяу жүріп, қаңғырды.
Шарасы бар ма, пақыр-ай?
Елге жақын келгенде,
Жұбаныш озды еліне,
Бұрынғы қонған жеріне.
Жеріне келсе, елі жоқ,
Елсіз жерде тұрғасын,
Ырғалып тұрған шөбі көп.

Жұбаныш сонда келеді
Әкесінің қасына,
Моласының басына:
«Артық туған бабамыз,
Талайды көрген данамыз,
Алыс сапар жол жүріп,
Келеді-ау бүгін балаңыз.
Алдымда туған аға жоқ,
Күн туды, әке, біздерге.
Артымда туған інім жоқ,
Ерліктен басқа мінім жоқ.
Сөйлесер едің, әкежан,
Бұрынғыдай тілің жоқ.
Оқиын Құран басыңа,
Келіп тұрмын қасыңа.
Беретін жауап тілің жоқ,
Басыңа келдім енді, — деп, —
Құдай күнің берді», — деп.
Оқып Құран басынан
Шығып кетті Жұбаныш
Әкесінің қасынан.

Шұбыртып жесір келтірді
Өз орнына қондырды.
Жұбаныштай батырдың
Қылыштың елін шауып келгені.
Жұбаныш бір күндері кеңес құрды,
«Тағы қалмаққа аттанайын» деп
айтқаны

Жер шамасын көрейін,
Қияға көзім салайын,
Қызылбас пен үндістің,
Жүріп, елін көрейін.
Ар жағында қалмақ-ты
Тістетер бір күн бармақты.
Шамасы келсе, ноғайды
Бұл қалмағың алмақ-ты.
Ноғай деген бұл халық —
Толып жатқан байтақ ел.
Үшқиян — деген жақын жер,
Ағынды дария су еді,
Жағасы балқаш, ну еді.
«Қалмақ келіп қалар, — деп, —
Жесірлікке алар, — деп. —
Үстімнен дүбір өтпесін,
Басыма қорлық жетпесін.
Өзім тірі тұрғанда,
Ата жолын қуайын.
Үндіске кегім кетулі.
Қорлығына мекен өтулі.
Алған менің қаламды,
Өлтірген менің бабамды.
Аямаспын үндісті,
Шамам келсе дүниеде.
Істеген ісі жаман-ды.
Ойламай ма ер жігіт:
«Қорлық көрсе намыс», — деп.
Ноғайлы халқым — ел, — деді. —
Ақсақалдар жиналып:
«Жолығалық, кел», — деді. —
Жасы жеткен қарт анам:
«Тапсырамын мен», — деді».

Ақ сақалды данасы,
Бірқатары шалдардың
Сонда келді шамасы.

Жұбаныштың бұл көпке
Айтқан сөзін қарашы:
— Жасы үлкен даналар,
Бұрын туған бабалар,
Қызылбастан ел алса,
Енді бізді қамалар.
«Сындырдым, — деп, — белдерін,
Суалттым, — деп, — көлдерін.

¹ Торқа — қымбат бағалы седдір, жібек мата.

Бетегелі, боз бұйрат,
 Аламын, — деп, — жерлерін,
 Кетейін деп мен тұрмын.
 Үндістің естіп елдерін.
 Іздесем, ақыр табармын,
 Солардың мекен жерлерін,
 Мынау тұрған — анамыз,
 Жасаңдау еді балаңыз.
 Алла оңғарса сапарды,
 Алысқа кетіп барамыз.
 Тапсырдым Аққа мен, — деді, —
 Жамандық көрер жер болса,
 Жәрдем берің, ақсақал,
 Ағайын-туған, ел, — деді. —
 Баратұғын жерімнің
 Қиғаш екен арасы.
 Айтушы еді Қарадөң:
 «Жүдә¹ алыс, — деп, — шамасы.
 Тоқсан күндік жол, — деді, —
 Жиырма күндік шөл, — деді. —
 Арасы — батпақ, дөң», — деді.
 Өзінің тірі күнінде:
 «Іздеме, балам, сен, — деді —
 Қайырылып жауға бармайды.
 Кеткен қайтып келмейді».
 Ақсақалдар, не дейсің,
 Барамын кетіп мен? — деді.

Сұлтан деген бір шалың
 Сонда тұрып сөйледі:
 — Жұбаныштай баланың
 Оңғарсын Алла сапарын!
 Өзің кетіп барасың,
 Үстіне дұшпан келмесе,
 Залым қорлық бермесе,
 Біз отырмыз, шықпастан,
 Зәре тимес ноғайдан.
 Жақсы-жаман болса да,
 Көрерсің, балам, Құдайдан.
 «Барамын», — деп ат міндің,
 Бұл үндістің елі еді.
 Алдыңызда Қарадөң
 Деген бір шөл жатыр.
 Бір сөзінде өзінің
 Айтушы еді Қарадөң:
 «Арасы алыс дөң, — деуші ед,
 Өзі алыс шөл, — деуші ед.
 Сол себептен бара алмай
 Жүруші едім мен», — деуші ед.
 Ол шөлді, балам, не етесің?
 Қалай алыс кетесің?
 Шөлдің алыс шамасы,
 «Отыз күндік жер», — деуші еді.
 Астыңа мініп барасың
 Қарадөң мінген Қара атты.
 Тұяқтары болат-ты,
 Қолаңсада ол еді
 Ұшқан құстай қанатты.

Сонда Жұбаныштың қартқа айтқан сөзі:

— Ілгергі туған ағалар,
 Жақсы-жаман көп көрген
 Бәрің де білгір даналар,
 Мен мінемін Қара атты.
 Құс секілді жануар,
 Төрт аяқта бар-ды қанаты.
 Атадан қалған адырна,
 Белге будым болатты.
 Қу жебені қолға алдым,
 Шарайна киіп үстіме,
 Дулыға кидім басыма.
 «Барам», — деп жауға кезеңдім.
 Бір ноғай ермей қалушы ед,

Қашаннан-ақ қасыма.
 Ақ сүңгіні байлаған,
 Жүрерге жолын сайлаған,
 Тапсырып Аққа, кетем, — деп, —
 Үндіске бармай, не етем? — деп, —
 Әкеме еткен қорлығын
 Сол үндіске етем, — деп,
 Атқа мініп алғанда,
 Ақсақал мен даналар
 Бәрі үлкен ағалар,
 Келіп тұрды ноғайлы
 Жұбанышты қамалап.

¹ Жүдә /а/ — өте, тым, аса, тіпті.

Анасы келіп қасына,
Сөз сөйледі шамалап:
— Жұбаныштай перзентім,
Қолыңды көтер сүйейін,
Берейін бата мен, — деді. —
Алланың шері — Аршылан,
Қысылатын жер болса,
Шаһимардан кел, — деді
Жалғызға жәрдем бер, — деді. —
Рүстем-Дастан деген бар,
Ол — Аршыланның досы еді.
Жұбаныштай перзентім
Саламат келер күн болса,
Ендігі қалған жасымда
Тілегім менің осы еді.
Әулие, шайқы¹ қолдасын,
Рүстем-Дастан, Алланың
«Аршылан» деп ат қойған —
Солар болсын жолдасың,
Үндістің жолы оңбасын.
Атаңнан қалған көк алмас²,
Сермесе, кеспей қалмаған.
Қолыңа алған ақ сүңгі,
Сауыты мен шарайна,
Онан өтпей қалмаған.
Дұшпаныңа барғанда,
Жақындасып сөз айтпа,
Аз ғана сөйлесіп, кеткейсің.
Перзентім, енді кел, — деді, —
Оң қолыңды бер, — деді. —
Алла оңғарсын жолыңды.
Тапсырдым Аққа мен, — деді.

Сонда тұрып Жұбаныш.
Қара атқа мініп жөнелді.
«Тапсырдым, — деп, — Аллаға»,
Үйден шығып барады.

Тобылғылы деген тау еді.
Қашаннан үндіс жау еді.
Ол үйіріп жан ұстаған
Талайдан мықты хан еді.
Үндіс деген халыққа

Ие болған асыл жан еді.
Әскер жиып, алдынан
Ноғайға таман барады.
Мың жарым кісі әскермен
Шыққан екен алдынан.
«Үшқиянға жетем, — деп, —
Ноғайды талқан етем, — деп. —
Олжаға малын салам, — деп, —
Ноғайдың жерін алам», — деп, —
Алты айлық азық бұл алып, —
«Бұл алты айда, не қылып,
Жетпей қалай қалам? — деп. —
Ноғайға жетіп алғасын,
Азықты сонан алам», — деп,
Мейманасы тасқаны.
Есепсіз батыр жол жүрді,
«Жетейін», — деп, мол жүрді.
Астындағы Қара ат-ты,
Буады белге болатты.
Аямады Жұбаныш,
Қатты жүріп бұл атты.
Артында жатқан қара тау
Мұнар деген тау еді,
Өзі биік жар еді.
Сол таудың шықты басына
«Жетпей қалай қалам?»
Жаны жоқ еді батырдың
Аттан басқа қасында.

Сонда Жұбаныш тұрып сөйледі:
— Көлденең жатқан қара тау,
Басың мұнар қараңғы-ау.
Байтақ ноғай ел еді.
Ішінде ері көп еді.
Ар жағыңда жалғыз болғасын,
Тумадан³ тума болмады,
Жалғыз адам бармады.
Аттанып жолға жүрсем де,
Жалғыз кетіп барсам да,
Мырза мен би келмеді.
Көкіректе шыбын жан
Тапсырдым Аққа мен, — деді, —
Рүстем-Дастан — ер, — деді,

¹ Шайқы /а/ — ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

² Көк алмас — қылыш.

³ Тума — ағайын, туысқан.

Алла шері — Аршылан,
Шақырамын ерлерді.
Жау қарасы көрінсе,
Сіздер жәрдем бер, — деді.
Қыдыр ата¹, жар болып,
Қырық Шілтен², қолдай көр.
Жолымды, Құдай, оңдай көр.
Көлденең жатқан қара тау,
Аттанған шығар үндіс — жау.

Көрініп тұрған қара жер
Ағарған енді шаң болды.
Шаңды көріп алғасын,

Сонда хан: «Ноғайлы келе жатыр», — деп, мың жарым әскер шығарған екен.

Жұбаныш қараны көргесін,
Жау екенін білгесін,
Қарсы келді тебініп,
Омырауынан тер сорғалап.
Қорықсын ба үндістен?
«Көп екен», — деп қорғалап.
Астына мінген бұл Қара ат
Құйрығын тігіп, қамшылап,
Тер шыққасын, қызады.
Маңдай тері тамшылап,
Қарыштап аяқ басады,
Бұрынғыдай болмады.
Терлегесін жануар
Адымын қатты ашады.
«Жібер», — деп сонда басын-ай.
Жетіп келді үндістің
Мың жарым кісі қасына-ай.
Келгендігі үндіске
Жұбаныштың осылай.
Үндіс деген көп халық,
Алып келді қамалап,
Тұра қалды жағалап.
Ортаға келіп бұл тұрды,
Бір Аллаға паналап,
Он екі жілігін
Он екі мыңға санап-ай,

Жұбаныш әр нәрсеге таң болды.
Батыр таудан құлады,
Алладан медет сұрады.
Іздегені жау еді,
Құламай батыр қалай тұрады?
Аяңдамай, желеді.
Құйындайын бұрқырап
Жапанда жалғыз келеді.
Тәуекелмен іс қылған
Сондай тұқымды ер еді.
Ол үндістен аттанған
Мың жарым әскер сол еді.

Қамаған жауға қарамай.
Сонда үндіс сөйледі:

— Жылқының міндің қарасын.
Жарқыным, қайда барасың?
Білмей ме екен жас бала
Өзінің қайрат-шамасын?
Қолыңдағы найзаңыз,
Болмайды енді айлаңыз.
Қамап тұрған үндіске
Келе ме, байғұс, шамаңыз?
Қайта жүр, бала, сіз, — деді, —
Сіздің елге барамыз.
Елден шықтық ноғайға,
Көрсек, елін шабарға.
Олжа қылып мал-басын
Ол ноғайдың аларға.
Баста сен бір еліңе,
Тауып бер бізге жеріңді.
«Өлмеймін», — деп ойлама,
Бізіңменен ойнама,
Қамап тұрған ер, — деді. —
Боламысың осынша
Көп халыққа тең? — деді. —
Түк ашуда пайда жоқ,
Өлесің, сорлы, сен, — деді. —

¹ Қыдыр ата — ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші.

² Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

«Өлмеймін», — десең бейшара,
Еліңе бастап жүр, — деді.

Сонда Жұбаныш сөйледі:
— Мен — ноғай деген ел, — деді, —
Мекенімді сұрасаң,
Еділден шыққан кең сала,
Ноғайдан шыққан ер, — деді. —
Бастайын ба енді мен? — деді, —
Аузыңа келген сөзіңді
Сөйледің-ау, үндіс, сен, — деді. —
Ұстадым алмас қолыма,
Салармын, үндіс, жолыңа.
Аламын деп тұрсың ба,
Жалғыз ғой деп өзіңше?
Еліңді іздеп табарға,
Үндісті қоймай шабарға.
Артымда жүрген әскер көп,
Ілгері озып мен келдім
Болатұғын хабарға,
Еліңді іздеп табарға.
Бес мың кісі қолым бар,
Енді, үндіс, сорың бар,
Атың менен тоныңды
Олжа етіп аларға
Ойлаған менің ойым бар.
Еліңе хабар айт сенің
Тобылғылы тауға жиналған
Көп үндісті алсам деп,
Келемін соған мен, — деді.

Сонда үндіс сөйледі:
— Жерімді менің сұрасаң,
Тобылғылы тау, — деді. —
Іздегенім сұрасаң,
Еділ деген су, — деді, —
Жағасы — қалың ну, — деді, —
Жер сауыры — бұл, — деді. —
Әңгімені көп айтпа,
Баста енді соғысты.
Енді өлесің сен, — деді.

Ер еді артық айлалы,
Көлденеңнен қолға алды

Жұбаныш сонда найзаны.
Бір шабуыл жанына
Батыр етті пайданы.
Найзасын алып қолына,
Ұрысатын жаулардың
Сонда салды жолына.
Сермеді, найза қолға алып...

Жұбаныш сонда ақырды.
Рүстем-Дастан, Аршылан —
Екі ерді шақырды.
«Жеңейін», — деп ойлады
Үндіс деген кәпірді.
Найзасын салып үндіске,
Апшысын жаудың қуырды.
Көрмегенге таң болды.
Ұрысқан жерін қараса,
Қызыл жоса қан болды.
Өлген адам үстінен
Қара ат шауып басады,
Үндіс қорқып сасады.
Күні-түні соғысты.
Бұл төрт күнге толады.
Күн қараңғы болады,
Үндістер қашып тарады.
Ағарып таң атқанда
Жұбаныш дөңге көз салған.
Ешбіреуін көре алмай,
Сай-саладан қарады,
«Тағы да қалмақ бар ма? — деп, —
Кеткен екен заңғар¹, — деп, —
Жетейін, — деп, — еліне,
Тобылғылы тауына», —
Жұбаныш батыр салады.

Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз² көп мол жүрді.
Еліне хабар тиіпті,
Мұнан бұрын қалмақтар
Еліне келіп жетіпті,
Ханға хабар етіпті.
Күні-түні шапқылап,
Еліне жетті жалбақтап:
— Бізге қиын болды, — деп, —

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

² Қисапсыз — есепсіз.

Ноғай келіп қалды, — деп. —
 Қатын менен баланы
 Ноғай талап алды, — деп. —
 Артында оның бар, — деді, —
 Бес мың кісі қолдары.
 Әскері оның көп екен,
 Қазылып жатыр жолдары бұл, — деді.

Озып келген бір адам:
 — Қолында бар найзасы,
 Көп екен жауға айланы.
 Шапсақ, қылыш өтпейді.
 Онан да жақын баруға,
 Қолымыз қорқып, батпады.
 Қу жебесі қолында,
 Кейінгі қалған үндістің
 Жүрген шығар соңында.

Ілгері кетті хабарға,
 — Ханымызға айтар, — деп, —
 Жинап әскер алар, — деп. —
 Ханымыз барса ноғайға,
 Басын кесіп алар, — деп, —
 Сормандай өліп қалар, — деп. —
 Астында жүйрік Қара ат бар,
 Тек сермесе, кеседі,
 Жанында кескір болат¹ бар.
 Не қылса да, қоймайды,
 Жарағы қанға тоймайды.
 Ортада қамап тұрғанда,
 Шамырқанып, шамданды,
 Буырқанып, бусанды,
 Қалмаққа құтырып оқ атты,
 Жұмсады қатты болатты.
 Көрген адам айта алмас.
 «Жылқы», — деп бұл атты.
 Атқан оғы іркілмей
 Нешесінен өтеді.
 Ортаға атқан бұл оғы
 Нешелерді бұл тесіп,
 Шетке шығып кетеді.
 Қолында бар-ды жебесі-ай,
 Көрмеді жөнді шегедей.
 Жалғыз келді оңаша,
 Қайраты мықты, тамаша.

Мың жарым кісі қамады,
 Келмеді сонда бір жанның
 Бұл адамға шамасы.
 Бұл пәле екен табылған
 Жалмауыздай, қарашы-ай.

Ханы сонда ақырды,
 Әскерлерін шақырды.
 Тұрмады әскер бапталып,
 Бәрі шығып, шабады,
 Мұрсатқа қоймай жапырып,
 Хан бұйырғасын шақырып.
 Ханға келді қашқаны,
 Тұра ала ма сасқаны.

«Жалғыз болса бұл адам,
 Етерміз, — деп, — ұйығын,
 Кесерміз, — деп, — мүйізің»,
 Көп әскердің ішінде
 Ханы жүрді бас болып.
 «Көрейін, — деп, — ноғайдың,
 Жалғыз болса шамасын.
 Кім өлтірсе сол алсын
 Астындағы Қарасын.
 Және алсын қолынан
 Қылышы мен найзасын,
 Тарылтсын — деп, — тынысын.
 Шығармай, жылдам өлтір, — деп, —
 Сол ноғайдың тынысын».

Алдымен келді ерлері:
 «Ханынан бұрын жетем», — деп.
 Жалпылдап шауып келеді,
 «Ат-тонын олжа етем, — деп. —
 Қаңғырып жүрген бұл ноғай
 Олжа қылмай, не етем?» — деп.

Жұбаныш сонда Қара атты
 Мініп алып шабады.
 Топырағы кетеді
 Құйындайын бұрқырап.
 Кесек-кесек кетеді
 Табанынан зырқырап.
 Бұрылмады батыр-ай,
 Салды «Алла!» — деп айғайын

¹ Болат — қылыш.

Жұбаныш сонда, япыр-ай.
 Дауысын естіп үндістер
 Зәресі кетіп сасады.
 «Ермін» деген немелер
 Түсі кетіп қашады.
 Найзағайдай ойнады.
 Шабысқа Қара ат тоймады.
 Ол дыбысын қарасаң,
 Күркіреген күндей-ді.
 «Қайратымды біл», — дейді.
 Бұрынғыны тастап Жұбаныш,
 Енді нағыз шындайды.
 Алдына келген үндісті,
 Қылыш шауып ұндайды¹.
 Көрмеген екен сормандай
 Қырғын салған мұндайды.

Қайратын көріп, сасады,
 Әр жаққа үндіс қашады.
 Шығармады биікке-ай,
 Оны қуып киіктей,
 Сай-салаға қамады.
 Тығылғанын табады,
 Балдағы² алтын көк алмас³,
 Соныменен шабады.
 Бұл батырға шабуға
 Ендігі жерде хан керек
 Хан болса, сорлы не қылсын?
 Оған-дағы жан керек.
 «Барайын, — деп, — қалаға»,
 Ол да қашты қайырылмай,
 Ұрысуға шыдамай.
 Бара алмады қалаға,
 «Кетейін, — деп, — далаға,
 Қалың қамыс араға.
 Кетермін, — деп ойлады, —
 Көрінбей ол қараға».
 Жазық бір жердің даласын,
 Жұбаныш көріп қалады.
 Қашқан ханның қарасын.
 Қасында бар он кісі
 Бұрыннан жолдас шамасы.
 «Ашылсын, — деп, — араға,

Барайын, — деп, — қалаға»,
 Қашқан екен ол сорлы,
 «Жеткізбен, — деп, — қараға».
 Жұбаныш қуып келеді.
 Атының басын бұрады,
 Қараны көріп алғасын,
 «Кетпесін, — деп, — далаға»,
 Шыға қашты қараға.
 Жазылып келіп, бүгілді,
 Омыраудан тері төгілді,
 Шортандай белі бүгілді.

Аузын ашып арандай
 Артынан жетті, япыр-ай.
 Жақындап келді батыр-ай.
 «Қашқанменен, қоймас, — деп,
 Құр қашқанмен, болмас», — деп,
 Тұра қалды қайырылып,
 Жолдасынан айырылып.
 Басқасы тұрды кідіріп,
 «Ханды тастап кетпелік,
 Құр қорқақтық етпелік,
 Егер жеңсе ханымыз,
 Сонда кірер сәніміз.
 Хан жеңілсе, бұл қамыс
 Ішіне қашып барайық».

Сонда келіп Жұбаныш,
 Үндіске сөз сөйледі:
 — Астыңа мінген — сұр, — деді, —
 Әуре қылып, үндісім,
 Қаша бермей құр, — деді. —
 Аты-жөнің айтшы сен,
 Іздегенім — сіз, — деді, —
 Сөзіме құлақ сал, — деді, —
 Өлмей тұрып, атыңды айт,
 Сұрап тұрмын мен?! — деді.

Сонда ханың сөйледі:
 — Ақылсыз ноғай — сен, — деді, —
 Үндіс деген — мен, — деді. —
 Әңгіме саған не керек?
 Соғысалық, кел! — деді.

¹ Ұндайды — ұсақтайды, майдалайды.

² Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

³ Көк алмас — қылыш.

Артынан келген тебініп,
 Жалмауыздай емініп,
 Қорықсын ба үндістен,
 Тұрсын ба кейін шегініп,
 Екеуі қатар шабысты,
 Найзаны қатар салысты.
 Үндістің салған найзасы
 Ұңғысынан омырылып,
 Найзасы сынып қалады.
 Жұбаныштың найзасы,
 Салғанда оның айласын,
 Ұстаған жерден жапырылып,
 Омырылған екен ұңғысы.
 Алмаспенен шабысты.
 Сауыт пенен шарайна
 Үстінде оның бар еді.
 Темірден өтпей қаруы,
 Сермесе де қалады.

Сонда тұрып Жұбаныш
 Қорамсаға қол салды.
 «Қалмайын — деп, — ноғайдан»,
 Қалмақ та сонда оңталды.
 Жұбаныш артық ер еді,
 Қыбырлайтын жер еді.
 Сұр жебені қолға алып,
 Батыр атып қалады.
 Атқан жерін қарашы,
 Жұтқыншақтан өтеді,
 Қалмақтың басы жерге жетеді.
 Ханы өлген соң, сормаңдай,
 Қасындағы он кісі
 Баяғы айтқан қамысқа
 Жасырынып қалады.
 Сытырлаған қамыстан
 Дауысын естіп алыстан,
 Он кісінің аты да
 Шаршаған екен шабыстан,
 Онын бірдей өлтірді.
 Жұбаныштай батыр-ай
 Қарамады «олжа» деп.
 «Көрейін, — деп, — шамасын.
 Алайын, — деп, — қаласын,
 Бірқатарын қырғасын, —
 Ханның салған сарайын»,
 Сарайына барады.
 Ішінде тұрған қолдардың

Қырып салды талайын.
 Енді көрді шамасын,
 Шулатты қатын-баласын.
 Оттатпады ол атты,
 Өзі де тамақ татпады,
 Демалып, кідіріп, жатпады.
 Ат құйрығын өргесін,
 Жау қайратын көргесін,
 Тілегін Алла бергесін,
 Үндіске салды ойынды,
 Қатты қылды тойынды.
 «Жау келеді» деген жоқ.
 Бұл үндістің ойында.
 Шұбырды үндіс баласы,
 Көп екен оның қарасы.
 Көп те болса, не қылсын
 Келмейді оның шамасы.
 Айдады қуып жеріне,
 «Жеткізем», — деп еліне,
 Жалаңаяқ, жалаңбас,
 Қолдарын байлап, айдады.
 Жүрді қатты аяңдап,
 Тұрмады жерде баяндап.
 Күні-түні жүргізіп,
 Үндіске тыным бермеді.
 Бір күндері келеді.
 Үшқиянның бойынан
 Ноғайлының көрді қарасын,
 Елінің көрді шамасын.
 Жесір менен жебірдің
 Елі көрді қарасын.
 Жұбаныш жүрді ілгері,
 «Барайын», — деп хабарға.
 Анасына жолығып,
 Сәлемдесіп қаларға.
 Жерінің жазық даласы,
 Ішінде оның бар екен
 Бес жасар Сүйініш деген баласы.
 Ауылға жақын келгенде,
 Алдынан шықты анасы,
 Ол құшақтап баласын.


Сонда Жұбаныш сөйледі:
 — Артық туған анамыз,
 Ақылы асқан данамыз!
 Дені сау ма, қарт ана,
 Қолыңда тұрған балаңыз.

Астана халқым аман ба?
 Барған жерім үндістің
 Тобылғылы тау еді,
 Шүкір, денім сау еді.
 Үндіс ханын өлтіріп,
 Айдадым қатын-баласын,
 Тартып алдым қаласын,
 Жетім мен жесір айдадым,
 Анау — соның қарасы.

Кемпір сонда сөйледі:
 — Сау-саламат келдің бе?
 Жұбанып көрген қарағым,
 Омыртқада жұлыным,
 Немере туған құлыным.
 Жазық құба дөңіңіз,
 Тап өзіңіз көргендей
 Мұнда қалған еліңіз.
 Бұрынғыдай түзелді,
 Сіздер қайтып келгесін,

Қарағым, енді бұл заман.
 Біз — тұрған анаңыз,
 Қолымда тұрған, қарағым,
 Мынау — Сүйініш балаңыз.
 Алдыңа алып, сүйінші,
 Сүйініп көрген балаңыз.

Атының басын бұрады,
 Жақындап батыр сұрады:
 «Берсең, берші, ана», — деп,
 Қолына алып тұрады.
 Біразырақ қыдырып
 Ат үстінде жүреді.
 «Енді мынау — бала, — деп, —
 Балаңды алшы, ана», — деп,
 Атынан түсіп жазыққа,
 Ат байлады қазыққа.
 Екі бірдей шәрді¹ алып,
 Келген жері осы еді.



¹ Шәр /а/ — қала.

Бірінші мақам

Орындаған: Садықов Аманқос

Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

байсалды

Е - ей! Қа - ра - дөң - нің ба - ла - сы бо - лып,
 Жа-сы же-ті-ге то-лып, Е-дә-уір ег-де бо-лып, Но-ғай-да хан бол-ған, ө-зі а-сыл жан бол-ған.
 Же - тім қа - лып жа - сын - да, Ба - қыт қо - нып ба - сы - на.
 Қал - мақ пе-нен қы - зыл бас, Үн - діс - тен кек ал - ған,
 А - та - сы-нан тақ ал-ған. Құ-дай бс-ріп ба-ғын да, О-тыр-ға-сын та-ғын-да,
 Тоқ-сан бау-лы но-ғай-ды Өз ау-зы-на қа-рат-қан. А-қы-лы а-сып, бі-лік пен ер-лік-ке,
 Қос-қан жоқ Ал-ла кем-дік-ке. "Ен-ді кет-тім-ау" де-ген-де, Қа-ты-ны-нан бір ұл ту-а-ды
 Ұл ту-ған-да қа-ты-ны Өу-ли-е-ге тү-не-ген Ал-ла-дан пер-зент ті-ле-ген.
 Ар-тық ту-ған ер-лер-дің Ті-ле-гі қа-был бол-ған соң, Бұ-рын-ғы өт-кен пір-лер-ден
 Ба-ла-лы жан бол-ға-сын, Ме-ре-ке-лі той қы-лып, "Кім қо-я-мыз, деп а-ты-ы-ын?
 Но - ғай - лы хал - қы ке - нес - ті. "Жү - ба - ныш" деп кой - д(ы)а-тын.



Суретші А.А. Гурьев

ЕР СҮЙІНІШ

Жырдың бас кейіпкері Ер Сүйініш – Қарадөңнің ұлы Жұбаныштың белбаласы. Кіші жүзді құрайтын Жетірудың біріне түпата болып есептелетін Тама Қарадөң батыр ұрпақтары туралы эпикалық циклде Сүйініштің шөбересі ретінде көрінеді. Бұндай мәлімет бүгінге жеткен қазақ шежірелерінде, өзге де дереккөздерінде кездесе қоймайды. Туындының басынан және кейінгі оқиғалар тізбегінен Ноғай Оргасының ыдырап, іргесі сөгіле бастаған кезеңді аңғаруға болады. Оған он жастағы бала Сүйініштің жауға жалғыз аттануы, соңына ешкім ермегендіктен, жорыққа бір өзі барып, қалмақ ханын жеңіп, абыроймен оралуы, бірақ тыныштық ұзаққа созылмай, қалмақтың қайта шабуы дәлел болады. Жас баланың елін қорғап, ерен ерлік көрсетуі – эпикалық дәстүрге сыйымды әрі әсерлі құбылыс.

Томды баспаға дайындау барысында Мұрынның жырлауынан М. Хакімжанова жазып алған нұсқа бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, ілгеріде жасалған өзгерістер қайта қалпына келтіріліп, жыр мәтіні қолжазба негізінде ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (673-бума, 3-дәптер).



Қарадөңнің баласы —
 Жұбаныш деген ер еді.
 Он жас пенен он бесте
 Атқа мініп, кек алған.
 Жұбаныш атқа мінгесін,
 Ноғайлы халқы демалған.
 Баласыз болып бұл жүріп,
 Баба Түкті Шашты Өзіз¹ —
 Кереметті пірлерге²
 Отырып үйде сиынған,
 Сол секілді ерлерге.
 Алладан тілеп жүргенде,
 Қатынынан бір ұл туды.
 Сүйініп, туған баланың
 Атын қойды — Сүйініш.

Сүйініш асық ойнады,
 Ойынға ол тоймады.
 Ойын менен күлкіге
 Сүйініш жүріп молықты.
 Асық ойнап жүргенде,
 Ноғайлының бір шалы
 Сүйінішке жолықты.
 Асық, сақа қолға алып,
 Жалаңаяқ, жалаңбас
 Бара жатыр бала қозғалып,
 «Балаларға жетем, — деп. —
 Ойнамай асық, не етем?» — деп.
 Ноғайлының бір шалы:
 «Тұра тұр, бала, сен, — деді, —
 Жолығамын мен», — деді.
 Бара жатқан бала жүгіріп
 Тұра қалды кідіріп.
 Қасындағы бұл шалы:
 «Баласы кімнің сен? — деді, —
 Жөнінді енді айт», — деді.
 Сонда бала кідіріп,
 Сақасы бар қолында,
 Балалықтан басқа жоқ еді
 Ол баланың ойында.

Сонда Сүйініш сөйледі:
 — Жасың үлкен бабасың,

Сұрайсың кімнің баласын?
 Әкемнің аты — Жұбаныш,
 Өзімнің атым — Сүйініш,
 «Ойнайын», — деп барамын
 Көрінген анау балаға.
 Жолдасымнан қалдырып,
 Қалдырдың ғой мені бөлеге.
 Ар жағымды білмеймін,
 Көргенім жоқ мен, — деді.

Сонда қартың сөйледі:
 — Арғы атаңды білемін,
 Қарадөң деген қарт еді.
 Өзің әкең — Жұбаныш
 Жұбанып көрген бала еді.
 Сүйініш бала сен бе едің,
 Ойнағаның асық жөн бе еді?
 Он жасыңа жеткенің,
 Асық ойнап, не еткенің?
 Атаңа тартып тумадың,
 Атаның жолын қумадың.
 Әкең еді Жұбаныш —
 Адырнасын қолға алып,
 Ел шетіне жау келсе,
 Жүруші еді долданып.
 «Дұшпанға кегім кетер, — деп, —
 Қорлығы мұның өтер, — деп, —
 Құр жүргенім бекер», — деп.
 Он жасында әкең ел алған,
 Үндіс пенен қалмақтан
 Жапаңда талай кек алған.
 Жұбаныш таққа мінген соң,
 Бұл Ноғайлы демалған.
 Жыламаған Ноғайлының
 Қатыны мен баласы.
 Асықпа, балам, асықпа,
 Сөзімді аңдап қарашы.
 Издеп келдім мен сені:
 «Жұбаныштан Сүйініш
 Туды» деген сөзбенен,
 Көруге келдім көзбенен.
 Ұмтыласың асыққа,
 Асық құрысын асықпа,

¹ Баба Түкті Шашты Өзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

² Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

Тіл алсаң, бала, сен, — деді, —
 Ноғайдың шетін жау алды,
 Оны алған — қалмақ ел, — деді. —
 Ішінде оның ханы жоқ,
 Артық туған ері жоқ
 Шаруа ноғай ел еді.
 Оның ішінде байы көп,
 Мырза менен шал еді.
 «Малдың жайын етем, — деп, —
 Малды бақпай, не етем? — деп. —
 Ел шетіне қонам, — деп, —
 Жұбаныштың қасында
 Үстімнен дүбір келмес, — деп, —
 Дұшпаным қорлық бермес», — деп.
 Жұбаныштай ерлерің,
 Алпысқа жасы толған соң,
 Өзі егде болған соң,
 Шықпай отыр далаға,
 Артында бала болған соң,
 Ақылды болсаң, кетпеші.
 Ақылсыз болсаң, кете бер,
 Кеткен балаға жете бер,
 Анау тұрған балаға.
 Тыңдамасаң сөзімді,
 Кете бер енді далаға.
 Жұбаныш пен Қарадөңдей
 Атадан бол садаға.
 Бүйтіп адам болғанша,
 Барғайсың жылдам молаға.
 Менің атым — Нұр, — деді, —
 Сөзімді байқап тұр, — деді. —
 Ноғайлының шетін жау алды.
 Оны алған — қалмақ жау, — деді.

Сүйініш енді сөйледі.
 Сөйлегенде, не деді?
 — Жасың үлкен сіз, — деді, —
 Ойнаған бала — біз, — деді. —
 Барушы едім жүгіріп,
 Жалаңаяқ, жалаңбас
 Өзіммен қатар балаға.
 «Әкем тірі тұрғанда,
 Келе ме, — деуші едім,
 Ноғайлы халқы қараға? —
 Қызылбас пен бұл үндіс

Көзін салмас, — деп едім. —
 Қатын менен балаға».
 Жасың жетіп, жан ата,
 Сақал-мұртың ағарып,
 Келдің ғой қатты қабарып:
 «Қалмақ елді алды, — деп. —
 Болмайсың енді адам», — деп. —
 Онға жаңа мен жеттім —
 Ойнаушы едім баламен,
 Жүруші едім даламен.
 Не қылғаның, жан ата,
 Кейігенің балаға?!
 Құмармысың, жан ата,
 Қаңғыртуға далаға,
 Мені сілтеп бөлеге?
 Мен еркелеп жүруші ем
 Ата менен анаға.
 Асықтан басқа шықпадым
 Жалғыз өзім далаға.
 Еш нәрсені көрмеген
 Оңай бола ма балаға?

Сонда қартың сөйледі:
 — Бұрынғы өткен заманда
 Ілгері қатар теңімен,
 Ноғайлының елінен —
 Орақ пенен ер Мамай
 Сегіз бенен тоғызда
 Қозанды алды, шырағым.
 Қарасай мен ер Қазиді,
 Ол — Орақтың баласы,
 Жеті менен сегізде
 Қондыкер шәрін¹ бұл алды.
 Мұны байқап қарашы,
 Бұлардың жасы бұл қалай?
 Сегіз жасқа келгенде,
 Ұрыспай барып, кек алған
 Батыр хан деген қалмақтан.
 Үйде қалған Қарасай
 Мінейін десе, аты жоқ,
 Асынар қару, заты жоқ.
 «Қарасай көкем келер, — деп, —
 Басыңды, қалмақ, бөлер, — деп. —
 Үш күн тұрмай, жылдам көн,
 Көкем келіп қалар», — деп,

¹ Шәр /а/ — қала.

Үйде қалған Қарасай,
 Сыралғы сыйлық бұл алды.
 Ер Қазидың ақылы
 Жасыңнан сенің бұл қалай?
 Төрт жасына жеткенде,
 Ақжонасұлы Ер Кеңес,
 Жасы алтыға келгенде,
 Қара деген қалмақтың
 Мұсылман қылған қаласын,
 Жылатқан қатын-баласын.
 Мұны, балам, біл, — деді. —
 Қараның қызы Қарлығаш
 Жұптыға алған ер, — деді. —
 Кеңестердің ақылын,
 Жүрегінің батылын,
 Он жас келгесін басыңа,
 Сол ердің қарашы, қарағым,
 Қаншаға келген жасына.

Сонда Сүйініш жабықты,
 «Тастайын, — деп, — асықты»,
 Даладан келіп үйіне,
 Шешесіне келе сөйледі:
 — Айналайын анамыз,
 Жасым онға келгесін,
 Суалды-ау сіздің мамаңыз.
 Мен едім жалғыз балаңыз,
 Көңіліме қатты ой түсті,
 Шешеке, байқап қараңыз.
 Жердің жүзі кең екен,
 Қара жердің үстінде
 Әртүрлі халық, ел екен.
 Қайратымды білмеген
 Ақылсыз надан мен екем.
 Бізден бұрын ноғайдан
 Неше түрлі ер өткен.
 Сұрап келіп отырсам,
 Бәрінің жасы менен кем өткен.
 Алты-жеті жасында,
 Алдының тоғыз жасы бар,
 Олардың, байқап қарасам,
 Үндістен алған елі бар,
 Жібермеген кегі бар.
 Әркімнің маған айтатын сөзі бар.
 Әкем мінген Қара атты
 Мінуге келдім, шешеке,
 Бууға келдім беліме,

Шеше, семсер болатты.
 Адырнаны қолға алып,
 Жүргім келді қозғалып.
 Алыс жерге мен кетсем,
 Ер белгісін мен етсем,
 Үндіс пенен қалмақты,
 Қызылбастай елдерді
 Келтірмеймін қалаға.
 Асырайын оларды,
 Жерімнен қуып далаға,
 Айналайын шешеке.

Шешесі сонда сөйледі:
 — Артық туған данасың,
 Жап-жас қана баласың,
 Қандай жауға барасың?
 Қабырғаң сенің қатқан жоқ,
 Омыртқаң әлі өскен жоқ,
 Сүйегің сенің, қарағым,
 Он беске жасың толықсын.
 Қыз-келіншек жүгіріп,
 «Болды», — деп жігіт жолықсын.
 «Пәленшенің ұлы», — деп,
 Сыртыңнан дұшпан торықсын.
 Ноғайлының жақсылары:
 «Ер тұқымы», — деп жолықсын.
 Жалаңаяқ, жалаңбас
 Ойнап жүрсің асықты.
 Тілімді алсаң, ат мінбе,
 Ер киімін сен киме,
 Елсіз жол сен жүрме.
 Қасыңа жолдас ермейді,
 Сені «ер» деп ешкім білмейді.
 Жер жазығы даласың,
 Далада өліп қаласың,
 Ақылың болса, шырағым,
 Ананың тілін аласың.
 Он беске жасың толғасын,
 Жауыңа сонда барасың.
 Жасы жеткен анаңыз
 Сен кеткен соң қалаға,
 Қалмай ма иесіз далада?

Сонда Сүйініш сөйледі:
 — Неше түрлі елдерде,
 Неше түрлі ерлер де,
 Жеті менен сегізде

Қызылбас пен қалмақтан
Үндіс деген елдерден,
Жауын жеңіп, кек алған
Мендей Ноғайлы жоқ па екен?

Сонда тұрып Сүйініш,
Ат қасына барады.
Атты барып ноқталап,
Басына жүген салады.
Жүгендегі атты ерледі¹.
Екі айылын бек тартып,
Құйысқанын қысқартып,
Атты ерлеп болғасын,
Үйге таман келеді.
Аштырып сонда сандықты,
Қорамсадан көп оқты
Ол қабына салады.
Керегеде тұрған кек жебе
Оны да батыр алады.
Ілулі тұрған беренді²
Белге тартып буады.
Үстіне киіп шарайна,
Бек тартады белдеуін,
Дулығаны қолға алып,
«Оңғарсын Алла жолды», — деп,
Қара атқа мініп алады.
Ноғайлының бірі жүрмеді,
«Ақылсыз туған сорлы», — деп,
Бір адам оған ермеді.
Сүйініш кетті қалаға,
«Тұрмаймын», — деп далада.
«Тапсырдым Аққа сені», — деп,
Жауап берді анаға.

Бұл байғұсқа қиын-ды,
Бір Аллаға сиынды,
Кетті батыр алысқа
Шыдасын ба намысқа?
Қашаннан тұлпар серігі
Шаршасын ба шабысқа?
Шыдасын ба ер жігіт,
Онға жасы толғасын,
Дұшпанға кеткен намысқа?
Сұлтан деген қалмағың

Жіберген екен әскерін,
«Алып кел», — деп, — ноғайлының
Қатыны мен баласын»,
«Бұзып кел», — деп, — қаласын».
Сүйініш жүріп келгенде
Аңның көрді қарасын.
Шаң қарасын көргесін,
Атының басын тартады,
Ат құйрығын өреді.
Жау қарасын көргесін,
Жақындап батыр келеді.
Жалғыз қара екенін
Қалмақтар сонда біледі.
Екі қалмақ сол көптен
Ілгері қарай шығады.

«Ол бір жалғыз қара, — деп, —
Жолдасы жоқ дара», — деп, —
Екі қалмақ кеңесті.
«Оған келер шама», — деп, —
Жақындап қалмақ келеді.
Мінгендері көк екен,
Қайраттары көп екен.
«Алмаймын» деген бір жанды
Жүдә, ойында жоқ екен.
Сүйініш те кідірмей,
Қалмаққа жетіп келеді.

Қалмақ сонда сөйледі:
— Жас бала ғой өзі, — деп, —
Мазақтап сонда күледі. —
Жылқының мініп қарасын,
Жарқыным, қайда барасың?
Бізде әскер көп, — деді, —
Сізде қандай ой, — деді, —
Сізге болар той, — деді. —
Астыңдағы атыңды,
Қару менен жарағың
Жерге шеш те қой, — деді.

Сонда Сүйініш сөйледі:
— Біздің ноғай — ел, — деді, —
Әркімнің де ақылы
Өзіне болар жөн, — деді. —

¹ Ерледі — ерттеді.

² Берен — болат қылыш.

Төбесі шоқты қалмақтың
 Ақылсызы сенсің-ау,
 Ат-жарақты беретін
 Кісі ме едім мен? — деді. —
 Мен — ноғайлы деген ел, — деді. —
 Артымда әскер, қолым бар,
 «Қалмақ деген елдерді
 Қойман» деген ойым бар.
 Дін мәнісін білмейсің,
 Дінсіз кәпір — сен, — деді. —
 Қоямыз ба сені біз
 Келе жатқан артымда
 Бір мың кісі қол! — деді. —
 Қарауылға шығып келе жатқан
 Жалғыз кісі — мен, — деді. —
 Ат берген жол жақсы болса,
 Аттарыңнан түс-тағы,
 Қорамсаңды бер, — деді.
 «Алып тастады, — деп, — басын-ай,
 Тұрасың ба қасында-ай».

Екі қалмақ ұмтылды
 Қапелімде осылай.
 Сүйініш салды алмасты,
 Ол алмас кеспей қалмас-ты,
 Біреуін шауып тастады.
 Ал біреуі өлгесін,
 Қалғаны қашады,
 Қысылып, жаман сасады.
 Қалмақтың аты көк еді.
 Сүйініштің атының
 Қайраты тіпті көп еді.
 Жетсе-дағы, сермемей
 Келе жатыр алмасты,
 «Дұшпанның көзі көрсін, — деп, —
 Көзі көріп тұрғанда,
 Көз алдында өлсін», — деп.
 Әскерге жақын келгенде,
 Сонда салды найзасын.
 Шығарып жанын байғұстың,
 Шынымен қылды айласын.

Сүйініш екеуін өлтіргеннен кейін көп әскермен соғысқысы келмеді. Сүйініштің қайратын көрген соң, көп әскер де бата алмайды. Батыр өзі жөніне жүре береді.

Іздеген жерін сұрасаң,
 Қараойықтың көлі еді.
 Сонда жатқан көп қалмақ
 Қашаннан жау ел еді.
 Күні-түні жол жүрді.
 Қисапсыз¹ көп мол жүрді.
 Жапанда жүрген бала-ды,
 Жалғыз кетіп барады.
 Он жасына келгенде,
 Тәуекелмен іс қылып,
 Жолға түсіп алады.
 Жүрген жерін сұрасаң,
 Екі айлық жер еді,
 Айдын шалқар көл еді.
 Құдық қазылмайтын дөң еді,
 Екі айлық жолдың ішінде
 Бір айлығы шөл еді.
 Іздеп шыққан қалмақты,
 Шамасы келсе, алмақ-ты.

Баяғы қарттың сөзімен
 Ашуланып жас бала,
 Алыс жерге бармақ-ты.
 Қараойықтың көлінде,
 Неше түрлі ерлер бар
 Ол қалмақтың елінде.
 Мақтанады әркімдер
 Өзінің тұрып жерінде.

Қалмақтың ханы Сұлтан-ды,
 Халық еді жатқан ұлтанды.
 Жібермей бір боз тұлпарды,
 Ол да жайлап қоюшы еді.
 Ақылы көп, мол екен,
 Айлалы қалмақ сол екен.
 Ай сайын атпен қыдырып,
 Елінің шетін барлайтын,
 Сондай болған хан екен,
 Халқына тыныш жан екен.

¹ Қисапсыз — есепсіз.

Хан атқа мініп, ел шетін
 Қыдырып жүріп ол өзі,
 Асынғаны — көк темір,
 Үстінде бар-ды көп темір,
 Алыс пенен жақыңды болжайды екен.
 «Қашсам, құтылып кетем, — деп, —
 Қусам, өзім жетем, — деп, —
 Жолдас алып, не етем?» — деп,
 Сұлтандайын қарашы,
 Айласы көп заңғарды¹.
 Майдан жазық, дөңдерде
 Сұлтан көрді бір қара.
 Келе жатқан Сүйініш
 Ол да көрді қараны.
 «Жапанда жалғыз бір қара
 Жетейін», — деп, бұл қалмақ,
 Ол қараға қарады,
 Бозға қамшы салады.
 Қалмақ мінген боз тұлпар
 Ұшқан құстай жануар
 Зырлады ол да шүйіліп.
 Атының түрін көргесін,
 Сүйініш батыр қарады.
 Қара атты «Шуу», — деп алғасын,
 Алдынан қара көргесін,
 Арандай² аузын ашады,
 Құлаштап³ аяқ басады.
 Ханның мінген боз атының
 Сүйегі қызып барады,
 Жүрген сайын топырақ
 Құйындай қылып борады.
 Ол Сұлтанның үстінде
 Бір теңгелік киім жоқ.
 Ең болмаса қолында
 Ұстаған мықты қамшы жоқ.

Сонда ханың келеді,
 Сүйініштің қасына
 Келе сөйлей береді:
 — Жылқының мінген қарасын,
 Жарқыным, қайда барасың?
 Мен қалмақ деген ел едім.
 Біраз түйе жоғалтып,

Іздеп жүрген батырмын.
 Көрдіңіз бе қара сіз? — деді, —
 Жоқ қараған — біз, — деді.

Хан секілді емес, япыр-ай,
 Киіміне қарасаң,
 Қаңғырып жүрген пақыр-ай.

Сонда Сүйініш сөйледі:
 — Астыңа мінген боз, — деді, —
 Мынау қалай сөз? — деді. —
 Өзіңізге қарасам,
 Бір теңгелік киім жоқ.
 Атыңызға қарасам,
 Құстай зырлайды.
 Сүйегі қызып алған соң,
 Бұл жануар тұра ма?
 Қалайынша жоғалды
 Бұл қалмақтың түйесі?
 Жоғалған малдың сен бе едің,
 Бейшара енді иесі?

Сонда ханың сөйледі:
 — Шаруа халқым жай еді,
 Мен бір жүрген малшы едім,
 Мал бақтырған бай еді.
 «Тауып кел, — деп, — түйені»,
 Қатты маған ақырды —
 Мініп шыққаным — соның аты еді.
 Іздеп шықтым далаға,
 «Іздеп, тауып келмесең,
 Келме, — деді, — қалаға».
 Жарлылық деген көп жаман,
 Қалам ғой сонда бөлеге.
 Көрдің бе сондай түйені,
 Кім боласың сен? — деді.

Сүйініш сонда сөйледі:
 — Көргенім жоқ түйені.
 Менің елім — құл, — деді. —
 Басқа жөнімді сұрама.
 Еш нәрсенің мәнісін
 Білмейсің ғой сен, — деді. —

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

² Арандай — далиған үлкен, кең.

³ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

Бұл қалмақ қандай ел? — деді, —
 Қараойық қандай жер?
 Басташы еліңе сен, — деді, —
 Бастамасаң еліңе,
 Өлтіремін мен, — деді.

— Артық туған батыр-ай,
 Мен едім жарлы пақыр-ай.
 Қарайын мен де малымды,
 «Тауып бер», — деп, қинама,
 Менің тұрған елімді,
 Әзірлеме маған өлімді.
 Жібереің мен сілтеп
 Саған тұрған жерімді.
 Кейін қайтып мен барсам,
 Хабарды қалмақ алғасын,
 Бекітіп қаласын қойғасын,
 Алды-артын байқар-ды.
 Елге өзің барғасын,
 Салмаймысың айғайды?
 Асыл туған ер, — деді, —
 Ғаріп¹ болған мен, — деді. —
 Алыс емес ауылым,
 Жеті күндік жер, — деді.
 Жеті күн түгіл бес күнде,
 Тек бір тірі болсаң, барасың.

Сол уақыттар болғанда,
 Төңірегін қарады.
 Сүйініштейін жас бала:
 «Бұл қалай, — деп, — апыр-ай?!» —
 Астындағы атына қараса,
 Омырауы кең даладай.
 Аяғына қараса,
 Тасты шағып басады,
 Сай-саланы бұл аттап,
 Адымын сондай ашады.

Сонда тұрып Сүйініш
 Қайырыла тұрып сөйледі:
 — Әй, қалмағым, сен, — деді, —
 Сенің көріп атыңды,
 Сескеніп тұрмын мен, — деді. —
 Айыл-тұрман бек, — деді, —
 Қайраты аттың көп, — деді.

Сүйініш қалды бұл ойға:
 «Ұмтылайын, найза алып,
 Қалмақ қорқып, қашар, — деп,
 Ұшы жаман найзадан,
 қорамсадан, — деп. —
 Көрейін, — деп, — қайратын
 Астына мінген боз аттың».
 Қалмақтың мінген боз аты
 Ауыздығын шайнады,
 Қысаңқырақ бұл тартса,
 «Жібер, — деп, — басын» ойнады.
 Қалмақ қауіп етеді.
 Боздың басын босатты.
 Сүйініш сонда қарады.
 Қара аттың басын босатып,
 Бұл да шабуыл салады.
 Алыстан жүрген жануар,
 Сал бөксе болған Қара ат
 Жете алмай қалады.
 Боз атпенен, шегініп,
 Қалмақ қашып кетеді.
 Тер шыққанша Қара атты
 Сүйініш бала ұрмады.
 Кідіріп қалмақ тұрмады.
 Оқтан жүйрік жануар
 Боздан аттап зырлады.
 Омыраудан тер шығып,
 Қара ат сонда желікті.
 Алдынан кеткен боз атқа
 Жетіп қалды қарасы,
 Жақындады шамасы.

Сонда тұрып хан Сұлтан
 Атының басын бұрады,
 Көлденең тартып тұрады:
 — Мынау тұрған ақбоз ат
 Жер басқан жаһан жетпеген,
 Алдынан жаһан кетпеген.
 Артымнан жетіп қоймадың,
 «Қашқан құл», — деп ойладың.
 Сабыр қыл, бала, сен, — деді,
 Елге хабар берейін,
 Ер болсаң, батыр, сен, — деді.

Сонда Сүйініш ойлады
 Ғаріп емес екенін:

¹ Ғаріп /а/ — бейшара.

«Мұның еліне барсам,
 Қаласы қандай екен? — деп.
 Аттанып шықсын әскері,
 Қайратымды көрсін, — деп, —
 Жазыққа майдан келсін», — деп.
 — Рұқсат бердім мен, — деді, —
 Еліңе хабар бер, — деді, —
 Кешігіп қалмай үш күннен,
 Жақындап осында кел, — деді. —
 Болған сынды, Сұлтан хан,
 Жансыз болған сен, — деді. —
 Қолыңа алған қару жоқ,
 Боларсың қапыл, ер, — деді. —
 Қапысыз болып енді өзің,
 Мықты болсаң, кел, — деді.

Төңірегінде бар еді
 Биік-биік таулары,
 Мықты оның жаулары.
 Көріп тұрып Сүйініш,
 Үш күндей тоқтап қалады.
 Анау Сұлтан ханымыз
 Еліне хабар салады,
 Үш күнде әскер жинап алады:

— Бізге болды қызық, — деп, —
 Қаңғырып бір ноғай келді, — деп, —
 Қайраты жаман бұзық, — деп. —
 Аты жүйрік, қашқанды
 Жібермей, қуып жетеді.
 Қашып едім жеткізбей,
 «Кетемін, — деп, — жеткізбей»,
 Жібермеді Қара ат-ай,
 Құрғырда бар-ды қанат-ай.

Үш мың кісі көп әскер,
 Хан шықты бұған бас болып.
 Келе жатыр Сұлтаның,
 Ерлерді: «Кел, — деп шақырды, —
 Ойлап, ақыл табың, — деп, —
 Қаңғырып келді бір ноғай.
 Ортаға мықтап алың, — деп. —
 Ортаға мықтап алғасын,
 Аямай, оны шабың, — деп. —
 Қамағасын бөріңіз,
 Бір ноғайға келмей ме
 Қаңғырып жүрген әліңіз?

Шығайын таудың басына,
 Бір жүз кісі тұрыңыз
 Менің келіп қасыма.
 Үш мың әскердің
 Бір кісіні жеңе алмай,
 Қозғалайық, — деп,
 Ажал айдаған сормандай,
 Ақылсыз, — деп ойлама, —
 Бұрын-соңды ұрысып
 Басқа жаумен көрмеген.
 «Нем қалар, — деп ойлайды, —
 Мұнша жаннан өлмеген?»
 Жапыра қамап алыңыз,
 Соны өлтіріп келгенді
 Патша етіп қоярмын.
 Бетіне біреу қараса,
 Оның басын кесіп жоармын.
 Қылар ма екен осылай?
 Істегін біліп өзіңіз,
 Менің айтқаным осылай».

Сонда тұрып әскерлер:
 «Ол ноғайдан қорықпаң», — деп,
 Бәрі етіп мықтылық,
 Хан алдында мақтанды.
 Жау қарасын көргесін,
 Қара атты жақсы ерледі,
 Ат құйрығын өреді.
 Сай-саладан аулақта
 Сүйініш барып тұрыпты.
 Қаумалаған көп қалмақ
 Ол баланы көргесін,
 Соған қарап жөнелді.
 Көп әскерді көргесін,
 Жасқанбады Сүйініш,
 Сүйініш тұрып қалады,
 Дулыға киді басына,
 Келсе де қалмақ қасына.
 Сүйеніп тұрып найзасын,
 Тұрып сонда ойлады
 Өзіне келер пайдасын.

Көп кісіні көргесін,
 Бір Аллаға сиынды.
 Бұрынғы өткен пірлерге
 Шарайна мен дулыға,
 Оны жақсы киінді,

Қарсы келіп екеуі,
 Ақ сүңгіні салысты.
 Өтпегесін сүңгісі,
 Алмаспенен шабысты.
 Кейін бірдей шегініп,
 Қорамсамен атысты.
 Жайына қарап жүрген жоқ,
 Қызыл қанға батысты.
 Сүйініштей жас бала
 Шылбырды белге байлады,
 Қаруды жақын сайлады.
 Бір күн, бір түн алысып,
 Сұлтандайын ханыңды
 Жығып жерге салады.
 Доңыздайын өкіртіп
 Ол қалмақты шалады.
 Өлтіргесін қалмақты,
 Қарамады олжаға,
 Қалаға жетіп барады.
 Қалаға қалмақ толыпты.
 Жақындап бәрі босыпты.
 Қалаға келді Сүйініш,
 Көкірекке дем беріп.
 Қазулы жатқан орларды,
 Жаюлы тұрған торларды,
 Қағулы тұрған жебесін,
 Бекітіп қаққан шегесін,
 Қалмақтың басты қаласын,
 «Көрейін, — деп, — шамасын».

Қала да қорған болмады,
 Сыртқа қашып тұрады,
 Үріккен жаман болады.
 Алды-алдына бытырап
 Қалмақтар кетіп барады.
 Төңірегі қызыл құм еді,
 Сексеуілді бұл түлей¹
 Және қамыс ну еді.
 Қалмақтар соған қашады.
 Қатын-бала жүгіріп
 Алды-алдына бұл кетті.
 Көзі көрген адамды
 Жібермеді Сүйініш,
 Қалаға қуып қамады.

«Жүрмеймін» деген адамды
 Малша қуып сабады.
 Тоғыз күнге толғанда,
 Ол қалмақты қамады.
 Бұрын мекен еткен қала-ды,
 Қалаға қасап болғасын,
 «Айдайын, — деп, — қалмақты»,
 Жеріне қарай қарады.
 Көндіруге дініне,
 Сөйлетуге тіліне.

Сұлтанның қызы — Бибіжан
 Сонда келді қасына
 Келе сонда сөйледі:
 — Ақсүйек — қаның, баласың,
 Алдың қалмақ қаласын.
 Өлтірдің менің бабамды,
 Бұздың тұрған қаламды.
 «Сүйегі қатар, теңім, — деп, —
 Көретін заман болар ма,
 Әлдеқандай енді?» — деп, —
 Артық туған ер, — деді, —
 Көруге келдім мен, — деді. —
 Жақсы-жаман етсең де,
 Қызметіңе көнеміз,
 Не қыласың сен? — деді.
 Реңі жанға жаққандай,
 Беті қызыл мақпалдай².

Сонда Сүйініш сөйледі:
 — Қайта бер кейін сен, — деді, —
 Көп кісімен жүресің,
 Өлтірмеймін мен, — деді. —
 Өз бағыңнан көресің,
 Өлтіргізбен, — деді.

Қайтуға батыр қамданды,
 Күні-түні жол жүрді,
 Неше күндей мол жүрді,
 Жақындады қалаға.
 «Барайын», — деп ойлады.
 Ілгері хабар етуге.
 Көрінді жесір қарасы.
 Көрінгесін қараға,

¹ Түлей — жабайы өскен қалың жыныс тоғай.

² Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

Сүйініш батыр бұл жүрді
 Көрінуге анаға.
 Алдынан шығып анасы,
 Келгеннен соң баласы,
 Сөзді айтты, қарашы:
 – Қарағым, қалқам, сен, – деді, –
 Отыр едім сағынып.
 Сау-саламат келдің бе,
 Перзентім жалғыз, сен? – деді. –
 Баяғы иісің бар ма екен?
 Иіскейін, қарағым,
 Берірек кел, – деді.

Атынан түсіп Сүйініш,
 Жүгіріп келді анаға.
 Шыдай ма ана балаға?
 Бетінен сүйіп: «Балам, – деп, –
 Қорғалайтын панам, – деп. –
 Айналайын қарағым,
 Жау келген күн қалам, – деп. –
 Жел болған күн панам, – деп. –
 Ризамын Құдайға,
 Кетсем де енді дүниеден», –
 Осылай деп кемпір сөйледі.

Мерекелеп, той қылып,
 Сұлтанның қызы – аруды,
 Жұпты қылып алған жер
 Бибі сынды сұлуды.
 Бибіменен екеуі
 Бірге өмір сүреді.
 Бір күндері болғанда,
 Қатынынан ұл туады.
 Сүйініштей ханыңыз,
 Ноғайды билеп тұрған заманда
 Бір күні хабар алады:
 «Атганып қалмақ келді, – деп, –
 Ноғайды шауып алды», – деп,
 Сонда Сүйініш ханыңыз
 Жинап алды қарасын,
 Би менен ер, шорасын:
 «Келетін жау кім екен?
 Хабарларың бар ма? – деп, –
 Шығайық енді далаға,
 Келтірмейік қалаға.
 Тигізбейік заңғарды
 Қатын менен балаға.

Шетке шығып қарарға,
 Қарауылға барарға,
 Біреуіңді қасыма
 Қосшылыққа аларға».
 Сол кісінің ішінен
 Еш адам жауап бермеді,
 «Ерем», – деп айтып көрмеді.
 Ішінде бір жас жігіт
 Нұрлыхан жауап береді:
 «Егер қосшы қылсаңыз,
 Барайын бірге мен, – деді. –
 Ат, жарағым кем еді,
 Жарлылау едім мен», – деді.
 «Боламын қосшы», – дегесін,
 Сүйініш сонда қарады:
 «Астыңа мінер ат болса,
 Қолайлы керек зат болса,
 Анау тұрған қазынадан
 Таңдап ат пен қару ал».
 Сонда барып Нұрлыхан,
 Көп жылқының ішінен
 Өзіне ат таңдады.
 Қанша аралап жүрсе де,
 Қолайлы ат таппады.
 Сонда жүгіріп Нұрлыхан
 Сүйінішке келеді:

– Көп жылқының ішінен
 Бір ат таңдап таппадым,
 Егер рұқсат етсеңіз,
 Бір жарлының Көк атын,
 Соны көріп, ұнаттым.
 Енді қалай қылайын?
 Ұрыспасаңыз өзіңіз,
 Көк жылқыға төрт жылқы
 Айырбас қылып алайын.

Сүйініш сонда шақырды
 Ноғайлының байларын
 Дәулет жиған қасына.
 «Төрт жылқыны берің», – деп,
 Байлардың салды басына.
 Бұйрықтан кетер шама жоқ,
 Бермейтұғын шара жоқ,
 Байлар беріп төрт атты,
 Алып берді Көк атты,
 Кескір қылыш найза мен.

Жүретін болды екеуі
 Қатарласып айылмен.
 Сүйініш мінді Қараны-ай,
 Қасына ертіп жолдасын,
 Екеуі кетіп барады-ай.
 Жүрген жердің белгілі
 Алыс еді арасы.
 Іздеген жердің шамасы —
 Қарашымырақ даласы.

Түбі жақын құмдығы
 Ежелден-ақ мол еді,
 Мекені қалмақ сол еді,
 Сол жерде жатқан ел еді.
 «Елден бір шығып алғасын,
 Барамыз соған болса да,
 Бір қырық күнде», — деп еді.
 Өзі жаздың күні еді.
 «Шөлдейміз», — деп Сүйініш,
 Екі салқын бойында
 Қатаңырақ жүреді.
 Жер белгісін шамалайды.
 Ақылы бар адам ғой,
 Көк аттың жүрісін аңдайды.
 Батырларға жол болды,
 Жүрісі жүрген оң болды.

Мың кісі қалмақ аттанған,
 «Ноғайлыны шабам, — деп, —
 Сүйінішті іздеп табам, — деп. —
 Бізге қайрат қылатын
 Ол ноғай қандай адам? — деп. —
 Естіген екен хабар, — деп, —
 Ноғай келіп қалар», — деп.
 Жіберген екен мың әскер,
 «Ноғайды, барып, шабың, — деп,
 Қайдан да болса, табың», — деп,
 Айтқан екен хандары.
 Аттандырып жіберген
 Өңкей батыр ерлерді.
 Бұларға айтқан бұйрығы:
 «Ноғайлыны алып кел,
 Тулатып бірге баласын,
 Қиратып кел қаласын.
 Басқа жерге бармай сіз,
 Тек ноғайға барыңыз.
 Көріп келің ерлерін,

Ноғайлының елдерін,
 Байтақ көл мен жерлерін.
 Қапы қылмай, хабарлап,
 Ұрысыңыз ерлермен».

Аттанған кісі мың еді,
 Бәрі де өңкей ер еді.
 «Бір-біреуіміз болмаймыз
 Мың кісіге», — деп еді.
 Төрт айлық алып азықты
 Аттарына артыпты.
 «Барамыз, — деп, — ноғайға»,
 Мың кісі қалмақ тартады.
 Шаттың бойын жағалап,
 Жүрді қалмақ қамалап,
 Төмен жүрді шамалап.
 Алдынан салып қарауыл,
 Қырық кісі кетті ілгері
 Ноғайлыны көріп, аларға,
 Қайта айналып берерге
 Кейінгіге хабарға.
 Бір күндері болғанда,
 Қырық кісі алдымен
 Темірдің келді басына.
 Екі батыр бұл шыққан
 Шаттың бойын жағалап.
 «Жазық жерге шықпайық,
 Барайық таумен жағалап».
 Жемнің бойы — Темір-ді.
 Темірге келіп Сүйініш,
 Демалып сонда кідірді.
 Жатыр еді Сүйініш
 Қалың тоғай жағалап,
 «Жері — қалың қамыс, — деп,
 Әлі қалмақ алыс», — деп.
 Жолдасына сол шақта:
 «Бала, тұршы сен, — деді, —
 Жүрегім менің толқып тұр,
 Дұшпан келіп қалмасын.
 Отырғанда бұл бейқұт
 Бізді ұстап алмасын!»
 Байлауда аты тұрса да,
 Қару-жарақ жерде еді.

Қасындағы балаға:
 «Түрегел!» — деп Сүйініш,
 Сол заманда ақырды.

Түрегеліп бұл ұшып,
 «Тұршы, батыр, сен де, — деп, —
 Дұшпан келді енді», — деп,
 Хабар берді, батыр-ай,
 Сасып қалды, япыр-ай!
 Жерде жатқан алмасты
 Бала белге буады.
 Тұсаулы тұрған Көк атқа,
 Арқандаулы жануар.
 Сүйініш те беліне
 Байлап алды қылышын.
 Қорамсаны ерге ілді,
 Жау келгенін ер білді.
 Шаншып тастап найзасын,
 Таба алмай қалды батырлар
 Жауға қылар айласын,
 Қалмақ келіп қалғасын.
 Аттарына аттанды
 Екі бірдей батырың.
 Жан-жағына қарамай
 Келе жатқан қырық кісі
 Көздері көріп қалады
 Қозғалаған екі қараны.
 Қырық кісі қайтады,
 Азын-көбін білмеді,
 Аттың басын бұрмады.
 Үстіне дұшпан келгесін,
 Бұлар да қарап тұрмады.
 Батырлар қатты сасады.
 Айғай-тарсыл естігесін,
 Астындағы аттары
 Басын алып қашады.
 Сүйініш сонда ақырды,
 «Алла!» — деп, ұран шақырды.

«Астыңда мінген Көк, — деді, —
 Қайраты аттың көп, — деді. —
 Бұл бейнелі жылықтар
 Қалмақ итте жоқ, — деді. —
 Маңайынан алысқа
 Асып кетпе далаға.
 Шамалы жерде, қасымда
 Жалғасып жүріп, ер», — деді.
 Екеуінің аттары
 Аспанға қарғып, ырғиды.
 Аузын ашып арандай,
 Құлағын тігіп жануар.

Қалмақ жақын келгенде
 Байлады жасыл туын-ай.
 «Алланың шері — Аршылан,
 Енді жәрдем бер, — деді. —
 Қыбырла, бала, сен, — деді, —
 Аттың басын бұр туға».
 Қалмаққа қарап жөнелді,
 «Қалма, бала, сен», — деді.

Қасындағы баласы
 Жалғас кетіп барады,
 Жақындасып қалады.
 Ойынды үлкен салады.
 Күні-түні соғысты,
 Қалмақтар жаман тоғысты.
 Оқ тиген жерде тастады.
 Қалып жатыр қалмақтың
 Домалап жерде бастары.
 Қысылып Қара ат терледі,
 Беренді батыр сермеді.
 Қасындағы баласы
 Өзіне қатар ермеді.
 Таңдап алған Көк еді,
 Мұнда да қайрат көп еді.
 Қолы қанға тойғасын,
 Қысылмай ол да жөнелді.

Суырып алып: «Алмас, — деп, —
 Шапса кеспей қалмас», — деп,
 Қалмақтың келіп қасына-ай,
 Тұрсын ба кеспей басын-ай.
 Сүйініштен кем емес,
 Ерлігі мұның осылай.
 Ат құйрығын өрісті,
 Қызықты сонда көрісті.
 Шаң шығады тұмандай,
 Қызық болды бұларға-ай.
 Күн бір кешке таянды.
 Екі батыр найзасын
 Етіп жатыр-ау, қалмақтың
 Шетінен қырып, пайдасын.
 Қызыл қанға боялды,
 Ерлер қандады найзасын.
 Сермеді қатты қылышын,
 Тарылтты жаудың тынысын.
 Күннің көзі батқанша,
 Жеңіліпті, япыр-ай

Белгілі құрған қақпандай.
 Қарсы тұрған қалмаққа
 Жарағы қанға тоймады.
 Көрінгенді қоймады.
 «Тауысам, — деп, — қалмақты»,
 Сонда батыр ойлады.

Қасындағы жас бала,
 Бұл да — батыр масқара.
 Түн ортасы болғанда,
 Бірін-бірі шақырды.
 Сүйініш: «Әй, жас бала,
 Жолдасым, бері кел, — деді. —
 Жөн таптым мен», — деді.
 Сүйініштің қасына
 Қайтып келді бала да.
 Ағасына сөйледі:
 «Артық туған жанымыз,
 Билеген жалғыз ханымыз,
 Таба алмадым қалмақты,
 Әрі-бері шапқылап.
 «Осы жерден біреуі,
 Бітті ме, — деп ойлаймын, —
 Қалмақ иттің сүрегі¹».
 Шақырған келдім дауысқа,
 Жақын жерді айтсаң да,
 Кетіп қалған екенмін,
 «Қуам», — деп, тіпті алысқа.
 Енді қалай етеміз?
 Біреуі жоқ қалмақтың,
 Қайдан іздеп табамыз?
 Бұл жерде тұрып, не етеміз?
 Жолмен жағалап,
 Шаттың бойын кетелік.
 Енді қара көрінсе,
 Ұстап алып, заңғардың
 Өзін басшы етелік».
 Жүре берді аяндап,
 Отырмады баяндап.
 «Ат бір демін алсын, — деп, —
 Терін басып алсын», — деп.

Көргесін қалмақ қараны,
 Жіберген екен бір адам:

«Жылдам әскер келсін, — деп, —
 Азы-көбін білмейміз,
 Көрдік екі қараны.
 «Жансыз ба?» — деп ойлаймыз,
 Аз болсақ та соғысып,
 Басын кесіп аламыз.
 Екеу ғой, — деп, — қарасы,
 Аз екен, — деп, — шамасы».
 Жақынырақ келгесін
 Қалмақтар қатты сасады.
 Күннің көзі батқансын,
 Бес-оннан бөлініп әрқайсысы,
 Қалың қамыс ішіне
 Бәрі бытырап қашады.
 Қалмақты қашқан көргесін,
 Артынан қоймай қуады,
 Қалмаққа мүшкіл² туады.
 Қалың қамыс ішінен
 Біреуін ұстап алады:
 — Қанша едің? — деп сұрады.

Сонда қалмақ сөйледі:
 — Асыл туған ер, — деді, —
 Қырық кісі біз, — деді. —
 Артымызда бар еді
 Бір мың кісі қол, — деді. —
 Елімізді сұрасаң,
 Қарақұдық басында,
 Жері қалың ну, — деді, —
 Өзі — жазық дөң, — деді. —
 Көп ноғайдын ішінде
 Байтақ жатқан ел, — деді. —
 Аз кісісің сен, — деді, —
 Оған барсаң өлесің,
 Бармай қайтшы сен, — деді. —
 Таң атқанша келеді,
 Байқасаңыз, ол, — деді. —
 Енді өзіңіз біліңіз,
 Келмейді біздің шамамыз.
 Есіттік қой хабарын.

Лайықты болды ғой
 Басын кесіп аларға!
 Қасындағы жолдасы

¹ Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

² Мүшкіл /а/ — қиындық, ауырлық, қыспақ.

Сүйініштің суырды
 Беліндегі қылышын.
 Ол баланың көрдің бе —
 Сермеген екен қылышын,
 Тарылтты қалмақ тынысын.
 Аттың басын бұрады,
 Ат құйрығын өреді,
 Кідіріп Сүйініш тұрады,
 Үстінде бар-ды ақ сауыт,
 Ілгері еді көп зауыт.
 Сүйініш артық ер еді,
 Үстінде асыл киімі.
 Қасындағы баланың
 Шүберектен басқа емес
 Үстіндегі киімі.
 Сүйініш сонда шешіп,
 Үстіндегі шарайна
 Жолдасына береді.
 Шарайна киді үстіне,
 Дулыға киді басына.
 Тастасын ба Сүйініш,
 Тірлікте баланы
 Еріткесін қасына?
 Таң сарғайып келгенде,
 Күннің көзі шығады.

Сонда Сүйініш сөйледі:
 «Жар болсын Жаппар¹ Құдайым,
 Рүстем-Дастан ер, — деді, —
 Ер тілегін бер, — деді. —
 Алланың шері Аршылан,
 Жәрдем бер бізге сен, — деді. —
 Қасиетгерің бар болса,
 Осы жауда кел», — деді.

Осылай деп Сүйініш,
 Құбылаға бір қарады.
 Қасындағы жас бала,
 Жау көрмеген бала еді.
 Сүйініш оған пана еді.
 Күннің көзі шыққанда,
 Көрінді жаудың қарасы-ай,
 Енді болды тамаша-ай.
 — Қайтеміз, — деп сөйледі
 Қасындағы баласы-ай.

Сонда Сүйініш сөйледі:
 — Қасымда жолдас, жұбайым.
 Жар болсын Жаппар Құдайым,
 Үстіндегі шарайна
 Өтпейді қылыш, найзасы,
 Қалмақтың аз-ды айласы.

Сүйініш мінген Қара ат
 Құлағын тігіп жануар,
 Түстік жаққа қарады.
 «Не көрді, — деп, — жануар»,
 Сүйініш сонда тұрады.
 Бара жатыр бір адам
 Атқа мініп жалпылдап,
 Екі аяғы салпылдап.
 Қасындағы балаға
 Сүйініш тұрып бұйырды:
 «Ол қараға бар, — деді, —
 Өлтірмей қуып кел, — деді, —
 Тұрармын байқап мен, — деді. —
 Мен тұрармын аялдап,
 Алдыма қарай кел», — деді.
 Шауып бала жөнелді,
 Қайраты аттың көп еді,
 Жетті қуып артынан,
 Құтыла алмас болғасын,
 Ол да тоқтап тұр еді.
 «Кейін қарай жүр, — деді, —
 Өлтіремін мен», — деді.
 Қуып айдап келеді
 Сүйініштің алдына.

Сүйініш сонда сөйледі:
 — Қай қалмақсың сен? — деді, —
 Сөзіме жауап бер, — деді. —
 Кешегі әскер ішінде
 Жүрген едің сен, — деді, —
 Еліңді тауып бер, — деді. —
 Еліңді тауып бермесен,
 Өлтіремін мен, — деді.

Сонда қалмақ сөйледі:
 — Қашық-ау біздің ел, — деді, —
 Кідірмей жүрсек біз, — деді, —
 Жиырма күндік жол, — деді. —

¹ Жаппар, Жағыпар /а/ — құдірет; Алла Тағаланың есімінің бірі.

Елде қалды ханымыз,
 Жолға шықтым мен, — деді. —
 «Қоймаймыз жауды, — деуші едік. —
 Алармыз, — деп, — қаласын,
 Көрерміз-ау, — деуші едік,
 Ондай жаудың шамасын.
 Салармыз, — деп, — құлдыққа
 Оның қатын-баласын».
 Елге бармай біз көрдік
 Ен далада қызықты,
 Басымыз қалды домалап.
 Атқан оқты біз көрдік
 Жаңбырдай тасқан сабалап.
 Қалмақтың қаны төгілді
 Биіктен ойға жұмалап¹,
 Қашып едім: «Кетем, — деп. —
 Қайтып елге жетемдеп?».
 Артымнан қуып бұл жетті,
 Мініп алып Көк атпен,
 Беліне байлап қылышын,
 Тарылтты-ау менің тынысым.
 Жақынырақ келгенде,
 «Тұр!» деген есіттім дыбысын.
 Атымның басын бұрғанша
 Қорыққаннан тұрғаным
 Бір қасық қисаң қанымды,
 Қинамасаң жанымды.
 Тура бастап барамын,
 Мекен қылған елімді.
 Неге адасып кетейін,
 Өсіп-өнген жерімнен
 Берсең және ағамды,
 Ата менен анамды,
 Бір қасық қисаң қандарын,
 Қинамасаң жандарын,
 Қасындағы берсеңіз
 Қатын менен балаларын.

Сонда тұрып Сүйініш:
 — Көп сөйлеме сен, — деді, —
 Тура баста жолыңды.
 Жалқаулық етсең, сормандай
 Көресің қорлық сен, — деді.

Біраз жерге келгенде,
 Қасына келіп ергенде,
 Бірнеше күн жүргенде:
 — Көрінген сонау
 Қараға көзің сал, — деді, —
 Ілгері барып біреуің,
 Елден хабар ал, — деді. —
 Қалмаққа хабар сал, — деді. —
 Берік болмасын қаласы,
 Аздың келмес шамасы.
 «Берік қылып салды, — деп, —
 Айтушы еді, — қаласын».
 «Көргенім жоқ сіздерге
 Айтуға оның шамасын.

Сонда Сүйініш шақырды
 Қасындағы баласын:
 — Найзаңды маған бер, — деді. —
 Арала барып қаласын,
 Елеусіз барып араға,
 Қалаға барып, хабар бер:
 «Келеді, — деп, — Ноғайлы,
 Аттанған қол әскермен.

Кетті шауып бала да,
 Барды енді қалаға.
 Қылышты байлап ішінен,
 Киім киіп сыртынан,
 Бала барды жағалап,
 Қыдырып жүрді шамалап.
 «Қайдан келген кісі?» — деп,
 Балалары жиналып,
 Қарайды енді қамалап.
 Ордасы² құрған жебе екен,
 Жебесін мықты бекіткен,
 Болаттан қаққан шеге екен.
 Жеті қатар жебесі,
 Болат екен шегесі.
 Есігін салған темірден,
 Төбесі екен қарағай.
 Ішінен көріп кетіпті,
 Барған батыр қарамай.
 Шал мен жүрген балаға,

¹ Жұмалап — домалап.

² Орда — орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

Шетке шығып айтыпты,
 Оларға хабар етіпті:
 «Енді ноғай келед, — деп, —
 Шығыңыз сыртқа енді», — деп.
 Бала біткен шулапты:
 «Жау келді, — деп, — қалаға».
 Шуламай бала, тұра ма?
 Шал пақыр келді қалаға,
 «Біз қалдық, — деп, — бәлеге.
 Шыға көрің, ел, — деді, —
 Бара көрің, ер — деді, —
 Астында мінген көк, — деді. —
 Үстінде бар жас бала,
 Қайраты оның көп», — деді.
 Келіп-кетті қалаға,
 «Жау келді», — деп айтып жүр
 Өңкей жүрген балаға.
 Сонда қалмақ сасады,
 Түсі кетіп қашады.

Биі мен бегі жүгіріп,
 Тоқтатпады кідіріп:
 «Ноғайлының әскері
 Біздің елге келді, — деп, —
 Жөнеліңіз ел», — деді.
 Осылай деп хандары
 Отырған жерде сөйледі.
 Алды-артына қарады,
 Көп кісіні жия алмай
 Тек бір мың кісідей шауып барады.
 «Аз ғана кісі — ол, — деді, —
 Болар жолымыз оң, — деді. —
 Сорлы маңдай оларды
 Айдаған сор, — деді. —
 Олжа қылып алармыз,
 Басын кесіп салармыз».

Шапты шығып далаға,
 Жері жазық болғасын,
 Көрмей қара бола ма?

Сүйініш жауап береді
 Қасындағы балаға:
 — Шетке шық та, кете бер,
 Көпке кірсең, сормаңдай,
 Аңсызда шауып кетермін!

Қалмаққа келді тебініп,
 Жалмауыздай емініп.
 Жау қарасын көргесін,
 Тұрсын ба батыр шегініп.
 Алмасты алды суырып,
 Әзірлеп келді болатты,
 Бетін жауға қаратты.
 Қасындағы баласы
 Найзасын алып қолына,
 Сүйініштей ерлердің
 Ол да еріп соңына,
 Мінген аттар шаршамай,
 Қашаннан қойған жаратып,
 Апшысын жаудың қуырып.
 Ерлер қарап тұрмады,
 Төбесі шоқты қалмақты
 Әбірет¹ сөйтіп шырмады.
 Қалмады біреу кідіріп,
 Келіп жатыр артынан,
 Қалмақтың көбі шұбырып.
 Алды жатыр жығылып,
 Өлгені қалды басылып.

Ұрысып еді сәскеде,
 Күннің көзі батқанша,
 Ұрыса берді қарамай,
 Ағарып таң атқанша.
 Үш күндейін шабуыл
 Ат үстінде салысты.
 Сол ұрыстың ішінде
 Хан мен өлді қарасы,
 Шулады қатын-баласы.
 Кейіндегі жаманның
 Неге келсін шамасы?
 Қалмақтың алды қаласын,
 Шулатып қатын-баласын.
 Күні-түні бұл бес күн
 Сол соғыста болады.
 Қаны судай тасады,
 Қалған қалмақ қашады
 Көрінбей кетіп далаға.
 Көрінгенін қоймады,
 Жарағы қанға тоймады,
 Қалмақ шіркін оңбады.
 Шұбыртты сонда қалмақтың

¹ Әбірет — бұл жерде «бәле басу» мағынасында айтылып отыр.

Қатыны менен баласын
Жинап алды қарасын.
От жіберіп өртеді.
Ағаштан қылған қаласын.
«Біздің халық қонар, — деп, —
Осы қоныс болар, — деп. —
Тұрмасын қалмақ, өтсін, — деп, —
Тоқтамай құрғыр кетсін», — деп,
Неше байтақ жол жүрді.
Баяғы көрген жерімен
Шаттың бойын жағалап,
Төмен жүрді шамалап.
Қалмақтың қатын-баласын —
Қуды оларды сабалап.
Шал мен кемпір, жас бала
Жылайды сонда егіліп,
Көзінің жасы төгіліп.
Кемпір менен шалдардың

Тізесі жүр бүгіліп.
Қамшы өткен балалар
Тоқтамай жүрді жүгіріп,
Отыра алмай кідіріп.
Неше күндей ол жүріп,
Қисапсыз көп мол жүріп,
Қайта жүріп келеді,
Өзінің мекен жеріне —
Ақұшан мен Қанжыға,
Келтірді айдап еліне.
Елге сонда көрінді,
Ел ішіне келгесін,
Қалмақтар тарап, бөлінді.
Бөлінгеннің мәнісі:
Ата ұлына берді еншілеп.
Сүйініштей батырдың
Қалмақты алған жері осы еді.



Бірінші мақам

байсалды

Орындаған: Құлсымақ Оспан
Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан

е _____ еу - у _____ е _____

ей Ка-ра-дөң-нің, е - ей, ба-ла-сы. Оу!

Жү-ба-ныш де-ген ер ед(і) ай. Он жас пе-нен он бес-те Ат-қа мі-ніп кек ал-ған,

ей! Жү-ба-ныш ат-қа мін-ге - сі - і - ін

Но-ғай-лы хал-қы дем-ал-ған. Ба-ла-сыз бо-лып бұл жү-ріп

Ба-ба Түк-ті Шаш-ты(ә) Ө-зіз Ке-ре-мет-ті пір-лер-ге - е О-ты-рып үй-де си-ын-ған,

О-ты-рып үй-де си-ын-ған. Сол сы-қыл-ды ер-лер-ге

Ал-ла-дан ті-леп жүр-ген-де Ка-ты-ны бір ұл ту-а-ды

Сү-йі-ніп ту-ған ба-ла-ның А-тын-қой-ды Сү-йі-ніш, е - е - е - е - ей Ей!

Сү-йі-ніш а-сық ой-на-ды, О-йын-ға ол да той-ма-ды, О-йын ме-нен күл-кі-ге





Екінші мақам





Суретші А.А. Гурьев

ЕР БЕГІС

Жырдa Сүйінішұлы Ер Бегіс басты қаһарман ретінде суреттеледі. Жырдағы батырдың басынан өткен оқиғалардың бәрі — эпостық шығармаларға тән сарындар. Жиырма жасқа дейін жауға шауып, ерлік көрсетіп танылмаған жігіт елдің қаңқу сөзіне намыстанып, әкесінен бата алып, жауға аттанбақ болады. Сол сәтте жау тұтқиылдан шауып, жас батыр елі мен жерін қорғап қалады. Кейін өзінің бастауымен жорыққа аттанып, жеңіспен оралады. Ер Бегіс туралы жыр Мұрын жыраудың жырлауында ғана сақталған, ол өзге түркі халықтарында кездеспейді.

Томды баспаға дайындау барысында Мұрын жыраудың айтуынан М. Хакімжанова жазып алған нұсқа бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, жіберілген кемшіліктер түзетіліп, бастапқы қолжазба негізінде ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 9-дәптер).



Сүйініштiң жасы қырыққа келгенше бала көрмей жүрiп барып, бiр балалы болады. Содан бар ноғай жиналып: «Бұның арғы атасы – Қарадөң, о да асқан ер едi, мұнан туған Жұбаныш, өз қатарында бұ да асқан ер болды, мұның әкесi – Сүйiнiш, бұ да өз қатарына ер болды. Мұнан туған бала да ер болар, мұның атын Бегiс қоялық. Егер ер болса, қатарына жетiп қалар, көздесе, «ер» деген атақты, ер атағын қосармыз», – деп, ойларын ортаға салады да, бұның атын Бегiс қояды.

Бегiс ержетiп, жасы жиырмаға толады. Тағы ноғайдың ақсақал, билерi жиналып бас қосады. Келген ақсақалдың бiреуi тұрып: «Осы Сүйiнiштiң баласы адам болудан кеттi, жасы жиырмаға келгенше балалықтың жолында жүр, әлi адамдық ойламай отыр. Әкесi шынжыры үзiлмей келе жатқан ер едi. Әкесi – Сүйiнiш он бес жасқа келгенде, халықтың арын арлап, кегiн кектей, ноғайдың жерiн қалмаққа бермей, қалмақтан жетiм-жесiр, мал алып, елiнiң аш-арығын бағып отырушы едi. Бұда ол жоқ. «Осының шынжырын үзiп кетедi-ау» деген ой туып жүр-ау. Халықтың ойы осылай», – дедi. Сол сөздi естiп, Бегiс өзiнiң әкесiне келiп, сөйлейдi:

– Әй, бабамыз, бабамыз,
Желдi күнi панамыз,
Жаулы жерде қаламыз.
Ноғайдың айтқан сөзiне,
Баба, ендi қараңыз.
Арғы атаң – Қарадөң
Өзiнен ерлiк озбаған.
Байлығын оның қарасаң,
Мыңнан қойы қоздаған,
Сары iнген жүздеп боздаған.
Есiгiнiң алдында
Жүзден-жүзден құл болған.
Оның ұлы – Жұбаныш
Қатарында о да ер екен,
Ерегiскен қалмақты
Бұтадай қылып жанышқан
О да айтулы бөри екен,
Шынжырлы туған ер екен.
Оның ұлы сен едiң,
Сенiң балаң мен едiм.
Он бесiнде ат мiнiп,
Ноғайдың қамын ойладың.
Қатын-бала қамы үшiн,
Кеудедегi жаны үшiн,
Төгiлер бетгiң ары үшiн
Қалмаққа барып, кектi алдың.
Көрдiң, ата, шамасын,
Жылаттың қатын-баласын.

Байқап келiп, отырсам,
Үшеуiң де артық ер екенсiз.
Ноғайдың сөзiн қарашы,
Айтады екен ноғайлар:
«Осының осы баласы
Жоқ екен, – дейдi, – санасы. –
Сiздердей артық ерлер
Баласы адам болмаса,
Үзiлдi-ау тұқым», – дер екен.
Жиналған көп ноғайдың,
Құлағың сөзге салсаңыз,
Айтқан осы сөзi екен.
Бегiстей балаңның
Көрiп келген көзi екен.
Есiткенде бұл сөздi,
Сына жазды сүйегiм,
Бiте жазды сүрегiм¹.
Байқасаңыз, атажан,
Мен тұрмаймын қалада.
«Үзiледi шынжыр» дегенi
Қиын болды бiздей балаңа.
Атаның жолын құмаса,
Сiзден туып бола ма?
Алла жолды оңғарса,
Талапты ерге нұр жауар,
Талапқа белдi буармын,
Атамның жолын құармын.
Ежелден қалмақ болса жау,

1 Сүрек /о/ – срок, мерзiм, уақыт.

Мекенденген жерінен,
Өзінің байтақ елінен,
Әуелі Алла, екінші,
Әулиелер¹ болса жар,
Асырып оны қуармын.
Суалтармын қаласын,
Көрермін оның шамасын.

Күн бесеуге толғанша
Қара көк тұлпар жаратты.
Қылышы мен найзасын
Шақпақ тасқа қайратты.
Төрт күн өтіп, бесеуге
Сонда күні толады,
Кететін шағы болады.

Сол кезде Сүйініштің жылқышысы бар еді, ентігіп жүгіріп келіп,
Сүйінішке сөйлей бастады:

— Әй, батыр-ай, батыр-ай,
Еліңе жау тез жетті,
Еліңді шауып меңдетті.
Қатын менен баланың,
Қойшы менен түйеші,
Жылқышы менен падашы
Талайын сабап көлбетті.
Таяқ жеп, қолға түсулі
Көп ноғайдың баласы.
Келіп тұрмыз жүзіміз,
Батыр, өзің қарашы.
Қарт болсаңда, біз келдік,
Сол бір жауға барашы.
Біз де көмек болармыз,
Тілеп тұр халық тілекті,

Сол тілегін берсеңші.
Сонда тұрып Сүйініш
Қарт бурадай қабағы,
Қабағының жүні өсті,
Шақырды сонда ол күшті:
— Жиылып келген азамат,
Алла оңғарса сапарды,
Баламмен екеуіміз
Астыма мініп қазанат,
Жүре берің сен, — деді, —
Егер көмек сұрасақ,
Шақырармын мен, — деді. —
Шақырғанда кел, — деді, —
Сонда көмек бер, — деді.

Сонда Сүйініш үйіне келіп, баласына сөйлей бастады:

— Айналайын жан бала,
Қалаңа жау келіпті.
Қаладағы халықтың
Сазасын берді жап-жаңа.
Болса сенің қайратың,
Осы келген қалмаққа

Көрсетші қайрат сен, бала!
Жалғыз жауды қайыршы,
Атаға тартып тусаң сен,
Атаңның жолын қусаң сен,
Бекем белді бусаң сен!

Сонда сол сөзді естіп, Бегіс әкесіне сөйлеп жіберді:

— Әй, атажан, атажан,
Мен — сенен өнген балапан.
Әуелі Алла, екінші,
Әулие, шайқы² жар болса,

Қолтығымнан демеші.
Қашырармын жауыңды
Өлтірермін, атажан,
Қамаған қалмақ қалаңды,

¹ Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

² Шайқы /а/ — ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

Өлтірермін Тірсек ханыңды.
Тарттырармын сазаны,
Алдырармын мазаны,
Шағылады қазаны.
Уайым жеме, атажан,
Кегің кетпес қалмаққа —
Балаң буды белдерін!

Сонда тұрып Ер Бегіс
Қара көк атты ерледі¹,
Ерлеп жүріп терледі,
Бадана көзді берік сауыт
Баса үстіне киеді.
Қолға алды ақ найза,
Белге шала байлады
Жасатқан жақсы қылышын,
Тарылтуға жаудың тынысын.
Алладан медет бұл тілеп,
Атына мініп алған соң,
Қалаға келген қалмаққа
Батыр Бегіс жөнелді.

Ол жөнеліп кеткенде,
Сонда тұрып Сүйініш,
Жасы үлкен болса да,
Ер салды сонда Қараға.
Езіліп кете жаздады
Жүректегі бауыры.
Баласының тәуірі —
Бала кетті ол жалғыз
Қалмақтайын кәуірге².
Ақ сауытын өңгеріп,
Азын көпке теңгеріп
Бұ да сауыт киіп ап,
Жөнелді сонда артынан
Шыдамады балаға.

Екеуі жауға кеткен соң,
Алпыс жаста кемпірің
Отырып сонда сөйледі:
— Айналайын Құдай-ай,
Ағара ма көзім, жылай-ай?!
Екі бірдей арыстан
Жауға кетіп барады,

Әулие, шайқы, қолдай көр!
Жалғыз ұлым — Бегіс пен
Сүйініштей алғаным
Сапарын, Алла, жолдай көр!
Екеуінің жолына
Ақ қарабас қой садаға!
Өңкей ердің тұқымы
Осы жолы өшіп қала ма?
Алпыстағы әкесі
Шыдамай, кетіп барады.
Үш атадан келе жатқан
Тұқымы еді үзілмей,
Еріп кетті балаға.
Алты қанат ақ орда,
Ішінде оның иесі жоқ,
Есіркейтін кісі жоқ,
Адыра иесіз бола ма?
Мендей болған бейбақтың
Қуарып жүзі сола ма?
Қарадөң — арғы атамыз
Аруақты ер еді,
Жәрдем бермей қала ма?
Егер жауда екеуі
Өліп кетсе, жазым боп,
Қайғыдан ішім тола ма?
Бақшалы миуа сарайым
Гүлі қурап, сола ма?
Айналайын жан баба,
Болмаса жар Алла,
Беріп жәрдем бола ма?
Бұрынғыдай кеңес құрылып,
Заманым қайта бола ма?

Көзінің жасы төгілді,
Сөйтіп кемпір жылап отырды.

Баласының артынан
Сүйініш жақын барады.
Қалмаққа тұрып Ер Бегіс
Сонда айғай салады.
Айғайы оның шыққанда,
Жапырылып көп қалмақ
Сонда тұра қалады.
Ер Бегіс жақын қалмаққа

¹ Ерледі — ерттеді.

² Кәуір — кәпір.

Тура батыр барады.
 Қара тасқа қайраған
 Балдағы қылыш суырып,
 Сонда қолға алады:
 — Әй, қалмағым, қалмағым,
 Ауыр емес салмағым,
 Тістелмесін бармағың.
 Жекпе-жекке сен келші,
 Бастап жүрген бастығың,
 Ноғайменен бар ма қастығың?
 Қалмақ, ноғай болғалы,
 Жоқ-ты сенің достығың.
 Қасыма кел сен менің
 Басыңды барып жүлармын!
 Екінші қайтып ноғайға
 Келмейтін сені қылармын!

Сонда шықты хан Тірсек
 Бұл сөзіне шамданып:
 — Өлтірмесем сені, — деп, —
 Қызығыңды жер көргір,
 Жекпе-жекке барамын,
 Барсам, басыңды алармын!
 Қайратыңды қарармын,
 Егер сені өлтірсем,
 Артыңдағы халқыңа
 Талапайды салармын! —
 Деп бір ханың долданды,
 Жақын бір келді қасына,
 Жақын жетіп келгенде,
 Ақ найзасын қолына ап,
 Сонда ерлер соғысты.
 Айламенен қағысты,
 Найза ұстаған қолдары
 Екеуінің де қарысты.
 Лашын құстай шүйіліп,
 Жауатын бұлтай мұнартып,

Ат үстінде кетіп бара жатып хан сөйледі:

— Қатын-бала, ел қайда,
 Туып-өскен жер қайда?
 Қаламысың дүние-ай!
 Ажал жақын көрінді,
 Өкпеден қанның аққаны.
 Астыма мінген Қарагер,

Бегіс сонда ақырды,
 Дауысы жерді көшірді.
 Ақ найзасын ол былғап,
 Сонда қанға малынды.
 Хан Тірсек те өлмеді,
 Суырды қайта найзасын.
 Бегістейін батырдың
 Тауыса жазды айласын.
 Сонда ханың ақырды,
 Артыңдағы қалмаққа:
 «Келіңдер», — деп, шақырды.
 Естігенде дауысты,
 Сонда қалмақ жапырды.
 Жапырғанда қалмағың,
 Бегіс те қарап оларға
 Сонда тұрып ақырды,
 Аузынан зәрі шашылды,
 Аруағы судай тасыды.

Тасада тұрған Сүйініш,
 Қасында бар жүз кісі,
 Қарт арыстан сияқты.
 Астына мініп Қара атын,
 Беліне буып болатын,
 Ақ найзасын шүйілтіп,
 Шыға келді тасадан.
 «Сүй» дегенше болмай-ақ,
 Хан Тірсектей қалмағың
 Жүректен қаны бұрқырап,
 Қарсы келіп қалыпты.
 Көргеннен соң хан Тірсек,
 Кетерін қайда ол білмей,
 Қашты сонда далаға,
 Қамшы басты Қараға,
 Өлері жақын болған соң,
 Ұрмай атты бола ма?

Шабысың маған не пайда,
 Кете жазды жаным кеудеден?

«Сүй» дегенше болмай-ақ,
 Кер¹ ат сонда қарғыды.
 «Қарғымайын», — деп еді,

¹ Кер — құла мен торының аралығындағы малдың түсі.

Алдынан бір сай болды кез.
 Қарғығанда Кер аты,
 Қолынан ұшып кетеді.
 Жүзі алмас болаты¹
 Барып жерге тігілді.
 Сонда ханың ұшады,
 Тесілген сонда жүрекке
 Барып сабы ілінді.
 Ілінгенде ол сабы,
 Үстіндегі мал есі,
 Әділ жаннан түңілді,
 Осалдығы білінді.
 Алыспады Сүйініш,
 Аты менен сауытын
 Олжа қып ап жөнелді.
 Қасында бар жүз кісі,
 Ер Бегіске барыпты,
 Бегіспенен қосылып,
 Жауға ойын салыпты.
 Ақ найзасын өңгеріп,
 Азын көпке теңгеріп,
 Жүрді сонда Ер Бегіс.
 Астындағы Қаракөк
 Ор текедей орғиды,
 Сайға келсе сырғиды.
 Үстіндегі Ер Бегіс
 Қатар келген қалмақты
 Шаншып қатар өтеді.
 Қарсы келген қалмақты
 Қақ маңдайдан шабады,
 Өлтіріп итті салады.
 Қасында жүрген жүз кісі —
 Олар да жүр ойын сап.
 Қалмақ шықты қаладан,
 Ығысып шықты далаға.
 Көбі жанның өлген соң,
 Қашпасына бола ма?
 Қырғыншылық көргені,
 Қаланың іші қан болды.
 Ер Бегіс пен жүз кісі
 Қаладан қуып, сандалды.
 Шығарды сонда, қарашы.
 Сол соғыстың ішінде

Сүйініш те жүреді
 Ақ найзасын өңгеріп,
 Азын көпке теңгеріп.
 Баласын сонда көреді,
 Қуанған Сүйініштің
 Суалып қалған жүрекке
 Қайта күші кіреді.
 Айғай салып жауына
 О да бірге тиеді.
 Қолына алып семсерін,
 Қарсы келіп, қалмақтың
 Қақ маңдайын тіледі.
 Бытырап қалмақ қашқан соң,
 Жеңілмесін біледі.
 Қарсы шауып жүргенде,
 Атасына баласы
 Сонда қарсы келеді.

Атасын танып Ер Бегіс
 Сәлем сонда береді.
 Атасы тұрып сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Айналайын жан балам,
 Қарадан туған, хан балам,
 Қалмақ итті қуа көр,
 Атаңнан тусаң ұл болып,
 Белді бекем буа көр.
 Бөлек туған балаға,
 Әуелі Алла, екінші,
 Әулие жәрдем бола көр.
 Тарыққан жерде жебей көр,
 Көзіңе іліп елей көр,
 Жалғызыма жәрдем бер.
 Атамыз едің Қарадөң,
 Ерлерді едің жебеген.
 Пақыр менен міскінді²
 Он бесінде мініп тақ,
 Көзіңе алып, еледің,
 Сен де жәрдем бере көр!
 Баба Түкті Шашты Әзіз³,
 Ұлсыздарға ұл бердің,
 Қызсыздарға қыз бердің.
 Пақыр менен міскіндер

¹ Болат — қылыш.

² Міскін — кембағал, кемтар адам.

³ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

— Айналайын жан балам,
Айырдан туған нар¹ балам,
Қайда кетіп барасың?
Өлмеші болған атаң мен
Анаң көзің сал, балам.
Тілімді менің ал, балам,

Сөзіме құлақ сал, балам.
Елің менен жұртыңды —
Оны да еске ал, балам.
Егер тілді алмасаң,
Аман-есен бол, балам,
Мен айтып болдым, —

деп, үйіне кіріп кетеді. Сонда үйінің сыртында тұрып, атасы мен анасына Бегістің айтқаны:

— Айналайын атажан,
Тіліңді сенің алмасам,
Ойлап келіп мен тұрмын.
Халық, қарындас, атам мен
Бауырына басқан анамды
Асыраудың ол қамын.
Сол себепті, атажан,
Қалмақ пенен үндістей
Жауға кетіп барамын.
Ноғайдан бір кісі

Қасыма және аламын.
Берші маған атамыз,
Сұрауға тұрмын батаңыз!
Бермесен де батаңды,
Сол қалмаққа кетеміз.
Жауға бармай, атажан,
Бала-шаға, шал-кемпір,
Барсам, соның қамы үшін,
Тұрып мұнда, не етеміз?

Сонда атасы «Бұл балам халқы үшін, ата-анасы үшін бара жатса, бұным болмас» деп ойлап, кемпірі мен екеуі келіп, бата берердегі сөзі:

— Айналайын жан балам,
Берейін саған мен, — деді, —
Қолыңды жай сен, — деді.
Бегіс аттан түседі,
Қолын жайып отырды.

Сонда шалың сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әулие, шайқы, пірлерім²
Қолтығыңнан сүйесін,

Қысылған жерде демесін!
Қызыр менен Ілияс,
Баба Түкті Шашты Әзіз —
Солар болсын панаңыз!
Жолыңды Алла оңғарсын!
Енді, балам, барыңыз,
Түк қоймай, жауды алыңыз.
Жау қалмаққа, жан балам,
Аман-есен барыңыз!

Сонан кейін жолдасы да келіп, екеуі жөнеліп кетеді.

Екі арыстан елінен
Жолға шығып жөнелді,
Ақ найзасы қолында,
Бөкең-бөкең желеді.
Астына мінген ерлердің
Екеуінің де қара еді.
Екеуі де атадан

Жалғыз туған жан еді.
Екеуінің әкесі
Кәрі болған шал еді,
Оларға да қарамай,
Қарындас, халқы қамы үшін
Елден шығып жөнелді.
Маңайында қара жоқ,

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

² Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

Шырылдап ұшқан ауада
 Кішігірім құстар көп.
 Жапан түзде екеуі
 Желе жортып, аяңдап,
 Түн ұйқысын төрт бөліп,
 Сонда жүріп келеді.
 Арада неше күн өтті,
 Келді бір қалың тоғайға,
 Бұрын-соңды байқаса,
 Аю менен арыстан
 Жүреді екен тоғайда.
 Сол бір уақыт шағында
 Қарсы алдынан арыстан
 Шыға келді ақырып,
 Көп қамыстың ішінен.
 Адамды көріп ол сонда,
 Тұрып сонда ақырды,
 Дауысы жерді көшірді,
 Келе жатқан Бегіске
 Арыстан сонда атылды.
 Қылышын алып Бегіс те,
 Ер еді сондай батыл-ды,
 Жұмсап қару, егесті.
 Басына қару тиеді,
 Тиген қару оңа ма?
 Көп ұзамай хайуанның
 Сонда үнін өшірді.
 Тоғайды қалың қақ жарып,
 Сонан шығып жөнелді.
 Бөлтірік, қасқыр, аңдардың
 Ортасында келеді.
 Қорықпады батырлар,
 Өздерінде батыл бар.

Бір уақыттар болғанда,
 Мидай жазық далада
 Бір қатынға болды кез,
 Шақырып алып қатынды
 Сұрады ерлер сонан сөз:
 – Әй, жарқыным, жарқыным,
 Мидай жазық далада
 Болдың бізге сізде кез,
 Маңайыңда ел бар ма,
 Ат суарар жер бар ма,
 Сұралық деп шақырдық.

Сонда қатын сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:

– Біз бір қалмақ елі едік.
 Алдыңызда елдер бар,
 Айдынды шалқар көлдер бар,
 Сексеуіл мен томары –
 Ол аспанға таласқан
 Биік сондай жерлер бар,
 Және де биік тау да бар.
 Арғы жағын сұрасаң,
 Хан Тірсектің баласы –
 Тобылғы ханның елі бар,
 Жасайтын бүгін тойы бар.
 Әкесін ноғай өлтірген,
 «Әкемнің кегін алам, – деп. –
 Сол ноғайға барам», – деп,
 Ойлаған және ойы бар! –
 деп, қатын жөніне кете берді.

Сонда Бегіс сөйледі:
 – Әй, жолдасым, жолдасым,
 Жолымызды Алла оңдасын!
 Издегеніміз болды кез,
 Қыбырлалық біз тез.
 Қаласына баралық,
 Барып, ойран салалық,
 Қаласын шауып алалық, –
 деп ерлер жөнелді.

Бұрынғыдан қаттырақ
 Жүріп сондай желеді.
 Сол жүрумен отырып,
 Екі күнде келеді.
 Тобылғы қалмақ бас болып,
 Жауына ыза-кегімен,
 Ноғайменен қас болып,
 Шыққан екен елінен,
 Өзінің мекен жерінен,
 Аттанған екен ол қалмақ,
 Ноғайдағы ыза-кегінен.
 Қарсы келді екеуі
 Жиылған қалың қалмаққа.

Сонда Тобылғы хан сөйледі:
 – Танымадым мен, – деді, –
 Жөніңді айтшы сен, – деді.
 Түсің сары, көзің көк.
 Одан басқа мінің жоқ.
 Үстіңе киген темір көп.

Жөніңді маған айтшы,
Білейін сені мен, — деді.
Не болмаса ермісің,
Кек алатын шермісің?

Сонда Бегіс сөйледі:
— Менің тегім — ноғайлы,
Менің атым — Бегіс.
Арғы атам — Қарадөң,
Бергі жағым — Жұбаныш.

Сонда Тобылғы хан қалмаққа қарап сөйледі:

— Издегенге сұраған,
Келген екен жауымыз.
Қарап тұрмай қалмақтар,
Қыздырыңдар майданды,
Іс қиынға айналды, —
Деп бір ханың сөйледі.

Сонда тұрып Ер Бегіс:
— Әй, қалмағым, қалмағым,
Тістелмесін бармағың,
Жеңіл емес салмағым.
Жекпе-жекке кел, — деді, —
Қайратымды менің көр, — деді.

Сонда екі батыр
Жекпе-жекке соғысты.
Екі батыр соғысты,
Аттан салып, тоғысты.
Ақ найзасы жарқылдап,
Сонда ерлер қағысты,
Семсерменен шабысты.
Астындағы аттарын
Ерлер сонда сабады,
Шауып жүріп ерлерің,
Белден ұстап алады.
Олар белден ұстаса,
Аттар тоқтап қалады.
Жағаға қолды салады,

Өзімнің әкем — Сүйініш,
Тұқымды едім теп-тегіс.
Қасымдағы — жолдасым,
Қалмақтың келдім қасына,
Жолымды Алла оңғарса.
Издегенімді сұрасаң,
Хан Тірсектің баласы —
Тобылғы ханның елі еді,
Жүрген жөнім сол еді!

Ат үстінде екеуі
Жағаласып қалады.

Сонда тұрып Ер Бегіс
Қылышпен басқа салады.
Тиген соң қылыш басына,
Жығылып құлың қалады,
Иттің күші танады.
Артындағы мың кісі
Тұрып сонда жапырды,
Бегіс пенен жолдасы
Оларға қарап ақырды.
Ала құйын шаң болды,
Көрмегенге таң болды.
Сол бір уақыт болғанда,
Қасындағы жолдасы
Көрінбеді, апыр-ай,
Жүрегі мұздай болады,
Болса да жалғыз Ер Бегіс,
Қалмаққа ойын салады.
Қалмақты сонда шақырды,
Қалмақтан қайрат асырды.
Көрмеді әлі жолдасын,
Қорықты қатты жүрегі,
Кетті ердің реңі.
«Қасымдағы жолдастың
Біткен шығар дәм-тұзы»

деп ойлап, соғысқан жерге келсе, жолдасы аузынан қан кетіп, жүрегі тесіліп жатыр екен. Соны көрген батыр аттан құлап түсті. Қайта есін жиып алып, түрегеліп барып еді, әлгі кісінің көзінен жасы бұршақтап ағып жатыр екен. Бегістің оның қасына барып айтқаны:

– Айналайын Құдай-ай,
 Қияметтік досымнан
 Мені бүйтіп айырдың.
 Жабығып қатты мен келсем,
 Ақыл берер осылай,
 Ақыл берер досымнан,
 Құдай қосқан қосымнан
 Айырып бүйтіп қойғаның.
 Аңға қосқан сұңқарым,
 Қанатын екі қайырдың.
 Халық үшін өлгенің,
 Шәйіт болып кетесің.
 Кең сарайға жетесің,
 Бұл дүниеден өтесің.
 Аманатын Алланың
 Көз алдымда бергенің.
 Жарық дүние енді жоқ,
 Отың жанған болды шоқ,
 Не айтасың ата-анаң,
 Әйеліңе және де?

Сонда досы сөйледі:

– Әй, құрдасым, құрдасым,
 Жүрген бірге қосылысып,
 Арманда болып барамын.
 Артымда менің сұрасаң,
 Кәрі атам мен анам бар.
 Мен өткен соң дүниеден,
 Сол атам менен анамды
 Өзімдей қылып кім бағар,
 Көңілін оның кім табар?
 Бағатұғын кісі жоқ,
 Жұрттың онымен ісі жоқ.
 Қурады оның сүйегі,
 Қарға-құзғынға жем болар,
 Тірі болсаң, барасың,
 Атам, анам бар болса,
 Қабатыңа аларсың¹,
 Өзімдей қылып бағарсың.
 Сүрегі бітіп, ол өлсе,
 Барарсың оның қасына.
 Және де сәлем айтарсың,
 Бар болса менің алғаным,
 Дүниенің білдім жалғанын.
 Енді маған жарық жоқ,

Қараңғы көрге барғаным.
 Ішінде оның бар болса,
 Не болса да, баланы
 Қолыңа сенің берсін ол,
 Өзімдей сені көрсін ол,
 Қамықпасын, қайғырып,
 Барсын қайны халқына,
 Бұрынғы түссін салтына.
 Рұқсат оған мен бердім,
 Жүре берсін дағдына,
 Бұрынғы елдің салтына.
 Өзімнен үлкен аға жоқ,
 Не болмаса, іні жоқ,
 Өттің бастан дүние боқ.
 Бұрынғының бірі болармын,
 Бұл дүние кімнен өткен жоқ!
 Өлмей тағы кеткен жоқ,
 Қатын менен баласын
 Дүниеден көре алмай,
 Қарға-құзғынға жем болып,
 Қапыда кімдер кеткен жоқ?!
 Аман бол енді сен, – деді.

Қағып кірпік өлуге,
 Қараңғы көрге жетуге,
 Жан досынан айырылып,
 Түзеді маңдай кетуге.
 Досынан Бегіс айырылды,
 Қолындағы баулы ақ сұңқар,
 Ол сұңқардан айырылып,
 Отырып қалды майырылып,
 Қанаты қалды қайырылып.
 Отырып сонда, мұңайды,
 Мұңайса да, достысы
 Өлген соң, қайтып тұрмайды.
 Атын сонсоң мініп ап,
 Қалмаққа қарай жөнелді.
 Шаңы ұйтқып желеді.
 Қалмақтың салған қалаға,
 Қамшысын басып Қараға
 Сонда жетіп келеді.
 Келсе адам тараған,
 Кемпір менен жас бала
 Қалыпты, оны бөлеген.
 Аяқ басып тұрары

¹ Қабатына алу — көз қырын салу, қамқор болу.


Қашып-босып жөнелген.
 Мыңдаған қой қалған,
 Сиыр менен қалды түйесі,
 Түйенің жоқ-ты иесі.
 Айдауына жарамай
 Қалыпты құлын, биесі.
 Иесіз жатқан малдары
 Айдап алып жөнелді.
 Бір жан жоқ қасында,
 Айдағанын сұрасаң,
 Қалмақтың қой мен түйесі.
 Ер Бегіс болды иесі.
 Жүруменен отырып,
 Баяғы келді құдыққа.
 Суарып малын алады,
 Баяғы көрген тоғаймен
 Қақ жарып өтіп барады.
 Бір, екі, үш ай болғанда,
 Елінің келді маңына,
 Түсірді елдің жанына.
 Керегін жұрт алады,
 Тоғыз жүз мал қалады.

Баяғы өлген досының
 Кемпір-шалы, әйелі –
 Үшеуіне – оған барады.
 Барып, әйел сөйледі:
 – Ер Бегіс, Ер Бегіс,
 Тұқымды едің теп-тегіс.
 Алған қайда жарымыз,
 Ажал жетіп, өлді ме?
 Артында оның сұрасаң,
 Тігулі орда¹ үй қалды.
 Бүкірейіп белдері
 Кемпір мен шал қалды,
 Жиналған дәулет, мал қалды,
 Жас он бесте қосылған,
 Қынай белім шешілген,

Меңдей болған жар қалды.
 Және де қалды титтей баласы,
 Алған жарым өлген соң,
 Кім болар оның панасы? –
 Деп бір әйел егілді,
 Көзінің жасы төгілді.

Сонда Ер Бегіс сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Қасымдағы жолдасым,
 Ажалы жетіп, ол өлді,
 Сен де айырылдың жарыңнан,
 Мен де айырылдым ерімнен,
 Қатар жүрген теңімнен.
 Құтылған пенде бола ма
 Алла салған өлімнен?
 Жолдасым сапар шегерде,
 Тапсырып кеткен өлерде,
 Мен айтайын кебінен,
 Ата менен анасын,
 Іште қалған баласын,
 Жан жолдасын сені де,
 Тапсырып маған кеткен-ді.
 Мен алармын қолыма,
 Құдай жазса оңына.
 Іште қалған нәресте
 Дүниеге келген соң,
 Оңын-солын білген соң.
 Тұмсықтыға шоқытпай,
 Қанаттыға қақтырмай,
 Оны да әкеп қосармын
 Ноғайлының тобына.

Егескен жерде ел алған,
 Қыраннан тартып жем алған
 Бегістейін батырдың
 Ісі келген оңына.



¹ Орда – орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.

Бірінші мақам

орғаша

Орындаған: Өтешов Ақылбек

Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

А - ей, Әй, ба - ба - мыз, ба - ба - мы - з, Жел - ді кү - ні па - на - мыз,

Жау - лы жер - де қа - ла - мыз. Но - ғай - дың айт - қан сө - зі - не

Ба - ба, ен - ді қа - ра - ныз. Ар - ғы а - таң Қа - ра - д - ө - н

Ө - зі - нен ер - лік оз - ба - ға - н. Бай - лы - ғын о - ның қа - ра - сан,

Мың - нан қо - йы қоз - да - ған, Са - ры ін - ген жүз - деп боз - да - ған.

Е - сі - гі - нің ал - дын - да Жүз - ден - жүз - ден құл бол - ған.

О - ның ұ - лы - Жұ - ба - ныш Қа - та - рын - да о да ер е - кен,

Е - ре - гіс - кен қал - мақ - ты - ы - ы

Бұ - та - дай қы - лып жа - ныш - қан Ол да ай - ту - лы бө - рі екен.

Екінші мақам

Әй, Шын - жыр - лы ту - ған ер е - ке - н. О - ның ұ - лы сен е - ді - н,

Се-нің ба-лаң мен е-дім. Он бе-сің-де ат мі-ніп, Но-ғай-дың қа-мын ой-ла-дың.
 Қа - тын да ба - ла қа - мы ү - шін, Кеу - де - де - гі жа - ны ү - шін,
 Тө - гі - лер бет-тің а - ры ү - шін Қал-мақ-қа ба-рып кек - ті ал-дың.

Үшінші мақам

Көр-дің, а - та, ша - ма - сы - ы - н, Жы-лат-тың қа - тын - ба - ла - сын.
 Бай-қап ке-ліп, о - тыр-са - а - м, Ү - ше-уің де ар-тық ер е - кен.
 Но - ғай-дың сө - зін қа - ра - шы, Ай - та - ды е - кен но - ғай - ла - р:
 О - сы-ның о - сы ба - ла - сы Жоқ е - кен, дей - ді са - на - сы - ы.
 Сіз-дер-дей ар-тық ер-лер-дің Ба - ла - сы а - дам бол - ма - са - а - ай,
 Ү - зіл - ді тұ - қым дер е - ке - н. Жи-нал-ған көп но - ғай - ды - ы - н,
 Құ - ла - ғың сөз - ге сал - са - ңыз, Айт-қан сө - зі о - сы е - ке - н.
 Бе - гіс - те - й ба - лаң - ны - ң Кө - ріп кел-ген кө - зі е - кен.



Суретші А.А. Гурьев

ИХВ № 901
 БҒЖОНЕ. КОКЖА. ^{Төртінші} 22/1/42 1/2
Бесе
 Беле тейін еркіндей
 таяғы зотта келеді
 Әйел таңдан алмайды
 Ал қандай көпмайдан
 Отырып бір күн жинап
 Балаевна көйлегі
 Сөйлегенде түйінді
 Балам едім еңдеді
 Асыраған Аманшайым
 тастымыннан өзірдім
 Қарағым ағам болар деп
 кәдір ағам болмады
 алдым деп алағым
 Айнау келді тастымын
 Аманда келді аманна
 бүкілден түйіне істейді
 Әйел айтқан тастымын
 көйде еңде болмады
 тастымын бойды болмады
 тастымын
 Сүйтін балам нұрлы
 тастымын бойды болмады

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (667-бума, 8-дәптер).

КӨГІС, ТЕГІС

Жырдa Бегістің ұлы Көгiс пен оның қан майданда қаза тапқан ағал досының баласы Тегістің қалмақтарға қарсы соғысы және онда көрсеткен ерліктері баяндалады. Туындыдағы батырлардың ел мен жерді қорғау идеясына ағалдығы, достық, ынтымақ-бірлік сияқты қасиеттері де жыршылық дәстүрге сай бейнеленген. Бұған белгісіз батыр мен Бегістің және Көгiс пен Тегістің қалтқысыз достығы, майдан даласында бір-біріне көрсеткен көмегі, аманатқа ағалдығы дәлел болады.

Жыр мәтiнiн М. Хакiмжанова Мұрын жыраудың айтуынан хатқа түсiрген. Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазбасы iлгерiде жарияланған басылымдармен салыстырылып, текстологиялық сараптаулар жасалды. Бұрынғы жасалған өзгерiстер қайта қалпына келтiрiлiп, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кiтапхананың сирек кiтаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 8-гәптер).



Бегістейін ерінің
 Жасы отызға келеді.
 Әйел таңдап алмайды,
 «Ал», — десе де, болмайды.
 Отырып бір күн атасы
 Баласына сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Балам едің сен, — деді. —
 Асырадым әлпештеп,
 «Қарғам адам болар», — деп.
 Сен бір адам болмадың,
 «Ал», — десем әйел алмадың.
 Атаң келді жетпіске,
 Анаң келді алпысқа.
 Бүкшендеп жұмыс істейді.
 Әйел таңдап жастықта
 «Қой», — десем де қоймадың.

Сонда Бегіс ұалды
 Атасының алдында.
 Жігіттің беті қызарды,
 Сонда кетті далаға.
 Сол жерде бір бай бар еді,
 Жалғыз қызы бар еді —
 Өз халқына қадірлі,
 Қанымша сұлу атанған.
 Бегіс батыр барады,
 Бұрын айтқан сөзімен
 Соны барып алады.
 «Әйел алды ер Бегіс»
 Дегенді естіп Ноғайлы,
 Қалмай бәрі жиналды.

Қыз да келді отауға,
 Көбейді қыздар отауда.
 Үш күн ұдайы ойын қып,
 Тоғыз күн ұдайы жібермей,
 Ат шаптырды тойын қып.
 Аттар шапты бәйгеге,
 Жүз елу қой, сегіз қара
 Тігілді сол бәйгеде.
 Ноғайлының жандарын,
 Тамақ сыйлап, тойғызды.

Арада өтті бір жыл.
 Ер Бегістің әйелі
 Екіқабат болады.

Тоғыз ай, он күн болғанда,
 Еркек бала табады.
 Ноғайлы сонда жиылды,
 Ақсақал мен қария
 «Көгіс», — деп атын қойды,
 Және де тойы тарады.

Ер Бегістің досының
 Әйелі тапқан ұлының
 Атын қойып, қылды той.
 Және де тойы тарады.
 Ер Бегістің достысы,
 Соның бар-ды әйелі.
 О да туған бір ұлды.
 Оның аты болды «Тегіс», — деп.
 Атасы жүріп екеуін
 Қияметтік дос қылды.
 Ес білмейтін уақтынан
 Екі жас бірдей дос болды.
 Бірнеше жыл болғанда,
 Кішкене екі баланың
 Жасы беске толғанда,
 Атасы менен анаға
 Ермек болды бұл бала.
 Жасы онға толады,
 Недәуір жігіт болады.
 Атасының мініп тұлпарын,
 Екеуі соған мінгесті,
 Жылқы бақты малдарын.
 Жылқышы мен түйеші —
 Болды соның иесі.

Бір күндері болғанда,
 Ер Көгіс пенен Тегістің
 Жасы он бірге толғанда,
 Тегістейін жас бала
 Анасына келеді,
 Келіп сөйлей береді:
 — Айналайын анамыз,
 Аязды күні айналдың,
 Бұлтты күні толғандың.
 Дыбысым шықса-оу, менің,
 «Қарағым шошып кетті», — деп,
 Бесіктен шешіп, қолға алдың,
 Өсірдің жастан әлпештеп.
 Атасыз болдым мен неге?
 Әуелі бастан жаралдым,

Атамыз қайда, анажан?
Сағынып тұрған атасын
Сорлы болған балапан! —
Деп бір бала егілді,
Көзінің жасы төгілді.
Ол атасын еске алып,
Қабырғасы қақырап,
Омыртқасы сөгілді.

Анасы сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Айналайын жас бала,
Атаңды алма ойыңа.

Атаңды алсаң ойыңа,
Анаң да бірге егілер,
Қабырғасы сөгілер,
Көзден жасы төгілер.
Атаңның айтсам мен жайын,
Ауадағы құстар мен
Жердегі аңда — барлығы
Қайғыланып, көбейер.
Оны білсең, арманда,
Қайғы толар басыңа.
Атаңнан қалған жалғызсың,
Елемес сенің өзіңді.

Солай деп әйел баласына жауап айтып еді, бала: «Ана, неге олай, кім өлтірді?» — деп қоймады.

— Қоймадың ғой, жан балам,
Атаңды мен айтайын,
Қалай кеткен мән-жайын.
Бегіс қатты ер еді,
Атаңменен болған дос.
Қосылып екі арыстан,
Халықтың қамын ойлаған.
Белшеден батып ойларға,
Екеуі кеткен қалмаққа,
Халық үшін мал алып,
Қалмақтан кекті алмаққа.
Қалмақ елге барулы,
Қалмаққа соғыс салулы.
Сол соғыстың ішінде
Атаң өліп кетіпті,
Тар жерлерге жетіпті.
Жылай-жылай сені ойлап,
Дүниеден өтіпті.

Ішімде едің сен сонда,
Арманда болып, келе алмай,
Жарық күнді көре алмай,
Дүниеден кетіпті.
Мәні-жайы осылай,
Сөйлеттің, балам, тосын-ай.
Және де тастап кетіпті
Ер Бегістей досына-ай.
«Арманда сені кетед», — деп,
Отыр едім мен айтпай.
Ақыры айттым, болмады,
Мәні-жайы осылай.

Сонда бала үндемей,
Көгіс пен Тегіс қосылып,
Жылқысына жөнелді.
Жайымен жүріп отырып,
Жылқысына келеді.

Көгіс Тегістің қайғылы екенін сезіп, досының қасына келіп, сөйлей бастады:

— Әй, досым-ай, досым-ай,
Қайғыланып жүрсің ғой.
Қабағың қату көрінді,
Ұйықтай алмай қайғымен,
Түн ұйқыңды бөлдің бе?
Жас уақыттан екеуіміз
Қияметтік болдық дос,
Сырыңды маған айтшы сен,

Ақылдасып екеуіміз,
Көңіл кірін ашалық,
Көкіректегі қатты қайғыны,
Қайғыланбай, басалық.
Біреу келіп, жан достым,
Көкірегіңе қайғы салды ма,
Бетіңнен иттей алды ма?

Сонда бала жылады,
 Айтпады ол сырын.
 Көгіс тағы сөйледі:
 — Жылама, достым, жылама,
 Болса қайғың маған айт,
 Қас қылған саған кісіге
 Сен үшін отқа жанармын,

Өлімге басты байлармын.
 Жылағанмен бола ма?
 Кегің кетсе кісіде
 Оны да маған айтсаңшы.
 Мың кісіге басымды,
 Жалғыз да болсам барармын,
 Кегіңді сөйтпін алармын.

Бала қайғысын тағы да айтпады. Сонда Көгіс атасына келіп: «Әй, ата, осы менің досым неге қайғылы, соны білемісің?» — деді.

Сонда әкесі сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әй, жан балам, жан балам,
 Айырдан туған нар балам,
 Ол достыңның жылауы:
 Көкірегінде оның да
 Кетпес кегі бар, балам,
 Сөзіме құлақ сал, балам.
 Әкесі де оның ер еді,
 Өз дегені болмаса,
 Кісі дегенін қылмайтын
 Сондай артық шері еді.
 Өз тұсында о-дағы
 Атаң нәлет қалмақты
 Талай сүйреп жеп еді.
 Ақылы оның көп еді,
 Қасымда талай ол жүріп,
 Ақылшым менің сол еді.
 Бір замандар шағында
 Біздер жауға баруға
 Тұлпарды алдық сарайдан
 Жеммен тұрған бағында.
 Екеу ғана болсақ та,
 Көк сүңгіні өңгеріп,
 Тек екеу ғана болсақ та,
 Елден шығып жөнелдік,
 Азымызды көпке теңгеріп.

Халық үшін белді буғанбыз,
 Жазық мидай далада
 Қаңғырып талай жүргенбіз,
 Қалмақтың күшін көргенбіз.
 Соғыс салдық қалмаққа,
 Сол соғыста жүргенде,
 Досым еді ол менің,
 Айырылып қалғанмын.
 Сол кегі бар баланың,
 Сол себептен жылайды.
 Баруға жауға ол жалғыз,
 Қайғыдан іші толып жүр,
 Қуарып жүзі солып жүр.
 Менен туған ұл болсаң,
 Атаңның жолын сен қусаң,
 Қияметтік досыңмен
 Жауға бірге барасың.
 Не салса Алла басыңа,
 Көтеріп өзің аласың,
 Тілімді менің алсаң сен,
 Дұшпаныңа барасың,
 Алып кегін бересің,
 Алла салса, көнесің.
 Өлімнен аман сен болсаң,
 Аман қайтып келесің.
 Әне, балам, осылай, —

деп, Бегіс сөзін аяқтайды. Сонда Көгіс Тегіске барып: «Әй, достым, жылқыдан өзің жақсы көрген атыңды ұста», — деді.

Сол бір сөзді естіп
 Баланың жүзі кіреді,
 Атқа қарай жүреді,
 Көп жылқыға барады.
 Сол жылқының ішінде

Ала аяқ торы бар,
 Соны барып алады.
 Басына жүген салады,
 Ырғып атқа мініп ап,
 Үйіне таман келеді.

Алып барып, ер салды,
 Өмілдірік, құйысқан,
 Айыл, тұрман бек тартқан.
 Құйысқанын қысқартып,
 Басына киді дулыға,
 Үстіне киді шарайна,
 Бәрі жанға ол пайда.
 Беліне берен¹ байланды,
 Ұстады қолға ақ найза.
 Жебесі оның шегеден,
 Жебенің ұшын сұрасаң,
 Асылы болат темірден,
 Шақпақ тасқа егеген.
 Көгіс ерге сол бала
 «Барамын», — деп жөнелген.

Көгіске сонда келеді,
 Келіп, сөйлей береді:
 — Әй, Көгісім, Көгісім,
 Шықтым үйден мен, — деді.
 Жаратып атты мінгенмін,
 Саған қарай келгенім,
 Жүрмейісің, жан досым?
 Жатырмысың, Ер Көгіс,
 Манағы уағда, қай жақта,
 Не болды сенің білгенің?
 Астыма торы мінгенім,
 Жау айласын құртуға,
 Жалғыз болсам да, жүремін.
 Атаның кегін жіберіп,
 Емес пе жақсы өлгенім?

Сонда тұрып Ер Көгіс,
 Ұйқыдан тұрып алады,
 Тысқары шығып Ер Көгіс,
 Тұлпарға жақын барады,
 Ұй сыртында жүгенді
 Сонда қолға алады.

Әуелі салды ерлерін,
 Айыл-тұрман, заттарын.
 Онан соң салды құйысқан.
 Атқа тегіс салады,
 Үйге жақын барады,
 Керегенің басында
 Ілулі тұрған ақ берен
 Оны да қолға алады.
 Ұсталмаған шарайна
 Оны да киіп алады.
 Басына киіп дулыға,
 Қасабасын² қақайтып,
 Ақ найзасын өңгеріп,
 Алды мініп атына.

Сонда келіп атасы,
 Баласына сөйледі:
 — Әй, балалар, балалар,
 Баталы құл арымас,
 Батасыз құл жарымас,
 Берейін бата мен, — деді, —
 Қолыңды жай сен, — деді. —
 Жолыңды Алла оңғарсын,
 Әуелі Алла, екінші,
 Әулиелер³ болсын жар!
 Қырық шілтен⁴ қолдасын,
 Жолыңды Алла оңғарсын!
 Аршылан болғай панаңыз,
 Баба Түкті Шашты Әзіз⁵
 Сендерді, балам, қолдасын,
 Үстіңізге нұр жаусын!

Сонан соң балалар жөнелді,
 Көңілдері балалардың
 Тасқан судай тасады.
 Тек екеуін сұрасаң,
 Екі мыңға теңелді,
 Елден шығып жөнелді.

¹ Берен — болат қылыш.

² Қасаба — баскиімді биік көрсету үшін маңдай тұсы мен төбесіне салынатын қатырма сырмақ.

³ Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

⁴ Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

⁵ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

Жазыққа шығып алғасын,
 Аттың басын босатты.
 Астына мінген қос тұлпар
 Арандай¹ аузын ашады,
 Қырлы-ойлы жерлерден
 Кідірмей қарғып асады.
 Қарсы келген қабақтан
 Қарғып асып барады.
 Сексен күндік жолдарға,
 Аңдыздайын хандарға
 Қырық күнде барады.
 Мекендеген жеріне,
 Тұрақты тұрған туған еліне
 Екі бала келеді.
 Келеді де сол бала
 Қаланың ішін қақ жарып,
 Сонда шауып желеді.
 Хан отырған қорғанға
 Қарсы келіп қалған соң,
 Білдіруге ерлігін
 Атқа қамшы басады.
 Таңға жақын шақ еді,
 Жанына қамшы батқан соң,
 Астына мінген Тегістің
 Торы сонда асады.
 Көгіс мінген көк тұлпар
 Тұяғы қызып тұрған соң,
 Кідірмей о да асады.
 Аңдыздайын хандардың
 Бет-аузын шаң басқан соң,
 Жатқан ұйықтап ханыңыз,
 Түрегеліп қарады.
 Екі тұлпар ол мінген
 Көрді екі баланы.
 Жайымен тұрып хан Аңдыз,
 Ол атына барады.
 Барад та, ерді салады.
 Көгіс пенен Ер Тегіс
 Оны біліп қалады.
 Сонда жылдам атына
 Аңдыз да ерді салады.
 Қару-жарақ асынып,
 Атқа мініп алады.

Аңдыз атқа мінгенде,
 Көгіс те атты жондады.
 Ақ сұңгісін өңгеріп,
 Жүруге хан да оңталды.

Артындағы досына
 Сонда Көгіс сөйледі:
 — Әй, жолдасым, құрдасым,
 Бір жыл туған мұңдасым!
 Қалмақ та мінді атына,
 «Барайын», — дедім мен соған.
 Жолымды Алла оңдасын!
 Сапары иттің оңбасын!
 Қызыр менен Қырық шілтен,
 Баба Түкті Шашты Әзіз
 Қасиетті пір² еді,
 Қолтықтан сүйеп жебесін, —
 Деп Көгіс батыр жөнелді.
 Ханға жақын келеді,
 Аңдыз да артық ер еді,
 Өз дегені болмаса,
 Кісі дегенін қылмайтын
 Қайсар туған неме еді.
 Қызылбас пен үндістен
 Оның да жемі көп еді,
 Ноғайдан да көп жеп еді.
 Ақ сұңгісін өңгеріп,
 Бадана көз, берік сауыт
 Баса үстіне киіпті.
 Ақ найзасын өңгеріп,
 Көгіске қарай жүреді.
 Көгіс те сонда ұмтылды
 Қамшы басып атына,
 Ұмытып кетіп найзаны,
 Қамшымен ханды бір ұрды.
 О да найза салады,
 Ақ сауыттан жебесі
 Жүрекке кірмей қалады.
 Аңдыздайын көуірді³
 Қамшыменен ұрғанда,
 Басындағы дулыға
 Домалап ұшып кетеді,
 Қашып ханың жөнелді:

¹ Арандай — далиған үлкен, кең.

² Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

³ Кәуір — көпір.

«Басыма қылыш тиеді», — деп.
 Есіне түсіп қылышы,
 Күміс аппақ балдақтан
 Алды сонда суырып.
 Қашып кеткен артынан
 Қуып сонда жетеді.
 Қылышын сермей қалады.
 Басына қару тиген соң,
 Басы жерге барады.
 Ұйықтаған қатын-баласы
 Ордасында бар еді.
 Жайыменен Ер Тегіс
 Қасына барып түседі.
 Ақ найзасын оңтайлап
 Және де ұстап тұрады.
 Үйге сонда қарады,
 Ұстап үйді алады,
 Көтеріп кеп салады.
 Үйдегі қатын-баласы
 Шулап келіп жылады,
 Сонда қашып барады.
 Қорғанның іші қан болды,
 Қырылған көп жан болды.
 Көгіс пенен Ер Тегіс
 Қорғанның ішін алады.
 Қорғандағы қалмақтың
 Жиылып тұрған әскерімен
 Екеуі соғыс салады.
 Ақ найзасы жарқылдап,
 Көгіс пенен Ер Тегіс
 Қалмаққа ойын салады.
 Қамалды бұзып кете алмай,
 Қамалда қалмақ қамалды.
 Көгіс мінген көк тұлпар
 Аспанға қарғып ойнайды.
 Ұстаған қолға көк найза,
 Қалмаққа салса, бойлайды.
 Бір қолында ақ семсер,

Сермесе, кеспей қоймайды,
 Жүзі қанға тоймайды.
 Тегіс мінген Торыны
 Аттың қағып топшысы,
 Бір кезде Торы құлады.
 Өлтіруге Тегісті
 Қамалап қалмақ тұрады.
 Оны көріп Ер Көгіс,
 Қалмаққа жақын келеді,
 Жиналған көпті көреді,
 Ызаланып Ер Көгіс,
 Шыдамады досына,
 Қалмаққа қылыш ұрады.
 Жиналған көп қалмаққа
 Салды Көгіс лаңды.
 Ақ найза мен семсері
 Қара қанға бұланды,
 Талайы аттың сұлайды.
 Ішек-қарны ол түскен,
 Жылаған көрді талайды.

Сонда Тегіс тұрады:
 — Атым, сенен қате болды ма,
 Көзім, сенен қате болды ма?
 Қылышты дұрыс сермемей,
 Қолым, сенен қате болды ма? —
 Деп бір тұрып Ер Тегіс
 Сонда тұрып сілкініп,
 Қайта атқа мінеді.
 Қарсы келген қалмаққа
 Бүркіттей жазып шеңгелін,
 Найзаменен түйеді,
 Лашын құстай іледі.
 Тегіс, Көгіс тиген соң,
 Қалмақтың көбі сілейді.
 Қарсы келген ерлерді,
 Аларып көзі көрмейді.

Сол қалмақтың ері бар екен, соны қалмақ шақыртып жібереді. Ол қалмақтың ері бес жүз шеру ерлерімен келеді.

Бес жүз кісі қасында
 Дулығасы басында,
 Ақ найзасы жарқылдап,
 Келеді қалмақ қуанып,
 Өздерінше олар да

Пірлеріне сиынып,
 Ақ сауытын жамылған.
 «Аңдыздайын хандарын
 Өлтірді, — деп есітіп, —
 Ханның жанын ол қорлап»,

Естіп сол хабарды,
Жүректері ердің қабынды.
Астына мінген тұлпарлар
Терлеп қатты, сабылды.
«Осы жол медет берсін!» – деп,
Өздерінше олар да,
Бабасына қатты жалынды.
Қорғандағы көріп баланы,
Сонда ерлер қағынды.

Көгіс пенен Тегістің
Сыртқы түрін қарасаң,
Арыстан мен аюдай.
Арыстан мен ол аю
Екеулесе, қоя ма?!
Аюдайын айбатты,
Арыстандай қайратты,
Жақындап қалмақ қамалға.
Ақ найзаға сүйеніп,
Екі ер тұрды қамалда.
Сонда жақын келеді,
Оларға қарай Ер Көгіс
Жеке шығып жөнелді.

Сонда жүріп қалмаққа
Көгіс батыр сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Әй, құлым-ау, құлым-ау,
Құлдыраңдап желесің.
Ақ найзаңды өңгеріп,
Жеңіп алар кісідей
Қақаңдап сен келесің.
«Алармын», – деп ойлайсың,
Алдырарын қайдан білесің?
Алла тізгін оңдаса,
Әулие, шайқы¹ қолдаса,
Ақ сүңгіні салармын,
Олжаға атың алармын.
Артыңа ерген әскерің
О да маған олжа-ды,
Олжа болар уақытың.

Екі бала болжады:
«Аңдыздайын еріңнің

Басын кесіп мен алдым.
Жан баспаған қорғанға
Ат қарғытып мен бардым.
Шаңырағын үйіңнің
Ортасына түсірдім.
Білгеніңді істей бер,
Аңдызды аттан ұшырып,
Қара жерді құштырдым.
Енді сені жүрдірмен,
Аяғы түгел арғымақ,
Енді сырым білдірмен!»
Жанына тиіп сөз айтты.
Сонда қалмақ ерінің
Көзі құрдай қызарды,
Созылып кірпік, ұзарды.
Қаны қашып, бозарды,
Естігенде бұл сөзді,
Не қыларын білмеді.
Ақ найзаны өңгеріп,
«Жекпе-жек», – деп шабады.
Екеуі сонда алысты,
Ақ найзамен қағысты.
Ат үстінде және де
Ақ семсермен шабысты.
Бастарынан қылыш өтеді,
Сермеген соң қылышты,
Жарқылдамай не етеді?
Артындағы Ер Тегіс
Алладан тілеп тілекті,
Бабасына сиынды.
Досы жаумен жүргенде
Сиынбасқа қиын-ды.

Сонда тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Алланың шері Аршылан,
Ұлсыздарға ұл бердің,
Қызсыздарға қыз бердің.
Жақсы менен жаманды,
Кемітіп бірін тастамай,
Біріне-бірін теңгердің.
Ата тұяқ жалғызға
Кәне, берген жәрдемің?
Жәрдемдесіп, көмек бере көр,

¹ Шайқы /а/ – ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

Баба Түкті Шашты Әзіз,
 Сен де жебеп көре көр.
 Қызыр, Лияс, Қырық шілтен —
 Сендер де желеп-жебей көр.

Атаңа нәлет қалмақтың
 Тілегенін бермеді.
 Екеуі тағы алысты.
 Иірілісіп қол да тұр
 Қалмақтың тілеп тілегін.
 Сол уақыт болғанда,
 Бабасы жәрдем бергендей
 Бауырын жазып қылыштың,
 Дұшпанына сермейді,
 Құшырланып қайрат кернейді.

Аллалап ұран шақырып,
 Дұшпанды сонда шабады.
 Екпінімен тиген соң,
 Дулығаға қарамай,
 Басын кесіп салады.
 Айырылып екі қалады
 Қолбасшысы өлген соң,
 Қалмақтарды сонда жапырды.
 Тегіс пенен Ер Көгіс
 Оларға қарай ақырды,
 Құйған судай сапырды.
 Ақ найзасы жарқылдап,
 Айғай дулап көбейді.
 Езілген қанның ішінде
 Қамшы басып атқа жебейді.
 Өшігісіп алған соң,
 «Қырылды қалмақ», — демейді.
 Бір мезгілдер болғанда,
 Боғы аралас қан болып,
 Жердің үсті толған соң,
 Тегіс пенен Көгістен
 Сонда қалмақ ығысты.
 Аттары болып қан мен тер,
 Қалаға азы қашады,
 Қысылып жаман сасады.
 Екі бірдей жас балаға
 Бабасы жәрдем болған соң,
 Шері мен жындай басады,
 Аруағы асады.

Қашқандардың артынан,
 Қылышын алып қолына,

Көгіс пенен Ер Тегіс
 Қалмақтың түсті соңына.
 Сол жағы оның тау еді,
 Қуа-қуа қалмақтың
 Шықты ерлер оңына.
 Әкеліп тауға қамады,
 Қамаған соң қалмақтар
 Аттан түсе қалады.
 Қашты қалмақ еңбектеп,
 Былғанып жерге көлбектеп.
 Қайтсе-дағы жоқ дүниеде,
 Тіріден қиын өлмек-ті.
 Бұтаны жүр тасалап,
 Көтеріп басын елбектеп.
 Сөйтіп қалмақ жүргенде,
 Талайын соның өлтірді,
 «Міне, саған өлмек!» — деп,
 Сонда бірі қалады.
 Бақадайын тырбиып,
 Өрмелеп тауға барады.
 Сонда тұрып Ер Тегіс,
 Садағын қолға алады,
 Керіп алып, тартады,
 Қалмаққа сонда жетеді.
 Оқ қалмаққа жеткен соң,
 Кеудеден шығып шыбын жан,
 Құмары иттің тарқады.
 Қалмақты қырып болған соң,
 Қалмақтың салған қалаға
 Екі батыр тартады.
 Жеңген соң ерлер қалмақты,
 Астына мінген тұлпар-ды,
 Ұмытып кетіп жортақты,
 «Жанына тыныш болсын», — деп,
 Торыша мен Көк тұлпар
 Жорғасымен серпеді.
 Қалаға таман келген соң,
 Сыртындағы қаланың
 Өлтірді иттің нешеуін.
 Қиратты иттің есігін,
 Өлтірмеген тек қалды
 Кемпір-шалы, мешеуі,
 Баласы мен қалды шағасы.
 Бұрынғы күні қайда-ды?
 Аяғына батып тас,
 Қалмақтың соры қайнады.
 Күндіз-түні жол жүрді,

Есебі жоқ мол жүрді.
Өтіп таудан барады,
Және жақын келеді.
Ұзын бұлақ, көлдерге
Сиырменен жіберді,
Су ішіріп алады.
Суарылып болған соң,
Және кетіп барады.
Бір мезгілдер болғанда,

Еліне сонда салады.
Жесір менен малдарды,
Елге барып береді.
Атасы көріп бұл ісін,
Баласы қасына келген соң,
Ұлан-асыр той қылды:
«Қарағым жігіт болды, — деп, —
Қатарыма енді, — деп, —
Елдің қамын білді», — деп.

Сонан соң той тарап, халық бұрынғы халінде өте береді.



Бірінші мақам

Орындаған: Асқамбаев Темірбек
 Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

баппен

А - е - ей, ей, Бе - гіс - те - йін е - рің - нің
 Жа - с(ы)о - тыз - ға ке - ле - ді. Ә - йел таң - дап ал - май - ды,
 "Ал" де - се де, бол - май - ды. От(ы) рып бір күн а - та - сы,
 Ба - ла - сы - на сөй - ле - ді, Сөй - ле - ген - де бүй дей - ді:
 Ба - лам е - дің сен, де - ді, А - сы - ра - дым әл - пеш - теп,
 Қар - ғам а - дам бо - лар деп, Сен бір а - дам бол - ма - дың,
 Ал де - сем әйел ал - ма - дың. А - таң кел - ді жет - піс - ке,
 А - наң кел - ді ал - пыс - қа Бүк - шең - деп жұ - мыс іс - тей - ді.

қайырымы

А - таң кел - ді жет - піс - ке. А - та - сы жү - ріп е - ке - уін, Қи - я - мет - тік дос қыл - ды.

Екінші мақам

Ес біл - мей - тін уақ - ты - нан, Ек(і) жас бір - дей дос бол - ды,
 Бір - не - ше жыл бол - ған да, Кіш - ке - не е - кі ба - ла - ның,
 Жа - сы бес - ке тол - ған - да, А - та - сы ме - нен а - на - ға,

Ер - мек бол - ды бұл ба - ла. Жа - сы он - ға то - ла - д(ы)ай,
 Не - дә - уір жі - гіт бола - ды. А - та - сы - ның мі - ніп тұл - па - рын,
 Е - ке - уі со - ған мін - гес - ті, Жыл - қы бақ - ты, мал - да - рын,
 Жыл-қы-шы ме-нен тү-йе-ші, Бол-ды со-ның ие - сі, — й - е е - е - ау.

Үшінші мақам

А - й - еу, Бір күн - де - рі бол - ған - да,
 Ер Кө - гіс пен Те - гіс - тің, Жа - сы он бір - ге тол - ған - да,
 Те - гіс - те - йін жас ба - ла, А - на - сы - на ке - ле - ді
 Ке - ліп сөй - лей бе - ре - ді: "Ай - на - ла - йын а - на - мыз,
 А - яз - ды кү - ні ай - нал - дың, Бұлт - ты кү - ні тол - ған - дың,
 Ды - бы - сым шық - са, оу, ме - нің, Қа - ра - ғым шо - шып кет - ті деп,
 Бе - сік - тен ше - шіп қол - ғ(а)л - дың, Ө - сір - дің жас - тан әл - пеш - теп,
 Ей, а - та - сыз бол - дым мен не - ге? Ө - уе - лі бас - тан жа - рал - дым.
 А - та - мыз қай - да, а - на - жан?" "А - таң - нан қал - ған жал - ғыз - сың,
 Е - ле - мес, ей, се - нің ө - зің - ді." Ай - ей.



Суретші А.А. Гурьев

ТАМА БАТЫР

Жырда қазақтың Кіші жүзін құрайтын Жетірудың негізгі бір тайпасына ұйытқы болған Таманың ерлік күресі суреттеледі. Тек Мұрын жырау шығармашылығында сақталып қалған бұл туындыда арғы бабаларынан үзілмей келе жатқан ел мен жерді қорғау үрдісін Көгісұлы Тама да жалғастырады. Шындығында, XIV ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың алғашқы жартысына дейін өмір сүрген Ноғай Ордасының тарихында ұлыс батырларының рөлі айрықша болды. Аңшыбайдың, одан бергі Қарадөң батырдың ұрпақтары осы көшпелі мемлекеттің әр кезеңдерінде қызмет етті. Өкінішке орай, көпшілігінің есімі естен шығып, олар туралы аздаған аңыз-әңгімелер, жыр-толғаулар Мұрын сияқты бірегей жыршылардың ғана жадында қалды. Соның бірі — Тама батыр. Белгілі бір ру-тайпаның түпатаасы басты кейіпкері болып табылатын батырлық жыр эпикалық дәстүрге кездеспейді. Бұл — Мұрын жырау шығармашылығының өзіне ғана тән ерекшелігі, соны сипаты.

Томды баспаға дайындау барысында М. Хакімжанованың қолжазбасы басқа жарияланған басылымдармен салыстырылып, текстологиялық сараптаулар жасалды. Ілгеріге жасалған өзгертулер қалпына келтіріліп, баспаға ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 7-гәптер).



Көгістен Тама туады,
Он жасына толады.
Жүгіріп асық ойнады,
Үйіне көп келмеді.
Асық ойнап ұтылса,
Төбелесіп тартып алады.
Бала біткен қоймады,
Бәрін ұрып сабады.
Бір күндері болғанда,
Балалар кеңес құрады:
«Асығын біз бермелік,
Төбелесті бір салайық».
Тама барды далаға,
Асық ойнап балаға.
Балалар қарап тұрмады,
Қамалап алып сабады,
Асығын тартып алады,
Асығын алдырып балаға,
Енді тұрмай далаға,
Жылап барды анаға.

Сонда анасы сұрады:
— Қарағым, неге жылайсың,
Бір кеткесін ойынға
Қайта үйге келмейсің?
— Шаршадым, ана, мен-ді, — деп, —
Асық ойнаман енді, — деп,
Ойға түсіп бұл бала
Орнында жатып қалады.
Әкесінің жасында
Жауға мінген торы бар,
Ерліктің сонда қоры бар.
Ол баланың көңілінде
Бір түрлі ақыл-ойы бар.
«Айтсам атты бермес, — деп, —
Қару менен жарақты,
Киім менен кешекті
Менен жасырып қояр» — деп,
Ойлайды сонда ақылды.
Әкесі менен анасы
Ұйықтап үйде жатқанда,
Күннің көзі батқанда,
Көтеріп басын алады,
Төңірекке қарады.
Үстіне киім киінді,
Отыруға қиын-ды.

«Киінбей енді не етем? — деп, —
Ер белгісін етем, — деп,
Ойлаған екен бір ақыл, —
Басқа жаққа кетем, — деп. —
Күнде жеп таяқты
Балалардан не етем?» — деп,
Үйден шығып жөнелді.
Байлаулы тұрған тұлпарды
Ерттеп мініп алады.

Шылбырға жібек байлады,
«Жүрейін», — деп сапарға,
Кетуге бала сайлады.
Бар киімді кигесін,
Найзаны қолға алады,
Атқа мініп қалады,
Көлденең тартып есікке,
Бала сонда барады.
Ат дүбірі шыққасын,
Есіктен кемпір қарады,
Төсекте жоқ баласы.
Далаға шығып қараса,
Тұлпар мініп баласы
Келіп тұрған, қарашы.
Кейінірек тұр екен:
«Шешем ұстап алар», — деп,
Ойлаған сұмдық айласы.

Сонда кемпір сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Сабыр қылшы, қарағым,
Бізді тастап далаға
Қайда кетіп барасың?
Жатырмысың, бейшара,
Жауға аттанып барады
Жалғыз туған балаңыз.
Басыңды көтер, жолдасым,
Балаңызды қараңыз.
Алып қару-жарағын,
Алыс жолға кетуге
Секілденген балаңыз.

Сонда әкесі сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Ақ сұңқар едік қу алған,
Ақтан¹ пәрмен² бұл болса,

¹ Ақ, Хақ /а/ — шын, шындық, ақиқат; нағыз; Алла Тағала есімдерінің бірі.

² Пәрмен /п/ — әмір, бұйрық, жарлық.

Дарияда тасынған суалған.
 Сен дүниеге келгесін,
 Мен едім, балам, демалған.
 Берейін батам мен енді:
 Алла оңғарсын жолыңды!
 «Ермегім», — деп жүр едім,
 Өлгенімше мен, — деді. —
 Барасың жолға сен, — деді, —
 Шамаң келсе тез келші,
 Кетпесем өліп мен, — деді. —
 Атқа бір мініп алғасын,
 Қайырылар ма ер жігіт,
 Жолың болсын, қарағым!
 Рүстем-Дастан ер еді,
 Алланың шері Аршылан,
 Омардайын шаһид жар,
 Тарықса жәрдем бер, — деді. —
 Жеті ғайып, Қырық шілтен¹,
 Перзентімді тапсырдым
 Жақсыларға мен, — деді. —
 Құр ерліктен пайда жоқ,
 Айла ойла сен, — деді. —
 «Айласыз ер тез өлер»
 Деген бар-ды қашаннан.
 Талай жауға мен бардым,
 Жапанда жалғыз мен өзім
 Қызылбас пен қалмақтан,
 Үндістен барып ел алдым.
 Шамаң келсе, қарағым,
 Дұшпаныңа көп тұрма,
 Жауап айтып, жолығып.
 Ер жігітке алыс жер,
 Атқа мінсе жақын-ды.
 «Жақынмын», — деп айтса да,
 Жақын көрме кәпірді.
 Кез келген жер тау болар,
 Қалмақ пен үндіс жау болар.
 Бұрын-соңды жерің-ді,
 Тыңда менің кебімді².
 Шамаң келсе, перзентім,
 Жауға берме еліңді.
 Қалмақ деген қатты жау,

Жіберме оған кегіңді.
 Асылың артық ер, — деді, —
 Тапсырдым Аққа мен, — деді, —
 Саламат бол, сен! — деді.

Азық-түлік қолға алып,
 Жүре берді қозғалып.
 «Жүрген жердің арасы
 Төрт айлық жол — деп ойлады, —
 Осы екен, — деп, — шамасы».
 Сол кеткеннен көп жүрді,
 Қисапсыз³ жолда мол жүрді.

Таудан тауға асады,
 Жазыққа аяқ басады.
 Орғыл-орғыл құмдарға,
 Жаһан жоқ сөзін тыңдарға.
 Жол шамасын білмеді,
 Қатты жүріп шыңдарға,
 Тауды жүрді жағалап,
 Арасын көрді аралап.
 Төрт айға күні толғанда,
 Қалмақтың көрді қарасын,
 Атаның сөзін ойлады,
 «Білейін, — деп, — сол жаудың
 Азды-көпті шамасын.
 Бар ма екен онда әскер, — деп, —
 Қалай екен қаласы
 Білейін, — деп, — ойлады, —
 Ол қалмақтың шамасын,
 Мықты салған қаласын».
 Жайылып жатқан бұл көрді
 Қалмақтың баққан түйесін.
 Түйенің келді ішіне,
 Баққан малдың қасына.
 Нармая мен нар⁴ екен,
 Ішінде бір шал бар екен.
 Шалға таман келеді,
 Келіп, сәлем береді:
 — Жасың үлкен бабасың,
 Біз — бір жүрген жолаушы,
 Сізге келдім қыдырып,

¹ Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

² Кебімді — жайымды.

³ Қисапсыз — есепсіз.

⁴ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

Тұра қалдым кідіріп.
Сіздің қайда ел? — деді, —
Ел көрмеген пақырмыз
Қаңғырып жүрген біз, — деді. —
Менің жоқ-ты азығым,
Ашып тұр менің қарыным,
Жақын жерде ел бар ма?
Аш-арыққа беретін
Осы жерде мал бар ма?

Сонда шалың сөйледі:
— Жақын жерде ел де жоқ,
Қашығырақ ел, — деді. —
Елге барсаң тоясың,
Сұрағанды қоясың,
Біз — қалмақ деген ел, — деді. —
Берік еді қаламыз,
Салынған мықты қашаннан,
Мекендеп жатқан ел едік,
Біздер түгіл, бұрыннан,
Балам, жөніңді сен айтшы,
Келе жатсың қай жақтан?
Емессің қалмақ сен, — деді, —
Жеріміз жазық, дөң, — деді. —
Араласып сен барма
Біздің елге бейшара.
Аралап барсаң елдерді,
«Кімсің?» — деп сені қыстайды,
Жібермейді, ұстайды.
Ұстағасын байлайды,
Кете алмай сорың қайнайды.
Біздің патша — ханымыз
Алты қатар ор қазған
Қарғып жылқы өтпестей,
Ішіне оның тор жайған,
Түскен шығып кетпейді.
Ар жағын қойды жебелеп,
Қозғалмастай бекітіп,
Жебесін қойды шегелеп,
Қаласы биік, орлаған,
Төңірегін сөйтіп зорлаған.
Оры биік, қалың-ды,
Осындай қайрат жасаған
Ханымыз мықты, залым-ды.
Дарбазасы темір-ді,
Күні-түні бағулы,
Күннің көзі батқасын,

Бекітіп есік, жабулы.
Ханнан бұйрық бұл болса,
Күннің көзі шыққасын,
Есікті ашып қояды.
Жас баласың сен, — деді, —
Ішінде көп әскері,
Бір мың кісі қол, — деді. —
Бағулы тұрған әскері
Онан көп емес сол, — деді. —
Күн сәскеге толғанда,
Өзі шығып басына,
Бір кісі ертіп қасына,
Қарауылға шығады.
Тілімді алсаң, жас бала,
Сен бармағын қалаға.
«Қарным ашты менің», — деп,
Қалма, балам, бәлеге.
Қара бауыр қалмағым,
Тістерсің сен бармағың.
Тілеуші емес сен, — деді, —
Талайды көрдім, мен, — деді. —
Қорқып тұрмын бір түрлі,
Түрің басқа сен, — деді,
Шал осылай сөйледі.

Тама сонда айтады:
— Бұрын туған қарасам,
Ата, сіздің түріңіз.
Жақсы-жаман көп көрдің,
Олай деп айтпа сөзіңіз.
Бекіткен болса белеңіз,
Шамалы жерде бар болса,
Хабарлаңыз еліңіз.
Мен — ноғайлы деген, — деді, —
Іздегенім сұрасаң,
Қалмақ деген ел еді.
Тұр едім сұрап еліңді,
Тыңдамаймын айтқан кебіңді.
Егер жалған сөйлесең,
Өлтіремін өзіңді.
Рас айтқан секілді
Көремін сіздің сөзіңді.
Осы арада жүремін
Нарыңа мін де, желе бер,
Еліңе хабар бере бер.
Бес күннен кейін бұл қалса,
Мен барамын қалаға.

Іздеген жерге жеткесін,
 Қалаға бармай не етемін,
 Жолықпай қалай кетемін?
 Бұл қалмақтың көрермін,
 Шамам келсе қаласын.
 Өлмеймін десең, бейшара,
 Тез еліңе хабар сал.

Сөйледі де өтеді,
 Жағалап сонан кетеді.

Бір жағында дария
 Ағып жатқан суы бар,
 Оның қалың нуы бар.
 Жазық дөңді қарасаң,
 Киік, құлан аңы бар.
 Ол жазықты қараса,
 Таутеке мен аңы бар,
 Сексеуіл, жыңғыл нуы бар.
 Батыр шығып кеткесін,
 Шалың нарға мінеді,
 Бір түрлі ақыл біледі.
 Елге хабар беруге
 Нарға мініп жүреді.
 Желіп сорлы жөнелді,
 Бір күн, бір түн бұл желіп,
 Қаласына келеді.
 Сәскеге күн толады,
 Жеткен шағы болады.
 Жабулы тұрған есігін,
 Күн шыққасын ашады.
 Ішке кіріп алады,
 Хан ордасына келеді,
 Келе сонда сөйледі.
 Жібермеді хандарға
 Сыртта тұрған әскері.
 — Кейін тұр, құрғыр сен, — деді,
 Жібермейміз біз, — деді.

Түйе үстінде отырып,
 Сонда шалыңыз сөйледі:
 — Бағып едім түйе мал,
 Түйеден келген мен бір шал.
 Жасым жетіп меңдеген,
 Келдім жаным өлмеген.
 Жайдақ мініп мынау нар,
 Тек өлмеген жаным бар.

Жас қана келді бір бала,
 Астында қатқан аты бар,
 Қолында қару заты бар.
 «Барам, — деді, — қалмаққа,
 Көрем, — деді, — қаласын,
 Білемін, — деді, — шамасын»,
 Өзі — ноғай баласы.
 «Хабар бер елге сен, — деді, —
 Келдім іздеп мен», — деді,
 Естігесін бұл сөзді,
 Ханға келдім хабарға,
 Құлағына саларға.
 Рұқсат етсеңіз сіз, — деді, —
 Барар едім ханға мен, — деді.

Сонда рұқсат береді
 Есікте тұрған қарауыл:
 — Бара бер, — деп, — хандарға,
 Артық туған жандарға.
 Сонда шалың кіреді,
 Хан алдына келеді,
 Келе сөйлей береді:
 — Асыл туған, сұлтаным,
 Байлауда бар ма тұлпарың?
 Түйе бағып жүргенде,
 Қасыма келді бір бала.
 Өзі қызық тамаша.
 «Бес күннен соң барамын,
 Іркілмей», — деді қалаға,
 Ие болатын секілді
 Біздің жиған қараға.
 Өтірік емес бұл сөзім,
 Жадыңызға алыңыз, —
 Деді де шал жөнелді.

Ханыңыз сонда сасады,
 Түсі кетіп қашады.
 Қасына әскер жинады,
 Отырып кеңес құрады:
 — Келер деген жоқ едім
 Қаңғырған ноғай баласы.
 Ерлерім, мұнда келіңіз,
 Қаңғырып келген ноғайдың
 Кесіп басын алыңыз,
 Елге хабар салыңыз,
 Жинап әскер алыңыз.
 Түйеші шалға барыңыз,

Содан сұрап алыңыз,
Кідірмей, соған барыңыз.
Жалғыз жүрген жан болса,
Басын кесіп алыңыз.

Әскері қалмай жиналды,
Қару-жарақ асынып,
Атганып жауға шығады.
Таудың шықса басына,
Шаң қарасын көргесін,
Шыққан екен батыр да
Жазық жердің даласын,
Ен майданда көруге
Бұл қалмақтың шамасын.

«Тау майданда ұрыссам,
Атқа қорлық етер, — деп, —
Егер қорқып ол кетсе,
Сай-салаға жасырынып,
Ұстатпай құрғыр кетер, — деп. —
Көрейін, — деп ойлады, —
Жердің жазық даласын».
Ен майданда көрінді
Бір адамның қарасы.
Жалғыз қара көргесін,
Заңғар¹ қалмақ қуанды.
Шабуылды салады,
Бірінен-бірі бұл озып,
Жалғыздап кетіп барады.
Қалмақ қатты шапқасын,
Жазыққа қарай шегінді.
«Қашқан екен ноғай, — деп, —
Жеткізген екен Құдай», — деп,
Атқа қамшы басады.
«Мен бұрын ұстап алам», — деп,
Бірінен-бірі асады.
Майданға шығып алғасын,
Қайырылып батыр тұрады,
Ат құйрығын өреді,
Жау келгенін көреді.
Жалғыздаған қалмақтың
Алды жетіп келеді,
Келе ақыра береді:
— Қаңғырған, ноғай, сен, — деді, —
Атыңды бізге бер, — деді. —

Адыр да жоқ, бұдыр да жоқ,
Өлесің, ноғай, сен, — деді.

Осылай деп қалмағың
Ақыра келіп сөйледі.
Сонда батыр сөйледі,
Сөйлегенде не деді?
— Атаңа нәлет, қалмағым,
Тие ме осал салмағым,
Жеңіл тимес бармағым.
Ат беретін мен емес,
Алуға келдім қалаңды,
Көруге келдім шамаңды,
Танырсың енді балаңды.

Аттың басын бұрады,
Айнала қарап тұрады,
Жасқанбайтын қалмақтың,
Келсе де жалғыз жапырып,
Айтса да сөзді ақырып,
«Айтқан сөзі қатты, — деп, —
Қалмақтың сөзі батты, — деп. —
Ілгері келген жалғызға
Қарсы шапты қанат, — деп, —
Аяқта бар-ды болат», — деп,
Найзаны алды үйіріп,
Тоқтамады кідіріп,
Әуелгі келген жалғыз-ды
Аспанда аққан жұлдыздай,
Ақ сүңгіні алады,
«Дәмең болса, келші», — деп,
Батыр қарсы барады.
Іркілмей бұл қалаға
Батыр барып қалады.
Салып қалды найзасын,
Қалмақ тапты пайдасын.
Жұтқыншақтан бұл салды,
Қақалып қалмақ бұл қалды.
Басқа жерге салмады,
Жұтқыншақтан салғасын,
Өтпей найза қалмады.
Қалмақ жаман қақалды,
Өлімге жақын тақалды.
Жасы үлкен неме екен,
Үйінде отырғанда үлкен ер екен,

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

Батыр сонда шындады,
Алдыңғы келген жалғызды
Жақсы қылып сыйлады.

Екі қалмақ қашады
Ханға хабар берерге:
«Ноғайдың көрдік баласын,
Қолында бар-ды найзасы,
Көп екен оның айласы».
Мұны естіп ханыңыз,
Тағы да әскер жинады,
Мың кісі бар шамасы.
«Енді қайрат етіңіз,
Жауға барып жетіңіз,
Өлтіріп оны келіңіз», —
Деп әскерін жіберді.
Таманың мінген қара аты
Аспанға қарғып ойнады.
Жан-жағына батыр қарайды,
«Етемін, — деп, — үлкен той,
Қай жағынан барам?» — деп,
Тұрып ақыл ойлады.
Қалмаққа жақын барады,
Іркілмей қарап тұрады.

Сонда қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде не деді?
— Жолдассыз жүрген дарасың,
Жылқының міндің қарасын.
Кез келіп көп әскерге
Қалай өлмей қаласың?
Сөйлегеннен пайда жоқ
Құр тіліңмен тақылдап,
Әскер қалды жақындап,
Жасы жеткен мен — бабаң.
Қой емес келген бұл адам,
Келе ме маған бұл шамаң?
Алмастан бар-ды қылышым,
Тарылушы еді ноғайдың
Маған келген тынысы.
Сен бір жүрген ноғайға,
Келдің, байғұс, қолайға.
Жері бір жазық даласың,
Құтылып қалай қаласың?

Жақындап тұрған бұл әскер
Қылыш пен бар-ды найзасы.

Бәрінің қару алғаны
Бір ноғайдың пайдасы.
Алмас кеспей қоя ма,
Мынау жатқан залым жер
Төгілген қанға тоя ма?
Самсыған көп әскер
Бір ноғайды қоя ма?

Сонда бала сөйледі:
— Ноғай деген — мен, — деді, —
«Құр кетпеймін», — деп мақтанба,
Шамалы болар қайратың.
Қыбырлаған жан көрдім,
Сендей неше шал көрдім.
Көк жебені қолға алсам,
Жоғаларсың, қалмақ, долдансам.
Кел берірек тебініп,
Енді қашпа шегініп.
Бастарың қалар домалап,
Қандарың қалар төгіліп.

Батырдың аты кідіріп,
Басқан жерде тұрмады,
Атқан оқтай зырлады.
«Жасың жеткен шалсың, — деп, —
Былғап қылыш қалшы», — деп,
«Шүү» дегенде бұл салды
Ол қалмаққа найзасын.
Қалмақтың болды пайдасы,
Аз емес еді айласы.
Қанса да қанға тоймады
Қылышы мен найзасы.
Қорамсаға қол салды,
Қозы жауырын оқ алды,
Жұмсады батыр болатты,
Қарамады көбіне
Тоқталмады қалмақтың
Жасаған айла-ебіне.
Біреу емес бірнеше
Адамнан оқ өтеді.
Суырып алып қылышын,
Қалмақтың алды басын-ай.
Келген қырғын тоқтатпай,
Қысқартты олардың да жасын-ай,
Қалмаққа түсті жасындай.

Бір күн, бір түн соғысты,
Қалмақпен қатты тоғысты.

Түн ортасы болғанда,
Шегініп қалмақ, тарады.
Ай қараңғы, күн бұлт,
Алды-артына бытырап,
Қалмақтар қашып барады.
Ағарып атқан таң болды,
Таң бозарып атқанда
Жердің жүзі көрінбей,
Белгілі аппақ шаң болды.
Көп әскерді жіберіп,
«Тағы да әскер жиям», — деп,
Үйде қалған хан болды.
Бұқарасы қаптады,
Екі мың әскер жинады.
Жалғыздап қашқан қалмақтың
Қарасын ноғай қоймады.
Астындағы тұлпары
Қашқанға қуып жетеді.
Ұшқан құстай болады,
Жер басқанды қоймайды.
Ұшқан құстай болмай ма?
Ұшпа биік тау келсе,
Басынан ырғып асқандай,
Түбі терең сай келсе,
Онан да қарғып асқандай.

Енді ханың сасады,
Түсі кетіп, қашады.
Көп емес еді ақылы,
Ханға жауап айтады
Сол күндерде қатыны:
«Отырма, ханым, сен, — деді, —
Бар темірді ки, — деді. —
Темірден қару өте ме,
Бір адамның баласы
Үш мың кісі әскерге
Жалғыз қайрат ете ме?
Сіздің мінген Бозшұбар
Аяғы төртеу жете ме?»
Сонда ханың қарады,
Ол бір сөзге мақтанып,
Атқа мініп алады.
Темірден киім киеді,
Жинаған екен ол көптен
Бұйым менен темірді.
Мініп алғасын Шұбарды,
Қалада тұрған әскердің

Бәрін айдап шығады.
Тұр екен қашып, қорғалап,
Хан шыққасын ақырып,
Бәрі де жүрді жапырып,
Екі мың кісі артынан
Бір мың кісі әскермен
Бұ да қуып жетеді.

Жақындап жетіп келгесін:
«Кідірің, әскер, сен, — деді, —
Барайын оған мен, — деді. —
Маған ешкім болмас тең, — деді, —
Қорқып жүрсіз-ау, қалмақ, сіз», — деді.
Хан бір келді шұбармен,
«Мен ақырсам, ноғайдың,
Қорқып, жаны шығар», — деп.
«Қаңғырған жалғыз, сен, — деді, —
Дәмең болса, кел, — деді. —
Астана жұртты билеген
Патша едім мен, — деді. —
Маған болатын ба еді
Осы ноғай тең?» — деді.

Сонда батыр сөйледі:
— Жасқанатын мен бе едім,
Сұрама байтақ елімді.
Тыңда менің кебімді,
Мен ноғай деген ел едім,
Елден шыққан ер едім.
Асыл туған төре едім,
Азулы туған бөрі едім.
«Үндіс пенен қалмақты
Талқандармын», — деп едім.
Іздеп сенің мен келдім,
Заңғар қалмақ, қалаңды.
Жібересің сен өзің
Бөлек-бөлек адамды.
Әлі білмей жүрмісің,
Қалмақ, байғұс, шамаңды,
Билеген қалмақ сен едің,
Сен баяғыдан артық ер ме едің,
Тұрамыз ба сөз сөйлеп?
Болсаң артық ер, — деді. —
Қапы қалма, хабарла,
Қайратың болса тең, — деді.

Астында мінген қара атты,
«Шабайын», — деп жөндеді.

«Шүү», – деп атқа тебінді,
Жалмауыздай емінді.
Суырып алып: «Алмас, – деп, –
Шапсам, кеспей қалмас», – деп,
Ақ алмасты қолға алды.

Қарсыласты екеуі
Бір-біріне алмаспен.
Батыр киген дулыға,
Үстінде бар-ды шарайна
Екі темір қос қабат,
Екеуінен өтпеді,
Етіне ешбір жетпеді.
Алдында тұрған қалмақты
Бір таяқтай көрмеді.
Басы түсті домалап,
Хан жығылды омалып,
Қалмақ шапты қамалап.
Қалып жатыр бастары
Бұл қалмақтың жұмалап¹.
Хан жығылып қалғасын,
Даусы күндей күркіреп,
Қалмақтар қашты дүркіреп.
Қалмаққа алмас сермеді,
Шеніне қалмақ келмеді,
Жасқанатын ер ме еді?!

Төбесі шоқты қалмақтың
Талайы кетті тереңге.
Үйдегілері торықты,
Талайы оның қорықты,
Арылмайтын тұманға
Қалмақ халқы жолықты.
Ағарып таң атқанша,

Қалаға қашты қалғаны.
Артынан қуып жетеді,
Оны да шауып,қырады.
Қалмақтың қалды қаласы,
Шұбырды қатын-баласы.
Айдағасын, көп халық
Бола ма оған шамасы.
Жері қашық сол еді,
Айдаған қалмақ қор еді.
Қорлығының мәнісі
Саны жоқ, байтақ көп еді.
Айдағасын, жер алыс,
Қалмаққа болды бір шабыс.
Батыр жүрді жағалап,
Ақошан мен Қанжыға
Ноғайлының елі еді,
Елдің шеткі жері еді.

Ел шетіне келгесін,
Ноғайға хабар салады.
«Алыңыз, – деп, – олжаны»,
Жан-жаққа батыр қарады.
Асыл туған ер еді,
Артық туған төре еді,
Қызықсын ба олжаға?
Ноғайға бөліп береді.
Алдынан шықты анасы,
Келгесін елге баласы.
Алдынан келді атасы,
Келген соң жалғыз баласы.
Мерекелеп той қылды.
Тама батырдың соғысып,
Қалмақты алған жері осы болды.



¹ Жұмалап – домалап.

Бірінші мақам

Орындаған: Рахманбердиев Сәрсенбай

Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

жігерлі

А - ей, А - ей, Әй,

Кө - гіс - тен Та - ма ту - а - ды, Он жа - сы - на то - ла - ды.

Жү - гі - ріп а - сық ой - на - ды, Ү - йі - не көп кел - ме - ді.

А - сық ой - нап ұ - тыл - са, Ай, тө - бе - ле - сіп, тар - тып а - ла - ды.

Ба - ла біт - кен қой - ма - ды, Бә - рін ұ - рып са - ба - ды.

Әй, бір күн - де - рі бол - ған - да, Ба - ла - лар ке - нес құ - ра - ды.

"А - сы - ғын біз бер - ме - лік, Тө - бе - лес - ті бір са - ла - йық."

Та - ма бар - ды да - ла - ға, А - сық ой - нап ба - ла - ға.

Ба - ла - лар қа - рап тұр - ма - ды, Қа - ма - лап а - лып, са - ба - ды,

А - сы - ғын тар - тып а - ла - ды. А - сы - ғын ал - ды - рып ба - ла - ға,




Екінші мақам



Үшінші мақам




Кө - те - ріп ба - сын а - ла - ды, Тө - ңі - рек - ке қа - ра - ды.
 Үс - ті - не ки - ім ки - ін - ді, О - ты - ру - ға қи - ын - ды.
 "Ки - ін - бей ен - ді, не е - тем? - деп, Ер бел - гі - сін е - тем, - деп
 Ой - ла - ған е - кен бір а - қыл Бас - қа жақ - қа ке - тем, - деп
 Күн - де жеп та - яқ - ты Ба - ла - лар - дан не е - тем?" - деп,
 Үй - ден шы - ғып жө - нел - ді. Бай - лау - лы тұр - ған тұл - пар - ды
 Ерт - теп мі - ніп а - ла - ды. А - е - е - е - а - е - е - ей - е.



ТАНА БАТЫР

Жырдың басты кейіпкері Тана — Қазан хандығының тәуелсіздігі жолындағы күрестің қаһарманы Шора батырдың атасы, яғни Нәріктің әкесі ретінде суреттеледі. Бұл да — Мұрын жыраудан басқа ауызша тарихнама айтушылардан естілмеген тосын шежірелік мағлұмат. Сондықтан жырдың танымдық құндылығы да, тарихи маңызы да айрықша деуге негіз бар. Жырда «Қырымның қырық батыры» циклінің басты идеясы бұзылмайды. Батырған ержүрек ұл туады, ол әке жолын қуып, жау қалмақтан кек алады. Ел мен жерді қорғаушылар жаңғырады, солардың араласуымен жаңа тарихи соқпақтар салынып, тың оқиғалар туындайды. Жырда Тана батыр да ата жолын жалғастырып, өзінің азамат ретіндегі зор міндетін орындайды.

Томды баспаға дайындау барысында М. Хакімжанованың қолжазбасы бұрынғы басылымдармен салыстырылып, өзгертілген, қысқартылған тұстары қайта қалпына келтіріліп, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 6-дәптер).



Тананың жасы қырыққа толғанда бәйбішесі отыз бесте еді. Тана орда-сынан түсіп келгенде, бәйбішесі алдынан шығып, жылап айтқаны:

— Асыл туған сұлтаным,
Асылың артық жаралды.
Толы халқың жүзіңе
Сіздің айтқан қарады.
Отыздың келдім бесіне,
Қайғы түсті есіме.
Он бесімде қосылдым,
Алғаннан соң жұбайым,
Ернің жібіп сүйетін
Бір перзентті бермеді-ай,
Барша маған Құдайым.
Жиырмаға жасы толғанның
Нешесі болды балалы.
Көтеріп келіп: «Балам, — деп, —
Қарағымды қара», — деп,
Қыдырып келген әйелдер
Отырады қарсыма.
Баласына жұбанып,
Мен отырмын қуарып,
Туған менен бала жоқ,
Ісіне Ақтың шара жоқ.
Кетіп есім мендеген,
Қанар ма екен сусыным
Бұл жалғанда шөлдеген?!
Шағынып сізге жылайын,
Дәуренім өтіп барады.
Жар болмаса Құдайым,
Қауіп етемін дүниеден:
«Осылайша өтем, — деп, —
«Жалғанға қалай жетем?» — деп,
Шағынамын сіздерге.
Қаһар етіп, сұлтаным,
Кейімеңіз біздерге.
Төңірекке көз салсам,
Сізде де аға-іні жоқ
Не шараң бар Құдайға?
Жас келеді көзіме,
Ол шыдамай жыларға
Емеспіз ғой біз-дағы
Жүдә, ойламай шыдарға.

Адамнан болған іс болса,
Егер едің, сұлтаным,
Бір жайыңа пайданы,
Жасар едің айланы.
Жау жолында мінілген
Астыңдағы күреңің¹,
Таудай еді жүрегің,
Не шара бар Аллаға
Кім тоқтайды дүниеде?
Егер бітсе сүрегің²,
Дүниеден өтерсіз.
Қыдырып барып, көрермін
Әлдекімнің есігін.
Қысқартпағай бір Алла
Сіздей жанның нәсібін.
Қаңғырып кімнің ашармын
Мен ғаріп³ жүріп есігін?
Хан мен тұрса қараңыз,
Бек пен тұрса шораңыз.
Ойламаңыз еш нәрсе
Өзіңіз кетсең дүниеден
Кім ие болар деп қалаңыз?
Үлкендік жетсе бұзылар,
Мұндай болмай реңің.
Бар болса орнында,
Бермес еді ініңіз.
Жоқ еді ешбір мініңіз,
Алды-артыңды бұл ойлап,
Сұлтаным, өзіңіз біліңіз.
Толыққан дүние секілді
Барады-ау өтіп бұл дүние
Жиырма-отыз күніңіз.
Қырықтан астың, сұлтаным,
Өлмейтұғын дүниеде
Шайтаннан басқа ынсан жоқ.
Жеті ғалам патшасы
Өткен екен Искендір,
Ол жиырма бес жасында,
Аға-іні жоқ қасында,
Шеше менен қатары.

¹ Күрең — қызыл қоңыр, қошқылатым түс.

² Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

³ Ғаріп /а/ — бейшара.

Өзірейіл келгесін
 Жүре бермек тартылмай.
 Сол секілді патшалар
 Перзентсіз өтті дүниеден,
 Ешкімі жоқ артында-ай.
 Ол бір Қаптың тауында,
 Қап тауында моласы,
 Жоқ екен туған баласы.
 Солар да өтті дүниеден,
 Сұлтаным, байқап, қарашы,
 Сіз кетсеңіз дүниеден,
 Біздің болар арманым.
 Алла нашар жаратты,
 Неге келсін менің дәрменім?
 Жасты алмас деменіз,
 Солар да өтіп дүниеден
 Жиырма бесте қалғаны.
 Сіз секілді асылдың
 Құлағына салғаным.
 Ризамын Аллаға
 Асылды сіздей бергенге.
 Қуанып едім, сұлтаным,
 Дидарыңды көргенде.
 Менің сөзім сынадың.
 Бұл дүниеде керегі
 Адамзаттың баласы.
 Айыпты ғой бұл дүние
 Тек бір күн өтіп қалады.

Осылай деп бәйбіше
 Құлағына патшаның
 Отырып сөзді салады.
 Сол жауапты айтқанда,
 Жеп отырған тамағы
 Тамақта тұрып қалады.
 «Мынау қалай айтты?» — деп,
 Бәйбішенің бетіне
 Хан сонда тура қарады.

Бәйбішеге жауап табады:
 — Байтақ жатқан ноғайлы,
 Ноғайлының ішінен
 Таңдап жүріп, сізді алдым,
 «Болар, — деп, — бізге қолайлы».
 Бермесе де шара жоқ
 Бермейтұғын Құдай-ды.
 Адам болса, бұл тартып,

Шама келсе алар ем.
 Жақын жерде Алла жоқ
 Соған іздеп барар ем.
 Тәуекел етіп тұрайық,
 Әлі де Ақтан сұрайық.
 Келмей жатып жыладың,
 Емес қой мұның лайық.
 Айттың сөзді «сана», — деп.
 Қиғаштап сөзді айтасың,
 «Мұны ойлап қара», — деп.
 Пәлені жасар мен емес,
 Келмей жатып жыладың.
 Не себептен қайғы етіп,
 Айта қалдың өзіңіз?
 Әрбір түрлі келеді
 Бұл көп айтқан сөзіңіз.
 Байтақ жатқан ноғайлы,
 Біз қарасақ ел, — деді, —
 Қиғаш шеті кең, — деді. —
 Бұрын-соңды айтылмай
 Келген еді сөз, — деді. —
 Отыз беске келгенде,
 Қалай айттың сіз? — деді. —
 Бұрын-соңды бұл сөзді
 Ешбір айтып көрмедің
 Ойладың қалай ақылды?
 Бұл сөздің ішінен
 Көрсеттің талай нақылды
 Алланың берген бағынан.
 Айырылған жоқ едім
 Атаның туған тағынан.
 Арғы атам еді — Қарадөң,
 Он бесінде тақ алған,
 Алла беріп бақ алған.
 Он сегіз жасқа келгенде,
 Жұбаныштай ұл туған.
 Жұбаныш сыңды батырдың
 Баласы еді Сүйініш.
 Жиырмада атасынан тақ алған
 Үзілмеген шынжырлы
 Тұқым еді Сүйініш,
 Ес білгесін, бақ алған.
 Айта қалдың бір сөзді,
 Жай айтсаң да бұл сөзді,
 Қаттырақ сөзің батып тұр.
 Батқанының себебі
 Төңірегіме көз салып,

Өзің ойлап қарашы,
 «Искендірдей патша
 Жиырма бесте өтті, — деп. —
 Ол да аға-інісіз,
 Баласыз дүниеден кетті», — деп, —
 Бәйбіше, сен не дедің?
 Бала деген сөзіңді
 Еш айтпаймын бұрыс деп.
 «Искендір», — деп сен айттың.
 Отырмын оны емес дұрыс деп.
 Ноғайлының баласы,
 Айтқан жоқ еді былай деп.
 Мен ойлаушы ем ішімде:
 «Азды-көпті жаратқан
 Жаратқан Жаппар Құдай», — деп.
 Анаң әйел болса да,
 Жақсы менен жаманға
 Жүр едім сені шыдар деп,
 Шыдамай айтқан сөзіңіз.
 Қалай айтқаныңызды байқаңыз,
 Енді ойлап өзіңіз.

Сонда патша көңіліне
 Сөз тіке келіп қалады.
 Ойлаған оның себебі:
 «Искендірді әкеліп
 Маған неге қосты? — деп, —
 Ағайын-туған, інінің
 Менде жоғын білді», — деп.

Сонда әйел сөйледі:
 — Аруанадан туған нар¹ едің,
 Егер дария тасыса,
 Тоқтатқан қызыл жар едің.
 Жолдан биік су келсе,
 Көлденең тұрған тау едің.
 Темір арқан секілді
 Үзілмеген қашаннан
 Шынжырлы туған хан едің.
 Бір кез келген әйелдің
 Қасына бала ергесін,
 Келіп еді бүгін тілеуші,
 Қасында бір бала көргесін,
 Сосын көңілім бұзылды.
 Соған тұрмын шағынып,

Сізден басқа кімдерге
 Айтайын енді мұңымды?
 Қызылбас пен қалмаққа,
 Бер жағында үндіске
 Үш тақта миллет халыққа
 Атағыңыз барулы,
 Ноғайлының баласы,
 Үлкен-кіші ол қалмай,
 Бәрі тіліңді алулы.
 Анам әйел болғасын,
 Болған шығармын жаңылған.
 Жалған айтсам сөзімді,
 Ризамын, сұлтаным,
 Өлтірсең де өзімді.
 Жамандық ақыл менде жоқ,
 Ноғайлының мекендеп,
 Жақсы баққан қаласын.
 Өзің атқа мінгесін,
 Дүниеде жылатпадың
 Ешбір жетім-жесір баласын.

Он беске жасың жеткесін,
 Арғымақ таңдап, ат мініп,
 Беліңе берен² байланып,
 Дұшпан шықса қабарып,
 «Жалғыз, жалқы» демедің,
 Жүре бердің аттанып,
 Кідірмедің айналып,
 Жарлыны байға жеткіздің,
 Алып бердің кең қонысты
 Ноғайлының еліне,
 «Адамы тыныш болсын, — деп, —
 Жақсы жерге қонсын», — деп.
 Шешесіне ергесін,
 Балбыраған жас бала,
 Босады көңілім, көргесін.
 Тәңірі берсе тілегім,
 «Қасыма менің ерер», — деп,
 «Қарағым, қасыма келші», — деп,
 Айтар күнім болар, — деп.

Искендірді айтқаным:
 Астана халықтың ханы едің,
 Оларға айтқан жауабың,
 Жасы үлкен болса да,

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

² Берен — болат қылыш.

Айтқан сөзің саналды.
 Мынау тұрған Қозан-ды
 Ноғайлы салған қала еді.
 Ноғайдың шыққан ерлері
 Сол Қозанға жау жібермей
 Сыртында жүрген пана еді.
 Мұңымды сөйлеген, сұлтаным,
 Сізден не түрлі жауап болса,
 Ризамын мен, — деді. —
 Атым әйел болғасын,
 Жетпеген шығар ақылым,
 Сізден басқа жоқ еді
 Бұл дүниеде жақыным.
 Сізді көзім көргесін,
 Отырмын-дағы шағынып,
 Біз секілді пақырың.

Қатыны келіп қасына-ай,
 Мұңын келіп айтқасын,
 Отыра қалды осылай.
 Үндемеді падиша,
 Іше берді тамақ асын-ай.
 Жатушы еді бұрын ұйықтап,
 Алтын еді таяғы,
 Күміс еді кебісі,
 Бар еді ол күмістің әртүрлісі.
 Ежелден қалған бөркі бар,
 Не қылса да патшаның
 Қазынасында дүние көп,
 Істетуге еркі бар.
 Бұрынғы тұрған тағына
 Қайта патша жетеді.
 Артынан қатыны қарады,
 Қатты жүрмей, жай жүріп,
 Жайыменен ордаға
 Өзі кіріп барады.
 Артынан қатыны бағады,
 «Нешік айла етер?» — деп.
 Бар секілді емес ашуы,
 Жаяу жүріп барады.
 Ішке кіріп алғасын,
 Есікте тұрған бар еді,
 Қашаннан есік бағулы.
 Оның үні салулы
 Шақырып оны алулы.
 «Билер мұнда келсін», — деп,
 Жиырма бии бар еді,
 Оларға хабар салады.

Түсте шығып бір кетсе,
 Ол орданың ішіне
 Жан бармайтын қала еді.
 «Қандай заман болды?» — деп,
 Хабар тигесін билерге,
 Шала-шарпы киінді.
 Жиырма кісі бии бар
 Шешендердің ішінде
 Неше түрлі адам бар.
 Біреуі қалмай билердің,
 Сағатын санап жетеді.
 «Отырыңыз, билер», — деп,
 Билерге ишарат берілді.
 Әрқайсысы жүгініп,
 Патшаның қасына
 Сонда отыра кетеді.

Сонда ханың сөйлейді:
 — Жақындап тұрған, билер, — деп, —
 Қайратың көп ерлерім,
 Ноғайлы байтақ елімнен
 Таңдап алған шешенім.
 Осы халық тегінен
 Тыңдасаңыз сөзіміз,
 Біраз жауап беріңіз.
 Бәрің де білгір шешенсің,
 Ойласа, ақыл тапқандай,
 Секілді жұлдыз, аспанда ай.
 Алыстан ақыл тапқандай,
 Астана халықты баққандай,
 Жауабың халыққа жаққандай,
 Бәріңіз де асыл едіңіз
 Қол жетпейтін аспандай.
 «Қырыққа жасым толар, — деп, —
 Мен туғалы анадан
 Бір бөлек заман болар», — деп, —
 Ноғайлы халқын аралап,
 Ішінен таңдап қыз алдым,
 Қатарымда тұрғандай.
 Кеудесі болған сары алтын,
 Жақсы-жаман болса да,
 Ішіне оның сыйғандай.
 Аты әйел болса да,
 Сүйегін қатар тең көрдім,
 Жауабын айтқан жөн көрдім.
 Ноғайлының қыздарын
 Аралап жүріп мен көрдім.
 «Көп жасасам дүниеде,

Қайрат шіркін танар, — деп, —
 Өлмей жүрсе адамзат,
 Ар жағында бір өлім,
 Ол да жақын келіп қалар», — деп. —
 Дүниенің жүзінде
 Пенде де қызық секілді.
 Пенденің ол қызығы —
 Мынау тұрған бала, — деп. —
 Аспандағы ұшқан құс
 Ілінеді қылдарға
 Жаюлы тұрған тұзаққа
 Келіп түсед бала үшін.
 Аруана мен нармая
 Бұ да тұрып зарлайды,
 Тамақ үшін оттайды.
 Қайтып үйге келгенше,
 Ботасын жоқтап боздайды.
 Тауда жатқан маралың,
 Жатады оның баласы
 Әрбір тасты паналап,
 Ұзақ жерге тастамай,
 Ол да оттайды жануар
 Баласының маңайын жағалап,
 Ол да тастап кетпейді
 Өзінің туған баласын.
 Мынау сөздің шамасын,
 Билер, байқап қарашы.
 Менің сөзім осылай,
 Жарай ма сөзім, жарамай ма
 Сіздерге айтқан осылай?
 Шақырып сізді алғанда,
 Айтатын сөзім осы еді.
 Құстың ханы қаз еді,
 Жануардың өмірі
 Көп емес оның аз еді.

Патшаның айтқан сөзіне
 Отырып билер таңғалды.
 Жауап тауып айта алмай,
 Әрбіреуі сандалды.
 Бидің үлкені Күміс еді,
 Оның баласы Алтын еді,
 Он екіде жасы бар.
 Ол келіп сонда сөйледі:
 — Жасың үлкен туған данасың,

Бәрің де талайды көрген ағасың.
 Патшаның білмейсіз бе
 Сөзінің айтқан шамасын?
 «Әрбір түрлі мақұлықтың
 Бар, — деп айтты ғой, — баласы».
 «Сол мақұлықтар да бала үшін
 Қолға түседі», — деді ғой,
 Сөзінің байқап қараңызшы
 шамасын.
 Кеткеніңізді көргесін,
 Балалықпен ергенім,
 Қыдырып мұнда келгенім.
 Баласының жоқтығын
 Сізге айтып бергенім.
 «Бала жоқ менде, не етем? — деп, —
 Қырық жас толғасын,
 Енді елуге қарай кетем, — деп. —
 Сіздерде көп ақыл, — деп, —
 Бәрің ноғай болғасын,
 Табылар әртүрлі мақұл», — деп.
 Сонда бала жалаңбас,
 Тек дамбалшаң, жалаңаш.

Сонда оның әкесі
 Күміс би тұрып сөйлейді:
 — Артық туған ханымыз,
 Халықтан асқан ақылың,
 Кеудең сарай жаныңыз,
 Әрбір нәрсе мақұлдап,
 Отырсыз айтып біздерге,
 Біз не айтайық, тақсыр, сіздерге?
 Бұрынғы өткен асылдар,
 Жеті ғалам дүниеден
 Неше түрлі жан өткен,
 Неше түрлі хан өткен.
 Дүниеге пенде тоймаған,
 Әр нәрсені әр пенде
 Өз тұсында ойлаған.
 Дүниенің қызығын
 Талай жандар көрмеген.
 Қызық көрген дүниеден
 Ол жандар да пәниге,
 Өтіп, қайтып келмеген.
 Неше асыл патшалар —
 Бұлар да өткен дүниеден.

Баласы жоқ болғасын,
 Әулие¹ шәрге² түнеген,
 Алладан бала тілеген.
 Олар да берген аянды.
 «Тілегім Алла берді! — деп. —
 Барып келдім енді!» — деп,
 Талайлардың қуанған
 Кіріп сонда реңі,
 Көтеріліп жүрегі —
 Оларға да бермеді,
 Алладан бұйрық болмаса,
 Олар да қайтып келмеді.
 Ендігісін өзің біл.
 Біздің сөзге құлақ сал.

Сонда хан жауап береді:
 — Атқа мініп жүргенді,
 Алыс, жақын көргенді
 Деуші еді: «Артық ер», — деді. —
 Баба Түкті Шашты Әзіз³ —
 Керемет туған пір⁴, — деді. —
 Аңшыбай ханның баласы,
 Өзен бойы кең суда
 Әулие жатқан сол, — деді. —
 Барсақ соған, не етер? — деп. —
 Тек отырып болар ма
 Кідіріп үйде бекер? — деп. —
 Жақын жерде пір еді,
 Сонан хабар алайық,

Билерін атқа мінгізді,
 «Өзі жақын жер, — деді, —
 Келің барып, ел, — деді. —

Үш күннен қалмай жиналып,
 Баршаңыз да кел», — деді.
 Сонда билер қоштасып,
 Үйден шығып кетеді.
 Бала тағы бір сөз сөйледі:
 — Әй, тақсыр, алтын ханымыз,
 Біздей туған жас бала
 Құлағыңыз салыңыз.
 Жеті жұрттың тілін білетін
 Бір адамды алыңыз.
 Ноғайлыдан, сұлтаным,
 Тек үш кісі алыңыз.
 Жадыңызға саламын,
 Балалар ойнап жатыр ғой,
 Жадыңызға саламын.

Сонда хан кеңес құрады.
 — Бұл екен ғой ақыл, — деп, —
 Баланың осы айтқаны мақұл, — деп, —
 Қалай да болса барамыз
 Ол шайқыларға⁵ жақын, — деп. —
 Тезден хабар берің, — деп,
 Бұйырады сонда билерге:
 — Үш күннен соң, кідірмей,
 Сол екеуін тауып келің, — деп.
 Барушылар үш күнде
 Жеті жұрттың тілін білетін,
 Адамды ертіп ол келді.
 Баба Түкті Шашты Әзіз
 Жүретұғын бұл болды.
 Үш кісіге ат алдырып,
 Үшеуі жүруге айналды.

Сонда ақсақал, қарасақалдардың айтқан сөзі:

— Халық ұстаған ханымыз,
 Асыл туған жанымыз,
 Болсын сіздің жолыңыз!
 Алыс емес, жақын жер —
 Бұрыннан тұрған бабаңыз.

Қасиетті жан еді
 Жәрдем берген талайға,
 Не жақсылар түнеген,
 «Бала бер!» — деп сұраған.
 Қабыл болып тілегі,

¹ Әулие — бұл жерде «қасиетті» деген мағынада айтылып отыр.

² Шәр /а/ — қала.

³ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

⁴ Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

⁵ Шайқы /а/ — ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

Кіруші еді реңі.
Саламат болың сіз! — деді, —
Қош айтысып, қаламыз
Осы отырған біз, — деді.

Сонда ханымыз сөйледі:
— Астана халқым, ел, — деді, —
Алыс емес, шамалы
Баратұғын жер, — деді. —
Алла оңғарса сапарды,
Барармыз оған біз, — деді. —
Тапсырдық, толы халық,
Баршаңызды аманат.

Қош айтысып елімен,
Ата-ана, қатын-баламен,
Жасы үлкен ағамен,
Өзен бойын жағалап,
Отырды жүріп шамалап.
Баба Түкті Шашты Әзіз
Екі жерде пір еді.
Жиырма күн толғанда,
Баба түкті моласы
Көрінді мұның қарасы,
Жақындады жердің шамасы.
Түстік жерге келгенде,
Тілекті тура тілерге,
Әулиеге түнерге,
Баба түкті басына
Жаяу жүріп бұл келді.
Жалған атқа ермеді,
Жаяу жүріп келеді.
Киімдерін арқалап,
Келеді жетіп бейшара-ай
Әулиенің қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай.
Әуелі отырып оқыды,
Отырып Құран басына-ай.
Құран оқып болғасын,
Қабірдің келіп қасына-ай
Жатты әулие басына-ай.
Көзінен шығып қара жас
Ішінде қаны аралас.
«Жасы қырықтан өтер, — деп, —
Жүргенім босқа бекер, — деп.
Келдім сізге, жақсылар,
«Шарапат бізге етер», — деп.
Ағарып таң атқанда,

Таңға жақын жеткенде:
«Рұқсат енді сіз, — деді, —
Алла берді тілегің,
Астана, халыққа хан болар
Туысқаның, тұқымың.
Ендігі жерде тілегің
Береді енді Құдайың.
Жатпа мұнда, жүре бер.
Алла берді тілегің,
Жәрдем бердік біз», — деді.
Тұрып сонда жөнелді,
Шығып алып әулиеден,
Үзілгенше қарасы,
Шаршамады ханыңыз,
Жүгірді жаяу шамасы.
«Ол балаңның есімін
Хан Нәрік деп қой», — деді.

Атқа мініп алады,
Кетіп сонда барады.
Аулына жақын келгенде,
Алдынан шығып ақсақал,
Би, төрелер келеді.
Ішіндегі ақсақал
Келіп сөйлей береді.
«Ақсақалға сәлем!» — деп,
Бұл да келіп тұрады:
— Жасың үлкен бабалар,
Бәріңе сәлем сіздерге,
Ақылың артық даналар.
Рас болса айтқаны,
Секілді қабыл тілегім.
Сол жауапты айтқасын
Шамалап кірді-ау реңім.
Жасы қырықтан асқасын,
Елуге аяқ басқасын,
Енді, халқым, бұл сөзім.
Ауылға қарап кетейін,
Шамалы жерге жетейін.
Қалмақ пен қызылбас —
Екеуі жақын келеді.
Соларды жерден қайырып,
Кеңітіп жерді келейін,
Соған қайрат етейін.
Осы батыр қарады,
Үйге жетіп алғасын,
Ақсақалдар жиналып,
Бәріне кеңес құрғасын,

«Тәңірі тілек берді! — деп. —
Қабыл болды тілегім,
Кірді, — деді, — реңім.
Жайым бітіп барады,
Бір күні бітер өмірім.

«Аттанамын», — десе де,
Ноғайдың бірі ермеді,
«Барамын!» — деп келмеді,
«Қаңғырамын дегенге
Қайтіп еріп барайық?
Қартайғанның салдары —
Бұл — «кетемін» дегені».

«Жалғыз барып, аттанып,
Жауға қайрат етем», — деп,
Шыдамады ханыңыз.
Айтқан сөзден тана ма?
Астында тұлпар баптады.
Тұлпар бапқа түскесін,
Шегіршінмен оңдатып,
Найзасын жақсы саптады.
Үйде тұрған алмасты
Алғыр тасқа қайрады.
«Сермесе кесіп кетсін, — деп, —
Тоқталмай қару өтсін», — деп,
Көк жебеге оқ салды.
Кілең болат жинатып,
Масаттан соғып оқ алды,
Көк жебені қолға алды.
Аттануға бір күннен
Ханыңыз тұрып қозғалды.
Ноғайдан адам ермеді,
Жапанда жалғыз бұл өзі
Астында мінген қызыл-ды,
Патшаның жалғыздығы білінді,
Көңілі сонда бұзылды.
Атқа мініп алғасын,
Бәйбішесі шығып сөйледі:
— Аруананың баласы,
Қатепті¹ қара нар едің.
Тасыса дария — тоқтатқан
Белгілі қызыл жар едің.
Астана халықты қорғаған
Белгілі биік тау едің.
Барасың кетіп далаға.

Қашан қайтып келесің
Енді бұл қалаға?
Баратын жауың айтып кет,
Қалсын естіп құлағым.
Қызылбас па, қалмақ па,
Ол болмаса үндіс пе,
Тағы басқа ел ме еді?
Жалғыз кетіп барасың,
«Жас қырыққа толар, — деп, —
Ноғайға қиын болар», — деп,
Аяйсың-ау ноғайдың
Қатыны менен баласын.
Бір өзің кетіп барасың,
Тапсырдым Аққа мен, — деді. —
Саламат бол сен, — деді.

Осылай деп ханым сөйледі.
Аттың басын бұрады,
Керіңкіреп қалады.
«Қайғы етпе сен, — деді. —
Жеті атадан келе жатқан
Шынжырлы едім мен, — деді. —
Атаның жолын құмадым,
Алысты іздеп бармадым».
Аттанып жүре береді,
Артық туған ер еді.
Қызылбастың ерлігі
Басқадан гөрі кем еді.
Жабайы өскен қашаннан
Қорғансыз жатқан ел еді,
Сол елге батыр жөнелді.
Жай жүрмеді аяңдап,
Бір жерге түсіп жатпады.
Жері жазық дөң еді,
Тау үстімен жағалап,
Асты-үстіне көз салып,
Аяңдап желіп келеді.
Бір күндері болғанда,
Жайылып жатқан қызылбастың
Қарасын сырттан көреді.
Бытырап жатқан елі көп,
Қарауылда жүрген ері жоқ.
Сонда батыр сөйледі:
— Ұзын жатқан құм екен,
Жер қашығы бұл екен,
Қарсыз жатқан дөң екен.

¹ Қатеп — нар түйенің үстіне жүк артуға лайықталып істелген жабдық.

Жаңа көрдім жайылған
 Дүниеде малдың қарасын.
 Қалай қылып білемін
 Бұл қызылбастың шамасын?
 Мен ойлайын ақылды,
 Жадыма, пірлер, сала көр
 Көпке ұнайтын мақұлды.
 Бұл батыр ойлайды:
 «Енді қалай етем? — деп, —
 Құр шеттен мал қуып
 Қалай елге кетем?» — деп.
 Аралап жүріп арасын,
 Көріп жүріп қаласын,
 Қуып жүріп баласын,
 Қойшы менен қозышыдан
 Білейін сұрап шамасын.

Өзімен-өзі кеңес құрады:
 «Қызылбас емес ағайын,
 Найзамды жанып алайын,
 Жақсы етіп атты жабайын.
 Бер жағынан жағалап,
 Қанша екенін қарайын».
 Атты жүріп жабулап,
 Жайымен жүріп қаңғырды.
 Ақшы болып еліне
 Қызылбастың барады.
 Қойшы менен түйеші —
 Соған келіп тұрады.
 — Бақтым жетім бала, — деп, —
 Қай жерде бар қала, — деп, —
 Қызметсіз едім мен, — деді. —
 Бұл бір қандай жақсы ел? — деді.

Соңда жалшылар сөйледі:
 — Бізде қала жоқ, — деді.
 Жинаған әскер және жоқ,
 Сұрайсың несін сіз? — деді. —
 Біз бір — байып жатқан ел, — деді, —
 Қызылбастың мекен қылып жатқан
 жер, — деді. —

Ішімізде бар еді
 Ақтөре деген ханымыз.
 Ол ханымызда қала жоқ.
 Тігулі тұрған үйі бар,
 Қызметкері тағы бар.

Қасында тұрған бірталай
 Ханымыздың жаны бар.
 Іздегенің хан болса,
 Анау таудың үстінде
 Тігулі тұрған шатыр бар.
 Тауы жазық құлауға
 Сол Ақтөредей хандардың
 Өзінің бар-ды қатын-баласы.
 Тек маңайында жүз кісі —
 Әскерінің шамасы.
 Қол астында ел, — деді, —
 Сұрайсың оның несін сен? — деді. —
 Ол еш нәрсе бермейді,
 Халқы жақын, бұл берер.
 Барғызбайды қасына,
 Ақылың болса, сормаңдай,
 Тек жолама қасына.
 Қыдыра бер далаға.
 Қой сауамыз, ағы бар,
 Алып, қойға бара бер,
 Беретін қойшы және бар.
 Шөлдесең және қанарсың,
 Ханға барма, сормаңдай,
 Барсаң, өліп қаларсың.

Атының басын бұрады,
 Шеттен келіп, сұрады.
 «Осындай хан» дегесін,
 Кейін қайтып жөнелді.
 Бір тауларды далдалап¹,
 Бір-екі күн демалды.
 Ат құйрығын өреді.
 «Бір тәуекел етем деп,
 Ханға бармай, не етем?» — деп,
 Келіп тұра қалады.
 Мылтықты ұстап алдынан,
 Жақындайды «Атам! — деп, —
 Қаныңды ұрттап, татам? — деп. —
 Бұйрық жоқ енді сізге, — деп, —
 Жуытпашы бізге, — деп. —
 Ақтөредей ханымыз,
 Соның үшін қиналар
 Бір шыбындай ханымыз.
 Өлесің сорлы сен, — деді. —
 Өлсең, кетер сәніңіз,
 Өлесің, сорлы, өзіңіз.

¹ Далдалап — тасалап.

Қалай қатаң тиеді
Бізге айтқан сөзіңіз?»

Бұл сонда қарады,
«Алла!» — деп айғай салады.
Іркілсін бе батырың?
Анталап тұрған аз кісі
Атқан оққа қарамай,
Қарсы шаба береді.
Атқан оқтар өте ме?
Үстіне киген шарайна,
Сыртында бар-ды сауыты.
Былайғыдан өзгеше
Құйылған зауыты.
Ол жүздеген аз кісі,
Оған салды ойынды.
Ақ сүңгіні қолға алып,
Келген батыр қозғалып,
Үйде жатқан хан шықты.
Және қалған елу кісі
Міне алмай атқа ынтықты.
Үстіне келіп қалғасын,
Хан да болса қашады,
Ақыл таппай сасады.
Жайдақ мініп атына,
Бір таудан құлай асады.
Кім екенін біле алмай,
Күннің көзі шыққанша
Атып жүрді мылтықпен.
Тауды құлай бұл қашты,
Хан қашқанын білмеді,
«Көп ішінде өлді», — деп,
Сала берді ойынды-ай.
«Тұрамын ба мен бармай
Қызылбастың қасына-ай?»
Әр жерде жатыр домалап,
Қызылбастың басы-ай.
Соғысып батыр қоймады,
Жарағы қанға тоймады.
Айналдырған жүз кісі
Мұрсатқа, сірә, қоймады.
Таудан ханың құлады.
Хан қасында қорғанып
Отырған екен бұл көп үй,
Көп үйге салды ойынды,

Қаласы жоқ, майданды.
Екі күндей өлтіріп
Сірі¹ адамын, айналды.
Ханы мен қалды баласы,
Жоқ болғасын қаласы —
Ағаш үйде отырған пақырлардың
Неге келсін шамасы?
Тек жылады шуласып.
Айдады елге адамын,
Қатыны мен баласын,
Қырғаннан соң бір тақыл адамын,
Үшінші күн болғанда,
Артынан қуып мың кісі
Әскерімен хан жетті.
«Жүре бер», — деп жесірге,
Жаяулатып айдады.
Көргесін, заңғардың²
Қанша да болса шамасын.
Жапырумен сол шақта
Мың кісі әскермен
Хан жетеді ішінде.
Ортаға келіп алады,
Сыпыра қамап қалады.

Сонда ханың сөйледі:
— Жалғыз ба едің сен? — деді, —
Әскермен келдім мен, — деді. —
«Өлмеймін», — деп ойлама,
Біздіңменен ойнама.
Ойын-күлкі жөн емес,
Жіберіп жесір сіздерге,
Тірі қалар мен емес.
Алайын деп мен келдім,
Сорлы сенің басыңды,
Жұлуға талдап шашыңды.
Қаңғырған кімсің сен? — деді, —
Қызылбастың ханымын,
Ақтөре деген — мен, — деді. —
Қамап алың, көп әскер,
Аты-жөнін біліп қалайық,
Алайық басын, кел, — деді.

Сонда тұрып батырың
Қызылбасқа сөйледі:
— Атаңа нәлет, қызылбас,

¹ Сірі — бұл жерде «мықты» деген мағынада.

² Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

Емеспін болат құрама¹,
 Асылымды менің сұрама.
 Мен — астана халық ел, — деді, —
 Сенімен емес тең, — деді. —
 Қанша сөйлеп тұрсаң да,
 Алармын басың мен, — деді. —
 Мен — ноғайлы деген ел, — деді. —
 Бұл ноғайлының баласы
 Қызылбас пен қалмаққа,
 Үндіс деген халыққа
 Қашаннан келеді шамасы.
 Қонысыңнан тайдырып,
 Жұртыңды сенің аларға,
 Еліңді келдім шабарға.
 Жасқанатын мен бе едім,
 Менімен, қызылбас, тең бе едің?

«Алла!» — деп ұран шақырды,
 «Қырайын», — деп ойлады, —
 Қызылбастай пақырды».
 Шауып еді ханға қасқарып²,
 Араға түсті бірталай
 Көп әскері бас салып.
 Жеткізбеді бұл ханға
 Бұл батырдың қолын-ай,
 Қызылбастың сорына-ай.
 «Ханды қорғап қалам», — деп,
 Бар екен шіркін ойында.
 Сол уақыт болғанда
 Салды жаман соғысты,
 Қызылбаспен тоғысты,
 Бір күн, бір түн ұрысты.
 «Бермеймін, — деп — бұл ханды»,
 Қызылбас та тырысты.
 Үсті шаңға толғасын,
 Адасып қалды ханынан.
 Ұлы қиқу болғасын,
 Астындағы мінген ат
 Бұл батырдың тұрмайды,
 Атқан оқтай зырлайды.
 Кез келгенін өлтіріп,
 Талайдың кесті басын-ай,
 Қысқартты сорлының жасын-ай.
 Жарқылдатып бұл алды
 Қынабынан суырып,

Қабын алды: «Алмас, — деп, —
 Не де болса, кеспей қалмас», — деп.
 Ағарып таң атқанда,
 Күннің көзі шыққанда,
 Сыртқа шығып келгесін,
 «Көрейін, — деп, байқады, —
 Қызылбастың шамасын».
 Әрқайсысы қашыпты
 Тауға қарап ол тарап.
 Таудың беті сай-сала,
 «Келді ғой, — деп, — бір бала».
 Қызылбастың біреуін
 Сонда ұстап алады.
 «Ақтөредей ханыңыз
 Қайда?» — деп сұрап қалады.
 «Қатты қиын етті, — деп, —
 Ақтөредей ханыңыз
 Елге қашып кетті, — деп. —
 Айтамын хабар мен, — деді, —
 Мені өлтірме сен», — деді.
 Жан тәтті ғой дүниеде.
 Осылай деп сөйледі:
 «Өлтіремін мен, — деді, —
 Ханыңды тауып бер», — деді.
 Алдына түсіп шабады.
 Бір-екі күн шапқылап,
 Хан қарасын көргесін,
 «Анау!» — деп айғай салады.
 Ақтөредей заңғарға
 Батыр кетіп барады.
 Қорықсын ба жануар —
 Мінген аты керемет?
 Артынан дүбір шыққасын,
 Хан артына қарады.
 «Енді қашсам, болмас, — деп, —
 Қашқанмен де, қоймас», — деп,
 Қызылбас тұра қалады.
 Астына мінген бұл аты
 Арандай аузын ашады,
 Омырауынан тер тамшылап,
 Құлаштап аяқ басады.
 Жақын келді тебініп,
 Жалмауыздай емініп,
 Сонда ханың сөйледі:
 — Ноғайлы құрсын, сен, — деді. —

¹ Құрама — бұл жерде «будан» деген мағынада.

² Қасқарып — қасқайып, тура қарап.

Көп сөйлеуге бола ма?
Соғысалық, кел, — деді.

Осылай деп хан Ақтөре
Ноғайлыққа сөйледі.
Салып қалды қызылбасқа,
«Шүү» дегенде найзасын.
Ол да ойлаған екен
Бір жанының пайдасын.
Ойлаған пайдасы:
Киген екен сауыттын
Шапса қару өтпейтін,
Ойлаған екен зауыты.
Ол да сермеп найзасын,
Екеуі де қарудың
Аясын ба оларды,
Көре алмады пайдасын.
Екеуі де беренді
Суырып қолға алады.
Қарсыласып келгесін,
Етіп жатыр жанның пайдасын.
Шауып еді алмаспен,
Екеуі де, апыр-ай —
Қарсы тұрған батыр-ай,
Дулыға мен қалқаны
Екеуінің де басында,
Өтпеді қылыш осылай.
Атуға жебе мұрсат жоқ,
Жағасынан алады.
Жағаласып алысып,
Ат үстінде қалысты.
Бір күн, бір түн жағаласып,
Іркілмеді, салысты.
Ақтөредей бұл заңғар
Бұрын сыртқа жүрмеген,
Мезгілсіз тағам татпаған.
Сөйтіп жүрген ханыңның
Босады жаман буыны.
Ойлады: «Ноғайдан туған ханыңыз,
Артық туған жаныңыз.
Осының аты жығылса, —
Сонда, ойлады — кетер, — деп, —
Қызылбастың, сәніңіз».
Қолында жүрген алмас-ты
Қоярға жоқ шарасы.
Аттың шауып бұл алды
Алмаспен кесіп басын-ай.

Атының басын шапқасын,
Тұра алсын ба бұл ханың-ай?
Хан жығылып қалған соң,
Үстіне мініп алады.
Сақалынан қолға алып,
Бауыздаған қой құсап,
Ақтөре ханды шалады.
Ханды өлтіріп алғасын,
Басқаны батыр не қылсын?
Қаруын алып қолына,
Елге қарай жөнелді,
Бұрынғы тұрған еліне.
Тұрған екен қызылбас —
Қызылбасты айдады,
Пақырдың соры қайнады.
Жесірлікке түскесін,
Бұрынғы дәурен қайда-ды?
Алыс еді арасы,
Үш айдан бері шұбыртып,
Айдап келді шулатып,
Төрт айда барған жер еді.
Төрт ай болған себебі:
Бұрын-соңды бармаған,
Олай-бұлай болмаған,
Көп жүрілген жер еді.
Қызылбас көрді көрімді,
Еліне жетіп келгесін,
Ата-ананың жұртына
Қызылбас ұлдары бөлінді.
Байтақ жатқан ноғайға
Көп олжа болып көрінді.
Орнына келіп хан болды,
Бұрынғыдай жан болды.
Жапаңда жалғыз ел алып,
Еліне қайтып келгесін,
Ноғайлы халқы таң болды.
Тоғыз ай, он күн көтеріп,
Туған екен Нәрікті.
Баба түкті пір еді,
Қасиетті ер еді.
Қабыл болып тілегі,
Содан туған —
Нәрік, Шора ер еді.
Арғы атасы — Қарадөң,
Содан бері шұбалып
Шораға таман келеді.

Бірінші мақам

Орындаған: Баймағанбет Өзімхан
 Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

тезірек

А - е - е - ей, А - сьл ту - ған сьл - та - ьым
 А - сь - лың ар - тық жа - рал - ды. То - лы хал - қың жү - зі - ңе
 Сіз - дің айт - қан қа - ра - ды. О - тыз - дың кел - дім бе - сі - не,
 Қай - ғы түс - ті е - сі - ме. Он бе - сім - де қо - сьл - дым,
 Ал - ған - нан соң, жү - ба - йым, Ер - нің жі - біп сү - йе - тін
 Бір пер - зент - ті бер - ме - ді - ай, Бар - ша ма - ған Құ - ла - йым.
 Жи - ыр - ма - ға жа - сь тол - ған - ның Не - ше - сі бол - ды ба - ла - лы.
 Кө - те - ріп кеп ба - лам деп, Қа - ра - ғьм - ды қа - ра деп,
 Қы - ды - рып кел - ген әй - ел - дер, ай, О - ты - ра - ды қар - сь - ма,
 Ба - ла - сь - на жү - ба - нып. Мен отыр - мын ку - а - рып,
 Қайырымы
 Ту - ған ме - нен ба - ла жоқ. Ісі - не Ақ - тың ша - ра жоқ.

Екінші мақам

Қа-уіп е - те-мін ай, дү-ние-ден О - сы - лай - ша ө - тем деп,
 Ша - ғы - на - а-мын сіз-дер-ге. Жал-ған - ға қа-лай же-тем деп,
 Қа - Һар е - тіп, ай, сұл-та-ным, Ке - йі - ме - ңіз біз-дер-ге.
 Тө - ңі - рек - ке көз сал-сам, Сіз - де а - ға - і - ні жоқ -
 Не ша - раң бар Құ-дай - ға! Жас ке - ле - ді ғой кө - зі - ме,
 Ол шы - да - май, жы-лар-ға Е - мес - піз ғой біз да - ғы
 Жү - дә ой - ла-май шы-дар-ға. Адам-нан бол - ған іс бол - са,
 Е - тер е - дің ғой, сұл-та-ным, Бір жа - йы - на пай-да - ны,
 Жа - сар е - дің-ай ай - ла - ны. Жау жо - лың - да мі - ніл-ген
 Ас - тың - да - ғы Кү - ре - ңің, Тау - дай е - ді ғой жү - ре - ңің,
 Не ша - ра бар Ал - ла - ға! Кім тоқ - тай - ды дү-ние-де,
 Е - гер бі - т - се сү - ре - ңің, Дү - ни - е - ден ө - тер-сіз?!

Үшінші мақам

Қы - ды - рып ба - рып, кө - рер - мін, Әл - де кім - нің е - сі - гін.

Қыс - қарт - па - ғай бір Ал - ла, Сіз - дей жан - ның нә - сі - бін.

Қаң - ғы - рып кім - нің а - шар - мын, Мен ға - ріп жү - ріп е - сі - гін.

Хан мен тұр - са қа - ра - ңыз, Бек пен тұр - са шо - ра - ңыз,

Ой - ла - ма - ңыз еш нәр - се, Ой - ла - ма - ңыз еш нәр - се,

Өзі - ңіз кет - сең дү - ние - ден, Кім ие бо - лар деп қа - ла - ңыз.

Үл - кен - дік жет - се, бұ - зы - лар, Бар бол - са ор - нын - да,

Бер - мес е - ді і - ні - ңіз. Жоқ е - ді еш - бір мі - ні - ңіз,

Ал - ды - ар - тың - ды бұл ой - лап, Сұл - та - ным, өзі - ңіз бі - лі - ңіз.

То - лық - қан дү - ние се - кіл - ді Ба - ра - ды ө - тіп бұл дү - ни - е,

Жи - ыр - ма - о - тыз кү - ні - ңіз... ау.

Төртінші мақам

Ей, Қы-рық-тан ас-тың, сұл-та-ным, Өл-мей тұ-ғын дү-ни - е - де

Шай - тан - нан бас - қа ын - сан жоқ, Же - гі га - лам пат - ша - сы -

Өт-кен е-кен Іс-кен-дір, Ол жи-ыр-ма бес жа-сын-да, А-ға і - ні жоқ қа-сын-да,

Ше-ше-ме-нен қа-та ры. Ей, Ө-зі-ре-йіл кел-ге-сін Жү-ре бер-мек, тар-тыл-май.

Сол се - кіл - ді пат - ша - лар, Пер-зент - сіз өт - ті дү - ни - е - ден,
Қайырымы

Еш - кі - мі жоқ ар - тын - да. "Мы - нау қа - лай айт - ты" - деп,


Бәй-бі - ше-нің бе - ті - не Хан сон-да ту - ра қа - ра - ды - еу.



НӘРІК БАТЫР

Жырдa басты кейiпкер Танаұлы Нәрік пен оның баласы Шора батырдың шайқастары, жорық жолдары, ерлік істері бейнеленеді. Шора батыр туралы жыр нұсқалары қазақтардың, өзге де түркі халықтарының жадында сақталып, Еуразия аумағында кеңінен таралғаны белгілі. Алайда Нәріктің жеке басына байланысты жыр Мұрын жыраудан басқа жыршылардың шығармашылығында кездеспейді. Бір ғана нұсқада жеткен жыр қарт Нәріктің соғыс әрекеттерінен басталып, алты жасар Шораның жаугершілік жорықтарына ұласады. Нәріктің басты жауы қалмақтар мен кәпірлер болғанымен, ол Ноғайлы ішіндегі қанды оқиғалардан да сырт қалмайды. Туындының негізгі идеясына Нәріктің билігін, отырған тағын сақтап қалу мәселесі арқау болған. Жырдa бүкіл топтамаға тән эпикалық импровизацияның көріністері айқын білінеді.

Томды баспаға дайындау барысында М. Хакімжанованың қолжазбасы бұрын жарияланған басылым үлгілерімен салыстырылып, жасалған өзгерістер қайта қалпына келтіріліп, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 5-дәптер).



Нәрік — Қазан шәрінің¹ ханы. Жасы сексенге толып, өзі егде тартты. Қасында қырық биі бар еді. Бір күндері Нәрік қырық биін шақырып: «Мен бір әйел алайын деп едім», — деп кеңес құрады. Нәріктің сол кезде бес қатыны болған. Алды жиырма бесте, арты он бесте еді. Қырық бидің ішінде ең үлкені — Әліби деген. Бірде Әліби келгенде, ханның қырық биі оған:

— Нәрік ханымыз: «Әйел аламын», — деп, бізден ақыл сұрайды. — Біз: «Білмейміз, Әлекем білмесе деп қойдық», — деді.

Сонда Әліби:

— Халық ұстаған ханымыз, бес әйеліңіз бар еді. Кәрі емес, бесеуі де жас. Алды жиырма бесте, арты он бесте. Сіздің жасыңыз да жетіп тұр. Құдай берсе, қиын емес қой, — деді.

Сонда Нәрік айтты:

— Ертең сәске болғанда бәрің де жиналып келіңдер, көрші-қоландарыңызды ала келіңдер, егер келмей қалғаның болса, басың өлімге, малың қазынаға салынады.

Ертеңіне сәске болғанда қырқы да келеді.

Сонда Әліби: «Сен қартайдың, қатындарыңның бәрі жас. Енді қатын алып, не қыласың? Қайратың жоқ», — деп те ақыл айтады. Қырық биі келгесін, Нәрік бәрі бірге Ноғайға аттанып жүреді. Ел ішіне келіп, Нәрік үй тіккізіп отырады. Әліби жиырма қызды жинап келеді. Әліби Нәрікке:

— Тақсыр, жиырма қыз жиналып келіп тұр. Осыдан таңдап алыңыз, — деді. Нәрік үйден шықса, жиырма қызға көзі түспей, ең шетте тұрған бір қызды көрді. Оның үстіндегі киімі жыртық еді. Нәрік хан:

— Анау шетте тұрған не қылған бала? — деп сұрады.

Сонда Әліби:

— Бұл — бір жарлының қызы, «Қал» десе қалмай, артымыздан еріп келгені. Ол қыздың ешкімге керегі жоқ, — деді.

Нәрік сонда Әлібиді шақырады. Келген кезде: «Білегіңді сыбанып, алақаныңды жай», — деп, жанына қолын салып, бір шеңгел алтын алып, Әлібиге берді.

— Осы білегіңді түсірмей, мына алтынды анау тұрған балаға апарып бер, — деді.

Сонда Әліби сол алтынды қызға апарып береді. Қыз Әлібиге қарамас-тан, қырын қараумен алтынды алып қалады. Және Нәрік хан:

— Қыздың жасын біле кел, — дейді.

Сонда Әліби:

— Жасы он үште екен, — деді.

Сонда Нәрік:

— Жиналған балаларға рақмет, кете берсін. Елге барғасын «Өзім алам» деген балаға қағаз жібереміз, — деді.

Қыздар қайтып жүре берді. Сонда шетте тұрған қыз да қайта береді. Нәрік үйге кіріп бара жатып:

— Бұл қыз он үште, мен сексенде, — деп жүре береді. Сонда Нәріктің қасындағы қырық биі «Қолынан қазына беріп, жасына шейін біліп

¹ Шәр /а/ — қала.

жатыр, сірә, осы қызды Нәрік хан алады ғой» деп ойлайды. Сонда бұлар жүріп, көп тоғайдың ішіне келіп түсті. Ол жерге тағы да үй тігілді. Нәрік:

— Тағы да қыздар жинап әкел, — деп Әлібиге бұйрық етіп, Әліби Ноғайдың қызын тағы жинап әкелді.

Ноғайлы қызын бермеге,
Нәрік ханды көрмеге.
Сонда Әліби сөйледі:
«Бір бөлек қыз келіп тұр».

Сонда Нәрік үйден шығып, қыздарды жағалап жүріп біреуін де ұнатпағасын, қайтадан үйге кіріп бара жатып, Әлібиге айтты:

— Қыздарың ұмытпай, аттарын жазсын. Әлдекім ұнаса, барғасын өзім хабар жазып жіберемін, — деді.

Сол тоғайға келіп түскесін, билерінің бәрі аттарынан түсіп, демалып ұйықтап жатып қалады. Нәрік хан жатпай сары қызыл тұлпарын жетелеп, оттатып жүрді. Сонда Нәрік тұлпарын оттатып жүргенде, қой бағып жүрген бір қойшы келіп, Нәрікке сөйлей береді:

— Хан қалпағың басыңда,
Қырық нөкерің қасыңда,
Қара сақал ақ болып,
Өлетұғын шақ болып,
Әлі дүниеден тоймаған,
Қартайсаң да дүниені ойлаған
Жолдасың жатыр демалып.
Жетелеп атың оттатып,
Қара сақал ақ болып,
Өлетұғын шақ болып,
Ат жетелеп жүргенде,
Әзірейіл келсе тап болып,
Онда не қыласыз сіз? — деді. —
Қойды бағып жүрсек те,
Демалып жүрміз ғой біз, — деді.

Сонда Нәрік сөйледі.
Сөйлегенде, не деді?
— Хан қалпағым басымда,
Нөкерім бар қасымда,
Қазан деген қала еді,
Ол Қазанның шәрінде
Нәрік деген хан едім.
«Бір жақсы әйел алам», — деп,
Шығып едім далаға.
Тоқсан баулы ноғайдан
Бір қыз іздеп таппадым
Сол ноғайдан қолайлы.

Оны да қылған Құдай-ды,
Бұл жерден шығып кетемін.
Тірі болсам екі күнде
Елге барып жетемін.

Сонда қойшы сөйледі:
— Халық ұстаған ханымыз,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Анау көрінген — екі көлдің арасы.
Арасында көрінбес
Еш нәрсенің қарасы.
Соған көзіңіз салыңыз,
Ол — Асылнұр деген ноғай еді,
Өзі сексендегі шал еді,
Кемпірі жетпісте бар еді.
Адал өзінде қара жоқ,
Меңді деген қызы бар,
Он сегізде жасы бар.
Меңдіні көрген адам қасынан кете
алмайды,
Ешбір адам баласы оған жете алмайды.
Ол қыз болғанда, қызық, — деді. —
Жаратқан адамнан бұзық, — деді. —
Ол жерге шығып жалғыз отырғаны:
«Ержеткесін, балама
Ноғайлы көзін салар, — деп, —
Ықтиярсыз тартып алар», — деп.
Өзі артық туған ер еді,

Бұрын-соңды төре еді.
Бір күндері болғанда,
Жасы сексенге жеткесін,
Буыны босап жүр еді.
Меңдіні көрген адам кетпейді,

Онан адам баласы өтпейді.
Айтып болдық біз, — деді, —
Жақсы әйел алатын болсаңыз,
Қасынан көріп кет, — деді.

Сонда Нәрік қасындағы билеріне: «Тұр», — деді. Өзі де сары қызыл тұлпарға мініп алып, билерін ертіп, сол шалдың үйіне қарай жүре берді.

Асылнұр алты ағашты қаққан екен,
Сол жерді мекен етіп жатқан екен.
Жетіп келіп Нәрік:
«Болармын қонақ мен, — деді, —
Рұқсат берсеңіз сіз», — деді.

Сонда Асылнұр шал: «Түсе беріңіз», — деп, бүкшеңдеп үйге қарай жүре берді. Меңді үйінен шықпады. Бұлар үйге кіріп бара алмады. Олар қонақасын кем қылмай беріп тұра берді. Сонда Нәрік хан қырық биіне: «Біз келгелі үш күн болды. Үйде жата береміз бе? Қызды көріңдер», — деді. Сонда Әліби жүгіріп келіп, үйдің тесігінен қарап, қызды көріп, кейін кетті. Қыздың әкесі Әлібидің қарағанын көріп қалып, үйден бір жаққа шығып кетті, шешесі екінші жаққа шығып кетті. «Бұларды қонақ екен, — десем, — жау екен, жабығымнан қол салды», — деп ашуланды. Сонда үйдегі Меңді ару да үйден шығып, әкесіне қарай жүре берді. Келіп әкесінің қолынан ұстап сөйлей бастады:

— Айналайын бабамыз,
Ақылға қамал данамыз
Алла нашар жаратқан
Біз бір жалғыз балаңыз.
Жібермен, әке, мен, — деді, —
Өлтіресің сен, — деді. —
Өлгеніңді, әке, көрермін,
Қолымнан қазып көмермін.
Бір шыбындай жаныңыз
Аладан келген аманат.
Аманатын Алланың
Көз алдымда берермін.
Егер біреу сізге қас болса,
Кескілесіп өлермін.
Кетпе, әке, далаға.

Қайтпай ма екен әкесі
Біздей жылаған балаға?

Кемпір де кетіп барады,
Түсі оның бұзылып,
Көзінің жасы төгіліп,
Мезгіл-мезгіл жығылып,
Әкесін қолынан жетелеп,
Шешесіне келеді.
Шешесінің қолынан
Тағы ұстап алады.
Бұрын қорлық көрмеген
Кемпір менен шал еді.
Атасы әйел болса да,
Меңді ару — жалғыз бала еді.

Меңді ару Соқиа шешесінің қолынан ұстап сөйлей бастады:

— Айналайын анамыз,
Мен едім жалғыз балаңыз.
Алла нашар жаратты,

Енді бар ма шарамыз?
Тоғыз ай он күн көтердің,
«Алла маған берді, — деп. —

«Әкемді жақсы бағар, — деп, —
 Өзімдей жақсы қарар», — деп,
 Алып берді бір қызды.
 Қызға берген малындай
 Әкесіне тағы береді.
 Әкесі жас қыз алғасын,
 Көңілденіп, алданды.
 Меңдіге неке қиюға
 Нәрік сонда сайланды.
 Меңдіні некелеп алғасын,
 Жолдас болып қалғасын,
 Бір-екі жыл болғасын,
 Билері кеңес құрады.
 Бұлардың діні бұзылып,
 Оларды Құдай ұрады:

«Мынау Нәрік шал, — деді, —
 Меңді арудай жан, — деді. —
 Қартайса да бұл Нәрік,
 Қайраты әлі мол, — деді. —
 Бұл Нәрікті айламен
 Жібереік далаға,
 Қалмақ салған қалаға.
 Ол қалаға барғасын,
 Нәрік екенін білгесін,
 Өлтіреді Нәрікті,
 Қайта айналып келмейді.
 Ол Нәрікте жақын жоқ,
 Ағайын-тума тағы жоқ,
 Бір жүрген жалғыз неме еді».

Сонда Нәрік қырық биінің жазған қағазымен қалмаққа кетуге жиналады. Қара тұлпарды ерттеп, қоржынды алып, үйінен шыққан кезде Меңді ару артынан келіп, Нәрікке сөйлей бастайды:

— Халық ұстаған ханымыз,
 Кеудедегі жанымыз,
 Енді кетсең далаға,
 Келмейсің қайтып қалаға.
 «Енді кетсем, өлдім», — де.
 Қиямет күн болғанда,
 Қауышалық, кел, — деді, —
 Өз көзіңмен көр, — деді. —
 Арамдамай сен мені,
 Неке қыл да, Ноғайдың
 Біреуіне бер, — деді. —
 Ноғайдан басқа жауың жоқ,
 Сұлтаным, байқа, сен, — деді. —

Төр жағымда жатып, білмейсің,
 оң жағымнан:
 «Бері қарап жат, — деп шымшып, —
 Ақ етімнің сауы жоқ.
 Суға барсам, тартқылайды:
 «Тұра тұр», — деп,
 Үзілмеген шелегімнің бауы жоқ
 Маған көзін салғандай.
 Қолына тисе, қойшылар,
 Малшылар да алғандай.
 Енді кетсең, өлесің,
 Қайтып үйге келмейсің.

Сонда Нәрікті Меңді ару қолынан жетелеп: «Үйге барайын», — деп алып жүрді. Сонда Меңдінің ақ қағаздай болған етінен тек бармақ басқандай ғана жер қалған екен. Сонан басқа жерінің бәрі қып-қызыл болыпты, шымшып үзе берген екен. Шелекті қараса, үзілмеген бауы жоқ. Соны Нәрік тысқары шығып, қара тұлпарын байлап, ешқайда бармай отыра береді.

Күннің көзі батқанда,
 Кісінің алды жатқанда,

Нәрік: «Әлібиді шақырып кел», — деп Телшора құлды жіберді. Сонда Әліби келгесін: «Не жақсылық, не жамандық — бәрі сенен табылды», — деп, Әлібидің сол жерде басын кесіп тастады. Сосын Телшораға: «Тез тоғыз нарды¹ алып кел», — деп бұйырады.

¹ Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

Байлаулы жатқан нар еді,
Маңайыңда бар еді.
«Тоғыз нарды әкел!» — деп,
Телшораны бұйырды.

Сонда «Телшора бір сағат ішінде сегіз қанат үйді тоғыз нарға артып, жөнелтті», — дейді.

Бес қатынды тастады, Бір жүрісті Нәрік бастады. «Ноғайлы көзін салар, — деп, — Меңдіні тартып алар, — деп, — Бұл Қазаннан кетемін, Енді шығып далаға, Тұрмаймын, — деп, — қалаға», Көшіп алып жөнелді,	«Бұл Ноғайдан кетем, — деп, — Мұнда тұрып, не етем?» — деп. Қара тұлпар астында, Сарықызыл тұлпарға Меңді аруды міндірді, Көшіп алып жөнелді. Ноғайдан алған тек жалғыз Телшора болды жолдасы.
---	---

Сонда қалмақтың Өгіз хан деген ханы бар еді. Ол Нәрікпен әуелден өш еді. Нәрік жетіп барып, көп әскермен сол Өгіздің қаласын ала алмай келіп еді. Нәрік қашып елінен кеткенде, тап сол Өгіздің елінің шетіне барады. Барғасын, ол жер Өгіздің жері, мекені екенін танып қалады. Сонда Нәрік хан Меңдіден ақыл сұрайды:

— Ақ Меңді, әйел болсаң да, хан едің, Ақылың бар жан едің, Жаңылса, ақыл тапқандай Артық туған сен, — деді, — Қаштым ғой мен, — деді. — Көрінген мынау қарасы — Қалмақтың Өгіз ханы еді, Бұл — қашаннан жау еді. Көз нұрымның танғаны, Кәріліктің жетіп қалғаны. Бұған қалай қылам мен? — деді. — Таба көр ақыл сен, — деді. —	Көзіне түсіп мен кетсем, «Бұл не қылған қара?» — деп, Артымнан қуып жетеді. Келген жаумен ұрыспай, Адам енді не етеді?! Жас тоқсанға таянды-ау, Жәрдем бергей, Аллам-ау! Ақыл сала мен келдім. Өгізхандай зұлымға Барсам өліп кетемін. Көрініп қалдым мен келіп. Енді қалай етемін?
---	--

Нәрік Меңдіден осылайша ақыл сұрайды. Сонда Меңді ару Нәрікке:

— Құдіреті артық болғасын, Он бес жасқа толғанда, Дұшпанға кегін бермеген, Беліңе бұған алмасты Суырып жауға сермедің. Көк жебемен атқанда, Алдында тұрған тау мен тас Шағыл құмдай көрмедің. Жақсы мен жаман көп көрген	Артық асыл ер, — деді. — Атым әйел болғасын, Не білем, тақсыр, мен? — деді. — Әйелдің анық білгені Қазан менен шәйнегі. Атқа мініп жүрмеді, Аралап нәрсе көрмеді. Шашы ұзын болса да, Әйел деген шіркіннің
--	--

Ақылы жүдә¹ кем, — деді. — «Ноғайдан қашқан қашқынмын,
 Қандай ақыл айтайын, Қорғалай келдім мен, — деші. —
 Тақсыр, енді мен? — деді. — «Бір кеңірек, оңаша
 Менің тапқан ақылым: Тоғайынды бер, — деші. —
 Дидарласып әуелі, Сұрағаным — кең тоғай,
 Ол қалмақты көрелік. Арттан келеді көп Ноғай.
 Жадыңызға саламын, Қашып едік елден көп Ноғай».
 Дидарласып көрмесең, Бір-екі күн демалып,
 Ол қалмаққа жақын барыңыз, Мұнан да қашып кетерміз, —

деп, ақыл айтты. Нәрік хан: «Мені ғой бұл Өгіз хан көрген жоқ, тек қана атымды естігені болмаса. Өзімді танымайды», — деп ойлайды. Өгіз ханға барады. Сонда Өгізханға барып, алдындағы адамына айтқаны:

— Мен — бір Ноғай елінен Бір кеңірек тоғай бер, — деді. —
 Қашып келген шал, — деді. — Артымнан Ноғай келеді,
 Қорғалаймын мен, — деді, — О бір бөлек ел, — деді.

Сонда Өгіз хан сөйледі:

— Кең тоғайға қонсын, — деп, —
 Сол жерде Ноғай болсын, — деп.

Сонда Нәрік хан кең тоғайға барып, қона кетті, Сегіз қанат орданы тігіп, шұғадан үйді жаптырды.

Алтын зерден² бауды тақтырды, Төңірегіне қараса,
 Тоғыз нарға жібектен желі³ тарттырды, Енді үйінде құл отыр,
 Алтыннан қазық қақтырды, Адам көргісіз сұм отыр.
 Күмістен тоқпақ алдырды, Ол құлдың сақалының ағы бар,
 Қалмақтың қой баққан қойшысы, Үлкеңдігі тағы бар.
 Сиыр баққан сиыршысы, Үйінде отыр бір әйел,
 Жылқы баққан жылқышысы, Ай десе, аузы бар,
 Түйе баққан түйешісі, Күн десе, көзі бар,
 Бірі қалмай жиналып Балдай тәтті сөзі бар.
 Нәрік ханның үйін көреді. Тек атасы әйел демесең,
 Малшылар келіп қараса, Онан адам өтпеген,
 Көкірегі күрілдеп, Сұлулығына жан жетпеген.
 Екі көзі іріңдеп, Қалмақтың малшылары
 Буыны кетіп дірілдеп, Бір көргесін, сол үйден
 Бір шал отыр сырылдап. Қайтып кетпеген.

Сонда малшылар Өгіз ханға: «Кешегі келген Ноғай қызық екен, оның әйелі сізге лайық екен, өздері бұзық екен», — деп хабар береді.

¹ Жүдә /а/ - өте, тым, аса, тіпті.

² Зер — жылтырақ метал тіндерін араластырып тігілген өрнекті материал.

³ Желі — ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кеңдір арқан.

Малшылар:

— Ол әйелдің жолдасы	Жібектен тартқан желібар.
Көкірегі күрілдеп,	Алтын екен қазығы,
Екі көзі іріндеп	Күміс екен тоқпағы,
Отырған бір шал екен.	Сол секілді жаман шалдың
Және оның құлы бар,	Қайдан сондай малды тапқаны.
Адам көргісіз сұмы бар.	Сол секілді арудың
Жүк артып келген тоғыз нары бар,	Лайықты емес қасына
Үйінде дүниенің бәрі бар.	Жаман шалдың жатқаны, —
Тоғыз нарды байлайтын	

деп, Өгіз ханға хабар береді. Сонда Өгіз хан: «Ол қарт мұнда келсін, бар, шақырыңыз, — деді. Нәрік хан қара тұлпарымен келеді. Өгіз хан: «Менің айтатын сөзім бар», — деді.

— Тоғыз айда жететін	Алты мың әскер берейін
Менің бір қас жауым бар,	Сол шәрге жетесің,
Ажалың жетсе, өлесің,	Барып қайрат етесің.
Жетпесе, қайтып келесің.	Он сегіз айда оралып
Тоғыз айлық жол, — деді. —	Қайтып елге келесің, — деді.

Сонда Нәрік хан:

— Барайын енді мен, — деді. —	Өгізге жегіп арбасын,
Әскеріңді бер, — деді.	Мәстекке ¹ шегіп шанасын,
Алты мың кісі әскермен	Шұбыртты қалмақ баласын.

Сонда Нәрік: «Менің алыс жерге кеткенімді Меңді ару білмей қалар. Барып, айтып кетейін», — деп үйіне келгенде, ару алдынан шығып келді. Сонда Нәрік Меңді аруға сөйлей бастайды:

— Өгіз хандай қалмаққа	Сол сапарға «кеттім», — деп.
Барып едім мен, — деді. —	«Бармасам, қорықты», — деп ойлар,
«Алты мың кісі әскерге	«Барамын», — деп мен айттым.
Бас бол енді сен, — деді. —	Кетемін енді мен, — деді. —
Баратын жолдың шамасы	Он сегіз айға дейін
Тоғыз айлық жол, — деді.	Кідіріп тұр сен, — деді.
Тоғыз айда барасың,	
Тоғыз айда келесің.	Сонда тұрып Ақ Меңді
Ажалың жетсе, өлесің.	Қасына келді Нәріктің.
Ажалың егер жетпесе,	Тізесіне басын сүйеп,
Үйге қайтып келесің».	Жылап тұрып сөйледі:
Өгізге жектім арбасын,	— Артық туған сұлтаным,
Мәстекке жектім шанасын,	Хандар мінбес қара атқа
Шұбырттым қалмақ баласын.	Арба жегіп болар ма?!

¹ Мәстек — бойы аласа, мініске көнбіс ат.

Ақ сұңқардың баласын
 Қарға өлтіріп болар ма?!
 Біз секілді бейбақты
 Бұл орданың ішінде
 Өгіз хан зұлым қоя ма?!
 Енді менің өлгенім,
 Өлім болсын көргенім.
 Енді болар осы арты,
 Сұлтаным, сені көргенім.
 Сорлы болдым мен, — деді. —

Бұл дүниеде көру жоқ,
 Мақшар¹ күні көрелік.
 «Алланың мөрі» деуші еді,
 Оң қолыңды берші, — деп,
 Меңді ару тұрып егілді.

Сонда тұрып Нәрік хан
 Атының басын бұрады.
 «Қош-аман бол енді!» — деп,
 Аттанып жүріп кетеді.

Сонда Нәріктің қарасы үзілгесін-ақ екі құл келіп, Меңдіні шақырады. «Сізді Өгіз хан келсін — деп айтты», — дейді. Меңді: «Бармаймын», — деді. Екі құл аттан түсіп, Меңдіні айдап алып кетеді. Сонда Телшора құл Меңдінің артқы етегіне жабысып айырылмайды. Екеуін бірдей қалмақ сүйреп алып кете береді. Сондағы Телшораның айтқаны:

— Айналайын жеңеше,
 Енді кетсең, келмейсің,
 Біз секілді туманды²
 Қайырылып енді көрмейсің.
 Атаңа нәлет қалмақ-ай,
 Ұстамашы қолын-ай.
 Сен секілді залымды
 «Көрем» деген жоқ еді-ай
 Жеңешемнің ойында-ай.
 Айналайын жеңеше.
 Сенің үшін бұл жаным
 Болсын енді садаға.
 Қайта айналып көретін
 Күн болар ма, жеңеше?
 Енді қашан келесің
 Елде қалған қараға,
 Тігулі тұрған ордаға?
 Жеңеше, енді өлгенің.
 Тым болмаса үстіңе
 Топырақ салып көмбедім,
 Өлген жеріңді көрмедім.

Атам Нәрік сұлтанды
 Ноғайға қойдың хан қылып.
 Жеңешемді көруге
 Халықты қойдың зар қылып.
 Атаңа нәлет ит қалмақ,
 Жеңешемді қор қылып,
 Хан ордасын қалдырдың
 Бұл күндерде тұл қылып.
 Бір күндері болғанда,
 Қалмаққа қойдың
 Мен сорлыны құл қылып.
 Оңғарылып жел шығып,
 Естілер ме екен дауысым
 Нәріктейін ханыма,
 Кеудедегі жаныма.

Хан ордасы тұл қалды,
 Ішінде көп құл қалды.
 Жамандатқыр тоғыз нар
 Иесіз болып бұл қалды.

Меңді аруды құлдар алып барып, Өгіз ханның бір жақсы сарайына кіргізді. Кіл жібек пен не түрлі тамақтың бәрін әкеліп қойды. Жақсы төсектің неше түрлісін төсеп тастады.

¹ Мақшар /а/ — ақырзаман күнінде болатын сот.

² Тума — ағайын, туысқан.

Күннің көзі батпады,
 Қисайып Ақ Меңді жатпады.
 Неше түрлі тамақтың
 Біреуін де татпады.

Жұрт жатқан мезгілде — түннің ішінде Өгіз хан он кісімен Ақ Меңдінің қасына жетіп келеді. Сол он кісінің біреуі Меңдіге сөйледі:

— Мынау тұрған — Өгіз хан,
 Өгіз ханға көзің сал,
 Өгіз хан сізді сыйлайды,
 Жаман шалға қимайды.
 Өгіз ханға бас қоссаң,
 Бір сарайда жатарсың,
 Бал, миуа, тәтті тағам татарсың.
 Ойын менен күлкіге,
 Бар қызыққа батарсың.
 Осы тұрған Төрехан
 Қызметіңді етеді,
 Құлың болып кетеді.
 Сіз секілді аруға
 Қызмет етпей, не етеді?!
 Өгіз ханға бас қоссаң,
 Ойын менен күлкіден
 Білмессің таңның атқанын.
 Ойын-күлкі, қызықты
 Көрүменен жатқаның.
 Өзіңнің түскен сарайың
 Ішіне кіріп жатарсың.
 Жаман шал кетті далаға,
 Қайтып келмейді қалаға,
 Енді ол сізден садаға.
 Өгізхандай хандарда
 Неше түрлі қызық бар.
 Қызығын мұның көріңіз,
 Кешікпей, жауап беріңіз,
 Дін аштым енді мен, — деді, —
 Жауап айтың сен, — деді.

Сонда Меңді ару тұрып сөйледі.
 Сөйлегенде не деді?

— Арғы атамды сұрасаң,

Қарадөң сынды қарт еді,
 Дұшпанға кегін бермеген,
 Ақ сұңгісін қолға алып,
 Жарағын жауға сермеген.
 Онан туған Жұбаныш
 Жасы үлкен болғанда,
 Жұбанып көрген бала еді.
 Онан туған Сүйініш
 Сүйініп көрген бала еді,
 «Тілегім қабыл келген», — деп,
 Онан туған Бегіс деп,
 «Құдайым берді тегіс, — деп, —
 Бергені болды келіс», — деп.
 Бегістен туған Тама еді,
 Келе жатқан қашаннан
 Ақсүйек өңкей хан еді.
 Таманың ұлы — Тана еді,
 Оның ұлы — қарт Нәрік
 Келе жатқан хан еді.
 Қашаннан келе жатқан тұқымды,
 Шынжырлы туған хан еді.
 Оңғарылып жел шықса,
 Естілер ме екен дауысым
 Нәріктейін ханыма?
 Атаңа нәлет, қалмағым,
 Саған көңіл бермеймін,
 Онан жақсы өлгенім,
 Өлім болсын көргенім.
 Сендей құлға барғанша,
 Көнбеймін саған мен, — деді. —
 Білгеніңді етші, — деп,
 Осылай деп Ақ Меңді
 Өгіз ханға сөйледі.

Нәрік әскерді қоя беріп, өзі кейін қайтып: «Өгіз хан Меңдіге не айтар екен?» — деп үйдің сыртынан келіп тұр екен. Нәрік ханның қара тұлпарының шылбыры қырық құлаш еді. Атынан түсіп алып, атын қаңтарып, өзі шылбырының шетінен ұстай келіп, Меңдінің айтқанын тыңдап

тұрған екен. Алмасын суырып алып, үйге кіріп келеді. Алмаспен он қалмақтың басын шауып тастады. Меңді ару үйден жүгіріп шығып, екеуі бір атқа мінгесіп елге қарай жөнелді. Қазықтың басында Телшора құл жылап отырған. Телшора:

— Айналайын жеңешем,
 Қолына қалмақ алғасын,
 Дін мұсылман халықтың
 Болмады-ау ешбіреуі.
 Дүниеде бітіп қалмағай
 Жатырсың қызың басында-ай,
 Жеңешемнің сүрегі¹.
 Жамандатқыр тоғыз нар,
 Жеңешем бар ма қасыңды-ай?
 Құдіреті күшті Құдайым,
 Көрмедің көздің жасын-ай.
 Оңғарылып жел шығып,
 Естір ме екен құлағы
 Нәріктейін ханымыз,
 Тоқсан баулы Ноғайдан
 Артық туған жанымыз?
 Есітер ме екен даусымды
 Жеңешемнің құлағы?
 Тым болмаса Нәріктің

Қалмады-ау артында тұяғы.
 Жеңешем қайда мұңайды?
 Мұңлы қылған — Құдай-ды.
 Көрмедім-ау дүниеде,
 Тым болмаса Құдай-ай,
 Жеңешемнің моласын.
 «Шешем қайда?» — дейтұғын,
 Тым болмаса, қалмады-ау
 Бір сәби де баласы.
 Алланың ісі осындай
 Өзі болғай панасы.
 Жанымды еттім садаға
 Жеңешемнің жолына.
 Естілсе даусым бұл барып
 Нәріктейін ханыма.
 Нәрік сұлтан бір келсе,
 Кірер еді-ау сәніміз.
 Айырылғасын Нәріктен,
 Болар ма біздің мәніміз? —

деп жылап отырғанда, Нәрік пен Ақ Меңді атқа мінгесіп келіп қалады. Көп кідірместен Телшора сегіз қанат үйді тез жығып, нарға артып, бәрі елге қайтпақ болып, жолға шығады. Сол кезде Меңді ару буаз екен, ішінде баласы бар екен. Жолда Ақ Меңді толғатады. Толғатқанда сары қызыл тұлпардан түсіп, жаяу жүреді. Жүріп келе жатқанда, сонда сары қызыл тұлпардың иығына таянғанда, тұлпардың тізесі бүгіліп, жығылады. Осыдан сол жердегі тауға Айғырбүгілді деген ат қойып кеткен екен дейді. Жүріп-жүріп, бір суы жоқ шөлге келеді. Меңді ару енді жүре алмайды. Сонда Нәрік айтады Телшораға: «Сен осы жерде жеңешенді тудырып кел. Мен ілгері кете берейін, тағы да адасып бір жаудың үстіне түсіп қалармын. Сендер, қара тұлпардың басқан тұяғының орны ошақтың орнындай болып ойылып қалады, сол ізбен тауып келерсіңдер», — дейді. Сол жерде Меңді толғатып, Шора деген ұл туады. Беті-қолын жуайын десе, су жоқ. Төңірегіне қараса, Шора шалқасынан түсіп, жер тебініп жылап жатыр екен. Шораның екі өкшесінің тебінген жерінен екі бұлақ ағыпты. Сол судан Меңді ару беті-қолын жуып, тазаланып алады. Осы жер бұрын Шөлтау деп аталатын еді, соңынан Егізбұлақ атанып қалды.

Меңді ару Егізбұлақ тауынан көшіп, қара тұлпардың ізімен жүре береді.

¹ Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Жекенді көлдің жағасына,
Қоғалы көлдің сағасына,
Екі көлдің келіп түсті арасына.

Сонда Нәрік қара тұлпарды арқандап тастап, өзі ұйықтап жатыр екен.

Сонда Ноғайлының елі еді,
Күншығыс жақтың жері еді.

Меңді ару Егізбұлақ тауын жағалап келе жатқанда байлаулы, оттап жүрген тұлпарды көреді. Ол: «Бар, атаңнан сүйінші сұра, сұрағанда, мал сұрама, азат сұра», – деді Телшораға. Телшора ұйықтап жатқан Нәріктің қасына келіп айтқаны:

– Халық ұстаған ханымыз,
Кеудедегі шыбын жанымыз
Көтеріңіз басыңды,
Тумаң келді қасыңа.
Ақ жарылып, күн туды!
Жеңешем менің ұл туды!
Інімнің аты – ер Шора,

Менің атым – Телшора.
Көрінді көштің қарасы,
Келе жатыр қолында
Жеңешемнің баласы.
Көтерің басты сіз, – деді, –
Хабарға келдік біз, – деді.

Сонда Нәрік басын көтеріп, сөйлей бастады. Атты Телшора ерледі¹.
Нәрік атына мініп, көшке қарай жөнелді.

Нәрік мініп қара атқа
Көшке қарап жөнелді.
Қасындағы Телшора
Бұ да артынан ереді.
Көшке жақын келгенде,
Құндақтан шешіп баланы
Меңді ару қолға алады.
Жақындап көшке келгесін,
Нәрік хан сонда сөйледі.
Сөйлегенде не деді:
– Асыл туған Ақ Меңді,
Көлікті болсын көшіңіз,
Қайырлы болсын, алғаным,
Қасында тұрған есіңіз.
Бұрын біреу еді,
Болған ба екеу басыңыз?

Алла берді тілегің,
Тірі болса Шоражан,
Дұшпаның кегін ала алмас,
Ешкім қорлық бере алмас.
Мынау – Шора балаңыз,
Назар салып қараңыз.
Құндақтан шешіп, қолға алдым,
Назарын оның көрсін деп.

Қара тұлпар атымен
Нәрік сонда тебінді,
Аттан үркіп қоңыр нар
Кейінірек шегінді.
Телшора құл жетелеп
Нарды жақын келтірді.
Берейін деп баланы
Нәрікке Меңді ұсынды.

Сонда Меңді ару сөйледі:
– Халық ұстаған ханымыз,
Артық туған жанымыз,

Нәрік аттан түседі,
Ерін алып тастады.

¹ Ерледі – ерттеді

Ол қара аттың үстіне
 Баланы сонда мінгізді.
 Омырауын ашады,
 Жүрегіне Нәрік хан
 Ер Шораны басады.
 Қайтадан атты ерледі.
 Алдына алып баланы,
 Атқа мініп алғасын,
 Нәрік хан елге жөнелді.
 Баяғы тұрған жеріне,

Іркілмейді, келеді.
 Екі көлдің арасы
 Бұл жерге қонып қалады.
 Сол жерде мекен етіп
 Бірнеше жыл болады.
 Шора үш жасқа келгенде,
 Сарық қойы бар еді,
 Ол қойлардың қорасы
 Болатын еді далада.

Бір күндері қой жайылмай кетіп қалғасын, Нәрік: «Мына тұлпарға мініп, қойды қайырып кел», — деп Шораны жұмсайды.

Жалаңаяқ, жалаңбас
 Бала, жүдә, жалаңаш.

Ноқталап мініп, қара тұлпармен қойға қарай жүре берді. Қойға барғанда, қойдың ар жағында бір көп қара көрді. Қараны көргесін «Үйге барып, әкеме айтайын, бұл жерде бұрын қара жоқ. Бұл не екен?» деп атының басын бұрады да және ойлап тұрып «Қара көрдім» деп, үйге барып, хабар еткенше, не болады, өзім барып білейін» деп, жалаңаяқ, жалаңбас, ноқталап мініп кетеді. Көрінген қараға жақындап барғанда, көрінген қарадан бір қара шығып, Шораға таман келе береді. Сонда екеуі бір-біріне жақындап келгесін, ол қара Шораға сөйлей бастайды:

— Жарқыным, жас баласың,
 Ноқталап мініп қараны,
 Өзің қайда барасың?
 Артыңда екі бөлек қараң бар.
 Неге келер шамаң бар?
 Жалаңаяқ, жалаңбас,
 Өзің тырдай жалаңаш.
 Мен — Ноғай деген ел, — деді. —
 Үш жыл болып барады
 Елден шығып кеткелі.
 Өзім атым — Құлыншақ,
 Ноғайлының ері едім
 Қалмақтың шаптым қаласын.
 Келе жатырмын шұбыртып
 Ит қалмақтың баласын.
 Келе жатқан көп жесір —
 Сол қалмақтың қарасы.
 Аты-жөнің білейін,
 Жөніңді айтшы, сен, бала,
 Мен білейін шамасын.

Сонда Шора сөйледі.
 Сөйлегенде не деді?
 — Отырған жерім сұрасаң,
 Жекенді көлдің жағасы,
 Қоғалы көлдің сағасы,
 Мен — Нәріктің баласы.
 Артымдағы көрінген
 Екі қара дегенің —
 Жайылып жатқан көп сарық,
 Сол сарық қойдың қорасы.
 Ар жағында көрінген —
 Меңдіге тіккен ақ орда,
 Ол — орданың қарасы.

Сонда Құлыншақ сөйледі.
 Сөйлегенде не деді?
 — Асыл туған баласың,
 Бала да болсаң, төресің.
 Берейін сауға мен, — деді. —
 Артыңдағы көп қара,
 Әкеңе барып мақтаншы:
 «Сауға алдым!» — деп сен, — деді.

Сонда Шора сөйледі:	Құлыншақ сонда сөйлейді.
— Дүниеге көзім салман, — деп, —	Сөйлегенде не деді?
Керек емес сауғаға	— Сұрама, Шора, сен, — деді. —
Сенің құл-құтаныңды алман, — деп. —	Бермеймін тұлпар мен, — деді. —
Қасыма менің ер, — деді. —	Осыменен бір туған,
Сауға алатын мен болсам,	Ата-енесі бір еді,
Беретін болсаң сен сауға,	Тірі болса қатыным,
Сұрайтыным ол емес,	Жақсы қылып баққан-ды,
Астыңдағы кер тұлпар —	Берермін соны мен, — деді.
Сұрағаным сол, — деді.	

Сонда Шора үйіне келеді. Барған жерінде қара көргенін айтпады. Құлыншақ еліне барады. Еліне барса, қатыны тірі екен, торы құлынды баққан екен, дөненге жасы толған екен. Сол кезде Құлыншақ бір құлына: «Мына дөненді жетелеп, Шораға апарып тапсыр», — деді. Күн бартарда Нәрік төбенің басына шығып отырған, бір құл келіп: «Нәрік ханның ордасы қайсы?» — деп сұрады. Нәрік: «Хан ордасы — анау, сонда барып түс», — деді. Намазшам болғанда, Нәрік үйге келіп: «Шораны шақырың, — деп шақыртып, Шорадан: «Сен Құлыншақтан ат сұрап па едің?» — деді. Сонда Шора сөйлей бастады:

— Бес сарықты қайыр, — деп, —	Мақтанып алып бар», — деді.
Бұйрық еткен шағыңда	«Алмаймын сауға мен, — дедім. —
Кетіп едім мен, — деді.	Астыңа мінген керіңді
Қайыруға сарықты.	Берсең, алам мен», — дедім.
Ар жағыңда мен көрдім	«Кер ¹ атымды бермеймін
Келе жатқан көп қара.	Дөнен жасар бар еді,
Жақындап барсам қараға,	Дөненге жас толғанда,
Тағы шықты бір қара.	Тірі болса, бұл бағып,
Ол қараны қарасам,	Қатыным дөнен қылған-ды.
Құлыншақ деген ер екен,	Биліксіз сізден «сауға», — деп,
«Менен сауға ал», — деді. —	Ат сұрадым мен, — деді.
Оны әкеңе апарып,	

Сонда Нәрік хан Шораға: «Мынау атқа мін», — деді. Шора керге мініп алып: «Шуу», — деді. Сегіз қанат ордадан тоқтамай асып жүре берді. Нәрік атты байлап қойып, үйге кіріп, құлды үйге апарып сыйлады. Ертеңіне сандықтан алдырып бір «алтын» тонды берді: «Осыны Құлыншаққа бер», — деп. — Тірі болса, Құлыншақ қияметтік досы болсын», — деді.

Шора өсіп, жасы алтыға келді. Нәріктен Шораның туғандығы тоқсан баулы Ноғайға білінді. Қара Ноғайдың елінен Шораға қалың берді. Шора жасы алтыға толғанда да ешкі бағып жүретін еді. Сонда Шораға ағасы Телшора сөйлей бастады:

¹ Кер — құла мен торының аралығындағы малдың түсі.

— Туғаныңнан тумай кет,
 Мұнан да жақсы өлгенің,
 Өлім болсын көргенің.
 Мен бағамын ешкіні
 Асылым құл болғасын,
 Ешкі бақпақ — кесіп-ті.
 Нәріктен туған сен, — деді, —
 Лақ бағып жүргенше,
 Енді құрғыр, өл, — деді. —

Атаң Нәрік кеткенде,
 Қазанда еді қаласы,
 Қазаннан мұны қаңғыртқан —
 Ноғайлының баласы.
 Атаға тартып, кәнеки,
 Шора құрғыр, туғаның
 «Аға», — деп біз секілді құлдардың
 Қасына келіп тұрғаның.

Сонда ер Шора құлға қарамады, үйге қайтып жүре берді. Шешесі Меңдінің қазанға тамақ салатын пышағы бар еді. Соны ұрлап алады. Содан соң қырық лақты айдап, бір сайдың тұйығына барады да, қырық лақты солайымен бауыздап тастап, ер Шора үйіне қайтып барды. Манағы тұрған Телшора қырылған лақты арқалап тасып, үсті қанға былғанып, кешке бір-ақ жетеді. Кешкісін ешкілерді сауып еді, ешкілердің бәрі лағын іздеп маңырады. Келесі күні кеште ешкілерді тағы сауып еді, сонда:

Ешкі тұрды қайқайып,
 Мүйіздері шалқайып.

Кешегідей болмады, қозғалмай тұра берді, біреуі маңырамады. Келесі күн тағы сауғанда, сауылғаны отты шыр айналып, бұл үйден далаға кетпей, тоқтады.

Төртінші күн болғанда,
 Күннің көзі батқанда,
 Әкесі Нәрік ханыңыз —
 Бұл да ұйықтап жатқанда.

Міне, алғашқы күні ғана жылайды екен: «Жалғыз балам қайда кетті?» — деп. Екінші күн болғанда, жыламайды екен, тек. «Құдай өзіңе тапсырдым», — деп, отыра береді екен. Үшінші күн тек тамағын ішіп-жеп отыра береді екен: «Не қылса да, өзің білесің», — деп, Аллаға тапсырып, төртінші күн болғанда Ер Шораның ойлаған ақылы осы екен.

Сосын Шора Нәрік ханның ақ сауытын алып, үстіне киеді, алмасын алып, беліне буады, сұр жебені алып ердің қасына іледі, ақ сүңгіні суырып алып, мұны тағы іледі, сосын тұлпарға мініп алып, Ер Шора Қазанға жөнеледі.

Жануар қара тұлпардың
 Күйі түскен бабынан.
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Жөнелді ол сабынан.
 Шора осал бола ма?
 Меңдінің шыққан қабынан.

Артық туған ер еді
 Шаршасын ба жануар?
 Күні-түні желеді.
 Қызыл шекпен¹ үстінде,
 Дөңгеленіп келеді.

¹ Шекпен — түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырт киім.

Өгіз ханның Меңді хан деген баласы болған. Оның жанында жолдас болып қырық кісі жүретін. «Нәріктен Шора туды, сол Қазанға барады» деген сөз шыққан соң, «Шораны өлтіріп, кегімді алам», — деп, Меңді хан қырық кісімен Шораның жолында тосып жатқан.

Қасында қарғылы тазы бар,
Қолында қара бүркіт бар,
Астында қара тұлпары бар,
Қырық кісі жолдасы бар.

Таң белгісі болғанда,
Қара тазы ұлыған,
Бүркіті шаңқылдаған,
Қара тұлпары кісінеген.

Сонда Меңді хан тұрып: «Шораның басына көрінді», — деді. Күннің көзі шығып келе жатқанда, шаң шығарып Шора келе жатыр екен. Оны Меңді хан көріп: «Осы шаң шығарып келе жатқан кім екен? Білейін», — деп, қара тұлпарға мініп, қасындағы тазысы мен бүркітін жолдастарына тастай беріп, Шораның алдынан жүре берді. Шораға жақын келгесін: «Сен кімсің?» — деп сұрады. Сонда Шораның Меңдіге айтқаны:

— Асылымды сұрасаң,
Асылым артық Арғынмын.
Көгімді менің сұрасаң,
Көк нарлы Танамын.
Өз атымды сұрасаң,
Нәрік ұлы Шорамын.
Барарымды сұрасаң,
Мен Қазанға барамын.
Мен Қазанға барғанша,
Қан жаумасын, қар жаусын.
Мен Қазанға барғасын,
Қар жаумаса, қан жаусын.

Атқан оғым өтеді,
Сен түгіл тау-тастарды
Қақ айырып кетеді.

Сонда Ер Шора сөйлейді.
Сөйлегенде не дейді?
— Ата бер, қалмақ, сен, — деді, —
Елден шыққан ер жігіт
Өлімнен қорқып тая ма?
Қолыңнан келсе, ат, қалмақ,
Ата бер енді, аяма.

Сонда Меңдіхан сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Атамның аты — Өгіз хан,
Он кісімен өлтірген
Ол әкемді Нәрік хан.
Алуға сенен кегімді,
Тыңда, Шора, кебімді¹,
Беремін саған өлімді.
Алуға тұрмын басыңды,
Қырық нөкерім қасымда.
«Өлмеймін», — деп ойлама,
Енді өлесің сен, — деді, —
Аламын кегім мен, — деді. —
Жолыңда тосып жатқаным,
Атамын, ноғай, мен, — деді. —

Меңді хан қолын салады.
Атайын деп қорамса
Ер қасынан алады.
Меңді хан тартып қалады.
Сыртында тұрған шекпенге
Пышақ сырты батпады,
Атқан оғы өтпеді.
Қара басып, қалмақтың
Еш қайраты жетпеді.
Бір емес, қалмақ үш атты,
Үш оқты қабат босатты,
Үш оғы бірдей өтпеді,
Қолының күші жетпеді.

Сонда Шора сөйледі.
Сөйлегенде не деді?

¹ Кебімді — жайымды.

— Заңғар¹ қалмақ, сен, — деді. —
 Жолдасыңа барып айт,
 Енді өлтірем мен, — деді. —
 Мынау тұрған шәріңе.
 Қатының мен балаңа
 Арызың болса, айт, — деді. —
 Солай қарап қайт, — деді.

Тұрды қалмақ долданып,
 Ол да өзінше кісімсіп, бұлданып.
 Сонда Шора қозғалды,
 Қу жебені қолға алды,
 Тартып қалды жебені.
 Қалмақтан өтіп оқ кетіп,
 Бір төбеге жетеді.
 Ол төбенің босады
 Оқ тиген көбесі.
 Алдында ханын алғасын,
 Артындағы қырығы
 Тырағайлап қашады,
 Дүниеге көзін салмады,

Еш нәрсені алмады.
 Қумады оның бірін де,
 Көрген соң түрін де.
 Үш мың кісі бұл қалмақ
 Жатқан екен Қазанды қамап.
 Ханжан қызды бұл алмақ.
 «Ханжан қызыңды бер, — деді. —
 Егер қызың бермесен,
 Шабам елің мен», — деді.
 Әділшедей хандарға
 Қалмақ сөйтіп сөйледі.
 Сонда Әділше ханыңыз
 Ноғайға хабар салады.
 Ноғайдың қырық ерлерін
 Бәрін жинап алады.
 «Осы жауды кім қашырса,
 Қызымды соған беремін».
 Ол қалмаққа ешбірі
 Соғыс сала алмады.
 Қырық батыры болса да,
 Ол жауға қарсы бармады.

Сонда Ханжан биік бір төбенің басына шығып, мұңайып, таң белгісі болғанша сонда отырады екен.

Күншығыс жағы Қазанның
 Биік жатқан тау еді.
 Күннің көзі шыққанда,
 Таудан біреу құлады,
 Қызыл-жасыл ту байлап.
 Ақырғанда, аузынан
 Бейне жалын шарпиды.
 Астында мінген қара ат бар,
 Ұшқан құстан кем емес,
 Ол жылқыға тең емес.
 Аузынан шыққан отты көргесін,
 Айғай даусын естіп,
 Қалмақ жаман сасады.
 Ұрысуға шара жоқ,
 Жалбандап қалмақ қашады.
 Қашқан жауды көргесін,
 Қазанның қырық батыры —
 Бұл да шыға шабады.
 Үш мың кісі қалмақтан
 Бір мыңдай қырылды.

Ерлі жүрген мәстек ат
 Қалаға келіп толады.
 Ноғайлының аш-арық
 Ерлі жүрген әзір ат
 Ие болып тұрады.
 Қалмақ қашып кеткесін,
 Қырық батыр келді қалаға.
 Әрқайсысы айтады:
 «Жау қашырдым мен, — деді. —
 Қызыңды мағап бер», — деді.
 Қырық кісінің қырқына
 Қызын тұрды бере алмай,
 Көзіменен куғанын
 Әділше хан көре алмай.
 Бір кісі жіберді білуге,
 «Ханжаннан барып сұра, — деп, —
 Жауды қашырған кім екен?»

Сонда Ханжан сөйледі.
 Сөйлегенде не деді?

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

— Атама барсаң, сәлем де:
Күншығыстан келді бір адам,
Қызыл шекпен үстінде,
Ақ найзасы қолында,
Жаудың жүрген жолында.
Сол кісі келіп қашырды,
Ақырғанда, аузынан
Қызыл-жасыл от жайнап.
Күншығыстың бетінде,
Көп кісінің шетінде,
Жапанда жалғыз әлі тұр
Ақ найзаға сүйеніп.
Барып атам көрсін, — деп. —
Жолығып, жауап берсін, — деп.

Сонда Әділше хан жиналды,
Астына жегіп арбасын,
Арбаға жегіп жорғасын,
Келіп сонда Әділше,
Ер Шорадан сұрады:
— Кімсің жүрген сен? — деді. —
Жылқының мұндай қарасын
Бұрын-сонды көрмедім.
Бұл Ноғайдың ішінде
Бұндай бала шамасы.
Атыңды айт, сен бала,
Танымай тұрмын, бері қара.
Шетте тұрып сен, — деді, —
Қайырылып, жауап бер, — деді. —
Танымағасын, сұраймын
Сенен бала мен, — деді.

Жиналып тұрған көп Ноғай.
Шетте тұрған Ер Шора
Жалғыз өзі мұңайып,
Бір ауыз сөз сөйледі:
— Жаратқан Алла өзімді.
Әділше сұлтан, тыңдаңыз,
Менің айтқан сөзімді.
Ноғайлы байтақ ел, — еді.
Танымадың біреуің,
Екенмін жалғыз мен, — деді. —
Ағайын, халық бар болса,
Бармас па едім үйіне-ай,

Көрмес пе едім күйін-ай,
Жалғыздыққа не шара?
Алла болсын бұл пана.
Сұрасаңыз атымды,
Нәріктің ұлы — мен Шора.
«Қазанды көпір алар, — деп, —
Айдап, жолға салар, — деп. —
Әкем тұрған алтын тақ
Жау қолында қалар», — деп, —
Шықтым жолға мен, — деді.

Сонда Әділше
Қара жорға атымен
Берендіктеп, белдіктеп,
Шұғаменен терліктеп,
Мақпалдан¹ терлік салады.
Маржан, жақұт тағынды-ай,
Өлшеусіз зер мен мақпалдан
Үстіне сонда жамылды.
Жетіп келіп Шораға,
Сонда Ханжан сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Асыл туған төресің,
Атаңның тұрған жеріне
Өзің іздеп келесің,
Атамның тұрған алтын тақ
Мекен қылып тұрыңыз,
Осы шәрде болыңыз.
Байтақ Ноғай болса да,
Біреуі жоқ қолайлы,
Алуға құмар Ноғайлы.
Алтын таққа қонсаңыз,
Өлгенше сізге мені, — деді, —
Жұпты қылып алсаңыз.
Сүйегім қатар тең, — деді, —
Мынау тұрған атам-ды.
Атам тұрсын қасыңда,
Ноғайдың тұр басында.

Сонда Шора сөйледі:
— Ақылсыз болма сен, — деді —
Ықтиярсыз ол атамнан
Алмаймын жолдас мен, — деді. —
Әр шәр алған жерімнен

¹ Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

Ала берсем бір қызды,
Жер жүзіне сыя ма?
Бола ма оның мақұл-ды,
Ол болмайды ақыл-ды.
Қашырып жауды қайтқаным
Болар деді мақұл-ды.

Сол жауапты айтқанда,
Қасында қырық батыры кеңесті:
«Құдай бізге берген екен,
Әлібиді өлтірген
Мына қашқын келген екен.
Бұл Шораны өлтіріп,
Ханжанды өзіміз алайық,
Қатынды болып қалайық», — деп.

Сонда Шора сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Байтақ жатқан ел, — деді, —
Бөлек жатқан Ноғайдан
Ұрысуға кел, — деді. —
Мені өлтірсең, Ноғайлы,
Кегің қайтар, ер, — деді.

Ақырып сонда сөйледі,
Аузынан Ер Шораның
Қызыл-жасыл отжанды.
Сонда қырық сасады,

Сонда Шора мен Құлыншақтың кездесіп, қосылған жері еді. Құлыншақ Шораға сөз бастайды:

— Асыл туған Шорамыз,
Артық туған төреміз,
Қазанға таман баралық,
Барып қайрат етелік.
Онда жатқан қалмақтың
Көрелік қандай салмағын.
Ол Қазанда Әділше,
Кеткесін Нәрік, хан еді,
Көп Ноғайды билеген
Ақылы асқан жан еді.
Қырық батыры: «Жау келсе,
Алармыз», — деген жан еді.
Әрқайсысы үйде отырғанда

Тырағайлап қашады.
Қырқы қашып кеткесін,
Ханжанға Шора жауап қатады:
— Хан боламын Қазанға,
Атам кеткен жер еді.
Атамнан болса рұқсат,
Алармын, Ханжан, сені, — деді. —
Кешікпей енді кетемін
Меңді ханның еліне,
Оған бір қайрат етемін.
Меңді ханның елін алармын,
Айдап, жауға салармын,
Еліме сөйтіп барармын,
Атамнан болса бір жауап,
Кешікпей келіп алармын.
Қайта берің сен, — деді, —
Орнында тұрсын Әділше.
Ешкім қолын сала алмас,
Аударып тағын ала алмас.
Атама жәбір бұл берген
Өгіз хан қалмақ ол еді.

Қазаннан Шора қайтқанда,
Баяғы көрген Құлыншақ,
«Шора Қазанға кетті» дегесін,
«Мен де артынан барайын,
Қалмаққа барып соғыс салайын», —
дейді.

Бәрі төреге тең еді.
Қырық сондай батыры
Не қылды екен қалмаққа
Барып жатқан? — деп еді.

Сонда Шора сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Асыл туған ағамыз,
Ақылға қамал данамыз,
Асыл туған ағасың.
Қалмақтың көрдім баласын,
Қазанның көрдім қаласын,
Ол Қазанда мен көрдім

Қырық батырдың шамасын.
 Жауды көрсе, сасқандай,
 Қалмақты көрсе, қашқандай.
 Қалмаққа салдым ойынды-ай,
 Қалмақтың еттім тойында-ай.
 Жатқан екен ол қалмақ
 Үш айдан бері қамалап,
 Оның бәрі қалды қырылып.
 Әділшенің ерлері
 Жасаған екен амалды.
 Қалмақ қашып кеткесін,
 «Аламыз, — деп, — Ханжанды»,
 Қырық батыры ойлады.
 «Әлібиді өлтірген
 Қашқын мұнда келді, — деп, —
 Бізге олжа берді» деп,
 Ерлер сасып қалған соң,
 Мұнда қайтып келе ме?
 Меңді ханның еліне,
 Бекітіп салған көліне,
 Белгілі Ноғай жеріне,
 Қай сапарға жүрсең де,
 Батыр, енді өзің біл.
 Менің жүріп келгенім
 Мынау Меңді хан елі еді.
 Жүрдім «Тура жетем, — деп, —
 Барып, қайрат етем, — деп. —
 Жолға тастап қалмақты,
 Қалай алмай кетем?» — деп.

Екі батыр ер еді
 Меңдіхандай қалмақтың
 Еліне жақын келеді.
 Қалмаққа жақын келгесін,
 Емес қой болат құрама¹,
 Шабыспай батыр тұра ма?!
 Жақындап қалмақ келіпті,
 «Ноғай келеді», — дегесін,
 Бекіткен екен қаласын,
 Жинаған екен ерлерін,
 Неше мықты баласын.
 Қалмақтан қалды үлкен қол,
 Енді болды бұған жол,
 Мың кісі әскер жиналды.

Екі батыр: «Алла!» — деп сиыңды,
 Жеңсіз берен киінді.
 Мың кісімен соғысты,
 Бірнеше күн тоғысты.
 Неше күндей ұрысып,
 Қалмақтың алып қаласын,
 Екі батыр ер болып,
 Танытты-ау оның баласын.
 Бір жеті күн болғанда,
 Көндірді қатын-баласын,
 Мықтысын жинап, қарасын.
 Құлыншақтай ерді алып,
 Шұбыртып алып жинады
 Бүтін қалмақ баласын.
 Ол қалмақты алғасын,
 Шора елге қайтады,
 Елге келіп көреді
 Ата менен анасын.

Нәрік сонда сөйледі,
 Сөйлегенде не деді:
 — Асыл туған Шорасың,
 Көрдің бе Қазан қаласын?
 Көрдіңіз бе қалмақтың
 Қамалап жатқан шамасын?
 Қарсы барып, шаптың ба
 Өгіз хандай қалмақтың
 Меңді хандай баласын?
 Жолығып оған кеттің бе?
 Заңғарға қайрат еттің бе?
 Қазанда жатқан қалмақты
 Аударып па едің жерінен?

Сонда Шора сөйледі:
 — Айналайын атамыз,
 Ақылға қамал данамыз,
 Астана жұртты меңгерген
 Асылы артық панамыз.
 Кеткен екен қалмаққа,
 Енді болмас қаламыз,
 Жылаған екен баламыз.
 Қалмақты жерден асырдым,
 Бәрін қуып қашырдым.
 «Қалмасын, — деп, — біреуі»,

¹ Құрама — бұл жерде «будан» деген мағынада.

Кетірдім жаудың реңін.
Бітірдім ол заңғардың сүрегін.
Ол Қазанның маңына
Қоймадым ешбіреуін.
Онан қайттым мен, — деді. —
Меңді хан деген қалмақтан
Алдым шауып ел, — деді. —
Құлыншақтай батырға
Барып кеттім мен, — деді. —

Қара Ноғай елінен
Қалың бердім мен, — деді.

Осылай деп Ер Шора
Нәрік ханға сөйледі.
Құлыншақтан алған Таспакер
Жер астында байланған,
Арқанда тұрып ойнаған.

Ер Шора қалың бергесін, Қара Ноғайға барып қалыңдық ойнап жүрген екен.




Бірінші мақам

баппен

Орындаған: Садықов Аманқос

Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан



40

Сол но-гай-дан ко-лай-лы. О-ны-да қыл-ған Құ-дай- ды, Бұл жер-ден шы-ғып ке-те-мін

43

Ті - рі бол - сам е - кі күн - де, ей Ел - ге ба - рып же - те - мі - ін."

45

а - и - и - и - и - и - и - и - и - и - и - и





Суретші Ә. Қастеев

ШОРА БАТЫР

«Шора батыр» жырының түркі халықтары фольклорында кездесетін өзге нұсқаларынан елеулі айырмашылықтарының болуы — туындының Мұрын жырау нұсқасын гербес эпикалық версия ретінде қарастыруға негіз болады. Жырда бас кейіпкердің Қазан хандығын басқыншылардан қорғауы эпикалық кең сарында суреттеледі. Ол, ең алдымен, өз әкесіне зорлық көрсеткен Ақташы хан мен оның алпыс биінен теңдік алады. Жырдың өзге нұсқаларында Ноғайлы жұртының өкілі ретінде суреттелетін Ақташы Мұрынның жырлауында қалмақтың ханы етіп көрсетіледі. Әуелгі қақтығыста Нәріктің араласуымен жаны қалған Ақташы жаулық әрекетін жалғастыра берген соң, Шора мен Құлыншақ батыр оларға қарсы аттанып, жеңіске жетеді. Одан кейін аталған екі батыр Қазан шаһарына аттанып, оны қалмақтардан азат етіп, шаһардың ханы Әділшені қайтадан тағына отырғызады. Еліне келіп, Әділшенің қызы Ханжанға үйлену үшін бара жатқан жолында Шора өз аруағының айдаһар болып жұтуының салдарынан ғайып болады.

Томды баспаға дайындау барысында М. Хакімжанованың қолжазбасы басылым көрген өзге үлгілермен салыстырылып, өзгерістер бастапқы қалпына келтіріліп, ұсынылды. Шығарманың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 5-дәптер).



Қалың ойнап жатқанда Ақташы хан алпыс биіне: «Нәрік баласы Шораның Таспакерін алып кел», – деп жіберген. Алпыс би Таспакерді барып сұрағанмен, бермеді. Сонда алпыс би үйді шыр айналып шапқанда, аттың дүбірімен, мылтықтың дуымен Таспакер сарайды бұзып, есігінен шығып кетеді. Алпыс би Таспакерді ұстап алып кете береді. Таспакерді алып кеткеннен кейін, Нәрік артынан қуып бармақ болады. Ол: «Егер қуып жетіп, Таспакерді айыра алсам, жақсы. Айыра алмай, өліп кетсем, оны Шора білмей қалады өлгенімді. Сондықтан Шораға хабар берейін. Шора қорқып, бара алмаса, өзім кетейін», – деп ойлады.

Шора ең шеттегі бір отауда ұйықтап жатқан. Нәрік Шораға сөз айтпақ болып келгенде, келіні түндікті ашпақ болып, сыртқа шығып келе жатыр екен. Үйдің артындағы Нәрікті көріп, сәлем беріп, түндікті ашпай, үйге кіріп кетеді. Сонда ұйықтап жатқан Шораның басын шайқап, келінінің айтқаны:

– Артық туған сұлтаным,
Астыңдағы тұлпарың,
Келіп тұр сыртта бабаңыз.
Көрмеп едім бұл түсін,
Егже етемін, сұлтаным,
Мегзетемін атаңа.
Барып, өзің қараңыз.
Сақалының ағы бар,
Ашуы күшті тағы бар.
Неше түрлі қасында
Сол кісінің болат бар,
Астында жақсы қара ат бар.
Ұйықтамаған секілді
Ұзақ түннің бойында.
Не бар екен ойыңда?
Оятқаным сіздерді
Барып хабар етерге,
Алдынан сәлем берерге.

Сонда Шора жүгіріп
Үйден шықты далаға,
Үстіне кимей, көйлекшең.
Баласы қалай шыдайды?
Ұстай алды шылбырдан.

Сәлем беріп алғасын:
«Түсіңіз аттан сіз», – деді.
Түспей тұрып атынан
Сонда Нәрік сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Ақташтың алпыс биі
Шыр айнала бұл шапты.
Ат шығарып алдынан,
Айланы зұлым бұл тапты.

Есігін бұзып сарайдың,
Таспакер шығып бұл қашты.
Жетелеп алып алпыс би
Таспакерді алып ол кетті.
Бара алмадым торығып,
Алпыс иттен қорқып.
Сен бармасаң, Шоражан,
Кетейін деп мен тұрмын.
Ақташтың алпыс биі
Жатқан шығар
Балбұлақтың басында.
Көк шалғынға жіберіп
Өңкей атты қасында.
Таспакерді қаңтарып,
Ортасына алған-ды.
Түніменен жүрген ит
Таң атқанда ұйықтап
Бұл сәскеде жатқан-ды.
Балбұлақтың басында
Жатқан жеріне жетейін.
Қусам, жетпей не етейін?
Бармайтын болсаң сен, – деді, –
Түспеймін аттан мен, – деді.

Сонда Шора сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Түсе бер, ата, сіз, – деді. –
Барармын оған мен, – деді. –
Қалай да болса, жетермін.
Таспакерді жіберіп,
Үйде қалып не етермін.
Отырып демалыңыз,
Осы отауда жатыңыз, – деп,

Шора Нәрікті атынан түсіріп, үйге кіргізеді. Неше түрлі жақсы тағам береді. Сосын өзі қара тұлпарды мініп, қолына қару алып, кетейін деп жатқанда, атасы Нәрік бір ауыз айтып қалады:

— Айналайын Шоражан,
Туған балам сен болсаң,
Алпыс биді өлтіріп,
Кесіп басын, алып кел.
Таспакерді жетелеп,
Алып келші сен, — деді. —
Ол айтқаным етпесең,
Ұйықтап жатқан жерінде
Таспакерді алып қашсаң,
Тумағаның сен, — деді.

Шора сонда жөнелді,
Қара тұлпар астында
Дөңгеленіп барады.
Ақташының алпыс биі
Балбұлақтың қасында,
Жатқан екен басында,
Таспакер тұр қасында.
Шора түртіп оятты
Алпыс биді найзамен.
«Тұрыңыз, билер, сіз, — деді, —
Таспакердің артынан
Қуып келдім мен», — деді.
Сонда Шора тұрады,
Таспакерге бармады,
Шылбырынан ұстай алмады.
Билер жатпай жүгіріп,
Атын бұрды тұра алмай,
Мінейін деп кідіріп.
Атқа мініп алғасын,
Шораға билер шабады,
«Көппіз ғой», — деп қамады.
Суырып Шора қылышын
Тарылтты алпыс бидің тынысын
Тырп еткізбей билердің
Шығармады дыбысын.
Алпыс биді түсіріп,
Алпысының да атын алады.
Әр аттың шылбырын

Әр бидің мойнына салады.
Алпыс биді қосақтап
Алпысын да қуады,
Билерге мүшкіл¹ туады.
Таспакерді жетелеп,
Салады жолға төтелеп.
Билердің қолын бұғасын,
Қосақтап атпен қуғасын,
Басына күн туғасын,
Билерді сөйтіп айдады,
Сорлары сөйтіп қайнады.
Табандары қып-қызыл,
Терісі түсіп жайнады.
Бір замандар болғанда,
Бір төбенің басында
Отыр екен хан Нәрік.
Ер Шора келді еліне
Алпыс биді қуалап.
Маңдайының тері ақты,
Бұл сорлының жұмалап².
Үйде отырған қатынын:
«Мұнда кел», — деп шақырды,
Қатыны келді жүгіріп.
Сонда Шора бұйырды:
«Мынау тұрған билердің
Мойнына шылбыр сал, — деді. —
Желіге³ байлап тастай бер
Айуандай қылып бұл, — деді. —
Есікте жүріп, болсын құл, — деді.
Сонда тұрып Нәрік хан
Баласын Шора шақырды:
— Шора батыр, сен, — деді, —
Сұраймын сауға мен, — деді, —
Сауға берсең ер, — деді.
Сонда Шора:
— Сауға бердім мен, — деді, —
Ала бер, ата, сен, — деді. —
Мынау тұрған алпыс би,
Алпыс биді бердім, — деп,

¹ Мүшкіл /а/ — қиындық, ауырлық, қыспақ.

² Жұмалап — домалап.

³ Желі — ірі қара малды сауған кезде төлдерді (кұлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кендір арқан.

Шора батыр айтқасын:
— Бір-бірден жетелеп
Қасыма алып кел, — деді.

Сонда келіні жетелеп
Алып келіп еді.

Нәрік: «Алпысының да мойнын да, қолын да босат, — деді. Олардың қолдарын босатқасын: «Аттарыңа мініп, үйлеріңе қайтыңдар», — деп босатып жібереді. Нәрік хан: «Ақташы ханға сәлем айтыңдар. Сегіз күнде Ер Шора барады, қалмақтың елін шабады», — деді.

Алпыс би атқа мінеді,
Ол төбеден асқанша
Жалтақ-жалтақ қарайды.
Сол шабуылмен алпыс би
Ақташы ханға барады,
Ханға хабар береді.
Алпыс би сонда сөйледі:
— Біз Нәрік деген шал көрдік,
Шора деген жан көрдік.
Мұрсатқа қоймай алғандай,
Шора ойын салғандай.
Шора деген бек екен,
Келсе, қоймай алғандай.
Қырар келсе қаламыз,
Жылап қалар баламыз.
Біз қорықтық Шорадан,
«Келмей ме, — деп ойлаймын —
Сол Ноғайға шамамыз».
Дүние менен мал құрысын.
Өзіміз босып кетейік,
Жан айласын етейік.
Нәріктің сөзімен құтылдық.
Балбұлақтан айдады,
Сорымыз судай қайнады.
Етікті шешіп қолға алып,
Жалаңаяқ айдады.
Аяқтан аққан қанымыз,
Қиналды жаман жанымыз,
Сорымыз сөйтіп қайнады.
Кідірейін бір десе,
Қамшымен сабап айдады.
Өзі мықты зор екен,
Ер Шораға жолыққан
Маңдайының соры екен.
«Ұрысамын, — десеңіз,
Әскеріңді жи, — деді. —
Сегіз күнде келеміз,
Әзірленіп тұр», — деді. —
Сірә, алады қалаңды,

Адамды қояр жан емес.
Балбұлақтың басында
Қамап алдық біз, — деді. —
Ат үстінен ұмтылып,
Жағамыздан алады,
Лақтырып салады.
Шыға жаздап жанымыз,
Тек шыбынымыз ғана қалады.
Жаман екен ойыны,
Жағамыздан алғанда,
Адамның үзіле жаздайды мойыны.
Сұрады Нәрік: «Сауға!» — деп.
Өзінен туған балаға
Тұрды Нәрік бата алмай.
Үлкендіктің бұл тиді
Нәріктің бізге пайдасы.
Жібергесін хан Нәрік:
«Көрсін, — деді, — қаласын».
Ойлаған ғой ақсақал:
«Көрсін, — деп, — қатын-баласын».
Сенсеңіз, егер біздерге,
Өлімнен басқа нәрсе жоқ,
Ақташыдайын ханымыз,
Шора келсе біздерге.
Ақташы хан сасады,
Ақылы кетіп танады,
Түсі кетіп қашады.
Сонда Ақташыдай ханыңыз
Билердің тілін алуға,
Оңтайланды қашуға.
«Жерің адыра қалсын!» — деп,
Ақташы хан сонда бұйырды:
«Қой мен сиыр қалсын! — деп. —
Жылқы менен түйені
Ол үш күннен қалдырмай,
Бәрін жиып алсын! — деп, —
Үйде тұрған қазынананың
Жақсыларын алсын! — деп, —

Жамандары қалсын!» — деп.
 Ақташы қолы асады,
 Үш күннен соң білінді,
 Дүниесін тастап шұбырды.
 «Жарамайды, — деп, — айдауға»,
 Сиыр менен қой қалды,
 Толып жатқан қор қалды.

Ақташының елі кідірмей,
 Бес күнде асып, жоғалды.
 Нәрік ханның жасаған
 Бұл қалмаққа айласы,
 Бұл істеп отырған
 Көп Ноғайдың пайдасы.

Сонда баласы Шора әкесі Нәрікке: «Алпыс биді неге тірі жібердіңіз? Бәрін өлтіру керек еді», — деді.

Нәрік хан: «Ол алпыс биді жібергенде, пайдасы саған болар», — деді.

«Сегіз күнде барғанда,
 Жалғыз адам көрмессің.
 Сиыр менен қой қалар,
 Тігулі үй мен қора қалар.
 Иесіз малды аларсың,
 Олжаға батып қаларсың.
 Қалмақ кетсе, жоғалсын,
 Ноғайлыға хабар сал.
 Аш-арық барып олжа алсын.
 Алпыс биі айтқасын,
 Тұра алмайды, кетеді.
 Алпыс жаман торыққан,
 Сізден қатты қорыққан».
 Сүй деп айтты Нәрік хан.
 Күн сегізге толады,
 Баратын шағы болады.
 Шақырып алып Ноғайды,
 Нәрік хан хабар салады.
 Жарлысы мен жақыбай
 Ер Шораға ереді.
 Ақташының жеріне
 Шұбырып жетіп қалады.
 Тігулі тұрған үйлер бар,
 Жайылып жатқан қойлар бар.

Ешкімнің малмен ісі жоқ,
 Ішінде жалғыз кісі жоқ,
 Шұбырғасын бұл қалмақ,
 Дүниесі қалған соң,
 Олжаға батып аш-арық,
 Иесіз дүние қалғасын,
 Қара Ноғай адамы
 Шұбырып келді еліне,
 Көп дүние айдап, жеріне.
 Шора қайтты еліне,
 «Қанша жер бар екен деп,
 Ақташының еліне».
 Басқа қара Ноғай
 Қуанып қайтыпты
 Өзінің тұрған жеріне,
 Алып келген малына.
 Мал жинаған ел келді
 Бұрынғыдай болсын ба,
 Ол Шораның сәніне.
 Ноғайлыққа сиыр менен қой қалды,
 Толып жатқан қор қалды.
 Шора қуып кетеді:
 «Аламын, — деп, — хабарға,
 Шамалы жерде бар болса».

Сонда Үшбөкенбай деген жерден Ақташының халқы шұбырып өтеді.

Сонша жерге жеткізіп,
 Бармай Шора қайтады,
 Атының басын тартады.
 «Қайдан қайттың?» деген Нәрікке:
 «Үшбөкенбай деген жерден асты, —
 деп. —
 Қорқып қалмақ, қашты, — деп. —
 Отырыпдемалармыз.
 Құлыншақ келсе артынан

Тағы қуып барармыз».

Сонда Шора сөйледі:
 — Ұрыспай тұрып қашқан ел,
 Жерін тастап асқан ел.
 Ащыбас шаттың басынан
 Ақташыдай қалмақтың
 Қашқан жері сол еді.

Сонда Құлыншақ ер Шораны іздеп келеді. Келіп, Шораға айтқаны:

— Артық туған Шорамыз,
Асылы артық төреміз,
Қайда барды Ақташы хан?
Артынан барып көреміз.
Айлап, жылдап жүрерміз.
Қызылбас пен үндісті,
Қалмақты да көргенбіз.
Үйде отырып бола ма?
Алыс та болса, барайық.
Бала мен қатынының
Барған жерінен алайық.
Ізделік, батыр, кел, — деді. —
Барамысың сен? — деді. —
Шора, сені барар деп,
Іздеп келдім мен, — деді.
Құлыншақ сүй деп сөйледі.
Сонда Нәрік ханымыз
Құлыншақ пен Шораға
Бір сөз айтып қалады:
— Екі бірдей ер, — деді, —
Тастамаңыз киімді,
Жеңіл жүрмек қиын-ды.
Барған шығар ол жерге
Ақташының қатын-баласы.
Түйе мен жылқы бар шығар,
Оның жүрген қарасы.
Алыс емес жеріңіз,
Жақын болса, барармыз.
Оңғарса Құдай сапарды,
Ол қалмақты аларсыз.
Сауыт пен шарайна,
Тастамай оны, киіңіз.
Ат шабады күйімен.
Ерлік те керек жігітке,
Әрбір айла түрімен.
«Айласыз ер тез өледі»,
Деген сөзді қарашы.
«Айласыздан Аршылан
Қолға түсті» деген сөз бар.
Осыны байқап қарашы.

Артық туған Құлыншақ,
Талайдың көрдің шамасын.
Екі жыл, үш жыл жол шегіп,
Қалмақтың алдық қаласын.
Үндіс пенен қалмақтан
Қызылбас оңай, қарашы.
Қызылбастың жерлері
Белгілі жазық жер екен.
Қалмақ пен үндістің
Тұрған жерін қарасаң,
Бір жағы — су, бір жағы — тау,
Сондай мықты жаман жау,
Естеріңе салғаным,
Енді үйден шығарға
Бізде ешбір дәрмен жоқ.
«Үйде отырмай, қартайған
Қарт адамның сөзінде, —
Деп жүрмеңіз, — мақұл жоқ».
Үлкеннің тілін алмаған
Жастарда тіпті ақыл жоқ.
Жақсылық қылма қалмаққа.
Тек үндіс пен қалмақты
Шетінен бәрін кескіле.
Қызылбас жылдам көнеді.
Қаңқылдаған бұл сорлы
Тек бейшара ел еді.

Сонда Құлыншақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әуелі шықсақ, барамыз
Ақташының еліне,
Соның барған жеріне.
Есіттік сізден хабарға
Кезеніп қалдық ал, тақсыр,
Ақташыдай қалмақтың
Елін іздеп барарға,
Ақташыдай қалмаққа
Екі батыр кетерге,
Іздеп соған жетерге.

Сонда Шораға Меңді арудың айтқаны:

— Артық туған Шорасың,
Ақсүйек туған төресің,
Оңғарсын Құдай жолыңды,

Тоқсанға келген қарт әкең,
Байқап кет енді сөзімді.
Тірі болсаң дүниеде,

Өлгенін көзбен көріңіз.
Аманатын Алланың
Көз алдында беріңіз.
Мынау тұрған ханыңыз
Сөзіме құлақ салыңыз.
Алыс-жақын жүрсең де,
Бабаңды еске алыңыз.
Оңғарып Құдай жолыңды,
Жасың үлкен бабасың,
Жайып қал, балалар, қолыңды!

Сонда Нәрік сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Тапсырдым Аққа мен, — деді. —
Аман болсаң, балаларым,
Мен тоқсанға таяндым,
Жылдамырақ кел, — деді.

«Ақташыға барам», — деп
Екі батыр жөнелді.
Екі айдай болғанда,
Ел шетіне жетеді.
Ел шетіне барғасын,
Сонда тұрып Құлыншақ
Ер Шораға сөйледі:
— Қару-жарақ ал, — деді. —
Шора батыр, сен, — деді, —
Далдалап¹ кейін қал, — деді. —
Мен қалмаққа барайын,
Қанша халқы бар екен?
Төңірегін қарайын,

Қарап, көзім салайын,
Шамасын біліп келейін.
— Барыңыз, — деп Ер Шора,
Тау басында қалады.
Қаңтарып қойып Таспакерді,
Отырады оның қасына.
Құлыншақ кетті аралап,
Мінгені кер² ат астына.
Елеусіз жерде жүреді,
Белінде алмас болат³ бар,
Аяққа киіп етікті,
Аралауға қалмақты,
Ақташыдайын хандардың
Аралап елін көруге,
Шамаларын білуге.
«Аттанып Ноғай келді», — деп,
Шетте жатқан қалмақтың
Аулына хабар береді.
Ақташы хан әскер шақырды,
«Жиналсын», — деп билерін,
Артық туған ерлерін
Айтушы екен ерлері:
«Ноғайлыны көріп, білсек», — деп,
Үйінде отырып, кеңес құрады.
Ақташы хан шақырып,
Жинап алды қалмақты.
Отырғанда үйінде,
Бәрі де оның салмақты.
Қайдан білсін бейшара?
Онан мықты жау шықты,
Тістеп қалар бармақты.

Сонда Құлыншақ Шораның қасына қайтып келеді. Келіп, Шораға сөз сөйледі:

— Шора батыр, сен, — деді,
Көріп келдім қалмақтың
Шамалы жерін мен, — деді. —
Қалмаққа хабар мен бердім:
«Жиналсын қалмақ енді, — деп, —
Ноғайлы саған келді, — деп. —
Айтпайынша сөз ашып,
Пәленше саған келді», — деп.

Аттанып бәрі шыққасын,
Жиналғанын көргесін,
Бір тәуекел етуге,
Шығарып алып бұл елден,
Үлкен бір соғыс етуге
Шора тұрып қарады.
Таспакерге ер салып,
Жал-құйрығын өреді.
«Алла берсе, көреміз

¹ Далдалап — тасалап.

² Кер — құла мен торының аралығындағы малдың түсі.

³ Болат — қылыш.

Бұл қалмақтың шамасын.
Қарсы келген қалмақтың
Алармыз, — деп, — қаласын».

Екі мың кісі әскермен
Ақташы шықты алдынан:
«Келді ғой, — деп, — қолайға,
Өлтіруге оңайға.
Ерлік деген солай ма?!
Байтақ жатқан ел, — деді,
Мақтандың бәрің: «Ермін! — деп.
Осы сапар хабарла
Бұл Ноғайға сен», — деді.

Шора менен Құлыншақ
Жауға таман келеді.
Алдарынан Ақташы хан
Жүз кісімен шығады.
Екі кісі артында,
Хан келеді тартынбай.
Сонда Ақташы сөйледі.
Сөйлегенде не деді?
— Екі бірдей батырсың,
Қайда бара жатырсың?
Сендер ме еді кешегі
Ноғайдан келген ер? — деді.
Екеуің де ноғай ма,
Екі мың кісі әскерді
Екі кісі жеңе ме?!
Мен — қалмақтың елінде
Ақташы деген ханымын.
Қасымдағы ерлерім,
Өңкей мықты билерім.

Сонда Шора сөйледі:
— Менің елім сұрасаң,
Ноғайлы деген ел, — деді. —
Әкем атын сұрасаң,
Нәрік деген хан, — деді. —
Өз атымды сұрасаң,
Шора батыр — мен, — деді. —
Қасымдағы Құлыншақ,
Оның берген билігі
Он екі кісімен тең, — деді. —
Өлесің ғой, қалмағым,
Сорлы болып сен, — деді. —
Мықты болсаң, Ақташы,
Отырғаның, білемісің

Жас күнде мекен қылған жеріңді?
Со жеріңнен қашырған
Шора деген — мен, — деді. —
Мақтанба, қалмақ, сен, — деді. —
Ноғай менен қалмағың,
Сірә, — деді, — тең емес.
Құдайға дінің дұрыс емес,
Тұрамыз ба сөйлесіп?
Соғысалық, кел, — деді.

Астындағы Шораның
Мінгені — Таспакер еді.
Үстіндегі кигені —
Оқ өтпейтін шарайна.
Қасындағы Құлыншақ —
Емес қой, сірә, еріншек.
Қашаннан-ақ соғысқа
Құлыншақ пен ер Шора.
Іркілмейді, шабады,
Шабуылды салады.
Ақ сүңгіні қолға алып,
Келген ерлер қозғалып,
Үстінде бар-ды ерлердің
Ішінен киген сауыты,
Қалмақтан артық зауыты.
Жүз кісі шауып жау болды,
Көрмегенге таң болды.
Артындағы қалмақтың
Екі мыңын жапырды.
«Келіңіз», — деп билерге
Ақташы хан да ақырды.
Сонда соғыс салады.
Жұлқысып ерлер қалады.
Күннің көзі көрінбей,
Жердің жүзі шаң болды,
Секілді тұман қаптаған.
Бір күн бір түн соғыста
Қалмақтың бір мыңы өледі.
Ағарып таң атқанда,
Қалмақты сонда қырады.
Төгіліп жатқан қан еді,
Үш мың кісі қалмақта
Ол да бір бөлек жан еді.
Мың жарымы өледі,
Қалмақтар сонда бөлінді,
Жақсылары табанда өліп,
Жаманы қашатұғын көрінді.

Ақташыдай хандардың
 Құлыншақ алды басын-ай,
 Іркіліп, қарап тұрсын ба,
 Батыр келіп қасына-ай?!
 Келіп батыр алады
 Астындағы атын-ай.
 Ақташыдай хандардың
 Шапқаннан соң мойынға,
 Қан төгілді қойынға.
 Кім шыдайды сол жерде
 Құлыншақ пен Шораның
 Қия салған ойынына?!
 Қарамады ер Шора
 Қалмақтың қатын-баласын

Елден шыға қашқанға,
 Ұшқан құстай аспанға
 Жапырады Таспакер
 Жер басып шіркін қашқанға.
 Үш мың кісі қалмақтан
 Мың кісі қалды тірісі.
 Таусылғасын ірісі,
 Қалған екен сірісі.
 Құлыншақ пен Ер Шора
 Қалмақтың қатын-баласын
 Алдына салып айдады,
 Қалмақтың соры қайнады.
 Бұл секілді қалмаққа
 Бұрынғы дәурен қайда-ды?

Қалмақты алып, Шора қайта еліне тартады.

Өзінің көрген жеріне,
 Қайта жүрді еліне.
 Ащыбас шаттың бойымен
 Қалмақты айдап келеді.
 Жылайды қатын-баласы,
 Жалаңаяқ, жалаңбас
 Жолға жүрді шамасы.
 Еркектері жүреді
 Екі қолы байлаумен,
 Сорлылар жүрді айдаумен.
 Бұрынғы баққан қалмақтың
 Жылқысы менен түйесі
 Ноғайлы болды-ау иесі.
 Айдаған соң Құлыншақ,
 Жолға жүрді, шамасы.
 Еркектері жүреді,
 Екі қолы байлаумен,
 Сорлылар жүрді айдаумен.
 «Жетейін, — деп, — еліне
 Елге жақын келгесін,
 Ер Шора озды: «Көрем, — деп. —
 Ата мен анаға барам», — деп.
 Құлыншақты тастады:
 «Бұл қалмақты баста, — деп.
 Кідірмей, қуып айда», — деп. —
 Өзінің кеткен жерімен
 Шора келді керімен.
 Келсе Шора еліне,
 Кірейін деп үйіне,
 Кеткенде қалған төріне,

Тоқсаннан асқан бабасы
 Атқа мініп жүруге
 Келе ме қарттың шамасы?
 Сәлем берді Нәрікке
 Шорадай жалғыз баласы:
 — Саусыз ба, қайран баба? — деп. —
 Біз — кешегі кеткен
 Шорадай бала, — деп. —
 Ақташы ханның елдерін,
 Суалтып айдын көлдерін,
 Құлыншақ ерге тастадым,
 «Айдап кел, — деп — қалмақтың,
 Тірі қалған ерлерін».
 Озып келдім мен, — деді. —
 Қуатты-күйлі бармысыз,
 Ата мен ана, сіз? — деді.
 Осылай деп Ер Шора
 Үйіне келгесін сөйледі.
 Сонда Нәрік сөйледі:
 — Алыс жерге бардың ба?
 Барған ісің бітіріп,
 Ақташыдай қалмақтың
 Жеңіп елін алдың ба?
 Сау-саламат, перзентім,
 Арымай-ашпай келдің бе?
 Үлкендік жетіп, меңдедім,
 «Бір көрсем», — деп — перзентім,
 Жатып саған шөлдедім.
 Ризамын бергесін,
 Сау-саламат келгесін,

Дидарласып көргесін.
 Перзентім, бер қолыңды.
 Әр сапарға жүргенде,
 Оңғарсын Құдай жолыңды!
 Жас тоқсанға келгесін,
 Қарттықта енді арман жоқ.
 Бұл жасымда еш нәрсе
 Қапы болып қалған жоқ.
 Өлмеске қылар айла жоқ,
 Үлкендік болған шіркінге
 Қарсылық қылар жай да жоқ.
 Құлыншақтай досыңыз
 Сау-саламат келді ме,
 Қасындағы қосыңыз?
 «Досың» деген қиын сөз.
 Пайда болмас жиғаннан,
 Айырылсаңыз досыңнан,
 Айырыласың иманнан.
 Жүре алмаймын баруға
 Құлыншақтың аулына.
 Естігенмін «аман», — деп, —
 Дегенде, сонда шешесі
 Меңді ару Шораға сөйледі:
 — Асыл туған Шорасың,
 Ер жігітке екі сөз
 Жарамайды, Шоражан,
 Өзің байқап қарашы.
 Әділшедей хандардың
 Қызы Ханжан бала екен.
 «Алам» деген сөзіңіз

Сіздің айтқан бар екен.
 Ханжан деген ат келді,
 «Аламын деген, бар-ды, — деп, —
 Ердің сөзі екі емес»
 Деген сүйінші хат келді.
 Ер танбайды сөзінен,
 Айтып еді өзіме:
 «Ол батырға сәлем емес де. —
 Өзі қолай көрмесе,
 Хабар берсін өзіме.
 Кеткенім жоқ жол тауып
 Ердің айтқан сөзіне,
 Мен тұрмын бұл бағып.
 «Келем» деген ер еді,
 Ақсүйек туған төре еді.
 Жапаңда тұрған боз терек
 Жапырағы жайнаған.
 Екіталай жер болса,
 Дұшпанға кегін бермеген.
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Балдағы¹ алтын беренді²
 Алмасын жауға сермеген.
 Хан баласы болғасын,
 Басқаны көзім көрмеген,
 «Қатар болса тең-ді, — деп, —
 Тірі болса, көрініп,
 Бір кетер-ау енді», — деп, —
 Ер тана ма сөзінен?
 Артық туған ер, — деді, —
 Жауабыңды бер», — деді.

Сонда Шора шешесіне жауап қайтарады:

— Артық туған анамыз,
 Сіз рұқсат етсеңіз,
 Ол Қазанға барамыз.
 Алыс емес арасы,
 Ноғайлының ішінде
 Ол Қазанның қаласы.
 Кемітейін несіне
 Ол да — ханның баласы.
 Батырларға егесіп,
 Айтып едім бір сөзді.
 Жауаптан танып бола ма?

Рұқсат болса барармыз.
 Құлыншақ келсін бұл елге,
 Қатарыма алармыз.
 Құлыншақ деген ер еді,
 Атамның қосқан досы еді.
 Қазан жақын жер, — деді. —
 Барамыз ғой, қарт ана,
 Сабыр қылың сен, — деді.
 Келгенінше Құлыншақ
 Шора елде қалады

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

² Берен — болат қылыш.

Бір жұмаға толады.
 Құлыншақ ертіп қалмақты,
 Жиналып шыққан көп жесір
 Құлыншақты көреді.
 Жиналып ноғай келеді
 Қызықсын ба олжаға?
 Құлыншақ пен ер Шора
 Ноғайға бөліп береді
 Ата-атаның ұлына.
 Ноғайлының елдері
 Отырып олжа алған соң,
 Қуанды қатын-баласы.
 Адам менен малдарын,
 Бөліп береді қарасын.
 Шора сонда айтады
 Құлыншақтай ерлерге:
 «Еліңе таман бар, — деді. —
 Он күн жатып, Құлыншақ,
 Сонда демің ал, — деді. —
 Сосын біз де барармыз,
 Қазанға барып қарармыз,
 Әділше қызы Ханжанды,
 Бұл еді жауап айтқаным,
 Алла қосса алармыз».

Тастай беріп шамалап,
 Еліне кетгі Құлыншақ
 Өзеннің бойын жағалап.
 Еліне барып Құлыншақ,
 Қисайып он күн жатады.
 Құлыншақ алған алмасын,
 Астына мінген кер атты,
 Керегеге ілген болатты.
 Үйінен шықпай демалып,
 Құлыншақ батыр ол жатты.
 Он күнге күн толғасын,
 Нағыз он бір күн болғасын,
 Шора ерледі¹ Таспакер,
 Құлыншаққа жол жүрді,
 Өзінің бұрын көрген жер.
 Он екі күн кідіріп,
 Он үшінші күн болғанда,
 Құлыншақ та атты ерледі.

«Баралық, — деп, — Қазанға»,
 Екі батыр ойлады.
 Құлыншақ мінді керлерге,
 Жемін берді өлшеулі,
 «Құлыншақ, Шора келді», — деп,
 Хабар тиді ерлерге
 Қазандағы ерлерге.
 Екі бірдей ер еді,
 Басқа жерге кідірмей,
 Хан бағына келеді.
 Хан бағына келгесін,
 Батырлар түсе береді.
 «Құлыншақ, Шора келді, — деп, —
 Жолығып кел енді, — деп, —
 Әділше хан жіберді.
 Біреуіңіз хабар ал, — деді, —
 Екі кісі бар», — деді.
 Екі кісі келгесін,
 Құлыншақ, Шораны көргесін,
 Қайта барды екеуі
 Әділшедей хандарға,
 Артық туған жандарға.
 Жалғыз қызы Ханжанға
 Әділше хан той қылды,
 «Берейін», — деп ой қылды.
 Үш күн қатар мереке,
 Ат шаптырып жасады,
 Күрестіріп, қызықты.
 Алтын қабақ аттырды,
 Тамашаға батырды.
 Он күндейін күлкі-ойын,
 Қызықпенен жатқызды.
 Хабар салып бәрін-ай,
 Жинады малдың бәрін-ай.
 Ноғайлының баласы
 Жиналып тұр қасында.
 Қырық нарға үп² артты,
 «Көрсін, — деді, — осыны-ай.
 Көп қатарын білсін», — деп,
 Сегіз қанат ақ орда,
 Ақ жібектен орданың
 Киізін оның жаптырды.
 «Лайықты оған болсын», — деп,

¹ Ерледі — ерттеді.

² Үп — дүние-мүлік, қазына.

Зерден¹ бауды тақтырды.
 Қырық нарға жібектен
 Арқан тарттырды.
 «Оның сәні болсын», — деп,
 Жібектен ноқта салдырды.
 «Оның сәні болсын», — деп,
 Жібектен сағақ тақтырды.
 Ұзындығы үш құлаш
 Қырық нардың үстіне
 Қалдырмай кілем жаптырды.
 Және де берді қырық құл,
 «Қызметін оның етсін, — деп, —
 Шора кетсе далаға,
 Сырттағы малын бақсын», — деп.
 Ноғайлы көрді тамаша,
 Жасырған жоқ оңаша.
 Сонша дүние көп беріп
 Ұзатқан бұрын жоқ еді
 Ноғайлының баласы.
 Жалғыз қызы Ханжаннан
 Аясын ба дүниені?
 Бергенін сонша қарашы.
 Жөнелер шағы болғанда,
 Құлыншақ пен Шораны
 Шақырып алып Әділше,
 Айтқан сөзін қарашы:
 — Артық туған Ер Шора,
 Атадан туған бала едің,
 Атаң Нәрік хан едің.
 Мынау тұрған Қазан да
 Атаң тұрған қала еді.
 Қазанда атаң хан еді,
 Ақылы кемел дана еді,
 Сен сонан туған бала едің.
 Атаңның тұрған болмай ма
 Алсаң мынау тұрған қаласын?
 Берейін мінген атымды,
 Басыма киген тәжімді

Баламды алған балаға.
 Ханжанды алып кетпесең,
 Қайтеді, балам, далаға?
 Ие болсаң, не қылады
 Осы атаң тұрған қалаға?
 Асыл туған баласың,
 Ақсүйек туған төресің,
 Атаңның ұстап тұрсайшы
 Мынау қазына, мұрасын.
 Тірі тұрған күнімде
 Берейін мұра мен, — деді, —
 Ие бол, балам, сен, — деді.
 Осылай деп Әділше,
 Шораға сөз сөйледі.

Атқа мінбей ер Шора
 Жерде жаяу тұр еді,
 Қайырылып мойнын бұрады.
 Сонда Шора сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Ақылы кемел данамыз,
 Қайырлы болсын бұл, ата,
 Өзіңіз тұрған қалаңыз.
 Ноғайдың едік панасы,
 Қазан деген — ноғайдың
 Ертеден салған қаласы.
 Қайырлы болсын бұл орын,
 Отыра берің сіз, — деді. —
 Аударып сізден алуға
 Лайық емес біздерге.
 Болғасын баба сіз, — деді, —
 Болдық бала біз, — деді. —
 Көз салармын Қазанға
 Сіздің тұрған қалаға.
 Ешкім көзін сала алмас
 Сіз секілді бабаға.
 Ішңізден шыққан бұл Ханжан,
 Сыртыңнан тудым мен, — деді.

Сонда Шораның Ноғайлыға айтқаны:

— Қаптап тұрған көп ноғай,
 Егер естісем сөздерін,
 Тұқымыңды құртармын,
 Бәріңді қырып сіздерді.

Әділше сұлтан ханымыз,
 Кеудедегі жанымыз.
 Әділше мен хан Нәрік —
 Ноғайдағы барымыз,

¹ Зер — жылтырақ метал тіндерін араластырып тігілген өрнекті материал.

Жылатпаған балаңыз,
Жақын болған қалаңыз.
Қалаңызды қорғап,
Тұрған бұл панаңыз.
Ойласаңыз, білмейсіз бе
Пана болған шамасын.
Тапсырдым Аққа, сұлтаным,
Тірі ме екен елдегі
Ата менен анамыз?
Алла берсе сапарды,
Он-он бес күнде барамыз.
Рұқсат етсең, жан ата,
Енді кеткіміз келіп барады.

Құлыншақ пен Шораның
Қасына ешкім ермеді.
«Ілгері озып кетем, — деп,
Құлыншақты ауылына
Бұрын барып жетем», — деп,
Құлыншақ адам жіберді:
«Ханжандайын адамды
Үш күн қонақ етем», — деп.
Әділше алтыннан жасатқан
Арба менен күймені,
Жібектен тағы жасаған
Үстіндегі шатырын.
Үш жорға мен пар жеккен
Қасына көп құл береді.

Сонда келіп Құлыншақ
Ханжанға сөз сөйледі:
— Асыл туған ақ Ханжан,
Ақылға кемел данасың
Ақсүйек ханның баласы.
Қатарында тастама,
Мынау тұрған дүниені.
Атаңа алып барсайшы,
Бірін алман мен, — деді. —
Алмай кетсең дүниені,
Сізге болмас жөн, — деді. —
Өкпелеймін, Шора, мен
Енді сізге мен, — деді. —
«Менің ордамды көрсін, — деп, —
Дәмдес болып, кетсін», — деп, —
Қайырып едім мен сізді.
«Алман, — десең, — дүниені»,

Қалмақта олжа кем, — деді. —
Бұл дүниенді алып кет,
Тастама бір жібіңді.

Сонда Ханжан сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Он бес жасқа келгесін,
Қатарға түспей, көз салдың.
Алысқа қолың сермедің,
Дұшпанға кегің бермедің.
Лашын құс секілді
Қанат қақпай қу алдың.
Сен қаһарланып ұмтылсаң,
Дарияда тасқан су алдың.
Сіз бір қайтсаңыз дұшпаннан
«Әкеліп мал берер», — деп,
Ноғайлы халқың қуанды.
Бұл сөзіңе кідірдім.
«Өкпелеймін» дегесін
Қасыңдағы жолдасың
Ол төреге хабар сал.
Не деп жауап береді
Қасыңдағы төреңіз?
Рұқсат сізден болғасын,
Айтып едік біз, — деді. —
Ол төреге жолығып,
Жауабын ал сен, — деді.

Сонда барып Шораға,
Ер Құлыншақ сөйледі:
— Сөйлейін деп мен келдім,
Ақсүйек ханның баласы.
Қазан деген — үлкен шәр¹,
Барып көрдік шамасын.
Қайырлы қылсын бір Алла!
Жолдас қылып келгесін,
Ханның алып баласын,
Алғаның қатар, тең, — деді, —
Екеуің де — хан баласы,
Айтайын деген сөзім бар,
Батыр Шора, мен, — деді. —
Құлыншақты сыйласаң сен, — деді. —
Шорадайын сұлтаным,
Қасыңдағы жолдасың,
Қырық түйе, сексен құл
Кетемін тастап мен, — деді, —

¹ Шәр /а/ — қала.

Алсаңыз оны сіз, — деді. —
 Жолда жүріп тастаған
 Олжа емес жөн, — деді. —
 Риза емен бергенге,
 Мені риза болсын десеңіз,
 Жолшыбай ноғай көргенге
 Ақ Меңдідей арудың
 Қатарына қонғанға.
 Ақ ордасы тізіліп,
 Қасында қоңсы болғанда,
 Ақ Меңдідей аруға
 Басқа әйел тең емес.
 Қасыңа қоңсы қондырмай,
 Отырғаның жөн емес.
 Ол жүргенде қызығып,
 Алып қалар мен емес.
 Олжа деген қалмақтан
 Келген жесір, мал, — деді. —
 Ол қызықсаңыз олжаға,
 Алмас па едік біз? — деді. —
 Ноғайлының баласы
 Ол үйінде жатса да,
 Айдап келген олжаға
 Олардың бәрі баюлы.
 Меңді арудың қасына
 Барып қоңсы қонсын да.
 Жиналып қара толсын да.
 «Келін келді!» деген сөз
 Ноғайға хабар болсын да.
 Нәріктейін ханымыз,
 Халық ұстаған ханымыз,
 Талайды көрген шалыңыз,
 Қуанып қалсын Ер Шора.
 Осы олжаны тастамай,
 Аман алып барсаңыз
 Мен де сізге ерейін.
 Меңді менен Нәріктің
 Қуанғанын көрейін.
 Шорадайын досым-ай,
 Айтқан сөзім осылай.
 Риза болсын десеңіз,
 Алып кетің сіз, — деді. —
 Егер алмай кетсеңіз,
 Екі дүниежүзінде
 Риза емен мен, — деді.

Сонда Шора сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:

— Бұрын туған Құлыншақ,
 Жасың үлкен ағасың.
 Жақсы менен жаманды
 Көп көрген артық данасың.
 «Өкпелеймін» деген соң,
 Сөзің қатты секілді,
 Бізбен бірге ер, — деді. —
 Нәріктейін хандарға,
 Меңдідейін анаға
 Барып жауап бер, — деді.
 Бар дүниені сыпырып
 Алсаң да ризамын,
 Құлыншақ батыр, мен, — деді, —
 Өзімнен қалма сен, — деді.

Екі батыр жүреді,
 Нәрік ханға жөнелді.
 «Жекенді көлдің қасына,
 Қоғалы көлдің басына
 Ертең көшіп келер», — деп,
 Құлыншақ батыр бірге еріп
 Ер Шораның қасына,
 Ілгері озып алдынан
 Меңді аруға барарға.

Сонда Құлыншақ келіп,
 Нәрікке сөз сөйледі:
 — Сәлем бердік, Нәрік хан,
 Халық ұстаған ханымыз,
 Ақылға кемел данамыз.
 Шора, жалғыз бала едің,
 Қазанның көрдік қаласын.
 Әділшедей хандардың
 Алып Шора келеді
 Ханжаңдай жалғыз баласын.
 Ілгері келдік хабарға.
 Ертең түстің шағында
 Қасыңа қоңсы қонады,
 Ханжан жолдас болады.
 Келеді еріп қасына
 Ханжанның туған анасы.
 Қырық шамалы секілді
 Алып жүрген қарасы,
 Қасына ерген жолдасы.
 Екі қырықтан бір сексен
 Қызылбастың баласы.
 Мінгені жорға Ханжанның,

Байқасаңыз парымен.
 Келе жатыр сексен құл
 Әділшенің қырық нарымен.
 Ілгері келдім мен еріп,
 «Сізге хабар етемдеп.
 Хабар етпей, не етем?» — деп.
 Меңдідейін жеңеше,
 Келін келді сіздерге.
 Құдай тілек бергесін,
 Қасына қоңсы келгесін,
 Шоражаңдай досым-ай,
 Қонысыңыз қонды қасыңа-ай.
 Алла өзі бергесін,
 Сексендегі Нәрікке
 Жолдас болдың осылай,
 Он сегізде жасың-ай.
 Хабарға еріп мен келдім
 Шоражанның қасына-ай.

Жатқан екен қарт Нәрік,
 Көтерді сонда басын-ай.
 Сүйеген екен Ақ Меңді
 Қарт Нәріктің басын-ай.
 Сонда Нәрік сөйледі
 Бір ауыз жауап айтып
 Құлыншаққа осылай:
 — Құлыншақ бала, ер, — деді, —
 Қара Ноғай — қалың ел,
 Бұған хабар бер, — деді. —
 Қызмет етің біздерге.
 Айтайын, Құлыншақ, сіздерге:
 Ноғайлының баласын,
 Мерекелеп, той қылып,
 Шығарыңыз атағын.
 Бұл Ханжанның, қарашы.
 Жинаған болсаң құлдарды,
 Бәйгеге тіге бер,
 Ат шаптырып күндерді,
 Қарасүйек құлдарды.

«Артық отау қонар, — деп, —
 Хабар салды Ноғайға.
 Енді қызық болар», — деп.
 Қызықпен жатып қалмады
 «Келді, — дегесін, — келіншек»,
 Жүгірді-ау Ноғайлының
 Қызы менен келіншек,

Тіпті жүрмейтін еріншек.
 «Келеді, — деп, — қыз Ханжан,
 Көреміз, — деп жүгірді
 Қыз-келіншек осындай.
 Барайын, — деп, — қасына-ай».
 «Отау тікпей тұрып жетем, — деп, —
 Кейін қалып, не етем?» — деп.
 Қыз-келіншек толықты,
 Бірімен-бірі жолықты.
 «Жетемін», — деп жүгіріп,
 Бірі қалмай кідіріп,
 Қара Ноғай елінен
 Қыз-келіншек келеді,
 Көш қарасын көреді.
 «Барамыз, — деп, — келінге»,
 Таянып адам келгенде,
 Атынан түсіп бұл Ханжан,
 Үстіне киген алтын тон,
 Алтын менен інжуден
 Жасатқан екен сәукеле,
 Шаңқанды Ханжан киеді.
 Бетінде оның бар еді
 Жібектен жапқан пердесі.
 Алтыннан шашақ төгілген
 Пердесінде келеді.
 Қыз-келіншек бетін ашып,
 Көре алмай, қатарына ереді.
 Сегіз қанат орданың
 Қатарына үйі қонады.
 Ол үйлердің жіптері
 Шұға менен зер болды.
 Нәрік ханның үйімен
 Ханжанның үйі тең болды.
 Отау тігіп қонады,
 Үш күндей той қылады.
 Қара Ноғай жиналып,
 Бірі кетпей тұрады.
 Ат шаптырып, той қылып,
 Шаптырып оның бәйгесін,
 Алды оннан құл болды,
 Арты бесеу бұл болды.
 Оның арты үш болды,
 Құлдарға сондай күш болды.
 Олжаға Ноғай баласы
 Құлды қоса айдады.
 Артында палуан тұрғызып,
 «Балуан бәйгесі болсын», — деп,

Бұл күйінде соған байлады.
 Құл мен күңнен бәйге еткен.
 «Енді қайда кетем?» — деп,
 Құл мен күң жаман қайғы еткен.
 Бұрын соңды болса да,
 Ноғайлыда жоқ екен,
 Адам тігіп бәйге еткен,
 Нәрік хан осылай іс еткен.

Құлыншақ асыл ер еді,
 Қош айтысып Құлыншақ,
 Аулына қайтып жөнелді.
 Шорадайын еріңіз
 Құлыншақты шығарып,
 Бір көрінім жерге дейін
 Артынан бірге еріп жүреді.
 — Мынау тұрған көп малды
 Керек болса, Құлыншақ,
 Ешбіреуін тастамай,
 Бәрін сыпырып ал, — деді. —
 Қияметтік досым-ай,
 Жалған емес осым-ай.
 Қарғадайдан ант беріп,
 Көңілді қойдық қосып-ай.
 Жеңгеме барсаң, сәлем айт,
 Аман барсаң сен, — деді. —
 Бір айдан, батыр, кеш қалма,
 Отыз күнге толғанда,
 Ордаға біздің кел, — деді.

Құлыншақ мінген кер еді,
 Артық туған ер еді.
 «Қош аман бол, досым-ай!»
 Қайтып үйге келгенде,
 Нәрік сонда сөйледі.
 Сөйлегенде не деді:
 — Перзентім, туған Шорасың,
 Жас та болсаң, Ер Шора,
 Талайдың көрдің шамасын.
 Келмей кетсе Құлыншақ,
 Емес пе сіздің ағаңыз?
 Жетпеді ме беруге,
 Шора, жинаған қазынаңыз?
 Қияметтік досыңа
 Нәрсе бермей жіберіп,
 Дос болғаның осы ма?!
 Лайық емес, Ер Шора,
 Дос жібергенің осылай.

Шора сонда сөйледі:
 — Асыл туған данамыз,
 Мен — туған балаңыз.
 Берсе, малды алмады,
 Алдыруға келе ме
 Құлыншаққа шамаңыз?
 Құлыншақ сондай кең, — деді, —
 Бір жаннан емес кем, — деді. —
 Айтқаныңыз және де:
 «Бер» дегенің жөн, — деді.
 Көрінім жерге шығарып,
 Қош айтысып келдім ғой,
 Ата, оған мен, — деді.

— Қай заманда кел дедің
 Құлыншаққа, балам, сен? — деді.
 — Бір айда кел, — деп айттым ғой,
 Ата, оған мен, — деді.
 — Балам Шора, болмайды
 Ол айтқаның жөн, — деді. —
 Бұл айда бар сен, — деді.
 Білмей ме «сыйламаған» деген ағасын.
 Айға күні толғасын,
 Аттанып кетті Шора ер.
 Қазанға жақын жеткенін
 Құлыншақтың Бозай жер.
 Кетейін деп ат мініп,
 Шора атын ерледі.

Сонда келіп Меңді ару,
 Баласына сөз сөйледі:
 — Шорадай туған баламыз,
 Сен едің, Шора, бұл күнде
 Біздің сыртта тұрған қаламыз.
 Атаңыз — қарт Нәрік хан
 Отыр-ау үйде, қараңыз.
 Жасы жетіп меңдеген,
 Атаң отыр өлмеген.
 Үлкендік деген — қатты дерт.
 Бұрын-соңды атаңыз
 Осындай жапа көрген жоқ.
 «Қайда екен балам-ай?»
 Кешікпей балам келсін, — деп, —
 Айт, — деп бабаң бұйырды.
 Атаңыз сіздің, балам-ай —
 Келіп қалды-ау біразға,
 Байқасаң, менің жасым-ау.

Ауыр жүктен кем емес
 Көрер ме еді басым? — деп.
 Тірі болса Ер Шора,
 Енді келсін, — деді, — тез».
 Үйден шығып тұрғанда,
 Алыс-жақынды болжамай,
 Көрмейді-ау шіркін екі көз.
 Бұрын-соңды айтпады.
 «Тез келсін», — деп балаға.
 «Сау болса, келер еді, — деп, —

Жүруші еді далада,
 Шоражанды қалаға.
 Үлкендік деген — жаман жау,
 Қойды мені пәлеге.
 Тапсырдым Аққа мен, — деді. —
 Хабарлап кел сен» — деді, —
 Саған келдім мен, — деді. —
 Артық туған Шоражан,
 Сау болғайсың сен, — деді.

Сонда Шора шешесіне жауап қайырды:

— Асыл туған анамыз,
 Жаңа көріп шыққанмын,
 Қолын алып бабамның.
 Барамын алыс жолдарға,
 Жолымды Құдай оңдасын!
 Тірі болсам келермін,
 Кешігіп қалман далаға.
 Келмей қалман қалаға,
 Аман қойса қалмақтан.
 «Келеді тез», — деп айта көр,
 Қош болсын көңілі балаға.
 Тапсырдым Аққа, қарт ана,
 Қаласың енді сен, — деді.
 Ажал жетіп, мен өлсем,
 Ақ сүтінді кеше көр.
 Қайран анам, кел енді
 Қолыңнан ұстайын мен, — деді.

Сол жауапты айтып Ер Шора,
 Таспакермен жөнелді.
 Аяңдап тұра алмай,
 Жылдамдатып аяқ басады.
 Құлыншақтың аулына
 Кеп, айналып жатады.
 Алдынан шығып Құлыншақ,
 Келіп бұған қолдасты.
 Аттан түсе қалғанда,
 Бәйбіше ашты есікті.
 Үйге кіріп ол қалды,
 Сегіз күн жатып сол үйде,
 Шора батыр демалды.
 Екі батыр ер еді,
 Демін алып болғасын,
 Қалмаққа қарай жөнелді.

«Көкөзеннен өтем, — деп, —
 Қалмаққа қарай кетем, — деп, —
 Қалмақтың елі алыс, — деп. —
 Аттанып бұл жау келсе,
 Болар бізге найза, — деп. —
 Көкөзен бойы терең-ді,
 Тәуекел етіп өтем», — деп,
 Екі батыр жөнелді.
 Көкөзеннің кең сала
 Арғы беті — жазық кең дала.
 Қалмақ деген — байтақ ел
 Бар екен сонда көп қара.
 Екі мың кісі көп әскер
 Аттанады Ноғайға:
 «Ноғайға қайрат етем, — деп, —
 Ноғайдың жерін алам», — деп.
 Көкөзеннің бойында
 Томареткел жағасы.
 Ар жағында қалмақтың
 Айлық жер еді-ау қаласы.
 Түбі терең бұл өзен.
 Атын жалдап өтеді.
 Құлыншақ пенен Ер Шора
 Қалмақтан бұрын жетеді.
 Жеткесін ерлер қараса,
 Алыс болып арасы,
 Сәскелік жерден көрінді
 Көп қалмақтың қарасы.

Шаңы шығып қалмақтың
 Келе жатыр екен шамасы.
 Қапталында бар еді
 Көлденең жатқан қара тау.
 Қаратаудың басында

Ол — Маңғыр деген тау еді,
 Таудың аты сол еді.
 Тауға шығып батырлар:
 «Бұл не қара?» — деп қарады.
 Ол қараға көз салса,
 Аттанып жүрген қол екен,
 Шыққан әскер сол екен.
 «Баралық жауға, кел», — деді.
 Маңғырлардың тауынан
 Екі батыр құлап жөнелді:
 «Ол қалмаққа жетем, — деп, —
 Бармай жауға, не етем?» — деп.
 Жаудың көріп қарасын,
 Сонда білді шамасын.
 Жауға жақын келгесін,
 Екі батыр кеңесті:
 «Екеуіміз екі жаққа кетелік,
 Қай қалмақ екенін біліп өтейік».
 Екеуі де ақылды,
 Ойлағаны мақұл-ды.
 Алыс емес қалмақ та,
 Келіп қалған жақын-ды.
 Шораң айтты хабарды
 Құлыншаққа абайлап:
 «Кідіре тұр сен, — деді. —
 Алайын барып қалмақтан,
 Болса хабар мен, — деді. —
 Кідіріп егер мен қалсам,
 Ту көтер де, шыға шап,
 Кідіріп қалмай сен, — деді. —
 Аллалап ұран шақырып,
 Келгейсің, батыр, сен», — деді.
 Шора батыр жөнелді,
 Жиналып тұрған әскердің
 Алдынан Шора келеді.
 Жапанда жалғыз әскерге
 Кез келеді Шора ер
 Серендейін қалмаққа.
 Шора жетіп келгенде,
 Қалмақ сөйлей береді:
 — Жапанда жалғыз баласың.
 Жарқыным, қайда барасың?
 Біз қалмақ деген ел едік,
 Серен деген қалмақтың
 Артық туған бегі едік.
 Екі мың кісі әскермен

Ноғайды көрсек, — деп едік.
 Томарлыөткел жерлерден
 Өтерміз, — деп, — Ноғайға,
 Келер деп едік, — қолайға,
 Ноғай халқын оңайға.
 Мінгенің — қатқан кер, — деді, —
 Жөніңді айт, ер, — деді. —
 Қалмақ алды қамалап,
 Тұрған шығар: «Жалғыз», — деп.
 Сонда қалмақ шамданып,
 Адымыңды ашырмас,
 Аяғыңды бастырмас.
 Белдеріне буғаны
 Бұл қалмақтың берені.
 Екі мың кісі — бұл қалмақ
 Қорықпайтын ер еді.
 Бұл жаныңды қинамай,
 Ат-тоныңды бер енді.
 Бұл қалмақ сені қоя ма,
 Жарағы қанға тоя ма?!
 Екі мың кісі — бұл әскер
 Бір жалғызды қоя ма?!
 Қалмақ соны айтып жатқанда,
 Ер Шора тұр сүйеніп найзаға
 Жасқанбайды батыр-ай,
 Қауіптенбейді ер Шора:
 «Жау екен», — деп япыр-ай.

Енді Шора сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Жиналдың, қалмақ, сен, — деді. —
 Мен бір — Ноғай деген ел, — деді. —
 Мекенімді сұрасаң,
 Үшқиян деген жер, — деді. —
 Шәрімді сұрасаң,
 Қазан деген қала еді,
 Сонда да хан бар еді.
 Ноғай деген көп халық.
 Сонда жатқан бар еді.
 Салулы халқым кең, — деді. —
 Ноғай халқың — мен, — деді. —
 Қаумалап тұрсаң, сен заңғар¹,
 Жасқанбаймын мен, — деді, —
 Қанша айтсаң да сен, — деді.

¹ Заңғар — бұл жерде «есер, залым» деген мағынада.

Сонда Мұса хан қалмақтың ханы:
— Балдырғандай жас жігіт,
Қай Ноғайсың сен? — деді, —
Сұрайын сенен мен, — деді.

Сонда Шора сөйледі:
— Ноғайлының ішінде
Асылым артық Арғынмын.
Бергі атамды сұрасаң,
Көк нарлы Танамын.
Атам аты — Қарт Нәрік,
Мен — содан туған Шорамын.
Сансыз көпір болсаң да,
Баршаңызға мен болам,
Мен сол Ноғайдың ері едім,
Шора деген мен едім.
Іздегенім сұрасаң,
Қалмақтың байтақ елі еді.
Жерін алып қалмақтың,
Ноғайға қоныс етем, — деп. —
Дүниеге етіп табиғи,
Қалмақты жеңіп кетем, — деп,
Сол жауапты айтты да,
Оңтайланып найза алды.
Найзаны оңғарып алғасын,
Астындағы Таспакер
Шабайын деп қозғалды.
Қалмақтар оқты сыбады.
Үстінде қызыл шекпені¹,
Шекпеннен оғы өтеді.
Ар жағында шарайна
Сауыты мен екеуі
Қабатынан өте алмай,
Етінен өтіп жете алмай,
Алдындағы қалмақты
Бұтадайын көрмеді.
Жасқанатын ер ме еді?!
Бір адамның баласы
Ер Шораға тең бе еді?!
Шора батыр ақырды,
Ақырып ұран шақырды.
Артынан келді Құлыншақ
Екі мың кісі қалмаққа
Салады сол күн соғысты.
Атаңа нәлет ит қалмақ

Артына хабар салады.
«Келе көрсін әскер», — деп,
Жинап әскер алады.
Екі кісі Ноғайға
Төрт мың қалмақ жиналып,
Ұрысуға қалады.
Таспакер мен Қатукер
Ол шабыстан тана ма?!
Аяғы төртеу бұл жылқы
Құтылып онан қала ма?!
Құлыншақ пен ер Шора
Салады қиын соғысты.
Қалмақтан шыққан көп әскер
Ен майданда тоғысты.
Атаңа нәлет бұл қалмақ,
Бірқатары қалмақтың
Еліне қашып кетеді.
Қашуға қалмақ түседі,
Кетейін деп жүре алмай,
Кемпір менен шал қалды,
Айдауға жүрмес мал қалды.
Байтақ жатқан көп елде
Көше алмай жан қалды.
«Қалмақтың елін қоймас», — деп,
Қалған қалмақ сасады,
Өлгесін, жаманы қашады.
Қысылғасын қалмағың,
Ханы кетіп қашады.
Хан қашқасын асырып,
Артынан қуып Ер Шора,
Таспакермен шабады.
Қаптаған қара түтіндей
Таспакердің шабысы.
Суырады топырақты
Салқын желі боранды.
«Артынан қуған болмас», — деп,
Алдынан тосып оралды.
Таспакердің аяғы,
Аяғының арасы,
Қарап тұрсаң алыс-ты.
Аяқтың шыққан дүбірі
Атқан мылтық даусындай.
Жетіпті қуып соңынан.
Келгеннен соң оңынан,
Жібере ме Ер Шора,

¹ Шекпен — түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырт киім.

Түскеннен соң соңынан?
 Жақындасып келгенде,
 Жебені қолға алады.
 Атайын деп ер Шора
 Шамалы жерден қозғалды.
 Тартып қалды ол оқты,
 Атқан оғы жетеді,
 Өңменінен ол өтеді.
 Басы үзіліп қалмақтың,
 Жерге түсіп жатады.
 Күні-түні соғысты,
 Жиырма күндей тоғысты,
 Батырлар атты қинады.
 Көзі жеткен жердегі
 Қалмақты қоймай жинады.
 Қашпай қалған секілді
 Кемпір менен шалдардың,
 Қыбырлап, тек жаны бар.
 Шұбыртып қалған балаларың,
 Шора артық ер еді,
 Құлыншақ пен Ер Шора
 Айдап қайтты баласын,
 Жинаған дәулет, қарасын,
 Шора артық ер еді.
 Құлыншақ пен екеуі
 Еліне қарай келеді.
 Кеткені қашып құтылды,

Қалғанын жинап айдады.
 Пысықсыған адамның
 Қайыра қолын байлады.
 Жеткенше айдап жеріне,
 Келтірді қуып еліне.
 Ноғайға хабар салады,
 Құл мен құтан алады.
 Ноғайлының балалары
 Мал мен олжаға батады.
 Елге келіп алғасын,
 Құлыншақ пен Ер Шора
 Елде бірнеше жыл тұрғасын,
 Тағы аттанды қалмақ еліне.
 Ол жолында бар еді
 Жыландының биік тау,
 Ар жағы көп қалмақ жау.
 Қалмақ байтақ ел еді.
 Тау басына келгенде
 Құлыншақ тұрып айтады:
 — Демалайық біз, — деді. —
 Аттан түс, батыр, сіз, — деді. —
 Басына шығып бұл таудың
 Қалмақ жауды қарайық,
 Мықты-осалын білейік.
 Бір-екі күн демалып,
 Сосын жауға жүрейік.

Шора айтты:

— Мұның қалай? Артық болдың ба сен? — деді. — Менің аруағым бар, — деді.

Сонда Құлыншақ:

— Қандай еді аруағың? Мен көрер едім, — деді.

Шора:

— Менің аруағымды көрсең, менен бұрын өліп қаласың ғой, — деді.

Сонда Құлыншақ:

— Жаны бар нәрседен қорқам ба? — деді.

— Қияметтік дос едік, қош айтып айырылайық, енді сен өлесің, — деді

Шора, — Күншығыстан саған бір айдаһар жылан келіп, сені жұтам дер. Сонда қолыңды сермеме, қолыңа қару алма. Егер қару жұмсап, қолыңды сермесен, онда мені көрмейсің.

Құлыншақ:

— Мен жанды нәрседен қорқам ба? — деп отыра береді.

Шора Құлыншақтың артында жатып қалады.

Құлыншақ құбылаға қарап отыра береді. Сол уақытта күншығыстан бір айдаһар жылан ысқырып қоя береді. Құлыншақ тек отыра берді. Жылан Құлыншақтың қасына келіп, аузын ашып, жұтуға айналады.

Сонда Құлыншақ беліндегі алмасты суырып, жыланды шабайын дегенде, жылан жоқ болып кетеді. Енді артына айналып қараса, Шора да жоқ. Сонда жер ойылып, Шораны жер жұтып кеткен екен. Сонда айдаһар жылан болып келген Шораның аруағы болған екен. Ол Құлыншақты «жұтам», — деп, аузын ашып келсе де, бәрібір жұта алмайды екен. Егер Құлыншақ алмасын сермеменде Шораны жер жұтпас еді. Құлыншақ қасындағы Шорадан айырылып қалғасын, жылап айтқаны:

— Қияметтік досым-ай,
Тұрып қалдым қасында-ай,
Төгемін көзден жасым-ай.
Егер көрсем өзіңді,
Тыңдар едім, Ер Шора,
Сенің айтқан сөзіңді.
Жасым үлкен мен, — деді, —
Мені алмады бір Алла,
Не шарам бар көрерге?
Сенен жалғыз қалғасын,
Жолықтым ғой бекерге.
Дүниеде қиын бұл болды
Ханжанға хабар етерге.
Келтірді Шора жыланды-ай,
Өлгенім жақсы мұнан да-ай.
Баратұғын күн қайда
Саламат қайтып жеріме-ай?
Не деп жауап айтармын
Ноғайлы деген еліме-ай?
«Аттанып жауға кетем, — деп, —
Шорамен бірге жетем, — деп, —
Тірі болса Ер Шора,
Жау алмай, енді не етем?» — деп.
Жыландының залым тауы,
Ер Шораны жалмадың.
Жамандатқыр Кершабақ,
Үстіңе мінер адам жоқ,
Істейтін Ақтың амалы жоқ.

Елге қайтып Құлыншақ,
Таспакерді жетелеп,
Елге қарай асады.
Қалмаққа бармай қашады.
«Құрысын Қалмақ ел, — деді. —
Бармаймын енді мен», — деді.
Айырылғасын досынан,
Құлыншақ сөйтіп шөлдеді.

Тамақ таппай қиналды,
Еліне қарай жөнелді.
Елінен шығып кеткенде,
Ол Жыландының биік тауы
Он бес күндік жер еді.
Он бес күнде еліне
Құлыншақ жетіп келеді.
Бәйбішесі өзінің
Таспакерді көргесін,
Алдынан шығып келеді.
Келіп тұрып сөйлейді:
— Қатарыңнан артықсың,
Ноғайдан асқан сұлтаным.
Қалай жүріп бос келді
Жетегінде тұлпарың?
Досың бір қайда? Көрмедім.
Уақыт біткен адамның
Күні бар ма екен өлмеген?
Жетелеп келдің тұлпарды,
Жолдассыз келдің, дарасың.
Қайда тастап келдіңіз
Хан Нәріктің баласын?
Алтын жүзің солышты
Досыңызға бір қайғы,
Сұлтаным, сіздің түсіпті.
Ол тұлпарға көз салсам,
Төңірекке қарайды,
Бұрынғыдай күйі жоқ,
Ішін тартып, жүрмейді.
Сонда Құлыншақ сөйледі:
— Дүниені білдім бек жалған,
Бізде болды көп арман.
Жыландының тауында
Сұлтаным түсіп тар жерге,
Бір көрінбей бұл қалған.
Көре алмадым реңін,
Ала алмадым сүрегін¹.

¹ Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Досым есіме түскенде,
Оттай қайнап жанамын.
Емес едім мен артық,
Бітпеді қатар сүрегін.
Мен қысылып отырмын
Таспакерді берерге,
Ханжандайын арудың
Дидарын барып көрерге.
Болмаса бұйрық, шара жоқ
Ажалсыз жан өлуге.
Жатқан жері ойылып,
Біз секілді жандарға
Бір көрсетпей шөлдетті.
Бір шұқырдың аузында
Төгіліп жасым сөйлетті.

Ноғайлының бір қартын
Шақырып алды Құлыншақ,
«Ханжанға хабар берсін», — деп.
«Келіп алсын кер атты,
Бере алмай тұрмын мен», — деді.
Барып, хабар берерге,
Ақсақалды жан еді,
Ақылы көп дана еді,
Ноғайлының би еді,
Білгір жанның түрі еді.
Ол Ханжанға барғанда,
Қасында тұрып сөйледі:
— Айтпайын сөзді санасыз.
Қаһары күшті Пәрменнің¹,
Ешкім болар шарасыз.
Адам артық туар ма?
Дәуіт ұлы Сүлеймен
Олар да өтті баласыз.
Мұхаммед пен Мұстафа
Төрт перзенттен айырылып,
Олар да өтті баласыз.
Жолдасың кетіп дүниеден,
Бұл Таспакер келіп тұр
Құлыншақтың үйінен.
Өзіңіз, ханым, барыңыз,
Шығушы емес Құлыншақ,
Ұялып тұр келуге,
Дидарыңды көруге.

Байлаулы тұр Таспакер,
Әкеліп сізге беруге.
Белді буған көкберен
Ер қасында ілулі.
Қорамса салған көк жебе
Қанжығаға байланып.
Жыланды таудың басында
Шора батыр қалыпты.
Жылағанмен пайда жоқ,
Құдайға қылар айла жоқ.
Жолдасынан айырылып
Қалған жалғыз қайда жоқ?!
Ақ сүңгілі найза тұр
Ақ орданың қағулы.
Бұрынғыдай күйі жоқ
Кершабақ атың бағулы.
Маңайында көп Ноғай,
Барғаныңыз көп қолай.
Құлыншақтай ерлердің
Ішіне қайғы нақ толды-ай.
Құлыншақ сондай ер, — деді. —
Шораны айтсақ бір сөзбен,
Адам тоқтап тұрғысыз
Көзінің аққан жасына.
Бара қалсаң Құлыншақ
Секілді ердің қасына.
Енді өзің біл, — деді. —
Бердім хабар мен, — деді.
Осылай деп болады
Ол Ханжанға сөзін-ай.

Ханжан сонда қарады,
Керегеде тұрған ен жібек
Беліне буа салады.
Құйылып тұрған бұл Ханжан
Қарамады асына,
Тартпады жаулық басына.
Ертпеді бір жанды
Жолдас қылып қасына.
Құлыншақтың ауылы
Ақты-бозды жер еді
Екеуінің арасы.
Қамшы басты күреңге².
Қамшы өткесін жанына,

¹ Пәрмен — бұл жерде «Құдай» деген мағынада айтылып отыр.

² Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Бірінші мақам

жүрдек

Орындаған: Барлыбаев Жақсыбек
Нотаға түсірген: Жекен Махаббат

4 Ей, "Ар-тық та ту - ған сұл - та - ным, Ар - тық ту - ған сұл - та - ным.

7 Ас - тың - да - ғы тұл - па - рың, Ке - ліп тұр сырт - та ба - баң - ыз, Көр - меп е - дім бұл тү - сін.

10 Ег - же - те - мін а - та - ңа, Ба - рып ө - зің қа - ра - ныз. Са - қа - лы - ның а - ғы бар,

13 А - шу - ы күш - ті та - ғы бар. Не - ше түр - лі қа - сын - да, Сол кі - сі - нің бо - лат бар.

15 Ас - тын - да жақ - сы қа - р(а)т бар. Ү(йы)қ - та - ма - ған се - кіл - ді, ей,

18 Ү - зақ түн - нің бо - йын - да. Не бар е - кен о - йын - да, О - ят - қа - ным сіз - дер - ді,

21 Ба - рып ха - бар е - тер - ге. Ал - ды - нан сә - лем бе - рер - ге." Сон - да Шо - ра жү - гі - ріп,

23 Үй - ден шық - ты да - ла - ға. Үс - ті - не ки - мей, көй - лек - шең,

25 Ей, ба - ла - сы қа - лай шы - дай - ды. Үс - тай ал - ды шыл - быр - дан.


28 Сә - лем бе - ріп ал - ға - сын: "Тү - сі - ніз ат - тан сіз," - де - ді. Түс - пей тұ - рып а - ты - нан,
А е ой.

Екінші мақам

33

 Ей, "Ай-на ла йын, Шо-ра-жан, Ту-ған ба-лам сен бол-саң, Ал-пыс би-ді өл-ті-ріп,
 37

 Ке-сіп ба-сын а-лып кел, Тас-па-кер-ді же-те-леп, А-лып кел-ші сен,- де-ді,-
 40


 -Ол айт-қа-ным ет-пе-сең, Ү йық-тап жат-қан же-рін-де, Тас-па-кер-ді а-лып қаш-саң
 43

 Ту-ма-ға-ның сен,"- де-ді. Ей, Шо-ра сон-да жө-нел-ді, Ка-ра тұл-пар ас-тын-да,
 46

 Дөң-ге-ле-ніп ба-ра-д(ы)ой. А е ей.

Үшінші мақам

51

 Ей, Се-тіз де күн-де бар-ған-да, Ей, жал-ғыз а-дам көр-мес-сің.
 54

 Си-ыр ме-нен қой қа-лар, Ті-ғу-лі үй мен қо-ра қа-лар. И-е-сіз мал-ды а-лар-сың,
 57

 Ол-жа-ға ба-тып қа-лар-сың. Қал-мақ кет-се, жо-ғал-сын, Но-ғай-лы-ға ха-бар сал.
 60

 Аш-а-рық ба-рып ол-ж(а)ал-сын. А е ей

Төртінші мақам


64

 Ей, Кү-рес-ті-ріп, қы-зық-ты, Ал-тын қа-бақ ат-тыр-ды.
 67

 Ей, та-ма-ша-ға ба-тыр-ды, Он күн-де-йін күл-кі-мен. Қы-зық-пе-нен жат-қыз-ды,
 70

 Ха-бар са-лып бә-рі-ң(е)ай, Жи-на-ды мал-дың бә-рің-ай. Но-ғай-лы-ның ба-ла-сы,
 73

 Жи-на-лып тұр қа-сың-да. Е ей.



Суретші Ә. Смағұлов

ЖЕКЕ БАТЫРЛАР

Мұрын жыраудың өзі «Жеке батырлар» атты салаға жатқызған жырлар – негізінен Аңшыбай батыр мен Қарагөң батырлардың ұрпақтары болып саналмайтын батырлар туралы жеке-жеке эпикалық туындылар. Дегенмен, бұл топтың құрамындағы «Жаңбыршы», «Жаңбыршыұлы Телағыс» жырларындағы басты кейіпкерлердің прототиптері ретінде көрініс беретін тұлғалар да – Егігенің ұрпақтары. Бірақ уақыт өте келе тарихи жадының көмескіленуі салдарынан Мұрын жырау мен оған ұстаз болған ақын-жыршылар бұл туындылардың «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» саласына енуі керек екенін ескермеген сыңайлы. «Жеке батырлар» саласындағы шығармалар мен алдыңғы екі шежірелік салада қамтылған батырлардың барлығы да – Ноғайлы елінің қайраткерлері. Сол себепті бұл саладағы туындыларда да көрсетілген кезеңде орын алған оқиғаларды тарихи, жағрафиялық, фольклорлық, шежірелік тұтастану аясында суреттеу, жыршылық дәстүрге тән көпстадиялық, яғни бір туындыда бірнеше ғасырдың тарихи тұлғаларының қабаттасып келу заңдылықтары оларды тығыз байланыстырады.

«Жеке батырлар» тобына «Асанқайғы, Тоған, Абат», «Қарғабойлы, Қазтуған», «Көкше батыр», «Көкшенің ұлы Ер Қосай», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манашыұлы Тұяқбай», «Айсаның ұлы Ахмет», «Алау батыр», «Әмет батыр», «Шынтасұлы Төрехан», «Сұлтан Керім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» жырлары енеді.

Бұл туындылардағы бірқатар кейіпкерлер бізбен туыстас халықтардың фольклорында да кездесетіні белгілі. Сондықтан оларға қатысты құнды ғылыми байқаулар Ф. Урманчиев, А. Сикалиев секілді татар, ноғай ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Көкше, Қосай, Жаңбыршы «Манас» жырының да кейіпкерлері болып табылатындықтан, олар туралы ғылыми тұжырымдар қырғыз эпопеясын зерттеушілердің ізденістерінде ұшырасады. Бұл тұрғыдан алғанда, Ш. Уәлихановтың, Г.Н. Потаниннің ой қорытындылары айрықша маңызға ие. Бұл саладағы кейбір жырларды кезінде В.М. Жирмунский, М. Ғұмарова, Р. Бердібай және С. Қасқабасов зерттеген.

«Жеке батырлар» саласына енетін жырлар түгелімен Мұрын жырау репертуарындағы жырлардың 1989, 1990, 2005, 2008 жылдардағы басылымдарында жарияланды. Дегенмен, ұсынылған томның жалпы көпшілікке арналғанын ескере отырып, бізге өте қысқа үзінді түрінде жеткен «Сұлтан Керім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ» атты туындыларды бұл томға қоспағанды жөн көргік.





Суретші Ә. Смағұлов

ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

Қобыланды – кезінде Алтын орда мемлекетінің құрамында болған ноғай, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары фольклорында айрықша суреттелетін даңқты батыр. Еліміздің қолжазбалар қорында «Қобыланды батыр» жырының 29 нұсқасы жинақталған. Олардың арасында Марабай, Мергенбай, Б. Толымбаев, Н. Байғанин, А. Байтабынов, К. Еламанов және т.б. жырлаған озық үлгілер де бар. Қобыландының туған әкесінің есімі қазақ жырларында бірге «Тоқтарбай», бірге «Қыдырбай» болып көрсетіледі. Дегенмен, бұл жырлардың кейіпкерлері бір ғана адам екені сол эпикалық туындылардың мазмұнынан аңғарылып тұрады. Жырдың өзге нұсқаларындағы Құртқа, Алшағыр секілді кейіпкерлер Мұрын жырау нұсқасында да кездеседі. Ал бас кейіпкердің «Бес қасқа» атты батырлар мен Қостөре хан секілді қалмақ басқыншыларымен шайқасуы – осы нұсқаға ғана тән өзіндік ерекшелік. Жырдың жұртшылыққа неғұрлым жақсы таныс нұсқаларындағы Қазан, Көбікті, Қараман секілді тұлғалар Мұрын жырау репертуарындағы шығармаға кездеспейді.

«Қобыланды батыр» жырының мәтіндерін талдауға арналған зерттеулердің алғашқысы – Ә. Бөкейхановтың XIX ғасырға жарық көрген мақаласы. Оған бергі уақыттағы көрнекті әдебиеттанушылар мен фольклортанушылардың бұл жыр туралы өз ойларын білдірмегендері кемде-кем. Зерттеушілер, әсіресе, бұл жырдың тарихилығы жөнінде бір-бірлеріне кереғар пікірлер айтты. Өз еңбектерінде қазақ эпосының кейіпкерлерін «ұлы батырлар», «кіші батырлар» деп жіктеген М. Әуезов Қобыландыны алғашқы топқа жатқызып, аталған қаһарман Қазан хандығын орыс патшалығының басқыншылығынан қорғаушылардың бірі екені жөнінде жорамал жасап, ол тұжырымына дәлел ретінде жырда Қазан есімді кейіпкер және Қырлы қала, Сырлы қала атты бекіністер кездесетініне тоқталып, аталған қалалар ескі Қазан және жаңа Қазанның болғанына мезгейтінін айрықша атап өтті. С. Сейфуллин мен М. Ғабдуллин бұндай байламмен келіспейді. М. Ғабдуллин жыр кейіпкерінің прототипі XV ғасырда Иранды билеген моңғолдың ханы Ғазан екенін тарихи дереккөздері арқылы дәлелдеуге тырысқан.

Томды баспаға дайындау барысында Мұрынның жырлауынан жазып алынған нұсқа бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, баспапқы қолжазба негізінде ұсынылды. Бұл жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 6-дәптер).



Тоқсан баулы ноғайда он екі жарым хан өткен, он екі жарым ханның тұсында Ақшахан деген хан өткен. Ақшаханның тұсында жасы сексенге жеткен Қыдырбай деген бай болған екен. Қыдырбай бұрын мерекелі той жасап, екі атанға саба артып, екі ту бие жетелетіп, екі биені сойып, төрт саба қымызды құяды екен, жыршы мен жақсы билері сол шеттегі үйде тұрады екен. Бір күні Ақшаханның діні бұзылып, оны Құдай ұрады. Сонда кеңескенде:

— Қыдырбайды өлтіріп, дүниесін қазынаға салайын, малын жинап өзіміз алайық, Ақару қатынын қазынаға мал беріп бағайық, — деп билер мен бектерінен сұрайды.

Сонда жиналған билер мен бектер:

— Мақұл, ал оны қалай өлтіреміз? — дейді.

Ақшахан: — Алудың есебі табылғанда, өлтірудің есебін өзіңіз табыңыз, — дейді. — Жалғаннан той жасайық, Қыдырбайға хабар етіңіз, ертең келсін, — деді. Сонда билер мен бектер: «Жақсы», — деп қош алады. Бұл кеңестің ішінде Қыдырбайдың жеті ата жақыны бар еді, өзі ашарық еді. Қыдырбайдан «бір сауын лақты ешкі бер», — деп сұрағанда, бір сауын сүт те бермеуші еді өзіне. Ертеңіне жұрт «Қыдырбайды тойға шақырып келеді» деген соң, аяғында қу шоқай, басына кигені малақай, қырлы мылтық мойнында, Қыдырбай екі атанға саба артып, Қыдырбайдың қасына екі ту биені жетелеп, тойға түсейін деп жүрді. Сонда әлгі жақыны Қыдырбайдың алдынан шығып сөйлей бастады:

— Әй, Қыдырбай, Қыдырбай,
Ұлың болса, орын бар,
Қызың болса, бұрын бар,
Ұлың да жоқ, қызың да жоқ,
Маңдайыңның соры бар,
Дәулетіңнің қоры бар.
Ақшахандай залымның

Жалғаннан қылған тойы бар,
Өлтірейін деген ойы бар.

Сонда Қыдырбай тұрып егілді,
Көзінің жасы төгілді.
Екі биені босатып,
Қыдырбай қоя береді.

Екі бие үйінің тұсынан өткен кезде, Ақару бәйбіше үйінен шығып тұра берді. Қыдырбай жақындап келгесін, алдынан Ақару бәйбіше көзінен аққан қара жас, ішінде қаны аралас сақалын жуып келе жатқан Қыдырбайды көріп айтқаны:

— Айналайын алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын.
Ұлы, қызың жоқ-ты, — деп, —
Бетіңе таңба салды ма?
Алайын деп малыңды,
Кесейін деп басыңды,
Қысқартуға жасыңды.
Шырын-шекер, бал татқан,
Тар төсекте бір жатқан,
Ендігі кетсең далаға,
Кім болар ие жинаған қараға?

Мен де бірге кетейін,
Сенен қалып не етейін?!
Иесіз дүние бұл қалсын,
Құрысын дүниен, тұл қалсын.
Кім оймайды менің көзімді,
Тыңдамас ешкім сөзімді.

Сонда тұрып Қыдырбай,
Қатынына сөз сөйледі:
— Асыл да туған алғаным,
Енді болды арманым.

Сонда Қыдырбай басын көтеріп, жан-жағына қараса, қасында ешкім жоқ, сонда «Құдай тілегімді берген екен», — деп елге қайтады.

«Көрінді елдің қарасы,
Жақындадым-ау» деп,
Қыдырбай да ойлады шамасын.

Сонда Ақару бәйбіше биік баспа жасатып, соның басына шығып күнде қарайды екен. Қыдырбайды көріп Ақару бәйбіше биіктен төмен құлады. Қыдырбайдың алдынан «Артықпын ба мен де?» — деп жаяулап жүре береді. Сонда Қыдырбайдың қасына келіп жеткесін, қолынан ұстап сөйлей бастады:

— Сау-саламат келдің бе,
Қайран менің алғаным?
Бүгін өліп кетсем де,
Енді жоқ менің арманым.
Кірген екен, сұлтаным,
Мен байқасам реңің,
Болды ма, сұлтан, тілегің?
Жылай да жылай мен деген,
Тек жаным тұр өлмеген.
Сіз секілді асылды
«Бір көрсем» деп шөлдедім.
Қайғылы болған өзімнің
Тыяйын жасын көзімнің,
Не көрдің Құдайдан, сұлтаным?
Айтшы маған сөзіңнің
«Қабыл болды», — деп тұрмын
тілегің.

— Арышланың мен, — деді, —
Сіз үшін барып Аллаға,
Қайттым кейін мен, — деді, —
Солай деп сөйледі Қыдырбай:
— Елге қайтып барғасын,
«Бір ұл менен қыз берер,
Ноғайлы атын қояды», — деп.

Сосын қайттым қуанып,
Мен бұл сөзге жұбанып.

Бір күндері болғанда,
Қатыны жерік болады,
Жерігі не тұрады.
Малды мықты сойса да,
Жерігі оған қанбады.
Жерден жылан таптырып,
Жыланның басын алдырып,
Аузына қатын салдырды,
Жерігін сонда қандырды.
Тоғыз ай, он күн көтерді,
Тоғыз ай, он күн болғанда,
Бір күні кемпір толғатты.
Қатын біткен жүгірді,
«Барамыз», — деп қатынға
Бір бөлек қатын болады.
Он бес күндей толғатып,
Тумай қатын тұрады.
Қыдырбай сонда жылаумен
Көзінің жасын тыя алмай,
Атының басын тарта алмай,
Басқа жауап айта алмай,
Қаңғырумен жүреді.

Сонда бір қойшының қатыны: «Манағы қатындар не етті? — деп, — шешейдің баласы қайда кетті?» — деп, сол мезгілде жиналған қатындар он бес күн толғатып, тумағасын, күтіп отырып, бәрі де ұйқыдан қатқан екен. Сонда қойшының қатыны жүгіріп барып, етегін ашып қараса, бір ұл мен бір қыз туыпты. Оны ұйықтап қалған қатындар білмейді. Әлгі қойшының қатыны екі баланың кіндігін кесіп, үйіне көтеріп алып апарып, баланы жабатын еш нәрсе болмағасын, жап-жалаңаш екеуін де тонға орап салған екен. Тысқары шығып қараса, боз жорға аттың үстінде Қыдырбай

кетіп бара жатыр екен. Оны көріп қойшының қатыны артынан жүгіріп келіп, аттың шылбырынан ұстай алады:

— Айналайын жан ата,
Ақ жарылып, күн туды.
Біздің шешейден
Ұл менен бір қыз туды.
Кіндігін кесіп мен алдым,
Үйге апарып тонға орап,
Жолым үйге мен салдым.
Тоннан басқа бұйым жоқ,
Бұйым алар тиын жоқ,
Жарлылықтан басқа күйім жоқ.
Атеке, маған ер, — деді, —
Перзентіңді көр, — деді, —
Ашайын бетін мен, — деді.

Қыдырбай көп кідірмей,
Қатынмен еріп келеді.

Үйге жетіп кіргесін,
Екі бірдей баласын
Көтеріп қолына алады.
Қаныменен баланы
Қойнына сонда салады.
Қыдырбайдың атымен ісі жоқ,
Атын ұстайтын қасында кісі жоқ,
Үйге жақын барғанда,
Қатындар сонда тұрады.
«Мынаның баласы қайда?» — деп,
Бірінен-бірі сұрайды.
Қатындар сонда ұрысты,
Терілері тырысты.
Бұл әйелдердің қаруы —
Адарғымен¹, қылышпен
Бір-бірімен ұрысты.

Сонда Қыдырбай үйіне келіп, үйіндегі қатындарға: «Ізі-жолдарың құтты болды», — деп, бір-бір жаулық пен бір-бір көйлектен берді. Қатындар: «Баланың өмірі ұзақ болсын, қайыры болсын», — деп шығып жөнеледі. Осыдан соң Қыдырбай он күн ойын, қырық күн тойын қылады. «Атағын жұрт білсін, — деп, — Арышланның айтқаны бойынша, атын ноғайдың өзі қоятын еді, мұның атын кім қояр екен?» — деп, тоқсан баулы ноғайлыға хабар салады. Сонда ешкімге «ат қой», — деп айтпады. Адамның бәрі жиналып болғансын, қой баққан қойшы, сиыр баққан сиыршы, түйе баққан түйеші, жылқы баққан жылқышы — бәрі де «Қыдырбайдың тойына барамыз», — деп шұбырды. «Қыдырбай неге той қылады?» — деп сұрағандарға:

«Қобыландыдай ұл туған,
Хансұлудай қыз туған.

Соның тойына ет жеуге барамыз» деген екен. Қобыланды деген ат осыдан қойылған. Ал содан соң, Қобыланды есейіп, толып, төрт жасар жігіт болады. Сонда

Бек деген бір құл бар еді,
Ақ сақалды жан еді.
Елуге келген шал еді,
Ақылы көп дана еді.

¹ Адарғы — кілем, алаша тоқығанда пайдаланатын, өрмек жіптерін асты, үсті етіп бөліп көтеріп тұратын жұқа тақтайша түріндегі аспап.

Қыдырбай Қобыландыны Бекке ертіп, жылқының арасына қоя береді. «Ағаңмен бірге бар. Жылқыға көзің сал, таңдап біреуін ал», — дейді. Қобыланды жылқыны аралап келгесін:

«Ата, мал да көп екен,
Ар жағы биік жал екен.
Жолда бір шулаған айғай бар екен,
Ол не дауыс?» — деді.

Сонда Қыдырбай: «Шырағым, өзің қарғадай туған баласың, дауыс құрысын, не қыласың? Ол дауыс ешқайда кетпес, тірі болсаң, барарсың», — деді. Бір күндері Қыдырбай ұйықтап жатқанда, Қобыланды керегенің басында тұрған сұр жебені алып, сырттағы байлаулы тұрған, үйретіп жүрген көк ала тайды өзі мініп, шауып кетеді. Қыдырбай оянса, қасындағы баласы жоқ, кереге басында тұрған сұр жебе жоқ, тысқары шығып қараса, байлаулы тұрған көк ала тай жоқ, баланың басқа жерге барарға жайы жоқ. Сонда Бекті шақырып алып:

«Қобыланды әлгі дауысқа кеткен екен, артынан қуып бара бер, жібермей алып келе көр», — дейді. Сонда Бек қуып жеткенше, Қобыланды Тәуіп ханның төбесіне келіп қалады.

Сонда Тәуіп хан Қобыландыға қарады да:

«Қаратастың жауы келді,
Қарағымның теңі келді,
Мұны алатын кісінің жөні келді», —

деп, Қобыландыға тағы қарап: «Әй, боқсақалға баланың қадірі өтпеген екен, белді тұғыр тауып бермеген екен. Сен, бала, анау қара тасты ат», — дейді. Сонда Қобыланды атайын деп шіренгенде, астындағы ала тай шыдамай, жығылып қалады. Сонда Тәуіп хан бір қолымен кекілінен, бір қолымен құйрығынан көтеріп тұрып: «Енді ат», — дейді. Қобыланды тартып қалып еді, қара тас екі жарылып қала берді. Сонда Тәуіп хан: «Балам, анау тұрған отау сенікі, бар да түсе бер», — деді. Қобыланды келіп атынан түсе бергенде, қыз-келіншек толып келе берді. Сонда Қобыландыны көріп, Бек шауып келіп, Тәуіп ханнан рұқсат сұрайды: «Қобыландының қасына барайын ба?» — деп. Сонда Бектің айтқаны:

— Халық ұстаған ханымыз,	Өзіміздің тума ¹ болғасын,
Ел билеген бегіміз,	Шабуылды саламыз,
Қобыландыға бар, — деді, —	Тілін алмай неге қаламыз?
Шақырып алып кел, — деді. —	Рұқсат болса барайын,
Үйде отырған Қыдырбай	Оған хабар салайын, —

дегенде Тәуіп хан: «Рұқсат, бара бер, — деді.

¹ Тума — ағайын, туысқан.

— Әй, Қобыландыжан,
 Қобыландыжан,
 «Шақыр», — деді атаңыз,
 «Алып кел», — деді анаңыз.
 Артыңнан іздеп келмеске
 Болмады біздің шарамыз.
 Қайтпайсың ба еліңе,

Қобыландыжандай баламыз?
 Қобыланды сонда сөйледі:
 — Ата-анама сәлем айт,
 Жиырма екі күнде барамыз.
 Он сегізде бір қызды
 Рұқсат берді, ал, — деді, —
 Осы отауға бар, — деді.

«Жиырма екі күнде барады, — деп, — айта беріңіз атам менен анама, сіз», — деді.

Сол уақытта бір он төрт жасар қыз жүгіріп барып, Құртқа қызға сөйлей бастады:

— Он төрт жасар мен, — деді, —
 Он сегізде сен, — деді. —
 Сізді кәрі, — деді, —
 Соны сізге білдіре келдім мен, — деді.

Сонда Құртқа үйде ілулі тұрған асылдың не керегін түйіп алады, үстіне алтын тонын киеді. Жақұт, маржан, лағлы — үш бұйымды тағынады. Патшаның қызы болғасын, не асылдар табылады.

Сонда шығып көруге,
 Айтып жауап беруге,
 Қобыланды ердің тігулі
 Ақ отауына жүгіреді.
 Пердесі бар бетінде,
 Отаудың келіп алдына,
 Көлденең тұрып сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Жібекті көр де, шашым көр,
 Түймені көр де, басым көр,
 Қаламдай қиғаш қасым көр.

Дөңгеленген көзім бар,
 Балдан тәтті сөзім бар.
 Дидарласып көруге,
 Айтып жауап беруге,
 Оймақты көр де, аузым көр,
 Мақпалды¹ көр де, бетім көр,
 Қасықты көр де, қолым көр,
 Қоянды көр де, жоным көр.
 Жапанға біткен терегім,
 Сағынып көрген керегім, —

деп, пердесін көтеріп еді, Қобыланды көзінің назарын салып, миығын тартып күледі. Сосын Құртқа пердесін жауып, қайтып жүре береді. Манағы қыз Құртқаға еріп жүре береді. Былайырақ шыққасын:

— Апа, жездем үндемеді, — деді. Сонда Құртқа:

— Үндеме, жарқыным, сен, — деді, —
 Тыңдамаймын мен, — деді. —
 Кете бер енді сен, — деді —
 Ер тәбісім² еткені —
 Көңілінің біткені, — деді.

¹ Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

² Тәбісім еткені /а.қ./ — күлімсірегені.

Тәуіп хан тоғыз күн тойын, он екі күн ойын қылды. Жиырма күн болғанда, ақ Құртқаны ұзатады. Тоқсан нар, тоқсан құл, тоқсан күң береді, тоқсан ат береді. Қобыландының астында көк ала тай бар, ауылдан шығып алғансын, құлдармен жарысады. Тап бергенде тай озады, дүбір шыққасын Құртқа артына қараса, көп дүбір естіледі. Ол дүбірді қараса, көп жылқы көрді, оның ішіндегі біреуі Қыдырбайдың жылқысы еді. Сонда сегіз жылқы қысырақ¹ бар еді. Оның ішінде жалғыз жылқы жирен айғыр бар еді, кекілі ұзын кер бие бар еді. Мұны көрген соң, Құртқа шұбыртып барып алып келді. Сосын Қыдырбайдың еліне келіп, отау тігіп отыра қалды. «Отау тігейін», — деп түскен кезде, Қыдырбай кейі бастады. Отау тігіліп болғасын, Қыдырбай: «Кер биені әкел», — деп ақырды. Сонда бәйбішесі Ақару Қыдырбайға сөйлей бастайды:

— Айналайын алғаным,
Білмеймісің кешегі
Ақшахандай залымның
Қаңдай қызық салғанын.
Қаңғырып едік бала үшін,
Иесіз қалар мал үшін,
Бір перзент бала үшін.
«Өлтірем, — деп, — өзіңді,
Оярмын, — деп, — көзіңді»,
Тыңдамаушы еді Ақшахан
Сенің айтқан сөзіңді.
Ақ жарылқап, ұл тауып,
Хансұлудай қыз тауып,
Неге аясын дүниені.
Құдай тілегің бергесін,

Қасыңа қоңсы келгесін,
Кер биені құрсын, бер, — деді, —
Құртқа жаңды көр, — деді.

Сонда Қыдырбай сөйледі:
— Естімеймін сөзіңді,
Өлтіремін өзіңді.
Кер биені бермеймін,
Керек емес Құртқаны
Мен келін қылып көрмеймін.
Келмей жатып мал бөліп,
Ондай зорлыққа көнбеймін.
Өлтіремін мен, — деді, —
Енді келіп сөйлеме, енді сен, — деді.

Сонда Ақару бәйбіше отауға қарай жүре береді. «Бір тайын маған берер», — деп Құртқа үйден киініп шығып, Қыдырбайға барады. Сондағы Құртқа сұлудың айтқаны:

— Сәлем бердік, бабамыз,
Алдыңа келді балаңыз.
Шөлдесең, сусын берермін,
Тоңсаң, киім жабармын,
Не құлқың ойлап табармын.
Дүниеден кеткенше
Жақсы етіп, ата, бағармын.
Балаңның алған баламын,
Құдай нашар қылғасын,
Қызметіңді етерге

Келіп тұрмын қасыңа.
Керек емес басқа мал,
Көрімдікке бір тай сұраймын,
Ата, маған бер, — деді.

Сонда Қыдырбай сөйледі:
— Ол қасабаң² қайқайып,
Маған билік айтпа шалқайып!
Кер³ биені бермеймін,
Келмей жатып мал билеп,

¹ Қысырақ — үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып, құлындамаған жас байтал не бие.

² Қасаба — ханшалардың бас киімі.

³ Кер — құла мен торының аралығындағы малдың түсі.

Маған көзің салғаның,
Шетте жатқан жылқыны
Қалай ұстап алғаның,
Бір қыз түгіл он қызды
Бір күнде алып берермін,

Оған малым жетеді.
Тоқсан баулы ноғайдан
Аралап өзім көрермін.
Бермеймін бие мен, — деді, —
Мазамды алма сен, — деді.

Сонда Құртқа сұлу жылап үйіне кетеді. Құртқа сұлу үйіне барған кезде, Хансұлу үйден киініп шыға берді. Хансұлу Қыдырбайға келіп сөйлей береді:

— Айналайын жан ата,
Мен едім туған бала да,
Егізім еді ер Қобылан.
Қобыланжанның алғаны
Ақ Құртқадай болған соң,
Менің бар ма арманым?!
Қасыма қонған жеңешем
Бір адамның баласы,
Жеңешеме жетер ме?!
Жылап келді егіліп,
Көзінің жасы төгіліп.
Сұрай келдім, атеке,
Үй сыртында тайыңыз,
Келер ме тайға жайыңыз?
Егер тайды бермесең,
Өлтір, әке, өзімді,
Ой менің екі көзімді.

Сонда Қыдырбай сөйлейді:
— Сенің даусың шыққасын,
Іш-бауырым елжіреп,
Шыдамадым мен, — деді. —
Құртқадайын балама
Кер биеден құлынды
Жетелеп апарып бер, — деді. —
Кер биеден туғаны
Тобылғы менді ат болар.
Жалғыз ағаң ер Қобыланды,
Ол торы атқа мінгесін жат болар,
Жыл он екі ай келмей жоқ болар.
«Сонда менің көкем қайда?» — деп,
Аларсың менің мазамды.
Сол себептен бермей тұр едім,
Жыламасаң сен, — деді. —
Кер биені апар да
Құртқажанға бер, — деді. —
Ол Құртқадан аяман
Малым түгіл жанымды.

Сол себептен бере алмай тұр едім, сен жылайды деп кер биені, — деді. Кер биені бергесін, Құртқа Апар мен Жапар деген екі құлға күнітүні бақтырып қояды. Қолдарына жібектен көрпе берді. «Құлыны жерге түскенде аяғын топыраққа тигізбей, осы жібек көрпенің үстіне ұстаңдар», — деді. Бие толғатып жатқанда екі құлдың көзі ілініп, ұйқыға кеткен екен, сонда құлынның бір аяғы жердегі тасқа тиіп, таңба түсіп қалады. Сосын жібек көрпеге салып, Құртқаға апарып бергенде, Құртқа құлынның аяғындағы таңбаны көріп, аяғындағы топырағын сүртіп: «Құлынның аяғын жерге тигізгені үшін екі құлды өлтірем», — деді. Сонда құлдар Құртқа кеткесін, екеуі кеңес құрады: «Бұл Құртқа бізді «өлтірем», — деді, — одан да Құртқаны біз өлтірейік. Қобыланды далада қарауылда жүр. Біз соған барайық. Құртқамен екеуін шағыстырайық. Қобыланды біздің тілімізді алады, сосын Құртқаны өлтіреді», — десті. Сонда екеуі Қобыландыға барып, көптің ішінде айтқаны: «Қобыланды батыр, сізге келдік біз, — деді. — айтар сөзіміз бар, тыңдасаңыз сіз», — деді. Сонда «Ал айтыңыз» дегенде:

– Сіз кеткесін далаға,
Біз қалдық бір пәлеге.
Төсегіңнің үстінде
Маралдай бір адам керілді,
Сыбыр-сыбыр сөйлесіп,

Сыңқылдасып күлісті,
Сосын келдік біз, – деді, –
Ендігісін білесіз дағы сіз, – деді.
– Көріп тұрған көз жаман,
Көп ішінде айтқан сөз жаман, –

деп, Сұр қызыл атқа мініп алып, Қобыланды жалғыз елге жөнелді.

Қобыланды батыр ақырды:
«Қайдасың, қаншық!» – деп,
Сонда Құртқаға бақырды.

Сонда Құртқа сұлу ұйықтап жатыр екен, жаулығын салуға шамасы келмей, көйлекшең жүгіріп далаға шықты. Алдында жай бұлты бар еді, бұны Құртқа көріп, Қобыландыға жақындап келгенде,

Құртқаны қамшыменен ұрады,
Ет-бауырынан өтеді,
Құртқа былай кетеді.
Талқан болып үстіндегі көйлегі,
Қып-қызыл қан еттерін
Жоса қылып кетеді.

Ет-бауырынан өткесін,
Құртқа жылай жүріп сөйлейді:
– Асыл туған алғаным,
Сенен өлсем болмайды –
Дүниеде менің арманым.
Ұлсыз, қызсыз демесең,
Күнәмді қой да мойныма,
Ұрып өлтір өзімді,
Неге ойдың менің көзімді?
Атаңа нәлет екі құл
Барып шағым салды ма?
Көп ішінде сөз айтып,
Бетіңнен тырнап алды ма?
Сыбыр-сыбыр сөйлесіп,
Сыңқылдасып күлісіп,
«Төсегінен өрді, – деп, –

Менің көзім көрді», – деп, –
Зұлымдар хабар берді ме?
Кер биені бақтырдым
Екі зұлым құлдарға,
Атаңа нәлет мұндарға.
Төрт аяғын тигізбей,
Топыраққа ал, – дедім. –
Жібектен көрпе мен бердім,
Тигізбей жерге ал, – дедім. –
Аяғының біреуі топыраққа тиіпті,
Тиген жері тас болып,
Шеміршекке батыпты.
Асыл туған ер, – деді. –
Жалған десең бұл сөзім,
Қасына барып құлынның
Аяғын өзің көр, – деді.

– Алып кел, – деп, – құлынды, –
Сонда Қобыланды ақырды.
Сарайда тұрған құлынды
Алып келіп көрсетті.
Аяғы тасқа тиіпті,
Шеміршекке таңба батыпты.

Сонда Қобыланды таңбаны көргесін, бір адамды қоя берді «Екі құлды қуып кел», – деп. Құлдарды қуып келгесін, ұрып-соғып, екі құлды бір ағашқа байлап қойды.

Сонда келтірді келісін,
Тірілей сойып терісін.
Құртқа құлынды сайлады,
Сарайға салып байлады.

Сол құлынды өсіріп, ешкімге көрсетпей жасырып бақты. Сонда Қобыландының жолдастары: «Япыр-ай, бұл құлынды неге көрсетпейді, жасырып мінгізетін адамы бар шығар», — деп Қобыландының қасында тұрып айтады. Сонда Қобыланды ұшып тұра келіп: «Ол құлынды қай жерде мінермін», — деп, үйіне жетіп келіп: «Құлын қайда? Алып кел, мінейін!» — деп ақырды. Сонда Құртқа сұлу үйден құлынды алып шығып, жүгенін салып: «Мініңіз», — деп, Қобыландыға береді. Қобыланды мініп алғанда, құлын Қобыландыға қарамастан ұшып шауып алып жөнеледі, алдынан бір дарияға кездеседі, ол дариядан бір қарғығанда ортада тұрған төрт көлге барып түседі. Төңірегі мол еді, айдын судың ортасында тұрған бір бөлек су сол еді, одан әрі құлын ешқайда жүрмеді, құлынның басында жүген жоқ, ұрайын десе, қаруы жоқ. Қобыланды бір ой ойлады: «Е, жолдастарым мені алдап, далаға асырып жіберейін деген екен, әй, сені ме, Құртқа, барғасын сенің де басыңды кесермін», — деді. Сосын құлын қайта бір қарғып еді, сыртқа келіп түсе қалды. Сонда баяғы өзін байлаған жерге, шауып ауылына келді. Жақындап келгесін дарбазаның аузы ашылды, құлын шауып кіріп кеткенде, Құртқа сұлу: «Бір жері ағашқа ұрылар», — деп, Қобыландыны көтеріп алып қояды. Қобыландының түсі бұзылып қалған екен, енді Құртқа сұлу Қобыландыға сөйлей бастады:

— Асыл туған сұлтаным,	Төрт көлдің тұрып басында
Қалай екен мінген тарланың?	Келді ме ашу қасында,
Құлын бастан еткені	Тарланның қайраты
Көтеріп сізді кеткені.	Біле білсең осындай.
Дариядан қарғып асты ма?	Бұл тарланды баққаным,
Ортадағы төрт көлді	Беске жасы толсын, — деп, —
Аяғымен басты ма?	Сізге көлік болсын, — деп.

Сонда Қобыландыға ой түсті: «Япыр-ай, бұл Құртқа үйде отырып, менің төрт көлде тұрып, кейігенімді қайдан білді? — деп, — енді мен бұл Құртқаға тимеймін, Тарланды жақсылап бағып өсіре берсін», — деп ашуды қояды. Құртқа сұлу бір сарайға салып, Тарланды баға береді, не құлқын тор құнанын таба берді. «Етіне қатаң тиер», — деп сыртына мақпалды жаба берді, жібектен шылбырды таға берді. Тор құлын екі жасар құнан болды. Қобыландының қасындағы қырық жолдасының біреуі Ақшаханға хабар берді:

— Қобыландының бір құнаны бар, жер басқанға болатын емес, қалай етіп аласыз, сіз, оны? — деді.

— Естіп келдім хабарын мен, — деді.

Сонда Ақшахан:

— Япыр-ай, қалай қылып алармын ол құнанды, не өлтіруге, не алуға? — деді. Хабар айтқан кісі:

— Мен бір айла табармын, — деді. — Сіз жалғаннан той жасаңыз, соған қара атыңызды жаратып бәйгеге салыңыз, алты айлық жолға, әбден күйге келтіріңіз, сонда бұл алты айлық жолға ол торы шыдамай өліп қалады және ол торыға минуте бала бермеңіз, Қобыландының өзі мінсін, — деді.

Оны Ақшахан: «Бәрекедді», — деп, қош көрді, жалғаннан той жасады. Құртқаға той болатынын білдірмейтін болды. Ақшаханның Қобыландыға қастығын бұрын Құртқа білуші еді, сосын бір адамға мал беріп: «Ақшаханның қастық ойлайтынын біл», — деуші еді. Ол адамы — Бибіжан деген әйел еді. Әлгі «ат шаптырып, жалғаннан той жасаймыз» деген әңгіменің ішінде сол Бибіжан да бар еді, ол бәрін естіп отырды. Өзі тілеуші пақыр болып жүруші еді. Ол хабарды Құртқа сұлуға айтып келді:

— Бүгіннен бастап Ақшахан қара атын бір айға жарататын болды, соған сіз де атыңызды баптай беріңіз, соған тор құнанды қалай да болса қосамыз, — деді. — Және бір сыр айтайын, ноғайлыдан асылы бала мінгізбейтін болды.

Сонда Құртқа сұлу: «Жақсы», — деп қала берді. Тор құнанды жақсылап баға берді. Ақшахан той қылатын болады, үш күн қалған кезде Қобыландының қасындағы жолдастары кеңес құрады:

— Япыр-ай, осы Ақшаханның қара аты жүйрік болғанымен тор құннаннан оза ма? — деп. — Жоқ, біз осы тор құнанды Ақшаханның қара атымен қосып сынайық, — деді. Сонда қырық кісінің аузы бірдей, оны Қобыланды көріп күндейтін еді. Сонда тұрып айтты:

— «Қосамыз» дегенімен, оны Құртқа сұлу бермейді, әйел деген сұм болады, оны бес жасқа толғанша бағады. Оны басқа біреуге берейін деп жүрген болар, — деді біреулері. Сонда Қобыланды ұшып тұра келіп:

— Бір қатыннан бір атты ала алмайды деген не? Мен оны алып, бәйгеге қосам, — деді. Сосын атқа мініп үйіне келіп:

— Қайда құнан? Әкел, бәйгеге қосам, — деді. Сонда Құртқа құнанды жетелеп әкелді. Үстіне мақпал жапқан, жібекпен белін таңған, жібектен шылбыр таққан құнанды ноқтасынан ұстап жетелеп әкелді. Сонда Құртқа сұлу Қобыландыға жауап айтады:

— Артық туған сұлтаным,
Мінеки, тақсыр, тұлпарың.
Ноғайлы бала бермейді,
Атқа шауып желпілдеп,
Екі аяғың салпылдап,
Бәйгеге шаппа сіз, — деді. —
Қалаға жақын барғасын,
Алдыңнан толып жатқан қыз келер,
Қайырылмаңыз сіз, — деді. —
Сосын келер алдыңнан
Көп жиналған келіншек,
Бәрі бірдей шақырар,
Шақырса да бармаңыз,
Олардың тілін алмаңыз.
Өңкей келер жас жігіт
Бәрі бірдей алысып,
Жағаласып жарысып,
«Батыр Қобылан, кел, — дейді, —
Ойналық енді біз, — дейді, —
Барасыз қайда сіз?» — дейді.

Аттың басын бұрмашы,
Жігіттерге қарай тұрмашы.
Онан соң келер ақсақал,
Сақалының ағы бар,
Сөйлесетін ішінде
Олардан да жақсы тағы бар.
Солармен сөйлесіп жүре бер,
Батырым-ау, сіз, — деді. —
Мынау тұрған тор құнан,
Жылқы озбайды тақымнан.
Ол қалаға барғасын,
Жылқы тұрған амбарға
Кіргізеді сіздерді.
Көрейін деп Ақшахан
Келіп тұрар қасыңа,
«Отырған жайың кең бе?» — деп.
Жылқы сыйған амбарға
Сыйдық, енді, біз, — деші, —
Мазамды алма, сен, — деші, —
Сосын шығып кетер Ақшахан.

Содан соң тағы былай деді: «Сонда сізді шақырып алып, ноғайдың жүн сыятын амбарына апарып отырғызар, сонда да шешінбе, сонда келіп тағы сұрар: «Отырған жерің кең бе?» — деп. Сонда: «Рақат, жақсы, жайлы, — деп айтыңыз, — «Ноғайлының жүні сыйғанға сыймайтын біз бе?» — деп отыра бер. Сізді жақсы бір сарайға кіргізер, онда да отырарсыз көсіліп, екі аяғыңызды шешініп, сонда қыз жіберер, келіншек жіберер, жігіт жіберер. Бұлардың бәрі — «балалығы, жастығы бар ма екен», — деп сынау үшін істер және өзі дидарыңды көру үшін істер», — деді.

Той болып тарқады, ертеңіне ат шабатын мезгіл болды. Осы кезде Ақшахан қара атын шығартып: «Алты айлық жерден шабам», — деп хабар береді. Қобыланды бала сұрап еді, «Мінетін бала жоқ» деген сылтаумен ноғайлыдан бір бала да бермеді. Қобыланды батыр жолдың шетіне шығып жалғыздығы есіне түсіп, бір ауыз сөз сөйледі:

— Ағайын-туған менде жоқ,
Есіркейтін пенде жоқ.
Алдымда туған аға жоқ,
Ағайын-туған және жоқ,
Өзімнен туған бала жоқ,
Енді нешік етерге,
Жолықтым-ау бекерге.
Атаңа нәлет жалғыздық,
Менен де шығып кетер ме?!
Ноғайлының баласы,
Емессің бе ағайын?
Жасың үлкен ақсақал,
«Бала бер», — деп айтайын
Қара Қыпшақ ноғайға.
Сонда ноғайлының баласы
Біреуі жақын келмеді,
Жаннан қорқып шамасы.

Сонда Қобылан қасына
Қошабай деген бір бала

Жетіп келді қасына:
— Рұқсат берсең, жан аға,
Мінейін атқа мен, — деді.
— Мінем десең, шырағым,
Берегірек кел, — деді.
Сонда тұрып Қошабай:
— Мен айтайын әкем жоқ,
Туған шешем және жоқ.
Өзімнен басқа үйімде
Қыбырлайтын адам жоқ,
Сен үшін өліп кетейін,
Атқа мінбей не етейін?!

Сонда Қобыланды қуанып,
Қошабайды атқа мінгізді,
Үстіне жібек кигізді.
«Ешкім келмес, — деді, — қасына,
Егер кісі келсе қасына,
Көрерсің жерде басын-ай».

Алты күндік жерден барып ат шапты, үш күн дегенде Қошабайдың алдынан Ақшахан келіп: «Біздің қара атты көрдің бе? — деді. Сонда Қошабай Ақшаханға жауап берді:

— Шабыстан атың танды деп,
Үш күндік жерде қалды деп,

Тор құнан ұшқан құстай боп,
Өте шықты қасынан.

Қошабай мен Қобылан бәйгені алып болғасын, елге қарап жүріп келе жатқанда, күймелі арбамен қыз-келіншекті ертіп, алдынан пар жеккен жорғамен қатыны шықты. Қобыланға Құртқа сұлудың айтқаны:

— Қайырлы болсын, сұлтаным,
Байрақтан келген тұлпарым!

Ақсұңқарым, келдің бе,
Ақшахандай зұлым хан

жүре берді. Алшағыр қалмақ Қобыландыға: «Оның бес қасқа деген ерлері бар. Айқасқа мен Байқасқа, Көкемби қасқа мен Көкқасқа, аяғында толып жатқан көп қасқа.

Елден бір бөлек жатқан ел, — деді. —
Өзі бір мықты жер», — деді.

Қырық күндік көлдің шетіне жиырма күндік жер барғанда, батырлар ере алмай кейін қалады.

Жалғыз өзі Қобыланды
Ілгері кетіп барады.
Бір жерлерге келгенде,
Ұйқысы келіп қалады.

Анық ұйқысы келгенде,
Алты күн жатып ұйықтап,
Ұйқысы сонда қанады.

Өзі ұйықтап жатқанда Тобылғы менді торы аты жерді тепкілеп оятты. Қобыланды оянып, басын көтеріп қараса, кетіп бара жатқан бір құланды көрді. Сонда Қобыланның оғының көзі бар еді, жеті қырдың ар жағынан барып тиюші еді. Қобыланды атып болғасын, өліп жатқан болар деп келіп қараса, оғы жатыр, құлан жоқ. Сонда Қобыландының айтқан сөзі:

— Көзім, сенен қате болды ма,
Шамасын білмей аттым ба?
Қолым, сенен қате болды ма?
Бұл ұйқының зардабынан
Буыным босап қалды ма?
Тобылғы менді торы атым,
Жануар, адым аша көр,
Аяғыңды баса көр!
Манағы жүрген сұр құлан
Жансыз болып қалмасын.
Атаңа нәлет ит қалмақ
Бекініп сүйтіп аламысың.

Құлаштап аттап баса көр,
Адымыңды аша көр.

Тобылғы менді тор атқа
Қамшыны енді басады,
Құмнан зырылдап өтеді.
Құмның арғы шеті шың еді,
Шыңға таман жетеді.
Шыңның шықты басына,
Манағы жүрген сұр құлан
Барған екен жолдасының
қасына.

Қобыланды тауға шыға бергенде, бес қасқаның біреуі Байқасқа қасына жетіп келіп сөйлей берді:

— Жапанда жүрген баласың,
Жарқыным, қайда барасың?
Балдырғандай жас бала,
Білмеймісің шамаңды,
Танымайсың ба мендей бабанды?
Менің атым — Байқасқа,
Сені қойман алмасқа,
Баласың не еткен сен? — деді. —
Өлмеймін десең де өлесің,
Ат-жарағың бер, — деді. —

Жаным ашып мен тұрмын,
Кете бер елге сен, — деді.

Сонда Қобылан сөйледі:
— Асылымды сұрасаң,
Мен бір ноғай деген ел едім.
Ол ноғайдың ішінде
Қара Қыпшақ деген мен едім.
Әкемнің аты — Қыдырбай,
Қобыланды деген мен, — деді. —

Издегенім сұрасаң,
 Қозғалмас ханның елі еді.
 Ақылы жоқ қалмақтар
 Қаза айдаған келеді.
 Жаның ашып сен тұрсың,
 Ат-жарағың бер, — деді,
 Кетейін алып мен, — деді.
 Ішінде бар да ақ сауыт,
 Сыртыңда бар да шарайна,
 Басыңда бар да дулыға.
 Кезек бердім мен, — деді, —
 Ата бер, қалмақ, сен, — деді.

Қарсы тұрды қақшиып,
 Тайсалмастан бақшиып.
 Сонда қалмақ байқаса,
 Толайына¹ қол салды,
 Атайын деп оңталды.
 Бір атқанда үш атты,
 Үш оғын бірдей бос атты.
 Киімінен өтсе де,
 Етіне дарып кетпеді.
 Сауыт пенен шарайна
 Оған да оғы батпады.

Сонда Қобыланды сөз сөйлей бастады:

— Байқасқа қалмақ, сен, — деді, — Атының басын тартпады,
 Атамын енді мен, — деді. Еліне қалмақ қайтпады.
 Атқан оғым өтеді, Қалмақ тұрды қақшиып,
 Басың жерге кетеді. Екі көзі бақшиып.
 Неше қасқа болсаң да, Сонда Қобыланды оқ атты,
 Жолдасыңа бар, — деді. — Атқан оғы өтеді,
 Қатының мен балаңа Қалмақтан өтіп кетеді.
 Өлемін деп хабар айтып кел, — деді. — Ар жағында бір төбе,
 Қайта келмесең сен, — деді, — Тостағандай төңкеріп,
 Өлтіремін мен, — деді. — Ол төбеден де өтеді.
 Қорықпасаң, қалмақ-ау, Ар жағында бір тауға
 Енді кезек бер, — деді. Тағы да еніп кетеді.

Сонда қалмаққа Қобыланды батыр ақырды:

— Тағы қапы қалмаңдар, — деп, — Сонда Қобыланды ақырды,
 Қалғандарын шақырды. Елуін бірдей жапырды.
 Сонда Байқасқа өлгесін, Қыра берді ер Қобылан
 Артынан келді баршасы. Тоқтамай-ақ кәпірді.

Сонда бір бала ортаға келмей, шетте жылап тұрады:

Қырық тоғызын сояды,
 Жоқ қылып Қобыланды қояды.

Сонда бала Қобыланның қасына келіп, сөйлей бастады:

— Бала едім мен, — деді, — Елу кісі баршасы
 Артымдағы еліміз Қалмақтан шыққан ел — деді. —
 Жеті күндік жер, — деді. — Бұл ерлерге еріп

¹ Толай — қорамсақтың бір түрі.

Шығып едім мен, — деді. —
 Мен ақылдан торықтым,
 Өлгенін ерлердің көргесін,
 Енді сізден қорықтым.

Сонда Қобыланды:
 — Олай болса, сен, — деді, —
 Еліңді баста, жүр, — деді, —
 Өлтіремін мен — деді, —
 Елің қандай ел? — деді.

Сонда бала айтады:
 — Қалмақтың мұнда қоры бар,
 Істеп жатқан тойы бар.
 Тілімді алсаң бармағын,
 Асыл Қобылан, сен, — деді. —
 Жеті күндік жер, — деді, —
 Бастаймын тура мен, — деді. —
 Ата менен анам бар,
 Аға менен іні бар.
 Бұл тілегім берсеңіз,
 Туысқан, туған-ағайын
 Соны өлтірмей берсеңіз.

— Баста тура сен, — деді, —
 Аудармай елге апарсаң,
 Өлтірмеспін оларды мен, — деді, —
 Біреуіне тимен мен, — деді.

Алдына түсіп желеді,
 Қозғалмас деген хан еді,
 Жеті күнде жетеді.
 Қаланың көрді шамасын,
 «Жиып ал», — деп Қобыланды
 Тастай берді қасында
 Манағы жүрген баласын.
 Қозғалмас ханның елімен
 Қаласын алды талқандап.
 Шұбыртып қатын-баласын,
 Қозғалмастай хандардың
 Жеті күнде алып болды-ау шамасын.
 Жетім-жесір шұбыртып,
 Айдады сүйтіп қарасын.
 Үш қонып сыртқа шыққанда,
 Бұрынғы қалған қырық кісі
 Сонда келді шамасы.

Сол күні Қобыланды батыр ұйықтап жатып бір түс көрді, түсінде жа-
 ман іс көрді. Ол түсін жолдастарына айтты:

— Әкем еді — Қыдырбай,
 Қуарып жүзі солыпты,
 Нағыз мұңды болыпты.
 Әкем жүр ошақтың қасында,
 Жерде жатыр басында
 Түс көрдім жаман осындай.
 Ақарудай анамыз
 Аяғында шарық-ты,
 Құрым қалпақ басында,
 Тыя алмай жүр көздің жасын да,
 Қайғысы болды-ау осындай.
 Ақ Құртқадай алғаным,
 Болыпты қатты арманым.
 Аты әйел болғасын,
 Неге келсін дәрмені.
 Егізім еді Хансұлу,
 Ат артына мініпті.
 Шұғадан жабылған
 Туырлығын қарасам,

Тоқымдыққа тіліпті.
 Үйде тұрған қазынаны
 Жабыла қалмақ киіпті.
 Артымдағы дүние
 Сондай мүшкіл¹ болыпты.
 Аспанға шаңын шығарып,
 Тоғайда жатқан көп малды
 Қалмақ айдап қуыпты.
 Мен ілгері кетейін,
 Атама сәлем берейін,
 Анамның жүзін көрейін.
 Егізім еді Хансұлу,
 Жолығып жауап берейін.
 Алған жарым ақ Құртқа,
 Оның да жүзін көрейін.
 Жетім менен жесірді
 Сіздер айдап келерсіз,
 Енді мен елге кетейін.

¹ Мүшкіл /а/ — қиындық, ауырлық, қыспақ.

Сонда Қобыландының бір жолдасы сөз сөйледі Қобыландыға:

— Барарсың, Қобылан, сен, — деді. —
Кеткенің тастап болмайды
Енді бізге жөн, — деді. —
Жерошақта атаң бір тұрса,
Шулап тағзым етерге.
Басы жерде бір тұрса,
Ұйықтап төсегінде бұл жерге.
Ақарудай бәйбіше
Шарық кесе аяққа,
Болған шығар кебіс-ті,
Дүниесі болған тегіс-ті.
Хансұлудай егізің
Ырғытып жорға мінген-ді,
Құбылтып торқа¹ киген-ді.
Салтанатын бұл көріп,
Тәрбие көріп жүрген-ді.
Алған жарың ақ Құртқа
Құбылып жүзі бұл солса,
«Алғаным қашан келер, — деп, —
Тілекті Құдай берер», — деп, —
Мұңайып ол жүрген-ді.

Олардың айтқан жауабы
Қобыландыға жарамай,
Кететін болды қарамай.
Тобылғы меңді торы аттың
Елге басын қаратты.
Құлан да емес,
Құс та емес,
Құйын да емес,
Аң да емес,

Ат жүрмеген соң, Қобыланды қылышын суырып алып: «Алшағыр қалмақ жерді шауып, алған жерін тастап қашқан екен, жетпіс күндік жерге асқан екен», — дейді. Аттан түсе қалып жерді сипап қарады, қазықты тартып қолға алды, отыра алмай долданды. «Ат қазықтан кетпейді» деген сөз осыдан қалған екен ғой. Қобыланды батыр аттың ерін алып тастай беріп, жан-жағына қарады.

Отыра алмады кідіріп,
Маңдайдан тері шұбырып.
Ағарып таң атқанда,
Биік дөңге көз салса,
Бесоба деген дөң екен.

Адам көрген жан емес.
Ашылып кетті арасы,
Көрінбей кетті қарасы,
Жылқының ондай болмас баласы.
Сексен күндік жол еді,
Сегіз күнде келеді.
Ай қараңғы, күні бұлт,
Сонда торы ат тұрады.
«Не болды, — деп, — торы атқа?»
Сонда Қобылан ұрады.

Сонда торы ат сөйлейді:
— Елден шығып кеткелі
Ауыздығымды алмадың,
Басымды жерге салмадың.
Арқа терім іріп тұр,
Артқы оқпаны еріңнің
Қыр арқама кіріп тұр.
Арқадан аққан қанды ірің
Бақайыма жетіп тұр.
Борбайымның қоңы жоқ,
Бұл мойнымның жалы жоқ,
Жүруге менің әлім жоқ,
Жирен деген көліңді,
Қалмақ алған еліңді.
Ақ Құртқадай арудың
Қаққан алтын қазығы,
Қазықтан тұрмын кете алмай.
Шамданған соң жеріңе
Қалғаным жоқ жете алмай.

Ешкіқырған деген
Биік тау екен.
Тұрған жерге көз салса,
Жирен деген көл екен.

¹ Торқа — қымбат бағалы седдір, жібек мата.

Сонда Құртқа кетерінде қазыққа қағаз жазып байлап кетіпті. Ару болса не қылсын, ықтиярсыз қалмақ айдаған екен.

«Тірі болса алғаным,
Шырын-шекер, балтатқан,
Тар төсекте бір жатқан,
Ибалықпен сөз сөйлеп,
Наздықпенен көсілген,
Қынай бұған тар белім
Суық қолға шешілген.
Тірі келсе алғаным,
Қырымға хабар бұл салсын,
Қырымнан байтақ ер алсын,
Сөйтіп келіп кек алсын,
Бір екі күн жатып демалсын.
Қарындасы Хансұлу
Ат артына мінілді,
Үстіне киген қамқа тон
Сауырына¹ аттың жабылды.
Бір көруге зар болып,
Егізі сондай сағынды.
Жібектен тартқан желісі²
Қылышпенен кесілді.
Туырлығын қараса,
Тоқымдыққа тілінді.
Үйде тұрған қазына
Бұған да қалмақ киінді.
Атасы еді Қыдырбай,
Жерошақта бұл қалды.
Анасы еді Ақару,
Қолында қалдытаяғы.
Сарықтың кетіп соңында,
Ерік кетіп меңдеген,
Жаным тек тұр өлмеген».
Сол жауапты есіткесін,
Қобыланды атын ерлеген.
Анасынан туғалы
Мұндай жапа көрмеген.
Тобылғы меңді тор атпен
Қалмаққа басын қаратты.
Құлдан да емес, құс та емес
Ойға келсе орғыған,

Қырға келсе қарғыған,
Атқан оқтай зырлаған,
Жерді басып тұрмаған.
Түлкі жүрмес түлейден³
Түнде желіп өтеді.
Қарсақ жүрмес қалыңнан
Қақап өтіп кетеді.
Жетпіс күндік жол еді,
Жеті күнде Алшағыр
Шаһарына⁴ барып жетеді.
Шаһар шетіне келгенде,
Бес сарықтың соңында
Қаңғырып жүрген анасы.
Анасына сөйлейді
Қобыландыдай баласы:
— Жасы жеткен анамыз,
Жоқ па еді туған балаңыз?
Бұл жастарда қой бағып,
Келе ме, шеше, шамаңыз?
Мойның болып ырғайдай,
Битің болып торғайдай,
Құрым қалпақ басыңда-ай,
Тыя алмай көзден жасыңды-ай,
Аяғыңда кең шарық,
Болыпсың нағыз шын ғаріп?
Қолыңдағытаяғың
Көсеуменен тең екен,
Сұмырай кемпір, аяғың.
Алладан тілек иманың,
Пайдасы болмас жиғанның.
Кетіпсің сен деген,
Нең қалды енді өлмеген?!

Сонда кемпір егілді,
Көзінің жасы төгілді:
— Алғаным еді — Қыдырбай,
Қыдырбайдың тұсында
Мақпал менен паршадан
Пішуші едім түндікті.

¹ Сауыр — малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

² Желі — ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кеңдір арқан.

³ Түлей — жабайы өскен қалың жыныс тоғай.

⁴ Шаһар /а/ — қала.

Сары аяқпен сапырған,
 Сары балды ішірген,
 Тұсыма мейман түсірген,
 Менің немді сұрайсың?
 Құлыным кетіп далаға,
 Қысырақтай жамыраған,
 Қозылы қойдай маңыраған,
 Құлынымнан айырылып,
 Мен сорлымын аңыраған.
 Айналайын жан бала,
 Мазақтама өзімді,
 Кез келген қалмақ ояды
 Мынау менің көзімді.
 «Құлының, шеше, мен», — деді. —
 Әркім мазақ еткесін,
 Мендей сорлы сенбейді.
 Мен тарығып жүргенде,
 Құлыным менің келмейді,
 Тілекті Құдай бермейді.
 Қай бағының гүлісің,
 Қай патшаның ұлысың?
 Қай базардың бұлысың,
 Айналайын қарағым?
 Ат үстінде баласың,
 Тірі көрсең Қобыланды,
 «Осындай болды анаң», — деп, —
 Өзің хабар айтарсың.

Сонда Қобылан сөйлейді,
 Сөйлегенде бұй дейді:
 — Айналайын қарт ана,
 Маған берші, сен, мама.
 Тістеулі тұр бармағың,
 Қанша ауыр болсаң да,
 Жеңіл екен салмағың.
 Шеше, берші маманды,
 Танымайсың ба біздей жалғыз
 балаңды.

Егізім қайда Хансұлу,
 Мен дидарын көрейін.
 Алған жарым ақ Құртқа,
 Мұнан да хабар алайын,
 Қайдан іздеп табайын?
 Сонда кемпір егілді,

Көзінің жасы төгілді:
 — Айналайын қарағым,
 Құлыным менің сен емес,
 Сен қылма мені келемеж.
 Меңзетемін¹ сөзіңді,
 Танымаймын өзіңді.
 Алшағырдың қасында
 Келінім Құртқа тұрғасын,
 Жылай-жылай ағарды
 Екі бірдей көзім де.
 Айналайын қарағым,
 Танымаймын мен, — деді. —
 Бес саусақтың қалы бар,
 Көрмей сенбен мен, — деді, —
 Мазақтама сен, — деді.

Сол уақытта Қобыланды
 Атынан түсе қалады.
 Бар киімін шешініп,
 Сыпырып жерге салады.
 Сонда кемпір келеді,
 Ойға түссе: «тізем», — деп,
 Өрге шықса: «белім», — деп,
 «Баяғы, әттең, күнім», — деп,
 Құлынын көзі көргесін,
 Құшақтай алып мойнынан,
 «Құдай маған берді, — деп, —
 Қарағым қайдан келді?» — деп,
 Ақ жүзінен бір сүйіп,
 Сонда кемпір жығылды.
 Түсі кетіп бозарып
 Бір азырақ жатқасын,
 Есін жиып алады.
 Есін жиып алғасын,
 Сонда кемпір сөйлейді:
 — Қабыл екен тілегім,
 Кірді, — деді, — реңім.
 Бітсе де бүгін сүрегім²,
 Құдай алса ризамын.
 Шығып мүйіз басыма,
 Жетіп көкке тіреуім.
 Алшағырдай қалмақтың
 Жеті қатар қазған оры бар,
 Ор ішінде жиған торы бар.

¹ Меңзетемін — ұқсатамын.

² Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Жеті қатар жебе бар,
 Болаттан қаққан шеге бар.
 Отыз аршын қаласы бар,
 Бер жағында балшық сор.
 Ат шаппайтын жері бар,
 Қалмақтың мұнда торы бар.
 Осыдан барып сен өлсең,
 Маңдайымның соры бар.
 Қарың қайда болса, қатының сонда.
 Қырымға бар да хабар сал,
 Ноғайдың байтақ ерін ал,
 Қайтып кел де, кегің ал,
 Қарағым, менің тілімді ал.

Сонда Қобылан ер еді,
 Жүгіріп атты ерледі¹,
 Ашуменен терледі.
 Анасынан туғалы
 Мұндай жапа көрмеді.
 Құбылтып енді желеді,
 Дөңгелентіп келеді
 Ақ бұлттың үстімен,
 Көк бұлттың астымен.
 Алшағырдың қатыны
 Сол күні түнде түс көрді,
 Түсінде жаман іс көрді.
 Сонда түсін айтуға
 Байына қатын жүгірді:
 – Бүгін мен бір түс көрдім,
 Түсімде жаман іс көрдім.
 Күнбатыстан келді көк бөрі,
 Ойда жатқан отыз қой
 Отызын бірдей ол жеді.
 Қырда жатқан қырық қой
 Қырқын бірдей ол жеді.
 Алты бағлан ақ қозы
 Алтауын бірдей ол жеді.
 Жабағылы көк саулық
 Көтеріп тұрып ол жеді.
 Ай мүйізді көк қошқар
 Тамағынан оны алды,
 Мойнын бұрап ол салды.
 Күншығыстан қара бура ол келді,
 Даусы шықты күркіреп,

Қалмақ қашты дүркіреп.
 Жалғыз қызың Ибажан
 Дауысы шықты шырқырап.
 Бір құба үлек² бұл келді,
 Ол қалаға аунады,
 Кесегі қалмай құрады.
 Қалмақ халқы шулады,
 Жамыраған қойдай маңырады.
 Бір айдаһар бұл келді,
 Қалаға келіп ысқырды,
 Ен қалмақты тықсырды.
 Отырған жері ой-шұқыр,
 Басқан жері май шұқыр.
 Бес өгіздің терісінен
 Қолына қамшы етіпті.
 Құнан пілдің сырт қайысын
 Атына тізгін етіпті.
 Малды иесіз деп пе едің?
 Малдың да иесі жетіпті.
 Осы түсім жаман түс,
 Күнбатыстан көкбөрі
 Қобыланды батыр болмасын.
 Ойда жатқан отыз қой
 Отыз төрең болмасын.
 Қырда жатқан қырық қой
 Қазы, мүфти болмасын.
 Алты бағлан ақ қозы
 Алты балаң болмасын.
 Жабағылы көк саулық
 Біздей сорлық болмасын.
 Ай мүйізді көк қошқар
 Сұлтаным өзі болмасын.
 Өз орданда өкіртіп,
 Ор қояндай шалмасын.
 Шулатпасын балаңды,
 Қиратпасын қалаңды.
 Айдаһардай ысқырып,
 Ен қалмақты тықсырып,
 Отырған жері ой-шұқыр,
 Көпшіктері болмасын.
 Басқан жері май шұқыр,
 Үзеңгісі болмасын.
 Үзеңгі майдай еріліп,
 Ер келмесін тебініп,

¹ Ерледі – ерттеді.

² Үлек – асыл тұқымды бура түйе.

Жалмауыздай емініп,
Бес өгіздің терісі
Белдігі берен болмасын.
Құнан пілдің терісі
Белдегі садақ болмасын.
Басыңа күн тумасын,
Біз секілді бейбақты
Сабап қойға қумасын.
Байлаулы атың баптай көр,
Қылышың болса таптай көр,
Найзаң болса саптай көр.
Осы түсім жаман түс,
Осы айтқаным келмесін.

Хансұлудың көргенін
Жаратқан жан көрмесін.
Сонда Құртқа сұлуың
Үйден шықты жүгіріп,
Отыра алмай кідіріп.
«Құдай маған берді ме екен,
Сұлтаным бүгін келді ме екен?»
Қалаға шықты өрмелеп,
Екі қолын сермелеп.
Көзінің төгіп жасын-ай,
Қаланың шықты басына-ай.
Жасын тыйып алады,
Төңірекке көзін салады.
Көк бұлттың астында,
Ақ бұлттың үстінде
Құбылып ойнап келеді.
Тобылғы меңді тор атты
Сонда Құртқа көреді.
Қобыландының алдында
Жай бұлты бар еді,
Қызыл мұнар жел болып,
Алдынан оның келеді.

Сонда Құртқа сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Айналайын алғаным,
Келгенекен қалаға,
Көрді ме екен анасын,
Емді ме екен мамасын?

Көрді ме екен енекем
Туған жалғыз баласын?
Шығарып алып мен қойдан,
Мақпал мен парша піштірсем,
Тұсынан мейман түсірсем,
Сары аяқтан сапыртып,
Сары балды іштірсем.
«Ұлсыз, қызсыз өттім», — деп,
Мен бейарман¹ болмаймын
Жалғанша сенің жүзіңнен.
Келген екен ізімнен
Қыдыр ата² жар болып.
Қырық шілтен³, қолдай көр,
Алдында туған аға жоқ,
Артындатуған іні жоқ,
Есіркейтін пенде жоқ,
Өзінен туған бала жоқ,
Алладан басқа пана жоқ.
Жалғызымның жолына
Жанымды айттым құрбан-ды.
Құдай нашар қылғасын,
Нешік айла етерге
Жолығып тұрмын бекерге.

Сонда Қобыланды жетеді,
Жеті қатар қазған ор
Ат қарғытып өтеді.
Жеті қатар жебесін
Атып талқан етеді.
Ойда жатқан төресін,
Төренің ұрды енесін.
Алты бірдей баласын
Алты жерде шалады.
Жабағыдай көк саулық
Қырға қарай құлады.
Алшағырдай қалмақты
Ор қояндай өкіртіп,
Ордасында шалады,
Өлтіріп кегін алады.
«Қарындасым қайда?» — деп,
Көп қалмақты аралап,
Бірнеше күн қарады.
Кең тоғайдың ішіне

¹ Бейарман /п/ — армансыз, мұңсыз.

² Қыдыр ата — ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші.

³ Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

Көп жылқыға таман барады.
Тігулі тұрған жолым үй,
Жолым үйге қарай барады.

Тесігінен сығалап
Жолым үйдің ішін қарады.

Үйдің ішіндегі отырған құлдар: «Біздің қолымыз аяқты көтере алмайды, ауыр», — деп, Хансұлуға көтертіп, қымыз ішіп отыр екен. Хансұлу:

«Осылай ма еді бергенің,
Қорлық болды-ау көргенім,
Мұнан жақсы болар еді өлгенім», —

деп ойлап отырып, тесіктен сығалап тұрған Қобыландыға көзі түсіп кетеді. Қымыз ішкізіп отырған құлдың басына зеренмен¹ салып қалады, қымыз төгіліп қалады, құл жазғанның өзі аппақ қымыз болады.

Ұрғаннан соң Хансұлу,
Үйден шығып жөнелді.
Сонда құлдар ақырды,
Хансұлуды шақырды:
«Қашпа, сорлы, сен, — деді, —
Шығармаймын үйден мен, — деді. —
Құтылармын дейсің бе,
Қашқанменен сен?» — деді.

Осылай деп құлдар сөйледі.
Үйден шығып алғасын,
Хансұлу қайтып келмеді.
Жалғыз шыққан құлды қырады,
Құлдарды Құдай ұрады.
Отыз құлды қырғасын,
Үні шықпай үйде тұрады.

Сонда Хансұлу Қобыланға жақындап келіп, сөз сөйледі:

— Айналайын жан аға,
Келдің бе Алшағыр салған қалаға?
Жолықтың ба, ағеке,
Бес сарықтың соңында
Қаңғырып жүрген анаға?
Алшағырдың қасында
Жеңешемді көрдің бе?
«Егізім менің қайда?» — деп,
Мені іздеп келдің бе?
Қабыл екен тілегім,
Жаңа кірді-ау реңім.
Шығып мүйіз басыма,
Жетіп көкке тіреуім.
Біздің көрген жәбірді
Мұсылманға бермесін,
Жаратқан ынсан көрмесін.
Егер кетсең далаға,
Мені қоя көрме қалаға.
Бір шыбындай жаным болсын

Жолыңа, көке, садаға.
Алтын басым күң болды,
Менің теңім құл болды.
Кетіп өзің далаға,
Иесіз дүниенің тұл болды.
Үйде тұрған он құлдың
Қатты қолын бу, — деді, —
Сабап, тіпті қу, — деді.

Қобыланды артық ер еді,
Атынан түсе қалады,
Үйге таман барады.
Құлдардың қолын буады,
Құлға бір мүшкіл туады.
Манағы тұрған Хансұлу
Құлдарды сабап қуады.
Кезекті дүние деген бұл
Қалаға жақын келгесін,
Қалған құлды қырады.

¹ Зерен — ағаштан жасалған сәнді шұңғыл ыдыс.

Құлды қырып болғасын,
 Манағы тұрған Хансұлу
 Кідіріп сонда тұрады.
 Сонда тұрып Қобыланды
 Алдырады арбаны,
 Жорға менен күймені,
 Үстіне шатыр құрдырды.
 Хансұлудай аруға
 Кілең жібек кидірді.
 Алшағырдың қатынын
 Қойға салды күндікке,
 Қызын салды долыққа,
 Сөйтіп кегін алады.
 Алғаннан соң қаласын,
 Шулатқасын баласын,
 Қалмақтың көрді шамасын.
 Шешесіндей Ақару
 Бұған да арба жектіріп,
 «Жүрісі жайлы болсын, — деп,
 Оған да жорға жектірді.
 Ақ Құртқадай аруға
 Бұған да жегіп арбаны,
 Қатар жегіп жорғаны,
 «Үшеуі қатар болсын», — деп,
 Үшеуіне де торқа¹ кигізіп,
 Түсі бірдей жорғаны
 Үшеуіне жегіп парымен,

Бірнеше күн жол жүріп,
 Баяғы Жирен көл еді,
 Сол көліне қайырылып
 Қобыланды батыр келеді.
 Сол көлге келіп жағалап,
 Қонып қалды-ау шамалап.
 Қалмақтың би мен бегі еді,
 Қонып жатқан ел еді.
 Бәрі бірдей артынан
 Маңыраған қойдай өреді.
 Қаңғырып қалмақ келеді,
 Қобыландының шапқан жері
 осы еді.
 Жирен көлді мекендеп
 Қашаннан жатқан ер еді.
 Алшағырдың тұқымы
 Ол мұсылманға бағынып,
 Қара Қыпшақ болғасын,
 Ноғайлы деген сол еді,
 Ол ноғайлының елі еді.
 Соныменен ара қыпшақ көбейіп,
 Әбден біраз ел болды.
 Сонда Қобылан бірнеше күн
 тұрғасын,
 Жирен көлге қонғасын,
 Демін алып болғасын,

Қобыланды қасындағы қырық жолдасын ертіп алып, жауға жүрмек болады. Сонда шешесі Ақару Алшағырдан көрген қорлығын Қобыландыға айтып сөйлей бастайды:

— Асыл туған сұлтаным,
 Неше жыл болды мінгелі,
 Шаршамай ма шапқан тұлпарың?
 Беліңе буған көк берен²
 Сермесе кеспей қалмағын.
 Білмеймісің, перзентім,
 Алшағырдай қалмақтың
 Қойын бағып зарлаған
 Біз секілді бейбақты?
 Сүйтіп қалмақ қорлаған,
 Кетіп есім мен деген,
 Тек жаным тұр өлмеген.

Басқа біткен шашымыз
 Бір күндерде қуарды.
 Жасымыз жетіп меңдеген,
 Тек жаным тұр өлмеген.
 Кетпе, балам, сен, — деді, —
 Өз көзіңмен көр — деді. —
 Қолыңнан қаз да көм, — деді. —
 Ерік кетіп мен, — деді, —
 Дидарыңды бір көрмей,
 Жау ішінде шөлдедім.
 Жылай да енді жұбайым,
 Жар болсын енді Құдайым.

¹ Торқа — қымбат бағалы селдір, жібек мата.

² Берен — болат қылыш.

Ана десең, перзентім,
«Кетпе», — деп сенен сұраймын.
Жасым жетіп торықтым,
Ажал жақын секілді,
Мен өлімнен қорықтым.
Енді кетсең далаға,
Үстімізге жау қонар.
Күн тумай біздей анаға,
Біз секілді ғаріпті¹,
Зарлатып, балам, бола ма?!
Бұрынғыдай, қарағым,
Жүретұғын дәрмен жоқ,
Сіз кеткесін далаға.
Енді бізде арман көп, —
Деп кемпір жылай берді.

Сонда қарындасы Хансұлу
Жақын келді қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай:
— Айналайын егізім,
Алтын еді лебізің,
Қыдырбай еді бабаңыз,
Сіз кеткесін далаға,
Қалған иесіз қойыңыз.
Атымыз әйел болғасын,
Келсін неге шамамыз?!
Қалмақтың бақтық құлдарын,
Қиындықтың біз көрдік
Неше түрлі сұмдарын.
Өлтіріп кет, сіз, — деді, —
Қалайық өліп біз, — деді. —
Білесің бе, ағеке,
Жасы үлкен бабаңыз
Жеті жатта бұл қалды,
Келмеді-ау біздің шамамыз,
Баруға барма шамаңыз?
Құдай бізге қылғасын,
Жылаудан басқа болмады
Ешбір біздің панамыз.
Сорлы болған бауырдың
Оңбайтын ісін біліңіз.
Қолына түссем көпірдің
Қайғы түсер басыма.
Сіз бір қайтып келгенше,
Дидарласып көргенше,

Өзің ойлап қарашы,
Не келер оның қолынан?
Мынау тұрған анаңыз.
Сіз кеткесін далаға,
Көреміз ғой біздер де
Өктем-өктем сөздерді,
Сіз келгенше жолыңнан.
Сіз кеткесін далаға,
Жолығамыз ғой, ағеке,
Қара бауыр құлдарға.
Сөз айтуға болмайды
Атаңа нәлет мұңдарға.

Сол жауапты айтқанда,
Үйден шығып Ақ Құртқа,
Жақынырақ келеді,
Келе тұрып сөйлейді:
— Айналайын алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын.
Не түрлі көрдім азапты,
Сіз кеткесін далаға.
Артыңызда күн туды
Қатын менен балаға.
Қалмақ қорлық бердірер
Ақ сүт берген анаңа.
Жақын жерде көпір жоқ,
Тілімді алсаң, сұлтаным,
Бізді тастап кетпеші,
Қаншама жәбір біз көрдік.
Көрдіңіз ғой өзіңіз
Айырып алдың өзіңіз.
Сіз болмағасын бұл жерде
Таянып қалып едік өлуге.
Ақ сүт берген анаңыз
Жәбір көрген бұл байғұс.
Жадыңызға алсаңыз,
Атаңыз жатып бұл қалды.
Өзіңіз кетіп қалғасын,
Бұл ордада кім қалды?!
Қалмақтың ісі осылай,
Бізге мұндай күн салды.
Өлтіріп кет анаңды,
Тастап кетпе, сұлтаным,
Мұндай жиған қараңды.
Асылың артық ер, — деді, —

¹ Ғаріп /а/ — бейшара.

Айттым сізге мен, — деді. —
Жадыңызға саламын,
Тыңдасаңыз сіз, — деді.

Ақарудай бәйбіше
Келіп тұрды қасына-ай,
Көзінің төгіп жасын-ай:
— Сағынып көрген тұяғым,
Кезенесің алысқа
«Кетейін», — деп, шырағым.
Ақ Құртқа мен Хансұлу
Естисіз бе сіз сөзін.
Біздің көрген жәбірді
Көрмеп пе еді көзіңіз.
Енді сапар бұл шексең,
Тірі қоймас дүниеде,
Көміп кет енді өзіңіз.
Енді кетсең далаға,
Өлтіріп кет, шырағым,
Біздей сорлы анаңды.
Өлмесем де өлгенім,
Өлім болды көргенім,
Енді айтып жауап болғаным.

Сонда тұрып Қобыланды
Қайырылып бір ауыз сөз сөйледі:
— Алыс емес, жақын жер
Менің жауға барғаным.
Тек бұл емес қой менің
Талай жауды алғаным.
Атқа мініп алғасын,
Жарамайды, шешеке,
Менің түсіп қалғаным.
Қорлық бермейді біздерге,

«Ноғайлы келе жатыр», — дегесін, Қостөре екі мың әскермен қарауыл-ға шығып жатқан екен.

Көрінді жаудың қарасы,
Ашылды жердің шамасы.
Қостөреге көрінді
Қобыланды мен Қошабай

Енді ешкім көзін сала алмас,
Енді, шеше, сізге де.
Тапсырамын Аққа мен, — деді, —
Алпыс күнде келермін,
Қайғы етпе, ана, сен, — деді. —
Тірі болсам келермін
Екі ай жүріп мен, — деді. —
Баратын жерім сұрасаң,
Қостөре деген ел, — деді.

Қобыланды батыр жөнелді,
Жолдасы жоқ дара еді,
Жалғыз кетіп барады.
Қасында сонда Қошабай
Жолдас болып ереді.
Екеуі шығып жөнелді,
Қошабай мінген кер еді,
Қобыландыдан азырақ төмен ер еді,
Қорықпайтұғын неме еді.
Екеуі шығып алғасын,
Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз¹ жолда мол жүрді.
Аяндамай желеді,
Батырлар желіп жөнелді.
Қостөре деген қашаннан
Қалмақтың мықты ханы еді,
Бекіп жатқан жан еді.
Көлденең жатқан тау еді,
Айналасын сұрасаң,
Өзі мықты жау еді.
Жан келмейтін жер еді,
Өзі де мықты ер еді.
Бір жаһаннан қорықпайтын
Асылы мықты неме еді.

Екеуінің қарасы.
Жүз кісі алып қасына,
Қостөре жүрді аралап,
Көрінген жауды болжалап.

Қобыланды дақасына жүз кісіні ертіп келіп жетті. Сонда Қостөре Қобыландыға сөйлей бастады:

¹ Қисапсыз — есепсіз.

– Екі бірдей баласың,
Екеуің де қайда барасың?
Білмей ме екен адамзат
Өзінің қайрат шамасын?!
Біз қалмақ деген ел едік,
Бөлек жатқан ер едік,
Жау көрмеген біз едік.
Айтыңыз ата-анаңыз,
Білейік енді шамаңыз.

Сонда Қобыланды сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Біз ноғайлы деген ел едік,
Тоқсан баулы ноғайлы
Ежелден жатқан көп едік.
Ұзыннан жатқан өрен су
Жағалай қонған мол еді,
Көптігіміз сол еді.
Ноғайлының ішінде
Бөлек-бөлек санасы
Қара Қыпшақ деген ноғаймыз.
Қыдырбай еді атамыз,
Қобыланды мен Қошабай
Сонан туған баламыз.
Іздегенім сұрасаң,
Қостөре қалмақ ер еді,
Бір мықты жер еді.
«Мұсылманға кірсін», – деп, –
Іздеп шықтым дініңіз.
Қайсысы жақсы бұл діннің,
Өзіңіз ойлап біліңіз.
Екі талай жер болса,
Жеңісуге қалайсыз?
Аз бен көпке қараман,
Тәуекел етіп қаламыз.

Қостөре сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді;
– Ноғайлы деген сен, – деді, –
Жасқанатын емен мен, – деді. –
Ондай көңілің бар болса,
Сынасалық, кел, – деді.

Сонда тұрып Қостөре
Атының басын бұрады,
Оңтайланып алады:
– Енді кезек бер, – деп сұрады.
Қобыландыдай баланың

Білейін күш шамасын.
Сыйламай ма екен ер Қобылан
Жасы үлкен ағасын?!
Кезегімді, батыр, бер, – деді, –
Қайратымды көр, – деді.

Сонда Қобылан сөйледі:
– Ата бер, қалмақ, сен, – деді, –
Жасқанбаймын мен, – деді. –
Қайратың болса ете бер,
Аянбай, қалмақ, сен, – деді.

Сонда қалмақ долданды,
Қорамсаға қол салады,
Атайын деп оңталды.
Қорамсадан оқ алды,
Төртеуін бірдей атады.
Қобыландыдай еріңнің
Үстінде бар да ақ сауыт,
Сыртында бар да шарайна,
Басында бар да дулыға
Сыртында бар да қалқаны.
Қарсы тұрды қақшайып,
Жасқанатын ер ме еді?
Сонда қалмақ оқ атты,
Үшке дейін жалғастырып болатты.
Ол қалмақтың үстінде
Ақ сауыты жоқ екен,
Тек шарайна бар екен.
Сонда Қобыланды ойлаңды,
Қорамсаға қол салды,
Көк жебені қолға алды.
Атайын деп Қобыланды,
Қостөреге көз салды.
Өзіне кезек бергесін,
Атуға кезек келгесін,
Қобыланды сонда
Қостөреге сөз айтты:
– Қостөредей хан, – деді, –
Сөзіме құлақ сал, – деді.
Анау тұрған жолдасың
Кейін қайтсын, бар, – деді. –
Бар болса сенің қатының,
Балаң менен оларға
Сәлемінді айт, – деді. –
«Өлмеймін», – деп ойлама,
Менімен тіпті ойнама.
Мынау тұрған сұр жебе

Атсам оқты қоймайды,
Өзі өтпей қоймайды.
Сен секілді қалмақты
Өлтірмей, сірә, қоймайды.

Қалмақ кете қоймайды,
Айтқан тілін алмайды,
Кейін қайтып бармайды.
Сұр жебесін ер Қобылан
Сонда тұрып басады.
Шарайнаға қарамай,
Атқан оғы өтеді,
Қалмақтан өтіп кетеді.
Қалмақтың басы бөлінді,
Өлгендігі қасындағы
Жүз кісіге көрінді.
Жүз кісіден он кісі
Кейін қарай қашады.
Сонда Қобылан ер тұрып,
— Қостөре хан өлді, — деп, —
Келіп көрсін құл — деді, —
Енді болды жер, — деді.

Сонда жүз кісі қалмақты жасырды,
Қошабай батыр ақырды:
«Келе бер, — деп, — қорықпасаң»,
Айғайлап бәрін шақырды.
Қошабай мен ер Қобылан
Қалмаққа сонда шабады.
Ішіне таман барғасын,
Батырлар жұлқыс салады.
Қошабай мен Қобыланды
Қалмаққа салды ойынды.
Бұрынғы қашқан он кісі
Қалмаққа берді хабарды.

Сонда Қобыланды: «Қалмақтың қатын-баласына айтайын деген сөзім бар еді», — дейді:

— Айтайын деген сөзім бар,
Тыңдасаңыз сіз, — деді. —
Мұсылман болсаң егерде,
Түк тимейміз біз, — деді.

Сонда қатын-бала шулады,
Жамыраған қойдай маңырады:
— Дінге кірдік біз, — деді, —
Тие көрме, сіз, — деді. —
Есін білген баланы

Хабар алып көп қалмақ,
«Ерлердің басын кесіп алам», — деп,
Жақындап жетіп қалады.
Қошабай мен Қобыланды
Бұларға жақын барады.
Өлгендердің көп аты
Жайылумен қалады.
Қалмаққа жақын барғанда,
Қошабай салды айғайды.
«Алла!» — деп бір жапырды
Іркілмейді екі ер,
Көпке кіріп барады.
Батырлар жақсы ұрынды,
Қалмақтың бөрі қырылды.
Қырылған қалмақ үстінен
Жылқы шауып өтеді.
Қырылғанын барлығы,
Қалмақтың азы қашады.
Қашқандарын санаса,
Қырық-елу шамасы.
Қалғанына қарамай,
Кеткеннің артынан
Қобыланды мен Қошабай
Тағы қуып барады.
Қазулы жатқан орлардан
Ат қарғытып өтеді.
Құрулы тұрған жебені
Басына шаншып кетеді.
Тоқтамайтын жер еді,
Ондайды талай көрген ер еді.
Қалмақтың ішіне барғасын,
Қобылан мен Қошабай
Қаласын талқан етеді.
Қатын менен баланы
Қалаға жинап алады.

Оқытармыз біз, — деді.

Сол қалмақтың ішінде
Әр тілді білетін бір шал бар еді.
Жасы жеткен жан еді,
Тоқсандағы шал еді.
Қобыланды оны шақырып алып:
«Билесің бе бұл дінді? — деп,
Ол қалмақтан сұрады.
Есігін ашып қалмақтың,

Қатыны мен баласы
 Үйден шығып қашады,
 «Құтылам», — деп асады.
 «Құтылып қашып кетер», — деп,
 Қошабайдай еріңіз
 Есікті жауып қалады.
 Ішінде отырған қалмақты
 Қобыланды шауып алады.
 Тимейді қатын-баланы,
 Қоймайды үлкен адамды.
 Қобыланды мен Қошабай
 Қаланың ішін шабады.
 Қатын мен бала жазасыз,

Еркекке бүлік салады.
 Екі күндей талқандап,
 Қаланы қырып болады.
 Төңірегін қараса,
 Қалың тоғай ну еді.
 Қошабайдай еріңіз
 Сыртқа шығып қарады.
 «Бұл тоғайда қалмақ қалар», — деп,
 Шабуылдар салады.
 Екі күндей шапқылап,
 Тоғайды аралап қарады.
 Онда адам жоқ дегесін,
 Қобыланды оған бармаған.

Сонда тұрып шал:

— Тек менің көзім жазуды көрмейді. Онан басқа әртүрлі тілді де білемін, — деді.

Сонда Қобыланды дінді айтып көрсетті де:

— Енді діннен танба, — деді. — Егер бұл діннен тансаңдар, қайтып келіп бірінді қоймай қырамын, — деді. Қобыландының қалмақты қырып, қатын-баласын дінге кіргізіп, тимей кеткен жері осы еді. Қостөредегі байтақ ел осы еді.

Қобыланды меп Қошабай елге келеді. Елге жақындағанда, Қошабай: «Шешемді қуантамын», — деп ауылға шауып кетеді.

Ат дүбірі шыққасын,
 Үйден шықты жүгіріп,
 Отыра алмай кідіріп.
 Шыққасын көзі көреді
 Қошабайдың келгенін,
 Бәрі танып біледі.

Ақарудай бәйбіше
 Ол да шықты үйінен,
 Отыра алмай кідіріп.
 Қошабай жалғыз келгесін,
 Ақылынан торықты,
 Бәрі де шошып қорықты.

Сонда кемпірге Қошабайдың айтқаны:

— Асыл туған анамыз,
 Ақылға кемел данамыз.
 Қостөреге барғамыз,
 Қалмаққа ойын салғамыз.
 Қалмақтың алдық қаласын,
 Байқап көрдік шамасын.
 Сау-саламат тұрсыз ба,
 Айналайын анамыз?!
 Келе жатыр Қобыланды,
 Көзің салып қараңыз.
 Ақарудай шешеміз,
 Келе жатыр балаңыз.
 Хансұлу, сіздің келеді

Бірге туған ағаңыз.
 Келе жатыр, жеңеше,
 Сіздің алған жарыңыз,
 Түгелсіз бе, жеңеше,
 Аман түгел бәріңіз?!

Қошабай түсіп атын байлады,
 Қобыланды келді торы атпен,
 Балдағы¹ алтын болатпен²
 Ол да жетіп келеді.
 Қошабай мен Қобыланның
 Соңғы алған жаудан жері еді,
 Артық туған ер еді.

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

² Болат — қылыш.

Бірінші мақам

байсалды, толғана

Орындаған: Садықов Аманқос

Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан



Екінші мақам



27



Ей! Кім бо-лар и - е жи-на-ған мы-нау қа-ра-ға? Мен-де бір-ге ке-те - йі - ін,

29



Се-нен қа-лып не(е)те-йін И-е-сіз дү-ни-е бұл қал-сын, Құ-ры-сын дү-ни-ең түл қал-сын.

32




Кім ой-май-ды ме-нің кө-зім - ді - і Ей! Тың-да-мас еш-кім сө-зім - ді."

34




Сон-да тұ-рып Қы-дыр-бай қа-ты-ны-на сөй-ле-ді, қа-ты-ны-на сөй-ле-ді - і:

36



"А-сыл да ту-ған ал - ға-ным, Ен - ді бол-ды ар-ма-ным. А-та-ңа нә-лет Ақ-ша-хан

39



Ба-сы-ма қай-ғы сал-ға-ның, Мен қаң-ғы-рып ке-те-йін, Мын-да тұ-рып не-те-йін?"

Үшінші мақам

42



Е е е "Ай-на-ла-йын жан а - та, Ақ жа-ры-лып күн ту-ды.

46




Біз-дің мы-нау ше-шей-ден Ұл ме-нен бір қыз ту-ды. Кін-ді-гін ке-сіп мен ал-дым

49



Үй-г(е)а-парып тон-г(а)о-рап, Жо-лым үй-ге мен сал-дым Тон-нан бас-қа бұ-йым жоқ

52



Бұйым а-лар ти-ын жоқ, Жар-лы-лық-тан бас-қа кү-йім жоқ. Ат-е-ке, ма-ған ер, де-ді, -

55



Пер-зен-тің-ді көр, де-ді, А-ша-йын бе-тін мен", - де-ді. Қы-дыр-бай көпкі-дір-мей,

58

61 Қа-тын-мен е-ріп ке-ле-ді. Үй-ге же-тіп кір-ге-сі-ін, Е-кі бір-дей ба-ла-сы-ын

64 Кө-те-ріп қо-лы-на а-ла-ды. Қа- ны-ме-нен ба-ла-ны Қой-ны-на сон-да са-ла-ды


66 Қы-дыр-бай-дың а-ты-мен і-сі жо-оқ, А-тын ұс-тай-тын қа-сын-да кі-сі жо-о-оқ
 Үй - ге жа - кын бар - ган - да, Қа - тын - дар сон - да тұ - ра - ды.

68 "Әй, мы-на-ның ба-ла-сы қай-да?" - де-еп, Бір-бі-рі-нен сұ-рай-ды.

70 Қа-тын-дар сон-да ұ-рыс-ты, Те-рі-ле-рі ты-рыс-ты. Бұл әй-ел дер-дің қа-ру-ы

73 Ал-ла, е-ей, Бұл әй-ел-дер-дің қа-ру-ы А-дар-ғы-ме-нен, қы-лыш-пен

76 Бір-бі-рі-мен ұ-рыс-ты - ы а-и-и-и-и-и-и-и.





Суретші А. Бақтығалиев

АСАНҚАЙҒЫ, ТОҒАН, АБАТ

Асанқайғы — қазақ, ноғай, қырғыз, түрікмен, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтарының фольклорында өз Жәнібек ханның кезінде өмір сүрген данышпан абызы ретінде айтылатын ұлы жырау. Дегенмен, оның нақты қай жылдары өмір сүргенін анықтау мүмкін емес. Қазақ халқы өзі мекен еткен Ұлы даланың көп өңірлері туралы Асанқайғы айтқан сыни сөздергі жадында сақтаған. Сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Абат байтақ кешенінде жерленген Абат батырдың Асанқайғының ұлы екені халықтың ауызша тарихнамасынан мәлім. Мұрын жырау репертуарындағы бұл жыр жұртшылықты Асанқайғы мен оның ұлының өзге халық туындыларында айтылмаған сипаттарымен таныстырады. Жырда Асанқайғының ұлы Абатпен қатар, оның туысқаны Тоғанның да қалмақтардан елін қорғаудағы ерліктері суреттеледі.

Асанқайғының прототипі кім болғандығын анықтау ғалымдардың айрықша көңіл бөлген мәселесі болды. Бұл тұста ең алдымен академик В.В. Бартольдтың Тоқтамыс ханның Яғайлоға жіберген жарлығының мәтінін зерттеген еңбегі еске түседі. Сол еңбекке сүйене отырып, көптеген ғалымдар аталған хан елшілігінің құрамында болған Хасен деген адам мен Асанқайғыны бір кісі деп есептейді. Дегенмен, бұл тұжырымды жоққа шығаратын зерттеулер де көп кездеседі. Ш. Уәлиханов Асанқайғыны «даланың философы» ретінде бағалайды. Асанқайғының өмірі мен қызметі хандық дәуіріндегі қазақ әдебиетін зерттеген Ә. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, М. Мағауин және өзге де әдебиеттанушылардың еңбектерінде жақсы ашып көрсетілген.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдарымен салыстырылып, мәтін қолжазба негізінде ұсынылды. Мәтінді 1942 жылы жыраудың немересі Д. Сеңгірбаев қағазға түсірген. Мұрын жырау репертуарындағы бұл жырдың түпнұсқасы Орталық Ғылыми кітапханада сақтаулы (667-бума, 3-дәптер).



Асан бұрын Асан мырза еді, өзі бай еді. Бір уақытта ноғайлы жиналып отырғанда, ноғайлының ішінен біреуі: «Бір дарияда адам көрмеген бір балық бар екен», — деді. Асан мырзаның бір досы бар болатын, ол сол досын шақырып алып, соған аттанбақ болды. Балықты көру үшін Асанқайғы жүріп кетеді. Балыққа барса, біреулер дарияға екі ау салып жатыр екен. Олар бір аудың балығын Асанға беруге келіседі. Сол аудан балық көп шықты.

Бір перінің қызы болған, оның жеті ағасы бар еді. Қыз жеті ағасына: «Аға, мені адам баласына қос», — деуші еді. Сонда ағалары сандық жасатып, оның сыртын күміспен қаптап дарияға салып жібереді. Ауды екінші рет салғанда, ауға сандық ілініп шығып еді. Сонда Асан көпке: «Ал, жамағат, сендер не ішін, не сыртын алыңыз», — деді. Сонда жамағат: «Біз жарлымыз, көрініп тұрған күмісті аламыз», — деді. Асан мырза ішін алатын болды. Сандықты ашып жіберіп еді, ішіндегі шынайы сұлу қызды көрді. Асан балықты алмай, қызды алып кете берді. Қыз келе жатып, Асан мырзадан үш нәрсе сұрады: «Біріншіден, жатқанда етімді сипама, — деді. — Екіншіден, үйден шығып кеткен соң, қайтып келіп үйді сығалама, үшіншіден, үш жылға дейін сөйлемеймін, соған дейін маған сөйлеме, бұл жағдайымды бірде-бір жанға айтпа», — деді.

Сол уақытта халық қызды көрмек болып жиналды. Келсе, қыздың аузы жоқ, тілі жоқ, сақау екен. Олар: «Асан мырза жұрттан қалған сақауды алып келіпті», — деп, Асанды келемеждеді. Асан ойланып, бір кісіге ойын айтты. Ол: «Осыны базарға апарса, жақсыны-жаманды көріп сөйлер», — деді. Базарға апарып еді, онда да сөйлемеді. Әлгі кісі: «Тұз артқан түйеге мінгізіп жүргіз, түйеге екі саба қымыз арт, сорға барған соң, қымызды шешіп жібер, қымыз төгілгенде, «төгілді», — деп айтар ма екен?» — деді. Түйені сордың үстімен жүргізді, сосын қымызды шешіп жібергенде, төгілген қымызды көріп, қыз жерге түсіп, қымыздың аузын байлап, өзі сорды баспай жүріп кетті. Содан кейін Асан мырза да бір құрдасының аулына кетті. Құрдасының үйіне келген соң, Асанның құрдасы тұрып, Асанға былай деді: «Әй, Асан, сен менің құрбымсың, құлағы жоқ саңырау, тілі жоқ сақауды алғаның не? Малың жетпей ме, тоқсан баулы ноғайдан тілі бар әйел ал. Егер малың жетпесе, менің малымды қоса бер», — деді. — Маған бір ноғай айтты: «Сенің құрдасың Асан ғой, сен де сақау, саңырау ал», — деп, — Сенің осы қылығың үшін мені қорлайды», — деді. Сонда Асан: «Үш жылда сөйлермін деген соң алып едім», — деді. Асан ауылға қайтып келсе, қатынының тыр жалаңаш күйінде ұшайын деп жатқанының үстінен түседі.

— Әй, Асан мырза, мен сені ер деп етегіңнен, нар деп білегіңнен ұстап едім. Үш нәрсе тілеп едім, «бердім» деп едің, көне, бергенің? — деді. — «Қолтығымды сипама» деп едім, оны істемедің, екіншіден, «үйден шығып кеткен соң, қайтып келіп үйді сығалама» деп едім, оны да істемедің, қарап қойдың, үшіншіден, «үш жылдан кейін сөйлеймін, жанға айтпа» деп едім, оны да айтып қойдың. Мені мал дедің бе? Базарға шығардың, қып-қызыл қаннан аппақ сүт шығатын еді, оны төктірдің, әйел баспайтын тұзды бастырдың. Тұз адамның тамағының дәмін келтіруші еді, оны лас еркек баспайтын еді. Енді мен саған жоқпын, сен маған жоқсың, — деп шаңырақтан

шығып кетті. — Менде бес айлық балаң бар еді, оны Мысырға туып кетермін, содан аларсың, — деді. Содан кейін Асан қатынының күйігімен жеті жыл желмаймамен жер қарап кетті. Содан Асан қайғылы болып жүріп, «Асанқайғы» атаныпты.

Сол жер қараумен жүріп Асан Нұрдың қарабайырын тапты. Асанның жалғыз баласы болды. Оның аты Абат болады. Бір күндерде Әділ Жәнібек хан Аштарханды салдырып, қалың ноғайды шақырып той қылып, «Асан қайғылы болды» деген соң, Асанды шақырды. Асан оған бармады, сонан соң бала піштіріп той қылды, соған шақырып еді, Асанқайғы оған барды. Сонда Әділ Жәнібек хан Асанқайғыдан сұрады:

— Мен Аштарханды салдырып той қылдым, онда келмедің, бір кішкене баланың терісін кестіріп той қылдым, онда келдің, соның себебі не деді? — Сонда Асан айтады:

— Аштарханды салдырдың, бармадым, оның себебі — оның мехнатын¹ кім көрсе, рақатын сол көреді деп еді, қалаңды құлға салдырдың, күндердің күнінде қалаңды кәпір алады, — деді.

— Әй, Асаным, Асаным,
Құстың ханы қу еді.
Құстың құлы Құладың,
Оған қуды алдырдым.

Қайратымның көбінен
Мұсылман дінге көндіріп,
Құлға қала салдырдым, —

деді Жәнібек.

Сонда Асанқайғы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Құлға қала салдырсаң,
Күндердің күні болғанда,
Қалаңды салған құл алар.

Құс төресі қу еді,
Құладың оның құлы еді.
Күндердің күні болғанда,
Басыңды сенің құл алар, — деді.

Сонда Жәнібек:

— Осы ноғай ішінде кім би? — деді. Сонда Асан өзінің жалғыз баласын:
— Біздің Абат би, — деді.
— Кім ер? — деді Жәнібек.
— Біздің Абатжан ер, — деді Асан.
— Кім мерген, атқыш? — деді.
— Біздің Абатжан мерген, — деді.

Жәнібек: «Әй, боқ сақал-ай, осының жалғыз баласынан басқа ноғай тумаған екен ғой», — деп ойлады.

Әділ Жәнібектің бір қаршығасы бар еді, оны бір жабайы қаршыға аң алдырмай қуып келіп тығады екен. Әділ Жәнібек:

— Әй, Абат, сен мерген болсаң, сол жабайы құсты атып бер, — деді.

Абат пен Әділ Жәнібек аңға шықты. Құсын аңға салып еді, жабайы құс тағы да қуып келді. Абат мұны атып қалып еді, жабайы құстың құйрығын айырып кетті, бірақ өзіне тимеді. Сонда Жәнібек:

¹ Мехнат /а/ — қиындық, азап, ауырлық.

— Абатым, мерген емес екенсің ғой, — деді.

Абат:

— Жоқ, мен мергенмін, аршыл құс болса, дақ салдым, енді келмес, — деді. Арсыз құс болса, келер. Сол кезде «ат» деген жеріңнен атамын, — деді. Бұл сөзден Жәнібек жеңілді. Сонан соң Абат елге кеткен соң, Әділ Жәнібек хан сол ноғайдағы ермін деп жүрген кісінің бәрін шақырып алды, соның ішінде Абат та келді. Ерлер тегіс жиналған кезде Жәнібек айтты:

— Менің ала алмай тұрған жерім бар, соны алып келсеңіз, — деді. Сонда бірде-біреуі: «Бас болып барамын», — деп айтпады. Сонан соң Абат тұра келіп сөйледі:

Сөйлегенде бұй, — деді:

— Әй, ханымыз, ханымыз,
Халық билеген жанымыз.
Рұқсат болса сіздерден,
Алармыз қалмақ қаласын,
Көрерміз құлдың шамасын.
Қасыма менің беріңіз
Қырымның байтақ ерлерін.

Сонда Әділ Жәнібек:

— Айт, кімді аласың? — деді.

— Бізге берсең жарайды
Артық туған Тоғанды.
Айсаның ұлы Ахмет,
Батыр Алау, Ер Әмет,
Қарғабойлы, Қазтуған
Аруақты ер еді.
Бұлттай желге өрлеген,
Адырнасын қолға алып,
Жарағын жауға сермеген.
Атағаны Абаттың —
Өңкей асыл ер еді.
Шынтасұлы Төрехан,
Ақжонасұлы Ер Кеңес,
Және берсең Тарғынды,
Бірінен-бірі кем емес.
Екпінді ерлер қарқынды
Ердің осы басы еді.
Тұтасымен қырықтың
Болады берсең, — деп еді.

Абат мерген бас болып,
Қасында бар қырық жігіт
Шығып елден жөнелді.
Алыс емес арасы,
Тек екі айлық жол еді.
Есен қазақ түлейі
Түбі тайыз су еді.
«Қалмақтың жері — бұл ел», — деп,
Елден шыға қырық батыр
Сонда кетіп барады.
Түлкі жүрмес түлейден¹
Түнде жүріп өтеді.
Қарсақ жүрмес қалыңнан
Қақа² жарып өтеді.
Сайланған өңкей батырлар
Жеңсіз берен ол киді.
Қолына ұстап найзасын,
Ат құйрығын шарт түйді,
Беренді³ беліне нық байлап.
Бір мезгілде күн батты,
Күн артынан таң атты.
Жортып сонда желеді,
Қақпай кірпік біреуі.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Әлі жортып келеді.
Қаратүлей қамыстың
Ішіне сонда енеді.
Қақа жарып қамысты,
Ат тұяғы жанышты.
Қасындағы көлшікке
Суарып атын алады.

¹ Түлей — жабайы өскен қалың жыныс тоғай.

² Қақа — тіке, тура, қақ жарып.

³ Берен — болат қылыш.

Аз ғана жел қақтырып,
Тағы да мініп алады.
Жортуылмен қырық батыр
Әлі кетіп барады.
Есен қазақ түлейге
Тағы да еніп қалады.
Бір мезгілде ерлер тұрады
Бірімен-бірі кеңесіп.
Қай жағынан жаудың тиюді
Ерлер сонда қарады.
Аттанған қолды көргенде,
Қашты қалмақ қалаға.

Сонда ерлеріне Абат сөйледі:
— Әй, ерлерім, ерлерім,
Артық туған бектерім,
Қалмақ алды хабарды,
Мықтап белді буалық.
Діні жаман кәпірге
Қылыш шауып, қан төгіп,
Соғысты үлкен қылалық.
Ұсташы қолға найзаңды,
Діні бұзық кәпірге
Тастамашы айлаңды.

Сонда ерлер үш бөлініп жүреді,
Бірінші қолды бастаған —
Асанның ұлы Ер Абат.
Екінші қолды бастаған —
Айсаның ұлы Ахмет.
Үшінші қолды бастаған —
Қайтпас батыр ер Тоған.
Қойшы менен түйеші,
Жылқышы мен бадашы
Ханыңа барды шұбырып,
Қалмақ иттің баласы.
— Әй, ханымыз, ханымыз,
Кеудедегі жанымыз
Еліңе келді көп әскер
Өңкей сауыт киінген,
Астына мінген бедеуі,
Батырлар өңкей жиылған.
Қашып саған келдік біз,
Еліңе халқың жинашы.
Сол бір келген ерлерден
Артық туған сен болсаң,
Халықты алып сен қалшы.

Елге келіп тиген соң,
Жау екенін бұл білді.
Сонда ханың қаттанып,
Жеңсіз берен бұл киді.
Кілең темір киініп,
Қасына алып ол жүрді
Туған екі баласын.
Қасына алып жүз батыр
Қаланың шықты шетіне.
Сол уақыт болғанда,
Ноғай да келді қарысып,
Бұлар да алып көк берен,
Келді қарсы екі қол.
Үсті-үстіне жиылды,
Батырларға да болды жол.

Сонда шығып келеді,
«Жекпе-жек», — деп келеді.
«Келді менің тұсым», — деп,
Қасындағы ерге қарамай,
Шыға Абат жөнелді.
Сонда қарсы келеді,
Қарсы келіп тұрғанда,
Қалмақтың ханы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, ноғайсың, ноғайсың,
Ақ найзаңды шүйіріп,
Кімге, залым, қарайсың?
Көк беренің қолыңда,
Жалғызыңнан жабысқыр,
Соғысуға қалайсың?
Шытырайып қарайсың,
Шытырайып қарасаң,
Көзіңді сенің оярмын,
Қаныңды ұрттап тоярмын,
Кесіп басыңды жоярмын.
Менің тегім сұрасаң,
Қалмақ деген ел едім,
Ішіндегі қайтпас ер едім.
Сен қасымда қой болсаң,
Мен бір арлан бөрі едім.
Қасымдағы тоқты-торымды
Ауызға салып жер едім.

Бұл сөзді естіп Ер Абат
Қаһарланып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

— Мен ноғайдың ері едім,
 Ноғайлы бай ел еді.
 Қасымда бар қырық батыр
 Әрқайсысы мың кісі,
 Қырық мың кісі қол жатыр.
 Әй, ақылсыз, сен, қалмақ,
 Кішкене ғана шыдасаң,
 Шекеңе тиер қол тоқпақ.

Қалмақ қылды қаһарды,
 Сонда тұрып ұмтылды.
 Бір-біріне қарсы шабысты,
 Найзаласып қағысты,
 Қылышпенен шабады.
 Абат батыр ол тұрып
 Сонда шапты қылышпен,
 Онда да қылыш өтпеді.
 Аттан түсе қалысты,
 Жағаласты, салысты.
 Ақырында не керек,
 Жан шығуға дейін барысты.
 Қарт бурадай қамданып,
 Сонда найза салады.
 Науазымдай хандардың
 Құрыды сонда сілесі.
 Шаршағаннан ханыңның
 Бүгіледі сонда тізесі.
 Қалмақты жығып алады
 Асанның ұлы Ер Абат.
 Науазымдай қалмақтың
 Сонда бітті мүдәсі.
 Науазым хан өлген соң,
 Шықты сонда баласы.
 Қайратына қарашы,
 Абаттайын батырға
 Қарсы шапты қасқарып¹.
 «Атамның кегін алам», — деп,
 Келіп қалып сонда алысты.
 Сүй дегенше болмай-ақ
 Ханға тиген ақ найза
 Баласын ханның шанышты.
 Ақ сауыттан өтпеді,
 Сонда қалмақ жапырды.

Ноғайлының батырлар
 Қасарысқан ер сабаз
 Олар да сонда айғайлап,
 Қалмақ, ноғай арасы
 Қызыл ала қан болып,
 Біріне-бірі шабысты.
 Қалмақ пенен ерлердің
 Арасы қызыл қан болды,
 Көрмегенге таң болды,
 Тақа қалың шаң болды.
 Бір шетінен тиді Ер Абат,
 Бір шетінен Ер Тоған.
 Бір шетінен ол тиді
 Айсаның ұлы Ахмет.
 Ерлер келді қалмақты
 Қорлаған қойдай қып
 Қамап алды қат-қабат.
 Ақ берені жарқылдап,
 Суырды алмас қолына,
 Кәпірдің түсті соңына.
 Абат пенен Тоғанның
 Жұлдызы шыққан оңына.
 Жиналған ердің екпіні
 Қалмақтайын залым кәпірге
 Берді ерлер тепкіні,
 Шапты ерлер ту байлап.
 Найзалары қолында,
 Ерліктің жүрген соңында.
 Батырлар ерік бермеді,
 Жиналды қалмақ баласы,
 Тұс-тұсынан қылыш сермеді.
 Кетерін білмей ол қайда,
 Біріне-бірі тығылып,
 Қалмақты сонда кернеді.
 Қысылып сонда сасады,
 Ортада қалған кәуірдің²
 Сұсы жаман қашады.
 Сыртына кеткен қалмақтың
 Айсаның ұлы Ахмет
 Жібермей сырттан тосады.
 Оны қоймай қырады,
 Қаланың ішін қандатып,
 Шарбақтарын³ шаңдатып,

¹ Қасқарып — қасқайып, тура қарап.

² Кәуір — кәпір.

³ Шарбақ — қоршау, қаша.

Жамыратқан қойдай маңыратып,
 Би мен төре, бектерің
 Өңменінен кірген найзаға
 Жанын оның қорлатып.
 Талай қалмақ сандалды,
 Ен далада қаңғырып,
 Кетті ханның баласы.
 Екі бірдей баланың
 Атының жүйрік болғаны,
 Жете алмай қалды қарашы!
 Сол екеудің артынан
 Ерлер мініп Телкүрең,
 Асанның ұлы Ер Абат,
 Айсаның ұлы Ахмет,
 Батыр туған Ер Тоған,
 Шынтасұлы Төрехан —
 Төрт ер кетті қат-қабат.
 Белес-белес бел өтті,
 Арада неше тау өтті.
 Абаттың мінген Күреңше
 Аспанға қарғып ойнады.
 Қолында бар ақ найза,
 Қолға ұстаған ақ найза,
 Болады жанға ол пайда.
 Сонда бір таудан өтіпті,
 Екі бірдей жас бала
 Үш күндік жерге жетіпті.
 Ат құйрығын сабылтып,
 Қара терге малынтып,
 Аюдайын ақырған,
 Қалмақтар оған бас ұрған.
 Кеткен асып баланың
 Артынан келді төрт батыр.
 Шықты алдынан Ер Абат
 Найза ұшына ту байлап.
 Онан соң жүріп келеді
 Айсаның ұлы Ахмет.
 Онан жүріп Ер Тоған,
 Ең артында келеді.
 Ақ найзасын өңгерген,
 Айыбы жас демесең,
 Азын көпке теңгерген
 Шынтасұлы Төрехан.
 Алдындағы баланың
 Сонда тұрып үлкені
 Артына бір қарады.

Сонда үлкені інісіне сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әй, қанатым, қанатым,
 Қолыма ұстар болатым,
 Артымыздан жау жетті ғой,
 Дәрмен бізден кетті ғой.
 Арыстандай ақырған
 Қалмақ деген халқыма
 Иесі еді аңқыған.
 Ноғайлының ерлері
 Әкеңізді өлтірді.
 Және қуып келгені
 Біздердің де артымнан.
 Ұшы болат ақ найза
 Оны бір қолға алалық.
 Қорамсаны қолға алып,
 «Соғысамын», — деген ноғайға
 Жақын біз де баралық.
 Аш арыстанша алысып,
 Ноғайменен қаралық.

Ерлер келді қасына,
 «Келді екен», — деп оларды
 Алмады балалар есіне.
 Әуелінде қашса да,
 Аз екенін көрген соң,
 Шошынып тізгін жимады.
 Екі бір жас баланың
 Қорықпасын көрген соң,
 Абат сонда долданды,
 Беренге батыр сыймады.
 Ақ сүңгісін қолға алып,
 Сол балаға баруға,
 Барып кегін алуға
 Кетті сонда Ер Абат.
 Қарт арыстандай қасқарып,
 Келіп Абат сөйледі,
 Сонда да тізгін жимады.
 — Әй, сен қалмақ, сен қалмақ,
 Кегім бар сенде аламсақ.
 Әкеңді сенің өлтіріп,
 Қалмақ, алдым қалаңды.
 Кетіп қайда барасың,
 Тарттырармын сазаңды.
 «Қорықпаймын», — деп ойлайсың,
 Білмейсің, бала, шаманды!
 Сонда бала сөйледі,

Сөйлегенде бүй деді:
 — Келдің жетіп сен, — деді, —
 Ызғарыңды бетке шашсаң да,
 Ауызыңды ашсаң да,
 Қорықпаймын мен, — деді. —
 Жекпе-жекке келсең сен,
 Алысам десең, кел, — деді.

Батырлар жауға жасанды,
 Ақ найзаны қолға алып,
 Ат үстінде найза салысты.
 Қақырғаны қан татып,
 Түкіргені жын татып,
 Ерлердің жүрек қабынды-ай.
 Қызған сайын ерлердің
 Маңдайдан тері ол ағып,
 Иленді ерлер сабындай.
 Бір уақыт болғанда
 Асанның ұлы Ер Абат
 Ақ беренмен шабады.
 Қоса тұрып тағы да
 Жағаға қолды салады,
 Оны жұлып алады.
 Шапқан оның қылышы
 Тарылтты қалмақ тынысын.
 Ағасы оның өлген соң,
 Кішісі сонда шабады.
 Қарт қояндай қасқарып,
 Қарсы келіп қалады.
 Ханға тиген ақ сүңгі
 Оған да Абат салады.
 Тілге келмей ол дағы
 Тезірек өліп қалады.
 Ағасы мен інісін
 Абаттың өзі алады.
 Салдырлаған көк темір,
 Артындағы тұлпары
 Адыра ессіз қалады.
 Асқар таудай жүрегі
 Ағалы-інілі екеудің
 Бітті тезден ажалы.
 Қарға менен сауысқан
 Еттерін жеп тауысқан.
 Абат пенен ер Тоған
 Жетекке алып аттарды

Қалмақтың еліне жөнелді.
 Жортып қатты жолдарда
 Ерлеріне келеді.
 Қалмақтың елін алыпты,
 Қалған анау батырлар.
 Айдап жолға салыпты.
 Жесір менен жетімін
 Алып кетіп барады.
 Баяғы өткен жерлермен
 Өтіп кетіп барады.
 Баяғы өткен көлшіктен
 Ат суарып алады.
 Үш айлар өткенде
 Жесір-жебір шулатып,
 Еліне қайтып келеді.
 Елге жуық келгенде,
 Ілгері озды хабарға.
 Елге жақын баруға
 Абат пенен ер Тоған,
 Айсаның ұлы Ахмет —
 Үшеуі кетті ілгері.
 Жәнібек Әділ хандарға
 Келіп хабар береді.
 «Жесір-жебір келді, — деп, —
 Есесін тап енді», — деп,
 Тобын жазбай үшеуі,
 Оған хабар берген соң,
 Еліне қайтып келеді.

Асанқайғы қартына
 Иіліп сәлем береді.
 Сонда Асан сөйледі:
 — Аман-есен келдің бе,
 Құлыным, жалғыз сен, — деді. —
 Және де аман келді ме
 Қасыңдағы құрбы-құрдасың?
 Есен-аман сен барып,
 Қалмақтарды алдың ба,
 Құлаттың ба ордасын?
 Қалмақтың жерін босатып,
 Айдап алып келдің бе
 Жетім-жесір баласын?
 Талқандадың ба қаласын,
 Көрдің бе Науазымның,
 Балам, оның шамасын?

Сол өзі ел-жұртымен жүздесіп, арада екі ай өткенде, хан тағында отырып, «Бұл Абат шыдамды деп еді, осыны тағы да бір сынайын» деп

ойлады. Бір күні Абат түннен тұрып, жылқыға кетті. Әйелі үйінде жылы төсекте жатқан. Хан елең-алаңнан бір тісінен басқа ақ жері жоқ құлды жіберіп: «Сен оның әйелі төсектен тұрмай барып, қойнына кіріп, құшақтап жатып ал. Егер қызғаншақ болса, іші тар болса, сені келіп ұрар, ұрса да тұрма», — деді. Сонда құл келіп Абаттың әйелін құшақтап жатады. Күн түс болады соған дейін екеуі тұрмайды. Бір мезгілде Абат үйіне келсе, әйел мен құл екеуі құшақтасып жатыр екен. Абат жайменен келіп, әйелінің қолын еркектің мойнынан, ал еркектің қолын әйелдің белінен алып тастап, өзі жылқысына қайтып кетеді. Сонан кейін құл орнынан тұрып, үйіне кетеді. Бірақ Абат бұл жайлы әйеліне еш нәрсе айтпайды. Абатты Жәнібек шақырады. Оның шақырғанын біліп, Асанқайғы:

— Әй, Ер Абат, Ер Абат,
Сөзімді тыңда, сен Абат,
Тілегіңді айт десе,
Шаттың бойын сұрашы
Бақашығы білектей,
Баттауығы жүректей,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Баттауықты шалғынға
Шөккен түйе таптырмас,
Балығы жылқы жаптырмас
Балдырғанды көл еді.
Көлгірсіген құба дөң
Талайдан қалған жер еді.
Бір жағын оның сұрасаң,
Түйе мен қойға жай.
Бір жағы оның тағы да

Жылқы, сиыр малға жай еді.
Аяғын оның сұрасаң,
Ноғайлының жиналған
Ашы менен арығы,
Пақыры мен міскіні¹.
Аштарына балық бар еді,
Ол да соған жай еді.
Жәнібекке барсаң сен,
Сұрашы, балам, сол жерді.
Берсе егер ол жерді,
Шыңғырлаудан кетерміз,
Жайыққа таман жетерміз.
Қасындағы ноғайдың,
Егер болса шатта
Ноғайды ертіп барып біз,
Атын бөлек етерміз, —

деп баласы Абатқа айтты. Сонан соң Абат жалғыз өзі ханға барды.

Сонда ханың сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, Ер Абат, Ер Абат,
Әкең «мерген» деген соң,
Оны да мен сынадым.
Екінші рет келгенде,
Ерлігіңді сынадым.
Қалмақтың алдың қаласын,
Билігіңді сынадым.
Жиылып тұрған ерлерге
Ашып жауап бастадың,
Кендігіңді де сынасам,
Құлды алған қойнына
Қатыныңның қолдарын

Құлдан алып тастадың,
Батыр, саған бастадым.

Сонда Абат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, ханымыз, ханымыз,
Артық туған ханымыз.
Ноғайлы халықтың ішінде
Болдық ханым барымыз.
Тілегімді тілесем,
Шаттың бойын беріңіз.

Сонда хан сөйледі:
— Әй, Ер Абат, Ер Абат,

¹ Міскін — кембағал, кемтар адам.

Үйіндегі боқсақал
Айтты саған ол қалай?
Тіле дедім, мен бердім.

Бердім енді ала бер,
Мекенденіп бар да көр.

Абат тілегін алған соң, еліне келіп түсті. Елінің игі жақсы ақсақалдары жиналып келді. Сонда ауылдың бір кісісінің айтқаны:

— Әй, Абатым, Абатым,
Ұстаған қолға болатым,
Ханға барып не алдың?

Ноғайлының аш-арық,
Сол бір жақсы қонысқа
Адам менен айуанға
Жем болады тегіс-ті,
Жері жақсы келіс-ті.
Аты оның болсын Жем,
Аяғын оның сұрасаң,
Толып жатқан балық-ты.
Сол балықты алған соң,
Жарлысы байға теңеліп,
Байдан болмас ол да кем.

Абат сонда оларға
Тұра келіп бүй деді:
— Жасы үлкен ағалар,
Туған бұрын бабалар,
Болып қабыл тілегім,
Шаттың бойын мен алдым.
Аяғында көп балық бар,
Бара берсең сол жерге
Бізге таби¹ халық бар.

Ақсақалдар тұрады,
Үйлеріне барады.
Әйеліне олар келіп:
«Үй жық», — деп айғай салады.

Сонда Асанқайғы сөйледі:
— Жиналған көп халықтар,

Олар сөйтіп айғайлап жатқанда, Асанқайғы: «Бүгін еру болып, ертең таң ата көшерміз», — дейді.

Бір мезгілде күн батты,
Шолпан туа олар да
Үйдің бәрін босатты,
Ағарып сонда таң атты.
Үйді сонда жығады,
Өгізге жегіп арбасын,
Мәстекке² жегіп шанасын,
Малдарына жүкті салған соң,
Ноғайлының аш-арық
Шатқа кетіп барады.
Асанқайғы, Ер Абат
Сол ноғайды бастап жөнелді.
Ондаған малы, барлығы,
Қозыларын маңыратып,
Айдап сонда келеді.

Сол көшумен арада
Екі-үш күн жол жүреді.
Аман-есен ол барып,
Жемге сонда қонышты.
Асан менен Абаттың
Айласымен аш-арық
Қалпына келіп тоғайып,
Сонда бай ел болыпты.
Сорлысы байға теңеліп,
Тұрақтап Жемде қонышты.
Алдында Шат болса да,
Асанқайғы қонған соң,
Оның аты Жем болыпты.
Пайдасы оның көп болып,
Талай ноғай қонышты.

Тоған мен Абаттың Тулақ ханға баруы.

¹ Таби — тән, жақын, туыс.

² Мәстек — бойы аласа, мініске көнбіс ат.

Арада бір-екі жыл өткеннен кейін, Тоған батыр: «Осы қалмақ елімді шауып еді, жол болса соған Абатты ертіп барып, кеткен кегімді алайын», — деп ойланды. Сонан соң Абатқа барып отырып, Асанқайғы қартқа сөйледі:

— Әй, ағамыз, ағамыз,
Болдың бізге панамыз.
Ноғайдың жетім-жесірін
Қойдай айдап сен бақтың.
Аш-арық болған ноғайға
Пана болып оларға,
Тамақ беріп, жем таптың.
Мен бір қиял ойладым
Сол қиялға жетуге.
Мен бір жауға кеткенде,
Қаланың келіп шетіне
Қалмақ шіркін тиіпті,

Олжаны оңай бөліпті.
Жетім-жесір ол алып,
Еліне қарай кетіпті.
Сол тұрған қалмаққа
«Барсам мен», — деп ойлаймын.
Сол қалмаққа мен барсам,
Қалмақтан барып кек алсам,
Жалғыз жауға баруға
Келмеді оның ыңғайы.
Абаттайын балаңды
Қасыма қоссаң, — деп едім.

Сонда Асанқайғы баласы Абатқа сөйледі:

— Әй, Абатжан, Абатжан,
Ноғайлының ері еді,
Келіп тұр саған ағаңыз,
Жаулы жерде қалаңыз,
Ағаң алсын кектерің.
Жібермесін дұшпанға
Айла істеп бөрілер,
Ағаң болып жолдас-ты.
Сол бір жауға барасың,
Атаңның тілін аласың,
Сөзіме құлақ саласың.
Сөзіме құлақ салмасаң,
Құрттың атаң шарасын.
Жібермей кекті дұшпанға,
Ағаңмен барып аласың.
Егер жауды алмасаң,
Не болғаның, Абатым,
Ол Аллаңнан көресің.

Сонда Абат сөйледі:

— Айналайын жан баба,
Қаһарланған дұшпанға
Қаһарын оның сен бастың.
Айла менен білгірлік
Бәрін жұмсап халқыңа,
Өз халқыңнан сен астың.
«Бар», — десең, мен барайын,

Ағамменен қосылып
Ерегіскен дұшпанға
Соғыс салып қарайын.
Алыс сапар шегіп жол,
Әуелі халқым, екінші
Ата менен ана үшін
Дұшпанға бермей кегімді,
Төгілмес беттен ар үшін,
Қатын мен бала үшін,
Жерге тамар қан үшін,
Желге кетер мал үшін,
Әуелі Алла, екінші
Пірлеріме сиынып,
Бекініп белді буайын.
Қалмақтың жерін басайын
Ағамменен қосылып.
Кім үшін тудым әуелден,
Ерегіскен дұшпанға
Халқымды мен бермейін.
Ортасына халқымның
Шыбын жанды салайын.

Сол сөзді айтып Ер Абат,
Бадана көзді берік сауыт
Дәуіт соққан сауыт
Баса үстіне киеді.
Беренін белге байлады,

Басына киіп дулыға,
Алыс жолға жүруге
Береңдіктеп, белдіктеп,
Шұғаменен терліктеп,
Жемге байлап үш-төрт күн
Көк тұлпарды қояды.

Үш-төрт күні өткенде,
«Барамын, аға, мен, — деді. —
Атың болса бапташы,
Найзаң болса сапташы,
Қылышыңды бапташы,
Барамын, аға, мен», — деді.

Сонан соң Тоған батыр еліне қайтып келіп, үш-төрт күннен кейін Абат әкесіне келіп сөйледі:

— Әй, жан атам, жан атам,
Мен де сізден туған балапан.
Балапан ұшар қияға,
Атасы бар деп бұйырса,
Баласы бармай бола ма?!
Ата, келдім өзіңе,
Алыс жолға кетуге,
Қалмақ елге жетуге
Сұрай келдім ақ батаңыз,
Алыс жолға кетеміз.
Қош көргенше дүниеде,
Жақсы болғай күніміз.
Алла нәсіп айдаса,
Қайтып бір күн қалармыз.
Көлгірсіген жерлерді,
Ұзыннан жатқан көлдерді
Бір күн келіп көрерміз.

Атасы батасын береді:
— Қолыңды жай, Абатжан,
Берейін бата мен, — деді. —
Ұлсыздарға ұл берген,
Қызсыздарға қыз берген,
Жалынып тілек еткенде,
Болдыртқан қабыл тілегің
Алланың шері Арышлан
Баба Түкті Шашты Әзіз¹
Қолтығыңнан демесін!
Қызыр ата, қырық шілтен²,
Қыдыр менен Ілияс —
Олар да болсын жолдасың!
Қысылған тайғақ тар жерде
Қолтығыңнан жебесін,
Қолыңнан ұстап демесін!

Сонда Абат желеді,
Тоғанға қарай жөнелді.

Тоғанның аулына келіп, Тоғанмен екеуі үш айлық жолға шығып кетеді.

Ерлер сонда желеді,
Астына мінген тұлпары
Елден шығып кеткен соң,
Арада неше күн жүріп,
Бірнеше асты төбеден,
Бірнеше асты өзеннен,
Бірнеше асты дөңдерден.
Және кетіп барады
Белес-белес белдерден.
Және өтіп барады
Бетегелі боз бұйрат
Шөбі қалың жерлерден.

Және өтіп жөнелді
Мұнарланған биік таулардан.
Екі батыр жапанда
Қорықпай кетіп барады
Аю, қабылан аңдардан.
Далада жан көрмеді,
Сергелдең жортқан ерлерге
Ешбір жан оған келмеді.
Бір мезгілде күн батты,
Ай қараңғы, күн бұлт,
Кімнен олар қорқады?!
Түн қараңғы болса да,

¹ Баба Түкті Шашты Әзіз — (миф.) қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.

² Қырық шілтен: ғайып ерен қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамдарды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

Түн ұйқысын төрт бөліп,
 Ерлер жортып барады.
 Қараңғы түннің ішінде
 Батырлар жортып отырып,
 Белес-белес бел де өтті.
 Бір мезгілде таң атты,
 Биік шыңға кеп жетті.
 Сол мезгілдің өзінен
 Ауылдан ерлер шыққалы
 Екі ай жарым боп өтті.
 Биік шыңға кеп батырлар
 Төменгі жаққа көз салды,
 Сонда жерді көреді.
 Жайылған шыңның астында
 Қораланған қой менен
 Үйір-үйір көрді жылқыны.
 Ел екенін біледі,
 Қамашауда¹ отырған

Көп екенін біледі.
 Жолын қарап батырлар
 Шың жағалап жүреді.
 Бір жерлерге келгенде,
 Жалғыз аяқ шаппа жол
 Батырларға болды кез.
 Қиыншылық туады,
 Тәуекелге бел байлап,
 Құйысқанын аттың қысқартып,
 Тартпасын да бек тартып,
 Ерегіспен сол жолдан
 Батырлар енді құлады.
 Етегіне түскенше,
 Күн де түске толады.
 Ат тұяғы қағылып,
 Ерлерге қиын болады.
 Ат тұяғын көрген соң,
 Ерлерге қиын іс туды.

Абат пен Тоған сөйтіп тұрғанда, қасындағы сайдан бір кісі шыға келді. Ол көкпеңбек темір кигендерді көргенде, шошып жығылды. Бірақ орнынан түрегеліп, Абат пен Тоғанға қарай жүрді. Келіп айтқаны:

— Қайдан жүрген жансыңдар,
 Ала темір киінген?
 Ақ найзаны қолға алып,
 Басыңда бар көк темір
 Лашын құстай шүйілген.
 Құламаушы еді жан бұл таудан,
 Сендерді көрдім құлаған,
 Қай халық болдың, сен? — деді. —
 Аты-жөніңді білдірші,
 Білейін оны мен, — деді. —
 Біз бір қалмақ ел, — деді, —
 Бұрын мұндай көрмеген
 Қорқып тұрмын мен, — деді. —
 Ханыма хабар салайын,
 Сол ханыма барайын, —
 Деп бір кісі сөйледі.

Сонда тұрып Ер Абат
 Оған қарап бүй деді:
 — Біз ноғайдың ері едік,
 Ноғай деген ел едік.
 Іздеп біздің келген жер —
 Хан Тулақтың қаласы.

Хан Тулаққа хабар бер,
 Қалмақ болсаң сен кіші.
 Кісісін тездеп жинасын,
 Соғысамын мен, — деді. —
 Ноғайдан олжа алғандай,
 Еліне бүлік салғандай
 Не жазығы бар еді?!
 Біз де келдік оны іздеп
 Шабарға оның қаласын,
 Шулатуға баласын.
 Үш күн мезгіл беремін,
 Қапыда Тулақ қалмасын.
 Жинасын елде ол барын,
 Ол үшеуден ол қалса,
 Өлтіремін ұлдарын.
 Қатын етіп алармын
 Өзінің туған қыздарын.
 Шамасын білмей ұрынып,
 Алып және кетіпті
 Балдырған елдің ұлдарын.
 Кездесіп еді ол Тулақ
 Білсін неме қылармын.

¹ Қамашау — ықтасын жер, қойнау.

Қалмақтың Тулақ ханның ордасына келіп айтқаны:

— Әй, ханымыз, ханымыз,
 Кеудеде бар жанымыз.
 Келдім көріп бір жанды
 Үстіне темір киінген.
 Қолына ұстап ақ найза,
 Найзасына сүйенген.
 Қасында тағы біреу бар,
 О да темір киінген.
 Оны да байқап қарасам,
 Ер қаруы бес қару¹,
 Киген сондай бұйымнан.
 Екеуінің де қасында
 Көк тұлпар тұр ойнаған,
 Көзі оттай жайнаған.
 Айналайын ханымыз,
 Найзаң болса саптай бер,

Қылышың болса топтай көр.
 Ұшқыр қара тұлпарың
 Келтіріп күйге баптай көр.
 Халқың қалсаң айырып
 Осы жаудан сен, — деді, —
 Ендігісін өзің біл,
 Болдым айтып мен, — деді. —
 Сол секілді ханыңыз
 Ешбір айла таппады,
 Сен бір айла тап, — деді.

Тағы да сонда ойлады:
 «Шаршап келген жан шығар,
 Қайраты қанша болса да,
 Қайраты оның болар аз».

Сонда Тоған Абатқа сөйледі:

— Әй, Абатым, Абатым,
 Жау да келіп таянды,
 Таянбаса не қалды?
 Қайрат болса, Абатым,
 Көрсетелік ол жауға.
 Қаршыға едік қу алған,
 Келіп шаршап алыстан
 Қайратың сенің қайтты ма?
 Денеде қайрат бар болса,
 Қыбырлашы, қанатым.
 Қолымызға ұсталық
 Ақ сап болат найзаңды,
 Тастама тауға айлаңды.

Екі батыр тұрады,
 Қолына алып найзасын,
 Атына енді мінеді.
 Әуелі Алла, екінші
 Бабадан жәрдем тіледі.
 Шаршаған екен көк тұлпар,
 Тұқайы² оның кетіпті.
 Сыныпты үлкен тұқайы,

Жүрмей қалды жануар.
 Сонда тұрып қалмағың
 Халқынан алды жүз кісі.
 Сонда тұрып хандары
 Үстіне киіп алады
 Сауыты жоқ болған соң,
 Қой жүні қызыл шекпенін³.
 Белге ілді садағын,
 Беліне алды қылышын,
 Қолға алды найзасын,
 Құртуға жаудың айлсын.
 Тарылтуға және де
 Аттанған ердің тынысын.
 Көзімен ерлер көреді,
 Көп екенін біледі.
 Сонда тұрып ер Тоған
 Жау қарасын көрген соң,
 Буырқанды, бұрсанды,
 Мұздай темір құрсанды,
 Жау да сонда таянды.
 Атына жалынып айтқаны:
 — Әй, жануар, жануар,

¹ Бес қару — қылыш, айбалта, найза, шоқпар, садақ.

² Тұқай — тұяқ.

³ Шекпен — түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырт киім.

Адым аяқ баса көр,
 Адымыңды аша көр,
 Үстіңдегі иең де
 Жабығып кеп тұрғанда,
 Оған да сен жәрдем бер! —
 Деп тұрғанда жаныңдағы
 Жақын қасқа келеді.
 Көк темірді киінген
 Өңкей ерді көреді.
 Тулақтайын ханыңыз
 Жақын қосқа келіп,
 Келіп сөйлей береді:
 — Әй, адамзат, адамзат,
 Қайсы болдың сен халық?
 Үстіңе кидің көк сауыт,
 Қолыңа алған ақ найза,
 Қарыңа ілдің садағың.
 Халқыңнан асқан ермісің,
 Ілгері басқан қадамың?
 Үстіңе киген ақ сауыт
 Ер болсаң да алармын.
 Қалбыр темір болса да,
 Қой жүні киген шекпеннен
 Ол бір сауыт кем, — деді.

Сонда Тоған сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Менің тегім сұрасаң,
 Ноғай деген ел едік,
 Ел ішінде ер едік.
 Менің атым — Ер Тоған,
 Қасымда менің Абатым,
 Өзімнің құйрық-қанатым.
 Шапса кеспей қалмаған
 Ұстаған қолға болатым.
 Қияда жүріп шарлаған
 Ақсұңқар құс секілді
 Қанатын жайып қомдаған.
 Қосылып жүрсек екеуміз,
 Талай қалмақ сорлаған.
 Қаһарланып ұмтылсақ,
 Қар аралас жаңбыр бораған.

Темір де болса Тоғанның
 Үстіне киген ақ сауыт
 Одан найза өтпеді.
 Ат үстінде ерлердің

Ақ берені жарқылдап,
 Сонда ерлер шабысты,
 Айла жасап қағысты.
 Оған да қалмақ көнбеді,
 Аттан түсті батырлар,
 Белдерінен алысты,
 Жағаласты салысты.
 Тоғанда алмас бар еді,
 Сол алмасты алады.
 Жағаласып жүргенде,
 Алмаспен жарып қалады.
 Жауын сонда мұқатып,
 Көңілі ердің тынады.
 Қалмақ шіркін өлген соң,
 Сонда қалмақ жапырды.

Сонда қалмақ сөйледі:
 — Әй, ноғайсың, ноғайсың,
 Жалғызыңнан жабысқыр,
 Ажырайып қарайсың,
 Жекпе-жекке соғысып,
 Алысуға қалайсың?

Сонда тұрып Ер Тоған:
 «Кезегім менің келді», — деп,
 Тулаққа қарай жөнелді.
 Қолына алып найзасын,
 Тулақ та қарсы келеді.
 Сонда салды соғысты,
 Жекпе-жекке тоғысты.
 Ақ найзасы жарқылдап
 Тулақ пенен Ер Тоған
 Біріне-бірі салады.
 Тулақтайын залымның
 Шекпенінен найза өтпеді,
 Денесіне жетпеді,
 Одан әрі кетпеді.
 Оларға Абат ақырды,
 Тоған мінді ол атқа,
 Жетті сонда мұратқа.
 Сонда қылыш бермеді.
 Ат тұяғы тақылдап,
 Қарсыласып кернеді.
 Алты күн салды соғысты,
 Абат пенен Ер Тоған
 Сонда кезек бермеді.
 Жүз кісідей қалмақтың

Сексені бірден өледі.
 Қалғаны да қашады,
 Жалғыз қуып барады
 Артық туған Ер Тоған.
 Абаттайын батырға
 Үш жерден найза салыпты.
 Барлығы да аяқтан,
 Қоршауыл тұр басқа жер
 Шарайна мен сауытпен,
 Найзаны салсын қай жақтан?!
 Қаны ағып тыйылды,
 Түрегеліп атына
 Болды бару қиын-ды.
 Сол өжеттікпен, ерлікпен
 Барып атқа мінеді.
 Найзасын ұстап қолына,
 Ер Тоғанның соңынан
 Бұл да қалмай ереді.
 Қашып кеткен қалмақтың

Со соғыста Ер Тоған
 Талайын сүйреп жіберді.
 Артқа қашқан қалмақты
 Абат ер де түйрепті,
 Омыртқасын күйретті,
 Қабырғасын қақыратты.
 Қолына алып садағын,
 Қарсы келген қалмақтың
 Кеудесінен неше атты.
 Иесінен айырып,
 Талай атты ойнатты.
 Абат пенен Ер Тоған
 Қалаға келді сиынып,
 Жалмауыздай тебініп,
 Қаладан шығып жөнелді.
 Шығатұғын жолы жоқ,
 Манағы шыңға келеді,
 Шыға алмасын біледі.

Арада бірнеше күн жол жүріп, сонан шыққан соң, еліне келеді.



Бірінші мақам

Орындаған: Асқамбаев Темірбек

Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

жүрдек

Ау, _____ Әй, - а - ға-мыз а - ға-мыз, Бол-дың біз-ге па-на-мыз!

4
Әй, но-ғай-дың же-тім-же - сі - рін Қой-дай ай-дап сен бақ-тың,

6
Аш - а - рық бол - ған но - ғай - ға Па - на бо - лып о - лар - ға,

8
Әй, та-мақ бе-ріп жем тап-тың. Мен бір қи-ял ой-ла-дым, Сол қи-ял-ға же-ту-ге

11
Мен бір жау-ға кет-кен-де Қа-ла-ның ке-ліп ше-ті-не Қал-мақ шір-кін ти-іп-ті

14
Әй, ол-жа-ны о-ңай бө-ліп-ті. Же-тім же-сір ол а-лып, Е-лі-не қа-рай ке-тіп-ті.

17
Әй, сол түр - ған қал - мақ - қа "Бар - сам мен"-деп ой - лай - мын.

19
Сол қал - мақ - қа мен бар - сам, әй, Қал - мақ - тан ба - рып кек ал - сам,

21
Жал - ғыз жау - ға ба - ру - ға Кел - ме - ді о - ның ың - ға - йы

23

Екінші мақам

27




32




37




42



46



50



54



58



62



Үшінші мақам

68



74



79



ет-кен-де, ей, Бол-дырт-қан қа-был ті - ле - гін Ал - ла-ның ше - рі

83



А-рыш-лан, е-й-й Ба- ба Түк-ті Шаш-ты(Ә) зіз Қол-ты-ғың-нан де-ме-сін!

88



Қы- зыр а та, қы-р(ық) шіл-тен, Қы - дыр ме - нен І - ли - яс -

92



О - лар да бол - сын жол-да-сың, ей! Қы-сыл-ған тай - ғақ тар жер-де

96



Қол-ты-ғың- нан же-бе-сін, ей, Қо-лың-нан ұс-тап де-месін! Сон-да А - бат

101



же-ле-ді, и То-ған-ға қа-рай жө-нел-ді. и и

Төртінші мақам

106



Ай ей! Ер-лер сон-да же - ле-ді Ас-ты-на мін-ген тұл-па-ры

110



Ел - ден шы-ғып кет - кен соң, Ей, А - ра - да не - ше күн жү - ріп,

112



Бір-не-ше ас-ты тө-бе-ден, Бір-не-ше ас-ты ө-зен-нен, Бір-не-ше ас-ты дөң-дер-ден.

115



Жә-не ке-тіп ба-ра-ды(ау) Бе-лес-бе-лес бел-дер-ден. Жә-не ө-тіп ба-ра-ды(ау)

118



Бе - те - ге - ді боз бұй-рат, Ей

ҚАРҒАБОЙЛЫ, ҚАЗТУҒАН

Жырдың негізгі кейіпкерлерінің бірі Қазтуған – түркі халықтарына ортақ атақты жырау. Ал Қарғабойлы – Қазтуғанның туысқан ағасы, елді бірлесіп басқарған әрі серігі болған батыр. Осы эпикалық циклге енген туынды Қазтуған туралы ауызша тарихнама үлгілерінде айтылған және бұрыннан белгілі оқиғаларға басқаша жорамал жасауға жетелейді. Туындыда Қазтуғанның бастапқы атақонысы – өзі әйгілі толғауында жырлағанындай Еділ бойы емес, Жем өзенінің жағасы екені айтылады. Тағы бір тың мәлімет – жыраудың Шамға баруды көздеп аттанғаны, елінде оны жоқтатпайтын Жәнібек пен Асанқайғы секілді тұлғалардың қалғаны да сөз болады. Шығармада Қарғабойлы мен Қазтуғанның батырлығы, жыраудың туған қызының да қалмақтарға қарсы шайқастардағы ерліктері әсерлі суреттеледі. Қазтуған жыраудың қай дәуірде өмір сүргені, оның бізге жеткен туындыларының шығуына себеп болған оқиғалар туралы көп зерттеу еңбектерінің бар екені белгілі. Солардың ішінде Х. Досмұхамедовтың, М. Мағауиннің, ноғай ғалымы А. Сикалиевтің ой қорытындылары айрықша назар аудартады. Ал Мұрынның Қазтуған жырау жөніндегі жыры осы мәселені өзгеше қырынан зерделеуге жетелейді.

Томды баспаға дайындау барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдардағы мәтінмен салыстырылды. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 4-дәптер).



Тоқсан баулы ноғайлар
 Мәслихат¹ төбе басында
 Жиылып кеңес құрады,
 Темірдің төмен қасында.
 Жем өзенінің жағасы
 Мекен еткен қаласы.
 Он сегіз күн кеңесті
 Ноғайдың сонда баласы.
 Асанқайғы, Ер Тоған
 Сыр дариясын жағалап,
 Нұрдың Қарабайыры
 Солай асып жөнелді.
 Қарғабойлы, Қазтуған
 «Шам шаһарына² кетем, — деп, —
 Мұнда тұрып не етем?» — деп,
 Қарт Әділ Жәнібек
 Қалған жері осы еді.
 Асанқайғы көшкен жер
 Шыңғырлау, Торыат басы еді.
 Қыземшекті Саршоқы
 Осы судың қасы еді.
 Асанқайғы, Тоғанның
 Бөлінген жері осы еді.
 Қарғабойлы, Қазтуған
 Мәслихаттан бөлінді.
 Қойға қошқар салмады,
 Сиырға бұқа салмады,
 Түйеге бура салмады,
 Жылқыға айғыр салмады,
 Еркекке әйел қоспады,
 Адамды байтақ ұстады.
 Тұзсыз тамақ бергеннен
 Еркегі де, әйелі де
 Қайратынан айырылып,
 Бойдақ болды бәрі де.
 Қарғабойлы, Қазтуған
 Шұбырып асып жөнелді,
 «Шам шаһарына жетем, — деп, —
 Үшқияннан кетем, — деп, —
 Оқ-Балқанға жетем», — деп.
 Оқ-Балқанға барғансын,
 Ағып жатқан дария су
 Қазтуған малын суарды.
 Алдыңғысы қанады,

Кейінгі суы лай болып,
 Түйесі қанбай қалады.
 Шөлдегенсін жануар,
 Боздап, аңырап қашады.
 Ботасын тастап Бозмая,
 Баяғы кеткен жеріне
 Жемге қарап жөнелді.
 Мал суарып тұрған ер
 Сонда көзі көреді.
 Артынан қуып Қазтуған
 «Қайырам», — деп жөнелді.
 Әрі-бері қуса да,
 Құғанына қарамай,
 Мая да үркіп жөнелді.
 Шабуыл салды «Жетем, — деп, —
 Қайырып келмей не етем?» — деп.
 Ботасы қалды ауылда
 Бозмаяның боздаған.
 Тұра қашып анасы
 Қайырмақ болды Қазтуған.
 «Алдынан орай шығам», — деп,
 Қазтуған да келеді.
 Көре сала жануар
 Құлаштап мая желеді.
 Ақбөкендей орғытып,
 Маяға жақын төнеді.
 Қазтуған қуып жете алмай,
 Маяны қиып кете алмай,
 Дағдарысқан жер еді.
 Сарсаңның шеті сабылған
 Бір жұмаға толады.
 Адамның қарасы көрінсе,
 Бозмая қаша береді.
 Тайғанамай тау-тастан,
 Кідірмей аса береді.
 Маяға жетпей Қазтуған,
 Ашуланып, ақырып,
 Тұлпарын басқа тебеді.

Қазтуғанның ұлы жоқ,
 Жалғыз қызы бар еді.
 Жасы он бесте болса да,
 Ақылы зерек дана еді.
 Далаға кеткен әкесі

¹ Мәслихат /а/ — кеңес, ақылдасу.

² Шаһар /а/ — қала.

Келмегесін торығып,
Шешесіне сөйледі:
— Айналайын анамыз,
Мен едім жалғыз балаңыз.
Алла нашар қылғасын,
Келеді неге шамамыз?!
Бір тайлақтың артынан
Қуып, іздеп кетті бабамыз.
Жамандатқыр Бозмая
Кеткен шығар еліне,
Шалқып жатқан көліне,
Өзінің туған жеріне,
Оған нешік етеміз?!
Мұнда қалды баласы,
Жеріне кетті-ау шамасы.
Қырдан ішер суы жоқ,
Қурап жатқан дөң еді,
Өзі бір алыс жер еді.
Не шара бар Құдайға,
Атам өліп қалған-ды.
Ноғайға хабар салайын,
Қарғабойлы батырға
Мұнымды айтып қарайын.

Сонда тұрып шешесі
Қызына жауап айтады:
— Айналайын қарағым,
Еркек тусаң не етерге!
Құдай нашар қылғасын,
Жолықтым ғой бетерге¹.
Жөн таппайсың, перзентім,
Артынан іздеп кетерге.
Қасыңа ерсе бір ноғай,
Болар еді-ау сол қалай?!
Ақ сақалды жан ертсең,
Талайды көрген шал ертсең,
Қиынды қиып шығатын
Ақ сақалды, сары тісті
Ақылғөй туған кәрі ертсең,
Барар едің сен, — деді, —
Не дейін саған мен? — деді. —
Он беске келген қарағым,
Кім ерер сенің қасыңа?
Ағайын-туған аз еді-ау,
Сөзіме менің жасыма,

Ұзақ жолдың бейнеті
Береді қорлық басыңа.
Көп ішіне барғанда,
Көздің жасын көп төгіп,
Ал, перзентім, жасыма!
Қарғабойлы ағаңа
Барып жауап айт, — деді. —
Тыңдар болса сөзіңді,
Елер болса өзіңді,
Жолдас қосар қасыңа.
Егер тіліңді алмаса,
Сөзіңе құлақ салмаса,
Қайтарсың, балам, асыға.

Сонда қызы ойлады
Қарғабойлыға баруға.
Қарғабойдың алдына
Өзінің ойын салуға,
Барып ойын айтуға.
Қарғабойдың алдына
Арызын айтты атаға,
Қасына жолдас алуға.
Жолдас алса жолданып,
Әкесін іздеп баруға.
Қарғабойдан қаймықпай,
Қыз да кіріп келеді,
Кіре сөйлей береді:
— Асыл, артық ер, — деді, —
Бір тілегім бер, — деді. —
Рұқсат етсең айтайын,
Сөзімді тыңдап көр, — деді. —
Ақылға кемел данамыз,
Сізге ақыл саламыз.
Сегіз күн болды кеткелі
Бір тайлақтың соңынан
Қазтуған сынды бабамыз.
Жолдас берсеңіз жөн білер,
Соңынан іздеп барамыз.
Жалғыз өзім баруға
Бұрын шығып көргем жоқ.
Қасыма ертіп алуға
Аға-іні менде жоқ.
Төрт жағы бірдей құбыла
Бұл дүниеде пенде жоқ.
Құдай нашар қылғасын,

¹ Бетер — «қиындық, қауіп» деген мағынада.

Болдым енді мен ғаріп¹.
 Іздеп жөнін таба алмай,
 Алдыңа келдім зарланып.
 Берсеңіз басшы, сіз, — деді, —
 Әкеміздің жолында
 Өлуге тұрмыз біз, — деді.

Қарғабойлы сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Ноғайлының бастысы
 Жиналып бері кел, — деді. —
 Айтатұғын сөзім бар,
 Жалпы, тыңдап көр, — деді.

Шақырғасын келеді
 Ел жиналып ордаға.
 — Естіңдерші, ел-жұртым,
 Менің айтқан сөзімді.
 Жүректі шалды бір түтін,
 Тұман қаптап көзімді.
 Қанатым сынып түскендей
 Қайғы басты өзімді.
 Қатарласым Қазтуған,
 Қатардан асып наз туған,
 Уландырды сезімді.
 Он алты күн болыпты
 Қазтуған ер кеткелі.
 Жеріне қашқан тайлақтың
 Соңынан қуып жетпеді.
 «Әкем менің қайда? — деп, —
 Болар ма оған айла?» — деп, —
 Мынау тұрған жас бала,
 Баршаңыз, бұған тез қара!
 Басшы болып жүретін
 Көп ноғайда бар ма екен
 Бұған жолдас ерегін?
 Өзімен туған баланың
 Онға жасы келіп тұр.
 Асық атып далада
 Балалармен ойнап жүр.
 Киетұғын киім бар,
 Мінетұғын ат та бар,
 Алсаңыз қару зат та бар.
 Тілімді алсаң, ноғайлы,
 Жерің келді аттанар.

Пәленше бар деп айтуға
 Еркін тілім келмейді.
 Өзім іздеп кетер ем,
 Иесіз қалар ел, — деді. —
 Жеріне кетті-ау ол тайлақ
 Мұнда қалды баласы.
 Күндердің күні болғанда,
 Дұшпанның қанар табасы.
 Айтып болдым сіздерге,
 Енді жауап беріңіз.
 Мынау тұрған балаға
 Жолдас боп бірің еріңіз.

«Бармаймыз», — деп ноғайлы
 Бәрі кейін шалқайды.
 Ермейтінін еркімен
 Қарғабой да байқады.
 Қарс жауып қабағын,
 Қызға қарап сөйледі:
 — Бектен туған баласың,
 Жапа-жалғыз қаңғырып,
 Жарқыным, қайда барасың?
 Алыс жолға жүрмедің,
 Жақсы-жаман көрмедің.
 Бірлігі кеткен ноғайлы,
 Қасына бірің ермедің.
 Енді кімді жұмсайын,
 Айтшы өзің, шырағым.
 Өзім-ақ іздеп кетер ем,
 Асынып жаудың құралын.
 Қалған елде қамқор жоқ,
 Оған не амал қыламын?!
 Елді иесіз тастасам,
 Қаптап келіп қалмақтар
 Білемін елді қырарын.
 Ел үшін туған ер еді
 Қазтуған да қайтпайтын.
 Тірі болса келеді,
 Ар-намысын сатпайтын.
 Ашуы қатты долы еді
 Егескен жауын таптайтын.
 Бойында қайрат көп еді
 Ерлігін елдің сақтайтын.
 Тілімді алсаң, жарқыным,
 Әуре болма бекерге,

¹ Ғаріп /а/ — бейшара.

Көштен қалмай жүре бер,
 Қазтуған қайтпай кетер ме?!
 Қазақтың ұлы Қазтуған
 Бір оралмай еліне,
 Тайлақты қуып кетер ме?!
 Әлі де болса күтейік,
 Тіріден үміт етейік.
 Тілімді алсаң, қой, балам,
 Қонатын жерге жетейік.

Қызара түсіп қыз сонда,
 Сөз сөйледі безеніп:
 – Издемей енді нетейін,
 Белімді будым кезеніп,
 Жолында өліп кетейін.
 Бір шыбындай жанымды
 Атама құрбан етейін.
 Кез келгенде кекетіп,
 Ноғайлы көзімді оймай ма?
 «Қаңғырып кеткен әкең», – деп,
 Бетіме таңба қоймай ма?
 Туламай жаным төзер ме,
 Шыдамаймын ондайға.
 Түзеп ұшқан ақсұңқар
 Оралып қайта қонбай ма?
 Тірі келсе Қазтуған:
 «Шыныменен елім», – деп,
 Ноғайлыны қорғай ма?
 Өлсе өлігін табайын,
 Өлмесе хабар алайын.
 Талабымнан көрейін
 Жазылғанын маңдайға.
 Өзім қайтып келгенше
 Отырады анамыз.
 Көрмесең ауыр, ағажан,
 Сырттан қорып қараңыз.
 Тапсырдым Аққа мен, – деді, –
 Сау-саламат болыңыз,
 Байтақ жатқан ел, – деді.

Сонда тұрып Қарғабойлы
 Ноғайға жауап қайырды:
 – Ноғайлының баласы,
 Ар емес пе елдікке,
 Өздерің ойлап қарашы,
 Қалған алыс жер, – деді. –
 Бір ай болды көшкелі,

Шамасы қандай байқаңыз,
 Енді, ноғай, сен, – деді. –
 Балдырғандай жас бала
 Көзіне түр жас ала.
 Тілімді алсаң, жігіттер,
 Бір-екеуің ер, – деді.

Жалынып қанша айтса да,
 Ерем деуші болмады.
 Қарғабойдың сөзі еді
 Сөйлеп бір өткен сондағы:
 – Ерейін, балам, қасыңа,
 Жалғызбын деп жасыма.
 Қазтуғанды ел жоқтар,
 Күн туғанда басына.
 Жалпақ елден жан шықпайды,
 «Азғын ел» деген осы ма?
 «Қазтуған қайда?» дегенде,
 Не дер екен ноғайлы
 Дұшпан менен досына.
 Атымды әкеп байлаңдар,
 Жау-жарағым сайлаңдар.
 Қазтуғанға қанат пен құйрық
 Кеттім іздеп ерімді,
 Қамыңды өлмес ойлаңдар!
 Сонда қыз тұрып сөйледі:
 – Айналайын жан аға!
 Сөзіме құлақ сал, аға!
 Елді есіз қалдырма,
 Тілімді менің ал, аға!
 Екеуің бірдей жоқ болсаң,
 Жау созар қолын жағаға.
 Иесіз елді жау шапса,
 Қаларсыңдар табаға.
 Мен үшін, сіз, қайғырма,
 «Тәуекел», – деп барайын,
 Өлсем жаным садаға, –
 Деп Асылзат тіледі.
 Қарғабойлы тұра келді,
 Қолын жайып «Құдай», – деп,
 Ақ батасын береді.
 Батасын алып жас бала,
 Үйіне қарай жөнелді.
 Алдынан шығып анасы
 Істің жөнін сұрады,
 Баласы баян қылады.
 – Жалғыз қайтып барасың? –

Деп анасы жылады.
 — Жылама, анам, сен, — деді, —
 Сапарға шығам мен, — деді. —
 Ақ сүтіңе разы бол,
 Болмайды сөзің ем, — деді. —
 Үш күннен кейін, анашым,
 Мінемін атқа мен, — деді. —
 Жол-жарағын сайлағын,
 Беліңді бекем байлағын.
 Бола бермес өлгенше
 Өне бойы ойдағың.
 Әкемді тауып әкелсем,
 Соңынан ертіп тайлағын.
 Сүтіңді ақтап, анашым,
 Болармын сонда майлығың.
 Күреңдейін тұлпарды
 Жетегіме алайын.
 Жүрісі тыныш жануар
 Жал-құйрығын тарайын.
 Шұбырған елдің ізімен
 Қамшыны баса шабайын.
 Төңірекке жер жазық
 Көз жанарын қадайын.
 Көп мағына аз сөзден
 Кешікпей енді барайын.

Сонда шешесі мұңайды,
 Мұңайып тұрып жылайды:
 — Кім көреді жасымды-ай,
 Ермек едің, қарағым,
 Сен тұрғанда қасымда-ай.
 Алғаным кетіп қалғасын,
 Болып едім арманды-ай.
 Екеуіңнен айырылып,
 Қалдым тағы сормаңдай.

Шыдасын ба бейшара
 Ішінен шыққан балаға.
 «Кетемін», — деп тұрғасын,
 Еш қайырылмай анаға.

— Қалмақ пенен бұл үндіс —
 Екеуі де жаман ел.
 Сапарыңда кез болса,
 Не қыласың, балам, сен?

Алысып әлің жете ме,
 «Жүзден жүйрік,
 Мыңнан тұлпар» деген бар.
 Күрең¹ тұлпар болса да,
 Онан құтылып кете ме?
 Ортаға түссе, басыңды
 Тостағандай қылады.
 Қоя ма қалмақ өлтіріп,
 Тәніңді жерге тығады.
 Дүниеге көзің салғайсың,
 Алыстан қара көрінсе,
 Тасаланып қалғайсың.
 Абайсызда қалмақтың
 Түсіп қалма қолына.
 Кез қыла көрме, бір Құдай
 Залымдардың торына.
 Осынша байтақ елдерден
 Ермеді бір жан соңыңа.
 Арам қатқыр Бозмая
 Бітті менің сорыма.
 Құдайға айттым бозқасқа,
 Қарағым, сенің жолыңа.
 Бұл ордада зарланып
 Қалып барам мен, — деді. —
 Қозғалмаймын, құлыным,
 Келгеніңше сен, — деді. —
 Тірі қайтар күн болса,
 Осы орынға кел, — деді.

Сонда қызы сөйледі:
 — Алла оңғарса сапарды,
 Әкемді алып келемін.
 Ақ жүзіңді, анашым,
 Осы арадан көремін.
 Қарсы алдыңнан жау келсе,
 Қара бұлттай төнемін.
 Қолдаса аруақ қолтықтап,
 Алдырмаймын, жеңемін.
 Қос қанатты тұлпардың
 Шабысына сенемін.

Сонда кемпір үйінен
 Маймаңдай басып шығады,
 Желбегей салып желеңін,
 Қызына қарап тұрады.

¹ Күрең — қызыл қоңыр, қошқылтым түс.

Жайдақ мініп тұлпарға,
 Қолына найза алады.
 «Найзаға ерлік етем, — деп —
 Ерлік етпей не етем? — деп, —
 Шапшаңдығым білінсін,
 Сынасын көріп шешем», — деп,
 Шешесіне бұрылып,
 «Қолыңа, — ал деп, — құмалақ.
 Найзамен түйреп көрейін»,
 Түскенше жерге домалап.
 Шешесі құмалақ алады,
 Лақтырып жерге қалады.
 Кетіп жатыр құмалақ
 Алды-алдына домалап.
 Ыңғайланып қыз дағы
 Тұлпарға қамшы салады,
 Жерді басып тұрмады,
 Орындай мылтық зырлады.
 Еңкейіп найза салады.
 Түскенше жерге құмалақ
 Біреулеп шаншып алады.
 Ат зырылдап өткенше,
 Он-он бесін еңкейіп,
 Құмалақтың алады.
 Шапшаңдығы кемпірге
 Баланың сонда ұнады.
 Азық-түлік бұл алып,
 Арқан менен қауға алып,
 Қолына ұшты найза алып,
 Әкесінің киген шарайна
 Үстіне киіп алады.
 Үйде қалған қорамсақ
 Ерге іліп алады.
 Еркектің киіп киімін,
 Өн бойына қарады.
 Төбеге түйіп тұлымын,
 Қынына қанжар салады.
 Ат қасына барды да,
 Шешесіне қарады.
 Шешесі сонда мұңайып,
 Өксіп-өксіп жылайды,
 Жыламай көңілі тынбайды.
 Ордасы иесіз қалғасын,
 Қамықпай кемпір не қылсын?!

— Қарадан туған жан едің,
 Айырдан туған нар едің.
 Қарағым, жалғыз бала едің,
 «Кетемін», — дедің далаға,
 Келгеніңше кімдер бар?
 Күндер өтер арада.
 Бұршақ салып мойныма,
 Үш айналып болайын,
 Қарғам, сенен садаға.
 Қыз да болсаң тұяғым,
 Қош-аман бол, шырағым,
 Жар болсын Жаппар¹ Құдайым!
 Төбенің түспен басынан,
 Келгеніңше қасыма.
 «Мал қанар», — деп ойлаймын
 Көзден аққан жасыма.
 Ризамын мен, — деді, —
 Тапсырдым Аққа сені, — деді. —
 Көргенше күн жақсы, — деп, —
 Қызының қолын ұстады,
 Тезірек бар, сен, — деді, —
 Кешегі шұбырған елдің соңынан.

Сонда қызы сөйледі:
 — Қош-аман бол, — деді, —
 Тапсырдым Хаққа² мен, — деді. —
 Әкемді барып көргенше,
 Қайта айналып келгенше,
 Не көрсең де көн, — деді. —
 Қылатын Аққа айла жоқ,
 Мендей болып қаңғырған
 Адам баласы қайда жоқ.

Көденең шыңды жағалап,
 Жүре берді баяғы
 Кеткен ізді шамалап.
 Түсіп ізге жүреді
 Сонда қызың жағалап.
 Күні-түні жүргесін,
 Құба дөңге бұл жетті,
 Сай-саладан көп өтті.
 Шұбырған елдің ізімен
 Дөң үстіне келгесін,
 Жан-жаққа көзін салады.

¹ Жаппар, Жағыпар /а/ — құдірет; Алла Тағала есімдерінің бірі.

² Хақ /а/ — шын, шындық, ақиқат; нағыз; Алла Тағала есімдерінің бірі.

Бұлдыраған қараны
 Алыстан көзі шалады.
 Екеуден басқа қара жоқ,
 Ашылды екеуінің арасы,
 Біреуі бұған қарай жүрді шамасы.
 Қасқайып келеді біреуі,
 Сонда қызың кідіріп,
 Атынан түспей қалады,
 Күреңге мініп алады.
 Жеке келді біреуі,
 Көзін салып қараса,
 Секілді бөтен реңі.
 Қыздың келіп қасын-ай,
 Сөйлей берді осылай:
 — Жапанда жүрген ер, — деді, —
 Кім боласың сен? — деді. —
 Кім де болсаң, жарқыным,
 Жауапты тез бер, — деді. —
 Мен — қалмақ деген ел, — деді, —
 Қарғабойлы, Қазтуған
 Екеуі басты дегесін,
 «Шабайын» деп аттанған
 Біз бір әскер қол, — деді. —
 Қарауыл едім мен — деді, —
 Айтшы, кім боласың, сен? — деді.

Сонда тұрып қызыңыз
 Қалмаққа қарсы сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Мен — ноғайлы деген ел, — деді, —
 Асылымды сұрама,
 Емеспін болат құрама¹,
 Қазтуған батыр — мен, — деді. —
 Шамаң келсе, хабарла,
 Аяма, қалмақ, сен», — деді. —
 Қарауылда жүр едім,
 Артымда әскер мол еді.
 Үш мың кісі әскермен
 Қарғабойлы батырың
 Ол да осында келеді.
 Құмар болсаң, сен қалмақ,
 Жақынырақ кел, — деді. —
 Беремін хабар десеңіз,
 Жинап кел әскер, сен, — деді.

Сонда тұрып қалмағың
 Бір ауыз сөз сөйледі:
 — Қапы болып қалмайық,
 Алды-артымызды аңдайық.
 Ноғайға хабар сен салып,
 Қалмаққа хабар мен салып,
 Екі жақтың әскерін
 Бәрін бірге жинайық,
 Қаруды мықты сайлайық.
 Сонда қалмақ торығып,
 Ұрысуға қорқып,
 Дем ала алмай зорығып,
 Қайтайын кейін мен, — деді.

Сонда қызың қарады,
 «Кідіре тұр, қалмақ», — деп.
 Тастай беріп торы атты,
 Қалмаққа жақын барады.
 Көлденең найза қолға алып,
 Түсіруге қозғалып,
 «Әскерге хабар салсын, — деп, —
 Құр кетпесін бұл заңғар²
 Жаралы болып барсын», — деп,
 Ұмтылып еді мынау қыз,
 Шауып қалмақ қашады,
 Түсі кетіп сасады.
 Қалмақтың істеп пайдасын,
 Өлмейтұғын жерлерге
 Қыз да сұқты найзасын.
 «Бері кел, қалмақ, сен, — деді, —
 Қазтуған батыр — мен, — деді. —
 Шақырмаймын әскерді,
 Тап осы жерге кел», — деді.
 Қайта барды қалмақтар,
 Әр жерінен қан ағып.
 Басылып тіске бармақтар,
 Жалтақтайды қаранып.
 Бір төбенің басында
 Тұрып қалып қызыңыз,
 Екі атты бірдей байлады.
 Айыл-тұрманын бекітіп,
 Ұрысуға сайлады.
 Мың кісімен ол қалмақ
 Төбенің шықты басына.

¹ Құрама — бұл жерде «будан» деген мағынада.

² Заңғар — бұл жерде «есер, зальым» деген мағынада.

«Келейін», — деген ойы бар
Бұл баланың қасына.

Қалмақ хабар береді:
«Екі мың кісі әскермен
Қазтуған ерге жолықтым.
Ұрысып едім мен, — деді, —
Оған шамам келмеді.
Жаралы болып жау жақтан,
Келгенім мынау жалбақтап.
Жіберді мені олжа ғып,
Әр жерімнен қан ақты,
Найзаменен шабақтап.
Астында бар-ды Күреңі,
Тайсалатын ер емес,
Таймайды ешбір жарағы.
«Осы отырған қалмақты
Жеңе ме?» — деп мен қорқам,
Талайының жетіп ажалы».

Қалмақ байтақ ел еді,
Онан бері жақындап
Жуықтау жерге келеді.
Мұны көрген батыр қыз
Астына менген Күреңнің
Жал-құйрығын өреді,
Жау қарасын көреді.
Көлденеңнен Күреңмен
Қиғаштай басып желеді,
Жауға қарап жүреді.
Алдынан шығып бұ қыздың
Бір қалмақ жақын келеді.
Қалмақ жақын келгенде,
Күреңнің басын тартады.
Тұра қалып қалмақтан
«Не сөзің бар?» — деп сұрады.

Қалмақ сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
— Мен қалмақтың бегі едім,
Асыл туған ер едім.
Ноғайлыдан ер көрсем,
«Алармын басын», — деп едім.
Қарғабойлы, Қазтуған
Бөлінген екен ноғайдан
Кетемін, — деп, — Шамдарға.
Шығып едім мен іздеп,

Жолықсам, — деп, — заңғарға.
Соның үшін келемін,
Қараны көрсем желемін.
Анық хабар аларға
Қарымыңды сұраймын,
Қай халықсың сен? — деді.

Қыз тұрып сонда сөйледі:
— Қарымымды сұрасаң,
Ноғайлы деген ел, — деді. —
Сол ноғайдың ішінде
Өз атымды сұрасаң,
Қазтуған батыр — мен, — деді. —
Тұрамыз ба бөгіліп,
Соғысалық кел, — деді. —
Шыққан болсаң жекпе-жек,
Кезегімді бер, — деді.

Қазтуған соны айтқанда,
Қалмағың кейін шегінді.
Жасқанғанын білгесін,
Қызың сонда тебінді,
Оңдады жауға найзасын.
Енді қызың ойлады
Өз жанының пайдасын.
Сонда артына қалмақ қарады,
Кейіндеп жылжып барады.
Артындағылар шақырды,
«Кел жылдам!» — деп ақырды.
Сонда тұрып қызыңыз
Салады қамшы Күреңге,
«Арышлан, жәрдем бер, — деді, —
Жалғыз едім мен, — деді. —
Қасиетті ер болсаң,
Әскер болып көрінші
Бұл қалмаққа сен», — деді.
Қалмаққа қол салысты,
Үш күндей ер соғысты,
Қалмақпен қатты тоғысты.
Қалмақ кетті қыруға,
Мұрсат бар ма тұруға?
Мүмкіндігі болмады
Аттың басын бұруға.
Астындағы Күреңі
Тер шыққан сайын өрледі.
Омырауынан аққан тер
Жаңбырдай болды тамшылап.

Арандай¹ аузын ашады,
 Құлаштап аяғын басады.
 Аяқтан шыққан топырақ
 Құйындай болып шашады.
 Атты кісі қалмақтың
 Талайын жерге басады,
 Үстінен қарғып асады.
 Қолында бар-ды найзасы,
 Найзасы қылған айласы.
 Неше күндей қалмақпен
 Салады сонда соғысты,
 Ен майданда тоғысты.
 Кірді ердің реңі,
 Қалмақтың бітгі сүреңі.
 Жалғыз-жалғыз ыдырап,
 Алды-алдына бытырап,
 Сүмендеп кетіп барады.
 Күні-түні алты күн
 Үлкен соғыс салады.
 Қалмақ жаман қашқасын,
 Қолы қосылып сасқасын,
 Ердің пысы басқан соң,
 Бір мың кісі қалмақтың
 Жарма-жары өледі.
 Құтылды-ау тек үш жүзі,
 Жеті жүзі жоқ болып,
 Сол сапарда қалғаны.
 Тастай беріп қалмақты,
 Қайта шапты атына.
 Байлап қойған жануар
 Кете алсын ба далаға,
 Кісінейді қараға.
 Түсе қалып Күреңнен,
 Торыға ерді салады.
 Атпен шауып жүрсе де,
 Қыз да шаршап қалады.
 Атқа мініп алғасын,
 Торы ат қатты ырғытты,
 Қамшы басып сырғытты.
 Қамшы етіне тигенсін,
 Торы жорға жаман зырлады
 Сарыжанның оғындай.
 Күні-түні сабалап,
 Торы ат жүрді жобалап.
 Елдің жолы соқпақтай,

Табаны жерге тиеді
 Торы жорға атының
 Құлаштап ұрған тоқпақтай.
 Сабалап таудан құлады,
 Жер жазыққа түскесін,
 Қызымыздың көрінбей
 Келе жатыр қарасы.
 Майданда жазыққа түскен қыз
 Мұңайып бір жылайды,
 Жылай тұрып жырлайды:
 «Көрінбейді-ау бабамыз,
 Отыр екен не қылып
 Үйде қалған анамыз?!
 Жамандатқыр Бозмая
 Айырдың ғой бабамнан,
 Тағы айырдың анамнан.
 Жапанда жүріп меңдедім,
 Бабамды көрмей шөлдедім.
 Сүйегін көріп бабамның
 Қатарында өлмедім.
 Екеуі қатар тұрғанда,
 Ажалды неге бермедің?
 Көрдім жердің жазық даласын,
 Ен майданда зарлаттың
 Қазтуғандай батырдың
 Жалғыз туған баласын.
 Жетекке алдым Күреңін,
 Егер көрсем қарасын,
 Жарылар еді-ау жүрегім,
 Кірер еді-ау реңім».
 Сөйтіп қызың мұңайды,
 Өксіп-өксіп жылайды,
 Жыламай көңілі тынбайды.
 Қамшы салды төкпелеп,
 «Асыл туған торы жорға ат,
 Жүрісің сенің аз ба?» – деп,
 Мінген атқа өкпелеп.
 Көрінді Жемнің қарасы,
 Қазбек, Қандыаралы
 Көшкендегі жер тап осы.
 Қандыарал деген дөң еді,
 Асты-үсті жатқан жем еді.
 Сол Мая сол қашқаннан
 Сол жерге дейін жазбаған.
 Суды ішіп Бозмая

¹ Арандай — дәлиған үлкен, кең.

Шөлі қанып бір тұрады.
 Есіне түсіп ботасы,
 Төңірекке қарай ыңыранды.
 Жем беруге атына
 Қазтуған да келді қасына.
 Сауатын бұйым таппады,
 Етігін шешпей қайтеді,
 Етік демей сауғаны.
 Иіді мая талтайып,
 Сүтін ішіп қанады.
 Тұсап қойып үш күндей
 Батыр демін алады.
 Төртінші күн болғанда,
 Күн сәскеге толғанда,
 Жетелеген торы атпен
 Көрінді қыздың қарасы,
 Білінді жердің шамасы.
 Қатты жүрген қоя ма
 Жақындап қалды-ау арасы.
 Сонда өзінің қызы екенін
 Танығасын Қазтуған,
 Алдынан жаяу шығады.
 Естігенде дыбысын,
 Қыз да аттан түсе қалады.
 Жақындасып келгесін,
 Құшақтап алып әкесін,
 Мойнына білек салады.
 Қазтуғандай еріңіз
 Құшақтай алды «балам», — деп.

Сонда қызы жылайды,
 Жылап тұрып толғайды:
 — Айналайын бабажан,
 Ризамын Алла бергенге,
 Сені көзім көргенге,
 Тең болып едім өлгенге.
 Көре алмай сені шөлдедім,
 Жоқ болып ажал өлмедім.
 Ағайын-туған болмады,
 Тоқсан баулы ноғайда
 Бір жаман еріп жүрмеді.
 Қарғабойлы шақырып
 Ноғайлыға көп айтты.
 Айтқан тілін алмады,
 Бірі еріп бармады.
 Анамнан басқа қара жоқ,
 Жинаған дүние бұл қалды.

Жаңа кірді реңім,
 Жасың үлкен бабамыз,
 Сау-саламат жүрсің бе?
 Қуандым қатты, жан баба,
 Сіздің көріп қараңыз.
 Тілегім қабыл болды, — деп, —
 Жеткізді Құдай енді, — деп.

Сонда Қазтуған сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Омырауым ашып тұр,
 Айналайын жалғызым,
 Аспандағы жұлдызым,
 Су түбінде қол жетпес
 Асыл едің құндызым.
 Жалғыздық түсіп есіме,
 Неше түрлі жас шықты.
 Дөңгеленген көзіңнен
 Айналайын құлыным,
 Қыз да болсаң ұлымдай
 Сенен мұндай шығар деп,
 Жоқ еді менің ойымда-ай.
 Ризамын мен, — деді, —
 Сау-саламат келдің бе,
 Қарағым, енді, сен? — деді.
 Артыңдағы аман ба
 Қамқор болған анаңыз?
 Өзіңіз шығып кеткенше
 Аман-түгел қалды ма
 Жинаған дәулет қараңыз?
 Неше күн болды шыққалы,
 Қарағым, жалғыз баламыз?

Сонда қызы сөйледі:
 — Айналайын жан баба,
 Мен шыққалы санасам,
 Бір жиырма бес күн болды.
 Жолда байтақ ел көрдім,
 Хас қызықты мен көрдім,
 Қалмақтан шыққан қол көрдім.
 Бір мың кісі қол екен,
 Аттанған қалмақ сол екен.
 «Қарғабойлы, Қазтуған
 Ол жерлерден асты», — деп,
 Естіген екен хабарды,
 Издеп соны барады.
 Мың кісі ертіп шығыпты

«Шабайын», — деп елдерді,
 «Аламын», — деп қараны,
 Олжа қылып алуға
 Қатын менен баланы.
 Қарсы қалмақ тап келді,
 Құба дөңнің үстінде
 Қарсыласып кез болды,
 «Кімсің?» — деген сөз болды.
 Ойлап ақыл тапқаным,
 «Қазтуған деген ермін», — деп,
 Атыңды, әке, сатқамын.
 Жал-құйрығын бір өрдім,
 Қамшы басып күреңге,
 Қызығын жаудың мен көрдім.
 Қарсыласып алғасын,
 Қалмаққа салдым ойынды.
 Талай жерден бунадым
 Кеңірдек пен мойынды.
 Қалмақтардың қан қылдым
 Омырауын ашқан қойынды.
 Жеті жүзін қырғасын,
 Үш жүзі қашып құтылды.
 Күні-түні алты күн
 Ұйықтамай салдым соғысты,
 Қалмақ сөйтпін тоғысты.
 Қоймайтын едім оны да,
 Бір-бірден қашып тарады,
 Арты қашып барады.
 Оны да қоймай жояр едім,
 Сізге асығып шыдамай,
 Шөлден бабам танар деп,
 Бір жерде жатып қалар деп,
 Асығып кеттім мен, — деді. —
 Шөлдемей, ашпай, шаршамай,
 Келдің бе, бабам, сен, — деді.

Қоржынды ашып алады,
 Азыққа қолды салады.
 Не керек тамақ табылып,
 Ол қоржыннан қалады.
 Екеуі жатып сол жерде
 Тағы үш күн демалады.
 Демін алып болғасын,
 Бозмаяны жетелеп
 Елге қайтып барады.
 «Жүрісі тыныш осы», — деп,
 Торы жорғаны әкеліп

Әкесіне береді.
 «Талай да жүріп көргенмін,
 Мін атқа, балам, сен», — деді.
 Елге жуық келгенде,
 Оқ-Балқан тауының
 Қарасы енді көрінді.
 «Келе берші сен, — деді,
 Ілгері барып анамды
 Қуантайын мен», — деді.
 Аттың басын бұрып алып,
 Елге қарай жөнелді.
 Торы жорға атының
 Басын сонда жіберді.
 Ала құйын шаң болды,
 Аттың шаңы бұрқырап,
 Атқан оқтай зырқырап,
 Табаны жерге тимеді.
 Жүрген екен анасы
 Атқа мініп қыдырып,
 Отыра алмай кідіріп.
 Әр төбенің басына
 Шығады екен бейшара
 Қарауыл қарап жүгіріп.
 Көрді қызы анасын,
 Көріп былай шамасын.
 Атынан түсіп жаяулап,
 Қыз алдына жөнелді.
 Жақындасып келгесін,
 Бәйбіше сонда жылады.
 Омырауын ашады,
 Құшақтасып тұрады.
 Сонда тұрып бәйбіше
 Қызына бір сөз сөйледі:
 — Қарағым, енді қондың ба,
 Сұңқарым едің сен ұшқан?
 Іздеген аңды алдың ба,
 Әкеңе тауып бардың ба?
 Тірі ме екен жан көкең,
 Анық хабар алдың ба?
 Кеткен болса дүниеден,
 Сүйегін тауып алдың ба?
 Астыңда мінген күрең жоқ,
 Біз пақырда ерік жоқ.
 Қалған дәулет бәрі аман,
 Жылап жүрмін егіліп,
 Көзімнің жасы төгіліп,
 Тек жаным тұр өлмеген.

Қанды бүгін сусыным,
Қарағым, менің шөлдеген.
Сау-саламат келдің бе,
Перзентім, аман сен? — деген.

Сонда қызы сөйледі:
— Айналайын шешеке,
Мен едім туған балаңыз.
Келе жатыр көкекем,
Жетегінде Бозмая.
Шамға барған кезімде
Көкемнің көрдім реңін,
Жарылды-ау менің жүрегім.
Кел, ауылға кетейік,
Ордамызға жетейік.
Көкем келер кідірмей,
Соған қызмет етейік.

Ертіп жүріп шешесін,
Үйге келді тебініп.
Аттан түсе қалады,
Қой алдырып сояды,
Қазанын отқа қояды.
Сар қымызды сапырып,
Самаурын қатар қояды.
Құяды жақсы шайларын
Етін қойды пісіріп,
Қазанды қойды түсіріп.
Құлынды қойды байлатып,
Қызымызды қойды сайлатып.
Қызы менен батыр келгесін,
Кемпір байғұс қуанып,
Алдынан барды жүгіріп.
Кемпір сонда батырдың
Қасына барып сөйлейді:
— Аманбысың-саумысың,
Сау-саламат бармысың?
Мұнда қалған ноғайдың
Қараңыз бір үйі жоқ,
Жеткізді Құдай сіздерге,
Көргеннен соң көзіміз,
Ризамыз Аққа өзіміз.

Үйге жетіп келгесін,
Аттан түсе қалады.

Піскен май мен қымызға
Батыр да жақсы тояды.
Бұл жерде бір ай демалып
Батыр сонда жатады.
Молдау суға барғасын,
Отыр екен бөгеліп.
Он бес күндей демалып,
Бұл да көшті жиналып.
Жарты ай тұрып кідірді,
Қазтуғандай батыр-ай.
Шаршаған екен апыр-ай.
Жарты айдан соң көшеді
«Ноғайлыға жетем, — деп, —
Онан қалып не етем?» — деп.
Екі күні өткесін,
Үшінші күні жеткесін,
Жері жазық дала еді,
Алдыңғы кеткен ноғайда
Қазаншық деген жер бар еді.
Суы бұлақ мол еді,
Отырған жері сол еді.
Қазаншық деген су еді,
Суы артық сол еді.
Қарғабойлы батырдың
Отырған жері осы еді.
Серен деген бір қалмақ
Атганып еді «жетем, — деп, —
Басып елге кетем», — деп.
Ол қалмақтың көңілі бар
«Ноғайға қуып жетем, — деп, —
Барсам олжа етем», — деп,
Бір мың кісі қол алып,
Қуған екен қол алып.
Жетеді қалмақ бір күні
Қарғабойлы хандарға,
Ноғайлы деген жандарға.
Қарғабойлы тұр екен
Жансыз алып далада
«Біреу зарар қылар, — деп, —
Қатын менен балаға,
Болар деп ие қараға».
Жансызы¹ келді бір күні
«Бізге дұшпан келді, — деп, —
Хабарла, батыр, енді», — деп.
Қарғабойлы шаптырды

¹ Жансыз — тыңшы.

«Қазтуғанға жетің, — деп, —
Барып хабар етің, — деп. —

Келген болса Қазтуған,
Келе көрсін ер» — деді.
Қарғабойлы батырың
Ноғайды жинап алдырды,
Ноғайға хабар салдырды.
Қазтуған ерге жіберген
Кісі де келіп жетеді,
Хабарды баян етеді.
Астындағы көк тұлпар
Тұрған екен белдеуде,
Шығып атты ерледі¹.
— Барайын оған мен, — деді.
Сандықтағы әр нәрсе
Бер алып маған киімді.
Жаудан қашу қиын-ды.

Шарайнаны ол алды,
Үстіне киер бұйым бұл алды.
Дулыға киіп басына,
Балдағы² алтын беренді³
Сандықтан тартып оны алды.
Он екі тұтам сүр жебе
Ер қасына іледі.

Атқа мінер шағында
Бәйбішесі бұл барды
Қазтуған ердің қасына.
Бәйбіше сонда сөйледі:
— Артық туған сұлтаным,
Шаршамады деп едің
Жүрсе де қанша тұлпарың?
Ақ сүңгіні қолға алып,
«Жау келді, — деп, — ноғайға»,
Қаның қашып долдандың.
Сіз кеткесін далаға,
Тұра алмады балапан
Баулы құстай талпынып.
Мынау сіздің ордаңыз,
Артында тұрған бұл бала —
Өзі нашар бір қара.

Ойламаңыз, ноғайлы,
Бірге туған бауыр деп.
Қызың жылап тұрғанда,
Біреуі еріп бармады.
Қарғабойлы батырдың
Еш ноғай тілін алмады.
Әлдеқандай күн болар
Байқасаңыз, батыр-ай,
Біз болдық қой пақыр-ай.
Алай-бұлай іс болса,
Кім қорғар біздей пақырды-ай.
Иесіз қалып меңдеген
Ол бір айдың ішінде
Мен ғаріп едім шөлдеген.
Қанша күнде тап болар
Шұбырып кеткен ноғайың.

Қазтуған батыр сөйледі:
— Артық туған алғаным,
Көше берің, сіз, — деді, —
Алыс емес ол шіркін,
Тек бір он күндей жер еді.
Келіп тұр ғой хабарға,
Бара тұр озып, сен, — деді.

Қазтуған батыр жөнелді,
— Барамыз жауға біз — деді.
Жиналып тұрған ноғайдың
Әскерімен ол жетті,
Күн-түн жүріп бұл жетті.
Серен дейін қалмағың
Қалған екен жиналып.
Алдынан шығып Қарғабойлы
Қазтуғанға сөйледі:
— Қатар жүрген сыбайым,
Аман-есен келдің бе,
Сақтады ма Құдайым?
Ноғай деген ел, — деді, —
Балаға бірі ермеді.
«Барамын, — деп, — әкеге»
Жылап келді-ау шырағым.
«Жіберіп едім хабар», — деп.
Мынау қалмақ біздерді

¹ Ерледі — ерттеді.

² Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

³ Берен — болат қылыш.

Қорқамын «басып алар», — деп.
Тірі болса ол батыр
Шақырғанға келер деп,
Дұшпанға қарсы көмек берер деп.
Мынау ноғай мол, — деді, —
Бірлігі жоқ ел, — деді.
Ілгері таман барайық,
Қалмақтан хабар алайық,
Сенбейік біз бұларға.

Қарғабойлы, Қазтуған
Екі батыр жөнелді,
Ел қарасы үзілді.
Сол уақыт болғанда,
Көрінді қалмақ қарасы.
Жүз кісі алып қасына,
Серен деген қалмағың
Ноғайға қарап барады.
«Аз болса алмай нетем деп,
Хабар алмай неге кетем», — деп,
Шыққан екен елінен.

«Басып жатқан ноғайды
Алып олжа етем», — деп.
Жақындасып келгесін,
Серен шықты ілгері,
Қасына жолдас бұл алып.
Жолдасы да бір кісі,
Жақындасып келгесін,
Бірін-бірі көргесін,
Қарғабойлы, Қазтуған
Парыменен келеді.
Екі бірдей ер еді,
Бір-біріне тең еді.
Сонда тұрып Сереннен:
— Сен кімсің? — деп сұрады.
— Мен — қалмақ деген ел, — деді.
Етек-жеңім кең, — деді.
Мың кісі бар әскерім,
Іздегенім сен, — деді.

Сонда тұрып Қазтуған
Бір-екі ауыз сөз сөйледі:
— Асылымды сұрама,
Мекеннен көшіп шұбырған
Қарғабойлы, Қазтуған
Деген батыр — біз, — деді. —
Серен қалмақ сен болсаң,
Тұрамыз ба сөз сөйлеп.

Өзің қатар тең болсаң,
Іздеген жауың біз болсақ,
Беліңді бу да, кел, — деді.

Серен қалмақ сөйледі:
— Жекпе-жеке кел, — деді, —
Маған кезек бер, — деді.
Сонда тұрып Қазтуған:
— Қимылда, қалмақ, сен, — деді, —
Аямаймын мен, — деді.
Ноғай менен бұл қалмақ
Ежелден емес тең, — деді.
Сен секілді қалмаққа
Боламын ба мен, — деді.
Оңғарса Құдай жолымды,
Боларсың маған жем, — деді.
Іздеп келген ерсің ғой
Алайын деп ел, — деді.
Атуға, қалмақ, іркілсең,
Кел, атайын мен, — деді.

Сонда қалмақ сұрланып,
Қаруды қолға алады.
Оңтайланып атуға
Қарғабойлы батырға
Қалмақ жақын барады,
Жақындап қалмақ қалады.
Іркілсін бе бұл қалмақ,
Өзіне ерік тигесін,
Атып оқты қалады.
Атқан оғы қалмақтың
Шарайнадан өтеді,
Ақ сауыт сетінеп кетеді.
Үшке дейін оқ атты,
Оғын қардай боратты.
Үшеуі де өтеді,
Етіне барып жетпеді.
Артық туған төре еді,
Қарғабойлы ер еді.
«Сен секілді қалмақпен
Кезектесіп тұрам ба?»
Атайын деп жебені
Қарғабойлы жөнелді.
«Қарсы тұрсаң қабақ, — деп, —
Оқ өтетін өзегің —
Жұтқыншақ — мынау
тамақ», — деп,
Оғын қардай боратты.

Атқан оғы өтеді,
Басын жерге қалмақтың
Домалатып кетеді.
Қарғабойлы батырдың
Атқан оғын қарасаң,
Сауыт бұзар оқ еді,
Не де болса шоқ еді.
Он екі тұтам бұл оқтың
Өтпейтін жері жоқ еді.
Серен қалмақ қарады,
Жолдасы өліп қалғасын,
Артына айғай салады.
Артында жүр жүз кісі,
Жақын еді арасы.
Қалмақ пенен ноғайдың
Араласты баласы.
Жеңісуге қалды ғой
Өңкей ерлер шамасы.
Артында қалған мына бір
Алдыңғы шаңды көргесін,
Артқысы да шабады.
Серен дейін ханыңыз
Кейін қашты шегініп.
Қарғабойлы, Қазтуған
Екеуі бірдей ұмтылды,
«Жетемін», — деп тебініп.
Артынан құды қалмақтың
«Ханымыз кейін кетсін, — деп, —
Кейінгі көпке жетсін», — деп.
Салды жаман ұрысты,
«Жапырам», — деп тырысты.
Көп қалмаққа жеткесін,
Үлкен соғыс еткесін,
Жинаған қалмақ баласын
Қарғабойлы, Қазтуған
Жауға намыс бермеген.
Ақ сүңгі қолға алып,
Тұс-тұсынан сермеген.
«Серен қалмақ қайда?», — деп,
Қарғабойлы, Қазтуған
Бір-бірінен сұрады.
— Серен басын алайын,
Алып жерге салайын.
Сол қалмақты өлтіріп,
Кегімізді алайық.

Қазтуған батыр жөнелді
«Артынан қуып жетем, — деп, —

Серенге бармай не етем?» — деп.
Қазтуғандай батырың
Қуып жетті ақыр-ай.
Құтылмады қашса да,
Тұра қалды бұл Серен
Таянғасын, япыр-ай.
Кете алмады қашқанмен,
Ақыл ойлап көңілінен
Аттың басын бұрады.

Серен қарсы келгенде,
Қазтуған батыр сөйледі:
— Серендейін қалмағым,
Ауыр ма менің салмағым?
Көп қалмақты қырдырдың,
Тістелді ғой бармағың.
Әуелден-ақ сен едің
Басыңды кесіп алмағым.
Құмарың болса сермей бер,
Қаруыңды, қалмақ, сен, — деді.

Суырды Серен қылышын,
«Аламын», — деп тынысын.
Жоқ екен қалмақ найзасы,
Аз екен оның айласы.
Шапқанменен болмады
Қылыштың ешбір пайдасы.
Қазтуғандай батырдың
Алмастан екен найзасы.
Салып қалды найзамен
«Жұтқыншағың қайда?» — деп.
Сонда Серен қақалды,
Кеңірдек пен өңештен
Қабат өтіп көк найза
Омыртқаға тақалды.
Сонда Серен қалмағың
Атынан түсіп бұл қалды.
Серендейін қалмақтың
Кідірмей басын сонда алды.
Қалмақты тонап сол жерде,
Ат-жарағын алады.
Арам дене секірді,
Айдалада долданды.
Самсаған қолын айдады,
Қалмақтың соры қайнады.
Ер қазақтың баласы
Гүлшешектей жайнады.

Тындырғасын көңілін,
Ел аңыз ғып айтады
Қазтуған ердің өмірін.
Естіген елден ертектей
Жыр қылып ұзын ырғасын
Өрдім жырдың өмірін.

Естігенді елге жаймасам,
Алдына беріп қоймасам,
Басылмайды көңілім.
Тағы да талай жырлармын,
Жыр кестесін сырлармын,
Жетсе егер өмірім.




Бірінші мақам

Орындаған: Бисенқұлов Болат

Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

жәй



Екінші мақам



Батырамыз дуи аялымын көңі көрдім. 2-дәп.
 бір кісіні жаңағу пайдаймын айттым көз берді.
 осы қабарды мамайға көткізіп еді.
 Мамай хан ~~орак~~ орақпен пайдаймын Ұлы теларға
 дәртпен мақарым айтты сонда мамай еңсей
 бастады.

Орақ пеней теларға
 келдіз байыр понкасын
 атамарың ер көрсе
 айыптың еңсей қиналса.
 ояртаң не ақша қалмағанды.
 байыр не алғыз бастағанды
 сүйі Мауыт алуға
 кезесіңің ~~қалай~~ деді неиналса.
 осыдан бармай қалай біз
 қалмақ иы көзің қалмаймы.
 мамайе дүше қалмағы.
 Көкше не алғыз бастағанды
 еркіт. қолдан алмаймы.
 Саты сауып байырды
 көп ішінде қалмаймы.
~~еріктің қолдан алмаймы.~~
 Катоты бала несердіз
 көзіңіз не асы болмаймы.
 Асқар тұтан ерлерің.
 осы мауыт барқуар.
 Мауыт айран салқуар.
 Дүшканымыз сатың еңгердім.
 Жерімен малғ мұркің.
 Балың не алай айқуар.
 егер текер аз болса
 не айдан едім адым тағуар.
 Жолу болсын ерлерің.
 ерелекен дүшканымыз,
 Көздіңіз ~~уестіңіз~~
 үстіңіз оттың мауытқуар.
 орақ пеней не адыршың Ұлы теларға
 қасына Ұо текер еркітін Көкшеміз еңсей.
 келеді

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (330-бума, 4-дәптер).

ЕР КӨКШЕ

Көкше батырдың есімі ертеден келе жатқан тарихи дереккөздерінде, көркем шежіре үлгілерінде көп кездеседі. Уақ руы өзінің шежіресін Көкше мен оның ұлы Ер Қосайдан тарататыны белгілі. «Никон жылнамасы» мен Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағында» Ер Көкшенің 1419 жылы Едігенің соңғы шайқасында қаза тапқаны баяндалады. Ер Көкшенің бейнесі қырғыздың «Манас» жырында да сомдалған. «Ер Көкше» жырының бір нұсқасын кезінде академик В.В. Радлов жазып алып, өзінің «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» жинағына (1870, 3-т.) енгізген болатын. Кейін Г.Н. Потанин «Ер Көкше және оның баласы Ер Қосай» атты аңызды Санкт-Петербургде жариялаған (1881). Орталық ғылыми кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында жырдың 8 нұсқасы сақталған. «Ер Көкше» туралы жырдың ерекшеліктерін алғаш рет ғылыми тұрғыдан Ш. Уәлиханов талдаған болатын. Ол «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбегінде аталмыш туындының тарихи жырға жататынын дереккөздеріне сүйене отырып дәлелдеген-ді. Көкше туралы жыр-аңыздардың тарихилығына Г.Н. Потанин, М. Тынышбаев, Ә. Бөкейханов және өзге де зерттеушілер баса назар аударған. Мысалы, Ә. Марғұлан өзінің докторлық диссертациясында аталған жыр кейіпкерінің прототипі жөніндегі Шоқанның болжамдарымен келіссе, «Манас» жыры туралы зерттеуінде Көкше Алтын Орда дәуірінен көп ғасыр бұрын өмір сүрген деп есептейді.

Сөз болып отырған туындының Мұрын жырау нұсқасының мазмұны бай, кейіпкерлер әлемі жағынан жоғарыда аталған нұсқалардан мүлде өзгеше. Бұл нұсқада суреттелген қалмақтарға қарсы соғыста басты кейіпкерге көмек көрсететін Мамай, Орақ, Телағыс, Ахмет, Алау бастаған Қырымның қырық батыры жырдың өзге нұсқаларында кездеспейді. Дегенмен, жыр нұсқаларының барлығына ортақ бір ерекшелік — Ер Көкшенің қазақ батыры екенінің атап көрсетілуі.

Жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, мәтіндегі ілгеріге кеткен кейбір қателіктер түзетілді. Бұл жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (330-бума, 4-гөптер).



Көкше батыр Шыңғырлау, Торыат деген тауда отырады. Осыған жақын жерде қалмақ Сұлтанғали деген ханның елі бар еді. Сол хан: «Ноғайлының батыры Көкше ноғайларын жинап, «соғысам», – десе, келсін. Сүйретпенің тауында боламыз. Егер қорқып қашса, біздің қалмақтар барып, елін шауып алады», – деп, Көкшеге хабар жібереді. Көкше бұл хабарды ноғайға жібереді. Ноғайлар оның бұл хабарына келмей қалады. Көкше батыр өзіне жақын жерде отыратын Сыпыра жырауды шақырып: «Ал жырау, маған ақыл қос, менімен Сұлтанғали соғыспақ ойы бар. Шақырып отыр. Мен ноғайға хабар салсам, біреуі келмей отыр. Осыған не ақыл қосасың?» – дейді. Сонда Сыпыраның Көкшеге айтқаны:

– Әй, Ер Көкше, Ер Көкше,
Айтайын ақыл мен, Көкше,
Бұл жерден әскер жинама.
Қобданың қалың жағасы
Сол жерде бар-ды сұрасаң,
Орақ, Мамай, Телағыс, –
Сұрасаң көмек беретін
Ноғайдың сонда баласы.
Хан Мамайға хабар ет,
Адаммен атты жіберед.
Көкше, саған еретін
Қалмақпен олар жауласты,

Сегіз жасар күнінен
Сені жалғыз дегесін,
Олар шыдай алмас-ты.
Арына шыдап тұра алмас,
Бәрің ноғай елісің.
Жақын жерде ит қалмақ
Етектен алып жармасты.
Содан көмек сен алып,
Қалмақтан сөйтіп кек алып,
Жалғыз барып ұрынба,
Сөйтпесең жауға болмас-ты.

Сыпыраның бұл ақылын жөн көріп, бір кісіге жаңағы жағдайын айттып, оны қоя берді. Осы хабар Мамайға жетті. Мамай хан Орақты, Жаңбыршы ұлы Телағыс батырды шақырып алып, сондағы Мамайдың айтқаны:

– Орақ пенен Телағыс,
Келдің батыр жиналып,
Ағаларың ер Көкше
Айтыпты сәлем қиналып.
Отырған жақын қалмақты
Батыр жалғыз болған соң,
«Елді шауып алуға
Кеңесіпті», – дейді жиналып.
Осыдан бармай қалсақ біз,
Қалмақтар көзін салмай ма?
Мал мен дүние, халықты
Көкше жалғыз болған соң,
Ерікті қолдан алмай ма?
Сағы сынып батырдың

Көп ішінде қалмай ма?
Қатын, бала, жесірдің
Көзінің жасы болмай ма?
Асылы туған ерлерім,
Осы жауға барыңдар,
Жауға ойран салыңдар.
Дұшпанның сағын сындырып,
Жері менен мал-мүлкін
Бөлісіп, ноғай, алыңдар.
Егер әскер аз болса,
Ноғайда адам тағы бар.
Жолың болсын ерлерім!
Ерегіскен дұшпанның
Үстінен отты жағыңдар.

Орақ пен Жаңбыршыұлы Телағыс қастарына қырық әскер ертіп, Көкшенің еліне келеді. Ер Көкшенің үйіне қонақ болып түстеніп, одан соң Ер Көкше оларды бастап алып жөнелді.

Жөнелді ерлер, жөнелді,
 Мінгені — өңкей сал бедеу.
 Ауыздықпен алысып,
 Табан жолмен тартысып,
 Дөңгеленіп желеді.
 Күні-түні жол жүрді,
 Аз ғана емес мол жүрді.
 Жиырма бес күн болғанда,
 Сүйретпенің ұзын тау
 Қарасын сонда көреді.
 Басына таудың көз салса,
 Жүрген қаптап қалың жау

Құмырсқадай қаптайды.
 Қырық үш кісі әскер де
 Даярлана береді.
 Әуелгі айтқан хабармен
 Айсаның ұлы Ахмет,
 Батыр Алау, Ер Әмет,
 Шынтасұлы Төрехан
 Сегіз кісі жолдаспен
 Бұлар да жетіп келеді.
 Қаптаған жауды көреді,
 Көріп көңіл бөледі.

Сонда тұрып Айсаның ұлы Ахмет Көкшеге сөйлей бастайды:

— Әй, Ер Көкше, Ер Көкше,
 Қара құрттай қайнаған
 Қалың жауды көр, Көкше.
 Айтқан сізге хабармен
 Еліңе келдім мен, Көкше.
 «Кетті Көкше» дегенмен
 «Кейіс қылар», — деп сені,
 Артыңнан келіп отырмын.
 Бұл ниетіме сен, Көкше
 Сегіз кісі жолдас қасымда —
 Бәрі де өңкей асылдар.
 Алау батыр, Ер Әмет,
 Шынтасұлы Төрехан,
 Асанның ұлы Ер Абат,
 Ақжонасұлы Ер Кеңес
 Бірінен-бірі кем емес,

Кем дегенім жөн емес.
 Қысылар кезең келгенде,
 Бір кісі — мың кісі
 Болар деймін бір теңдес.
 Жиналған өңкей батырлар
 Қолдарында болат асыл бар,
 Үстерінде кілең көк темір,
 Ақ сүңгі, найза өңгерген,
 Азын көпке теңгерген.
 Тұлпар мініп астына,
 Жауды көрсе ашына,
 Екі батыр тең келген.
 Қайырлы болсын сапарың,
 Жауға бұлар тигенде,
 Қалмақтар жаман сенделген.

Бір кісі тоқтап, иіріліп тұрған бұларды көре сала Сүйретпенің тауынан төмен түсіп, бұларға қарай жүрді. Көп ұзамай келіп те қалды. Бұған қарсы ерлердің ішінен Ер Көкше де шығып, оған қарсы жүрді. Көкшеге жақындап келіп сөйлей бастады:

— Біз қалмақтың елі едік,
 Елдегі байтақ ері едік.
 Бұйырып патшам жіберді
 Хабар алып қайтуды.
 «Келеді» деп ноғай жүр едік,
 Ұрысуға келдің бе?
 Отыз екі күн жатып біз,
 Келмеген соң ноғайдың
 Еліне қарай жүруге
 Дайындалып тұр едік.
 Және сізді көрген соң,

«Хабар ал», — деп жіберді.
 «Ұрыса ма, болмаса,
 Ұрыспай-ақ берілсін».
 Қалмақ енді оңдырмас,
 Оңтайланып келген соң.
 Өзінің және келіп тұр
 Сегіз бірдей баласы.
 Ноғайлыдан бұрын да
 Жері мен алып елдерін
 Білген сондай шамасын.

Сонда Көкше сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Біздің текті сұрасаң,
 Біз ноғайдың елі едік,
 Елдегі байтақ ері едік.
 Мекенімді сұрасаң,
 Шыңғырлау, Торыат басы еді,
 Осы судың қасы еді.
 Әуелінде қалмақты-ай
 Қобданың бойын жайлаған
 Едіге сынды батырдың
 Қалмақтайын кәпірді
 Қуған жері осы еді.
 Алла жолды оңғарса,
 Мекеніңді алармыз,
 Еліңе бүлік салармыз.
 Менменсінген еріңді
 Қаратып оңға шалармыз.
 Атадан аруақ қолдаса,
 Атаның бұрын жүрген жол

Тарылтармыз жеріңді,
 Көрсетерміз көрімді.
 Сұлтанғали Хайдардың
 Орақ, Мамай, Телағыс,
 Талай елін шапқанбыз.
 Қандарын судай ағызып,
 Оңайлап олжа тапқанбыз.
 Қырсық шалған ит қалмақты
 Айдап ажал келген ғой,
 Әзірейіл соңынан
 Бәрінің де ерген ғой.
 Елу екі кісі жолдасым,
 Бәрін де Құдай оңдасын.
 Көптігінен қорықпан
 Елу екі кісі – бәрі ер,
 Әрқайсысы мың кісі.
 Елу екі кісі әскермен
 Қалмақтың білдім оңбасын.
 Ер болса келсін жекеге,
 Суырайын қолқасын.

Қалмақтың хабаршысы осыны естіп, тұрған жеріне қайтып кетті. Барып патшаға айтып еді. Патша: «Үлкені – мен, жол менікі», – деп атқа міне бергенде, үлкен баласы Қайнас: «Ә, әке, мен барайын, сіз бармаңыз», – деді. Ер Көкше әуелгі тұрған жерінде тұра берді. Сонда Ер Көкше атының айыл-тұрманын бекіте берді де, өзінен-өзі сөйлей бастады:

«Жасаған Алла жан ие,
 Жау да жақын келді енді,
 Қимылдайтын жер келді.
 Алла салар оңдаса,
 Әулиелер¹ қолдаса,
 Ақ сүңгіні алайын,
 Көкірегі өскен ер екен,
 Алтын сапты алмаспен
 Көкірегін жарайын,
 Көңілін бүйтіп табайын».

Көкшенің мінген Тарлан ат
 Аспанға қарғып ойнады.
 Көкшенің киген шарайна,
 Бастыра киген дулыға
 Күмістей болып жайнады.

Келе жатқан жауды көрген соң,
 Ер қаруы бес қару
 Бәрін тегіс сайлады.
 Келе жатқан кәпір де
 Қайтпайтұғын ер екен,
 Өзі үлкен неме екен.
 Көкірегі өсіп шалқайып,
 «Ер» дегенге еріп жүр екен.

Келе қалмақ сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Келдің бе жақын, ноғайым,
 Алуыма оңайым.
 Ерегіссең менімен,
 Жоныңнан таспа жонайын.
 Шақшитайын көзіңді,

¹ Әулие – ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

Өлтірейін өзіңді.
Астыңа мінген Тарлан ат,
Үстіңдегі қару-киімнің
Ақысыз-пұлсыз алайын.
Артыңа ерген әскерге
Қозғамай-ақ басқаны,

Жалғыз өзім ойын салайын.
Қайтпайтұғын Көкше болсаң,
Жолым үлкен ағамын,
Кезегімді енді бер,
Ойынымды сосын көр, —

деп еді, Көкше қалмақтың кезегін беріп, Тарлан аттың басын тартпай қақшиып тұрды.

«Атайын», — деп қалмақ оқталды,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Сауыт бұзар оқ алды.
«Қақ жүректің тұсы, — деп, —
Өлер жерің осы», — деп,
Кезеп қалмақ оқ атты.
Көкше мінген Тарлан ат
Бұға жата қалады.
Оғы тимей қалмақтың
Көкірегі жанады.
Тағы кезеп оқ атты,
Оғынан қарғып ат асты.
Тағы кезеп тағы атты,
Бұлтарып ат кетіпті,
Қапталдан оғы өтіпті.
Сонда қалмақ қашады,
Көкшедейін батырдың
Аруағы асады.
Келген жауы қашқан соң,
Қайраты судай тасады.
Қайнастайын кәпірді
Шашақты болат найзамен
Ақ сауыттың сыртынан
«Ажал оқтың тұсы, — деп, —
Өлер жері осы, — деп,
Батыр Көкше шаншады.
Арқаға найза кірген соң,
Аттан қалмақ құлады.
Өгіздейін өкіріп
Көкше түсіп атынан,
Өңешке қанжар тығады.

Жығылғанын бұның көргенде,

Тағы шапты біреуі.
Тағы тұрды Ер Көкше
Бұзылмастан реңі.
Дулығасы шалқайып,
Айылын бір жимастан,
Тұрды батыр талтайып.
Ақ сұңгі найза қолында,
Тарлан аты ойнаған,
Бір шабысқа тоймаған.
Келді тағы біреуі
Інісі екен Қайнастың,
Келіп тағы сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Менің атым Жайнас-ты,
Ағам еді Қайнас-ты.
Абайсызда алдырды,
Аяғынан шалдырды.
«Жеңдім», — деп, ноғай, тұрмысың,
Тайдырайын бастан бағыңды,
Сындырармын сағыңды.
Өлім іздеп жүрсең сен,
Өлім саған табылды, —
Деп бір қалмақ ұмтылды.
Қылыштары жарқылдап,
Әрі-бері шабысты.
Үлек¹ пен нардай² қағысты,
Қылыштары сартылдап,
Қылышы қалды майысып,
Найзаласып шаныштты.
Шанышқанға шыдамай,
Аттан түсе қалысты.
Жаяуласып алысты,
Бірін-бірі ала алмай,
Алуға айла таба алмай,

¹ Үлек — асыл тұқымды бура түйе.

² Нар — жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе.

Жағаласты салысты.
 Бірін-бірі бағысты,
 Күні-түні сегіз күн
 Терін жұтып, қан ішті.
 Бір мезгілдер болғанда,
 Күн бір түске толғанда,
 Қалмақтың ері Жайнастың
 Тізесі сонда бүгілді,
 Аяғы жерге ілінді.
 Жайнастайын кәпірдің

Желкесіне тұра мінеді.
 Алтын сапты қанжармен
 Тамағынан тіледі.
 Қол-аяғын байлады,
 Кірерге көрін сайлады.
 Ағасының қасына
 Апарып мұны жайлады.
 Өлтірген соң ердің екеуін,
 Қайраты ердің қайнады.

Бұл жерде батырдың қылышсыз қалғанын қалмақтар көріп, бірақ бата алмай тұрады. Енді қалмақ екі баласы өлген соң, олардың өлгенін көзі көрген соң, қайғыға шыдай алмай, сары тұлпарға үш сүрініп барып, зорға мінеді. Олар ол жақтан шыққанда, бұл жақтан Орақ батыр шығып, Көкшеге келіп: «Ер Көкше, шаршадың ғой, ендігі кезегіңді маған бер», — деді. Көкше қайтып барып топқа қосылды. Сөйтіп тұрғанда Сұлтанғали қалмақ та Орақтың қасына келіп сөйлей бастады.

Қалмақ келе сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Әй, ит ноғай, ит ноғай,
 Алды ма даяр сені оңай?
 Бұдан бұрын, ноғай, еліңнен
 Алдық жесір біз талай.
 Екі бала өлген соң,
 Бір ноғайдың қолынан
 Шықтым өзім шыдамай.
 Екі бірдей баланың
 Жиырма төрт жілік санына
 Жиырма төрт ноғай шалармын.
 Қырайын деп келдім ұзамай,
 Болсаң батыр, ноғайым,
 Кезегімді бересің,
 Қайратты сосын көресің.
 Қан тартып келіп тұрсың ғой,
 Көп ұзамай өлерсің.

Сонда Орақ сөйледі,
 Сөйлегенде бұй деді:
 — Біздің текті сұрасаң,
 Біз ноғайдың елі едік.
 Елдегі байтақ ері едік.
 Ерегіскен дұшпан тап болса,
 «Жерміз етін», — деп едік.

Пәнсіген¹ батыр ерлерің
 Қалды өліп, әнеки,
 Сен де бірге жатуға
 Іздеп соны келгенің.
 Жасың үлкен ағасың,
 Кезегіңді аласың.
 Жолымды Алла оңдаса,
 Әулиелер қолдаса,
 Ноғайдан қаза табарсың.

Қалмақ сонда долданды,
 Иіннен садақ қолға алды.
 Қорамсаққа қол салды,
 Қозы жауырын оқ алды.
 Орақтайын батырды
 Атайын деп қозғалды.
 Орақтайын батырды
 «Қақ жүректің басы, — деп, —
 Алтын ердің қасы, — деп, —
 Өлер жерің осы», — деп,
 Толғап атып қалады,
 Ораққа оғы барады.
 Оғы тура барса да,
 Өте алмай оғы таяды.
 Тағы атып қарады,
 Тағы өте алмай қалады.

¹ Пәнсіген — паңсынған, менменсіген.

Тағы бірін тағы атты,
 Өте алмай оғы жер соқты.
 Сонымен қалмақ үш атты,
 Үш оқты бірден босатты.
 Орақ та сонда қозғалды,
 Атайын деп оңталды.
 Садағын о да қолға алды,
 Қорамсаққа қол салды,
 Қозы жауырын оқ алды.
 «Қалмақ ердің қасы, — деп, —
 Өлер жерің осы», — деп,
 Толғап тартып қалады,
 Қалмаққа оғы өтеді.
 Ар жағында бір төбе,
 Тостағандай төңкеріп,
 Ол төбені де кетеді.
 Қалмақ сонда құлады,
 Баладай болып жылады.
 Өлгенін ханның көрген соң,
 Айнала тауды қаптаған
 Қалың қалмақ етекке
 Соғысуға шұбады.
 Орақтайын еріңіз
 Қалмақтың атын, қаруын
 Көкшеге тарту қылады.
 Алып Көкше қылышты,
 Беліне мықтап буады.

Сонда Көкше сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әй, ерлерім, ерлерім,
 Бәрің де тұлпар ерледің.
 Қаптаған қалың қалмаққа
 Күш көрсетер жер келді.
 Сегіз мың қалмақ бар екен,
 Қалмақ, ноғай арасы
 Сынасар қайрат кез келді,
 Аянып енді қалмаңдар.
 Қалмақтың өлді басшысы,
 «Жеңерміз», — деп ойлаймын
 Қалмақтардың қосшысын.

«Жаудан бетті бұрмалық», —
 Деп бір ерлер кеңесті,
 Көкшенің айтқан бұл сөзін
 Бірігіп ерлер: «Жөн», — десті.
 Қалмақтар жүрді шұбалып,
 Айбарларын шығарып.
 Қалмақ та жақын келгенше,
 «Алла!» — деп ерлер ұмтылды.
 Көкшедейін батырың
 Қылышын алып қолына,
 Оңды-солды сермеді.
 Келген жақын қалмақты
 Бұта құрлы көрмеді.
 Орақ пенен Телағыс,
 Айсаның ұлы Ахмет,
 Алау батыр, Ер Әмет —
 Ерлер де бар-ды керемет.
 Қалмақтар жаман қырылды,
 Қан сасыған қырғын ішінен
 Жөнін тауып жүре алмай,
 Біріне-бірі сүрінді.
 Қырғынды бұндай көрген соң,
 Ханның күйеу баласы
 Шығып жалғыз қашады,
 Ерлердің пысы басады.
 Шынтасұлы Төрехан
 Ақтанаудай тұлпармен
 Әудем жерге апармай,
 Ақ сүңгіні қолға алып,
 Ашу кернеп долданып,
 Желкеліктен шаншады,
 Қорылдап қалмақ құлады.
 Елу екі батырың
 Қалмақтың елін қан қылды.
 Бытыратып ерлерін,
 Өлігін үйіп, жал қылды.
 Отыз екі күн соғысты.
 Сегіз мыңдай әскерден
 Екі мыңдай қалыпты.
 О да қашып шәріне¹
 Ерлер қуып барыпты.

Еліне барып тағы соғысып, елін көндіріп алып, мал, дүние-мүлкін алып,
 еліне қайтады. Елу екі кісіден тоғыз кісі өледі.

¹ Шәр /а/ — қала.

Бірінші мақам

Орындаған: Баймағанбет Өзімхан
 Ноғаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

Салмақты


А - е - е - ей, Ай, Ер Көк-ше, Ер Көк-ше, а - ей,
 Ай - та - йын а - қыл мен Көкше, Бұл жер-ден ас - кер жи - на - ма, ей!
 Қоб - да - ның қа - лың жа - ға - сы, Сол жер - ден бар - ды сұ - ра - саң,
 Орақ, Ма - май Тел - а - ғыс, Сұ - ра - саң кө - мек бе - ре - тін,
 Но - ғай - дың сон - да ба - ла - сы. Хан Ма - май - ға ха - бар ет,
 А - дам мен ат - ты жі - бе - ред. Көк - ше, са - ған е - ре - тін,
 Қал-мақ-пен о - лар жау-лас - ты, Сөйт-пе - сең жау - ға бол-мас - ты, еу.

Екінші мақам

А - е - еу, О-рақ пе-нен Тел-а-ғыс, Кел-дің ба-тыр жи-на-лып,
 А - ға - ла - рың Ер Көк - ше Ай - тып - ты сө - лем ки - на - лып.
 О - тыр - ған жа - қын қал - мақ - ты, Ба - тыр жал - ғыз бол - ған соң,
 Ел - ді ша - уып а - лу - ға, Ке - ңе - сіп - ті дей - ді жи - на - лып.



Үшінші мақам





Суретші Е.М. Сидоркин

КӨКШЕНІНҢ ҰЛЫ ЕР ҚОСАЙ

Бұл жырдың бас кейіпкерінің тарихта болған тұлға екеніне кезінде Г.Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, Ә. Марғұлан және өзге де көрнекті зерттеушілер айрықша көңіл бөліп, Ер Қосай туралы халық туындыларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы жөніндегі пайымдауларын білдіргі. Қазақтардың аузынан бұл жырдың бірнеше нұсқаларын В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, М.Ж. Көпеев, А. Хангелдунгер жазып алғаны белгілі. Ш. Уәлиханов жырды тарихи жыр үлгілерінің қатарында қарастырған. Дегенмен, бұл туындының тарихи тағым тұлғасынан қызығушылық туғызбайтынына тоқталып, ол тұлғасын жырдағы кейіпкерлер жөнінде тарихи мәліметтердің жоқтығымен дәлелдеген. Ал оның басты құндылығы көшпелілердің соғыс тактикасының жақсы суреттелуімен байланысты екенін атап көрсеткен. Жырдың тарихилығын Ә. Марғұлан докторлық диссертациясында қарастырған. Одан кейін біраз уақыт зерттеушілердің назарынан тыс қалған шығарманы М. Ғұмарова бұрын зерттелмеген жырлар қатарында кеңінен талғады (1960).

Шығармада халқымыздың қалмақ басқыншыларына қарсы күресі шеберлікпен суреттелген. Жыршының өзіне ғана тән қолтаңбасы бұл нұсқада да байқалмай қалмайды. Жырдың Мұрын жырау жырлаған нұсқасын 1942 жылы М. Хакімжанова жазып алып, мәтінді Д. Сеңгірбаев қайта қарап шыққан.

Томды әзірлеу барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырыла отырып қайта қаралды. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 1-дәптер).



Көкшенің ұлы Қосай әкесінен үш жаста жетім қалды. Сол уақытта Сарыбай деген бай болды. Алты ұлының ортасында оның Қарабек деген жалғыз қызы болды. Көкшенің жасы бес-алтыға толғанда шешесімен еріп, Сарыбайдың үйіне барды. Сарыбайдың қызы Қарабек Қосайдың шешесінің қолтығына бір нәрсе салып жіберді. Ол затты шешесі үйіне келіп қарайды. Қараса, Қосайға өңкей жібектен тіккен киім екен. Сол киімді киіп, Қосай төңірегіне қарады. Қосайдың Селме-селім деген құлы бар еді, соны Қосай шақырып алып:

— Бар, Қарабекті маған айттырып кел, — деді. Сонда құлға Сарыбай: — Неге келдің, тума¹? — деді. Сонда тұрып Селме-селім айтады:

— Әй, Сарыбай, Сарыбай,
Елітпеге келіппіз,
Ер мен байдың баласын
Телітуге келіппіз, —

деді құл.

Сонда Селме-селім құлды жылатып сабады. Таяқ жеген құл Қосайға қайтып келді. Сонда Селме-селім құлға Қосай:

— Аға, не қылып келдің? — деді.

— Әй, не қылғаның құрысын, таяқ жеп, өліп келдім, — деді. — Сені «жарлы», — деп, қыз бермеймін, — деді.

— Мал жоқ десе, жез бұйдалы нартайлағымды алсын, жезтұяқты жиреншемді алсын, күміс тұяқ күреңшемді алсын, — деді. Мал десе бұған берсін, ер десе маған берсін, бар соны барып айт, — деді Қосай.

Құл тағы кетті. Келіп манағы сөзді айтады:

— Әй, Сарыбай, Сарыбай,
Елітпеге келіппіз,
Бай мен ердің баласын
Телітпеге келіппіз, —

деп тағы айтты. Манағы сабау сабау ма, тағы сабады. Сонан соң:

— Не бересің? — деп сұрады.

Сонда құл айтты:

— Қосай: «Жезтұяқты жиреншемді алсын, күміс тұяқ күреңшемді алсын, жез бұйдалы нартайлағымды алсын, мал десе соған берсін, ер десе маған берсін», — деп, сәлем айтты, — деді құл Сарыбайға. Сарыбай оған да қызын бермеді. Селме-селім қайта Қосайға келді.

Сонда Қосай:

Шамырқанып шамданды,
Буырқанып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.

¹ Тума — ағайын, туысқан.

Жарлы-бай деп бөлген соң,
Өз-өзінен долданды.

Сонда тұрып Ер Қосай Селме-селімге: — Күміс тұяқ Күреңшені алып кел, — деп бұйырды.

Күміс тұяқ Күреңді
Сонда Қосай ерледі¹.
Үйде тұрған ақ сауыт
Оған жақын барады,
Үстіне киіп алады.
Ақ найзасын Ер Қосай
Тағы да қолға алады.
Балдағы² алтын, күміс, болат,
Оны белге шалады.
Дулыға киіп басына,
Атқа таман барады.
Атқа мініп алған соң,
Қасына келіп анасы,
Анасының балаға
Айтқан сөзі мына-ды:
— Айналайын перзентім,
Ерегіссе ел алған
Көкше батыр атаңыз.
Жас кезінде ер болып,
Дұшпаннан басып кек алған,
Кек алғанда жер алған.
Тірі кезде Ер Көкше
Айтарлықтай ер болған.
Тоқсан баулы ноғайдың
Қатыны мен баласы
Сонсоң тұрып демалған.
Атаң Көкше ер еді,
Сол секілді шер еді.
Төбесі шоқты қалмақты
Талай сүйреп жеп еді.
Жалғыз туған перзентім,
Қасыңдағы анаңды
Тастаймысың сен, — деді. —
Атқа міндің, кетерсің,
Тірі болсаң, перзентім,
Дұшпанға қайрат етерсің.
Артыңдағы анаңыз,

Анаңызға қараңыз.
Атқа мініп сен алдың,
Алла болсын панаңыз.
Сізден басқа аз еді
Біздің туған баламыз.
Күміс тұяқ Күреңше
Малдан шапса қалмаған.
Біраз айттым сөзімді,
Өзің, бала, аңдағын.
Қайырлы болсын сапарың,
Қай заманда келесің,
Енді бізге сен? — деді.

— Барарымды сұрасаң,
Үш айлық ол жол еді.
Жерінің атын сұрасаң,
Үш Бөкембай деп еді.
Көп кешігіп қаламын,
Алты айларда келермін.
Қалмақ деген ел, — деді, —
Өзі де байтақ жер, — деді. —
Тәңірі оңғарса сапарды,
Барармын соған мен, — деді.

Қош айтысып анамен,
Қосай сонда жөнелді.
Күні-түні жол жүрді,
Қисапсыз³ жолда мол жүрді.
Құйындайын бұрқырап,
Атқан оқтай зырқырап,
Күміс тұяқ Күреңше
Аяқ басып сол жүрді.
Жазылып келіп бүгілсе,
Жер бауыры сөгілді.
Омыраудан аққан тер
Жаңбырдай жауып төгілді.
Ұшқан құстан кем емес,

¹ Ерледі — ерттеді.

² Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

³ Қисапсыз — есепсіз.

Жер басқанға тең емес.
 Бірнеше айлар жүреді,
 Жапан түзде Ер Қосай
 Жалғыз жүріп келеді.
 Бір-екі ай болғанда,
 Көрді елдің қарасын.
 Көрген соң елдің қарасын,
 Астындағы Күреңше
 Қос құлағын қадады.
 Ылди демей, сай демей,
 Ырғып кетіп барады.
 Сүй дегенше болмай-ақ,
 Шетіне елдің Ер Қосай
 Барып сонда қалады.
 Айналасы тау екен,
 Тауға шығып Ер Қосай,
 Жиылған сондай ерлердің

Айналасын қарады.
 Мол екен елдің қарасы,
 Байтақ жатқан ел екен.
 Шамасын соның қарашы,
 Абайсыз жатқан ел екен.
 Барып қалды қалаға,
 Есен, Серек қалмақтың
 Аралады елдерін.
 Білейін деп шамасын,
 Қаланың ішін аралап,
 Елеусіз болып жүреді.
 Артық туған ер еді,
 Ханның тұрған ордаға
 Сол жүріспен келеді.
 Жақын келіп ордаға,
 Батыр ойға қалады.

«Ханға барайын, ер, билерін жинасып, ханына хабар салайын» деген оймен ханға келіп:

— Жатырмысың сен, — деді, —
 Келдім саған мен, — деді. —
 Ол Қырымнан іздеген
 Мен ноғайдың ері, — деді. —
 Атам атын сұрасаң,
 Көкше батыр атанған
 Ноғайлыдан асқан ер, — деді. —
 Менің атым — Ер Қосай,

Келгенім сізге тап осы,
 Келдім саған мен, — деді. —
 Еліңді жишы, ханымыз,
 Ұрысамын десең сен, — деді. —
 Батыр мен жиын бектерің,
 Үш күн бердім мұрсатты.
 Үш күннен егер сен қалсаң,
 Салайын саған ойыңды.

Көп әскерімен Серек батыр қызылбасқа кеткен екен. Орнында Есен хан қалады. Ол халқын жинайды. Есен хан үш жүз кісімен Қосайға келіп сөйледі:

— Келгеннен соң сен, — деді,
 Үш жүз кісі әскермен
 Білейін деп шаманды,

Аттанып келдім мен, — деді. —
 Асылыңды айтшы сен, — деді, —
 Тезінен жауап бер, — деді.

Сонда Қосай сөйледі:

— Асылымды сұрасаң,
 Дін-мұсылман ел, — деді. —
 Асылды бергі сұрасаң,
 Қырық сан Қырым елінде
 Ноғай деген ел, — деді. —
 Әкем аты — Ер Көкше,
 Ер Көкшенің барында

Қыл жалаулы, сен қалмақ,
 Болғансың сондай жем, — деді. —
 Менің атым — Ер Қосай,
 Емеспін саған тең, — деді. —
 Дәмең болса, сен қалмақ,
 Жекпе-жекке кел, — деді.

Сонда қалмақ жапырды,
 Аққан судай сапырды.
 Жекпе-жекке келмей-ақ,
 Сонда Қосай ақырды.
 Қалмаққа салды ойынды,
 Үш жүз кісі кәбірдің
 Шығаруға тойынды.
 Үш күн салып жағалас,
 Қалмақтың көбін қашырды,
 Қуып қырдан асырды.
 Жесір-жетім көп алды,
 Ірі ерлер өлген соң,
 Қуып жолға мал салды.
 Оның кеткен шағында,
 Артынан оның бір кемпір

Қолында бар орағы
 Қалды келіп жақынға,
 Келе салып ол кемпір:
 — Қосай батыр ер, — деді, —
 Малды иесіз деймісің?
 Иесі келер оның да,
 Сауындығымды бер, — деді.

Қосай артық ер еді,
 Отыз құлынды бие босатып,
 Ол кемпірге береді.
 Сөйтіп Қосай жөнелді,
 Неше күндей жол жүріп,
 Еліне қайтып келеді.

Қосай құлдарға: «Сендер кейін келерсіңдер», — деп, ілгері озып жөнелді. Және мынаны айтты:

— Алдыңызда алты ақ үй тұрар, соның биесінің желісін¹ ағытып, өздерің жылқыны қуып келіңдер. Егер алты адам шықса, ұрып жығыңдар, — деді.

Қосай шауып келсе, төбенің басында Сарыбай отыр екен. Сонда Сарыбай:

— Қайдан келе жатқан адамсың? — деп сұрады. Сонда тұрып ол адам:

— Мен кешегі Ер Қосайдың жорығына кетіп едім, шіркін ер екен, ер де болса өлді-ау, — деді. Сарыбай:

— Өлсе жатсын, менің қызымды «аламын», — деп әбден мазамды алып еді, — деді. Сонда Қосай қымыз ішейін деп Сарыбайдың үйіне келді. Сонда Қарабек сұлу тұрып, аяққа қымыз құйды, әуелі әкесіне құйып берді, онан соң шешесіне құйып берді, ол екеуіне де толы аяқ берді. Сонан соң Қосайға орта аяқ құйып берді. Сонда Қосай Қарабекке сөйлей бастады:

— Әкеңе бердің толы аяқ,
 Шешеңе бердің толы аяқ,
 Маған бердің орта аяқ.
 Күндердің күні болғанда,
 Шекеңе тиер тал-таяқ.

Сонда қыз сөйледі:
 — Әкеме берсем толы аяқ,
 Әкем — малдың иесі,
 Шешем — қара сабаның иесі,
 Саған берсем толы аяқ,
 Ұрар астың киесі.

Сонан соң Қосай үйіне барып жата берді. Бір заманда артынан шаң көрінді. Сонда Сарыбай тұрып: «Алла, қан жауғыр-ай, манағы Қосай болып артынан келе жатқан әскер болмаса игі еді», — деп Сарыбай іштей қауіптенді. Соны айтып ауыз жиғанша болмай-ақ әскер келіп қалды. Олар келген бойда жылқының бауын ағытты, ағытып болып жылқыны қуып алып

¹ Желі — ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл не кендір арқан.

жөнеле берді. Сонда үйде отырған алты баласы алты қолағашты¹ алып, жүгіріп шығып еді, алтауын алты жерде ұрып жығып кетті. Олар жылқыдан дәмесін үзді. Сонда жылқы Қосайдың жылқысымен бірге тұра берді. Сарыбай Қосайға келейін десе қорықты, келмейін десе жылқы кетті. Сонда Сарыбай қызына келіп: «Балам, мына жылқыны қалай аламыз?» — деп Қарабекпен ақылдасты.

Сонда Қарабек сөйледі:

— Жеті қанат ақ отау	Сары аяғым саусады ² ,
Ол тұрулі тұрады,	Алған жарың Қарабек,
Қасынан барып өт, — деді, —	Ол да болса сусады».
Қосайға барып сөйлеспе.	Соны айтып, атажан,
«Қара сабам қаусады,	Қасынан өт те кет, — деді.

Сонда Қосай:

— Менің қалың малыма малыңды қоса берер, — деді. Сарыбай мұның айтқанын мақұл көріп, соған кетеді, барып тұсынан сөйледі:

— Қара сабам қаусады,	Алған жарың Қарабек,
Сары аяғым саусады,	Ол да болса сусады, —

деп, Сарыбай Қосайдың тұсынан өтіп жүре берді.

Сонда Қосай тұра келіп:

— Мына Сарыбайдың жылқысын түгел жиып және қырық құлынды бие жиып беріңіз, — деді. Сол қырық құлынды биені қосып, Сарыбайдың жылқысын айдап апарып берді. Бір кезде Қосай үйінің киізін түріп, ұйықтап жатыр еді. Жезтұяқты Күреңше үйінің сыртынан келіп тебеді. Сонда Қосай:

— Неге келдің, жануарым, сөйлей бер, — деді.

Сонда Жезтұяқты күреңше тұрып сөйледі, сөйлегенде бұй деді:

— Әй, Ер Қосай, Ер Қосай,	Елің шапқан қалмақтың
Алтын тұрман, күміс жүген	Батырлары сор болды.
Өзіңде сенің бар, — деді,	Астыңа мені мін, — деді, —
Үстіме менің сал, — деді.	Жауға қайрат көрсетші,
Ойлап едім мен сорлы	Соған таман жүр, — деді. —
Қарабектей сұлуға	Ендігісін өзің біл,
Қалыңдық ойнап барар деп.	Естіруге хабарды
Енді уақыт тар болды,	Саған келдім мен, — деді.

Сонда Қосай атқа мінейін деп барып Жезтұяқты Күреңшені ерлеп, ерін тегіс үстіне салып болған соң, үйден қаруын асынып, үстіне сауытын киді. «Қосай атқа мінді» деген соң, тұстасып жатқан тоғыз кісі де «олжа алайын», — деп жүрді.

¹ Қолағаш — бақан, сойыл.

² Саусады — қаңсыды, құрғады.

Баяғы шапқан елдерден,
Сондай алыс жерлерден
Шыққан екен мың кісі,

Елінің өңкей ірісі.
Тоғыз кісі әскермен
Келді Қосай алдынан.

Сонда мың кісі әскер он кісіні қамай тұра қалып:

– Сен кімсің? Бізге Қосайдың елі керек, – дейді. Сонда Қосай сөйледі:

– Ноғай деген ел, – деді, –
Қосай – артық ер, – деді. –
Қосайға барсаң, өлесің,
Қосайдың барма еліне,
Жатқан оның жеріне,
Жиналған оның қолы бар.
Егер қалмақ көп келсе,
«Шабамын» деген Қосайда
Бар еді онда ой, – деді.

Сонда қалмақтың біреуі
Қосайға қарап сөйледі:
– Қосай болма сен, – деді, –
Аты-жөніңді дұрыс айт,
Боласың кім сіз, – деді.

Сонда Қосай сөйледі:
– Мен ноғайлы деген ел едім
Тоғыз кісі қасымда.
Егер қалмақ мен көрсем,
«Алайын» деген ер едім.
Атамның аты – Ер Көкше,
Менің атым – Ер Қосай.
Іздеп шықсаң, сен қалмақ,
Сол Қосайың тап осы-ай.

Сол тұрған мың кісі
Тұрып сонда жапырды,
Ала құйын шаң болды.
Жапырған жерде баршасы,
Тоғыз кісі жолдасы
Қалды өліп, қарашы,
Қосайдың өлді жолдасы.
Қалды сонда олжасыз,
Батыр Қосай қарашы.
Үстіне киген шарайна,
Басында бар дулыға.
Қолына ұстап ақ найза,
Бір қолында қылышы.

Тарылмады қарасаң,
Қосайдың батыр тынысы.
Жауар бұлтай түнерді,
Айдаһардай ысқырды,
Ен қалмақты тықсырды.
Астындағы Күреңше
Тарылмады, оның да
Білінді соның жүрісі.
Үстіне киген шарайна
Шапса қылыш өтпеді,
Салса найза батпады,
Таусылды сонда бар айла.
Өтпесін қылыш білген соң,
Сонда қалмақ қашады,
Ердің пысы басады.
Жарағы қанға тоя ма,
Қашқан жауды құтқарып,
Жезтұяқты Күреңше
Жетпей оған қоя ма?!
Талайын оның өлтірді.
Бір үш-төрт күн болғасын,
Қалмақты қырып болады.
Шет жағында бір қалмақ
Тұрып жалғыз қалады.
Мүйізі бар басында,
Найзасына сүйенген
Жалғыз сондай қалмаққа
Қосай батыр барады.
Қосай жетіп барғанда,
Жиренше аттың үстінен
Найзаменен көтеріп
Ер Қосайды алады.

Сонда Қосайға сөйледі:
– Ей, Ер Қосай, Ер Қосай,
Қайратыңның болғаны,
Танып шіркін қалғаны
Осы ма еді, Ер Қосай?

Сонда Қосай найзаның ұшында тұрып сөйледі:

— Әй, ит қалмақ, ит қалмақ,
Ақылыңнан танғаның,
Үстіңде едім бұрында.

Әлі мынау Қосайдың
Басыңнан сенің ол асып,
Төбеңе ойын салғаным.

Қосайды жерге түсіріп жіберді де, сонда тұрып қалмақ сөйледі:

— Әй, Ер Қосай, Ер Қосай,
Болайын деймін сенімен
Қияметтік мен дос-ай.
Қалмаққа сен келгенде,
Өлтірер едім мен, — деді, —
Біздің елді шапқанда,
Шешем менің келіпті.
Менің мынау шешеме
Астына ат беріпсің,
«Шөлдесе сусын ішсін», — деп,
Құлынымен қосақтап,
Биенің сондай отызын
Шешеме менің беріпсің,
Адам құрлы көріпсің.
Анам маған кетерде
Мынау сөзді ол айтты:
«Ой, балапан шырағым,
Ер Қосайға сен барсаң,
Тигізбе қолың сен, — деді. —

Егер қолың тигізсең,
Болмаймын шешең мен», — деді. —
Сөйтіп маған сөйледі,
Тимей тұрмын мен, — деді. —
«Тоғыз кісі өлді», — деп, —
Еліңе бар сен енді.

— «Мың кісі менен өлді, — деп, —
Қосай артық ер-ді», — деп,
Барайын елге мен, — деді.

Мидай жазық далада
Екі батыр болды дос.
Көңілдері ерлердің
Біріне-бірі болды қош.
Айырылып екеуі,
Енді еліне қайтуға
Аттың басын бұрады.

Сол уақытта Қосайға «Еліңді қалмақ шапты» деген хабар келді.

Сондай туған Ер Қосай
Еліне өзінің бара алмай,
Елінен әскер ала алмай,
Сүйген жары Қарабек
Жолығып жауап бере алмай,
Арманда болып ол кетті.
Шырай-жүзін көре алмай,
«Алла салды бақытыма.
Жапанда кетіп қаламын,
Жолдасым жоқ қасымда.
Тәуекелге бел байлап.
Кеткен жауға анасы
Барша халқы келеді».
Батыр Қосай оны ойлап,
Астындағы атына
Сонда батыр сөйледі:
— Астыма менің мінгенім

Жезтұяқты Жиренше,
Анам менен малымды
Айырып соны келгенше,
Жануар, адым аша көр.
Алдыңда қара көрінсе,
Жылдам ұстап баса көр.

Ол қалмақтың елі еді,
Сүмбетемір алаңдай
Қалмақтың жатқан жеріне,
Барсаның еді жағасы,
Сол жаққа да кетіпті
Зұлым қалмақ баласы,
Залымдығын қарашы!
Ұстады найза қолына,
Қосайдайын батырың
Жұлдызы туды оңынан.

Жезтұяқты Күреңше
 Құлаштап адым ашады,
 Аяғын жылдам басады.
 Ұшқан құстан кем емес,
 Жер басқанға жануар,
 Сірә, ол бір тең емес.
 Алыстан қара көрінсе,
 «Жетейін», — деп үңілген.
 Жазылып келіп бүгілсе,
 Қайыстайын созылып,
 Жер бауыры сәгілген,
 Омыраудан тері төгілген.
 Неше күндей жол жүрді,
 «Жетемін», — деп ол жүрді.
 Бір айға күні толады,
 Жететін мезгіл болады.
 Жердің жазық даласы
 Айға күні толғанда,
 Тауға шығып өрлеген.
 Көрінді елдің қарасы,
 Ол көрінген қарасы
 Елу кісі қол екен,
 Қарауылда жатқан сол екен.
 Іркілсін бе Ер Қосай,
 Келді сонда жақындап.
 Алдынан шықты он кісі
 «Көрейін», — деп қараға.
 Елсізде адам көрген соң,
 Келмей оған тұра ма?!
 Іркілмеді жағалап,
 Келген жалғыз қараны
 Тұра қалды қамалап.
 Ортасында қалмақтың
 Жалғыз Қосай тұрады.
 «Сен кімсің?» — деп Қосайдан
 Келіп сонда сұрады:
 — Астыңдағы Күреңнің
 Бала қалай реңің?
 Жау боп бізге келсең сен,
 Жер астында шіриді
 Әлпештеген сом жүрегің.
 Келген кісі он, — деді, —
 Ұрысам десең, жас бала,
 Саған болды жол, — деді. —
 Маңдайыңда болды ма

Арылмайтын сор? — деді. —
 Қалмақтың келдің қолына,
 «Құтыламын» деген түсе ме,
 Бала, сенің ойыңа?

Сонда Қосай сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Руымды сұрасаң,
 Ноғай деген ел, — деді. —
 Сол ноғайдың елінде
 Көкше деген ер, — деді. —
 Көкшенің ұлы Ер Қосай
 Деген батыр — мен, — деді.
 Іздеп жүрмін қалмаққа
 Қалмақты барып алмаққа,
 Қапты қалма, сен, — деді. —
 Елімді шауып кетіпсің,
 Келдім іздеп мен, — деді.

Сонда тұрып көп қалмақ
 Жау екенін білген соң,
 Өшпендісі келген соң,
 Қалмақ сонда жапырды,
 Батыр Қосай ақырды.
 Араласып алған соң,
 Артындағы қырық кісі
 О да шапты айғайлап.
 Араласып келеді,
 Қосай да артық ер еді.
 Қылышын алып қолына,
 Дұшпанына сермеді.
 Көптігінен қалмақтың
 Аттар тұрып кернеді.
 Ақ берені¹ жарқылдап,
 Талайының басын жояды.
 Қалмаққа салды ойынды,
 Шығарды иттің тойын да.
 Қызыл жоса қан қылды,
 Кесіп сонда мойынды.
 Ер Қосайдың қолынан
 Отызы тұрып өлген соң,
 Жиырмасыншы тұрып қашады,
 Ердің пысы басады,
 Қорқып қалмақ сасады.
 Ақ семсері жарқылдап,

¹ Берен — болат қылыш.

Қашқанды сонда қуады,
 Қашқанға да мүшкіл¹ туады.
 Қуа-қуа қалмақты
 Еліне оның тағы да
 Жау жетті сонда деген соң,
 Хан, мырзасы бас болып,
 Бір мың кісі әскермен
 Алдынан оның шығады.
 Алдынан сонда Қосайдың
 Толып жатқан жан шықты.
 Барлығының алдынан
 Келіп сонда хан шықты.

Қосайға келіп ханыңыз,
 Сонда бастап сөйледі:
 – Жапанда жүрген дарасың,
 Қаңғырып қайда барасың?
 Әй, жас бала, жас бала!
 Айт атаң менен анаңыз,
 Білінсін бізге шамаңыз?

Сонда Қосай сөйледі:
 – Өз дінімді сұрасаң,
 Мұсылман тобы ел едім.
 Қарымымды сұрасаң,
 Ноғайлының ішінде
 Қырық сан Қырым ел едім.
 Атам атын сұрасаң,
 «Көкше» деген ер еді.
 Ол Көкшенің баласы –
 Қосай батыр – мен, – деді.
 Мен қалмаққа кеткенде,
 Алыныпты қаламыз,
 Жау қолында кетіпті
 Ақ сүт берген анамыз.
 Залым қалмақ, сен, – деді,
 Іздеп келдім еліңді
 Істеуге саған көрімді.
 Қалаңды шауып мен алып,
 Көрсетермін өлімді.
 Алуға келдім кегімді,
 Тыңда, қалмақ, кебімді².
 Талқандаймын қалаңды,

Шулатармын қатын-балаңды,
 Тарттырармын сазанды.

Сонда қалмақ сөйледі:
 – Саған болды жол, – деді, –
 Мынау тұрған көп әскер
 Жиған біздің қол, – деді. –
 Мықтымсынып сөз айтсаң,
 Қылады саған той, – деді, –
 Мен ноғайды көргенмін.
 Және көрдім сұрасаң,
 Көкшенің тұрған қаласын.
 Жесір қылып мен алдым
 Еліндегі қатын-баласын.
 Барлық ерін қиратып,
 Алдыма салып айдадым
 Баққан сиыр, танасын,
 Жылқы менен түйесін.
 «Кек алам» деген болсаң ер,
 Отқа жанып күйесің.

Сонда Қосай сөйледі:
 – Ол күнде жоқпын мен, – деді, –
 Қатын менен балаға
 Мен жоқта келдің қалаға.
 Ұрысуға келдім кез, – деді. –
 Жекпе-жекке сен шықсаң,
 Мықтымсынып тұрсаң да,
 Өлесің сорлы тез, – деді. –
 Іздеп келдім мен, – деді, –
 Алатын ерім сен, – деді. –
 Жазық дөңнің бойында
 Жиярмын қатын-балаңды,
 Қойман қалмақ мен, – деді. –
 Көп кідіріп тұрмаймын,
 Кезегімді бер, – деді. –
 Егер берсең кезекті,
 Өлесің сорлы сен, – деді.

Сонда қалмақ сұрады:
 – Жасың кіші баласың,
 Бабаңдай кісі тұрғанда,
 Кезекті қалай аласың?

¹ Мүшкіл /а/ – қиындық, ауырлық, қыспақ.

² Кебімді – жайымды.

Сонда Қосай кезегін береді.

Тұрды Қосай қасқайып,
 Үстіне оның кигені:
 Ішіне киген ақ сауыт,
 Сыртына киді шарайна,
 Басына киген дулыға.
 Қалмақ сонда оқ атты,
 Бірінші рет оқ атты,
 Жезтұяқты Күреңше
 Үстіндегі батырмен
 Сонда бұғып қалады.
 Қалмақтың оғын байқасаң,
 Жоғары кетіп барады.
 Екінші рет оқ атты,
 Жезтұяқты Күреңше
 Жоғары қарғып асады,
 Оғы тағы танады,
 Ерге тимей қалады.
 Үшінші рет оқ атты,
 Аты сонда бұлтарып,
 Оғы таппай қалады.
 Сонда қалмақ оқ атты,
 Үш оқты бірден босатты.

Сонда Қосай сөйледі:
 — Ақылсыз қалмақ, сен, — деді, —
 Қолға кезек келген соң,
 Өлтіремін мен, — деді.

Сонда қалмақ қақшиып,
 Екі көзі бақшиып,
 Екі бұты талтайып,
 «Ермін», — деп тұрды қалшиып.
 Сауыты бар қалмаққа
 Сауыт бұзар оқ алды.
 Садақты қолға ол алып,
 Керіп сонда қозғалды,
 Он екі тұтам оқ¹ алды.
 Масағына келтіріп,
 Сонда атып қалады.
 Тартып қалды қол оқты²,
 «Қалмақ ердің қасы, — деп, —
 Қақ жүректің басы, — деп, —

Жан денесі — осы», — деп,
 Қалмақтан өтіп кетеді.
 Ар жағында бір төбе
 Тостағандай төңкеріп,
 Онан да өтіп кетеді.
 Ар жағында тауларға
 Іркілмей оғы жетеді.
 Сонда қалмақ құлады,
 Қалмақ та сонда жапырды,
 Аттан түсіп сұлады.
 «Қосай кел!» — деп ақырды,
 Қосайдайын еріңіз
 «Аллалап» ұран шақырды.
 Жапырғанда көп қалмақ,
 Көк балдақтан еріңіз
 Қылышты сонда суырды,
 Апшысын жаудың қуырды,
 Қалмақ жаман қысылды.
 Қысылған уағында
 Қан төгіліп қойнына,
 Алмас тиіп мойнына,
 Талайы аттан жығылды.
 Мұрттай ұшты талайы,
 Қысылған соң қалмақтар,
 Аттан түсе қалады.
 Кетті сайды паналап,
 Сөйтіп жүріп қалмақтар
 Қалаға барды жағалап.
 Шығарды бәрін қаладан,
 Еңбектеп олар жүргенде,
 Бірнешеуін өлтірді
 Қосай батыр қуалап.
 Артынан кетіп барады
 Еліндегі халқы да
 Әрбір жерге тарады.
 Қосай батыр қалмаққа
 Тажалдай ойын салады.
 Аллалаған даусынан
 Отыра алмай шешесі,
 Үйден шықты жүгіріп.
 Баласын өзі танып ап,
 Тұра алмады кідіріп.

¹ Он екі тұтам оқ — үлкен, ұзын жебе.

² Қол оқ — жебе.

Шешесін көзі көрген соң,
Тұрды батыр кідіріп.

Шешесі сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жапанда тұрған терегім,
Сағынған күні керегім,
Сен кеткен соң далаға,
Құйылды қалмақ қалаға.
Келген соң қалмақ қалаға,
Күн туды біздей анаға.
Есім кетіп мен деген,
Тек жаным бар өлмеген.
Отын алып от жақтым,
Жау қалмақты мен шақтым.
Жатып ұйқы көрмедім,
Тек жаным бар өлмедім.
Бір көре алмай жүзінді,
Құлыным, саған шөлдедім.
Ішімнен шыққан шырағым,
Жүгіріп үйден мен шықтым,
Аллалаған дауысты
Есіктен соң құлағым.
Аман-есен жүрмісің,
Туған, қайран шырағым?!
Көрдің бе, қарағым, қалаңды,
Іздедің бе дүниеде
Біздей сорлы анаңды?
Қатыны құрғыр ұрады
Таяқпенен басыма.
Қарамайды ол кәпір
Төгіле аққан жасыма.
Қабыл екен тілегім,
Жарылды менің жүрегім.
Құлынымның алдында
Ол Аллаға ризамын,
Бітсе бүгін сүрегім¹.
Айналайын балам-ай,
Қашан келдің қалаға?
Өзіңменен, қарағым,
Келген қатар ер бар ма,
Жаны ашыған ел бар ма?
Көрдің бе қалмақ қаласын,
Білдің бе құлдың шамасын?
Қамап қойды қалаға

Күміс тұяқ Күреңше,
Жез бұйдалы нартайлақ,
Бәрінен қалдым айырылып.

Сонда Қосай сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, анамыз, анамыз,
Жауынды күні панамыз,
Алуға келген кегімді
Атадан қалған, анажан,
Мен едім тұяқ балаңыз.

Анасы сондай сөйледі:
— Қалмақты жина сен, — деді,
Елден хабар алдың ба,
Перзентім едің сен? — деді.

Сонда Қосай сөйледі:
— Ел шетіне барғанда,
Қалмақтың елді шапқанын
Сонда білдім мен, — деді.
Елден әскер алуға
Шыдамады, ана, бетіміз.
Сонан соң келдім қалмаққа,
Қалмаққа таман бармаққа,
Еліне ойын салмаққа,
Айырып жесір алмаққа.
Сүмбетемір алаңдай
Шаптым, шеше, қаласын.
Елімді шапқан қалмақтың
Шулаттым қатын-баласын.
Әй, шешеміз, шешеміз,
Сені ұрған қатынның
Төбесін ойып, шақ, — деді.
Сол қатынның барлығын
Сабап қойдай айдашы,
Қасыңда өзім болайын,
Қолын екі байлашы.

Қалмақтың елін жинады,
Бекзаттарын өлтіріп,
Сорлатып жанын қинады.
Ноғайдан кеткен жесірдің
Тауып бәрін алады.
Бірнеше мың жан болып,

¹ Сүрек /о/ — срок, мерзім, уақыт.

Еліне қарай барады.
 Үш айлықтай жолдарға
 Атаңа нәлет кәпірді
 Сабап соның барлығын
 Алдына қуып салады.
 Қарабұлақ, Ақшағыл,
 Соған таман келеді,
 Таудан төмен құлады,

Аяғына тас кіріп,
 Талай қалмақ жылады.
 Онан соң жетті Үшханға,
 Қалмақтарды қысқанда,
 Бір күндері болғанда,
 Еліне таман таянды.
 Өзінің келді еліне,
 Мекендеген жеріне.

Сонан кейін ілгері озып, Сарыбайға келді.

Отыр екен Сарыбай
 Төбенің шығып бетіне.
 Қасына оның келген соң,
 Түсті аттан Ер Қосай.
 Сәлем берді оған бұл,
 Сонда тұрып Сарыбай
 Қосайды қалды танымай.
 — Қай баласың сен? — деді, —
 Айтшы, балам, жөніңді,
 Танымадым мен, — деді.

Ер де болса сол Қосай
 Қазасының жеткені.
 Ата-анасын көре алмай,
 «Алам», — деп жүрген Қарабек
 Оны да кетті көре алмай,
 Арманда болды Ер Қосай.
 Аты-жөнім сұрасаң,
 Сареке, біздің осылай.

Сонда Қосай сөйледі:
 — Жөнімді, ата, сұрасаң,
 Қосайдың елін шапқан жау
 Артынан соның барғанбыз,
 Айырып жесір алғанбыз.
 Сол соғыстың ішінде

Сарыбай сонда жылады,
 Көзінің жасы төгіліп:
 «Енді маған өлердей
 Дүниеде жоқ, күйеу», — деп,
 Қабырғасы сөгілді,
 Көзінің аққан жастары
 Тамшыдай жерге төгілді.

Сарыбайға танытпай, Ер Қосай атына мініп алып, елін қондыруға кетті. Ал Сарыбай сол жылаған күйінде үйіне келді. Сарыбайдың қызына айтқаны:

— Ортасында алты ұлдың,
 Қызым, жалғыз сен едің.
 Қосайдайын ерлерге
 Айттырған мен едім.
 Елін шапқан қалмақтың
 Артынан кеткен ер еді.
 Жаңа хабар мен алдым,
 Өліпті Қосай ер, — деді. —
 Не қылам енді мен? — деді, —
 Ақылын тапшы сен, — деді.

Сонда Қарабек сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әй, атамыз, атамыз,
 Қайғырмашы сен, — деді, —
 Жаңағы кеткен кісіңіз —
 Қосайдайын ер, — деді. —
 Білдірмей кетті атамыз,
 Ақыл қойып барлаңыз,
 Сол кеткен — Қосай балаңыз.

Сонан Қосайдың елі келіп, бұрынғы орнына қонады. Елін қондырып болған соң, бұрынғы еліне жеткен соң, Қосай Қарабекке қалыңдық ойнауға Күміс тұяқ Күреңшені ерлеп, жүріп кетті.

Тігулі тұрған отауға
 Қосай келіп кіреді.
 «Түсті күйеу», — деген соң,
 Алып тамақ жеңгелер
 Күйеуіне барады.
 Отырған кезде мазақтап,
 Жеңгелер жауап айтады.
 Күйеу бала сіз, — дейді, —
 Әкеліп қызды бермейміз,
 Жалынбасаң, біз, — дейді.

Сонда Қосай қарады,
 Керегеге барады.

Сонда тұрып Қарабек:

— Соқты ма, жоқ, сөкті ме? — деді.

Қатындар:

— Сөккен жоқ, соқты, — деді.

— Сөкпесе, болар, сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді, — деп Қарабек қатындарға солай жауап берді.

Сонан кейін «Қарабекті Қосайға берейін», — деп Сарыбай үлкен той жасады. Сол тойдан кейін Қарабек шатырынан шығып, Қосайдың қасына келді.

Қарабектей сұлуың
 Лағыл, маржан тағынды-ай.
 Ер Қосайдың көзіне
 Көрінеді сағымдай.
 Жүрісін оның байқасаң,
 Белгілі қарғын ағындай.
 Сарыбайдай байыңыз
 Көктен шатыр көш ертіп,
 Көк жорға атты пар жегіп,

Қамшыны қолға алады,
 Әрқайсысын дойырмен
 Қатындарын сабады.
 Қатын шығып жөнелді,
 «Енді күйеу құрсын, — деп, —
 Отауда жалғыз тұрсын», — деп,
 Қарабектей сұлуға
 Қатындар сонда барады,
 Қарабекке сөйледі:
 — Әй, еркежан, еркежан,
 Күйеу жаман ол, — деді
 Егер барсаң сен оған,
 Таяқтан өлесің сен, — деді.

Салтанатпен жүрдірді.
 Сонда келіп Ер Қосай
 Атқа мініп алады.
 Сұлу қыздың қасына
 Батыр Қосай барады,
 Қызға дарып қарады.
 Қарабектей сұлуың
 Қосайға да жарады.



Бірінші мақам

Орындаған: Өтешов Ақылбек
Нотаға түсірген: Жұмағали Қуаныш

Жүрдек

А - ей, ай, Кү-міс-ті тұ-яқ Кү-рең-ді - ай

Сон - да Қо - сай ер - ле - ді. Үй - де ле тұр - ған ақ са - уыт

О - ған да жа - қын ба - ра - ды, Үс - ті - не ки - іп а - ла - ды.

Ақ най - за - а - сын Ер Қо - сай Та - ғы - да қол - ға а - ла - ды.

Бал - да - ғы а - л - тын, кү - міс, болат, О - ны да бел - ге ша - ла - ды.

Ду - лы - ға ки - іп ба - сы - на, Ат - қа да та - ман ба - ра - ды.


Ат - қа да мі - ніп ал - ған соң, Қа - сы - на ке - лі - п а - на - сы,

А - на - сы - ның ба - ла - ға Айт - қан - да сө - зі мы - на - ды:

Екінші мақам

Ай - на - лай - ын пер - зен - тім Е - ре - гіс - се ел ал - ған

А - - е - й Көк - ше ба - тыр а - та - ңыз




қайырымы



Үшінші мақам






Төртінші мақам







Суретші Ә. Смағұлов



Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (830-бума, 8-дәптер).

АҚЖОНАСҰЛЫ ЕР КЕҢЕС

«Қырымның қырық батыры» топтамасынан басқа халық әдебиеті үлгілерінің ешбірінде тарихта Ақжонасұлы Ер Кеңес деген батырдың болғаны туралы айтылмайды. Ол туралы жазбаша да, ауызша да дереккөздері кездеспейді. Бұл тұлғаның өмірге болғанын айғақтайтын бірген-бір «мәлімет» – Мұрын жырау айтқан жыр. Ер Кеңеске арналған жеке жырға Ноғайлы дәуірінің тарихи шындығы арқау болған. Дегенмен, жырдағы кейіпкердің ерекше жағдайда дүниеге келуі, оның ата-анасының перзентсіздік зарын тартуы, бала батырдың ерлігі және тағы сол секілді көне сарындар ата-бабаларымыздың ежелгі наным-сенімдерінен хабар береді. «Ақжонасұлы Ер Кеңес» жыры өзінің тартымды сюжеттік желісі, қызықты образдары, онда аталған кісі есімдері және өзге де айрықша сипаттары арқылы көптеген белгілі ғалымдардың іргелі зерттеулерінің жазылуына түрткі болды. Солардың ішінен фольклортанушы ғалымдар М. Ғұмарованың, С. Қасқабасовтың ғылыми ой-тұжырымдарын айрықша атап өтуге болады. Ал кезінде академик В.М. Жирмунский жырдың басты кейіпкері Егіге туралы эпикалық туындыдағы Кеңестің ұлы Кен Жанбай есімгі тұлғаның әкесі болуы мүмкін деген болжамды ортаға салған еді. Демек, жыр мәліметтері ұлт тарихының тамырларын іздеуші зерттеуші-мамандардың кәдесіне жарайтыны даусыз.

Жыры 1942 жылы М. Хакімжанова қағазға түсірген. Шығарманың Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған (830-бума, 8-дәптер) бұл түпнұсқасы бұрынырақта басылған кітаптардағы жыр мәтінімен салыстырылып, бұрынғы басылымдарда кеткен кейбір кемшіліктер түзетілді.



Қырық таңбалы Қырымда, он екі жарым Үрімде он екі жарым хан өткен. Сол хандардың біреуі Ақжонас болған. Өзінің жасы жетпісте, әйелінің жасы елуде еді.

Өзінің баласы жоқ еді, бірақ Ақжонас оны ойға алмаған. Бір күндері қатыны кеңес құрып былай деді:

— Жас болса жетті,
Үлкендік те меңдетті.
Бір перзент бермей бұл күнде,
Құдайдың өзі шөлдетті.
Алпыс деген алыс па,
Ер өледі намысқа,
Құдайдан бала тілелік.

Сонда Ақжонасқа ой түсті, ой түсіп мұңайды. Сонан соң бәйбішесі:

— Мұның қалай? — деп Жонастан сұрайды.

«Мен ертең қазы, ғұлама, билерімді жинайын, сосын мұның қалай екенін сұрайын» деп ойлады. Ақжонас ертеңгісін әкімдерді шақыртып алып сұрады:

— Қазы, мүфти, сіз, — деді, — Перзентсіз болдық біз, — деді. — Жас жетпіске толғаны — Үлкендіктің мысалы. Жүз алпыс екі тамырдың Бәрі бірдей солғаны. Елуде еді алғаным,	Бір перзенттің зарпынан Күшті болды арманым. Сонда қазы, мүфти қамалды, Патшасы бұлай айтқан соң, Таба алмады амалды.
--	---

Аралхан дейтін бір зор қазы бар еді, сол қолындағы кітабын суырып алып, Ақжонасқа былай деді:

— Түйе тілесен, сұлтаным, Ойсылқара ¹ пірі ² бар, Одан барып тілеңіз. Қой тілесен, Шопан бар, Мұнан барып тілеңіз, Басына барып түнеңіз.	Бас тілесен, сұлтаным, Шаһимардан оған бар, Алланың шері Арыстан, Арыстан деп ат қойған Соған барып түнеңіз, Содан перзент тілеңіз. Мырзалықты тілесен, Садуақас оған бар. Оған барып түнеңіз, Одан мырзалық тілеңіз, — деді.
Тілесен сиыр, сұлтаным, Зеңгібаба ³ пірлер бар, Соған барып тілеңіз, Басына барып түнеңіз.	

¹ Ойсылқара — түйе малының пірі.

² Пір — қолдап-қорғаушы рух, аруақ.

³ Зеңгібаба — сиыр малының пірі.

Сонда тұрып:

– Арышланның қабірін табатын кім бар? – деді.

Арал:

– Мен кітаптан қарайын, кітапта болмаса, иншалла, біз табамыз, – деді. – Ертең қарармыз, табылса, келіп жауап береміз, – деді. Ертеңінде келіп:

– Кітаптан ашып көрдім, – деді. – Бұхардың арғы шетінде, Әмударияның жағасында Мұхамбетәлі деген кісінің баласы мен өзінің моласы бар, – деді.

– Сонда табатын болса, кім жүреді? – деді.

Сонда Арал:

– Біз үш кісі жүреміз, – деді. – Үшеудің біреуі – Сұлтанымның өзі, – деді. Біреу Құраннан тәпсір ашып, қарайтын біз боламыз, – деді. – Тағы біреу атқосшы болады, – деді.

«Қандай ер жігіт бар?» – дегенде, бір Сұлтанәлі деген ер шықты. Оған дайын болуға сегіз күн берді.

– Ноғайда жақсы ат болса, тауып ал, – деді. Сегізінші күні екі кісі келгенде Ақжонастың әйелі:

– Мен де жүремін, – деді.

Сонда Арубибі сөйледі:

– Айналайын алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын.
Сен кеткен соң далаға,
Мендей сорлы бейшара
Іші жанып өртеніп,
Тұра ала ма қалаға?!
Шырын-шекер, бал татқан,
Тар төсекте бір жатқан,
Егер кетсең далаға,
Кім бас болар қалаға?
Айналайын алғаным,
Дүниенің білдім жалғанын.
Осы жерде отырып,

Жақсы емес пе мұнан да
Бір аруды алғаның?

Сонда Ақжонас сөйлейді:

– Әуре болма, жарқыным,
Сексен күнде келермін
Қайта айналып мен, – деді, –
Отыра бер орданда,
Қайғы етпе, сен! – деді.

Сол сөзді айтып Ақжонас,
Батыр туған еріңіз
Кетуге атты жөндеді.

Үшеуі дүйсенбі күні жолға шықты.

Өтті Шаттан аяңдап,
Отыра алмады баяулап.
Екеуінің мінгені –
Белгілі қату көк еді.
Жануардың шабысы
Таусылмастай көп еді.
Жонас мінген Ақтанау
Ауыздықпен алысып,
Аспанға қарғып келеді.
Бүкең-бүкең желеді,

Шаңқай түсте жөнелді.
Ар жағында тар қолтық,
Одан өтіп келеді.
Бірнеше күн болғанда,
Күн намазшамға толғанда,
Оның арты – Құбатау,
Соған барып енеді.
Астындағы Ақтанау
Қайраты оның таусылмай,
Әлі дөңгеленіп келеді.

Арғы жағын сұрасаң,
 Әмудария су еді,
 Жағасы қалың ну еді.
 Сол нуды келді жағалап,
 Қырық күндей жол жүрді,
 Аз ғана емес мол жүрді.
 Аты арып, тон тозып,
 Сонда жеткен секілді
 Әзірет Әлі жатқан жерлерге,
 Мекендеген елдерге.
 Жақын қалды моласы,
 Моланың көрді қарасын.
 Ақжонас та ер еді,
 Астындағы тұлпардан
 Түсе қалып ханыңыз,
 Жоддасқа атты береді.
 Етігін салып иыққа,
 Жаяулатып жөнелді.
 Желген атқа ол батыр

Бір перзенттің зарпынан
 Жүгірумен ереді.
 Моласының басына
 Келді батыр қасына.
 Табытын оның құшақтап,
 Хан да болса жылады,
 Көзінен жасы бұршақтап.

Ақжонас сонда сөйледі:
 — Асыл туған Арыстан,
 Бір перзентке зар болып,
 Басыңа келіп түнедім,
 Жатып перзент тіледім.
 Тілегімді бере көр,
 Көздің жасын көре көр.
 Тілекті егер бермесең,
 Жіберме мені, алып қал,
 Тар шұңқырға мені сал.

Бір кезде Ақжонастың көзі ілініп кеткен екен. Арыстан келіп: «Ақжонас, енді тілегіңді бердім, аулыңа қайт, кеңеспен шығып едің, әйеліңнен ұл туар, атын Кеңес қой!» — деп, өзі ғайып болды. Ақжонас басын көтеріп алып, серіктеріне «Тұрыңыз», — деді. Қырық қадам шыққанша атқа мінбеді, қырық қадам жерге шыққан соң атқа мінеді.

Шылбырдан ұстап алады,
 Үзеңгіге аяқ салады.
 Үшеуі де сол жерден
 Атқа мініп қалады.
 Атқа мініп жол жүрді,
 Қисабы жоқ мол жүрді.

Баяғы кеткен ізімен
 Отыз күнде барады.
 Бір мезгілдер болғанда,
 Ауылдың көрді қарасын,
 Көрініп қалды шамасы.

Сонда Арубиби алдынан шығып, Жонасқа келіп сөйлей бастады.

Көзінің жасы төгіліп,
 Арубиби бәйбіше
 Келді жылап ерине,
 Жылай тұрып жырлады:
 — Сау-саламат қайттың ба,
 Арызыңды сіз барып
 Арыстанға айттың ба?
 Алла тілек берді ме,
 Көзің жасын көрді ме?
 — Қабыл болып тілегім,
 Кірді жаңа реңім.
 Жарылып тұр, алғаным,
 Бү дүниеде жүрегім.

«Берермін, — деді, — бір перзент,
 Кеңесіп көрген перзенттің
 Атын Кеңес қой, — деді. —
 Осынан үйге барған соң,
 Қыларсың жақсы той», — деді.

Жетпіс күнге толады,
 Қатын жерік болады.
 Қойдан қошқар сойдырды,
 Жерігі оған қанбады.
 Сиырдан бұқа сойдырды,
 Жерігі бұған қанбады.

Жылқыдан сойды айғырды,
Тағы жерігі қанбады.

Түйеден бура сойдырды,
Жерігі оған қанбады.

Сонда Аралхан қазыны шақыртып алады. Ақжонас:

– Мынау әйелдің жерігі қанбады, бұған не амал етемін? — деді.

– Бұрынғы уақытта осындай жерігі қанбаған кісі айдаһардың, не сарыүйектің басын жесе қанатын еді, — деді.

Сонда хан бұйырды:

– Қайдан да болса осыған жеті сарыүйек алып келіңдер! — деді. Баяғыдан тілектес болып жүрген Сұлтанәлі батыр сол сарыүйекке кетті.

Таудан барып батырың
Сарыүйекті жеті алады.
Суырып тілін алған соң,
Дорбаға оны салады.

Үйге келген соң, үйдегі жандарды шығарып жіберіп, сарыүйекті дорбадан алып, көптің алдына шашады.

Маңайдағы қатындар
Жыланды көріп қашады.
Былайғы қатын қашса да,
Арубибі қашпады,
Екі көзін қадады.
Жыланды алып келгені
Ол Аруға жарады.
Жыланның алды басын-ай,
Арубибі аруың
Барды сонда қасына-ай.
Шикі тұрған жыланның
Аузына салды басын-ай.

Шайнамай тұрып жұтады,
Жерігі сонда қанады.
Жеті жыланның бар басын
Шайнамай жұтып алады.
Тоғыз ай, он күн толғанда,
Таң атар шақ болғанда,
Қатын сонда толғатты.
Адалбақан құрдырды,
Ноғайлының кемпірін
Қатарына жидырды.
Отыз кемпір болады,
Кемпірге үйі толады.

Ақжонас үйге тұрмады, қатын он күн толғатты. Үйден ұзап та кетпеді. «Есітір ме екем, — деп жүрді, — дауысын шырылдаған баланың».

Он күнге дейін Аралхан қазының қатыны сол Арубибінің қасында отырды. Бала шырылдап жерге түскенде, Ақтанау тұлпардан Ақжонас та жерге түсіп қалды. Аз ғана жатып, басын көтеріп алды. Аралдың әйелі Ақбибі Ақжонас басын көтергенде, баланы бауырына басып, Ақжонастың қасына барып, Арубибі сұлу сөйледі:

— Халық ұстаған ханымыз,
Артық туған жанымыз,
Көтер, сұлтан, басыңды,
Перзентің келді қасыңа.

Сонда баланы көрсетпей тұр екен.

— Рас па, — деді, — сөзіңіз,
Әкелдің бе, — деді, — өзіңіз?

Бауырда басулы жатқан баланы:

— Мінеки, — деді, — балаңыз. Өз көзіңізбен қараңыз, — деді. Сонда хан баланы ұстайын деп жүріп еді, қатын баланы бермей, кейін шегінді.

— Бермейсің неге сен, — деді, —
Еремін бе мен? — деді.

Сонда қатын сөйледі:

— Бермегенім мен, — деді, —
«Бекісін, — деп ойлаймын,
Ханымыз, сенің буының».

Сонда берді баланы,
Ақжонастай ханыңыз
Баланы алды құшақтап.
Омырауын ашады,
Бауырына басады.
Ақжонастың еті тиді етіне,
«Осының бала екені рас па?» — деп,
Бетін сонда ашады.
Үйге алып келеді,
Келген отыз кемпірге
«Ізі-жолың құтты», — деп,
Бір жаулық, бір қойдан береді.
«Жасың ұзақ болсын», — деп,
Кемпірлер берді батасын.
«Той қылам», — деп Ақжонас
Ноғайға салды хабарды,
Ноғайды жинап алады.
Атағын оның білдіріп,
Ортаға оны саларға,
Кеңес жерге түскен соң,
Билер, мырза, бектері
Бәрі тойға жиналды,

Артық туған ерлері.
Үш күн ұдай той қылып,
Тоғыз күн ұдай ойын қылып,
Балуан тұрды күресіп.
Ат шаптырып, той қылып,
Алтын қабақ аттырды,
Қызыққа сөйтіп батырды.
Баланың жасы төртке толады,
Недәуір жігіт болады.
Сақа топай қолға алып,
Балаға таман барады.
«Қарағым жігіт болды», — деп,
Анасы сырттан қарады.
Баланың жасы бес толды,
Шешесіне недәуір
Бала жақсы ес болды.
Алтыға жасы жетеді,
Үйге келмей баламен
«Ойнаймын», — деп кетеді.
Ойнады бала асықты,
Асық ойнап машықты.
Тартып алды балалар
Сақа топай, асықты.
Бестен жасы өткен соң,
Алтыға жасы жеткен соң,
Артық туған Ер Кеңес
Баламен салды төбелес.
«Атадан жалғыз қу бас», — деп,
Балалар оны сабайды.

Үйіне келіп, Кеңес анасына сөйледі:

— Айналайын анамыз,
Желді күні панамыз,
Жоқ па еді іні-ағамыз,
Атадан жалғыз болдық па?
Есіркейтін пенде жоқ,
Жаны ашитын ел де жоқ.
Сонда кемпір сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:

— Айналайын шырағым,
Ұстаған қолға пырағым,
Атаң еді — Ақжонас,
Ежелден о да жалғыз бас.
Аға менен іні жоқ,
Ерліктен басқа міні жоқ.
Айтушы еді билікті,

Ақылы көп мол еді.
 Ақылмен жанды билеген,
 Ақылы асқан сол еді.
 Астана халықты меңгерді,
 Азын көпке теңгерді,
 Атаң сондай ер, — деді. —
 Жас басыңнан жабықпа,

Ел билерсің сен, — деді. —
 Енді барма балаға,
 Қаңғырма құр далаға,
 Асыл туған ер, — деді. —
 Атаңның бар да қасына,
 Жүре берші сен, — деді.
 Кемпір сөйтіп сөйледі.

Кеңес еш нәрсе айтпады, тек былай деп ой ойлады.

«Үйде тұрып не етем? — деп, —
 Енді ерлік етем», — деп,
 Кеңес бала ойлады
 «Ер белгісін етем, — деп, —
 Басқа жаққа кетем», — деп.
 Шығып Кеңес қарады,
 Ақтанауға барады.
 Алтынды тұрман, ер жүген
 Атқа тегіс салады.
 Айыл-тұрман бек тартып,
 Құйысқанын қысқартып,
 Жақсылап бекітіп алады.
 Шығарып атты алған соң,
 Үйге таман барады.
 Ақжонас киген ақ сауыт
 Үстіне киіп алады.
 Басына киді дулыға,
 Үйде тұрған сұр жебе
 Оны қолға алады.
 Керегеде ақ берен¹
 Мұны да белге салады.
 Жайыменен қозғалып
 Ақтанауға барады,
 Бара мініп алады.
 Әкесі мен шешесі
 Жүдә, білмей қалады.
 Үй сыртында ақ сүңгі,
 Қайта оған барады,
 Суырып қолға алады.
 Есікке жақын барады,
 Шешесі біліп қалады.
 Шыға келді шешесі,
 Еш патшадан кем емес
 Ер Кеңестің мүшесі.
 Анасы кіріп сөйледі,

Көзінің жасы төгіліп,
 Жылай келді егіліп:
 — Сұңқарым енді қонар ма?
 Құба аралап жортар сонарға.
 Жалғызым, кетсең сен, — деді, —
 Кәріп болдым мен, — деді. —
 Артыңда қалды атаңыз,
 Жылап қалды анаңыз,
 Анаңызға қараңыз.
 Сәби туған баласың,
 Жас басыңнан жау іздеп,
 Жапанда жалғыз қаласың,
 Шырағым, қайда барасың?
 Жолдассыз туған дарасың,
 Адам тастап кете ме
 Өзінің ата-анасын?
 Кімдер алып кетпейді
 Атаңның тұрған қаласын?
 Жасы сексенге толғасын,
 Білемісің атаңның
 Қандай қайрат шамасын?
 Сексенге жетіп меңдеген,
 Тек жаны бар әкеңнің
 Бұл жалғанда өлмеген.
 Жетпіске жасы келгенше
 Бір перзентті көре алмай,
 Әкең еді шөлдеген.
 Сағынып көрген баласың,
 Ата менен анаңды
 Тастап қайда барасың?
 Алтыға жасың толғанда,
 Жауға барсаң болмай ма?
 Өзің жігіт болғанда,
 Алтыға келген жасыңда,
 Жолдасың жоқ қасыңда,

¹ Берен — болат қылыш.

Қандай жерге барасың,
Қандай жауды аласың?

Сонда Кеңес сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Берсе Тәңірі тілекті,
Барарымды сұрасаң,
Қалмақтың ханы Қара-ды.
Қайғы етпеңіз, анажан,
Балаң соған барады.
Құр қайғыдан пайда жоқ,
Тілімді алсаң, жылама.

Астымдағы Ақтанау
Ол шабыстан тана ма?
Атқа мініп алған соң,
Бармай жауға, анажан,
Балаң енді қала ма?

Сонда кемпір қарады,
Шығарып емшек алады.
— Шырағым, емші мамаңыз,
Сағынып көрген баламыз.
Не шара бар Құдайға?!
Жылауменен қаламыз.

Сонда Ақжонас үйден шыға келіп, баласына бір сөз сөйледі:

— Айналайын жан балам,
Ақжонас жаяу қалды, — деп, —
Қалмақтар қалар қуанып,
Мен қалдым ғой қуарып.
Қалмақ келер қалаға,
Мен қалдым ғой пөлеге.
Тілімді алсаң, перзентім,
Кетпегейсің далаға.
Мекендеп тұрсаң болмай ма
Осы тұрған қалаға?
Енді, балам, мен өлдім,
Астыма мінер атым жоқ,
Қолыма алар қару жоқ,
Мен өлгенге теңелдім.
Енді мені өлді де,
Арыстан болсын панаңыз.

Не қылса да әкеңде
Енді қылар шама жоқ!
«Қош-аман бол», — деді де,
Қала берді Ақжонас
Кеңестейін балаға.
«Қош, аман бол», — деді,
Кетті бала далаға.

Ақтанаудай тұлпармен
Кеңес бала келеді,
Табандатып желеді.
Сексен күндік жол еді,
Он бес күндік шөл еді.
Сол сексенкүндік жерлерге
Зыр желумен отырып,
Жетермін қырық күнде деп еді.

Сонда қалмақтың қызы Қарлығаш жатып түс көреді, келіп әкесі Қараға сөйлей берді. Қара деген қалмақтың қарғысы қатты жан еді, қарғаны өлмей қалмайтын еді. Егер әскермен шабуға қол келсе, теріс қарап жатып қарғаушы еді. Оның қарғысынан жан қалмаушы еді. Оның қарғысы атқан оқтан бетер еді. Қарғысынан қырылған кісінің сүйегі бір тау болып тұрушы еді. Сонда Қарлығаштың айтқан сөзі:

— Әке, келдім мен, — деді,
Жатырмысың саламат?
Басыңды көтер, әкежан,
Мен сізден туған балапан,
Көрейін жүзің мен, — деді!

Сонда қара қалмақ есін біліп, етегін жинағанша, баласы әкесін, әкесі баласын көрмеген екен.

— Перзентім, бері кел, — деді,
Бұрын-соңды көрмедім,
Көрейінші енді мен сені!

Сонда Қарлығаш келіп әкесіне сөз сөйлей бастайды:

— Асылы артық данамыз,
Ақылы асқан бабамыз,
Ата, көрдім түс, — деді.
Аспаннан қарақұс келді
Келген құсың қонарға.
Халқың болып шулады,
Сол қарақұс қонарда.
Сол қарақұс қонарда
Қатын бала шулады,
Шулаған халқың оңар ма?
Бәрін басып ол кетті,
Қалаңда сенің тұрмады.
Қара келді қонарға,
Астана халқы шулады,
Шулаған халық оңар ма?
Осы түсім жаман түс,
Келетін жау болар ма?
Келмей отыр реңім,
Тігірей отыр жүрегім.
Егер қонса қалаға,
Дұшпан осы болар ма?
Осы түстен қорықтым,
Көруге келдім өзіңді.
Жорышы осы түсімді,
Көтергін, әке, басыңды.
Отырдым, әке, қасыңда,
Келген дұшпан бұл болып,
Ала ма, әке, қалаңды?
Жылатпасын балаңды.
Жинашы, әке, еліңді,
Бекіте берші беліңді.
Тастамай, әке, жинашы
Қайратты туған еріңді.

Жина қылыш, найзаны,
Тастама жауға айлаңды.
Жасашы айла сен, — деді, —
Болдым айтып мен, — деді.

Сонда Қара сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қайғы етпе, балам, сен, — деді, —
Теріс қарап жатармын,
Қарғыспенен атармын,
Ұрттап қанын татармын.
Егер келсе қалаға,
Олжаға атын алармын.
Қанша қатты болса да,
Сүйегін отқа жағармын.
Үйіліп жатқан сүйекке
Оны да, балам, салармын,
Сөйтіп құлқын табармын.
Өлтіремін мен, — деді, —
Қайғы етпе, қызым, сен, — деді. —
Жиналып келсе көп әскер,
Болады маған жем, — деді. —
Қарғасам өзі өледі,
Елді оған жимаймын,
Көз алдында өлімді
Өзі жақын көреді.
Жүре бер, балам, сен, — деді, —
Қорықпаймын мен, — деді. —
Әскері көп болса да,
Болмайды маған тең, — деді.

Қарадай қалмақ ханыңыз,
Қызына солай сөйледі.

Қызы тұрып кетті. Таң мезгілі болғанда қыз тағы әкесіне келеді, келе сөйлей береді:

— Көтер басың, әке, сен, — деді,
Келдім, әке, мен, — деді.
Күн шығуға таянды,
Келуі жаудың аян-ды.

Күн астына қарасам,
Құйындай жалғыз шаң көрдім.
Шаң астына қарасам,
Қыбырлаған жан көрдім.
Астында мінген қара ат бар,

Белінде бұған болат¹ бар.
 Табаңдатып желеді,
 Төрт аяқтан шыққан шаң
 Төрт тарапқа кетеді.
 Желгеніне сол аттың
 Жер солқылдап келеді.
 Жақындады қарасы,
 Секілді дұшпан шамасы.
 Көтер, әке, басыңды,
 Жылап тұрмын қасыңда,
 Көрсеңші, міне, әкежан,
 Көзімнен аққан жасымды.
 Тұрсаңшы, әке, сен, — деді,
 Келе жатқан дұшпанды
 Әке, тұр да, көр, — деді.

Сонда Қара сөйледі:
 — Теріс қарап жатайын,
 Қарғыспенен атайын.

Теріс қарап ол жатты,
 Сонда Кеңес батырың
 Жетіп келді тебініп,
 Жалмауыздай емініп.
 Қарлығаш тұрды есікке,

Ол оқ атқанда Қара тұрып: «Қарлығаш, мені маса ма, сона ма бірдеңе шақты, қақ», — деді.

«Айтқан сөзін қара», — деп,
 Алмасты батыр алады.
 Жүгіріп барып алмаспен
 Мойнына салады,
 Бөлініп басы қалады.
 Ақтанауға мініп ап,

Қалмақтың елі көніп қалды, Қарлығаштай аруды ат көтіне мінгестіріп өзі алды.

Ендігі хабарды Ақжонастан алыңыз. Кеңес кетіп қалған соң, қалмақтардан қорыққан ноғай қашып, тарады. Жалғыз үй Ақжонас көше алмай, жұртта қалып қояды. «Бағлан таз» деген бір қалмақ — ежелден келе жатқан жау еді. Ақжонасты аңдып жүрген жан еді. Сонда Бағлан таз мың кісімен Ақжонасты шабуға аттанады.

Күні-түні жол жүрді,
 Есепсіз тазың мол жүрді.

«Кіргізбен, — деп, — Ер Кеңес».
 Қорамсаны қолға алды,
 Атайын деп оңталды.

Сонда Қарлығаш сөйледі:
 — Асылың артық ер, — деді, —
 Тілегім бар, сұлтаным,
 Тілегімді бер, — деді. —
 Көзімнің жасын көр, — деді, —
 Жалынса, жақсы кешеді,
 Жаныса, болат кеседі.

Сонда Кеңес сөйледі:
 — Тарт қолыңды сен, — деді, —
 Қырылып жатқан адамның
 Сүйегін байқап көр, — деді. —
 Егер қолың тартпасаң,
 Атамын сені мен, — деді.

Сонда қолын қыз тартты,
 Тартып қалды қол оқты.
 Жұмсап қалды болатты
 Қарадайын қалмаққа.
 Атқан оғы өтпеді,
 Етіне тіпті жетпеді.

Қалаға ойран салады.
 Қарадай ханды өлтіріп,
 Қалмақты жүрді аралап.
 Ішіндегі мықтысын
 Өлтіре берді шамалап.

Ноғай тарап кеткен соң,
 Ақжонастай еріңіз

¹ Болат — қылыш.

Отырды өзі қалуға.	Бөлініп шығып кетеді
Жау да таяу келеді	Он кісі қалмақ баласы.
Ақжонастың елін алуға.	Бағлан таздай залымның
Жақындап елге келген соң,	Айласын оның қарашы!

Сонда Бағлан таз жансыз¹ есебінде сақал, шашына ақ кірген бір шалды жібереді:

— Ақжонас үйінде бар ма екен? Қалай екен? Оның шамасын біліп кел, — деп. Шал Ақжонастың үйіне кіріп келеді, өзінің неге келген себебін білдірмей: — Қатыным өліп, жетім бала-шағамен қалған едім, — деп мұңаяды.

Сонда Ақжонас басын көтеріп, қатынына қарап:

— Мынаған ас бер, — деді. Нанды қалтасына салып, келген жұмысын әбден байқап, біліп алып, шал кейін қайтты. Сонда шал Бағлан тазға:

— Ақжонас қарусыз отыр, аты да жоқ, баласы да жоқ, — деді.

Шал шығып кеткен соң, Ақжонастың әйелі тұрып:

— Жаңағы кісі қалай кісі, бұл жерде ауыл жоқ еді, — деді.

Ақжонас:

— Ой, қаңғырып жүрген шал дағы, не бір қатыны өлген ноғай шығар, — деді де, отыра берді. Сонда әйелі үйден жүгіріп шықты. Ақжонасты шақырды:

— Анау шаң не зат? — деп бір сөз айтты:

— Айналайын алғаным,	Елге қарай қаша көр.
Ұл мен елден айырылып,	Тыңдамас менің сөзімді,
Ен майданда қалғаның,	Егер келсе жау болып,
Қаруың жоқ, затың жоқ,	Өлтірер сенің өзінді.

Астыңа мінер атың жоқ.	Сонда Ақжонас сөйледі,
Осы келген жау болып,	Сөйлегенде бүй дейді:
Бізді шауып кетпесін.	— Ажалға болмас еш айла,
Шошынып тұр жүрегім,	Ажалсыз жан қайда? — деп, —
Кетіп тұр-ау реңім,	Жаяу қашсам жүгіріп,
Сен, шамаң келсе аса көр,	Болмайды жанға пайда, — деп.
Осы шаңнан тез кетіп,	

Сол уақытта жау қарасы көрініп қалды. Сонда тұрып қатыны жылай берді.

Тұра берді Ақжонас:

— Бізге өлім жетті, — деп, —
 Мен өлсем егер, бұл жерден
 Сізге бейнет көп-ті, — деп.

Сол замандар болғанда,
 Жау да жақын жетті кеп.

¹ Жансыз — тыңшы.

Сонда Бағлан таз алдымен келіп, Ақжонасқа:

— Сен кім едің?!.. — деп ақырды.

— Менің атым — Ақжонас,
Қасымда тұр алғаным.
Ат, жарақтан¹ айырылып,
Осы күн кешті арманым,
Жаяу тұрмын мен, — деді. —
Тірі болса Ер Кеңес,
Төбеңді сенің ояды,
Болдырады тойыңды!

Қалмақ шіркін қамады,
Қатынымен екеуін
Қосақтап алып сабады.
Қайыра қолын буады,
Ақжонастай батырға
Шынымен күн туады.
Екі қолын байлады,
Еліне қарап айдады.
Талқандады ордасын

Жинап алды малдарын,
Жинады сөйтіп жандарын.
Қалмақ кетті еліне,
Өзінің айдап жеріне.
Күні-түні жол жүрді,
Елу күндік жер жүрді.
Аяққа салды кісенді,
Мойнына салып күндіні,
Томарға мықтап байлады.
Ақжонастай батырдың
Сөйтіп соры қайнады.
Қатынын салды сиырға,
Қатынымен екеуін
Қуды сүйтіп қиырға.
Сиырды бақты далада,
Ерте кетіп, кеш келді
Өзі жүрген қалаға.

Сонда Бағлан таз Ақжонастың жұртына келіп:

— Мен жұртыңда жатайын, Кеңес келсе сояйын, қанын ұрттап тояйын, — деп жата береді.

Ендігі хабарды Кеңестен алыңыз.

Кеңес батыр келеді
Ақтанаудай тұлпармен.
Мінгестіріп сұлуды,
Табандатып желеді.
Жетіп келсе жұртына,
Қалмақ шауып алыпты.
Иесіз қалған елдерге
Талапайды салыпты.
Тыс-тақыр болып жұрттары
Ақжонастың қалыпты.
Түсіріп тастап Қарлығаш,
Сонда жұртын қарады.

Ой-шұқырды қоймады,
Бәріне тегіс барады.
Жерошаққа барады,
Ошақта жатқан киізді
Көтеріп Кеңес алады.
Астында жатыр таз бала,
Сол тоқымды жамылып
Жатқан екен бейшара.
Сонда Кеңес сөйледі:
— Сен не қылған бала? — деп, —
Бері, бала, қара, — деп.

Сонда Кеңес:

— Бұл жердің елі қайда, білесің бе? — деді. Бала:

— Еліңді Бағлан таз деген қалмақ шауып кетті, — деді.

— Әке менен шешенің
Екі қолын байлады,

Кірерге көрін сайлады.
Қосақтады екеуін,

¹ Жарақ — жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман; қару-жарақ.

Елу күндік жерлерге
 Қамшыменен сабап айдады.
 Асыл туған әкеңнің
 Аяғына салды кісенді,
 Мойнына салды шынжырды.
 Бір томарға байлаған,
 Бекітіп оны сайлаған.
 Бибі сынды анаңның
 Тезекпенен күні өтіп,

Сөйтіп соры қайнаған.
 Сиырды жүріп бақ, — деді, —
 Жоғалғанын тап, — деді.
 Әйелінің алдында
 Еңбектеп отын жақ, — деді.
 Тіліңді егер алмаса,
 Маңдайын оның кес, — деді.
 Басынан қанын ағызып,
 Төбесін оның тес, — деді.

Кеңес:

— Елді қайдан табамын? — деді. Сонда таз:

— Мінгестіріп жүрсең, мен тауып беремін, — деді. Қарлығашты сол жерде қалдыра тұратын болды. Сонда Қарлығаш сөйледі:

— Сіз кеткен соң келгенше,
 Кімдер бар да, кімдер жоқ.
 Екінші сізді көргенше,
 Тапсырдым Аққа мен, — деді. —
 Оң қолыңды бер, — деді, —
 Қолдасалық кел, — деді.

Кеңес қолын ұсынды,
 Қарлығаш ұстап қолынан,
 Бауырына қысады.
 Қолдасты да Қарлығаш
 Кеңес ерден қалады.
 Ақтанаудай аттарға
 Мінгестіріп тазшаны
 Кеңес батыр алады.
 Ақтанаудай тұлпармен
 Табаңдатып желеді.
 Неше күндей желумен
 Әлі жүріп келеді.
 Сонда Ақтанау тұлпар сөйлейді:
 — Асыл Кеңес ер, — деді,
 Тазшадайын жаманың

Бөксемді алып барады,
 Түсіріп таста сен, — деді.
 «Түс», — деп еді тазшаға,
 «Түспеймін аттан мен», — деді.
 Сөйдегенге болмады,
 Екі аяғы атының
 Қарсы жерге енеді.
 «Тағы да аттан түс», — деді,
 «Түспеймін», — деп тазша тырысты,
 «Түсесің», — деп Ер Кеңес
 Тазшаға қатты ұрысты.
 Жағасынан алады,
 Тазшаны жұлқып қалады.
 Түсіріп тастап тазшаны
 Кеңес батыр жөнелді.
 Астындағы Ақтанау
 Жаман тазша түскен соң,
 Арандай¹ аузын ашады,
 Аяғын топ-топ басады.
 Ер Кеңес пен тазшаның
 Арасын лезде-ақ ашады.

Сонда артынан түсіп қалған тазша:

— Сен бара бер, мен де барармын, — деп айғайлайды. Атының құйрығының қылын тұтатып еді, сонда Бағлан тазға қос торы ат келді, біреуін мініп, біреуін жетелеп алып, Кеңестің қасынан:

— Бағлан тазың мен, дәмең болса, кел, — деп өте шықты. Оған Кеңес қысылмады, табаңдатып желіп жүре берді. Ер Кеңес таздың елінің сыртына келді. Қалмақтың елінің сыртына келгенде бір дорбасы мойнында, бір дорбасы қолында, сиырдың жүрген соңында анасын көрді. Анасы жылай жүріп жырлап жүр екен, сондағы айтқаны:

¹ Арандай — далиған үлкен, кең.

— Сағындым жалғыз перзентім,
Естілер ме екен дауысым
Жапанда жүріп зарлаған?
Жалғызым менің Ер Кеңес,
«Дұшпанға кегім кетер», — деп,
Алты жаста арланған.
Қаумалаған көп қалмақ
Сиырға салып қорлады,
Баяғы заман болар ма?
Сиыр бағып жүргенде,
Біздей сорлы оңар ма?

Ұшып кеткен ақсұңқар
Шақырсам қолға қонар ма?
Біз секілді бейшара
Мұнан қалып оңар ма?
Патша болған атаңыз
Теректе тұр байланып,
Қалды сонда айналып.
«Жалғызым», — деп көре алмай,
Пенде болдым, енді, көр,
Маңдайымда болар ма
Арылмайтын мықты сор?

Сол сөзді айтқан соң Кеңес шешесінің алдына келіп сөйлей бастады:

— Балаң мендей болар ма?
Жоғары жүрген ақсұңқар
Қолыңа келіп қонар ма?
Ақсұңқар қонса қолыңа,
Баяғыдай боларсың,
Жақсылық келтір ойыңа.
Біздей болса балаңыз,
Қайғың болса, анажан,
Тағы да айтып қараңыз.

Сонда шешесі айтты:
— Бағлан таздың қатыны
Белгілі жаман залым-ай.
Кесе берме алдымды,
Тұрмын, бала, танымай.

Сонда Кеңес сөйледі:
— Танымай ма екен баласын,
Баласы келіп тұрады
Қарсы көріп анасын.
Атаңа нәлет қалмақтың
Мен салармын ол қойға
Қатыны мен баласын,
Көрермін сөйтіп шамасын.
Менің анам сен, — деді, —
Сенің балаң мен, — деді. —
Көзіңді ашып, анажан,
Шыныменен көр, — деді, —
Мамамды менің емейін,
Мамамды, ана, бер — деді.
Сонда кемпір сөйледі,
Сөйлегенде бұй дейді:
— Танымаймын өзіңді,
Мегзетемін сөзіңді.

Сонда Кеңес сөйледі:
— Асыл туған анамыз,
Жастықта емген мамамыз,
Ақжонасың қай жақта,
Шешеке, біздің бабамыз?

Сонда кемпір қарады,
Аттан түсіп Ер Кеңес,
Кемпірге таман барады.
Сонда кемпір сөйледі:
— Жауды жерде жарағым,
Аман-есен келдің бе,
Перзентім менің, қарағым?
Тастай беріп дорбасын,
Жетіп келді қасына-ай,
Құшақтады басын-ай.
Лақтырып жіберді
Тезекті терген қабымен,
Екеуі кетті шағымен.
Кемпірдің барды қасына-ай,
Көзінің төкті жасын-ай.
Кемпір берді мамасын,
Таныды сонда баласын.
Кеңес батыр жөнелді
Іздеп туған бабасын.
Кеңестейін ер еді,
«Жүре бер», — деп анасын,
Атасына жөнелді.
Сонда Ер Кеңес келеді,
Ақтанаудай атынан
Келе түсе қалады.
Атасының Ер Кеңес
Келіп қолын алады.

Қолын алып жатқанда,
 Мың кісідей әскермен
 Бағлан таз келіп қалады.
 Босатуға шама жоқ,
 Жалғыз туған Ер Кеңес
 Айғай жауға салады.
 Қамап тұрған әскермен
 Соғысып батыр барады.
 Жартысы жаудың өлген соң,
 Қырылғанын көрген соң,
 Қалғаны жаудың қашады.
 Тұруына шама жоқ,
 Айғай салып Ер Кеңес
 Албастыдай басады,
 Тұра алмай қалмақ сасады.
 Бағлан таз шапты қасқарып¹,
 Қалатын ба еді Ер Кеңес,
 Жауға келді егескен.
 Екі батыр майданда
 Қайраттарын теңескен.
 Қарсы келіп қалысты,
 Белдерінде алмас бар,
 Жекпе-жекке шабысты.
 Өтпеген соң қылышы

Бола ма ердің тұрысы?
 Жағаласып қалысты,
 Жағасынан алысты,
 Бір-екі күн жағалас
 Ат үстінен салысты.
 Одан шықпай еш нәрсе
 Аттан түсе қалысты.
 Екі күндей жағалас
 Жаяу жүріп салысты.
 Ақжонастың қатыны
 Тұра алмады кідіріп.
 Жонасқа сонда келеді,
 Сиырды тастап та жүгіріп.
 Келіп сөйлей береді:
 – Айналайын сұлтаным,
 Астыңда жоқ тұлпарың,
 Қолыңда жоқ беренің.
 Жәбір шеккен ер едің,
 Қарағымды көрдің бе,
 Көріп сәлем бердің бе?
 Көрдіңіз бе баланы?
 Атаңа нәлет ит қалмақ
 Бізді келіп қамады.

Сонда байлауда тұрып Ақжонас сөйледі:

– Бері келші сен, — деді, —
 Мынау менің етігім
 Қолыңмен ал, — деді. —
 Етікке қолың сал, — деді, —
 Ұлтанының астында
 Екі елі кездік бар еді,
 Шығарып соны ал, — деді.

Кемпір қолды салады,
 Етікті тартып алады,
 Алып ішін қарады.
 Екі елі кездікті
 Қатын қолға алады.
 Кездікті мынау салады,
 Аяқтағы темірге
 Кісенді кесіп алады.

Ақжонастың қолындағы бұғауды, аяғындағы кісенді қатын кесіп тастады. «Пышақпен қолымдағы жөке арқанды да кес», — деді.

Ақжонас та ер еді,
 Артындағы жөке арқан,
 Қолындағы кездігі
 Жалғыз тал қылдай көрмеді.
 Босанған соң қол-аяқ,
 — Кездікті маған бер, — деді.

Кездікті алып қолына,
 Мойнында тұрған шынжырды
 Оны да кесіп алады.
 Босанып тегіс алған соң,
 — Манағы бала қайда? — деп,
 Ер Кеңеске жүгірді.

¹ Қасқарып — қасқайып, тура қарап.

Шыға келсе төбеге
Жағаласты салулы.

Жағаласып жатқанда,
Ақжонас келіп қалулы.

— Тазшаның сырты алтын, іші боқ-ты. Қару өтпейтін жері жоқ-ты, — деп Ақжонас Тазшаны алмаспен жарып жібереді. Ақжонас төңірекке қарады. Тазшаның мінген қос торы ат барып мініп алады.

Тазшадай қалмақтың
Бар қаруын алады.
«Аллалап» ұран шақырып,
Қалмаққа ойын салады.
Бір жағынан Ер Кеңес
Үш күнде қоймай қалмақты
Бір жерге қуып жинады.
Ақжонасқа Ер Кеңес
Жәбір бергіш қалмақтың
Басын кесіп сыйлады.
Анасын ұрған қатынды
Жақсы қылып қинады.
Қайырып қолын артына

Біразының байлады.
Баяғы кеткен жұртына
Қойдай сабап айдады.
— Кегім қойсын ба, — деді.
Мен ілгері кетейін,
Жеріме таман жетейін, —
Деп Ақжонас ханыңыз
Бағлан таз мінген торы атпен
Шабуылды салады,
Он күнде жетіп барады.
Ақжонас келгенде,
Қарлығаштай аруың
Иіліп сәлем береді.

Сонда Ақжонас сөйледі:

— Әй, жарқыным, сен, — деді, —
Перімісің, жанбысың,
Адамбысың, шынбысың?
Танымадым мен, — деді. —
Жапанда тұрған жанбысың?
Иіліп сәлем бергенің,
Сен енді мені кім дедің?

Сау-саламат барды ма
Іздеп сізді балаңыз?

Сонда Қарлығаш сөйлейді:
— Жасың үлкен данасың,
Ақылың артық бабасың.
Көргеннен соң жүзіңіз
Кеңестейін ерлердің
Деп тұрмын сізді бабасы.
Кеңес ерді деп тұрмын
Сіздей ердің баласы.
Балаң алған балаңмын,
Атам — Қарахан еді,
Мен де — жалғыз бала едім.
Саламат-күйлі барсыз ба,
Қуатты-күйлі бар ма екен,
Аман ба еді анамыз?

Атасы тұрып сөйледі:
— Келді біздің баламыз,
Қиналған сүйтіп бабаңыз.
Аман түгел алған соң,
Талқандап қаласын,
Жеңгеннен соң елдерін,
Сындырған соң белдерін,
Бағлан мінген қос торы ат
Оны да алып мінгізді.
Шауып алып елдерін,
Артқызды нарға теңдерін.
Қасірет-қайғы көп көрген
Атасы мен анасын
Сағынған сөйтіп баласын
Құшақтатып сүйгізді.
Сөйтіп Кеңес қарағым
Астыма торқа¹ төсетіп,
Жылқыдан жорға мінгізді,
Езу тартып күлгізді.

¹ Торқа — қымбат бағалы седдір, жібек мата.

Осы сөзді айтқанша,
Кеңес келіп қалады.
Жұртта қалған Қарлығаш
Неше уақыт тарыққан,
«Келе ме?» – деп зарыққан.
Кеңес ерді көргенде,
Қуанғаннан талады.
Неше айлар сақтаған,
Келгенше дәм татпаған.
Жарын мұндай көрген соң,

Оттай күйіп жанады,
Құшақтап келіп алады.
– Жан серігім, жолдасым,
Тар жерде болған мұңдасым,
Басыңды көтер, келші, – деп,
Көзінің жасы тамады.
Қарлығаш көзін ашады,
Мауқын сөйтіп басады.
Ерлігін елге көрсетіп,
Мәртебесі асады.



Бірінші мақам

байсалды

Орындаған: Қайрулла Күнқожа
Нотаға түсірген: Бекмұханбет Бауыржан



О - ты-ра бер ор-даң-да, Қай-ғы е - тпе, сен!-де - ді. Сол сөз-ді ай-тып Ақ-жо-нас,



Ба - тыр ту - ған е - рі - ніз Ке - ту - ге ат - ты жөн - де - ді.

Екінші мақам



Ей! Ке-нес ба-тыр келе-ді Ақ-та-нау-дай тұл-пар-ме-ен. Мін-гес-ті-ріп сұ-лу-ды,



Та-бан - да-тып же-ле - ді. Же-тіп кел-се жұр-ты-на, Қал-мақ ша-уып а-лып-ты.



И - е - сіз қал-ған ел-дер-ге Та - ла - пай-ды са-лып-ты. Тыс-та-қыр бо-лып жұрт-та-ры



Ақ-жо - нас-тың қа-лып-ты. Тү - сі-ріп тас-тап Қар-лы-ғаш, Сон-да жұр-тын қа - ра - ды.



Ой-шұ-қыр-ды кой-ма-ды, Бә-рі-не те-гіс ба-ра - ды. Жер-о - шақ-қа ба-ра-ды,



О-шақ-та жат-қан ки - із - ді Кө-те-ріп Ке-нес а - ла-ды. А-стын-да жа-тыр таз ба - ла,



Сол то - қым-ды жа-мы-лып, Жат-қан е - кен бей-ша-ра. Сон-да Ке-нес сөй-ле - ді:



-Сен не қыл-ған ба - ла?- деп, Бе - рі, ба - ла, қа - ра, деп. Ө - ке ме-нен ше-ше-нің



Е - кі ко-лын бай - ла - ды, Кі-рер-ге кө-рін сай - ла - ды. Ко-сақ - та-ды е - ке - уін,

Е-лу күн-дік жер-лер-ге Кам-шы-ме-нен са-бап ай-да-ды. А-сыл ту-ған ә-кең-нің

А - я - ғы-на сал-ды кі-сен-ді, Мой-ны-на сал-ды шын-жыр-ды. Бір то-мар-ға бай-ла-ған,

Бе-кі-тіп о-ны сай-ла-ған. Би-бі сын-ды а-наң-ның Те-зек-пе-нен кү-ні ө-тіп,

Сөй-тіп со-ры қай-на-ған. Си-ыр-ды жү-ріп бақ,-де-ді Жо-ғал-ға-нын тап,-де-ді

Ә-йе-лі-нің ал-дын-да Ең-бек-теп о-тын жақ,-де-ді. Ті-лің-ді е-гер ал-ма-са,

Маң-да-йын о-ның кес,-де-ді Ба-сы-нан қа-нын а-ғы-зып, Тө-бе-сін о-ның тес,-де-ді.

e e e e e





Суретші Е.М. Сидоркин

7 түйіні.
 7 дәптер.
 Манашы улы тұрғыншы
 Шыбыл
 7
 101
 Нотанды билеген и би болады, ал елге
 сол елде ирде көп оқор ^{лап} сінтөне деген көп
 Нұртар сашыныс бәйнедегі қорайды келді
 Нотайлыныс и біншіс уақыт Арманбай
 Биді шақыртып алуи сонда орманбайыс
 біндіктар болашыс несуа алынды
 Діндік меніс айр деді.
 Айт қалыңды қыл деді.
 Айт қалыңды қыл деді.
 Бәйнедегі қорайды
 Елді шайы аламын.
 елді елге бұлқы
 болашыс елеліне
 Сонда Орманбай мен елкіс сінше қонбайды
 елде и біншіс бар еодан қобар елеліне елде
 көп дее қонды, қонбе дее қонбайды деді
 Қолыңдар ел қонбайды деп айтамын деп
 Орманбай биді өлтіреді, он бір биді шақыр бұра
 адал тибеді. Сонда и би малға шығыс айна
 тиледі. Манашы мұрзаныс Үшке йүседі.
 Билер Отранның рені Соз бақта Манашы
 Билер диді. Мана мұра Варолок
 Осындай қын кездерде
 Оштың не ауыс өлтіреді

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (830-бума, 7-дәптер).

МАНАШЫҰЛЫ ТҰЯҚБАЙ БАТЫР

Мұрын жырау репертуарында «Манашы», «Манашыұлы Тұяқбай» атты жырлар болғаны белгілі. «Манашы» жырының үзіндісін 1941 жылғы фольклорлық экспедиция кезінде А. Хангелдин жазып алған. Оның көлемі өте қысқа болғандықтан томға енгізілмеді. Жалпы, Манашы есімді кейіпкер өзге жыршылардан жазып алынған эпикалық жырларда да кездеседі. «Ер Көкше» жырының В.В. Раглов жариялаған нұсқасында бас кейіпкердің жан жолдасының есімі – Манаша. Фольклортанушы А. Сикалиевтің еңбектеріне қарағанда, ноғай эпостарында да Манашы аталатын батырдың образы ұшырасады. Маңғыстауда Манашы түбегінің болуы да бұл тұлғаның есімі ойдан шығарылмағанын аңғартады. Сол өлкедегі Күйкенұшқан шыңының «Манашыұлы Тұяқбай» жырында айтылуы да кездейсоқ болмаса керек. Жырдағы негізгі оқиғалар Орманбет бидің жау қолынан қаза табуынан басталуы, оның туындауына XVI ғасырдың соңындағы тарихи оқиғалар арқау болды деп шамалауға негіз береді. Өйткені Ұлы Ноғай оргасының соңғы билерінің бірі Оразмұхаммед (Орманбет) бидің 1597 жылы мерт болғаны да, шығармадағы кейіпкерлердің қалмақтарға қарсы жұмыла күресуінде – сол заманға тән тарихи шындық. Манашының Тұяқбай есімді ұлы болғанын кейінгі ұрпақтың назарына жеткізуші де – Мұрын репертуарындағы жырлар.

Жырдың түпнұсқасы бұрынырақта басылған жинақтардағы жыр мәтінімен салыстырылып, қолжазба негізінде ұсынылды. Бұл жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 7-дәптер).



Ноғайлы елінде он бір би болады. Сол елге көп әскерімен үндіс қалмақ деген кәпір Ащыағар сайының бойындағы ноғайлыға келеді. Ноғайлының он бір биінің үлкені — Орманбет биді шақыртып алды. Сонда Орманбетке үндістер былайша жауап айтты.

— Дініме менің кір, — деді,
Айтқанымды қыл, — деді.
Айтқанымды қылмасаң,
Біздің жолмен жүрмесең,
Еліңді шауып аламын.
Еліңді салып бүлікке,
Талапайды саламын!

Сонда Орманбет: «Мен сенің дініңе көнбеймін, елімде он бір биім бар, содан хабар аламын, солар: «көн», — десе — көнемін, «көнбе», — десе — көнбеймін, — деді. Қалмақтар: «Сен көнбеймін деп айттың», — деп, Орманбет биді өлтіреді. Он бір биді шақыртуға адам жібереді. Сонда он бір би жолға шығуға атқа мінеді. Манашы мырзаның үйіне түседі. Билер отырғаннан кейін сөз бастап, Манашыға былай дейді:

— Мына жауға баралық,
Осындай қиын кездерде
Өшіруге жаудың оттарын
Ерлік айла біз істеп,
Соған барып қаралық, — дейді.

Сонда Манашы жүруге айналды. Шешесі: «Бұлар өздері елдің басшысын бір пәлеге ұшыратар», — деп ойлады. Манашының анасы ере жүрді.

Баратынын сұрасаң,
Ащыағар сайдың басы еді,
Жабағы сайдың қасы еді,
Баратын жері осы еді.

Он бір би соған барып түсті. Сонда кәпір қамады, ойлап ақыл табады. Манашының жолдастары он бір би шеткері шығып кеңес құрды. Сол кесте олар Манашыны міндетке беріп кетуге ұйғарды.

— Міндетке бергенде үш күнде келеміз делік, үш күнде келмей көшіп кетелік, — деді. Енді Манашыны үндіске береді. Манашыны бұлар міндетке бергеннен соң, Манашының басына қайғы түсті. Оның қасына анасы келді, сонда Манашының айтқаны:

— Атаңа нәлет, ит кәпір,
Ұстама мені сен, — деді, —
Мынау тұрған он бір би
Келмейді саған бұл, — деді. —
Атаңа нәлет он бір би

Келмей енді қашады,
Осы айтқаным шын, — деді.

Ол кәпір: «Анау он бір би келемін», — деп адам берген соң, Манашыны алып қала берді.

Сонда Манашы шешесіне сөйледі:

— Айналайын анамыз,
Мен едім жалғыз балаңыз.
Жал-құйрықты кесіп ап,
Құдай жалғыз қылған соң,
Неге келсін шамаңыз?!
Иесіз қалды-ау, шешеке,
Жинаған дәулет қарамыз.
Тым болмаса болмады-ау
Иесі болып қалатын
Бір сәби де балаңыз.
Үш жасар қалды қыз бала,
Алған жарым бұл қалды,
Еңсесі биік ақ орда
Адыра болып тұл қалды.
Бастан бақыт құсы ұшып,
Ол құс қайта қонар ма?
Қонғанменен, шешеке,
Бұл жалғанда оңар ма?
Асыл туған, анажан,
Бұл дүниеден мен кеттім,
Ант ұрып кеткір он бір би
Сүйегімді жасытып,
Осы жолы меңдетті.

Ақ сүтінді кеш, — деді.
Сол жауапты айтқанда,
Кемпір тұрып егілді,
Көзінің жасы төгілді.
Жалғызы өлімге кеткен соң,
Көкірегін басып шер,
Қабырғасы сөгілді.
Сонда кемпір сөйлейді:
— Айналайын жалғызым,
Жапанда тұрған бәйтерек
Бір күні құрап солғаны.
Жалғызым, сенің далада
Отың жанған құл болып,
Атаңа нәлет он бір би
Ұшырды ма далаға.
Мен айналып болайын,
Жалғызым, сенен садаға.
Қолыңнан қазып көмбедің,
Өлгенімді көрмедің.
Сорлы болған мен бе едім?
Аманатын Алланың
Көз алдында бермедім.

Баласының қасына барайын деп еді, қалмақтар итермелеп барғызбады. Сонда Манашы мен анасы қалмақтың қолында қала берді. Сонда он бір би кетіп барады, бұрын түсетін еді, бұл жолы түспей Манашының аулының тұсынан өтер болды. Сонда бір қыз жүгіріп, қапталдай сөйледі.

Қапталдап айғай салады:
— Әй, он бір би, он бір би,
Ағам менен шешемнен
Хабар берші сен, — деді. —
Айтайыншы жеңгеме
Хабар етіп мен, — деді.

Он бір биге бұл қарап,
Қызың сөйтіп сөйледі.

Сонда он бір би қарамай: «Ағаң менен шешең келеді», — деп, өтіп жүре берді. Сонан соң бала қайғырып үйіне келеді. Сонда бала жеңгесіне келіп сөйледі:

— Айналайын жеңеше,
Ол кісінің ішінде
Аға менен шешем жоқ.
Бұрын үйге келгенде,
Таласушы еді он бір би
Мені «алдыма алам», — деп.
Он бір бидей залымның
Болғанды ісі өзгеше,
Тұр, киімді ки, — деді,

Көкемнің мінген көк тұлпар
Шығарып алып сарайдан
Астыңа оны мін, — деді. —
Көкем менен шешемді
Он бір би тастап кеткен-ді,
Соны барып біл, — деді. —
Ноғайлы шіркін сасқан-ды,
Төбеге шықсаң көресің
Босқан елдің қарасын.

Манашыдан қалған көк тұлпарды ерттеп, Манашының бар қару-жарағын асынып, босқан ноғайдың артынан төбеге шығып қараса, ноғайдың барлығы жапырыла көшіп жатыр екен, содан кейін қатын не істерін білмей үйге келеді. Сонда кішкене қыз сөз сөйледі:

— Жеңеше, біз ноғаймен қатар көшпелік, ноғайдан қалып, артын ала көшелік, егер бірге көшсек бізге ноғай су бермес, — деді.

Сол уақыт болғанда,
Малды қуып жинады,
Көш қарасын көреді.
Көшке, жүдә, санаспай,
Көштің бөліп қарасын,
Бөліне көшіп келеді.
Көшіп қашқан көп ноғай
Отыз күндей босады,
Малды сөйтіп қинады.
Сарыойық деген көлдерге,
Сондай шүйгін жерлерге
Көшіп келіп көп ноғай,
Сол жерлерге қонады.
Манашының ауылы

Кейін шетте қалады.
Ноғайға кіріп қона алмай,
Бұрынғыдай бола алмай,
Манашының қатыны
Буаз еді сол күнде,
Айы-күні толады.
Адалбақан құрдырды,
Сол ноғайдың елінен
Бес-он кемпір жидырды.
Толғатумен сол қатын
Үш күн ұдай ол тұрды,
Сонан соң барып ұл туды.
«Батырдан қалған тұяқ», — деп,
Тұяқбай атын қойдырды.

Ендігі сөзді Манашының шешесі Күйкеннен естіңіз. Үш күні біткен соң, Манашыға барған адам болмайды, сосын барып, үндістер Манашыны өлтіреді. Сонда Манашының басында отырып, кемпір жылап сөз айтады:

— Айналайын жалғызым,
Су түбіне шым батты.
Көрсеткенің, Құдай-ай,
Осы ма еді жалғанда?
Жалғызымнан айырылып,
Сынды менің қанатым.
Қос қанатым қайырылып,

Отырып менің қалғаным.
Айналайын Құдай-ай,
Жалғызымнан айырып,
Басыма мұңды салғаның.
Бүйтіп қорлық бергенше,
Емес пе жақсы алғаның?!

Кемпір мұңайып отырып, ен далаға қаңғырып кетті.

Бір жерлерге келгенде,
Аратөбе шың көрді.
Сол шыңдарға шығады,
Шың екенін көреді,

Солай қарап жол жүрді.
Сол жүргеннен қаңғырып,
Аз ғана емес, мол жүрді.

Бір жерлерге келіп отырып, сонда кемпір тағы да мұңайып сөйледі:

— Айналайын жан Алла,
Кереметің бар, Алла,
Манашыдай жалғызым
Келмеске енді ол кетті,
Қараңғы көрге ол жетті.
Бір бұтаның түбінде
Мені Құдай сөйлетті!..

Қанды жасы бұл ақты.
Жүргені шыңның басы еді,
Сөйтіп келе жатқанда,
Ылдилау жерді бұл басты.
Көзінің нұры тамғаны —
Кәрілік жетіп қалғаны.
Сонда кемпір ұшады,
Сол ұшумен ол барып,
Бір жартасты құшады.
Сонда жаны кетеді,
Баласының артынан
Бұ да көрге жетеді.

Бір мезгілде күн батты,
Ай қараңғы, күн бұлт,
Кемпір тағы жүреді.
Кемпіріңнің көзінен

Сол кемпірдің ұшқан жері — бұрын Аратөбе шың еді. Содан кейін «Күйкен» деп аталды.

Он сан байтақ бөлген жер,
Орманбет бидің өлген жер,
Күйкен сырты Манашы,
Манашы соның баласы.
Баласымен екеуі

Он бір бидей залымның
Айласынан бұлардың
Анасы мен баласы
Қаза тапты, қарашы!

Ендігі сөзді Тұяқбайдан естіңіз:

Тұяқбайдай баланың
Беске жасы толады.
Шешесіне ес болып,
Недәуір жігіт болады.

Балалармен ойнайды,
Ойнап жүріп ол бала
Кеудеге ақыл ойлайды.

Тұяқбай үйге келіп, апасына сөйлей бастады:

— Ақ сүт берген анамыз,
Балалармен ойнауға
Біз де, шеше, барамыз.
Екеуден жұрт жүреді,
Екеуден жұрт жүргенде,
Біз де жалғыз барамыз,
Іні мен жоқ па ағамыз?

Шеше, бізде жоқ па еді
Әдилеп сүйген бабамыз?

Шешесі қатты мұңайды,
Алғанынан айырылған
Есіне түсіп бейшара,
Төгіліп көзден жастары.

Шешесі жылап тұрған соң,
 Апасы сонда сөйледі:
 — Айналайын сұңқарым,
 Атаң еді Манашы.
 Артынан сені көрген соң,
 «Асылдан қалған тұяқ», — деп,
 Тұяқбай атың қойдырған.
 Манашыдай мырзаның
 Сен едің жалғыз баласы.
 Асыраған әлпештеп
 Күйкен еді анасы.
 Атаңа нәлет он бір би
 Ертіп кетті қасына.
 Үндіс деген көп кәпір
 Ноғайдың келді қасына.

Ащыағар сайдың түсіпті
 Үндіс келіп басына.
 Он бір бидің басы еді,
 Орманбетті шақыртып,
 Алды кәпір қасына.
 Қалмақ сонда сөйлеген,
 «Біздің дінге көн деген.
 Біздің дінге көнбесең,
 Өлтіремін мен» деген
 Орманбеттей биіңіз.
 Елімде бар он бір би,
 «Сол «көн», — десе — көнемін,
 «Көнбе», — десе —
 көнбеймін», — деп,
 Сөйтіп ханың сөйлеген.

Сонда «сен көнбейсің», — деп Орманбетті өлтіріп, еліндегі он бір биін шақыртқан, сонда он бір би не істерін білмей, біздің үйге келді.

— Келген соң он бір би,
 Көкемді менің азғырды,
 Баралық жауға біз, — деді, —
 Қатын менен баланы
 Кәпір етіп алмалық
 Біздерге басшы сен, — деді. —
 Атаңа нәлет он бір би
 Көкеме сөйтіп сөйледі.
 Көкем атты ерледі¹,
 Ерлеп жүріп терледі.
 Жалғызы кетер болған соң,
 Шешем де сонда жүруге,
 Баласына еруге,
 «Барайыншы мен», — деді. —
 Манашыдай көкемді
 Залым туған он бір би
 Міндетке беріп сол жерде,

Көкемді менің тастаған.
 Келіп қайта елдерге,
 Мекендеген жерлерге,
 Сонда елді көшірді.
 Шешем менен ағаңның
 Атаңа нәлет он бір би
 Сөйтіп үнін өшірді.
 Шешем еді ол Күйкен,
 Итке-құсқа жем болып,
 Далада қалды сүйегі.
 Әкең еді Манашы,
 Үш күні оның біткен соң,
 Кескілеп үндіс өлтірген.

Осы сөзді есітіп,
 Сегіз жасар Тұяқбай
 Жүрегі сөйтіп күйеді.

Тұяқбай үндемей тұрып кетеді, апасы мен шешесі ұйқыға кеткен соң, шешесінің пышағын ұрлап алады.

Етіне шекпен² киеді,
 Қолына алып пышағын,
 Сарыойықты жағалап,
 Он бір биді іздеуге

Тұяқбай сонда жөнелді.
 Қыдырып жүрді шамалап,
 Ноғайларды аралап.
 Бес күн жүрді жағалап,

¹ Ерледі — ерттеді.

² Шекпен — түйе, қой жүнінен иіріп, өрмекпен тоқылған шапанға ұқсас сырт киім.

Билерді көрді шамалап.
Танып әбден алуға
Билерді жүрді сағалап.
Биді танып алды.
Бір мезгілдер болғанда,
Қонақ сонда болуға
Бір ауылға барады.
Билер барды ауылға
Артынан жүрді Тұяқбай
Сол билерді аңдуға.
Түс мезгілі болғанда,
Ақсақалдар тарады.
Шетке тіккен отауда
Он бір би жатып қалады.
Билер ұйықтап танады,
Оңаша ұйықтап қалады.
Билер ұйықтап қалғанда,
Тұяқбай да үйге жақын барады.
Тұяқбай үйге келген соң,
Бидің бәрін жарады,
Биді қырып салады.
Тұяқбай кейін қайтады,
Жалаңаяқ, жалаңбас,
Елеусіз жүрген жас бала

Үйіне қарай тартады.
Ауылдың келді адамы
Ол билерді көрмеге,
Қонағасын сыйлап бермеге.
Келген соң көрді қызықты,
Бұл секілді бұзықты.
Ағып жатқан қан көрді,
Қырылып жатқан жан көрді.
Үйі қаннан толады,
Аса қызық болады.
Мұны көзі көрген соң,
Ауылдағы көп адам
Есі кетіп талады.
Ауыл адамы тарады,
«Қырылып билер қалды», — деп,
Шабуылды әр жерге
Адамдар сонда салады.
Билердің келді баласы,
Өліп билер қалған соң,
Жиналды халық, қарашы!
«Бұл қайдан болды?» — деп
Бірінен-бірі сұрады.
Айласын оның таба алмай,
Қамалып ноғай тұрады.

Сол Орманбеттің баласы Әли деген бар еді:

— Сол он бір бидің тұсында ауылға келген адам бар ма, біреуің білмейсің бе? — деді.

— Кім екенін білмедік, бір пақыр бала келіп отырды, — дейді. — Манашыдан бір бала туды деп еді, сол бала болмасын, соны ойлап қараңыз, — деді.

Ауылдың бір әйелі тұрып:

— Мен от жағып жүргенде, жүгіріп бір бала кеткен, — деді.

Олар жаңағыдай болып жатқанда, Тұяқбай үйге барып пышақты тастай берді. Сонда Жұбай деген апасы сөйлей бастады:

— Айналайын шешеке,
Көтерші бермен басыңды.
Тұяқбайдай жас бала
Алла жолын оңдағай,
Болмағай енді масқара.
Қару-жарақ сайлай көр,
Сарайда тұрған Көк тұлпар
Шығарып сыртқа байлай көр.
Сұр жебе мен қылышты

Сандықтан оны ала көр!
Сонда алды қорамса,
Беренді¹ белге байлады
Тұяқбайдай жас бала.
Ер қаруы бес қару,
Оны да алды асынып,
Ұрысуға жаулармен
Тұрды сонда сайланып.
Бара атты ерледі,

¹ Берен — болат қылыш.

Ерлеп жүріп терледі,
Алтын тұрман, ер жүген
Атқа тегіс салады.
Атадан қалған ақ сауыт
Үстіне киіп алады.

Айыл-тұрман бек тартып,
Құйысқанын қысқартып,
Көк ала шұбар ту байлап,
Жолдың шықты басына,
Барды малдың қасына.

Ендігі сөзді он бір бидің отыз баласынан естіңіз. Сол уақытта отыз баласы Тұяқбайдан көріп:

— Кел, Тұяқбайға баралық, — деп, ойлап кеңес құрып, бұлар да қаруын асынып, Тұяқбайды іздеп жүрді. Сол отыздың басы Орманбет бидің баласы Әли болады. Сонда атқа мініп келіп:

— Тұяқбай қайда? — деп ақыра бастады. Үйден апасы шыға келді. Сонда апасының берген жауабы:

— Анау жатқан мал, — деді, —
Малдың қасы жал, — деді, —
Жал басына бар, — деді. —
Үстінде тұрған қарасаң,
Көк ала туды байлаған

Ер қаруы бес қару
Асынып оны сайлаған.
Дәмең болса бара бер,
Төбеде тұрған Тұяқбай,
Тұяқбайды бар да көр!

Сонда:

Отызы бірдей ақырып:
— Тұяқбай үйде қалмасын,
Жасырып тұрма сен, — деді.

— Ақылсыз ноғай, сен, — деді, —
Жасырамын ба мен? — деді. —
Анау тұрған Тұяқбай
Өзіңмен қатар тең, — деді. —
Еркек болсаң еркекке
Бара берші сен, — деді.

Сонда қызың сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

Олар кетіп бара жатқанда қыз өзінің шешесіне сөйлей бастады:

— Айналайын анамыз,
Тұяқбайдай балаға
Осы қиын іс болса,
Тұтамай отқа жанамыз,
Алла болғай панамыз.

Құдай нашар қылған соң,
Неге келер шамамыз?
Арышлан, жәрдем бергейсің,
Көздің жасын көргейсің?!

Ендігі сөзді Тұяқбайға кеткен отыздан естіңіз.

Шабуылды салады,
Шабуылды салумен
Тұяқбайға барады,
Жақындасып қалады.

Шапқан атты көрген соң,
Тұяқбай мінген Көк тұлпар,
Аспанға қарғып тұрмады.

Сонда отыз кісі келіп: — Тұяқбай сен бе? — деді.
Сонда Тұяқбай: — Мен, — деп сөйлей бастады:

– Әкем еді Манашы,
Ащыағардың бойында
Атаңа нәлет залым он бір би
Міндетке беріп кетіпті,
Қасында қалды анасы.
Үндіс деген кәпірге
Ұстап беріп кеткені,
Сөйтіп қорлық еткені.
Ұстап беріп кеткен соң,
Иесіз қалған қарасы,
Баласыз екен Манашы.
Сол күнде іште қалған

Мен едім соның баласы.
Сол себепті он бір би
«Өлтірсем», – деп ойладым,
Өлтіріп кекті мен алдым, –
Деп бір сонда Тұяқбай.
Тұлпарға қамшы салады.
Еті қызып жануар,
Аспанға қарғып ойнады.
Үстіндегі Тұяқбай
Көзі құрдай қызарды,
Құм сағыздай сазарды.

Сонда Әли тұрып сөз бастады:

– Ноғайлының баласы,
«Аңғарыңыз сөзді, – деп, –
Айтып тұр ғой өзі», – деп,

Тұяқбайдың бұл сөзі
Болып шығар жөн, – деді.

Ноғайлар кеңес құрып, бір-бірінен: «Бұл қалай?» – деп сұрады.
Орманбет бидің баласынан да: «Бұл қалай?» – деп сұрады.

Әли сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Әй, жолдастар, жолдастар,
Бір жылы туған мұндастар,
Бір сапарды қолдастар,

Біздің туған атамыз
Істегені қателік.
Бұл айтқаның сөз емес,
Тұяқбайдай қайсар ер,
Бізге болар ер емес!

Сонда Әлиге:

– Өзің бар, не болса да Тұяқбайға айтып көр, – деді. Сонда Әли келіп,
Тұяқбайға сөйлей бастады:

– Тұяқбай бала, ер, – деді, –
Сабыр етші сен, – деді. –
Мәжіліс құрып көруге
Сөйлесуге келдім мен, – деді.
Мынау тұрған он бір би
Оның болсын жазасы,

Манашыны өлтірген
Тартсын өзінің сазасын.
Кел сіздің үйге кетелік,
Аз ғана ноғай еліміз,
Ұрыс ашып арада,
Құр жау болып нетелік!

Тұяқбай Орманбет бидің баласымен екеуі дос болады. Сонда бұлар барлығы Манашының ауылына келіп түседі. Түсейін деп жатқанда апасы аттан түсірмей қояды. Сонда қызы сөйледі:

– Аттан түспе Тұяқбай, асылы туған сен, – деді, – аттан түспей тұра тұр, не бұйырсаң да істейін, – деді, – тұра берші, сен, – деді. «Қызметің етем», – деп жүгіре берді, апасы табағын тарта берді, табағын тартып болған соң, жиналып ноғай атымен, сонда келіп барлық жан: «Енді жаман болмас», – деп, жеңгесімен қолдасты. «Рұқсат», – деп жолды ашты.

Сонда Тұяқбаймен дос болып, барлығы еліне қайтып кетеді. Тұяқбай: «Бір айдан қалмай келіңдер», — деп жолдастарына солай айтып жіберді.

Бір айға күні толғанда,
Айтқан шағы болғанда,
Отыз кісі бұл келді.
Басшысын оның сұрасаң,
Орманбеттің баласы
Бастығы сол, қарашы!
Бір күн жатты бөгеліп,
Кететін болды екінші күн
Жауға сонда жөнеліп.
Атқа мініп алғанда,
Апасы келіп қасына
Сонда бастап сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Қуанып едім күлгенде,
Жарылып еді жүрегім,
Сен бір атқа мінгенде,
Қатарға шығып жүргенде.
Барасың қай бір елдерге,
Қандай-қандай жерлерге?
Сен кеткен соң далаға,
Не күн туар, қарағым,
Атам менен анаға?
Кім ие боп тұрады
Қалған мынау қараға?
Көз салмайды кімдер кеп,
Сен кеткен соң біздерге.
Артыңда қалған інің жоқ,
Сен кеткен соң ол жаққа.

Сонда анасы келді жүгіріп,
Отыра алмады кідіріп:
— Асылы туған, қарағым,
Егер кетсең далаға,
Кімді қойып кетесін
Мұндай иесіз қалған қараға?
Кетемісің сен тастап
Анаң менен апаңды?
Кетіп есім меңдеген,
«Дүниенің жүзінде
Бір перзентім көрсем», — деп,
Мен де байғұс сорлы едім,
Бір көре алмай шөлдеген.
Тоғыз ай, он күн көтеріп,
Көрген балам сен деген.

Тастап кетсең бұл жерге,
Нем қалады өлмеген?!
Тілімді алсаң, бармай қал,
Алмасаң тілді, нетейін?!
Жоқ жақында ағайын,
Аллам жалғыз жаратты,
Ағайынды қайдан табайын?
Айырылсам сенен, жалғызым,
Көрер көзім құм болар,
Сөнген соң отым күл болар.
«Кетем», — десең — кетесің,
Қош аман бол, перзентім,
Тапсырдым Аққа мен, — деген.

Сонда Тұяқбай сөйледі:
— Қайғы етпе, анамыз,
Атам менен шешемнің
Кегін жаудан алуға
Үндіске кетіп барамыз.
Қияметтік достарым —
Қасымдағы жолдасым.
Жолымызды бастайтын,
Орманбет бидің баласы!
Жолымды Құдай оңдасын.

Сол сөзді айтып Тұяқбай,
Жауға қосын салады.
Отыз кісі жол жүріп,
Жапанда кетіп барады.
Ол үш айлық жол еді,
Алыстағы сол еді.
Ақ берені жарқылдап,
Ай жарымдық жол жүрді,
Аз ғана емес мол жүрді.
Ноғай келер деген соң,
Үндістің ханы Мейрамхан
Елі-жұрты, халқынан
Аттанған екен мың кісі.
Қарауылға шығыпты,
Алдында қара көрген соң,
Мың кісінің ішінен
Жүз кісі шықты барарға,
Содан хабар аларға.
Бұлардан екеу шығады

Әли менен Тұяқбай.
 Сол уақыт болғанда,
 Екі қолын таянды.
 Қайсысының жеңері
 Көкірегіне аян-ды.
 Жақындап жетіп келгенде,
 Сонда Мейрамхан сөйлей бастады:
 – Танымай тұрмын мен, – деді, –
 Қай халықсың сен? – деді. –
 Асылыңды айтып, ер болсаң,
 Осы жолы бер, – деді.
 Мекен еткен қашаннан
 Мен – Үндісте хан, – деді. –
 Іздегенім сұрасаң,
 Ноғай деген ел, – деді, –
 «Көрейін», – деп келемін
 Мен ноғайдың баласын.
 «Шабайын», – деп келемін,
 Талқандап оның қаласын!

Сонда Тұяқбай сөйлейді:
 – Іздегенім сұрасаң,
 Бұл – Үндістің қаласы.
 Мейрамхандай қалмақтың
 Алуға келдім қаласын,
 Шулатуға баласын.
 Тыңда, қалмақ, кебімді¹
 Жібермеуге іздедім
 Сенен кеткен кегімді.
 Қапияда шауыпсың
 Байтақ жатқан елімді.
 Орманбет биді өлтірген
 Ащыағар сайдың басында,
 Манашы мырза қасында.
 Сол кегімді аларға,
 Басыңды жерге саларға
 Іздеп келдім мен сені.
 Өзіңді сенің өлтіріп,
 Желкеден басың аларға.
 Сол екеуін өлтірген
 Мейрамхан залым сенбісің?
 Сол залым хан сен болсаң,
 Оярға сенің көзіңді,
 Өлтіруге келдім өзіңді,
 Тыңда менің сөзімді.

Тұяқбай сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Саройықты жайлаған
 Сұрасаң менің елім бар,
 Кеткен сенде кегім бар.
 Мен бір туған ер, – деді, –
 Манашыны өзің өлтірдің,
 Баласы соның – мен, – деді. –
 Дәмең болса, ит қалмақ,
 Алысалық, кел, – деді.

Сонда Мейрамхан сөйлейді:
 – Ащыағар сайдың бойында
 Ноғайдың елін үркітіп,
 Жақсыларын өлтіріп,
 Ноғайға салдым мойынды-ай,
 Қан қылғам шауып ойынды-ай,
 Қылғанмын сөйтіп тойынды-ай.
 Қолыңнан келсе, кегіңді ал,
 Шаптырым сондай жеріңді ал.
 Қолыңнан олар келмесе,
 Үре-үре өзің қал! – деп,
 Мейрамхан тұра берді
 Сол бір сөзді есітіп.
 Тұяқбайдай батырың
 Қылышты алды қолына,
 Жұлдызы туды оңына.
 Қылышын қолға алған соң,
 Алып сонда сермеді.
 Мейрамхан да ер еді,
 – Соғысам десең, кел! – деді.
 Сол бір мезгіл болғанда,
 Қарсы найза салысты,
 Қарт бурадай алысты.
 Ат үстінде екі күн
 Жағаласты салысты.
 Үстіндегі ерлердің
 Айбатына шыдамай,
 Астындағы айуан да,
 Шөге жата қалысты.
 «Жіберем бе?» – деп ойлайды,
 Біріне-бірі намысты.
 Сол мезгілі болғанда,
 Шөккен аттан түсіп ап,
 Жаяу жүріп жағалас

¹ Кебімді – жайымды.

Ерлер тағы салысты.
 Күн төртеуге толғанда,
 Мейрамхандай кәпірдің
 Буыны кетті әлсіреп,
 Тізесі оның бүгілді.
 Бүгілмес еді тізесі
 Әлсіреп өзі жүргенде,
 Аяғы тасқа ілінді.
 Қайраты оның таусылып,
 Құрыған сонда сілесі.
 Тұяқбайдай ол бала
 Қанша мықты болса да,
 Астына бұрап бір салды,
 Қанжарын сонда қолға алды.
 Бүркіт алған қозыдай
 Тамаққа қанжар ол салды.
 Мейрамхандай кәпірдің
 Артындағы көп қолын
 Жапыра бәрін шабады.
 Тұяқбайдың қолынан
 Бұрын келіп қалады.
 Олар келіп қалғанша,
 Әли менен Тұяқбай
 Атқа мініп алады.
 Мініп атқа алған соң,
 Әденеше болмай-ақ
 Екі жақтан шабысқан,
 Бірнеше күн айқасқан.
 Тұяқбайдай жас берен
 Астында мінген көк тұлпар,
 Қолына алып семсерін,
 Оң келгенін оң шапты,
 Сол келгенін сол шапты.
 Атаңа нәлет кәпірдің
 Талайын сөйтіп сұлатты.
 Қайратты туған ерлердің
 Айбатына шыдамай,
 Өлді сонда ұзамай.
 Қырылды сегіз жүз қалмағы,
 Өлді сонда ұзамай.
 Өліп көбі қалған соң,

Қашты көбі шыдамай.
 Отыз ердің ішінде
 Төртеуі өліп қалыпты.
 Қалаға келді көп қалмақ,
 Қаланың ішін шаң қылды,
 Қызыл жоса қан қылды.
 Қалаға ойын салады,
 Жесір-жебір шұбыртып,
 Қалмақтан соны көп алды.
 Шұбыртып оны айдады,
 Солардың сору қайнады.
 Мейрамханның баласын
 Ағашқа таңып байлады,
 Өлімді оған сайлады.
 Сонда келді еліне,
 Өзінің мекендеген жеріне.

Сонда шешесі сөйледі:
 — Айналайын қыраным,
 Аман-есен келдің бе?
 «Қыраным» деп сүйген, шырағым,
 Қалмаққа сен бардың ба,
 Кегінді одан алдың ба,
 Айдап жолға салдың ба?
 Бұздың ба оның қаласын,
 Көрдің бе оның шамасын?
 Қорлыққа салып айдашы
 Қатыны мен баласын.
 Жаңа кірді реңім,
 Жарылып тұр жүрегім.
 Толып тұр менің бұл ордам
 Бүгінгі күні келді ғой
 Манашы мен анамыз.
 Сау-саламат келді ме
 Қасыңдағы ерлерің?
 Сенің күтіп жолыңды
 Арманым жоқ, өлмедім!
 Тұяқбай батыр өтіпті,
 Мұрадына жетіпті,
 Алып беріп ел кегін.

Бірінші мақам

Орындаған: Баймағанбет Өзімхан
Нотаға түсірген: Игілік Баян

жүрдек



Екінші мақам

9 орташа



Төлөгө
 Шейкер
 70 ке таптырыптың, төсө толды
 7
 символ 907

15 тапты Төлөгө бады Төлөгө экеме
 70 тапты кейін мен тапты айтыптам деди
 сонда жесі таптырыптың иеленуөтө
 шақарып алып Төлөгөкө быра деди
 Төлөгө бадам сендеди
 кийі жем мен деди
 өзіннен онгип бала төз
 ата іні тама төз
 сен кей сен егер алып
 Бұл аңшылар не багы
 Шырайтты бізде шана төз
 70 тапты Төлөгөкө
 үлкендік таптың болганат
 70 тапты Бүлүк болганат
 70 тапты ала ашыпты
 бадам өзін калайлы
 кейінін дейсің ең багы
 бетке дейін баламат
 қасында тапты тапты
 тапты қалай дүркірей
 таптың қалай дүркірей

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры (667-бума, 2-дәптер).

ЖАҢБЫРШЫҰЛЫ ТЕЛАҒЫС БАТЫР

Жырдың бас кейіпкерінің есімі тарихи дереккөздерінде «Ағыш» деп көрсетіледі. Сондай тарихи мәліметтерден Телағыс — Мұса бигің інісі Жаңбыршының ұлы екенін аңғаруға болады. Ал Телағыстың кезінде Ұлы Ноғай ордасының биі болып сайланғаны, мемлекет қайраткері екені белгілі. Ол өзінің немере бауырлары — Орақ және Мамаймен тізе қосып, өңірді уыста ұстау үшін Қырым хандығының билеушілерімен ұзақ уақыт күрес жүргізді. Сол шайқастардың ең ірісі — тарихқа «Астрахан апаты» деген атаумен енген қанды оқиға. Дегенмен, кейіннен Мамай мен Телағыс арасында да алауыздық орын алған. Осындай шиеленістердің салдарынан ол өзінің бірге туған бауырларын ертіп, басқа жаққа қоныс аударған. Оның кейінгі өмірі жөнінде нақты тарихи деректер кездеспейді. Жырда тарихта орын алған осындай оқиғалар эпостың поэтикалық тәсілдеріне сәйкес суреттеледі. Телағыстың қалмаққа қарсы ең алғашқы жорығында Мұса бигің отыз ұлының Мамайдан, Орақтан, Қарасай мен Қазидан өзгелерін қасына ертуі, сол сапарындағы жеңісіне орай олжадан ағалық үлесін алуы Мұса менен Жаңбыршының арасында қыл өтпестей бауырмалдық қарым-қатынас болғанын аңғартады. Кейін осындай ағайынаралық байланысты олардың балалары да жалғастырады. Жырда суреттелген тартыстардың Телағыс пен Мұсаның ұлдары (Мамайдан өзге) арасындағы қақтығыстарға ұласуына қатысты тарихи шындық көркемдік тәсілмен бейнеленеді. Дегенмен, бұл шиеленістің себебі Телағыстың өз немере қарындасына үйленгісі келгенімен түсіндірілуі — анахронизм (тарихи шындыққа жатпайтын оқиға).

Томды әзірлеу барысында жырдың қолжазба үлгісі қайта қаралып, бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылды. Бұл жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (667-бума, 2-дәптер).



Жаңбыршының жасы жетпіске келгенде, Телағыс он бес жаста болатын. Телағыс әкесіне:

— Әке, жасым жетті, мен жауға аттансам, — деді. Сонда Жаңбыршы Телағысты шақырып алып, былай деді:

— Телағыс балам, сен, — деді,
Сенің әкең мен, — деді.
Өзіңнен өзге бала жоқ,
Аға-іні және жоқ.
Сен кетсең егер алысқа,
Бұл дүниеге ие болып
Тұратын бізде шама жоқ,
Жетпіске жасым толған соң,
Үлкендік жетіп болған соң.
Тоқсан баулы ноғайлы
Қыз тауып ала алмадың,
Балам, өзің қолайлы.
Кетемін дейсің, сен балам,
Бегеңдейін қалмаққа,
Қасыңда жоқ жолдасың.

Сонда Телағыс сөйлейді:
— Ертемін, ата, мен, — деді, —
Мұсадан туған отыз ұл.
Орақ пенен Мамай жоқ,
Қарасай, Қази жас бала,
Жүруге онда шама жоқ.
Бір бөлек әскер қол, — деді, —
Болмай ма жолдас сол, — деді.

Сонда Жаңбыршы сөйлейді,
Баласына бата береді:
— Алланың шері Арышлан
Жәрдем бергей сіздерге.
Жалғызым қайта бұл келіп,
Көрсеткей Алла біздерге.
Берік еді қаласы,
Аз кісінің бұл келмей
Жүрмесін қалып шамасы.
Қалмақтың салған оры бар,
Болман деген ноғайға
Қашаннан оның ойы бар.
Астында мінген Телкүрең,
Шабыстан ол тана ма?!
Аяғы төртеу жылқыдан
Озбай күрең қала ма?!

Телағыстай жас берен
Жаңбыршының ақ сауыт
Үстіне киіп алады.
Үйде тұрған сұр жебе
Қасына ердің іледі.
Беліне буып көк балдақ¹,
Беліне шала байлады.
Көк сүңгіні қолға алып,
Атқа батыр барады,
Үзеңгіге аяқ салады.
Атқа мінер болғанда,
Алпыстағы анасы
Ат қасына барады.
Сонда кемпір сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Перзентім едің сен, — деді,
Қасыңа келдім мен, — деді.
Барасың қайда, перзентім,
Жалғызым едің сен? — деді.
Тастай ма екен туған баласын,
Тастай ма екен анасын?
Іздегенің мал болса,
Төңірекке көзің сал.

Сонда Телағыс тұрып сөйлейді:
— Айналайын анамыз,
Желді күні панамыз,
Көруге жердің шамасын,
«Барайын», — деп мен тұрмын
Бегеңдей қалмақ қаласын.
Мұңаймаңыз, анажан,
Алыс жолға барғанда,
Қайтара ма екен анасы
Өзінің жалғыз баласын?!
Шегуге сапар мен тұрмын
Қалмақтың сондай елдерге.
«Қуайын», — деп ойлаймын
Алыс сондай жерлерге.
Мұсаның отыз баласы
Расын оның сұрасаң,

¹ Көк балдақ — бұл жерде «қын, қынап» деген мағынада.

Қалу менен Сары еді.
Тобаяқ бар ішінде
Жиналыпты Мұсаның
Орақ пенен Мамайдан,
Қарасай мен Қазидан
Басқасының бәрі еді.

Сол сөзді айтып Телағыс,
Жүрудің қамын ойлады.
Жөнелер болды Телағыс,
Мұсаның отыз баласы
Бірікті бәрі, қарашы!
Баратынын сұрасаң,
Беген қалмақтың елі еді.
Алыстығын сұрасаң,
Екі айлық жер еді.
Есепсіз жолда жүреді,
Бірнеше өтті белестен,
Бірнеше өтті таулардан.
Бір күндері болғанда,
Қаланың көрді қарасын.
«Келеді ноғай» деген соң,
Мың кісімен аттанып
Жатқан екен көп қалмақ.
Бастығы — оның Беген-ді,
«Қылдырған екен» дегенді.
Көрінген соң қарасы,
Беген бастап мың кісі,
Өңкей шора бектері,
Артық шықты ерлері,
Бөлініп шығып жөнелді.
— Аз ғана өзі кісі еді,
Өлтірелік біз, — деді.
Баршасын оның қыралық,
Аты менен тондарын
Ортаға олжа қылалық,
Жүріңіз енді сіз, — деді.
Бөлініп алып мың кісі

Шабуылды салады.
Жазбаған тобын кісіге
Беген бастап алдымен
Шауып жетіп барады.

Бегендей залым қалмағың
Телағысқа келіп сонда сөйлей береді:
— Айтшы өзің кім едің,
Танымаймын сіздерді?
Менің атым сұрасаң,
Бегендей батыр ер едім.
Өз дегенім болмаса,
Кісі дегенін қылмайтын
Артық туған шері едім.
Ноғай деген елдерді
Табанға салып жер едім.
Жүз кісі бар қасында
Алыстан дұшпан бұл келсе,
Жүн қылып оны жер едім.

Сонда Телағыс сөйлейді:
— Біздің текті сұрасаң,
Ноғай деген ел едік.
Сол ноғайдың елінен
Бөлініп шыққан ер едік.
Қалмақтың іздеп қаласын,
Елін оның шабуға
Шығып едік елдерден,
Мекендеген жерлерден.
Қасымдағы ерлерім —
Артық туған беглерім.
Қош көрген соң олар да,
Оңай олжа табуға,
Егер қалмақ болсаң жау,
Олжа қылып аламыз,
Талапайды саламыз,
Ат-тонымыз жоғымыз,
Ат-тонды боп қаламыз.

Сонда Беген екі кісі еліне хабарға — елден әскер жинап аларға жібереді. Сонда екі кісісі еліне барып, екі мың кісі әскерді жинап алып, жолға шығады. Бұлар әлі төбелеспей тұр-ды. Әскері келген соң, Беген аз кісіге сөйлей бастайды:

— Қалмақ деген елдерім,
Артық туған ерлерім,
Мынау тұрған аз кісі —

Келген өзі ноғай ғой.
Аз кісі мынау ноғайды
Шауып алу оңай ғой.

Жапыралық біз, — деді,
Қамады сонда ерлерді.

Ортада ерлер қалған соң,
Қысылып сонда терледі.

Сонда Телағыс отыз кісі — жолдастарына сөйлей бастады:

— Әй, жолдастар, жолдастар,
Заманы қатар мұңдастар,
Бір сапарда қолдастар,
Қалдық қамау жерлерде,
«Өлмейміз», — деп ойламаң,
Кегіміз болып кетпесін.

Іс болды-ау қиын ерлерге.
Телағыстай жас батыр,
Қалмақпенен қас батыр
Сонда тұрып ақырды
Қасындағы ерлерге.
«Өлеміз» деген ойменен
Тұтасымен жапырды.
Қалмақ, ноғай арасы
Қан төгіліс болып арада,
Судай құйған сапырды.
Телағыстай жас батыр
Қылышын алып қолына,
Оңды-солды сермеді.
Қалмақ сонда көбейіп,
Аттың талайы босады.
Қырғын күшті болған соң,
Ат тұяғы астында
Қаны ағып жосады.
Қалмақтың басы төгілді,
Қара жерге домалап.
Ерлер қайрат қылады,
Үсті-үстіне сабалап.
Қалмаққа мүшкіл¹ туады,
Шеткері қолдан ол шығып,
Бегендей қалмақ қашады,
Елдердің пысы басады.
Артынан қуды Телағыс,
Сол Телағыс батырдың
Аруағы судай тасады.
Қалмақ мінген қара-ды,
Қараменен ол қашып,
Ұрып сонда қара атты,

Басы, көзге сабады.
Астына мінген байқасаң,
Телағыстың Күреңі.
Ешбір малдан кем емес,
Сол Күреңнің реңі.
Арандай² аузын ашады,
Аяғын топтап басады.
Мұрсат та қоймай қалмақтың
Сонда алдын тосады.
Алдын оның басқанда,
Бегендей ол қалмағың
Бұлтара келіп қашады.
Не істерін білмей сол жерде,
Бұтына тышып, сасады.
Телағыстай батырдың
Аруағы басады,
Ұстап сонда алады.
Мұндай жазық далада
Екі батыр алысты.
Найза ұстап қолдарына,
Біріне-бірі қарысты,
Қарсы тұрып шабысты.
Найзасынан шыдамай,
Аттан түсіп екеуі,
Жағалас жаяу салысты.
Қара қанға батысты,
Сол уақыт болғанда,
Күн екеуге толғанда
Ханды қара басады.
Жығыларға таянды,
Жығылып сонда ол қалды.
Телағыстай еріңіз
Суырып қанжар қолға алды.
Астында жатып Бегенің
Сонда сөйлей бастайды:
— Әй, Телағыс, Телағыс,
Ер екенсің сен, — деді,
Қалмақтан айла асырған
Ер едім сондай мен, — деді, —

¹ Мүшкіл /а/ — қиындық, ауырлық, қыспақ.

² Арандай — дәліган үлкен, кең.

Сондай болған ер, — деді. —
Шыңғырлаудан қатын менен баласын
Көрмей оны шөлдеді.
Енді менің өлгенім,
Өлім болды-ау көргенім.
Бақытымның бұл қайтып,
Шырағым жанған сөнгені.

Өлімге оны сайлады.
Шаһарына¹ қарай кәпірдің
Қуып, сабап айдады,
Жеткенінше бәрін қырады.
Еліне барып кәпірдің:
— Мұсылман дінге көн, — деді, —
Артық сондай діндерді
Бар да, соны көр, — деді.

Сол сөзді айтқан кездерде,
Қанжарын қолға берік ұстап,
Сонда оған салады.
Өлтіріп тастап Бегенді,
«Телағыстай батырың
Кәпір залым қалмаққа
Істеткен екен» дегенді.
Қайта атқа барады,
Қара атты жетекке ап,
Күреңге мініп алады,
Шабуылды салады.
Жауды қуған жеріне
Қайта батыр барады.
Жатқан екен соғысып
Отыз кісі ноғайлар.
Кетпеген екен ыдырап,
Жүрген екен отызы
Біреуін бірі ол қорғап.
Іш қазандай қайнады,
Талайының ол қолын
Телағыс батыр байлады,

Қатын, бала, жандарын
Мұсылман дінге көндірді,
Шырағын жанған сөндірді.
Айтқанын етеді,
Кәпірдің алып қаласын,
Көрді соның шамасын.
Дүниесін бөліп алады,
Мұсадан туған отыз ұл
Дүниеге қолды салады,
Бөліп бәрі алады.
Телағыстай батырың
Аты шығып қалады.
Аман-есен отызы
Еліне қайтып барады.
Телағыстай батырың
Отыз шапан, отыз ат
Ағалыққа алады.
Еліне аман ол барып,
Ананың жүзін көреді,
Атаға сәлем береді.

Арада бірнеше жыл өтті, батыр Жаңбыршы өлерге жетті. Сонда Мамайды шақырып алады. Жаңбыршы Мамайға айтты:

— Әй, Ер Мамай, Ер Мамай,
Айтшы, білші, сен Мамай,
Егер өлсем мен, — деді, —
Мынау жалғыз Телағыс

Қияметтік өкіл бала қыл,
Тарыққан жерде жебей көр,
Қысылған оның жерінде
Қолтығынан сүйей көр.

Мамайға тапсырып, сосын бір-екі күннен кейін қайтыс болды. Осыдан біраз уақыт өткеннен кейін Телағыс: «Мамайдың қарындасын аламын», — деп еді. Оған Мұсаның отыз баласы қарсы болып: «Бергізбейміз!» — деп және Телағысты өлтірмек болады. Соны естіп Телағыстың Аққозы деген жылқышысы келіп сөз бастады:

¹ Шаһар /а/ — қала.

— Әй, Телағыс, Телағыс,
 Мен бір жаман іс білдім.
 Мұсаның отыз баласы
 Айласын оның қарашы,
 Сонда кеңес құрыпты.
 Мұсаның отыз баласын
 Белгілі Құдай ұрыпты.
 Ең кенжесін сұрасаң,
 Қалу менен Сары еді,
 Қызғаншақ іші тар еді.
 Ақбілектей бір сұлу
 Ортасында бар еді.
 Сонда олар құрыпты
 Шақырып ертең аларға.
 Біреуі тартып ер күйін,
 Біреуі тартып би күйін,
 Біреуі өлең айтады,

Біреу жырды жырлайды,
 Сөйтіп кеңес құрыпты.
 Ортаға сені саларға,
 Есіңді сенің аларға.
 Сөйтіп еліріп кеткенде,
 Қиындық сізге саларға.
 Өлтіріп сені алған соң,
 Ен малды бөліп аларға.
 Қазі менен Қарасай
 Орақтың батыр сұрасаң,
 Екі сондай баласы-ай.
 Сондай кеңес құрыпты,
 Айттым саған мен, — деді, —
 Есіңе ал сен, — деді.
 Үй сыртынан ол келіп,
 Телағысқа сөйледі.

Сонда Телағыс күрсініп дем алды. Сонда қатыны домалап кетіпті. Таңертеңмен Күреңше атқа ер салып, атты ерттеп, қолына жылан бауыр қамшыны алып, сапарға шықты. Сонда қатыны шылбырдан ұстап алды:

— Аптықпа, батыр, аптықпа,
 Аптықтың тимес пайдасы.
 Жасанысқан жау болса,
 Кетпеңіз оған жарақсыз¹.
 Осыдан барып сен өлсең,
 Мен қалармын қарақсыз.
 Сонда барып сен өлсең,
 Тігулі үйіңде кім қалар,

Адыра қалып тұл болар.
 Басқа жерге бұрылма,
 Көкем менен Мамайдан
 Сосын хабар ал, — деді.
 Оның сөзін тыңдамай,
 Қамшыменен бір ұрып,
 Өте берді Телағыс.

Мамай сары ала таңда шапанының бір жеңін киіп, бір жеңін кимей, аяғына кебісін жалаң аяқ киіп жүгіріп кетеді. Бір шаршы ақ шүберекті басына тартыпты. Соған Телағыс қарсы келмеді. Келіп Мамай сөйлей бастады:

— Әй, Телағыс, Телағыс,
 Өкіл бала сен едің.
 Орағымның барында
 Алушы еді тілімді.
 Қарасай, Қазі жас бала
 «Үндеме», — дейді сен қу бас,
 Баласыздық білінді.
 Тілімді алсаң Телағыс,
 Боғданы талақ ет, — деді, —

Мұнан көшіп кет, — деді.
 Еділдің бойы — ен қамыс,
 Боғданың бойы — боз қамыс.
 Енді барсаң Телағыс,
 Еділ бойын жайлаған,
 Қырымды ноғай жайлаған,
 Қырымды ноғай сол, — деді, —
 Баршы соған сен, — деді. —
 Ақбілектей аруды

¹ Жарақ — жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман; қару-жарақ.

Алып жұбай ет, — деді. —
Ол Мұсаның отыз ұл
Ер болса, ол қайда-ды.
Ағалыққа отыз ат, отыз шапан
Сен алғанда қайда еді?

Сонда Телағыс сөйлейді:
— Айналайын ағамыз,
Дүниеге қолды салыңыз.
Керегің болса дүниеден
Болғанша толы алыңыз,
Елге біздің барыңыз.

Сонда Мамай сөйлейді:
— Алмаймын сенен мал, — деді, —
«Ағам», — деп мені сыйласаң,
Тілімді менің ал, — деді. —
Еділдегі ноғай Қырым-ды,
Соған көшіп бар, — деді.

Сонда тұрып Телағыс,
Отыз ұлға бармады.
Келіп атты ерледі¹,
Айыл-тұрман берік тартып,
Құйысқанын қысқартып,
Енді атына мінеді.
Атқа мініп алған соң,
Қарауға шықты малдарын,
Тұр екен соны алуға.

— Егер ноғай жау болса, Мамай көкем басындағы бөркін алып, былғап теріс қарап тұрар, онда барма, егер оны істемесе, жақын бара бер, — деді. Сонда Телағыс келіп жақындады, сонда Мамай бөркін сілкіп теріс киіп, теріс қарап тұрады. Сонда Телағыс батыр кейін барып сөйлей бастады:

— Боғданың бойы — боз қамыс,
Еділдің бойы — ен қамыс.
Еділде жатқан көп ноғай
Баршасы оның Қырым-ды,
Алдырмаспын сырымды.
Мен барғаннан барармын,

Боғданы талақ бұл етіп,
Ағайыны Қырым-ды,
Соған таман баруға
Бес күнде малды жинады.
Құйысқаны шартылдап,
Атты Күрең қинады.
Малдың сондай көптігі,
Сегіз күндей шұбыртып,
Қара өткелден өткізді.
Сол өткелден өткенде,
Хан Мамай бар қасында.
Мұсаның отыз баласы
Хантөрткілдің басында
Шығып тұрды, қарашы.
Телағыстай батырың
Отыз ұлдан хабар алуға,
Жаулығын оның білуге
Аттың басын бұрады
Соған таман баруға.

Сонда әйелі сөйледі:
— Артық туған сұңқарым,
Астыңда бар-ды тұлпарың.
Жасанысқан жауыңа
Барма жақын сен, — деді. —
Мамай көкем бар болса,
Жақындап жетіп барғанда,
Тура қарап тұр, — деді.

Қырымға хабар салармын.
Қырымдағы қырық батыр,
Қырықты қасқа алармын.
Жолымды Алла оңдаса,
Қайтып келіп еліне,
Қайратыңды көрермін.

Сонан кейін көшіп барып қонады. Сол ноғайдың шетіне барған соң, танысқан соң, Асанқайғының үйіне барады. Сонда Асанқайғыға келген жай-жапсарын айта бастайды:

¹ Ерледі — ерттеді.

— Әй, ағамыз, ағамыз,
Желді күні панамыз.
Егер бізді соқса жел,
Панаңызға барамыз.
Дидарласып көрмедік,
Қол алысалық, кел, — деді.

Ұстап тұрып қолдарын,
Сонда Асанқайғы сөйледі:
— Әй, жас бала, жас бала,
Танымай тұрмын мен, — деді, —
Қай баласың сен? — деді.

Сонда Телағыс сөйледі:
— Жөнімді менің сұрасаң,
Мен Қырымды ноғайлы.
Әкемнің аты — Жаңбыршы,
Өзімнің атым — Телағыс.
Мекендеп жатқан жеріміз
Боғданың еді жағасы.

Жаңбыршыдай батырдың
Мен едім жалғыз баласы.
Мұсадан туған отыз ұл
Көзін маған салғаны.
Басымды менің алуға
Қиындық басқа салуға,
Бөліп алып бар малды,
«Ақбілектей аруды
Алады-ау», — деп ойлайды.
Сылтау қылып сіздерге
Сосын көшіп мен келдім.
Боғданы талақ еткенім,
Осы жерге жеткенім.
Асанқайғы қартымыз,
Қырымның қырық батырын
Жинап маған бер, — деді. —
Егер жинап бермесең,
Жалғыз да болса барамын
Сол ноғайға мен, — деді.

Үш күн мұрсат алып, Қырымның қырық батырын жинап берді. Ішіне
Сыпыра қартты Асанқайғы қосып жіберді.

— Осы барған қырық батырмен ол отызын соғыстырма, қыры-
лыстырма, — деді.

Сол кісінің ішінде
Айсаның ұлы Ахмет,
Асанның ұлы ер Абат

Аламанның басы екен.
Жүрген екен ішінде
Тоғай батыр ол қабат.

Сонда Телағыс:

— Сендер артымнан келе беріңдер, мен өзім алдымен барайын, — деді.
Қара өткелдің арғы бетінде бір адам қара жамылғыш жамылып кетіп бара
жатыр екен, сонда Телағыс: «Тұр!» — деп ақырды, ол айнала тұра қалды.
Сонда Ақбілек сөйледі:

— Артық туған ханымыз,
Асыл туған жанымыз,
Бір тілегім тілеймін,
Қарасай мен Қазидың

Бір қасық қанын бер, — деді. —
Артыңа өзім мінейін,
Күңің болып жүрейін, — деді.

Күннің алды батқанда, кісінің алды жатқанда, Ақбілек сұлу қара жа-
мылып, Қара өткелдің аузында жүр екен. Сонда жаңағы сөзді Ақбілек
Телағысқа айтады. Сонан соң «Енді кегім қайтты», — деп, Телағыс қы-
рық батырға келіп, еліне қайтады.

Сонда Мұсаның отыз баласы, Қарасай, Қазиды, Мамай барлығы жүре
бастады.

Сонда Қазидайын батырың
 Ашуланып тұлданды.
 Беренге батыр сыймады,
 Жалаң найза қолына ап,
 Алдыменен жөнөді.

Сонда қырық батыр жауды көрген соң, ұрысуға тұра қалды, жи-рен қасқа тұлпармен жасы жеткен Сыпыра: «Мен барайын», — деп, Мұсаның отыз баласына қарай жүрді. Сонда Мамайдың алдына келіп, сөйлей бастады:

— Асылы туған хан Мамай,
 Ноғайлының ханы едің,
 Ақылың кемел жан едің.
 Қарасай мен Ер Қазидай,
 Орақтан қалған бала едің.
 Мен талайды көрген бабаңмын,
 Айтарға келдім сөзімді.
 Анау тұрған қырық батыр —
 Ол қырымның баласы.
 Әрқайсысын сұрасаң,
 Мың кісілік, қарашы!
 Бұл кісінің ішінде
 Асанның ұлы Абат бар,
 Маңдайы жаудан қайтпаған
 Асылы батыр Тоған бар,
 Көкшенің ұлы Қосай бар,
 Және ерді айтайын

Қарғабойлы, Қазтуған,
 Жеті атадан ерлігі
 Алау батыр және бар.
 Шынтасұлы Төрехан,
 Ақжонасұлы Ер Кеңес,
 Бір-бірінен кем емес.
 Үйінде келмей қалулы
 Нәріктің ұлы Шора бар.
 Меніңменен ере бар,
 Өз көзіңмен көре бар.
 Маңдайының арасы
 Екі қарыс сере¹ бар.
 Ту сыртынан қарасаң,
 Бекіре балық сазандай.
 Қарсы алдынан қарасаң,
 Басы бақыр қазандай.

Қайтадан қырық батырға келеді, келіп Сыпыра тағы сөйлей бастады:

— Асанның ұлы Ер Абат,
 Қасындағы ер Тоған,
 Тұрыңыз ерлер сен қабат.
 Көріп келдім мен, — деді, —
 Қарасай, Қазидай ер, — деді. —
 Қазидай ердің қарасаң,
 Бұзылып тұр реңі,
 Қайтар емес жүрегі.
 Қайнарлы қара бұлттай
 Қайтпас қайсар неме екен.
 Өз дегені болмаса,
 Кісі дегенін қылмайтын

Шынжырлы артық ер екен.
 Жалаңаяқ, жалаңбас
 Ақ найзасы қолында,
 Жайдақ аттың үстінде
 Қазидай артық ер екен.
 Қорқар емес өлімнен,
 Қалың беріп, қыз алған
 Ноғайда үлгі қашаннан.
 Малды сендер беріңіз,
 Ұрыспаңыз, ерлерім,
 Сөзіме менің еріңіз.

Сонда Сыпыра қарт Мамайға келді, Мамайға сөйлей бастады:

¹ Сере — ұзындық өлшемі.

— Асыл туған ерлерім,
Шынжыры мықты беглерім,
Келдім сізге мен, — деді.
Қатар еді Телағыс,
Қарындасың Ақбілек
Сол батырға бер, — деді.
Қайсысынан батырдың
Ол Телағыс кем еді?

Ұрыспаңыз, ерлерім,
Ашуыңды басыңыз,
Еліне барып батырдың,
Қалыңмал алып қайтыңыз.
Қыз алып, қыз беру —
Қашаннан-ақ дәрбіміз¹.
Тілімді алсаң, балалар,
Менімен еріп барыңыз.

Асанның ұлы Абат сонда Сыпыраға сөйледі:

— Жасы үлкен қартымыз,
Азды-көпті деменіз,
Алам десе сол малдың
Жайын оған айтыңыз.

Сонда Қазі сөйлей бастады:

— Бұрын туған данасың,
Білесің халықтың шамасын.
Ықтиярсыз тартып алар ма
Мұсаханның баласын?
Орақтан тудым мен, — деді,
Тоқалдыққа қыз беріп,
Емес пе қорлық көрмеген,
Неміз қалсын, баба, өлмеген,
Ойлашы, баба, сен деген.

Сонда сөйлейді Сыпыра:
— Жақсы туған баламыз,
Орақтан қалған тұяғым,
Екеуің де асылсың.
Асылы артық шырағым,
Артық туған ер, — деді. —
Егер тілек сен берсең,
Меніменен еріп жүр, — деді. —
Телағыстай батырды
Бар да өзің көр, — деді,
Болалық құда кел, — деді.

Сонда Қазі сөйледі:
— Жасың үлкен бабасың,
Жақсы менен жаманның
Білесің өзің шамасың,
Ақылың көп данасың.

Тоқсан баулы ноғайда
Ықтиярсыз қыз алған
Бар ма еді ноғай баласы?
Бұрын-соңды онда болмаса,
Орынсыз сөзді айтқаның,
Өзің байқа, қара да.

Сонда Сыпыра сөйледі:
— Орақ пенен Мамай бар,
Жан білмейтін бірталай
Толып жатқан ноғай бар.
Ноғайлы деген ел, — деді, —
Толып жатқан ноғайды
Аралаппын ба мен? — деді. —
Ақылы көп жас бала,
Жасы үлкен аға бар,
Ақылы көп дана бар,
Сексенге келген Мамай бар.
Ақылға қамал ұғып ал,
Сен оларға жеткенше,
Қазі бала талай бар.
Бұл жиынның ішінде
Смайыл — Тобаяқ,
Қалу менен Сары бар.
Мұсадан туған отыз ұл
Орақтан басқаның бәрі бар.
Тақылдама, жас бала,

¹ Дәрбіміз — әдетіміз, салтымыз.

Ағаларыңа ақыл сал,
Соларға таман өзің бар.

Сонда Мамай сөйлейді:
— Ноғай деген ел, — деді, —
Қыз алып, қыз беру —
Атаның жолы сол, — деді, —
Бұрыннан келген жол, — деді. —
Жасың үлкен данасың,

Біздер бердік билікті.
Екі жанның байқасаң,
Өзің шешші арасын.

Сыпыра сонда сөйледі:
— Берсең билік біздерге,
Барайын мен ерлерге,
Ерлердің тұрған жерлерге.

Сыпыра қырық батырға келіп сөз сөйлей бастады:

— Абат, бері кел, — деді, —
Тоған да батыр, ер, — деді. —
Қарғабойлы, Қазтуған
Сендер де бері кел, — деді.
Жаңбыршыұлы Телағыс,
Ерлерімнің басы едің,
Өшіккен жауға қас едің,
Сен де бері кел, — деген.

Шақырып алып ерлерді,
Ортада тұрып Сыпыра,
Сонда тұрып сөйледі:
— Асылы туған ерлерім,
Артық туған бектерім,
Өшіккен жауды қорлаған,
Аруақ қонып торлаған,
Табыңнан ерлерім,
Байқап келіп отырсам,
Әрқайсыңыз батырсыз
Мың кісіге болмаған.
Шерқұртының елінде
Мамай деген хан еді,
Ақылға кемел дана еді.
Ортасында байқасам,
Қарасай, Қазі бар еді,
Смайыл мен Тобаяқ,

Қалу менен Сары еді.
Мамайдайын ханыңыз
Билікті маған ол берді.
Татуластыр ноғайды,
Арасында бол, — деді. —
Соған келдім, ерлерім,
Не қыл дейсің сен? — деді.

Ірмеліп¹ ноғай тұрғанда,
Қазтуған батыр сөйлейді:
— Ноғайлының ерлері,
Жақындап келің сен, — деді. —
Жасы үлкен қартыңа
Билікті бәрің бер, — деді, —
Айтқанына көн, — деді.

Телағыс сонда сөйледі:
— Бұл кісінің ішінде
Асанның ұлы Ер Абат,
Біріңе-бірің қат-қабат.
Көп ноғайдың баласы,
Жасы үлкен данасы,
Жел жағында панасы,
Жиналып келген жамағат,
Ендігісін өзің біл.

Сыпыраға Абат еріп, Мамайдың тобына келіп сөйлейді:

Сонда Абат сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Көп ноғайдың елі еді,
Шерқұрты мен Қырымды,

Бір қыз үшін тартысып,
Көрсетпе бүйтіп түрінді.
Асан атам үйде еді,
Елің қандай күйде еді.

¹ Ірмеліп — іркіліп, кідіріп.

Сыпыраны бас қып жіберіп,
 Біздерге атам бүй деді:
 «Көп ноғайдың баласы,
 Тату болып айырылма.
 Араға дұспан түсіріп,
 Бірлігіңді ұшырып,
 Бір қыз үшін жауласып,
 Елдігіңнен айырылма.
 Мамайға сәлем айтарсың,
 Реңін елдің кетірмей,
 Мамай мұны байқасын», —
 Деген қарттың сөзі еді,
 Осылай деген сөзі еді.
 Жиылып түгел бас қосып,
 Телағыстың аулына
 Жүрейік енді тез, — деді.

Мынау сөзге қиналды,
 Бұл айтқанға иланды.
 Сонда Мамай сөз бастап,
 «Ноғайлының қорғаны —
 Асан ата», — деген соң,
 Ер Абат бастап келген соң,
 Қырымнан келген қырық батыр
 Бұл Абатқа ерген соң,
 «Бірлікке тартпай оңбас, — деп, —
 Енді бармай болмас», — деп,
 Көп әлеумет жиналды.

Сонда бәрі жол тартты,
 Мамай бастап отызын,
 Алып келді ерлерге.
 Қырымның қырық батырымен
 Татуласып ерлердің,
 Қолдасқан осы жер еді.
 Телағыстың еліне
 Біраз шеру қол болып,
 Сонда ерлер жөнелді.
 Еліне оның барады,
 Барып тойын қылады.
 Қалыңмалға сұрасаң,
 Жүз елу қой береді,
 Елу жылқы қосады.
 Мамайдайын батырға
 Берендікпен белдіктеп,
 Шұғаменен терліктеп,
 «Ағалығы оның», — деп,
 Астына тұлпар ат берді,
 Беліне қару зат берді.
 Қарасай, Қазі ерлерге
 Басына киер дулыға,
 Үстіне киер шарайна,
 Қолына берді ақ сүңгі,
 Сөйтіп қайтты еліне.
 Арасын ашпай ерлердің,
 Батырлардың сұрасаң,
 Біріккен жері осы еді.



Бірінші мақам

Орындаған: Құлысмақ Оспан
Нотаға түсірген: Игілік Баян

жүрдек

А _____ Ей, Тел-а-ғыс ба-лам сен де-д(і)ай, Се-нің ә-кең мен де-ді.

5

Ө-зің-нен өз-ге ба-лам жоқ, А - га, і - ні жә-не жоқ, Сен кет-сең е-гер а-лыс- қа,

8

Бұл дү - ни - е - ге ие бо - лып, Тұ - ра-тын біз - де ша - ма жоқ,

10

Жет - піс - ке жа - сым тол - ған соң, Үл - кен - дік же - тіп бол - ған соң,

12

Тоқ-сан бау-лы но-ғай-лы, Қыз та-уып а-ла ал-ма-дың, Ба-лам ө-зің қо-лай- лы.

15

қайыру

Оз-бай кү-рең қа-ла- ма _____ Е _____

Екінші мақам

жүрдек

Ай, ей, Тел - а - ғыс-тай жас бе-рен, Жаң-быр-шы-ның ақ са-уыт,

21

Үс-ті-не ки-іп а - ла-ды. Үй-де тұр-ған сұр же-бе-ей, Қа-сы-на ер-дің і - ле-ді.

24

Бе-лі-не бу-ып көк бал-дақ, Бе-лі-не ша-ла бай-ла-ды. Көк сүң-гі-ні қол-ғ(а)-лып,

27

Ат - қа ба - тыр ба - ра - ды, Ү - зең - гі - ге а - яқ са - ла - ды.

30



Суретші Ә. Смағұлов

АЙСАНЫҢ ҰЛЫ АХМЕТ БАТЫР

Жырдың негізгі кейіпкерінің прототипі — Алтын Органы билеген Жәнібек ханның заманында өмір сүрген тарихи тұлға. Бұл жөнінде ноғай және татар халықтарының арасында сақталған «Айсылдың ұлы Амет» жырында кеңінен баяндалған. Атақты саяхатшы Ибн Батута Алтын Органың билеушісі Өзбек хан (Жәнібек ханның әкесі) ордасында болған кезде Айса (Иса) бекті көрген. Өзге дереккөздері осы Айса Ахметтің әкесі екенін айғақтайды. Ахметтің ұлы — Салшының басынан кешірген оқиғасы «Никон» жылнамасында баяндалады. Осындай жазба деректер Айсаның ұлы Ахметті XIV ғасырда өмір сүрген деп болжауға негіз болады. Ноғай, татар халықтарындағы «Айсылдың ұлы Амет» атты жырдың бас кейіпкерін жоғарыда аталған Жәнібек хан бір маңызды тапсырмамен жұмсап, өзінің айтқанын орындаса, қызын Аметке жұбайлыққа беруге уәде етеді. Дегенмен, хан өзінің айтқанын ойдағыдай жүзеге асырған қызметшісіне берген сертінен таяды. Осыны сезген Амет пен ханның қызы билеушінің рұқсатынсыз қашып кетіп, қудалауға ұшырайды.

Ал «Қырымның қырық батыры» топтамасында эпосқа тән көпстадиялық заңдылыққа орай Ахмет XIV—XVII ғасырларда өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған, Егіре, Орақ, Мамай және өзге де қайраткерлердің замандасы ретінде көрінеді. Оның ерлігі «Қарасай, Қази» жырының көп нұсқаларында да дәріптеледі. Мұрын жеткізген туындыда Ахмет қалмақтармен болған соғыстың қаһарманы ретінде суреттеледі. Бұл оқиғалардың тұсында оған Абат, Тоған, Қарғабойлы, Қазтуған және Алау батырлар серік болады.

Томды дайындау барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, кемшіліктер мен қателіктер түзетілді. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 5-дәптер).



Айсаның жасы қырық жасқа келеді. Сонда баласы — Ахмет он бес жаста болатын. Бір күні ақсақалдар жиналып отырып, кеңес құрады. Солардың біреуі кәрі батыр — Алау еді. Олар:

— Айсаны бас қылып, өздері осы ноғайдан бөлінелік, басқа бір жерге қоныс тауып алып, көшелік, — деді. Айналасы алты айшылық Еділдің бір шетіне барып қонып отыра береді. Сонда Асанқайғы қарттың да бар кезі еді. Асанқайғы сонда баласын шақырып:

— Кешегі ноғайдың артынан бар, қалай, жері жақсы ма екен? — дейді.

— Әй, Абатжан, Абатжан,
Қасыңа өзің ертші
Жол білер ағаң Ер Тоған,
Баршы, балам, соған да.
Қарғабойлы, Қазтуған,
Соларды қасыңа ал дағы,
Кешегі көшкен ноғайдың
Артынан қуып бар, — деді, —

Қонған жерін көр, — деді.
Айсадайын басшыға
Жолығып жауап бер, — деді. —
Абат пенен Ер Тоған,
Қарғабойлы, Қазтуған,
Салған жолы сүрлеудей,
Ерлерсің ғой жолың азбаған.

Сонан соң төрт батыр киініп, ат ерттеп: «Төртеуміз де азбаған ерміз, жау көрінсе соғысармыз», — деп жүріп кетті.

Астарында ерлердің
Жан азбаған тұлпар бар.
Қолында бар ақ найзасы,
Басына киіп дулыға,
Жайлаған шықты елдерден.
Шыққан соң елінен,
Және де өтіп барады
Жазық ойпат жерлерден.

Ол Еділді жағалап
Келеді өтіп көлдерден,
Және де өтіп барады
Қалың тоғай жерлерден.
Күні онға толғанда,
Жетер шағы болғанда,
Сонда жеткен секілді
Айса тұрған елдерге.

Ауылдың артына келсе, бір бала өтіп барады екен, сол балаға Абаттың айтқаны:

— Әй, бала, бері келші, бері келші,
Айсадайын басшыңа хабар берші.
«Қасыңда үш те бірдей батыры бар
Баласы ол Асанның Абат», — деші.

Сонда бала Айсаға келіп айтады:

— Кешегі біз көшіп кеткен Еділден Асанның ұлы Абат келіп тұр, — деді. Сонда Айса шығып, Абатқа барады. Сонда Абат сөйледі:

— Ассалаумағалайкүм, әй, Асеке,
Мен келдім сахаралы Еділден.
Содан қуып келгенім,
Сізге сәлем бергенім.
Асан атам жұмсады,

Кешегі кеткен Айсаның
Артынан соның бар, — деді,
Амандығын біл, — деді,
Сонсоң қуып келгенім.
Елі-жұрты аман ба

Ахмет пен Ер Алау?
Олар да аман ол бар ма?
Ие болмаса олар да,
Кетіп жауға қалды ма?
Қасымдағы ерлерім —
Арыстандай Ер Тоған.
Және ертіп алғаным —

Салған жолы азбаған
Қарғабойлы, Қазтуған.
Дәулетіне қарасаң,
Жүре-жүре сазданған.
Ерлігі мен байлығы
Маңыраған қойдай қоздаған.

Сонан соң Абатты қасындағы ерлерімен алып барып түсіреді. Осыдан кейін Алау мен Ахмет келеді. Сонда оларға амандасып тұрып, Абаттың айтқаны:

— Аманбысың, құрбы-достарым,
Келдім сіздің соңыңнан.
Кекшіл арлан тәрізді
Алау менен Ахмет.
Сендерді көзім көрген соң,
Қуанып жүрек қоштадым.
Қасымда бар сұрасаң,
Айбаты асқан Ер Тоған,
Асқан ерің бұдан болмаған.

Ертіп және келгенім
Қарғабойлы, Қазтуған.
Қары аралас жаңбырдай
Аруағы ердің бораған.
Асан атам жіберді
«Қайтсын, — деп, — кейін Еділге.
Біраз ноғай болалық,
Жиналып кеп отырсақ,
Болмай ма, — деді, — Еділде».

Сонан соң ерлер жиналып отырып, сол сөзді мақұлдады. Ерлер отырып қымыз ішіп, тіпті масая бастады. Сөйтіп отырып, Абат қызып сөз сөйлеп, ерліктерін салыстырады:

— Атамның атын сұрасаң,
«Ноғайдан асқан ақылы
Асанқайғы», — дер еді.
Баласының атын сұрасаң,
Асып туған Ер Абат.
Қасымда бар Ер Тоған,
Ахмет пен Ер Алау,
Бұлар да кем бе екен
Абат пенен Тоғаннан?
Тоғаннан соң сұрасаң,
Қарғабойлы, Қазтуған
Ахмет пен Ер Алау
Бұлардан да кем бе екен?
Қазтуғанның аруағы
Жауды көрсе түйіліп,

Жауатын бұлттай сыздаған.
Ерлігі де Тоғанның
Жауды көрсе қоздаған.
Бұрынғы бізден уақытта
Жасы толмай өтіпті
Нәріктің ұлы Ер Шора.
Маңдайының арасы
Екі қарыс сері екен.
Басы бақыр қазандай,
Ту сыртынан қарасаң,
Жайын менен сазандай.
Артып туған ноғайдан
Өз тұсында ер екен.
Абат пенен Ер Тоған
Бұлардан аз-ақ кем екен, —

деп отырып, жатып қалады. Ахмет бұл сөзге өзінен-өзі арланып жауға кетуге маңдай түзейді.

Ерлер ұйықтап жатқанда
 Атын сонда ерледі¹,
 Батыр Алау кернеді.
 Бадана көзді бөрік сауыт
 Баса үстіне киеді.
 Басына киіп дулыға,
 Және де киіп шарайна,
 Атына мініп алады.
 Үйде жатқан ерлердің
 Біреуі де көрмеді.
 Айса сонда біледі,
 Баласына келеді.

Сонда Ахмет сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 — Айналайын атамыз,
 Сенен тудым мен, — деді.

Асанның ұлы Ер Абат,
 Солардан мен кем бе едім?!
 Кемітіп сөз айтқаны —
 Мылтықпенен атқаны.
 Жүрегіме найзадай
 Әр сөзінің батқаны.
 Самсаған сары қалмаққа,
 Ата, мен де барайын,
 Барып кегім алайын.
 Көше берің сендер де,
 Аман барып, сау қайтсам,
 Еділге өзім барармын.
 Жақсысына ой салып,
 Жаманына той салып,
 Ақыл айтып қарармын.
 Халқымды өзім ұстауға
 Тірі болсам жарармын, —

дегенде, атасы сөйлей бастады:

— Айналайын жан балам,
 Қарадан туған хан балам,
 Алла жолың оңдасын,
 Ол дұшпанға бар, балам.
 Және де сөз айтайын,
 Сөзіме құлақ сал, балам.
 Сом темірге балға бар,
 Сомсынған ерге Тәңірім бар.
 Мұңайып сөз айтпашы,

Тарқатар мұңды Құдай бар.
 Жалғызым, бата берейін,
 Жайшы қолың, сен, — деді.
 Әуелі Алла, екінші
 Әулие², шайқы³ қолдасын.
 Қысылған қиын тар жолда
 Қолтығынан демесін,
 Қасыңда жүріп жебесін.

Сол сөзді айтып болған соң, Ахмет жалғыз өзі елінен шығып жөнелді.

Ақ найзасы қолында,
 Жұлдызы туып оңына,
 Астындағы Құлаша
 Арандай⁴ аузын ашады,
 Аяғын топ-топ басады.
 Ойға келсе орғиды,
 Қырға келсе қарамай,
 Ор қояндай сырғиды.

Жерді басып тұрмайды,
 Құлаша аттан тер шықты.
 Табаны қызған ол тұлпар
 Одан сайын күшейді.
 Қолы сусып батырдың
 Жалғыз бару ол жауға
 Оған да қиын іс енді.
 Қолындағы ақ найза,

¹ Ерледі — ерттеді.

² Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

³ Шайқы /а/ — ислам дінінде діндарлық, тақуалық ілім деңгейіне қарай берілетін жоғары діни атақ.

⁴ Арандай — дәлиған үлкен, кең.

Жарқылдайды жебесі.
Садақтың бауы сыртылдап,

Сарт-сарт етіп соғады
Жанындағы ақ берен¹.

Ендігі сөзді елдегі қалған батырлардан естіңіз.

Түрегелді батырлар
Шошынғандай боп денесі.
Тұрса және Ахмет жоқ,
Белдеудегі ойнаған
Ахмет мінер ат та жоқ,
Қару-жарақ зат та жоқ,
Ерлер сонда кеңесті,
Кеңескенде не десті?
— Әй, Ер Абат, Ер Абат,
Ерлік айтып сөз сөйледің,
«Ахмет пен Алауды
Біздерден де кем», — дедің.
Алау қалып, Ахмет
Кетті қалмақ еліне,

Қалмақтың мекен жеріне,
Қайтеміз енді біз десті.
Сонда Абат Алауға
Келіп бір сөз сөйледі:
— Әй, Ер Алау, Ер Алау,
Түсіп бізге бір талау,
Айсаның ұлы Ахмет
Кеткенге ұсайды қалмаққа.
Ашуланып, арланып,
Қалмақтан кекті алмаққа.
Кешегі бір айтқан сөз үшін
Ашуланған, арланған,
Ерлікті соған қолданған, —

деп ерлер Алауға айтты. Сонан кейін Алау оларға:

— Біз де соның артынан қуып барайық. Айсекемді бас қылып, елді
Еділге көшірелік те кетелік, — деді.

Айсаға келіп ер Алау
Сонда тұрып сөйледі:
— Ахмет кеткен көрінеді,
Біз де артынан кетелік,
Барып қайрат етелік.
Көшіріп елді Еділге,
Ағайынның қасында
Отыралық Еділде.

Ерлер қару асынып,
Аттарына мініп ап,
Артынан қуып жалғыздың
Сонда ерлер жөнелді.
Алау менен Ер Абат,
Және де асқан Ер Тоған,
Қарғабойлы, Қазтуған
Қаһарланып олар ұмтылса,
Қары аралас жаңбыр бораған.

Сол сөзді айтып болған соң,

Сонан кейін ел көшіп Еділге барады. Еділге барып, Асанқайғының қас-
тарына қонады, сонда Асанқайғы:

— Балалар қайда? — деп сұрайды. Айса ерлердің ерегісіп жауға кетке-
нін айтады.

Ендігі хабар ерлерден болады:

Бірнеше айлар өткенде,
Сонда жеткен секілді
Ахметтің артынан
Аттары болып қара тер,

Құйысқаны шартылдап,
Ақ найзасы жарқылдап,
Ауыздығымен қаршылдап.
Соғыспаған Ахмет,

¹ Берен — болат қылыш.

Тұр екен әлі кідіріп,
 Қасына жетіп келеді,
 Абат мерген Ахметке
 Сонда сөйлей бастады:
 – Ей, Ахмет, Ахмет,
 Аманбысың-саумысың,
 Сау-саламат бармысың?
 Ашуланып бір сөзге,
 Кеткен қызыл жармысың,
 Көңілі тар шермісің?
 Досқа досы сөз айтпай,
 Ойын-сауық бола ма?
 Ойын-сауық құртылып,
 Отырғанмен оңа ма?
 Ашуланба, қаттанба,
 Буырқанба, бұрсанба,
 Мұздай темір құрсанба,
 Еділге қарай көшті ел.
 Аман болсақ барармыз,
 Медет берсе бір Алла.
 Қалмақты шауып алармыз,
 Еліне бүлік салармыз.

Сол сөзді айтып болды да,
 Арыстандай бесеуі
 «Қалмақтың елі қайда?» – деп,
 Сонда жортып жөнелді.
 Жоғары ұстай найзасын,
 Найза ұшында туы бар.
 Өтті талай белдерден,
 Қарағайлы батпақ жерлерден,
 Айдынды шалқар көлдерден,
 Көлгірсіген құба дөңдерден,
 Биік өтті таулардан.
 Сар желумен келеді
 Жақын биік таулардан.
 Ор қояндай орғытып,
 Одан да өтіп жөнелді.
 Қолдарында ақ найза,
 Ен далада бес бөрі
 Бөкең-бөкең желеді,
 Әлі де жетпей келеді.
 Таудан асқан мезгілде,
 Алдарынан олардың
 Кемпір болып аяулы
 Ерлерге жақын келеді.

Сонда ол кемпірге
 Абат тұрып сөйледі:
 – Ей, шешеке, шешеке,
 Мұнша неге қаңғыдың,
 Бала-шағаң жоқ болып,
 Көңілің жыртық болды ма?
 Айналаңда ел бар ма,
 Мекендеген елді жер бар ма?
 Түзден арып келеміз,
 Ат суарар көл бар ма?
 Шыныңды айтшы, шешеке? –
 Деп бір Абат сұрады.

Сонда кемпір сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Ақылыңа қарасам,
 Патшадай толғаған
 Ақылды туған данасың.
 «Шешеке», – деп сөз сөйлеп,
 Көңілдің кірін аласың,
 Сөзіме құлақ саласың.
 Тұқымыңды сұрайын,
 Қай халықтан боласың?
 Жүрген жолың сұрайын,
 Өзің қайда барасың?
 Айбатыңа қарасам,
 Жолбарыстай қалыпты,
 Қатқан қабақ кірпікті,
 Түн ұйқысын көріпті,
 Қатты жолға жүрдің бе?

Сонда Алау сөйледі:
 – Әй, шешеке, шешеке,
 Тұқымымыз ноғайлы.
 Қалмақтан кекті алуға,
 Сол қалмаққа баруға,
 Еліне ойын салуға,
 Олжалап елін алуға,
 Ұлын отын етуге,
 Қызын қатын етуге
 Біз барамыз, шешеке.
 Жолымыз жүрген солай-ды.

Сонсоң кемпір жөнелді
 Өзінің кеткен жөніне.
 Бір төбеден ол асып,
 Көрінбеді ерлердің

Байқап тұрса көзіне.
 Сонда Ахмет сөйледі:
 – Әй, ерлерсің, ерлерсің,
 Жаңағы тұрған кемпірдің
 Байқап сырын көрдің бе?
 Сол бір жансыз¹ болған-ды.
 Батыр аңқау, ер көдек²,
 Дүние болмас дөңгелек.
 Алдағанға нандық қой,
 Өлтірмей соны қалдық қой.
 Сырымызды біздің алған-ды,
 Өлтірелік біз, – деді, –
 Кім шабады, жел?! – деді.

Жарап жүрген аттарды
 Қамшыменен бір салып,
 Артынан қуып жөнелді.
 Ахметтің мінген Құлаша
 Барлығының алдына
 Үдеп шығып кетеді.
 Артында оның келеді
 Алаудайын еріңіз
 Ақтанау мінген атымен.
 Онан соң шығып келеді
 Шапқан қатты Ер Абат.
 Артынан оның келеді
 Қарғабойлы, Қазтуған,
 Батыр туған Ер Тоған.
 Үшеуі қалған артында
 Келеді сонда қат-қабат.
 Сонда кемпір көрінді,
 Артына сонда қарады.
 Астындағы Құламен
 Кемпірге жақын барады.
 Кемпір де мұны көреді,
 Екі аяққа жалынып,
 Кемпір сорлы жүгірді,
 Жаман қатты сыдырды.
 Ахмет мінген Құлаша
 Жете алмай оған желеді,
 Қалаға да жақын келеді.
 Ахметтей еріңіз
 Құлаға қамшы басады.

Бабасына және сиынып,
 Мыстан жансыз қасына
 Сонда бір жетіп барады.
 Ақ найзасы қолында
 Сонда түйіп өтеді,
 Желкеден найза кіреді.
 Мысықтай боп мырысып,
 Сонда кемпір қарады,
 Қарады да құлады.
 Артында оның Ер Алау,
 Асанның ұлы Ер Абат,
 Қарғабойлы, Қазтуған,
 Батыр туған Ер Тоған
 Ерлігіне Ахметтің
 Сүйініп олар келеді.
 Кемпір әлі өлмеген,
 Қаны ытқып аузынан,
 Отыр жылап бақырып.
 Батыр туған Ер Тоған
 Найзамен тағы түйеді,
 Кемпірдің бітті сүрегі³.
 Кеудеден жаны кеткен соң,
 Қара жер болды тіреуі.
 Ахмет кетіп барады,
 Атқа қамшы салады,
 Суырып қамшы алады.
 Ақ семсері жарқылдап,
 Қалмақ тұрған қалаға
 Сонда жақын барады.
 Қалмақтың тиді шетінен,
 Албырттанып қызарған
 Қайратын оның көреді.
 Ахметтің бетінен
 Қалмақ сонда қашады,
 Қатты жаман сасады.
 Ханына жылап көп қалмақ
 Сонда жетіп барады.
 Жетіп барып шулады,
 Кейбіреуі шулап тұрғанда,
 Біреуі ханға сөйледі:
 – Әй, ханымыз, ханымыз,
 Кеудедегі жанымыз,
 Ол қалаңның шетінен

¹ Жансыз – тыңшы.

² Көдек – тәжірибесі жоқ жас, шикі өкпе.

³ Сүрек /о/ – срок, мерзім, уақыт.

Тиді келіп бір жаһи.
 Келбетіне қарасаң,
 Қызарады, бөртеді.
 Қатын мен бала шулатып,
 Қаланың шетін өртеді.
 Ар жағынан қарасаң,
 Және шықты төртеуі.
 Аюдайын ақырып
 Біздерге айғай салады.
 Бірдеңені шақырып,
 Олар да келіп тиген —
 Болды бесеу барлығы.
 Қалаңа ойын салулы,
 Қатын-бала, ел шулап,
 Шыға алмай о да қалулы.
 Ескерттім мен саған,
 Еңдігісін өзің біл.
 Әйтеуір, бір бесеу келулі,
 Келгеннен соң ол бесеу,

Қалың дуыл көбейді.
 Өлтіреді бас салып,
 Қырылды халық демейді.

Сонда тұрып ханыңыз
 Халқына сөз сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Ұлы, кіші, жамағат,
 Қорықпаңдар азамат,
 Өзім оған барайын,
 Кім де болса ол итті
 Айдап жолға салайын.
 Өлген-жіткен кектерің
 Өзім барып алайын.
 Қолға найза алайын,
 Сол кәуірге¹ барайын.
 Қызығын оның көріңдер,
 Итке егін салайын.

Сонда тағы да тұрып:

— Менің қасыма екі жүз кісі еріңдер, — деді. Бір адамды өзінің күйеуіне жіберіп:

— Сен барып хабар бер, — деді. Сонан соң өзі ерлердің тұрған жеріне қарай келеді.

Ақ найзасы жарқылдап,
 Қалмақ мінген кер еді.
 Ол қалмақтың артына
 Екі жүз кісі ереді.
 Ойнай басып кер² атпен,
 Ақ семсері жарқылдап,
 Ерлерге жетіп келеді.
 Қарсы келіп ерлер қалады,
 «Жекпе-жек», — деп сол қалмақ
 Ерлерге айғай салады.
 Айғай сонда шыққан соң,
 Ахмет сонда жөнелді.
 Екпіндеп шауып келеді,
 Қарсы келіп тұрады,
 Аты-жөнін сұрайды.

— Қайдан келген жан едің?
 Сөзіме құлақ сал, — деді. —
 Мен қалмақтың елімін,
 Ішіндегі ханы, ерімін.
 Сұрасаң, атым — Қайыспас,
 Адам жейтін бөрімін.
 Қаңғыртып келіп сен өзің,
 Шығасың қайдан төріме.
 Есігімде болады
 Басқа жанның ері де.
 Өзің қайбір халықсың?
 Аты-жөнің айтшы,
 Өлместен бұрын сен? — деді.

Сонда Ахмет сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Ей, ит қалмақ, ит қалмақ,
 Болмассың маған ағайын.

Сонда қалмақ сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:

¹ Кәуір — кәпір.

² Кер — құла мен торының аралығындағы малдың түсі.

Алысқан соң өлерің,
Болады сенің тағайын¹.
Батыр туған ер болсаң,
Жекпе-жекке кел, — деді, —
Қайратымды көр, — деді.
Бабаң келген қасыңа,
Оны анықтап біл, — деді. —
Ауыр мықты қолыңды
Арыстандай ақырған
Қасымдағы ерлерім
Қылады оны ұн, — деді.

Көткеншектеп екеуі
Қарсы қарап шабысты.
Ақ найзасы айқасып,
Аюдайын ақырып,
Жолбарыстай алысты.
Қалмақтың жүр ерлері
Өздерінше олар да
Бабасына сиынып.
Сол уақыт болғанда
Ұшы болат найзасын
Екпінмен Ахмет түйреді,
«Ажал оқтың тұсы, — деп, —
Өлерің сенің осы, — деп,
Сонда найза енеді.
Екпінімен түйген соң,
Қайыспастай хандарың
Ат сауырына² жөнелді.
Қолынан түсіп найзасы,
Жерге құлап өледі.
Қашты қалмақ сол кезде,
Асығып тұрған ерлерің
Қалмаққа сонда тиеді.
Талайы аттан құлады,
Жаны шығып сұлады.
Талайы аттың босады.
Сол мезгіл болғанда,
Бес жүз кісі ертіп,
Серке батыр бас болып,
Ноғайменен қас болып,
Елінің келді шетіне.
Бес жүз ері қасында,
Кідірсін қалмақ несіне?»

Жолбарыстай бес батыр
Бұларды сонда көреді.
Бес жағынан бесеуі
Оларға сонда тиеді.
Араласып жүргенде,
Қазтуғандай ерлерге
Серке батыр болды кез.
Қазтуған сонда қарады,
Найзасын қолға алады.
«Ата жауым сен едің,
Келсең, жеке кел», — деді.
Қазтуған батыр сол кезде
Найзасымен Серкені
Сонда тұрып түйреді.
Серке де аттан құлады,
Ұзынынан түсіп сұлады.
Ол Серкені көргенде,
Қалмақ талай жылады.
Серкенің мінген қарасы
Қалмақтарды қақ жарып,
Сонда өтіп кетеді.
Үстіндегі иесі өлген соң,
Кетпей ол ат нетеді?!
Айғай салып батырлар
Сонда жауға тиеді,
Найзаменен түйеді.
Бес ерлердің ішінде
Алау менен Ер Абат,
Айсаның ұлы Ахмет
Жау ішінде жайнайды.
Қарсы келген қалмақты
Найзамен жайлайды.
Ерлігіне қарасаң,
Қайыспай шабар аюдай.
Қайратына қарасаң,
Жолбарыс пен пілiңдей
Ерлiктерi бiлiндi.
Онан соң ерлік iстеген
Артып туған Ер Тоған.
Қалмақтың алған аюын
Қарғабойлы, Қазтуған.
Сол бес батыр қосылып,
Қалмақтың жойды қаласын.
Шулатып қатын-баласын,

¹ Тағайын — белгілі, жазылған, анықталған.

² Сауыр — малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.

Көндірді елін дініне.
Қорыққаннан ол қалмақ
Бірнеше мың мал мен бас
Алдына түсіп жүгірді.
Табандарын тас тіліп,
Жалаңаяқ сыдырды.

Арада неше күн жүріп,
Ақ Еділдің бойына
Сонда жеткен секілді.
Елден кеткен бес батыр

Ата-анамен қосылып,
Отырыпты Еділде.
Әуелі алған малдарын
Ноғайлының аш-арығы,
Жетім менен жесірге
Сонда бөліп беріпті.
Жарлысы байға теңеліп,
Ақ Еділдің бойында
Асанқайғы, Айсаның
Елдері дәурен сүріпті.



Бірінші мақам

Орындаған: Асқанов Нұрым
Нотаға түсірген: Тоқжанов Төлепберген

жүрдек

5 А _____ әй, А-бат-жан ай, А-бат-жан, Қа-сы-ңа ө-зің е-ріт-ші,
8 Жол бі-лер а-ғаң Ер То-ған, Бар-шы ба-лам со-ған да. Қар-ға-бой-лы, Қаз-ту-ған,
10 Со-лар-ды қас(ы)-на ал- да - ғы, Ке - ше көш-кен но - ғай - дың,
13 Ар-ты-нан қу-ып бар, де-ді. Қон-ған же-рін көр, де-ді. Ай-са-дай-ын бас-шы-ға,
15 Ай, жо-лы-ғып жау - ап бер, де - ді. А - бат пе - нен Ер То - ған,
17 Қар - ға - бой - лы, Қаз - ту - ған, Сал - ған жо - лы сүр - леу - дей,
19 Ер - лер - сің ғой жо - лың аз - ба - ған. Е _____ ай.

Екінші мақам

жүрдек

23 _____
27 Ей, _____ ас - та-рын-да ер-лер-дің, Жан аз - ба-ған тұл-пар бар.
29 Қо-лын - да бар ақ най - за - сы, Ба - сы - на ки - іп ду - лы - ға,
31 Жай-ла - ған шық - ты ел - дер - ден. Шық-қан соң е - лі - нен,
Жә - не де ө - тіп ба - ра - ды, Жа - зық ой - пат жер-лер-ден.

АЛАУ БАТЫР

Мұрын жырлаған эпикалық туындылардың ішінде «Алау батыр» жыры ерекше орын алады. Алау – қазақ, ноғай, татар халықтарының эпосында жиі бой көрсететін кейіпкерлердің бірі. Кейбір көне ресми деректерге оның есімі Алау Алшынұлы (Алшинский) деп те аталады. Қазақ шежірелерінде де Алау батыр Кіші жүздің арғы аталарының бірі екені, яғни Алшын батырдан Арғымақ пен Алау туғаны айтылады. «Айсылдың ұлы Амет» атты ноғай және татар жырларында Алау негізгі кейіпкердің жан досы ретінде бейнеленеді. Ал Мұрынның жырлауында Алау – Айсаның (Айсылдың) інісінің баласы. Туындыда суреттелген қалмақтармен шайқасқан батырдың кәметтік жасқа жетпегендігі, сонда да алғашқы жорыққа аттанғаны баяндалады. Эпикалық дәстүрге орай бұл туындыда да батырдың тұңғыш ерлігін бала кезінде, яғни он жасында жасағаны көркем суреттеледі.

Томды ғайындау барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырылып, түсіп қалған жерлері қайта қалпына келтірілді. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 4-дәптер).



Айсаның інісінің баласы — Алау. Ол Есен, Сүйін деген қалмаққа аттанады. Олар Уағаш, Даяс қасында отырған ел екен. Сонда Айсаның Алауға айтқаны:

— Жетіде қалдың әкеңнен,
Ересек болып сен жеттің,
Асыраған ағаңнан
Енді кетіп барасың.
Біздей туған ағаңнан
Ерлігінді бұрын етпедің,
Ағаңмен бірге кетпедің.
Шырағым деп атағың
Қалдың бөлек сен, — деді.
Ахметтің де жоқ еді
Қатардан, сірә, кемдігі.
Бірге жүрсең ағаңмен,
Көрер едің жақсы мен жаманды.
«Кетемін», — деп ойладың
Бір үлкен жауға жалғыз бас.
Жалғыз кетсең дарасың,
Атқа бір мінсең келмейсің.
Қалмақ деген жаман ел,
Жалғыз қалмаң қапыда.
Дұшпанның білмек керек шамасын.
Мінген атың сұр еді,
Неше жылдай байлауда
Бағында шарбақ¹ тұр еді.
Сауытсыз кидің шарайна,
Жебені қолға алмадың.
Будың алмас белеңнен,
Жалғыз кеттің еліңнен.
Найза менен жебең жоқ,
Өзің де жас баласың.
Он жасыңа келгенде,
Жалғыз қайда барасың?
Тірі келсе Ахмет,
Қатарына ер, — деді. —
Дұшпанға еткен айласын
Ахметжанның көр, — деді. —
Тілімді алсаң, сен, — деді, —
Айтып болдым мен, — деді. —
«Барамын» деген бұл жауың —
Жүдә² бір мықты ел, — деді. —
Бұрын ноғай көп барып,

Ала алмай жүрген елі еді,
Бекіп қалған жер еді.
Тілімді алсаң, Алаужан,
Қызылбасқа бар сен, — деді. —
Қызылбас емес қалмақтай,
Босаңырақ ел, — деді, —
Және жақын жер, — деді. —
Қызылбасқа сен барсаң,
Екі айда балам жетесің.
Есен, Сүйін — қалмаққа
Төрт айда талып жетесің.
Есен, Сүйін — қалмақты
Іздейтін болсаң, сен балам,
Шаттың бойын жағала.
Темір деген бір жер бар
Ол Шаттың жатқан бойында,
Жемнің түстік бетінде,
Ол бір биік Төрткілде.
Төрткілден өтсең құм болар,
Құмның арғы жағасы
Асу дария бұл болар,
Ол ағып жатқан Сыр болар.
Арғы жағын араласаң,
Ұзыннан жатқан ну болар,
Елсіз жері бу болар.
Жаздыгүні көлеңке,
Қыстыгүні ық болар,
Байтақ жатқан жер, — деді. —
Құр көргендей жалпаңдап
Шаба берме сен, — деді. —
Ерлік деген бір болар,
Айла деген оң болар,
Айласыз ер сор болар.

Сонда Алау сөйледі:
— Ақылы көміл дана едің,
Халық билеген хан едің,
Талайды көрген жан едің.
Он жасымда ат мініп,
Жетейін деп әр жолға

¹ Шарбақ — қоршау, қаша.

² Жүдә /а/ - өте, тым, аса, тіпті.

Сапар шығып түзелдім,
 Барайын деп тар жолға.
 «Жері қиғаш құм, — дедің, —
 Жүдә алыс бұл», — дедің.
 Барайын деп кезендім
 Есен, Сүйін қалмақтың
 Мекен қылған жеріне.
 Мен тәуекел етермін,
 Атқа мінсем кетермін,
 Тапсырып Аққа қалысты.
 Мінгесін атқа кезеніп,
 Енді бармай не етемін?!

Алау дейтін ер еді,
 Атқа мініп алғасын,
 Іркілсін бе батырың?
 Қорамса жоқ белінде,
 Ақ сүңгі жоқ қолында,
 Алты құлаш¹ алмасты
 Беліне тартып буады.
 Алмасты бекітіп алады,
 Сонан басқа қару жоқ,
 Батыр да кетіп барады.
 «Жауды көзім көрер, — деп, —
 Қолына алған қаруды
 Жаудың өзі-ақ берер», — деп,
 Сауыты жоқ шарайна,
 Басында бар да қалқаны,
 Дулыға жоқ басында,
 Жолдасы жоқ қасында,
 Күні-түні жол жүрді.
 Шаттың² бойын жағалап,
 Шаршамай батыр сол жүрді.
 Төрткілдің келіп ол шықты
 Алау батыр басына.
 «Көрінер, — деп, — барғасын»,
 Білуге жердің шамасын.
 Көрінетін қара жоқ,
 Хабарлар жан және жоқ,
 Алда жатқан құм болды,
 Түстік жағы шаң болды.
 Құмнан арман бұл өтсе,
 Шалқыған айдын көл болды.

Көлден әрі өткесін,
 Ағып жатқан қара су болды.
 Ол қара суды байқаса,
 Әмудария деген бұл болды.
 Дарияны кетті жағалап,
 Алла болды паналап,
 Қисапсыз³ көп бұл жүрді.
 Алау артық ер еді,
 Ну ағашты аралап,
 Солай қарап ер кетті,
 Арасында жиырма, отыз күн өтті.
 Күні бір жүзге толады,
 Сонда үш ай он күн болады.
 Сонда көрді бір елдің
 Жайылып жатқан қарасын.
 Кім екенін білмеді,
 Мал шетіне жақындап,
 Келді батыр, япыр-ай.
 Айтқан сөзге түсінбеді
 Малшыларға былдырлаған кәпір-ай.
 Сөйтіп көрді қалмақтың
 Мал бағып жүрген баласын.
 Жайылып жатқан қойы көп,
 Сиыр мен бар-ды түйесі.
 Жылқысы жоқ ел екен,
 Дәулетінің ең азы
 Жылқы әбден кем екен.
 Сонда бір шал жүр екен
 Мал баққанның ішінде.
 Талайды көрген шал екен,
 Көпті көрген жан екен.
 Жетіп келіп қасына:
 — Кімсің? — деп Алау сұрады.
 Сонда шалың сөйледі:
 — Біз — бір байтақ ел, — деді, —
 Қалмақ деген біз емес,
 Жақсылап көрші сен, — деді. —
 Есен, Сүйін ханымыз,
 Сондай мықты жанымыз.
 Жас күнімде көп қаңғып,
 Ғаріп⁴ болдым мен, — деді. —
 Көздің нұры танулы,
 Кәрілік те жетіп қалулы.

¹ Құлаш — екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.

² Шат — таудық қойнауындағы терең сай.

³ Қисапсыз — есепсіз.

⁴ Ғаріп /а/ — бейшара.

Көзім жетіп танысам,
Ноғай ма деп тұрмын мен сізді.

Сонда Алау сөйледі:
— Мекенімді сұрасаң,
Ащыбас — Шаттың бойы еді.
Өз елімді сұрасаң,
Ноғайлы деген ел, — деді.
Іздегенім сұрасаң,
Есен, Сүйін қалмақтың
Мекен еткен жері еді.
«Уағаш» деген дарияда
Сол қалмақтар бар еді.
Енді маған айтыңыз,
Бұл не деген жер еді?

Сонда қарттың сөйледі:
— Ей, жас бала, жас бала,
Жылқыдан міндің сұр, — деді. —
Енді айтайын қалмақтың
Асылын саған мен, — деді.
Қатыным мен балам жоқ,
Аға менен іні жоқ,
Ешбір дәулет қарам жоқ.
Тоқсанға жасым мен жеттім,
Хабарларға шарам жоқ.
Аяйын ба қалмақтың
Айтайын бәрін мен, — деді, —
Сабыр қыл, бала, сен, — деді. —
Есен, Сүйін қалмақта
Қалап қойған кесек бар.
Ол сыртында қорған жоқ,
Жинаған қала ел, — деді. —
Сенімен емес тең, — деді, —
Қалмақ ноғаймен емес ел, — деді. —
Қапы қалып, жас бала,
Орылма көктей сен, — деді. —
Ол қисапсыз жатқан ел, — деді, —
Мұнда жоқ әскер қол, — деді, —
Биһүдә¹ жатқан ел, — деді.
Мынау жақсы-жаман айтты деп,
Оны тәуір көріп сыйлама,
Қара бауыр қалмағың.
Сыйлайын десең, тістелер
Сонда сенің бармағың.

Далаға шауып атыңды
Жөнсіз жерге қинама,
Тапсырдым Аққа мен, — деді, —
Жүре бер, балам, сен, — деді.

Алау дейтін жас бала
Кідіріп сонда тұрады,
Атының басын бұрады.
Қайта айналып жол келіп,
«Не керегің бар, пақыр?» — деп,
Шалдан келіп сұрады.
Сонда шалың жылайды,
Жылып сонда жырлайды:
— Асыл туған қарағым,
Ашылмайды-ау аяғым.
Қысқарып менің адымым,
Жүруге жоқ дәрменім.
Жайылған қойға ере алмай,
Қой артында қалғаным.
Астымда мінер ат болса,
Бармас па едім қалаға,
Жүрмес пе едім далаға,
Жүре бер, балам, сен, — деді.
Баратын жердің арасы
Осы жерден тап біркүндік жер, —
деді. —

Есен, Сүйін ханымыз
Тұрған жері сол еді.
Қорғаны жоқ бос дала,
Шеткерілеу тұрғанда
Сырты қылаң ақ қала.
Үстіне барып сен қалсаң,
Хан да болса таңғалар.
Айтып болдым мен, — деді, —
Көп кешікпе, сен, — деді.

Сонда Алау батыр сөйледі:
— Анау тұрған көлденең
Биік құмның басында
Үш күнге дейін тұр, — деді.
Алау батыр жөнелді,
Тебініп атқа желеді.
Бізғытып Есен, Сүйін хандардың
Ордасына келеді.
Қаланың көрді қарасын,

¹ Биһүдә /п/ - қамсыз, бейғам.

Мың кісіге бас болып
Есен дейін ханыңыз
Қызылбасқа кетіпті.
Алау мініп сұр атқа,
«Жеткізгей, — деп, — Алла мұратқа»,
Ор қояндай ұйытқып,
Ақ бөкендей жортады.
Алдынан шығып он кісі
Алауға қарсы келеді.
Мінген аты қара еді,
Қару-жарақ түп-түгел
Онында да бар еді,
Алауды қамап қалады.
— Бір-бір байтақ ел, — деді,
Қайдан жүрген адамсың?
Қамап тұрған он кісі
«Кімсің?» — деп сонда сұрады,
Ұрыспай батыр тұрады.

Сонда қалмақ сөйледі:
— Уағаштың елі дария
Мекен қылған жер еді,
Қалмақ — деген байтақ ел еді.
Есен, Сүйін ханымыз,
Ешкіммен жоқ-ты бәсіміз.
Мың кісі әскер бұл кетті
Қызылбастың еліне.
«Тағы да әскер қол алып,
Ноғайлының еліне,
Жүреміз» деген ойымыз бар
Үшқиянның байтақ жеріне.
Жарқыным, өзің баласың,
Жолдасың жоқ дарасың,
Сормаңдай, қайда барасың?

Сонда Алау сөйледі:
— Атаңа нәлет, сұм қалмақ,
Сен қалмақ деген ел ме едің?
Мен — ноғай деген ел едім,
Ноғайдан шыққан ер едім.
«Үндіс пенен қалмақты
Көрсем, алам», — деп едім.
Шулатуға қатын-баласын,
Көрейін деп шамасын.

Әскерің қайда, ел? — деді, —
Ер болсаң, енді, кел, — деді.

Сонда тұрып Ер Алау
Жанға қолды салады.
Балдағы¹ алтын беренді²
Суырып қолға алады.
Тұс-тұсынан қалмақтар
Қылыштарын сыбады.
Ол өтсін бе қалқаннан?
Алау да қарап тұрмады,
Қылышын сонда сермеді,
Тарылтты жаудың тынысын.
Он кісі тұрған қалмақтың
Тоғызы қалды жығылып,
Тізесі жаман бүгіліп.
Тұра алмады далада,
Бәрі қашты қалаға.
Алау сонда қуады,
Қалмақ қалды бөлеге.
Келді қуып батыр-ай,
Айғай дүбір шыққасын,
Үйден шықты хандары,
Жылап қашты баллары.
Атын мініп ханыңыз,
Сауыт саба кие алмай,
Әскер қолын жия алмай,
«Енді қалай етем? — деп,
Жалпылдап қайда кетем?» — деп,
Шығып алып хан шапты,
Ақылды сонда бұл тапты.

Алауға қарсы хан келді,
Келе сонда сөйледі:
— Жылқыдан міндің сұр, — деді,
Бала, сабыр ете тұр,
Білмеймісің шамаңды,
Танырсың енді бабаңды.
Аз ғана сабыр етіңіз,
Керек болса жаныңыз.
Кетер енді сыныңыз,
Қалады жерде басыңыз,
Қысқарады жасыңыз.
Басыңды алмай қоймайды,
Жарағым қанға тоймайды.

¹ Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

² Берен — болат қылыш.

Шыдамады батыр да,
 Бұл да сөйлей бастады:
 – Білемін, қалмақ, өзінді,
 Тыңда менің сөзімді.
 Жіберген он кісің іздесең,
 Әрқайсысы әр жерде,
 Өлімтігін қараңыз.
 Жалғыз келдің жалпылдап,
 Екі аяғың салпылдап.
 Атқа жайдақ мінгенің,
 Енді біл, сорлы, өлгенің.

Алау дейтін ер еді,
 Іркілмейтін ол еді.
 Алмасты қолға алады,
 Сүйінді сонда салады.
 Басы үзіліп түседі,
 Домалап жерде қалады.
 Қалмаққа салды ойынды,
 Ете берді тойынды.
 Жері жазық ен дала,
 Жарағы қанға тоймады,
 Қашқандарды қоймады,
 Өлтіріп жерге салады.
 Қызылбасқа кеткен мың кісі
 Ол да хабарланып қалады.
 Сол хабарды тапқасын,
 Жесір алып қайтқасын,
 Көңілі өскен бұл қалмақ
 Бес жүз кісі әскермен
 Еліне қарай шабады.
 Қатын-бала бұл шошып,
 «Ноғай ит келіп қалар, — деп, —
 Елге әлек салар», — деп, —
 Бара берің, сіз, — деді,
 Кейін барамыз біз, — деді.

Елді жинап алады,
 Есен шабуылды салады.
 Бес жүз кісі әскермен
 Қалың шаңды көргесін,
 Алдынан шығып Ер Алау
 Соған қарсы барады.
 Сонда Есен сөйледі:
 – Ноғай деген сен бе едің?
 Сүйіндей басыңды алармын,
 Кесіп жерге салармын.

Бір мың кісі қолым бар,
 Сен секілді ноғайды
 Алатұғын ойым бар,
 Саған етер тойым бар.
 Сүйіндей басыңды алмасам,
 Кесіп жерге салмасам,
 Бірге туып не етейін,
 Ер белгісін етейін.
 Қызылбастың қолдарын,
 Талқандап неше ерлерін,
 Сындырып неше белдерін,
 Енді іздеп баруға
 Келе жатыр едім ноғайды
 Мекен еткен жеріне.
 Ер болсаң артық тұр, — деді, —
 Атыңның басын бұр, — деді. —
 Жалтақтама сен, — деді, —
 Басыңды алам мен, — деді.
 Осылай деп Есенің
 Алау ерге сөйледі.

Сонда Алау сөйледі,
 Сөйлегенде не деді?
 – Қолыңнан келсе аяма,
 Шамаң келсе сен, — деді. —
 Менің атым — Ер Алау,
 Салармын саған мен талау.
 Сонда Алау ер еді,
 Астына мінген сұр еді.
 Бес жүз кісі әскермен
 Сонда Есен жапырды,
 «Қаптаңыз!» — деп шақырды.
 Сонда екеуі ұрысты,
 Ұрысып қатты соғысты.
 Батырың сонда ақырды,
 «Алла!» — деп ұран шақырды.
 «Соғыспай қалай қалам?» — деп,
 Тәуекел етіп іс қылып,
 Қалмаққа салды ойынды,
 Көрсетті сонда тойынды.
 Қызыл қанға толады
 Қалмақтың талай қойыны.
 Ішінде мықты жан қалды.
 «Менің кегім кетер», — деп,
 Есен дейін хан қалды.
 Қарсы шауып хандары,
 Қарсыласып бұл қалды.

Екі бірдей жандары,
 Есен дейін ханыңыз
 Ол да алмасты сермеді.
 Батыр да қарап тұрмады,
 Жағаласып қалады.
 Басында бар-ды дулыға,
 Онан алмас өтпеді,
 Етіне ешбір жетпеді.
 Суырды алмас белінен,
 Дулығаны қайырып,
 Маңдайын сонда ашады.
 Астындағы сұр атқа
 Алау да қамшы басады.
 Өтпегесін қылышы,
 Жан тәтті екен сорлының
 Қалмақ та тұра қашады.
 Артынан батыр қуады,
 Құтылсын ба қашқанмен,
 Артынан жетіп алады.
 Айнала тұрып алысты,
 Екеуі қатты соғысты.
 Аясын ба батырың,
 Басын жұлып алады.
 Басын жұлып алғасың,
 Есен хан өліп қалады.
 Айдады жесір шұбыртып,
 Тұрғызбады кідіртпін.
 Күндіз-түні демеді,
 Шұбыртып айдап келеді.
 Тұрғызсын ба далаға,
 Неше күндей жол жүріп,
 Еліне жақын қалғанда,
 Жесірді кейін қалдырып,
 Алдынан озып келеді
 Айсадайын атаға
 Барып сәлем етерге.
 Балаң келді дегесін,
 Алдынан шықты ат мініп.
 Ат үстінде қолдасып,
 Сәлем берді баласы.

Сөйледі сонда бабасы:
 – Сау-саламат келдің бе,
 Берді ме қуат бір Алла,
 Алау деген баламыз?
 Әлі елге келген жоқ
 Ахмет дейін ағаңыз.
 Барған ісің бітті ме,
 Қайратың жауға жетті ме?
 Есен, Сүйін хандарың
 Алдың ба шауып қаласын,
 Қатын менен баласын?

Сонда Алау сөйледі:
 – Ақылы жетік данамыз,
 Қайраты асқан бабамыз,
 Сау-саламат келеміз.
 Жеті ай болды кеткелі,
 Осы елден шыққалы.
 Есен, Сүйін хандарды,
 Өлтірдім сондай жандарды.
 Он екі күн ұрысып,
 Босаттым тұрған қаласын,
 Сөйтіп көрдім қалмақ шамасын.
 Айдап келдім қарасын,
 Жетім-жесір баласын.

Айса барды қарарға,
 Ноғайлының аш-арық
 Ол да келді шетінен
 Олжа сұрап аларға,
 Сауға сұрап барарға.
 Айсадайын бабамыз
 Қызықты сөйтіп көреді.
 Сауға сұрап келгенге
 Аямай бөліп береді.
 Алау – артық туған ер,
 Қалмақпенен соғысып,
 Мекенін тартып алған жер.
 Ер Алаудың бұл түрі
 Қырымның қырық батырындай бар еді.
 Айсадан туған Ахмет
 Сонымен бірге жүр еді.

Бірінші мақам

Орындаған: Қайрулла Күнқожа
Нотаға түсірген: Жекен Махаббат


жүрдек

4 А же-ті-де қал-дың ә-кең-нен, Ей, же-ті-де қал-дың ә-кең-нен,
7 Е-ре-сек бо-лып сен жет-тің. А-сы-ра-ған а-ғаң-нан, Ең-ді ке-тіп ба-ра-сың.
10 Біз-дей ту ған а-ғаң-нан, Ер-лі-гің-ді бұ-рын ет-пе-дің, А-ғаң-мен бір-ге кет-пе-дің.
13 Шы-ра-ғым деп а - та-ғың, Қал-дың бө-лек сен де - ді. Ах-ме-ттің де жоқ е - ді,
15 Қа-тар-дан, сі - рә, кем - ді - ті. Бір - ге жүр - сен а - ған - мен,
Кө-рер е-дің жақ-сы мен жа-ман-ды. Е ей.

Екінші мақам

жүрдек

20 Ей, А-лау дей-тін ер е - ді, Ат-қа мі-ніп ал-ға-сын, Ир-кіл-сін бе ба-ты-рын?
26 Қо-рам-са жоқ бе-лін-де, Ақ сұн-ті жоқ қо-лын-да, Ал-ты құ-лаш ал-мас-ты,
29 Бе-лі-не тар-тып бу - а - ды. Ал-мас-ты бе-кі-тіп а - ла-ды, Со-нан бас-қа қа-ру жоқ,
32 Ба-тыр да ке-тіп ба-ра-ды. "Жау-ды кө-зім кө-рер, деп, Қо-лы-на ал-ған қа-ру-ды,
35 Жау-дың өз-і)ақ бе-рер", деп, Са-уы-ты жоқ ша-рай-на, Ба-сын-да бар-ды қал-қа-ны,
Ду-лы-ға жоқ ба-сын-да, Жол-да-сы жоқ қа-сын-да Кү-ні-тү-ні жол жүр-ді.



Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар
 мен қолжазбалар қоры (423-бума, 3-дәптер).

ӘМЕТ БАТЫР

Әмет батыр «Қырымның қырық батыры» топтамасына енетін бірқатар жырларға айтулы қаһарман ретінде көрініс береді. Батырдың есімі қазақ және өзге түркі халықтарының ауызекі шығармаларында, басқа жыршылар мен жыраулардың әдеби мұраларында кездеспейді. Мұрын жырау нұсқасында Әмет Алау батырдың інісі екені айтылады. Жыр мазмұнынан Ноғай Оргасының билеушілері жат жұрттарға есе жіберіп, бірлігінен ажырап, ыдырау үрдісі басталғаны аңғарылады. Оның басты себебі — қалмаққа қарсы аттанбақ болған Әмет Орақ пен Мамайдан көмек сұрай келгенде, Жаңбыршы қарсылық білдіріп, оның бетін қайтарады.

Томды әзірлеу барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырыла отырып қайта қаралды. «Әмет батыр» жырын И. Ұйықбаев 1948 жылы Мұрын жыраудың айтуынан жазып алып, Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған. Жырдың түпнұсқасы аталмыш қорда сақтаулы (423-бума, 3-дәптер).



Әмет батыр ағасы Алаудың орнын қуып, батыр болады. Қарақобда бойының Елекке құйған жерінде ағалы-інілі оншақты үй болып, қоныстанып отырады. Мұнымен бірге басқа да қара ноғайдың да елі отырады.

Бір күні Әметке ой түседі. Ол ойында Әмет батыр ерлікпен атағын шығарғысы келеді. Ол ағасына келіп:

— О, аға, өзің болсаң қартайдың, мен де жетісіп қалдым ғой, қонысымыз тар ғой, қоныс кеңітпесек болмас. Басыма ерік берсең, қару-жарақ берсең, мен кетер едім, — депті.

Алау: «Ә, менің қарағым жігіт болған екен. Ағаның орнын ұстайды екен, — деп қуанып, өзінің сарайда бағылып тұратын Ақтанау деген тұлпарын беріп, өзінің қаруларын береді. Осыларды беріп тұрып, Алау ағасы:

— Ә, Әметжан, қай жаққа барасың? Жөніңді айтып кет, хабарсыз кетсең, іздерміз, Қара ноғайдың батыры көп қой, — дейді. Сонда Әмет батыр сөйлей бастады:

— Барысымды сұрасаң,
Маңғырдың қырын жайлаған
Көп қалмақтың елі еді.
Етегінде аққан су
Малға жайлы дер еді.
Ойладым соған барарға,
Сондағы қалың қалмақтың
Қонысын тартып аларға,
Қалмаққа ойын саларға.
Ноғайлар маған айтады:
«Тумай кеткір сен, — дейді, —

Ағаңдай болып тумдың,
Ағаңның жолын құмадың».
Осы сөзді есітіп
Отырғаным жарар ма?!
Барар жолы бір айлық,
Келер жолы бір айлық.
Аман болып, сау тұрсам,
Екі айда келемін.
Тап қылғанын Алланың
Сол арада көремін.

Кетейін деп жатқанын шешесі біліп қалып келіп, баласының тізгінінен ұстап тұрып, сөйлей бастады:

— Перзентім, кетпе далаға,
Қартайған анаң сорлыны
Кеткенің тастап бола ма?!
Ағаң да қалды қартайып,
Бағып жүрген қалмақ ел
Кетсе шауып жарай ма?!
Қолымда кенже баламсың,
Қартайған мынау ағаңның
Бұрынғыдай әл кетті
Соғысты жалғыз саларға.
Тілімді алсаң, бармашы,
Боғданың бойы — боз қамыс,

Електің бойы — ен қамыс,
Осыдан артық қоныстың
Керегі бізге болар ма?!
Анаңның тілін аласың,
Осыдан алмай кетсең сен,
Көңіліме қаласың.
Аязды күні айналдым,
Бұлтты күні толғандым,
«Қарағым шошып кетер» деп,
Бесіктен шешіп қолға алдым.
Сөйтіп баққан анаңды
Қайда жүріп бағарсың? —

деп еді. Батыр:

— Ағам рұқсат етті, сен қанша айтсаң да сапарымнан қалмаймын, — дейді. Сонда шешесі баласының кетерін білген соң, қол жайып бата береді:

– Жолыңды Алла оңдасын,
 Қызыр Ілияс жар болып,
 Қыдыр ата¹ қолдасын!
 Қолтығыңнан көтеріп,
 Қолыңнан ұстап демесін!
 «Көп тілегі – көл» деген,

Аман-есен келерсің,
 Бір Алланың салғанын
 Не де болса көрерсің.
 От басы мен ер басы
 Көрмесі болмас дүниеде,
 Не де болса көнерсің, –

деп анасы қала берді. Әмет батыр жалғыз өзі кете берді.

Ақтанаудай тұлпардың
 Қалмаққа басын қаратты,
 Қамшымен бұтын таратты,
 Бауырынан жаратты.
 Дөңгеленіп желеді,
 Арандай² аузын ашады,
 Аяғын топ-топ басады.
 Еті қызып тұлпардың
 «Ә» дегенше болмай-ақ,
 Біраз жерге асады.
 Тұлпарға батыр мінген соң,
 Бұрынғы ердің бойынан
 Кез жарымдай асады,
 Аруағы ердің тасады.

Он екі күн дегенде
 Қырдың шықты басына.
 Жайылып жатқан мал көрді,
 Қалың жатқан ел көрді.
 «Екі-үш мыңдай ел ғой», – деп,
 Алыстан тұрып шем берді³.
 Айыл-тұрман бекітті,
 Құйысқанын қысқартып,
 Сол қалмаққа шабуға
 Енді батыр жөнелді.
 Көк сүңгісін өңгерді,
 Азын көпке теңгерді.
 Көп те болса шабуға
 Көкірегі ойлап жөн көрді.

Бұл елдің адамы жоқ екен. «Қатын, бала, жесірді қашырып, орнын босатып, сол орнына өзінің елін әкелейін», – деп, батыр кейін қайтты. Бұл елдің бас көтерері үндіске аттанып кеткен екен. Еліне келсе, орнында елі жоқ. Батыр елін іздеп сөйлей бастайды:

– Елім кетіп, жұрт қалған,
 Айналайын Құдай-ай,
 Елді шауып кім алған,
 Елге бүлік кім салған?
 Қартайған кетті анамыз,
 Інімен кетті аға да.

Жолын білмей қалдым-ау,
 Артынан іздеп барарға.
 Ойланамын, қараймын
 Ақыл ойлап табарға,
 Жау болған біз дұшпанның
 Еліне ойран саларға –

деп, батыр найзасына сүйеніп қамығып тұр еді. Бір ошақтың астынан бір бала шықты. Үлкені қалуға айла таба алмай, жерошаққа сол баланы көміп кеткен екен. Бала тұра келеді. Сонда Әмет батыр балаға сөйлей бастады:

¹ Қыдыр ата – ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші.

² Арандай – далиған үлкен, кең.

³ Шем берді – қара көрсетті, барлады, бақылады.

— Ел қайда, бала, ел қайда,
 Өскен-туып жер қайда?
 Ата мен қайда анамыз,
 Іні мен қайда ағамыз?
 Не қылып жатқан баласың,
 Келбетіңе қарасам,
 Бозарасың ғой, соласың,
 Өзің жалғыз баласың.
 Мидай жазық далада
 Жалғыз қалай қаласың?
 Қалмақ елді шапты ма,
 Содан елім қашты ма,
 Қонысты тастап асты ма?
 Айтшы, көне, сен бала,
 Қапияда дұшпан басты ма?
 Сонда бала жылады,
 Көзінің жасын бұлады.
 Жылап тұрып сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 — Әмет батыр ағамыз,
 Желді күні панамыз,
 Сен кеткен соң артынан
 Қалмақ шапты еліңді.
 Мал менен кетті дүние,
 Ана мен кетті ағаңыз,

Сыңдырды дұшпан беліңді.
 Алау батыр ағамыз
 Қапияда ғой жатқанда,
 Оны ұстап қолға алды.
 Аяғы менен қолына
 Салды қос-қос кісенді.
 Жалғыз қалған ағаңа
 Қиын болды, ағеке,
 Байқасаңыз қиын іс енді.
 Сәлем айтты байқасам,
 Ақ сүт берген анаңыз,
 Сәлем айтты ағамыз,
 Өзіңіз ойлап қараңыз.
 Бар болса өзің білерсің
 Көкіректе ақыл-санаңыз.
 Ол сәлемі мынау еді:
 «Қобдаға таман барсын, — деді, —
 Орақ пенен Мамайдың
 Қасынан әскер алсын, — деді, —
 Келсін, — деді, — сосын дұшпанға,
 Онан басқа келмесін,
 Келіп босқа өлмесін.
 Қаптап жатқан қалың жау
 Ойыншық деді көрмесін».

Орақ пен Мамайға батыр «Барайын», — деп ойлады.

— Орақ, Мамайдың елін таба аламысың? — деді батыр.

Бала:

— Табамын, — деді. — «Қобданың жоғарғы жағында отырады» дегенді естіп едім, осы судың жоғарғы жағынан табылар. Өрлеп жүре бер, — деді. Баланың айтуымен үш түн, үш күнде Жаңбыршыұлы Телағыстың аулына келді. Үйден Жаңбыршы шыға келіп:

— Ә, балам, қайдан жүрген баласың? Қай ноғайсың, кімнің баласысың, қайдан келесің, қайда барасың? — деп сұрады. Сонда Әмет батыр сөйлей бастады:

— Мекенімді сұрасаң,
 Қобданың төмен сағасы.
 Барысымды сұрасаң,
 Қобданың жоғарғы жағасы.
 Издегенім сұрасаң,
 Орақ, Мамай, Телағыс —
 Басындағы ноғайлы баласы.
 Менің тегім сұрасаң,
 Мен ноғайдың елімін.
 Ер Алаудың інісі,

Атымды Әмет дер екен.
 Біз де ноғай баласы,
 Издеп келдім әдейі
 Солардан көмек болар деп,
 Көкіректің болмас, — деп, — аласы.
 Келген менің себебім:
 Өзім жауға кеткенде,
 Елімді қалмақ шауыпты.
 Ұйықтап жатқан Алауды
 Ұстап қалмақ алыпты.

Келсін неге шамасы,
 Аяққа кісен салыпты.
 Шауып елді бүлдіріп,
 Олжа оңай тауыпты.
 Келсем жұртқа, елім жоқ,
 Мына тұрған бір бала
 Жерошақтың астында
 Жасырынып қалыпты.
 Хабарды маған беруге
 Жатып мені бағыпты.
 Ағамыз еді ер Алау,
 Сәлем бізге айтыпты.
 «Жауға, — депті жалғыз келмесін,
 Қаңғып, — депті, — өлмесін.
 Қобданың жоғарғы жағасы
 Бар, — депті ноғай баласы,

Әскер сонан ал, — депті.
 Сосын келіп дұшпанға
 Ойын-соғыс сал», — депті.
 Соның айтқан жолымен
 Елден шығып келемін.
 Берсеңдер әскер аламын,
 Қалмаққа таман барамын,
 Ойын-соғыс саламын.
 Бермесең де кетермін,
 Жесір беріп тұра алман,
 Жалғыз да болсам жетермін.
 Бермеген әскер ноғайға
 Айла нешік етермін.
 «Жалғызбын», — деп тұра алман,
 Сиынармын Құдайға, —

деп Ер Әмет сөзін тоқтатып еді.

— Қаңғырып шетке шығып жүрген ноғайға, әскер бере алмаймын, жөнінен қалма, кете бер, — депті. Батыр ашуланып, қайырылып тұра қалып сөйлей бастады:

— Ей, Жаңбыршы, Жаңбыршы,
 Құдайымнан көрермін,
 Жетсе ажал өлермін.
 Егер ажал жетпесе,
 Қалмақ елін талқандап,
 Айналып қайта келермін.
 Көп ішінде сыйыңды
 Жас та болсам берермін.
 Әулиелер¹ қолдаса,
 Ұстап қолдап демесе,
 Ақтанаудай тұлпармен
 Дұшпанға қарай желермін.
 Осыны бала айтты да,
 Тұлпардың басын бұрып,
 Маңдайын жауға қаратты.
 Алпыс күндік жер екен,
 Жиырма бір күнде келіпті.

Әбжыландай² қалмақтың
 Қалың елін көріпті.
 Айыл-тұрман бекітіп,
 Баданасын баса киеді.
 Көк найзасын өңгеріп,
 Көкірегі желденіп,
 Мыңдаған әскер қалмақты
 Бір өзіне теңгеріп,
 Қайта атына мініпті.
 Қарауылшы тұр екен,
 Әметтейін батырдың
 Келгенін енді біліпті,
 Қарауыл хабар беріпті.
 Осы хабар алған соң,
 Мыңнан аса қалмақтар
 Соғысуға жүріпті.

Қалың қалмақтардың ішінен біреу шығып жүре қоя беріпті, бұған қарсы Әмет батыр да жүреді. Келе тұра, қалың қалмақ сөйлей бастайды.

¹ Әулие — ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен Алланың разылығына, халық сеніміне ие болған, қасиетті, рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам.

² Әбжыландай — су жыландай.

Келе қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жанжал ғана болмасын,
Жарқыным, қайда барасың?
Мыңдап жатқан ауыр қол
Ноғайдан келдің бір өзің,
Қалай шауып аласың?
Ат, қаруыңды бер-дағы,
Біздің дінге көн-дағы,
Босқа өліп қаласың.
Шапқанмын сенің еліңді,
Талқан қылдым мекен жеріңді.
Ұстап қолға алғанмын
Алау батыр еріңді,
Тар зынданға¹ салғанмын.
Қайтаруға келдің бе
Қалмақтағы кегіңді?
Ерегессең, қалмақ ерлері
Жояды сенің көзіңді,
Көрсетеді көрімді.
Тарқатар сүйтіп ноғайым
Көкіректегі шеріңді.

Сонда Әмет сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

— Ал қалмақ, ағасың ғой, кезегіңді ала бер, — деді.

Сонда қалмақ оңталды,
Қорамсаққа қол салды.
Атып қалмақ қалады,
Әметке оғы барады.
Оғы бірақ өтпеді,
Екінші атып қалады,
Өтпеді де жетпеді.
Үшінші атып қалады,
Тоғыз қабат сауыттың
Алтауын оқ жарады.
Жаңылтпай жазды тобаны, —
Кезек келді батырға,
Садақты қолға алады,
Сауыт бұзар оқ салды.
«Қалмақ ердің қасы, — деп, —
Қақ өлер жерің осы», — деп,

— «Балам, балам», — дей берме,
Сенің балаң мен емес,
Менің әкем сен емес,
Дегенің балам жөн емес.
Көптігіңді көріп мен,
Қылмаса Аллама келемеш.
Ат-тонымды беріп қашқандай
Қойшы ноғай мен емес.
Әулиелер қолдаса,
Сапарымды оңдаса,
Басыңды, қалмақ, шабармын.
Артыңа ерген қалмаққа
Оған да ойын салармын.
«Жалғызбын», — деп тұра алман,
Тәуекел етіп барармын.
Тәуекел десе қайғы жоқ,
Көп ұзатпай алармын.

Сонда қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Мына тұрған ағаңа
Кезегімді бересің.
Жасым үлкен болса да,
Қайратымды көресің.

Толықсып тұрған қалмақты
Толғап тартып қалыпты,
Қалмаққа оғы барыпты.
Өтпесе де қалмаққа,
Қабатын алты жарыпты.
Алып оқты тағы атты,
Ит қалмақты жайратты.
Жығылып ері қалған соң,
Сонда қалмақ жапырды.
Семсерін батыр қолға ұстап,
«Қырамын, — деп ақырды.
Қылышын жауға сермеді,
Батырды ашу кернеді.
Батырдың үстін қан жапты,
Арыстандай ақырып,
Сонда да кезек бермеді.

¹ Зындан /п/ — тұтқынға, қолға түскен адамдарды қамап ұстау үшін жер астынан қазылған терең ор.

Қайраты тасып өрледі,
Қаптаған қалың қалмақты
Бұта құрлы көрмеді.
Он екі күн соғысты,
Мыңдай келген қалмақтан
Тек жүз кісі ғана көрінеді.

Мұны көріп алған соң,
Аруағы асады,
Ердің пысы басады.
Қалғандары қалмақтың
Еліне қарай қашады.

Қалмақтар қашып келіп, қалаға тығылады. Қалаға тығылған соң батыр:

— Менің дініме көнесің, көнбесең бәріңді де қырамын, — деді. Сонда қалмақтар көнеді.

— Ал менің ағам, шешем, қарындасым қайда? Соларды тауып бер және басқа елім қайда, соны тауып бер? — дейді. Қалмақтар бәрін бір зынданға салған екен, тауып береді. Қалмақты бұл жерден кетіріп, мұсылман дінге көндіріп алып, мал, дүние-мүлкімен қайтады, өзінің отырған жеріне шұбыртып алып кетеді.



Бірінші мақам

Орындаған: Қайрулла Күнқожа

Ноғаға түсірген: Жекен Махаббат

жылдам

4 А е ей, Ба-ры-сым-ды сұ-ра-саң, Ба-ры-сым-ды сұ-ра-саң.

7 Маң-ғыр-дың қы-рын жай-ла-ған, Көп қал-мақ-тың ел(і)е-ді. Е-те-гін-де ақ-қан су,

10 Мал-ға жай-лы дер е-ді. Ой-ла-дым со-ған ба-рар-ға, Сон-да-ғы қа-лық қал-мақ-тың,

13 Қо-ны-сын тар-тып а-лар-ға. Қал-мақ-қа о-йын са-лар-ға. Но-ғай-лар ма-ғағ ай-та-ды,

16 Ту-май кет-кір сен дей-ді. А-ғаң-дай бо-лып ту-ма-дың, А-ғаң-ның жо-лын қу-ма-дың.

19 О-сы сөз-ді е-сі-тің, О-тыр-ға-ным жа-рар-ма. Ба-рар жо-лы бір ай-лық,

22 Ке-лер жо-лы бір ай-лық. А-ман бо-лып сау тұр-сам, Е-кі ай-да ке-ле-мін.

Тап қы-ға-ның Ал-ла-ның, Сол а-ра-да кө-ре-мін.

Екінші мақам

жүрдек

25 А е ей, пер-зен-тім кет-пе да-ла-ға, Қар-тай-ған а-наң сор-лы-ны,

28 Кет-ке-нің тес-тап бо-ла-ма. А-ғаң да қал-ды қар та-йып, Ба-ғып жүр-ген қал-ма-ғың,

31 Кет-се ша-уып жа-рай-ма. Қо-лым-да кен-же ба-лам-сың, Қар-тай-ған мы-нау а-ғаң-ның.

34 Бұ-рын-ғы-дай әл кет-ті, Со-ғыс-ты жал-ғыз са-лар-ға. Ті-лім-ді ал-саң бар-ма-шы,
 37 Боғ-да-ның бо-йы боз-қа-мыс, Е-лек-тің бо-йы ен қа-мыс. Е-лек-тің бо-йы ен қа-мыс,
 40 О - сы-дан ар - тық қо - ныс-тың, Ке - ре - гі біз - ге бо - лар ма.
 42 Ей, а-наң-ның ті - лін а - ла-сың, О - сы-дан ал-май кет-сең сен,
 44 Кө-ңі - лі-ме қа-ла-сың. А-яз-ды кү-ні ай-нал-дым, Бұлт-ты кү-ні тол-ған-дым.
 47 Қа - ра-ғым шо - шып ке - тер деп, Бе - сік - тен ше - шіп қол-ға(а)л-дым.
 49 Сөй-тіп бақ-қан а-наң-ды, Қай-да жү-ріп-ай ба-ғар-сың е _____ ай.

Үшінші мақам

53 Ей, жо-дың-ды Ал - ла оң - да - сын, Қы - зыр, Іл(и)-яс жар бо - лып,
 55 Қы-дыр а - та қол да-сын. Қол-ты-ғың-нан кө-те-ріп, Қо-лық-нан ұс-тап де-ме-сін.
 58 Көп ті - ле - гі көл де-ген, А-ман-е-сен ке-лер-сің. Бір Ал-ла-ның сал-ға-ның,
 61 Не - де бол - са кө - рер - сің. От - ба - сы - ме - нен ер ба - сы,
 63 Көр-ме-сі бол-мас дү - ни - я-да Не - де бол - са кө - рер-сің, ей.

Төртінші мақам

66

68 Ей, Ақ - та - нау - дай тұл - пар - дың, Ақ - та - нау - дай тұл - пар - дың.

71 Қал-мақ-қа ба-сын қа-рат-ты, Қам-шы-мен бұ-тын та-рат-ты. Ба-уы-ры-нан жа-рат-ты,

74 Дөң-ге-ле ніп же-ле-ді. А-ран-дай ау-зын а-ша-ды, А-я-ғын топ-топ ба-са-ды.

77 Е - ті қы-зып тұл-пар-дың, Ә де-ген-нен бол-май-ақ, Бі-раз жер ге а - са-ды.

Тұл-пар-ға ба-тыр мін-ген соң, Бұ-рын-ғы ер-дің бойы-нан, Кез жа-рым-дай а - са - ды.

80 қайыру

Ар - уа - ғы ер - дің та - са - ды, Көк(i) ре - гі ой - лап жөн көр - ді

82

e _____ ей

Бесінші мақам

85 жүрдек

88 А _____ ей, ел қай-да, ба - ла, ел қай-да, Ту-ып өс-кен жер қай-да?

91 Не қы-лып жат-қан ба-ла-сың. Кел-бе-ті-ңе қа-ра-сам, Бо-за ра-сың гой со-ла-сың.

94 Ө-зің жал-ғыз ба-ла-сың, Ми-дай жа-зық да-ла-да, Жал-ғыз қа-лай қа-ла-сың.

97 Қал-мақ е - лішп-ты ма, Со-дан е-лім қаш-ты ма? Қо-ныс-ты тас-тап ас-ты-ма?

Айт - шы, кә - не, сен ба - ла, Қа - ны да дұш - пан бас - ты - ма?

99 қайыру

Е _____ ей



Суретші Е.М. Сидоркин

ШЫНТАСҰЛЫ ТӨРЕХАН БАТЫР

Төрехан есімгі эпикалық кейіпкер тек қазақ жырларында ғана кездеседі. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың Н. Байғанин (106-бума), А. Мәмбетов (920/15-бума) жырлаған нұсқалары, Орталық ғылыми кітапхананың қорында Б. Сариманов жырлаған нұсқасы (350-бума) сақталған. Олардың Мұрын жыраудан жазып алынған нұсқадан басты айырмашылығы: ол туындыларда бас кейіпкердің әкесінің аты – Темірхан. Билік үшін болған қақтығыстар Төрехан және онымен әкесі бір, шешесі бөлек бауырларының арасында өрбиді. Ал Мұрын жыраудың «Шынтасұлы Төрехан» жырының басты қаһарманы өз елін қалмақтардың басқыншылығынан қорғау жолында теңдессіз ерлік көрсетіп, даңққа бөленеді. Төреханның туған қарындасының опасыздығынан зардап шегу оқиғасы – әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін архаикалық сарынды пайдаланудың үлгісі.

Жырдың Мұрын жырау нұсқасын зерттеуге М. Ғұмаровадан өзге зерттеушілер онша мән бере қоймағанын мойындауға тиіспіз. Бұл туынды ең алғаш рет 1990 жылы «Батырлар жырының» алтыншы томында жарияланды.

Томды әзірлеу барысында жырдың қолжазба үлгісі бұрын жарияланған басылымдармен салыстырыла отырып қайта қаралды. «Шынтасұлы Төрехан» жырын 1942 жылы жыраудың немересі Д. Сеңгірбаев жазып алған. Қолжазбаның түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (830-бума, 9-дәптер).



Төрехан алты жасында асық ойнап жүреді, балалардың асығын ұтып алды. Төреханның қолындағы асығын балалар тартып алады. Төреханға ешкім болыспаған соң, жылап үйіне келді. Шешесіне келіп жылады.

— Шырағым, неге жылайсың? — деді шешесі. Сонда Төрехан сөйледі:

— Айналайын шешеке,
Балалар ойды көзімді,
Сабады-ау менің өзімді.
Бізде жақын жоқ білем,
Мені сабап жатқанда,
Болыспады бір кісі,
Сүйегім сөйтіп езілді.
«Аламын», — деп басымды,
«Жұламын», — деп шашымды.
Ағайын-туған жоқ па еді?
Болыспады бір бала.
Айналайын шешеке,
Бұл сөзіме, сен, қара.

Сонда кемпір жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Жалғызы жылап жатқан соң,
Анасы қалай шыдайды?!
— Айналайын қарағым,
Атаң — Шынтасхан еді
Білігін жұрттан асырған.
Туған артық жан еді,
Атадан жалғыз сол еді.

Сол айтқаным жол еді,
Атаң артық ер еді.
Ерегіссе ел алған,
Дұшпанын басып кек алған.
Атаң таққа мінген соң,
Ноғаймен халқың демалған.
Аға да жоқ, іні жоқ,
Ерліктен басқа міні жоқ.
Астана жұртты меңгерген,
Азын көпке теңгерген
Артық туған хан еді,
Асылы артық жан еді.
Сонан туған, қарағым
Төрежан, жалғыз бала едің,
Атадан тақ жан едің.
Қарағым, барма балаға,
Өзің баршы қалаға.
Сен түскен соң бұл жерге,
Жүруші едім қуанып.
Терегім өссе дүниеде,
Саясы пана болар, — деп.
Жасы онға келген соң,
Қатарға балам толар, — деп.

Сол кезде Шынтасханның ақтабан қара аты бар еді. Сол қара атқа Төрехан батыр қарады.

Ақтабан атқа барады,
Барады да сол бала
Атқа ерді салады.
Ақтабанды ерледі¹
Ерлеп жүріп терледі.
Ерлегенін баланың

Шешесі мен әкесі
Байқап оны көрмеді.
Ерлеп атты болған соң,
Жүгіріп үйге келеді.
Басына киіп дулыға,
Үстіне киді шарайна.

Әкесі мен шешесі оны көрмеді. Және балдағы² күміс ақ беренді³ бала байлап, үйден найзаны алып шықты.

¹ Ерледі — ерттеді.

² Балдақ — қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.

³ Берен — болат қылыш.

Ақтабан атқа мінеді,
 Атқа мініп алғанын
 Шешесі сонда біледі.
 Келе кемпір сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді.
 Көзінің жасы төгіліп.
 Жылай берді егіліп:
 – Айналайын жалғызым,
 Барасың қайда сен деген.
 Сен кеткен соң далаға,
 Нем қалады өлмеген?!
 Балам болсаң, көріп кет,
 Қолыңнан қазып көміп кет.

Кетпеші сен далаға,
 Егер кетсең далаға,
 Әкең болса қарт болды,
 Кім ие болар қалаға?
 Алсаң, балам, тілімді,
 Ағаң мен жоқ ініңіз,
 Жалғыздығың білінді,
 Атаң – Шынтасхан еді,
 Алпысқа келген шал еді.
 Иесіз қалаң қалмай ма,
 Атаң Шынтасхандарға?
 Дұшпаны көзін салмай ма,
 Қорлыққа басы қалмай ма?

Сол жауапты естіп, үйден қарындасы Ханбибі жүгіріп шығып, ағасының жауға кеткелі тұрғанын көрген соң, сонда қарындасы сөйледі.

Қызың сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Айналайын жан аға,
 Болсын жаным садаға.
 Сен кеткен соң далаға
 Алтын басым күң болар,
 Сіз кетесіз далаға.
 Атаң тұрған алтын тақ
 Есіз қалып тұл болар.
 Орнында оның тұратын
 Сұрасақ сізден кім болар?
 Сіз кеткен соң далаға,
 Жасы жеткен қарт әкең
 Ие бола алмас қалаға,
 Басы қалар бөлеге.

Айналайын ағеке,
 Көзіңмен мені көрсеңші.
 Мынау тұрған атаңа
 Жолығып жауап берсеңші.

Төрехан сонда сөйледі:
 – Ата менен анамыз,
 Жалғыз туған баламыз.
 Қодарқұлдай қалмақтың
 Еліне кетіп барамыз.
 Алла оңғарса жолымды,
 Сол бір жауды аламыз.
 Ата, жауап беріңіз
 Төбесі шоқты қалмаққа
 Ата, келер әліміз, –

деп Төрехан батыр жүрудің қамын ойлайды. Шынтасхан сонда сөйледі:

– Қолыңды жай сен, – деді, –
 Беремін бата – мен, – деді. –
 Жолыңды Құдай оңдасын,
 Қыдыр ата¹ жар болып,
 Қыдыр менен Ілияс
 Болсын сенің жолдасың.
 Тапсырдым Аққа² мен, – деді, –
 Жылап көрген жалғызым,
 Саламат бол сен, – деді.
 Қодарқұлдай қалмағың
 Жеті төре ел еді,

Ақтабандай тұлпарға
 Тек екіайлық жер еді.
 Ақтабан атпен желеді,
 Алты жасар күнінде
 Батыр туған Төрехан
 Іркілмей-ақ жөнелді.
 Мекенді деген ел еді,
 Он сегіз күн болғанда,
 Жетітөре еліне
 Іркілмей батыр келеді.

¹ Қыдыр ата – ел аралап жүретін адам бейнелі әулие, адамға бақыт, дәулет беруші.

² Ақ, Хақ /а/ – шын, шындық, ақиқат; нағыз; Алла Тағала есімдерінің бірі.

Қодарқұл — бұл жердің ханы еді, өзі — бір мықты жан еді. Етірек-күргендегі қызылбасқа аттанып кетіпті.

Есіз жатқан бұл елге
Төрехан ойын салады.
Жеті күндей талқандап,
Елін шауып алады.

Жетігөре қызын алып,
«Қодарқұл қалмақ келсін», — деп,
Сол жерде жатып қалады.

Өзі сол жерде бір ай жатты. Қодарқұл кідіріп келмеді. Қызылбастан жесір алып Қодарқұл қалмақ келе жатқанда, алдымен қалмақтан: «Еліңді ноғай шапты», — деген хабар келеді.

Сонда Қодарқұл оза шапты. Сол жерде екеуі кездесіп, сонда Қодарқұлың сөйледі.

Сонда Қодарқұл сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Менің атым — Қодарқұл,
Мен қалмақтың ерімін.
Енді ноғай өлгенің,
Өлім болды көргенің,
Қаза айдаған сормаңдай,
Қалай мұнда келгенің?

— Мен — ноғайдың елі едім,
Ноғайдан шыққан ер едім.
Шынтасханның баласы
Төрехан батыр мен едім.
Алдым жеңіп қалаңды,
Шулатып қатын-балаңды.
Сендей болған қалмақтың
«Көрейін», — дедім шамаңды,
«Танытайын», — дедім бабаңды.

Сонда Төрехан сөйледі:

Сол бір сөзді айтқан соң, ерлер біріне-бірі шамданып, екеуі жекпе-жекке соғысады.

Қалмақ, ноғай алысты,
Жағаласып қалысты.
Бес күн салды жағалас,
Екеуі де артық ер екен,
Қайраты болды шамалас.
Күн беске толғанда,
Сондай заман болғанда,
Қодарқұлдай қалмақты

Көтеріп алып Төрехан,
Түбі терең, суы жоқ
Бір құдыққа салады.
Жағаласқан жерлері
Ала құйын шаң болды,
Көрмегенге таң болды.
Қодарқұл аузын таспен толтырды.

Сонда Төрехан: «Тағы да қалмақ болар деп, бары келер», — деп, қасына ит ертіп, аң аулап, сонда жата береді.

Ендігі сөзді Төреханның қарындасы Ханбибіден естіңіз.

Сонда Ханбиби әкесі Шынтасқа келіп айтады:

— Әке, менің жалғыз ағам Төрехан келмеді, кешікті. Маған бір желмая бер, — деді. — Сол жалғыз ағамды іздейін, құр басым үйде отырып не етемін, — деді.

Сонда Шынтасхан: «Бұл қарағым әйел де болса қатарға енген екен, ағасын іздеймін дегені қандай жақсы!», — деп қуаңды.

Желмаяны алдырды да, азық-түлік тамақ берді. Қызды жөнелтіп жіберді.

Қыз бірнеше күн жүріп, қалмақтың елінің шетіне жетті. Келсе, қырылып жатқан адамды көрді.

— Алда, жалғзынан жабысқыр-ай, жан қоймаған екен, — деп, Ханбибі ағасын қарғай берді және Қодарқұл, Төреханның жағаласқан жеріне келіп: «Бұл не қылған шаң?» — деді. Маядан түсіп қарап және сол жерде қазандай қара тас көреді. Тасты аударып, астында бір құдық көрді. Құдыққа еңкейіп тұрып:

— Бұл құдықта кім бар? — деп сұрады. Сонда Қодарқұл қызға сөйлей бастайды:

— Болайын шешең — мен, — деді, —
Шығара көрші, сен, — деді.

— Мен шешесіз қалайын, — деп, Қодарқұлды кесекпен ұрды.

— Болайын әкең — мен, — деді, —
Шығара көрші, сен, — деді.
Құдықта жатып Қодарқұл
Қақсап сөйтіп сөйледі.

— Мен әкесіз қалайын, — деп, тағы да ұрды кесекпен.

— Болайын ағаң — мен, — деді, —
Шығара көрші, сен, — деді.
Осылай деп Қодарқұл
Тағы да айтып сөйледі.

— Мен ағасыз қалайын, — деп, тағы ұрды.

— Болайын інің — мен, — деді, —
Шығара көрші, сен, — деді.
Құдықта жатып Қодарқұл
Қоймай қақсап сөйледі.

— Мен інісіз қалайын, — деп, тағы да ұрды.

— Болайын байың — мен, — деді, —
Шығара көр сен, — деді.
Сонда қыз:
— Қалай шығарайын мен, — деді.
— Арқанды сал сен, — деді.
Арқанды салып қалады,
Қодарқұлдай қалмақты
Қауғадай тартып алады.

— Мен жүре алмаймын, буыным бітіп қалыпты, — деді.

Сонда қыз арқалап,
 Көтере алмай қайқалап:
 «Жорға жүріс жоқ-ты, — деп, —
 Аяң жүріс көп-ті, — деп, —
 Осы жүрісім епті», — деп,
 Қызарады, бөртеді,
 Аяңдайды, жортады.
 Алып келіп үйіне,
 Кең сандыққа салады,
 Қодарқұл жатып қалады.
 Төрехан сыртқа кеткенде,
 Ойнап қызық алады.

Төрехан үйге келген соң,
 Оның бірін білдірмей,
 Отырып қызың қалады.
 Төрехан үйге келгенде,
 Сандықты мықтап жабады,
 Қодарқұлды бағады.
 Дым көрмеген кісідей
 Қарындасы сөйтіп жағады.
 Қарындасы мен Қодарқұл
 Бір күні кеңес құрады.
 «Төреханды қалай өлед?» — деп
 Бір-бірінен сұрады.

Қодар айтты:

— Елік суы деген су бар, ол судың басында Қазанбас қара дәу бар, бар-са, ол Төреханды өлтіреді, — дейді. — Төрехан үйге келгенде, сен ойдан қырға домала.

— Іші-бауырым жанды де,
 Мені Құдай алды де.
 Торсықты алып іліп қой,
 Осы айтқанды біліп қой.

Өлдім енді мен, — дейді.
 Елік суын мен ішсем,
 Қанар едім шөлімнен,
 Құтылар едім өлімнен де.

Қарасын оның көргенде,
 Ойдан қырға домалап,
 Келе жатқанда Төрехан
 Қызың онда қарады,
 Өртеніп іші барады,
 Төрехан жетіп келеді.
 — Айналайын жан аға,

Сонда Төрехан
 Шыдамады бауырға,
 Кететін болды кәуірге¹.
 Тастан салған табан жол,
 Тәңірі оңдаса аман жол,
 Оңдамаса, жаман жол.

Сол жолмен кетіп бара жатқанда Шыман ханның қызы Шыңбике сұлу бар еді. Төрехан атқа мініп шыққаннан, сол қыз жансыз² салдырып қойып еді. Сол Төреханның не істегенін, қарындасының не істегенін Шыңбике білуші еді.

Шыңбике сұлу Төреханның жолына, таспен салған табан жолға алты қатар үйді тіктіріп, алты қанат ақ үйдің есігінен құдық қаздырып қойдырды және үстіне мата төседі. Мақпалмен³ бетін жауып қойды. Төрехан келіп тұсынан:

— Кім бар? — деп мұнда шақырды.
 — Шықпаймын үйден мен, — деді, —
 Мазамды алма сен, — деді.

Сонда Төрехан:
 — Келтірмейтін мені, — деп, —
 Өлтірейін сені, — деп,

¹ Кәуір — кәпір.

² Жансыз — тыңшы.

³ Мақпал — жылтыр түкті, жұмсақ қалың мата.

Суырып алып қылышын,
Шығарды қатты дыбысын.
Үйге кіріп келеді,
Есікті сонда ашады.
Табалдырықтан бұлай сап,
Аяғын сонда басады.
Басып қалды мақпалды,
Ішіне түсіп кетеді.
Сонда Шыңбике сұлу келеді,
Отыра қалып құдыққа,
Келе сөйлей береді:
— Асыл туған сұңқарым,
Шаршамас мінген тұлпарың,
Алдың алыс жер, — деді, —
Барма соған, ер, — деді. —
Тілімді алсаң бармағын,
Қарындасың көуірді
Сіздей болған ерлерден
Қодарқұлды көрді тәуір-ді.
Қодарқұлды алулы,
Кең сандыққа салулы,

Жақсы қылып бағулы,
Не құлқын іздеп табулы.
Ол залым қылды қалаға,
«Бармасын, — деді, — ата менен анаға».
Сіздей асыл жандарды
Қодардан қылды садаға.
Бармағын, батыр, сен, — деді. —
Осы айтқанның бәрі рас,
Аштырып кең сандықты,
Қодарқұлды көр, — деді.

Сонда Төрехан тұрып сөйледі:
— Қарындасым бауыр-ды,
Жақын қылып алмайды
Менен артық көуірді.
Қодарқұлды алған жоқ,
Оның түскен шыңырауға
Қарындасым барған жоқ.
Қалайда болса кетемін,
Қазанбас дәуді өлтіріп,
Елік суға жетемін.

Шыңбикенің қасында үш күн жатты. Төртінші күні бір құлды Төреханға қара құс қылып дуалап берді. Осы құсты дуалап берген соң, Шыңбике айтты:

— Осы барғаннан барып ақтабан тұлпарды бір күн жарымдық жерге тастап, мына құсқа мініп бар да, суды ал да қаш. Ол жұма күні түске шейін ұйықтайды. Сол судың сылдырынан оянып қуар, қуса жетпей қоймас, қол оқпен¹ оң қанатын атып сындырсаң, қалады, — деді. — Егер сындыра алмасаң, сенің өлгенің, — деді.

Қыздың айтқанындай күн жарымдық жерге барып атын тастап, өзі жаяу емес қара құсты мініп келеді. Келсе, айтқанындай ұйқыға кіріскен екен. Торсықты батырып ала қашты. Судың сылдырынан дәу оянып, орнынан тұрды.

Тұра дәуің қуады,
Құмай қалай тұрады?!
Күн бесінге толғанда,
Біраз заман болғанда,
Артынан қуып жетеді.
Артынан қуып жеткен соң,
Ататұғын талабын

Төрехан батыр етеді.
Артынан қуып келгенде,
Батыр туған Төрехан
Дәлдеп дәуді атады.
Оң қанаты сынған соң,
Сұлап дәуің жатады.

Шыңбикенің үйінде Төрехан тағы үш күн жатып, сол мезгілде Төрехан қарындасын ойлап, елге баруға талаптанды. Бірнеше күн жүріп еліне келді.

¹ Қол оқ — жебе.

Елге жақын келген соң,
 Көрінген соң қарасы,
 Ойбай салып жылайды,
 Қарындасын қарашы.
 Түсе қалып Төрехан
 Суды алып береді,
 Су екенін көреді.
 Ішіп алып Ханбибі

Сонда демін алады,
 Өлімінен қалады.
 Аң қағуға Төрехан
 Енді шықты далаға.
 Қарғылы тазы ерітіп,
 Ақсұңқарын қондырып,
 Ақ найзасын қолына ап,
 Қарап жүрді қыдырып.

Қодарқұл мен Ханбибі тағы кеңесті. Біріне-бірі ақыл берді, сонда Қодарқұл:

— Сен ағаңнан: «Аға, сенің үзбейтін затың бар ма?» — деп сұра, — деді қызға.

Төрехан келген соң қыз отырып:

— Аға, темірді болса үзесің, ал саған өтетін қару бар ма? Үзбейтін затың бар ма? — деп сұрады. Сонда Төрехан:

— Адам болсын, жан-жануар болсын өз түгін үзе алмайды деген, айдарымды үзе алмаспын, — деді.

Қыз:

— Оны немен кеседі? — деді.

— Оны табанымда алтын кездігім бар, сол кеседі, — деді.

Төрехан жатып ұйықтағанда, айдарын кесіп алып, кескен соң, жіп қылып есіп алады.

Қол-аяғын байлаған,
 Қозғалмастай сайлаған
 Қарындасы Ханбибі
 Ағасын сөйтіп жайлаған.
 Қасындағы терекке
 Төреханды байлаған.
 Байлап оны болған соң:
 — Аға, енді, тұр, — деді,
 Тұрса қолы байлаулы.
 Кең сандықты ашады,
 «Қодарқұлға тұр», — деді.
 — Мынау залым ноғайды
 Байладым, мұны ұр, — деді.
 Түрегеліп Қодарқұл
 Қылышын сонда сермеген,
 Салды және найзасын.
 Біреуінің де тимеді
 Өлтіруге пайдасы.
 Сол уақыт болғанда,
 Тепкіледі Қодарқұл
 Төреханның басына.
 Төреханды теуіп жатқанда,
 Барып тұрды қарындас

Төреханның қасына.
 Төрехан сонда мұңайды,
 Өксіп-өксіп жылайды,
 Жылап жатып жырлады:
 — Айналайын егізім,
 Алтын еді лебізің.
 Ноғай деген ауылым
 Аралап өзім көрейін.
 Өзіңнен қатар бір жанға
 Қарағым, сені берейін.
 Босатсаңшы қолымды,
 Туғандығың қай жерде?
 Мынау құлға тептіріп,
 Қайнаттың ғой сорымды.
 Ата мен қайда анамыз?
 Біз солардың баламыз.
 Ата тілін алмадым,
 Ана тілін алмадым,
 Ақырында қор болып,
 Бір ағаштың түбінде
 Саулы інгендей зарладым.

Сонда қызың сөйледі:

— Мұнан жақсы өлгенің,

Өлім болсын көргенің,
Байлансын сенің тіліңіз,
Өшсін сенің үніңіз.
Естімеймін сөзіңді,
Алсын Құдай өзінді.
Қодарқұлдай бекзада
Ойсын сенің көзіңді.

Сол уақыт болғанда,
Аулы көшіп кетеді.
Төрехандай ерлерді
Ағашқа байлап оны да,
Тойын соның етеді.
Теректе жатып Төрехан
Соның айтқан сөзі екен:

– Бір ағаштың түбінде
Байланып енді қалғаным.
Ата-ананы көре алмай,
Болды күшті арманым.
Бұл ағаштың түбінде
Тұруға жоқ-ты дәрменім.
Оңғарылып жел шығып,
Естілер ме екен дауысым
Ақ сүт берген анаға,
Өсірген жастан атаға.
Көруге бізге күн қайда
Мекен салған қаланы?!
Ойлай ма екен ата-анам
Біздей жалғыз баланы?!

Сол күні түнде Шынтасхан түс көрді, түсінде жаман іс көрді. Ертең таң ата желмаяны алдырып, Төреханды іздеді. Бірнеше күн жүріп, терекке байланып жатқан Төреханның үстіне келді. Сонда «Не қылып жатқан баласың?» – деп сұрады. Шынтастың айтқаны:

– Не қылып жатқан баласың?
Қу ағашқа байлаулы,
Бекітіп жақсы сайлаулы.
Жапанда жатқан жас бала,
Жаудан көріп қорлықты,
Болыпсың шын масқара.
Бала, сенің не еткенің,
Балалықты етіпсің.
Оның қайда кеткені?

Сонда Төрехан мұңайды,
Жатып сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді.
Төрехан танымады бабасын,
Шынтас хан танып тұр туған баласын.
– Жасың үлкен жан баба,
Босатсаңшы менің қолымды.
Дүниеде бейбақ мен болдым,
Оңдамаған Құдай жолымды.

Сонда Шынтас хан түйеден түсе қалып, баланың қолын босата бастады. Баланы бал, миуамен тамақтандырды, сол жерде бір күн жатты, қабағын ашты, аяғынан тұра бастады.

Айнала тұра қалады,
Терекке қолды салады,
Теректі түбімен суырып алды.

Теректі иығына салып алды,
Еліне Қодарқұлдың қайта барады.

Қодарқұл Төреханның қарындасын алмай, отын-суға салған екен, өзі Жетітөренің қызын алған екен. Сөйтіп соры қайнап, көзі жайнап қалған екен. Қодарқұлдың үйінің алдына келіп:

– Шық бері! – деп ақырды.

Үйден шыға келгенде,
Қодарқұлдың басына

Терекпенен салады.
 Құл жығылып қалады,
 Үстіне мініп алады.
 Қарындасын шақырды:
 – Етегіңді жайыңыз,
 Мінеки, бауыздалды ғой сорлы
 Ағанды сатып алған бай, – деді.

Қодарқұлды өлтіріп,
 Ақтабан атқа мінеді,
 Қару-жарақ іледі.
 Қалмақтың бірін тастамай,
 Үш күндерде жинады,
 Шауып атты қинады.

Үш қонып шыққаннан кейін Шынтас хан Төреханға былай деп жауап айтты:

– Біз Шынтас деген бабаңыз, Сен едің біздің баламыз. Бозтеректе жатқанда Келіп тұрдым қасыңа. Шештім сенің қолыңды,	Оңғарды Құдай жолыңды, Берегірек кел, – деді, – Атаңның жүзін көр, – деді. – Ақ жүзіңнен сүйейін, Сағынып келдім мен, – деді.
---	---

Сонда Төрехан әкесі екенін сонда біліп, әкесіне сөйлей бастады:

– Айналайын жан баба,
 Саламат күйлі бармысың?
 Аман ба үйде анамыз?
 Алла оңғарса сапарды,
 Біз де елге барамыз.
 Анаға сәлем береміз,
 Ананың жүзін көреміз.

Сонда қалмаққа хабар салды. Жинап парымен бес жорға алды, күй-мелі арба алды, үстіне шатыр құрды. Шынтасқа алтыннан тон кидірді. Отыратын жеріне мақпал төсеп, бір арбаға Шынтас мінді, екі кісіге қызметін істетті.

Сонда қарындасы қалмақтардың артында жаяу жүгіріп келеді. Үшкүндік жерге келгенде, Төрехан ілгері озып кетеді. Ордасының сыртына келіп дауыстап шақырады. Сонда шешесі:

– Шығатын адам жоқ, – деді.

Төрехан сөйледі: – Төрехан келді балаңыз, Үйде бар ма анамыз? Сол жауапты айтқанда,	Жүгіре шыға келді анасы. Аттан түсе қалады Төрехандай баласы. Анасы сонда сөйлейді:
--	--

– Айналайын қарағым,
 Жаулы жерде жарағым,
 Сағынып көрген беренім,
 Сағынған күні керегім,
 Сағынған мұнда-ай келдің бе,
 Төрехан сынды шырағым?
 Бауырыма басайын,
 Жабыққан көңіл басылсын.
 Келдің бе, қарағым, бабаңды,

Көрдің бе іздеп, қарағым,
 Ақ сүт берген анаңды?
 Мекендеген көрдің бе
 Өзің туған қалаңды?
 Разымын бергенге,
 Дидарыңды көргенге,
 Қабыл болып тілегім.
 Мен Құдайға ырзамын
 Бітсе де бүгін сүрегім¹.

Шыман ханның қызы Шыңбике сол уақытта Төреханның тойына келіп қалды. Тоқсан баулы ноғайға хабар салды, баршасын ноғайлының жиып алды. Тоғыз күн той, он екі күн ойын болды. Былайғы жұрт тарап кеткенде, қарындасы тұрып қалды. Қарындасына айтты:

– Саған не керек, қырық қысырақ² аламысың, қырық қыңырақ³ аламысың? – деді.

Сонда қарындасы:

– Қыңырақ құрысын, қысырақ аламын, – деді.

Құлдарға қырық қысырақ алдырды, қырық қысырақтың құйрығына байлады. Қырық қысырақ қырық бөліп алып кетті.

Сонан бай болып, барша мұратына жетті.



¹ Сүрек /о/ – срок, мерзім, уақыт.

² Қысырақ – үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып, құлындамаған жас байтал не бие.

³ Қыңырақ – қанжардың түрі.

Бірінші мақам

Орындаған: Садықов Аманқос
Нотаға түсірген: Игілік Баян

жүрдек

4 Е "Ай-на-ла-йын ше-ше- ке, Ба-ла-лар ой-ды кө-зім- ді,

7 Са-ба-д(ы)ау ме-нің ө-зім- ді. Біз-де жа-қын жоқ бі-лем, Ме-ні са-бап жат-қан- да,

10 Бо-лыс-па-ды бір кі- сі, Сү-йе-гім сөй-гіп е-зіл-ді. А-ла-мын деп ба-сым- ды,

12 Жұ - ла- мын деп ша-шым- ды. А - ға -йын ту - ма жоқ п(а)е- ді?

14 Бо - лыс - па - ды бір ба - ла. Ай - на - ла - йын ше - ше - ке,

Бұл сө - зі - ме, сен, қа - ра." Е

Екінші мақам

жүрдек

16 А Сон-да кем-пір жы-лай-ды, Сон-да кем-пір жы-лай ды,

19 Кө - зі - нің жа - сын бұ - лай - ды. Жал-ғы - зы жы - лап жат - қан соң,

21 А - на - сы қа - лай шы - дай - ды? "Ай - на - ла - йын қа - ра - ғым,

23 А - таң Шын-тас - хан е - ді, Бі - лі - гін жұрт-тан а - сыр - ған."

Үшінші мақам

жүрдек

25 А сон-да қы-зың сөй-ле - ді, Сөй-ле-ген-де бүй де - ді:

28

31 "Ай-на-ла-йын жан а-ға, Ай, бол-сын да жа-ным са-да-ға. Сен кет-кен соң да-ла-ға.

34 Ал-тын ба-сым күң бо- лар, Сіз кет-ке-сін да-ла-ға. А-таң тұр-ған ал-тын тақ,

37 И-е-сіз қа-лып тұл бо- лар. Ор-нын-да о-ның тұ-ра-тын, Сұ-ра-сақ сіз-ден кім бо- лар?

40 Сіз кет-кен соң да-ла-ға, Жа-сы жет-кен қарт ә-кең. И - е бо-л(а)ал-мас қа-ла-ға,


43 Ба-сы қа-лар бә- ле- ге. Ай-на- ла-йын, а - ге - ке, Кө-зің-мен ме- ні көр-сең-ші.

Мы - нау тұр - ған а - та - ға, Жо - лы-ғып жа - уап бер - сең - ші."



СУРЕТТІ СӨЗДІК

Адырна — жақтың (садақтың) ату қызметін атқаратын негізгі серпінді бөлігі. Адырнаның иіні, екі басы, белі әртүрлі ағаштан жасалып, иіні серпінді болу үшін мүйізбен, белі берік болу үшін сүйекпен күшейтіліп, өн бойына тарамыс жапсырылып, сырты қайыңның тозымен қапталады. Ату үшін адырнаға қайыстан, тарамыстан немесе жібектен керме жіп — кіріс байланады. Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауының орнына метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауы магиялық жанама атау ретінде қолданылды. Бұл магиялық ғұрып бойынша, әскери істе қолданылатын заттың өз атын басқа атауымен ауыстыру оның зиянды кесірінен сақтайды деп саналған. Сондықтан «адырна» атауы жақтың негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі болғандықтан, ол жақ атауының орнына, оның эвфемистік жанама атауы ретінде де қолданылған.





Айбалта — жүзі өткір, жалманы жарты ай сияқты дөңгеленте соғылған жауынгерлік балта. Жүзінің дөңгеленген түрде жасалуы айбалтамен шабу арқылы да, кесу арқылы да зақым салуға мүмкіндік береді. Кейбір айбалталардың шүйдесі балға түрінде жасалып, қосымша ұру, соғу арқылы зақым салу үшін де қолданылған. Орта сапты айбалта ат үстінде соғысуға арналса, ұзын сапты айбалтаны хан ордасының күзетшілері ұстаған.



Ақ алмас — қару жасауға қолданатын шынықтырылған асыл болаттың бір түрі. Суғарылған құрыштың қазіргі атауы — «болат (фулад, пулад)» сөзі түркі тіліне парсы-араб тілінен ауысқан, түркі тіліндегі асыл құрыштың бұрынғы төл атауы «алмас» болатын. Алмастың суғару барысында қабылдайтын түсіне қарай оның «ақ алмас», «қызыл алмас» деп аталатын түрлері болды.



Алмас — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса қаттылығымен және иілгіштігімен ерекшеленетін шынықтырылған асыл құрыш темірдің түркі тіліндегі көне атауы. Кейін түркі тіліндегі «алмас» атауын араб-парсы тілінен енген «болат» (ар. фулад) сөзі ауыстырған (қараңыз: **болат**). Балқыту барысында пайда болатын сапасына сәйкес алмас ақшыл немесе қызғылт түске енетіндіктен, оның түрлерін «ақ алмас» және «қызыл алмас» деп атаған. «Қызыл алмас» сапасы жағынан алмастың ең асылы саналған. Алмастан найза, қылыш, семсер, айбалта бастары, дулыға және сауыттар соғылған.



Ақ балдақ (көк балдақ) — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін эвфемистік жанама атауы. Қылыштың, семсердің сабы мен басының арасында көлденең орналасқан тірегіш темірі — «балдақ» жауынгердің қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды конструкциялық элементтің қызметін атқарады. Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімде-

рі бойынша, әскери істе қолданатын құралдың өз атын атамай, оны метонимиялық әдіспен бөлігінің немесе материалының атауымен ауыстырып, эвфемистік жанама атаумен атайтын болған. Бұл магиялық ғұрып бойынша, қолдану барысында құралды және адамды зиянды рухтардың кесірінен сақтайды деп есептеледі. Балдақ қарудың маңызды бөлігі болғандықтан, соғылған болатының — ақ алмастың түсіне байланысты «балдақ» атауына «ақ» сөзі қосылып, темірден жасалса, «көк» сөзі қосылып айтылып, метонимиялық әдіспен «ақ балдақ (көк балдақ)» атауы қылыштың, семсердің өз атауының орнына олардың магиялық жанама атауы қолданылды.

Ақ берен — жауынгерлік қару-жарақтың кейбір түрлерінің эвфемистік жанама атауы. Берен сөзі тілімізде «асыл болат» деген мағынаны білдіреді (қараңыз: **берен**). Көне магиялық түсініктердің негізінде пайда болған лингвистикалық тыйымдарға (табу) байланысты көшпелі түркі халықтарында әскери кәсіпте қарудың өз атауы метонимиялық әдіспен оның материалының немесе бөлігінің атауымен ауыстырылып айтылған. Дәстүрлі кәсіби істе қолданылатын заттың өз атын атауға тыйым салу қолдану кезінде оның зиянды кесірінен сақтайды деп сенген. Сондықтан қазақ тілінде «ақ берен» сөзі ақ болаттан соғылған кейбір қару-жарақ түрлерінің өз атауының орнына қолданылған эвфемистік жанама атауы болып қалыптасты. Халық

ауыз әдебиетінде «ақ берен» сөзі үш мағынада қолданылды: 1) оқпаны ақ береннен соғылған ескі мылтықтың бір атауы ретінде; 2) жүзі ақ береннен (болаттан) соғылып жасалған қылыштың (семсердің) бір атауы ретінде; 3) қорғаныс тақталары береннен соғылған сауыттың бір атауы ретінде.

Ақ сауыт — металдан жасалған сауыттар тобының ортақ атауы. Қазақтардың дәстүрлі қару-жарақ атауларында металдан жасалған қару-жарақ атауларына кейде «ақ» сөзі қосылып айтылып, олардың ақ алмастан (болаттан) соғылғанын көрсетеді. Сондықтан болаттан соғылып жасалған сауытты кейде «ақ сауыт» деп те атайды. Осы мақсатта металл сауыттардың «көбе», «кіреуке», «берен сауыт» сияқты жеке түрлерінің атауына кейде «ақ» сөзі қосылып, «ақ көбе», «ақ кіреуке», «ақ берен» деп те атайды. Органикалық материалдардан (сүйек, мүйіз, теріден) жасалған сауыттар атауында «ақ» сөзі қолданылмайды.

Ала балта — басы, сабы әшекейленіп жасалған жауынгерлік балта. Қазақ ұсталары кейбір балталардың басын алтынмен және күміспен булау, алтынмен және күміспен қақтау әдістерін қолданып, әшекейлеп жасаған.




Алдаспан — басының жалманы жалпақ болып келген, қынсыз, жалаң ұстайтын үлкен, ауыр қылыш. Ауыр қару түрі болғандықтан, алдаспандарды тек мықты батырлар ғана ұстап, оны иыққа қойып алып жүрген. Алдаспан негізінен жаудың темір сауытпен қаруланған жауынгерлеріне қарсы қолданылды, ал отқарудың пайда болуына байланысты ауыр қаруланған атты әскердің жоғалуымен алдаспан да XIX ғасырда жауынгерлік қолданыстан шықты.



Алты қырлы мылтық — оқпанының ұңғысы алты қырлы болып соғылған мылтық атауы. Ескі мылтықтарда оқпанның ұңғысының ішін қырлап жасау мылтықты атқанда оқтың түзу, алысқа ұшу мүмкіндігін арттырған. Ұңғысының қырлылығына сәйкес оқпанның сырты да алты қырлы болып соғылған.



Алтын балдақ — қылыш, семсерлердің халық ауыз әдебиетінде кездесетін бір атауы. Балдақ — қылыш, семсер, қанжарлардың адам қолын қарсыластың қаруынан қорғап тұратын маңызды құрылымдық элементі. Қолға ұстағанда да, қында тұрғанда да қылыш, семсерлердің балдағы көрініп тұрады. Бұл ерекшелік асыл, бағалы қылыш, семсер балдақтарының сәнді, әсем болуын қажет еткен. Сондықтан балдағы алтындалып әшекейленген қылыш, семсерлерді жанамалап «алтын балдақ» деп те атаған.




Алтын дулыға — төбесі алтынмен әшекейленіп жасалған дулыға. Мұндай дулыға адамның биік әлеуметтік мәртебесінің белгісі болып саналған. Сондықтан алтын өрнектеліп әшекейленген дулығаларды хандар, атақты батырлар киген.



Алтын садақ — жақтың алтындалып әшекейленген қабы. Садақтың қабы теріден, матадан тігіліп жасалып, беттері өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әсемделіп, түсті жібек жіптермен кестеленген. Алтын әшекейлермен көркемделіп, алтынмен кестеленіп жасалған сәнді садақтар «алтын садақ» деп аталған. Мұндай садақты көбіне хандар, сұлтандар, қолбасшылар сән-салтанат үшін таққан.



Арғымақ — жүйріктігімен, алысқа шабар ұшқырлығымен ерекшеленетін асыл тұқымды жылқы. Арғымақтың дене бітімі сұлу, шоқтығы биік, белі ұшқыр тазының беліндей иілген, жіңішке мойынды, басы кішкене келген, аяқтары ұзын, жіңішке, тұяқтары кішкентай, құйрық, жалы қысқа, жүні тықыр болады. Яғни, оның тұла бойында жүйріктік пен шабысқа бейімділік көрініс тапқан. Арғымақ — қазақтардың жергілікті табиғи ортаға бейімдеп өсірген өзіндік асыл жылқы тұқымының бірі.



Қазақ арғымақтарының негізі таза қанды түрікменнің ақалтекесі (текежәуміт) немесе таза қанды араб жылқысы болды, бірақ қазақ даласына, оның климатына сәйкес бейімделіп өсірілгендіктен, ыстық-суыққа төзімділігі, алыс қашықтыққа шабуға шыдамдылығы жағынан олардан асып түседі. Арғымақ жақсы күтімді, ерекше баптауды қажет ететін бағалы асыл тұқымды жылқы болғандықтан, оларды хандар, билер, батырлар, байлар мінген.



Әзірет Әлі/Ғали — төртінші халиф (656—661 жылдары билік құрған), мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры, Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы. Тарихи тұлға Әлі ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киеленіп, мұсылман мифологиясының мифтік кейіпкеріне айналды. Мұсылман аңыздарында Әзірет Әлінің жасаған бірнеше қаһармандық ерліктері мен кереметтері, дана биліктері, одан қалған көптеген нақыл сөздері айтылады. Мұсылман бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі оның киелігін көрсететін

белгісі — басының сыртын қоршаған жалынмен, қолында Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған екі басты қылышы — зұлпықармен, жауынгерлік аты — Дүлдүлмен бейнеленеді. Ислам дінін қабылдаған соң Әзірет Әлі қазақ батырларының қолдаушы киелі пірлерінің біріне айналды. Қазақ батырлары жорықта, соғыста, шайқас алдында, жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда басқа пірлерімен бірге Әзірет Әлінің де киелі есімін атап,

сиынып, одан қолдау сұрайтын болған. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Әзірет Әлінің есімі батырлықтың символына, атақты қылышы — зұлпықар асыл қылыштың символына, эпитетіне, оның жауынгерлік аты — Дүлдүл батырдың тұлпарының эпитетіне айналды. Әзірет Әлі қазақтың халық ауыз әдебиетінде «Алланың Шері», «Арыстан», «Шер Әлі», «Әлі шер», «Шаһимардан» деген бірнеше лақап аттарымен де аталады.

Баба Түкті Шашты Әзіз — қазақ батырларының аңызға айналған пірі, ол қазақ фольклорында әулие кейпінде суреттеледі. Бұл батыр-әулиенің шашы ұзын, денесін түк басқан, қасиетті күш иесі болғандықтан Баба Түкті Шашты Әзіз аталған. Бұл мифтік тұлға қазақтың батырлар жырында бас кейіпкерлерге қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мұсылман аңыздары бойынша, ол — халиф Әбу Бәкірдің ұрпағы, Меккеде патша болған әулие саналады. Ортағасырлық түркі тілді жазба әдебиеттерде Баба Түкті Шашты Әзіз түркі халықтарына ислам дінін таратқан әулие батыр, қолбасы ретінде суреттеледі. Қазақ ауыз әдебиетінде Баба Түкті Шашты Әзіз Алтын Ордада билік жүргізген Едіге бидің бабасы ретінде көрінеді. Баба Түкті Шашты Әзіз мазары Жамбыл облысы Құмкент ауылының маңындағы Жылыбұлақ деген жерде орналасқан. Қазақ арасында тараған аңыз бойынша, оны салдырған бабаның жетінші ұрпағы Едіге батыр көрінеді.

Бадана көзді кіреуке — ірі темір шығыршықтардан тоқылған кіреуке сауыт түрі (қараңыз: **кіреуке сауыт**). Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі халықтық терминология бойынша «көз» деп аталды. Әр кіреукеде шығыршықтардың көзі (ішкі диаметрі) әртүрлі болатындықтан, бұл параметр кіреуке типін анықтайтын басты өлшем (критерий) болды. Шығыршық көзінің көлемі «бадана» атты өсімдік пиязшығының көлеміндей болатын кіреуке сауыт түрін қазақтар «бадана көзді кіреуке»/«бадана кіреуке»/«бадана» деп атаған. Ірі шығыршықтардан тоқылып жасалған бадана кіреуке сауыттардың ішіндегі ең берігі саналды. Сәнді баданалардың жеңі, етегі бірнеше қатар жез шығыршықтармен, жағасы алтындалған шығыршықтармен тоқылған.



Байрақ — ағаш сапқа, қару-жараққа, тағы басқа заттарға тағылатын арнайы айыру белгі. Байрақ жібектен, болмаса аттың, қодастың құйрығының қылынан жасалған шашақ, қабыланның (барыстың) құйрығынан және түсті матадан тігілген бау түрінде жасалып, ағаш сапқа не

найзаның басына жекелеп немесе қосарлана тағылған. Байрақтардың басы киелі символдармен, бейнелермен әшекейленген. Түркі халықтарының әскери ұйымдарында ағаш сапқа немесе найза басына тағылған байрақ әдетте әскер қосындарындағы ондық, жүздік бөліктерінің әскери белгісі болды. Осы әскери бірліктерді басқаруға әскербасылық қызметке тағайындалған батырларға, әскербасыларға лауазым белгісі, әскери билік белгісі ретінде байрақ тапсырылған. Шайқаста әскерді басқару барысында әскербасы байрақты түрліше қозғау — сілтеу, айналдыру, бұлғау арқылы әскерге түрлі дыбыссыз сигнал беру үшін де пайдаланды. Қыл, жібек шашақ, мата бау түріндегі байрақтар ту дәрежесінің жоғарылығын білдіретін белгілер ретінде әскери тудың басына тағылып, оның бір құрамдас элементі де болды.



Балта — шабу арқылы зақым салатын жауынгерлік қару. Жауынгерлік балталардың басы болаттан, темірден соғылып, сабы қатты ағаштан жасалып, шығып кетпес үшін басы сабына қосымша екі темір бекітпелер арқылы ұстатылады. Қазақ балталарының жүзі әдетте күміс қақтау, алтын-күміспен булау, қырнау әдістері арқылы, ал металмен қапталған саптары



баспалау әдісі арқылы өсімдік өрнекпен әшекейленеді.


Батыр/бахадүр — көшпелі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер әлеуметтік жігінің өкілі. Адамзат қауымында қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде соғыс ісімен, әскери іспен кәсіби деңгейде айналысатын адамдар қоғамда жеке әлеуметтік топ болып қалыптасты. Көшпелі түркі-моңғол халықтарында кәсіби әскерилерді «батыр (бахадүр)» деп атаған. Бірақ кәсіби әскерилер әулетінен шықса да «батыр» атағына адам соғысқа қатысып, өзінің жеке ерліктерімен көзге түсіп, жауынгерлік қасиеттері арқылы ие болған. Батырлар

айыру белгісі ретінде баскиіміне, дулығаға құс қауырсындарынан жасалған «жыға» шаншып, найза мен сүңгілеріне өздерінің жеке туларын тағып жүрген. Батырлар көшпелілердің көп ғасырлық әскери тәжірибесін жинақтаушы, соғыс ісі дәстүрін сақтаушылар болды. Батырлардың ерекше әлеуметтік жік ретіндегі басты сипаты — олардың тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Әскери кәсіп батырлар әулетінде атадан балаға мұра болып қалатын кәсіп болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан жауынгерлікке, батырлыққа дайындалып, соғысқа қатысып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болды.

Бек сауыт — жиектері темір шығыршықтармен жалғасқан жіңішке кішкене болат пластиналардан теріліп жасалған шығыршықты-пластиналы сауыт түрі. Бұл сауыт атауының түбірін қазақ тілінде «берік» деген мағынаны білдіретін «бек» сөзі құрайды. Яғни, «бек сауыт» атауы «берік сауыт» дегенді білдіреді. Бұл сауыт түрі ауыз әдебиетінде «бек сауыт» деп аталса, жазба дереккөздерде бұл сауыттың түркі тіліндегі басқа атауы — «бектер» атауын кездестіреміз.



Берен — қару-жарақ соғуға қолданылатын асыл болаттың қазақ тіліндегі бір атауы. Асыл болаттың соғу барысында қалыптасатын өзіндік құрылымынан туындайтын ерекше өрнегі болады. Шығыста болаттың бұл өрнегін асыл матаның өрнегіне ұқсатып арабша-парсыша «пиринд»/«фиринд» деп атап, метонимиялық әдіспен өрнекті болатты да «фиринд» деп атаған. Қазақ тілінде бұл атау «берен» болып өзгеріп, асыл болаттың атауы ретінде қолданылды.




Берен оқ — жебесі берен болаттан соғылған садақ оғы. Береннен әдетте сауытбұзар оқтың жебесі соғылды. Берен оқты батырлар жекпе-жекте сауытпен жарақтанған жауға қарсы қолданған.



Берен мылтық — оқ атқанда жарылмас үшін оқпаны береннен (асыл болаттан) соғылып жасалған мылтықтың эвфемистік атауы. Берен болаттан соғылған оқпанда асыл болатқа тән өзіндік өрнегі көрініп тұрады.

Берен сауыт — болат тақталарды жұмсақ астардың ішінен бекітіп жасаған сауыт түрі. Оларды бекітетін қайырма шегелердің бастары сауыттың мата тысының сыртына шығып тұрды да, белгілі бір өрнек құрап орналасты. Сәнді болу үшін әдетте шегелердің бастары түрлі пішінді болып жасалып, алтынмен әшекейленді. Қазақтар бұл сауыт түрін «беренді (беренгілі) сауыт»/«берен» деп атаған, яғни «берен (болат) тақталы сауыт» деген сөз.



Болат/полат — дайындау әдісіне сәйкес өзіндік ерекше құрылымымен, өзіндік өрнегімен, аса беріктігімен және иілгіштігімен ерекшеленетін арнайы суғарылған құрыш темір. Асыл құрыштың атауы ретінде болат (арабша «фулад») сөзі түркі тіліне араб тілінен ауысқан. Болаттың ерекше жалқынды өрнегінің арабша «жауһар» аталуына сәйкес қазақтар өрнекті болатты «жауһарлы болат» деп те атаған.


Бұлғары/былғары садақ — жақтың жақсы иленіп, жұмсақ өңделген теріден жасалған қабы. Орта ғасырларда көне Бұлғар елінде жұмсақ иленген тері өндірісі жақсы дамығандықтан, өңделген тері және теріден жасалған бұйымдар сыртқа экспортталды. Шыққан жеріне қарай бұл жұмсақ өңделген терілер басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұлғары (былғары)» аталып кеткен. Осы былғары теріден тігіліп жасалған садақ түрін қазақтар «бұлғары (былғары) садақ» деп атады.



Бұхаржай/бұхаржа — орта ғасырларда Шығыста қолданылған жақтың бір түрі. Бұхара қаласы орта ғасырларда жақсы жақ жасайтын орталықтардың бірі болды да, онда өндірілген жақтар сыртқа экспортталды. Жасалған жеріне байланысты бұл жақтар басқа халықтардың тілінде, оның ішінде қазақтарда да «бұхаржақ/бұхаржай/бұхаржа» деп аталған.


Гүрзі/күрзі/күрсі — басы металдан бөлек жасалып, сапқа орнатылатын ауыр шоқпар түрі. Бұл атау түркі тілдеріне парсы тілінен ауысқан. Гүрзінің бастары шойыннан, қорғасыннан құйылып жасалып, сыртынан

болат темірмен қапталды. Басы ауыр болғандықтан, соққы кезінде сын-бас үшін гүрзінің сабы да металмен қапталып, осал жерлері металл сақиналармен буылды.




Ғайып ерен, Қырық шілтен — түркі халықтарының мифологиясындағы көзге көрінбейтін, адамдарды қорғап жүретін киелі 40 батыр рух. «Шілтен» сөзі парсыша «қырық тұлға, дене» дегенді білдіреді, яғни көзге көрінбейтін қырық адам түріндегі рухтар. «Ғайып ерен» олардың басшысы саналады. «Ғайып» — арабша көзге көрінбейтін деген сөз, «ерен» көне түркі тілінде «ер», «батыр» дегенді білдіреді.

Дауылпаз — әскерге арнаулы дыбыстық сигналдарды беруге арналған үлкен, көне, ұрмалы музыкалық аспап түрі. Дауылпаздың шанағы металдан жасалып, аузына мембрана түрінде тері тартылады. Өткен ғасырларда дауылпаз әскери оркестрдің құрамына кіретін. Әскери оркестрде басқа аспаптармен бірге екі дауылпазды аттың немесе түйенің ерінің алдыңғы қасына екі жағынан іліп алып жүрді. Дауылпазды қолмен немесе басы домалақ таяқшалармен ұрып ойнады.




Дабыл — соғыста және аңшылықта түрлі дыбыстық сигнал беруге арналған, ердің қасына байлап алып жүретін ұрмалы музыкалық аспап. Дабылдың шанағы жарты сфера формалы, түп жағы сәл шығыңқы болып металдан (жезден) соғылып, түбіне қайысбау тағуға арналған шығыршық бекітіледі. Дабылдың шанағының аузына көн тері тартылды. Сәнді дабылдардың шанақтары алтынмен қақталып, қырнау, қарала жүргізу әдістерімен ою-өрнек салынып, көркемделіп, әшекейленеді. Әр батырда ердің алдыңғы қасының оң жағына байлап алып жүретін жеке

дабылы болды. Дабылды белгілі бір ырғақпен ұру арқылы батырлар соғыста жау жағының батырларын айқас алдында жекпе-жекке шақыру, жауынгерлерге айқастың басталуы туралы белгі беру сияқты түрлі сигналдар беруге пайдаланады.




Дулыға — басты қарсыластың қаруынан қорғау үшін киілетін, металдан жасалатын жауынгерлік баскиім. Дулыға дәстүрлі мәдениетте қорғаныс қызметінен басқа белгілік (символдық) сипатқа да ие болған. Дулығаға құс қауырсынынан жыға, түсті матадан жалау және жібек жіптен немесе аттың қылынан жасалған шашақ сияқты адамның әлеуметтік мәртебесін көрсететін түрлі дәреже және әскери айыру белгілері тағылды. Әлеуметтік дәрежесі жоғары жауынгерлерге арналған салтанатты дулығалар көркем әшекейімен де ерекшеленеді.



Дүлдүл — мұсылмандардың аңызға айналған батыры, төртінші халиф Әзірет Әлінің (Али ибн Абу Талиб) соғыста мінген атының атауы.

Дүлдүл шындығында жылқы мен есектің буданы — қашыр болған. Мұсылман бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында қасиетті қылыш — зұлыпқармен, осы дүлдүлдің үстінде, ал дүлдүл қашырға тән ерекшеліктерімен (ұзын құлағымен, үлкен басымен) бейнеленеді. Ерлігімен аты шығып, аңызға айналып, исламда мифтік киелі кейіпкерге айналған Әзірет Әлінің соғыста мінген



аты да қасиетті сипатқа ие болып, киелі тұлпардың символына айналды. Мұсылмандықты қабылдап, Әзірет Әліні пір тұтқан қазақ батырлары өз тұлпарларын да дүлдүлге теңеп, қазақ тілінде «дүлдүл» сөзі батырлардың тұлпарының, жүйрік аттың эпитетіне айналған.

Ер Дәуіт — Құранда айтылатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбар жас кезінде сақпанмен Джалут алыпты (Голиафты) өлтіріп, ерлік көрсеткендіктен, қазақтар оны Ер Дәуіт деп атайды. Мұсылман мифологиясында Дәуіт пайғамбар — темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды игерген бірінші адам. Құранда Алла Тағаланың Дәуітке темірді балқыту және сауыт жасау өнерін үйреткені айтылады, сондықтан сауыт жасау өнері мұсылман халықтарында Дәуіт пайғамбармен байланыстырылады. Арабтарда кіреуке сауытты «Дәуіттің сауыты» деп атаған. Исламды қабылдаумен бірге қазақ ұсталары Ер Дәуітті өздерінің пірі санай бастайды. Қару-жарақ жасарда ұсталар арнайы дұға оқып, Ер Дәуіттен қолдау сұрайтын болған. Қазақ түсінігінде ұсталардың жасаған қару-жарақтарында Дәуіттің балғасының ізі болады, оны Дәуіт соғады деп сенген. Өзі батыр, өзі сауыт жасаушы киелі кейіпкер болғандықтан, Ер Дәуіт пайғамбарды қазақ батырлары да өздерінің пірі тұтып, айқас алдында одан медет тілеп, сыйынған.

Ер киімі — соғыста жаудың қаруынан қорғану үшін тері, металл, сүйек сияқты әртүрлі материалдарды қолдану арқылы, түрлі әдістермен жасалып, денеге киілетін қорғаныс жарақтары. Қазақтардың жауынгерлік қару-жарақты жіктеудің қалыптасқан дәстүрлі халықтық жүйесі бойынша, «ер киіміне» дулыға, сауыт, шарайна, жеңсе, тізелік, балтырлық сияқты жауынгердің денесінің әр бөлігін: басты, кеудені, қолды, белді, санды, тізені қорғап тұратын қорғаныс жабдықтарының бірнеше топтары жатады.




Ер қаруы – бес қару — қазақтардың дәстүрлі жауынгерлік шабуыл қаруының толық кешені. «Ер қаруы – бес қару» сөз тіркесінде қазақтардың жауынгерлік қаруды жіктеудің — қару-жарақ түрлерін бөлудің, топтаудың қалыптасқан халықтық дәстүрлі жүйесі көрініс тапқан. Қазақтар «ер қаруы» деп кәсіби әскерилер ғана ұстайтын, соғысқа ғана қолданылатын жауынгерлік қару түрлерін аталған. Ер қаруына өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленетін жауынгерлік қарудың негізгі бес тобы — ату қаруы (садақ, оқ), түйреу қаруы (найза, сүңгі), кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), шабу қаруы (балта, айбалта, шақан)

жатады. Әскери өнердің талабы бойынша, кәсіби әскерилер ер қаруының бес тобын қолдануды түгелдей жетік меңгеруге және олармен қарулануға міндетті болды. Фольклорда ер қаруы — бес қаруды асыну — қаруланудың, жорыққа шығудың, соғысқа аттанудың символы ретінде қабылданды.



Жазайыл/жазайыр/жезайыл/жезайыр — оқпаны үлкен калибрлі ауыр, көне мылтық түрі. «Жазайылды» жеке ұрыста да, майдандағы шайқаста да, қамал қорғанысында да қолданды. Ату әдісі бойынша «жазайыл» шоқтанған пілтемен от беріп атылатын пілте мылтық түріне жатады.



Жақ/жай/жа — адам қолының күшін қолдану арқылы атылатын дәстүрлі ату қаруы. Жақ негізгі екі функционалды бөліктен тұрады: серпінді етіп бірнеше материалдан жасалған, негізгі ату қызметін атқаратын бөлігі — «адырна», оған керілген, оқты тіреп қоятын жібі — «кіріс». Жақ көшпелі халықтардың басты қаруы болды. Ерте заманнан көшпелі халықтар «жақ атушы» мергендер ретінде танымал болған.



Жалаңқат — жалаң (бір) қабат металдан тұтастай соғылып немесе теріден тұтастай сомдалып жасалатын жауынгерлік сауыт (кираса). Бұл сауыт түрі екі бөліктен — кеуделік және арқалық бөліктен тұрды. Сауыттың бұл екі бөлігі бір бүйірінен топсалар арқылы, бір жағынан және екі иық тұсында бау, ілгек арқылы байланды. Сыртқы формасы

жағынан жеңсіз кеудеше (жилет) пішіндес, етегі белден сәл ғана түсіп тұратын қысқа болған. Теріден сомдалып жасалған жалаңқаттар кеуде тұсында қосымша болат айналармен, жеңі, етегі, мойыны, белі металл таспалармен күшейтілген. Бұл сауыт түрін ортағасырлық қыпшақ батырлары киген, сондықтан оның бейнесін қыпшақтардың балбал тастарынан көреміз.



Жалау — түсті матадан жасалған әскери айыру белгі. Бұрынғы кезде, арнаулы әскери униформа болмаған жағдайда, шайқас кезінде өз әскерін жау әскерінен айыру үшін, әр әскери қосындардың жауынгерлері айыру белгі ретінде дулығаның төбелдірігі мен найзаның (сүңгінің) басына біркелкі түсті жалау тағатын болған. Жалау түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты кішкене желек түрінде жасалып, соғыс жағдайында жақсы көріну үшін жалауға қызыл, жасыл, сары, көк, күлгін сияқты ашық, шаңқай түстер пайдаланылған. Әдетте жалау әскери қосынның байрағының, туының түсіне сәйкес болады. Әскери белгі ретінде жалаудың әскери тудан айырмашылығы — ту киелі әскери белгі ретінде әр әскер бөліктерінде біреу ғана болса, жалауды әр қосынның барлық жауынгері дулығаға да, найзаға да тағып, оның түсі жауынгердің қай қосынға жататынын көрсететін белгі болды.




Жалаулы найза — басына әскери айыру белгі ретінде түсті матадан жалау тағылған найза атауы. Жалау ашық түсті матадан үшбұрышты немесе төртбұрышты пішінде жасалып, әскери қосындардың айыру белгісі болды.



Жебе — жақ оғының, найзаның, сүңгінің басындағы зақым салуға арналған негізгі құрылымдық элементі. Көшпелі халықтарда «жебе» металдан (темірден, болаттан, қоладан), сүйектен, мүйізден, ағаштан жасалып, ағаш сапқа орнатылады. Қолдануына қарай қазақтарда оқтың металл жебесінің «қозыжауырын», «сауытбұзар», «көбепұзар» деген түрлерін айырады. Сүйектен, мүйізден «доғал оқтардың», «ысқырғыш» оқтардың жебелері жасалады. Тілдегі метонимиялық құбылысқа байланысты «жебе» сөзі ауыз әдебиетінде садақ оғы атауы орнына да қолданылады.


Найза, сүңгі жебелері темірден, болаттан жалпақ немесе бірнеше қырлы болып соғылды.



Жекпе-жек — майдандағы үлкен шайқас алдында кәсіби әскерилердің — батырлардың жауынгерлік жеке ұрысы. Көшпелі халықтардың әскери өнерінде соғыс кезінде батырлар жекпе-жегін өткізу дәстүрі өте маңызды орын алды. Жауынгерлік жекпе-жекке қатысу батырлардың соғыстағы басты міндеттерінің бірі болды, жауынгерлік борышы саналды. Жеке айқаста жау батырларын жеңу батырдың атын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, кәсіби жауынгер үшін оған қатысу үлкен абырой болды. Көбіне жауынгерлер батыр (баһадүр) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болатын. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби әскерлердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шыңдалып, ерлігі жетілді.



Жеңсе — жауынгердің білегін қарудың соққысынан қорғау үшін киілетін қосалқы қорғаныс жарағы. Жауынгерлік жеңселер металдан соғылып немесе кішкене пластиналардан көбелеп теріліп, темір шығыршықтардан тоқылып



жасалады. Сәнді темір жеңселердің беттері оюланып алтындалып, қолға жұмсақ болу үшін іші мақпалмен, барқытпен астарланады. Мұндай жеңселер «**алтын жеңсе**» деп аталды.

Жеңсіз берен — берен сауыттың бір атауы (қараңыз: «**берен**»). Үлкен болат тақталар негіздікке қозғалмайтын болып бекітілетіндіктен, берен сауыт әдетте жеңсіз жасалды, сондықтан берен сауытты «жеңсіз берен» немесе «жеңсіз» деп те атайды. Қорғаныс элементтері тысы мен астарының арасында жасырын орналасқандықтан, бұл жауынгерлік жарақты әскери киім ретінде де киюге болатын. Берен сауыттың тысына қымбат, әдемі маталар қолданылып, сәнді етіп жасалатын, оны көбіне хандар, қолбасшылар киген.



Жеті кәміл пірлер – батырлар жырында айтылатын батырлар пірлерінің ортақ атауы. Әдетте «жеті пірлер» немесе «жеті кәміл пірлер» деп аталады. Халық әдебиетінің деректеріне сүйенсек, олардың ішінде Ықылас ата, Баба Түкті Шашты Әзіз, алғашқы халифтер Әзірет Әлі, Омар және Оспан сияқты пірлер болған.

Жыға — бас киімге тағылатын құс қауырсыны түріндегі адамның биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі. «Жыға» атауы түркі тіліне парсы тілінен енген, парсы тілінде «жикка», «жига» сөзі «құстың төбесіндегі айдары» деген мағынаны білдірді. Әлеуметтік дәреже белгісі ретінде жыға тағу құқына әміршілердің, хан, патша, шахтардың әйелдері және ұл, қыз балалары




(яғни ханзадалар, ханымдар, ханшайымдар), ақсүйек текті атақты адамдар ие болды. Жығаға қырғауылдың, тырнаның, құтанның, түйеқұстың қауырсындары қолданылған. Қауырсындар металдан (күмістен, алтыннан) жасалып, өрнектелген, асыл тастардан көз салып әшекейленген түпке орнатылып, түбінің төменгі ұшы ине, түйреуіш түрінде жасалды да, сол түйреуіші арқылы жыға баскиімнің төбесіне, маңдайына, желкесіне немесе екі шеке тұсына шаншылды. Мұны қазақтар «жыға шаншу»,

«жыға қадау» деп атайды. Жығаның қауырсындары біреу, екеу, үшеу болып келуі мүмкін. Адамның атақ, дәрежесіне қарай оның баскиімінде бір не екі жыға қадалатын болған. Кейде жығалар қауырсын пішінінде түгелдей алтыннан да жасалып, асыл тастармен әшекейленген. Мұндай жығаны Шығыста «алтын жыға», «тіллә жыға» деп атаған. Көшпелілердің хандары да, соның ішінде қазақтың хандары да, батырлары да, қоғамдағы биік әлеуметтік мәртебесінің дәреже белгісі ретінде алтындаған жыға таққан. Дәреже белгісі болғандықтан хандар, қолбасылар, атақты батырлар соғыс кезінде жығаны дулығаларға да қадады. Жыға дулығаның төбелдірігінде, кейде дулығаның маңдайында немесе төбесінде арнайы орнатылған түтікшелерге шаншылды.


Зұлпықар — басының ұшы екіге бөлініп жасалған ерекше қылыш түрі. «Зұлпықар» (арабша зу-л фикар — «жасын» деген сөз) — Әзірет Әлінің (Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші халиф Әлі ибн Әбу Тәлібтің) аты аңызға айналған қасиетті екі басты семсерінің (қылышының) жеке атауы. Тарихи деректер бойынша Бадра шайқасында олжаға түскен бұл қылышты кезінде Мұхаммед пайғамбар ұстаған. Мұхаммед пайғамбардың бүкіл мұсылман үмметінің басшысы мәртебесін білдіретін белгі ретінде мифологиялық тұрғыдан санкцияланып, бұл қылыштың пайда болуы құдайдың өмірі түрінде түсіндіріліп, киелеу процесінен өткен. Аңыз бойынша зұлпықар жаннаттан арнайы түскен төрт қасиетті қылыштың бірі саналады. Кейін Мұхаммед пайғамбар бұл қылышты күйеу баласы Әзірет Әліге берген соң, зұлпықар ислам үшін соғыста жауынгерлік ерлігімен даңқы шығып, мұсылмандардың қасиетті батыры болған Әзірет Әлінің жауынгерлік атрибутына айналды. Шығыс бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қолында осы екі басты қылышы — зұлпықармен бейнеленеді. Осы аңызға айналған қылышты қасиеттеу, оған еліктеу барысында мұсылман Шығысында ұшы екіге айырылатын, «зұлпықар» деп аталатын қылыш түрі пайда болды. Басының ерекше пішініне байланысты бұл қылыштың соққысымен салынған жара өте ауыр да қауіпті болған. Сондықтан зұлпықар қылыштар Шығыста өте жоғары бағаланған.



Керней — жезден, мыстан жасалған ұзын үрмелі музыкалық аспап. Бұл аспап түркі тілдес халықтар арасында кең таралған. Бұрынғы заманда керней соғыста әскери сигналдар беру үшін қолданылып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірді. Қазақтарда кернейді ағаштан да жасап, жарылмас үшін сыртын түйенің өңешімен қаптаған.



Кіреуке сауыт/кіреуке — пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан тоқылған торлы сауыт. Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі дәстүрлі халықтық әскери терминологияда «көз» деп аталды да, шығыршық көздерінің көлемі кіреуке сауыттың түрін анықтайтын негізгі типологиялық белгі болды. Қазақтар шығыршық көзінің көлеміне сәйкес кіреукелердің «шөже көз кіреуке», «торғай көз кіреуке» және «бадана көзді кіреуке» деп аталатын үш түрін айырады.




Көбе сауыт/көбе — металл, сүйек, тері тіліктерін астарға тігіп немесе астарсыз қайысбаумен өзара байлап, бір-бірін бастыра (көбелеп) бекіту арқылы жасалған жауынгерлік сауыт. Сауыттың бірінбірі баса орналасқан қорғағыш элементтері — сүйек, металл тіліктері де «көбе» деп аталады. Сондықтан осы қорғаныс элементінің



атауымен сауытты «көбелі сауыт», «көбе сауыт» немесе «көбе» деп атайды. Түркі заманынан бастап XV – XVII ғасырларға дейін көбе сауыт көшпелі түркі-моңғол халықтарында ең жиі қолданылған сауыт түрі болды.

Қазанат – батырлар соғысқа міну үшін арнайы сұрыпталып, бапталып өсірілген жауынгерлік ат. Қазанат – ауыр сауыт киіп, қару асынған батырды көтеретін, жорықта ұзақ жолға шыдамды, соғыста шаршамайтын, айқаста қару тіресіне мықты т.б ерекше қасиеттері бар қазақы әскери жылқы тұқымы болды. Мұндай асыл жылқы тұқымын қазақтар арғымақтар мен далалық қазақы жылқы тұқымдарын (арғымақтар айғыры мен жабы биелерін) будандастыру арқылы алған.



Орта Азияда бұл тұқымды «қарабайыр» деп те атайды. Қазақтарда да қазанатты кейде «қарабайыр» деп атау кездеседі. Қазанат бойында арғымақтың жүйріктігі, ұшқырлығы және жабының беріктігі, қиындыққа төзімділігі, аштыққа, суыққа шыдамдылығы бар. Қазанаттың сырт келбеті (экстерьері) де жауынгерлік атқа сай болып, дене бітімінен жүйріктік те, күш те бірдей сезіліп тұрады. Оның омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұяғы үлкен, жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық, жалы қысқа және сұйық, басы онша үлкен емес, танауы кең, мойны жуан болды. Қазанаттар арнаулы әдістер арқылы бапталуымен қоса соғысқа да арнайы жаттықтырылған. Қазанат батырдың өзі сияқты еш қауіптен тайынбайтын көзсіз ерлігімен ерекшеленді. Қазанат тұқымын әскери іспен кәсіби деңгейде айналысқан, көшпелі қазақ қоғамында билеуші тап өкілдеріне жататын, белгілі дәрежеде материалдық байлық иелері болған батырлар әулеттері ғана ұстаған.


Қалқан – жаудың қаруынан қорғану үшін қолға ұстап қолданылатын қорғаныс жарағы. Қалқандар қалың теріден сомдалып, металдан соғылып жасалған. Болат темірден соғылып жасалған қалқан түрі «**болат қалқан**» деп аталды. Қалқандардың формасы дөңгелек, дөңес болып жасалып, қолға ұстайтын баулары және иыққа асып алып жүруге арналған қайысбауы бекітілетін ілгектері орналасқан жерінде төрт кішкене



күмбезшелері болады. Сәнді болат қалқандардың беттері оюланып, алтындалып әшекейленеді, құраннан аяттар жазылады.

Қамбар ата – Орта Азия халықтарының мифологиясындағы жылқының киелі пірі саналатын мифтік кейіпкер. Батырлар үнемі жорықта, жолда жүретіндіктен, өздерінің тұлпарларының пірі – Қамбар атаны да пір тұтып, оған да сиынды. Қамбар ата туралы халық арасында аңыз-деректер әртүрлі. Кейбір зерттеушілер Қамбар ата есімін Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, төртінші халиф Әзірет Әлінің атбегісі болған Ганбар есімді тарихи тұлғамен де байланыстырады.

Қанжар – басы қысқа, түзу, екі жүзді, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Түркі тіліне «қанжар» атауы араб тілінен ауысқан. Қанжарды арнаулы қынына салып, белге іліп жүреді. Жауынгердің жанында, белдікте тұрақты ілініп жүретіндіктен, ертеде қазақтар қанжар, пышақтарда батырдың жаны орналасады деп сенген.




Қарумен серттесу – әскери қаруды магиялық серт сөздерімен арбау арқылы шайқас алдында орындалатын әскери магиялық ғұрып. Қаруды жанды нысан ретінде қабылдау магиялық ойлау жүйесінде түрлі әскери және тұрмыстық магиялық ырымдарды қалыптастырды. Соның бірі – «қаруды арбау». Дәстүрлі мәдениетте «арбау» – белгілі бір затты қолданғанда магиялық сөздік формулалардың көмегі арқылы заттың жанды рухының және адамның арасындағы шарттасу, яғни материалды дүниеге табиғаттан тысқары жолмен әсер ету үшін қолданылатын магиялық ырым. Қазақтың қаһармандық эпостарында кездесетін батырдың қарумен серттесу сөздері – әскери магиялық ырымдарда қолданылған жауынгерлік қаруды арбау сөздерінің бізге жеткен үлгісі. Бұл қаруды арбау сөздері эпосқа ырымдық фольклордан енген. Серттесудің сөздік формулаларында қарудың әр түріне мадақ айтылып, оларды жасау кезінде орындалған магиялық ырымдар еске түсіріліп, қолдану кезінде қаруға дұрыс, нәтижелі әрекет ету бұйырылып, әрекеті нәтижесіз болса – қаруға, ал дұрыс қолдана алмаса, батырдың өзіне жаза болуына серттеседі. Магиялық арбау ырымын жасау барысында жауынгерлік қарудың өз аты аталмай, оның орнына магиялық жанама атауы қолданылады.

Кесер – әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қылыштың әрекетін көрсететін сөзге негізделген эвфемистік бір атауы.

Қырқар — әскери магияда қарудың өз атын атауға тыйым (лингвистикалық табу) салынып, магиялық жанама атауды қолданудан пайда болған, қарудың әрекетін атайтын сөзге негізделіп жасалған, қылыштың, семсердің эфемистік бір атауы.

Кездік — аңшылық пышақ. Кездіктің басы пышақтікіндей тұзу, бір жүзді, бірақ жай пышақтан үлкендеу болады. Кездікті қынға салып, белге тағып алып жүреді.




Қаттау/қаттама сауыт — бірнеше қабат матадан сырылып тігілетін жұмсақ сауыт. Бұл қорғаныс жарағының атауы «қат» — қабат деген түбір сөзден туындаған, «қаттау» — қабаттау, қабатталып жасалған деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сауыттың атауында оның қорғаныс қасиетінің жасалу әдісі көрініс тапқан. Бұл жарақ жауынгерлер үшін әрі жылы киім, әрі қарудан қорғайтын сауыт болды. Жұмсақ матадан тігілетіндіктен бұл сауыттың ұзын етегі, ұзын жеңі және тік жағасы болған.

Қозы жауырын жебе — пішіні қозының жауырынына ұқсас болып келетін, жалпақ етіп соғылған жебе. Жебесі осындай оқты «қозы жауырын оқ» деп атайды. Мұндай жебе, мұндай оқтар сауытсыз қарсыласқа қарсы қолданылады.




Қоңыраулы найза — басына қоңырау тағылған найза атауы. Халық ауыз әдебиетінде «қоңыраулы найза қолға алу» жорыққа шығуды түспалдайды. Найзаның басына қоңырау тағу өте ертеде қолданылған дәстүр


болады. Мұндай найза ұстаған батыр бейнесін көне түркілердің тастағы суреттерінен көреміз. Кейінгі уақыттарда найзаға қоңырау тағу дәстүрден шығып қалған.




Қылыш — басы бір жүзді, сыртына қарай қайқы болып келген, кесушабу-түйреу арқылы зақым салатын қару. Ертеде магиялық түсініктерге байланысты әскери жорықта қылыштың өз атауын атауға лингвистикалық тыйым салынып, оның орнына эвфемистік жанама атаулар қолданылған. Сондықтан қазақ ауыз әдебиетінде қылышты кейде жасалған материалының немесе басты бір бөлігінің атымен атай береді. Ауыз әдебиетінде қылышты соғылған болатының реңіне қарай «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас», «қызыл алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деп атау кездеседі. Бірақ бұлар қылыш типінің атауларына жатпайды, бұл қаруды киелеуден туындаған қылыштың эвфемистік жанама атаулары. Бұл эвфемизмдер алғашқыда тілдегі метонимиялық құбылысқа сәйкес заттың өз атауының орнына жүріп, кейін қарудың бір атауына айналып кеткен.



Қорамсақ — жақтың оғын салып жүруге арналған қап. Қорамсақты теріден, матадан жасап, оның бетін теріге бедерлеп салған ою-өрнекпен, түсті жібек кестемен, өрнекті металл (алтын, күміс, жез) шытыралармен әшекейлеген.



Құрама дулыға — металдан соғылып, төбесі бірнеше сайдан (пластиналардан) құралып жасалатын дулыға. Бұл әдіс ұсталарға дулығаны тез, оңай жасауға мүмкіндік береді.




Қызыр-Ілияс — Шығыс мұсылман аңыздарында айтылатын, жер бетінде мәңгілік өмір сүретін әулие-пайғамбарлар. Қызыр баба Шығыста ислам дініне дейін де әулие саналып, кейін ислам діні кең тарауымен мұсылман әулиелерінің қатарына енген. Мұсылман мифологиясы бойынша, оған және Ілияс пайғамбарға Алла Тағала мәңгі өмір сыйлаған. Кейбір аңыздар бойынша олар мәңгі тірлік суын ішіп, өлмейтін қасиетке ие болған. Көбіне Қызыр ата мен Ілияс әулиенің аттары Қызыр-Ілияс болып бірге айтылады. Мұсылман халықтарының наным-сенімі бойынша Қызыр-Ілияс көрінбей жер бетінде жүреді. Қызыр ата құрлықта, Ілияс әулие суда жүретін жолаушыларды қорғап, көмектеседі деген сенім бар. Сондықтан қазақ батырлары жорықта, жолда жүретіндіктен өздерінің




қолдаушы пірлері ретінде Қыдыр (Қызыр) ата мен Ілияс пайғамбарға да сыйынған. Мұсылман өнерінде Қызыр-Ілияс бастарының айналасын әулиеліктің, пайғамбарлықтың белгісі саналатын нұрлы жалын қоршаған қария адамдар түрінде бейнеленеді.

Қылшан — жақтың оқтарын салып алып жүруге арналған жеке жабдық. Көшпелі халықтарда орта ғасырларда қолданылған қылшандар түбіне қарай сәл кеңейтілген цилиндр пішінде, қайыңның тозынан, ағаштан, теріден жасалады. Қылшан көшпелі халықтарда көне түркі заманынан бастап қолданыла бастады. Қылшанға оқтар жібесі жоғары қаратылып салынады.



Мылтық — оқ-дәрімен атылатын қол отқаруының негізгі түрі. Бұл қару түрінің атауы арабтың «мултук» сөзінен шыққан. Қазақ мылтықтары оқпанындағы дәріге от беруге арналған тетігі — шүріппе жүйесімен айырықшаланатын бірнеше түрге бөлінеді. Оқпанның қазынасындағы оқ-дәріге шоқтанған пілтемен от беру арқылы атылатын мылтықтар «пілтелі мылтық», ал дәріні шақпақпен тұтататын мылтық «шақпақты мылтық», пистонмен атылатын мылтық «шиті мылтық» деп аталды. Сонымен бірге ауыз әдебиетінде қазақ жауынгерлері қолданған мылтықтардың «жезайыр», «құлдыр-мамай», «самқал» (шамқал) деп аталатын түрлері айтылады.



Найза — түйреу, шаншу арқылы жарақат салатын, ұзын сапты қару. Металдан соғылып жасалатын, зақым салуға арналған жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Найза сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілектер» тағылады. Жорықта сол ілектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алады. Жауынгерлер соғыс кезінде найзаның басына әртүрлі әскери дәреже және айыру белгілерін — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жалаулар (желектер) таққан. Ту — қолбасылық, байрақ — әскербасылық,

батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналады. Түсті жалау әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.



Наркескен — басы өте қайқы болып соғылған өткір қылыш түрі. Қылыштың бұл түрінің қайқылығы бірден алқымынан басталды, сондықтан кесу күші жоғары болады. Наркескендерді қазақтар өздері де соққан, басқа елдерден, басқа халықтардан да сатып алып отырған. Басының өте қайқы болып келуі әдетте исфахан (парсы) қылыштарына тән болды. Ш. Уәлиханов қазақтардың мұндай қылыштарды да «наркескен» деп атағанын жазады.



Нөкер — әскери қызмет атқаратын вассал. Түркі тіліне «нөкер» сөзі моңғол шапқыншылығы кезінде моңғол тілінен енген. Моңғол тілінде «нухур» сөзінің мәні — «дос, жора-жолдас», «өз көсеміне қызмет етуге міндет алған жауынгер» дегенді білдірді. Жазба және ауызша деректерде нөкерлер ханның немесе феодалдардың әскери қызметінде жүрген кәсіби жауынгерлер ретінде айтылады. Әскери қызметі үшін нөкерлер феодалдар тарапынан тамақ, киім және қарумен қамтамасыз етілді, кейін әскери олжаның бөлігін иеленді, ал ірі әміршілерден нөкерлер елді мекендерді, жер бөліктерін (халқымен бірге) уақытша иелікке алды. Бұл оларды ірі феодалдардың әскери қызметін атқаратын вассалына айналдырды.




Түркі халықтарында да нөкер — «әскери серік», «әскери қызметші» деген мағынаға ие. Түркі халықтарының эпостарында нөкер ханның, батырдың жанындағы жауынгер серіктері ретінде сипатталады. Әдетте олардың саны 40 болып келеді. Көшпелі түркі халықтарының тілінде «нөкер» атауына «жора», «шора» атауы сәйкес келеді. Қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде жора, шора — эпостық батырлардың әскери серіктері. Бірақ қазақ ауыз әдебиетінде бұл атаулармен бірге осы мағынадағы «нөкер» сөзі де қолданылады.

Пырақ — мұсылман мифологиясында пайғамбарларды аспанға көтеру үшін Алла тарапынан жіберілетін қасиетті қанатты жануар. Ислам дінімен бірге енген «бурақ» сөзі қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгеріске түсіп, «пырақ» болып айтылады. «Пырақ» (ар. бурақ, әл-бурақ) сөзі «жасындай жылдам» дегенді білдіреді. Мұхаммед пайғамбар ғалай-хиссалам бұл ғажайып жануарды қасиетті «Мифраж» түні Құдыс (Иерусалим) қаласына түнгі сапар шеккенде және Жәбірейіл періштенің бастауымен жеті қат аспанға көтеріліп, Алланың тағының алдына барғанда мінген. Аңыз бойынша, бұл қасиетті жануар оған дейін басқа пайғамбарларға да қызмет еткен, оны Алла Тағала пайғамбарларға әдейілеп аспаннан түсіріп отырған. Мұсылман дәстүрінде Пырақ ақ не шұлан түсті, денесі жылқыға ұқсас, адам басты, алдыңғы аяғында ақ қанаттары бар ғажайып жануар түрінде сипатталды. Әдетте мұсылман бейнелеу өнерінің каноны бойынша, шығыс миниатюраларында пырақ басының айналасында, оның киелілігінің белгісі ретінде, жалын бейнесімен, ал құйрығы тотықұстың құйрығындай түрлі түсті болып салынады.



Пышақ — басы түзу, бір жүзді, ұшы сыртына қарай дөңгелене үшкірленген, кесу-сұғу арқылы жарақат салатын суық қару. Пышақ атауы көне түркі тіліндегі «кесу» дегенді білдіретін «пышу» («пішу», «бышу») түбірінен туындаған, «кесетін зат» деген сөз. Пышақтар негізгі қызметіне байланысты соғыста жауынгерлер қолданатын жауынгерлік пышаққа, аңшылар аң аулауға шыққанда қолданылатын аңшылық пышаққа,



күнделікті тұрмыста пайдаланылатын тұрмыстық пышаққа бөлінеді. Өткен ғасырларда қазақтар кісе белдікке міндетті түрде қынға салынған пышақ іліп жүретін, сондықтан белдікке ілінген пышақ қазақтың ұлттық ерлер киімінің бір тұрақты элементіне айналған.

Пілте/білте мылтық — оқпандағы оқ-дәріге шоқтанған білтемен от беру арқылы атылатын мылтық түрі. Пілтелі мылтықта дүмінің оң жағында теріден жасалған, пілте салуға арналған «қалтасы» болды. Пілтелі мылтықта оқ-дәріге от беру екі иінді рычагтан тұратын шүріппе арқылы іске асты. Шүріппенің жоғарғы иінінің ұшы — шаппасы екі айыр болып жасалып, арасына мақтадан жасалған тез тұтанғыш «пілте» (фитиль) қыстырылды, ал шүріппенің төменгі иінінде оны кері қайтарып тұратын серіппе бекітілді. Мылтықты ату үшін шүріппенің шаппасында қыстырылған пілтені «шақпақпен» тұтатып, шүріппені басып, оқпанның құлағына салынған тұтатқыш дәріге тигізіп от бергенде, оқпанның түбіндегі тесік арқылы оқпан ішіндегі негізгі оқ-дәрі тұтанып, мылтық атылады.



Пір (парс. — ақсақал, қарт кісі, әулие) — Кіші және Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарда белгілі бір кәсіптің киелі қолдаушысы. Шығыс халықтарында кәсіптің иесі туралы түсініктер исламға дейінгі дәстүрлерден басталады. Кейбір пірлер шығу тегі жағынан исламға дейінгі жергілікті киелі мифтік кейіпкерлер болды. Ислам дінінің енуімен көне киелі құдіреттердің кейбірі олардың қызметтерін қабылдаған мұсылман мифологиясының кейіпкерлерімен ауыстырылды. Қазақтарда да әрбір кәсіптің киелі пірі болады деген сенім, кәсіби жұмысты істеуде сол пірге сиыну дәстүрі ертеден қалыптасты. Көне діни түсініктер бойынша, бұл қолдаушы пірлер кәсіп иелеріне өз саласында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге көмек беріп, істерін бағыттап, қорғап отырады-мыс. Сондықтан бір істі бастарда кәсіп иелері міндетті түрде өз пірлеріне сыйынып, дұға оқып, олардан медет сұраған. Көшпелі қазақ қоғамында әскери істі тұрақты кәсіп еткен кәсіби әскерилер қазақ батырларының да кие тұтып, көмек сұрап, қолдау тілеп сыйынған киелі пірлері болды. Олардың кейбірі мифтік, аңыздық қаһармандар немесе тарихта болған, аттары аңызға айналған тарихи тұлғалар, кейбірі ислам дінімен енген мифтік кейіпкерлер. Бірақ олардың бәрін біріктіретін басты ерекшелік — олардың бәрі де атақты батыр болып, соғыста ерен ерлік көрсеткен тұлғалар. Олар — түркі-иран халықтарына ортақ, Иран, Тұран батырларының пірлері, аңызға

айналған мифтік қаһармандар Рүстем мен Дастан, мұсылмандардың аты аңызға айналған батыры Әзіреті Әлі, ұсталықтың иесі, өзі де батыр болған Ер Дәуіт пайғамбар, түркі халықтарына ортақ мифтік кейіпкері — Баба Түкті Шашты Әзіз.

Рүстем-Дастан — иран және түркі халықтарының мифологиясындағы мифтік қаһармандар. Рүстем мен Дастан — көне замандағы систан немесе сақ-соғдылық эпикалық шығармалар циклының кейіпкерлері. Систан — Ирандағы әкімшілік аймақтардың бірінің атауы, оның қазіргі Иран жеріне кіретін бөлігі — Забул өлкесі саналады. Б.з. дейінгі II ғасырда Систан аумағын және онымен шегаралас аймақтарды Қазақстан даласын мекен еткен сақ, массагет тайпалары жаулап алды. Бұл аймақтарға орныққан сақтар бұл өлкеге өзінің тайпалық атауын беріп Сакастан («Сақтар елі») деп атады. Кейін уақыт өте келе Сакастан/Сигистан/Сиджестан/Сеистан/Систан болып өзгерген бұл мекеннің тұрақты тұрғындарына айналған сақтар иран әлеміне Забул батыры Рүстем туралы көне аңыздар циклын енгізді. Кейін Рүстем парсының ұлы ақыны Фирдоусидің шығармашылығында көне аңыздар мен тарихи деректердің негізінде жазылған Иранның даңқты эпосы «Шахнаменің» басты қаһарманына айналды.





«Шахнамеде» Рүстем — сақ тайпалары мекен еткен Систан елінің даңқты батыры. Рүстемнің әкесі — мифтік патша Жәмшидтің әулетінен шыққан Самның баласы Заль батыр. Көне мифологиялық аңыз бойынша, шашы, кірпігі ақ, денесі қызыл (альбинос) болып туғандықтан әкесі Зальді орманға апарып тастатқызып, оны мифтік алып құс — Самұрық асырап өсіріп, бойына алып күш дарытып, әртүрлі ғылым, білім, жетпіс екі тіл үйретіп, баланың атын Дастан қояды. «Дастан» — айлакер, әділетсіз деген мағынаны білдіреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Дастан шашы, қас, кірпігі ақ түсті батыр түрінде бейнеленеді. Заль батырдан (Дастаннан)

туған Рүстем батыр жойқын күш иесі болып, атса — оқ, шапса — қылыш өтпейтін батыр болып, 500 жыл өмір сүреді. Шығыс бейнелеу өнерінде Рүстем дулығасына жолбарыстың бас терісін, сауытына жон терісін жамылған, Рахш атты күрең тұлпар мінген батыр түрінде бейнеленеді. Жолбарыс терісінен жасалған жауынгерлік сауыт Рүстемнің басты атрибуты саналады. «Шахнамеде» Рүстем мен Дастан иран батырлары болып айтылғанмен, олар түркі тілдес халықтар үшін де белгілі мифтік қаһармандар болған. Олар қазақ батырларының да сыйынатын киелі пірлері саналады. Қазақ эпостарында бұл әкелі-балалы мифтік батырлардың есімдері қосарланып Рүстем-Дастан болып айтылады. Қазақ батырлары соғыста, шайқас алдында жауынгерлік жекпе-жекке шыққанда Рүстем-Дастаннан медет тілеп, қолдау сұрап, сиынатын болған.


Сарыжа/Сарыжай — жақтың көне бір атауы. «Сарыжа», «сарыжай» сөзі «сары жақ» сөзінің бір нұсқасы. Бұрынғы кезде кеппеу үшін, дымқыл тартпас үшін жақтың сыртын қайыңның тозымен қаптайтын болған. Тоздың сарғыш түсіне байланысты жақты кейде жанамалап «сары жақ/сарыжай/сарыжа» деп те атаған. Жақты кейде «садақ» деп те атайтындықтан (қараңыз: «садақ»), ауыз әдебиетінде бұл сөздің «сарсадақ» нұсқасы да қолданылады.



Садақ — жақты салып алып жүруге арналған қабы. Садақты матадан, теріден тігіп жасады. Беттері баспалап бедерлеу, түсті жібек жіппен кестелеу әдістерімен көркемделіп, асыл тастармен, өрнекті металл шытырлармен әшекейленеді. Бойға асыну үшін садақ пен қорамсақ «садақбау» деп аталатын арнаулы белдікбауға (портупеяға) тағылады. Қазақ тілінде оқ салынған қорамсақ және жақ салынған садақтың садақбауымен қоса біртұтас жиынтық атауы да — «садақ». Сонымен бірге «садақ» атауы эфемистік атау ретінде жақтың өз атауының орнына да қолданылып, жақтың бір атауына айналып кеткен.



Сайыс — үлкен ас пен тойларда өткізілетін найзаласу жекпе-жегі. Түркі тілінде «сай» сөзі «түйреу», «шаншу» дегенді білдіреді. Бұл сөздің осы мағынасы кейбір түркі халықтарының тілінде сақталған. Яғни, «сайысу» — найзаласу, найзамен жекпе-жек деген мағына береді. Соғыс кезінде майданда өтетін батырлардың жауынгерлік жекпе-жегі батырлардан ер қаруының барлық түрін қолдану тәсілдерін шебер меңгеруді, жеке айқасты жүргізудің әдістері мен тактикасын толық игеруді талап ететін. Бейбіт уақыттарда әртүрлі үлкен ас пен тойларда өтетін жамбы ату, бәйге, көкпар тартыс, аударыспақ, балуан күрес және сайыс кәсіби әскерилер үшін қажетті әскери жаттығулар болатын. Мұндай сайыс шарты бойынша, сайыскерлер қолдарына ұзындығы 2,5 – 3 метрдей ұшы доғал найза алып, сол найзамен бір-бірін аттан аударып не итеріп түсіруге тырысқан. Сайыс бүкіл халық жиналған астарда, тойларда өтетіндіктен, сайыста да батырлар майдандағы жауынгерлік жекпе-жектегі сияқты ел намысы үшін сынға түсіп, өз руының атынан шыққан.



Сапы — басы түзулеу келген, бір жүзді, сабы балдақсыз, шабу-кесу арқылы жарақат салатын қару түрі. Сапымен негізінен шабу арқылы зақым салады, қарудың осы жұмсалыу ерекшелігі оның атауына негіз болған. Бұл қару атауының кейде «шапы» нұсқасының да кездесуі «шабу» түбірінен туындағанын айғақтайды. Сапыны «қынап» деп аталатын арнаулы қабына салып, белге тағып алып жүреді.




Сауыт — айқаста қарсыластың қаруынан қорғану үшін денеге киілетін дәстүрлі қорғаныс жарағы. Бұл атауда осы қорғаныс жабдығының жауынгер денесін қаптап тұратын ерекшелігі көрініс тапқан. Сауыт түрлі технологиялық әдістермен — бір-бірімен бекітілген металл шығыршықтардан өріліп, металл пластиналардан және тақталардан теріліп, металдан тұтастай соғылып немесе жұмсақ материалдан қабаттап тігіліп

жасалады. Кейбір сауыттарда бұл қорғаныс жасау әдістері аралас қолданылады. Қорғаныс қасиетін қалыптастырудың осы әдістеріне байланысты бұл қорғаныс жарағы қазақтарда «кіреуке сауыт», «көбе сауыт», «берен сауыт», «жалаңқат сауыт», «қаттама сауыт» деп аталатын бірнеше түрге жіктеледі.



Сауытбұзар оқ — сауытпен жарақталған қарсыласқа қарсы қолданылатын садақ оғы, оқтың жебесі. Көшпелі халықтарда садақ оқтарының соғыста және аңшылықта әртүрлі мақсатта қолданылатын бірнеше түрі болды. Оқ жебесінің пішіні, жасалу материалы оның қолданылу қызметімен анықталды. Сауытпен жарақталған жауға қарсы қолданылатын оқ жебесі металдан төрт қырлы немесе үш қырлы болып соғылды. Қолданылуына байланысты мұндай жебелі оқты қазақтар «**сауыт бұзар**» немесе «**көбе бұзар**» деп атаған.



Селебе — пышақтың қанжар сияқты үлкен түрі. Оның басы түзу, бір жүзді болып келеді. Бұл пышақ түрі қылыш, сапы сияқты соғыста қолдануға арналған. Бұл қарумен кесу арқылы да, шабу арқылы да зақым салады.



Семсер — басы екі жүзді, түзу келген, сабы балдақты, шабу-түйреу арқылы жарақат салатын қару. «Семсер» арабтың «шамшир» сөзінің (екі жүзді кесу қаруы атауының) өзгерген түрі. Шығыста (иран, үнді халықтарының тілінде) «шамшир»/шемшир/шамшер» сөзі қылыш түрінің атауы ретінде қолданылады. Кейде қылышты «семсер» деп атау қазақтарда да кездеседі. Қазақ ауыз әдебиетінде семсерді соғылған болатының реңіне қарай «ақ семсер», «ақ берен» («көк берен»), «ақ алмас» деп, алтынмен әшекейленген балдағына сәйкес «алтын балдақ», «ақ балдақ» («көк балдақ») деген эвфемистік атаулармен де атай береді.



Сүңгі — түйреу-шаншу арқылы зақым салатын, жебесі үшкір, жіңішке, бірнеше қырлы болып жасалынған, сауыт киген жауынгерлерге қарсы қолданылатын ұзын сапты қару түрі. Зақым салуға арналған, металдан соғылып жасалатын жебеден және ұзын ағаш саптан тұрады. Кейбір сүңгілердің екі басында да жебесі болады. Сүңгі негізінен сауытпен жарақтанған жауынгерлерге қарсы қолданылатын қару. Сүңгі сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан «ілгектер» тағылып, жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алып жүреді. Соғыс кезінде сүңгінің басына әртүрлі әскери белгілер — ту, байрақ, қыл (жібек) шашақтар, жалаулар (желектер) тағылады. Ту — хандық билік, қолбасылық билік, байрақ — әскербасылық, батырлық дәрежесінің, шашақ — жауынгерлік белгісі саналады. Түсті жалау — әскер бөліктерінің айыру белгісі болады.




Сүрен — әскердің өз рухын көтеру үшін салатын қатты айқайы. Сүрен қатты айқай түрінде болатындықтан, кейде «айқай-сүрен» деген нұсқада да айтылады. Соғыс кезінде әскер өзінің рухын көтеріп, жаудың мысын басу үшін майданда жау әскерімен қарама-қарсы тұрғанда және айқасқа кіргенде бір-бірін ұрысқа шақырып, қатты айқайлап сүрен салады. Сүренді жеке жауынгер емес, өзінің біртұтастығын, бірлігін, біріккен күшін сезіну үшін бүкіл әскер бірігіп айқайлайды. Сүрен де ұран сияқты жұртты ұрысқа шақыратын айқай болғандықтан «ұран-сүрен» деген қос сөз түрінде де айтылады.

Сыпай — Шығыста (Орта Азияда, Иранда, Түркияда) әскери қауымнан, яғни феодалдық аристократиядан құрылған атты әскер жауынгерінің атауы. «Сыпай» парсыша «сипах» сөзінің қазақшаланған нұсқасы. Көне парсы тілінде бұл сөздің түбірі «асб», «аспа», парсыша «ат» деген сөз. Сипахтар — өзі де, аттары да сауытпен жарақтанған жауынгерлер. Қазақ тілінде бұл сөз «сыпа» және «сыпай» болып екі фонетикалық нұсқада кездеседі. Ауыз әдебиетінде «сыпай/сыпа» сөзі қазақ қоғамындағы кәсіби әскерилер қауымның өкілі — батыр атауының баламасы ретінде қолданылады.



Сырнай — алдыңғы жағы кеңейіп келген қысқа түтік түріндегі үрмелі музыкалық аспап. Сырнайды жезден, мыстан, ағаштан, мүйізден жасаған. Өртүрлі дыбыстар шығару үшін өн бойында бірнеше тесіктері болады. Бұрынғы заманда сырнайды керней, дауылпазбен бірге соғыста әскери белгі беру үшін қолданып, әскери музыкалық аспаптар құрамына кірген.



Темір телпек/жез телпек — металдан соғылып және шығыршықтан тоқылып жасалған жауынгерлік жеңіл баскиім. Темір телпек негізгі екі бөліктен: темірден немесе жезден соғылып жасалған дөңгелек төбеліктен және оған ілінген кіреукелі мойын жапқыштан тұрады. Темір телпектің формасы да, қолданылуы да телпекке (тақияға) ұқсас. Тақияның сыртқы баскиімнің ішінен де, жеке де киілетіні сияқты, темір немесе жез телпек те әдетте дулығаның астынан қосымша қорғаныс ретінде де киілді, жеке де қолданылды.



Темір тон — денені қарсыластың қаруынан қорғауға арналған темір сауыттардың жалпы атауының ескі нұсқасы. «Тон» сөзі көне түркі тілінде «денеге киілетін киім» деген мағынада қолданылды. «Темір тон» атауында «тон» сөзінің осы көне мағынасы сақталған, батырлар киетін «темір киім», «темір сауыт» дегенді білдіреді. Халықтық әскери терминологияда сауыттың синонимі ретінде «тон» сөзі жауынгерлік сауыттың жеке түрлерінің атауларында да қолданылып, кіреуке сауыт — «кіреуке тон», көбе сауыт — «көбе тон», берен сауыт — «берен тон» деп атала береді. Ауыз әдебиетінде басынан аяғына дейін осындай темір сауыттармен жарақтанған батырлар әдетте «темір тон киген», «сауыттан тон жамылған» адамдар ретінде сипатталады.

Торғауыт сауыт/торғауыт — теріден жасалған сауыт. Әдетте ауыз әдебиетінде бұл сауыт түрі бес қабат, тоғыз қабат болып сипатталады. Италиян саяхатшысы Плато Карпини орта ғасырда моңғолдардың теріден бірнеше қабаттап сауыт жасайтынын сипаттап жазған. «Торғауыт сауыт» та осы әдіспен бірнеше қабат теріден жасалған болса керек. Торғауыт — моңғол тайпасының бірі. Оларда ортағасырлық моңғолдарда қолданылған, бірнеше қабат теріден сауыт жасау дәстүрі сақталған сияқты. Теріден бірнеше қабаттап жасалғандықтан, «торғауыт сауыт» өте берік болды. Батырлық жырларда мұндай сауытты көбіне қалмақ (жоңғар) хандары, батырлары кигені айтылады.




Ту — киелі әскери белгі. Ағаштан сапталып, матадан тігілген желектен және металдан жасалып, тудың басына орнатылатын киелі рәмізден — тудың ұштығынан тұрады. Тудың желегі әдетте үшбұрышты, төртбұрышты немесе трапеция формалы болып жасалып, желектің негізгі бөлігіне түсті матадан жасалған бірнеше (бір, екі, үш) таспалар түріндегі ту құйрықтары бекітіледі. Майданда жақсы көрінуі үшін тудың желегі мен құйрықтарына әдетте ашық қызыл, көк, жасыл, сары түсті маталар пайдаланылды. Тудың желегіне түрлі киелі бейнелер (қасиетті аңдар мен жануарлар, зұлпықар қылыш, періште, айдаһар, т.б. суреттер) салынып, киелі жазулар (әртүрлі



ұран, қасиетті сөздер) жазылады. Мысалы, орта ғасырлардағы көне түркілердің туларында олардың тотемдік символы болған бөрінің басы салынған. Тудың ұштығында әр халық өздеріне тән киелі діни рәміздерін бейнелеген. Бұл рәміз туға күш, киелілік беруге тиіс болды. Мұсылман халықтарында, оның ішінде қазақтарда да, тудың ұшында ислам дінінің символдары бейнеленді — жарты ай бейнесі салынып, Алланың есімі, Құран сөздері жазылды. Кейбір туларда ұштығының астына қылшашақтан, мата таспадан байрақтар тағылды. Ту мыңдық, түмен, лек сияқты үлкен әскери қосындардың киелі әскери белгісі болды. Киелі белгі болған тудан айырылу әскердің жеңіліске ұшырауымен бірдей саналғандықтан, соғыста туды ұстап жүруге ержүрек, батыр жауынгерлер тағайындалған.

Тұлпар — қазақтың көне дүниетанымындағы қасиетті ат түріндегі мифологиялық бейне. Мифтік сипаттағы ертегілерде, эпостарда тұлпар мифтік қаһармандардың — батырлардың көмекші қасиетті жануары ретінде көрсетіледі. Қазақтар болашақ батыр туғанда оның тұлпары онымен бірге туады деп сенген, яғни мифтік қаһарманға оның қанатты тұлпары аспан әлемінен арнайы түсіріледі. Қазақтар тұлпардың қолтығының астында көзге көрінбейтін қанаты болады деп санайды. Тұлпар — көшпелі халықтардың мифологиясында үш мың жылдай бұрын қалыптасқан көне мифтік бейне, ол аспан дүниесін мекен ететін, мифтік қаһармандарға көмектесу үшін арнайы жерге түсетін киелі рух түрінде суреттелген. Көне мифтік қанатты тұлпардың бейнесін біз үйсін, ғұн, сақ-скиф тайпаларының көне өнер ескерткіштерінен көре аламыз. Эпостық қаһарман Қобыланды батырдың аспанға ұшатын Тайбурылы — осындай қанатты тұлпар.




Шақпақты мылтық/шақпақты — шақпақты шүріппелі ескі мылтық түрі. Шақпақты мылтықта шүріппе шаппасының басы шақпақты бекітуге



арналған, бұрандамен тартылатын қысқаш түрінде жасалған, тұтатқыш дәрі салатын құлақ оқпанға емес, мылтық құлыбының тақтасына орнатылып, оқпан қазынасының тұтатқыш тесігімен жалғасқан. Құлақтың үстінде ашылып-жабылып отыратын арнаулы темір оттық түріндегі қақпағы болады. Шүріппені басқанда шаппаның шақпағы оттыққа ұрылып, соққыдан шыққан от ұшқыны құлақтағы тұтатқыш дәріні жандырып, одан тесік арқылы оқпандағы дәрі зарядына от берілді. Пілтелі шүріппемен салыстырғанда шақпақты мылтықта атылу процесі біршама жеделдетілді.

Шарайна – қайыс баулармен жалғанған бірнеше төртбұрышты немесе дөңгелек болат тақталардан құралып жасалған, сауыт сыртынан кеудеге, белге киілетін қорғаныс жарағы. Бұл жарақ тақталарының беттері айнадай жалтыратылып қоятындықтан, олар «айна» деп аталған. Жарақ атауындағы «шар» сөзі – «төрт» дегенді білдіретін парсы тілінен ауысқан сөз («шардақ», «шарбақ», «шарқат» сөздеріндегідей), яғни «шарайна» – «төрт айна» дегенді білдіреді, бұл жарақ көбіне төрт тақтадан тұратындықтан, осылай аталған. Тақталары болат темірден соғылып жасалғандықтан, шарайнаны кейде «шарболат» деп те атайды, яғни «төрт болат тақта» деген сөз.



Шоқпар – ұру, соғу арқылы зақым салатын қару. Бұл қару атауының түркі тілдеріндегі шокбар/чокмар/чокум/чокмак/токмак сияқты әртүрлі нұсқалары бұл атаудың түбірі соғу сөзі екенін, яғни соқпақ (соғатын, ұратын зат) дегенді мағыналайтынын көрсетеді. Шоқпарды жауынгерлер алдыңғы не артқы жақтан белге қыстырып алып жүрген. Ұзақ жолда, жорықта жүргенде шоқпарларды тақымның астына бастырып немесе алдыңғы қанжығаға байлап алатын болған.



Қалиолла Ахметжанов,
өнертану ғылымдарының кандидаты

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақсауыт. Батырлық дастандар. Екі томдық. – Алматы, 1977.
 2. Батырлар жыры. Екінші том. – Алматы: Жазушы, 1961.
 3. Батырлар жыры. Үшінші том. – Алматы: Жазушы, 1964.
 4. Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). Т.5. – Алматы: Жазушы, 1989.
 5. Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. Т.6. – Алматы: Жазушы, 1990.
 6. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1982.
 7. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974.
 8. Ғұмарова М. Эпос және ақындық мұра. – Қарағанды, 2013.
 9. Едіге батыр. – Алматы, 1999.
 10. Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. – Москва, 1974.
 11. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1., Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 2008.
 12. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі. Т.1 – 15. – Алматы, 2011.
 13. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы, 2001.
 14. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981.
 15. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.1 – 5. – Алматы, 2012.
 16. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана, 2001.
 17. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.
 18. Қоңыратбаев Ә. Эпос және этнос. – Алматы, 2000.
 19. Қорғанбеков Б. «Шора батыр» эпосы: нұсқалары, генезисі, тарихилығы. – Астана 2014.
 20. Мағауин Е. Ел қамын жеген Едіге. – Алматы, 1996.
 21. Марғұлан Ә. Шығармалары. Т.3. – Алматы, 2008.
 22. Мелетинский Е.М. Кыпчакский эпос о ногайских богатырях//в книге: История всемирной литературы. Т. 3. – Москва, 1985.
 23. Ноғайлы жырлары. Қырымның қырық батыры. – Алматы, 2005.
 24. Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. V. – СПб., 1885.
 25. Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VII. – СПб., 1896.
 26. Сикалиев А. Ногайский героический эпос. – Черкесск, 1994.
 27. Сыдиықов Қ. Ақын-жыраулар. – Алматы, 1974.
 28. Татар халық ижаты. Риваятьләр һәм легендалар. – Казан, 1987.
 29. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
-

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова в 2019 – 2020 гг. реализует издание 10 томов «Антологии Степного фольклора», которая является частью программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), предложенной Первым президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым в статье «Семь граней Великой степи».

Цель издания антологии заключается в том, чтобы донести до современной молодежной аудитории и широкого круга читателей самые лучшие образцы народного творчества кочевников, используя при этом последние достижения цифровых технологий в полиграфии и звукозаписи.

Второй том Антологии посвящен одной из составных частей казахского эпического наследия – циклу сказаний ногайлинской эпохи известному под названием «Қырымның қырық батыры» («Сорок крымских батыров»).

Этот цикл состоит из тридцати шести сказаний, записанных от известного казахского сказителя Мурын жырау. Сорок один герой, оставившие неизгладимый след в истории и чьи образы раскрываются в цикле произведений, рисуют исторические события, относящиеся к периоду Алтын Орды и позднее тюркским государствам, выделившимся из нее в XIV – XVII вв.

В хронологическом отношении самым старшим из персонажей цикла является Ахмет, его отца Айсыла, по имеющимся историческим сведениям, видел во дворе Узбек хана арабский путешественник Ибн Батута. Главный герой сказания «Едыге» долгое время был правителем Алтын Орды. Самым молодым из исторических персонажей, вошедших в цикл, является Оразмухаммед /Орманбет/ – правитель Ногайской орды, который скончался в 1597 году.

Главные герои и иные персонажи вышеназванного эпического цикла, прототипами которых являются исторические личности, жившие в разные периоды Ногайлинской эпохи, в эпических поэмах из репертуара Мурын жырау в соответствии закономерностям фольклора, принципам генеалогической, исторической и географической циклизации изображены как современники. Такого рода явления редко встречаются в истории мирового эпического наследия. Исторические события ногайлинской эпохи тесно взаимосвязаны с историей казахской степи. Например, образование Великой Ногайской орды как государства происходило на территории между реками Эмба и Урал; великий потомок Едыге Муса би служил у Жанибек хана в качестве беглербеги (эмиром эмиров) и их орда находилась в г. Сарайчик; би Ногайской Орды Шейх-Мама и его шесть сыновей правили огромной территорией, простирающейся в пределах трех рек – Эмба, Урал и Сыр-Дарья.

Запись цикла «Сорок крымских батыров» из уст сказителя Мурын жырау, состоявшаяся в 1942 году, стала большим историческим событием. В постановлении всесоюзной научной конференции, посвященной

среднеазиатскому фольклору и прошедшей в 1944 году в Ташкенте, этот цикл эпических произведений был особо отмечен как явление мирового масштаба. Но, к сожалению, через некоторое время был наложен запрет на исследование и публикацию образцов этого цикла. Только в 1989 году постановлением правительства КазССР об издании литературного наследия деятелей Алаш было принято решение о возобновлении их исследования и публикации. Первые издания цикла появились в 1989, 1990 гг. с цензурными правками и сокращениями и эти книги без изменений переизданы в 2005 году. Только в стотомной серии «Бабалар сөзі» (2008, 50, 51-тт.) тексты сказания были заново изучены в текстологическом отношении и ликвидированы все ранее внесенные правки. В процессе подготовки настоящего тома была проведена кропотливая текстологическая работа по текстам рукописей из Центральной научной библиотеки «Ғылым Ордасы» по устранению ранее допущенных искажений, пропусков и ошибок.

С учетом того, что Антология адресуется учащимся и широкому кругу читателей, ученые Института приняли решение не включать в данный том очень короткие по объему отрывки из таких произведений как «Сұлтанкерім», «Манашы», «Жаңбыршы», «Шынтас», «Қарт Қожақ», «Құлыншақ». Структура тома соответствует требованиям, предъявляемым для издания Антологии. В том, начинающийся с аннотации и портрета, биографии сказителя Мурын жырау, включены также комментарии, иллюстрации, фотоснимки, нотные и аудиозаписи эпических поэм.

В конце книги размещены этнографический словарь, библиография, резюме на русском и английском языках. В постраничных сносках даны переводы и толкования древнетюркских и арабских, фарси и русских слов, а также диалектов. Издание сопровождается электронной версией и аудиозаписью произведений. Для записи на аудиодиск были приглашены жырышы, представляющие западно-казахстанскую школу сказительства.

С помощью указанного на обложке книги QR кода читатель может получить доступ к электронным и аудио версиям издания, размещенным на сайтах.

SUMMARY

In 2019–2020 M.O. Auezov Institute of Literature and Art implements the publication of 10 volumes of «Anthology of the Steppe Folklore», which is part of the program «Rukhani zhangyru» («Spiritual Revival», proposed by the First President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in the article «The Seven Facets of the Great Steppe».

The purpose of the publication of the Anthology is to convey the best patterns of nomadic folk art to modern youth audience and a wide range of readers, using the latest advances in digital technology in printing and sound recording.

The second volume of the Anthology is devoted to one of the constituent parts of the Kazakh epic heritage - the cycle of legends of the Nogai era which is known as «Kurymnyn Kuryk batyry» («Forty Crimean Batyrs»).

This cycle consists of thirty-six legends which were recorded from the famous Kazakh narrator Muryn Zhyrau. Forty-one heroes, who left remarkable mark in history and whose images are revealed in a series of works, depict the historical events dating back to the period of Altyn Orda and later Turkic States that have separated from it in the XIV – XVII centuries.

In chronological terms, the oldest of the characters in the cycle is Ahmet, according to historical information, the Arab traveler Ibn Batuta saw his father Aisyl in the courtyard of the Uzbek khan. The protagonist of the legend «Edyge» for a long time was the ruler of Altyn Orda. The youngest of the historical characters included in the cycle is Orazmuhammed / Ormanbet / - the ruler of the Nogai horde, who died in 1597.

The protagonists and other characters of the above-mentioned epic cycle, whose prototypes are historical figures who lived in different periods of the Nogai era, are described as contemporaries in the epic poems from the repertoire of Muryn Zhyrau in accordance with the folklore laws, the principles of genealogical, historical and geographical cyclization. Such phenomena are rarely found in the history of the world epic heritage. The historical events of the Nogai era are closely interconnected with the history of the Kazakh steppe. For example, the formation of the Great Nogai Horde as a State occurred on the territory between the Emba and the Zhaiyk rivers; Mussa bi the great descendant of Edyge was serving as beglerbegi at Zhanibek Khan (Emir of Emirs) and their horde was in the town of Saraichik; bi of the Nogai Horde Sheikh Mamaia and his six sons ruled over a vast territory that extends within the three rivers - Emba, Zhaiyk and Syr-Darya.

The recording of the cycle «Forty Crimean Batyrs» from the narrator Muryn Zhyrau, which was done in 1942, became a great historical event. In the decree of the All-Union Scientific Conference on Central Asian Folklore which was held in Tashkent in 1944, this cycle of epic works was especially noted as a world-wide phenomenon. But, unfortunately, after some time the study and publication of the patterns of this cycle were prohibited. Only in 1989, by a decree of the government of the Kazakh SSR on publication of the literary

heritage of Alash figures, it was decided to renew their research and publication. The first editions of the cycle appeared in 1989, 1990 with censorship edits and cuttings, and these books were reprinted unchanged in 2005. Only in the hundred-volume series «Babalar Sozi» (2008, 50, 51-vol.), the texts of the legend were re-examined in a textual aspect and all previous corrections were eliminated. In the process of preparing this volume, a thorough textual work was carried out on the texts of manuscripts from the Central Scientific Library «Gylym Ordasy» aimed to eliminate previously made distortions, omissions and errors.

Taking into account the fact that the Anthology is intended for the students and a wide range of readers, the scientists of the Institute decided not to include very short excerpts from such works as «Sultankerim», «Manashy», «Zhanbyrshy», «Shyntas», «Kart Kozhak», «Kulynshak» into this volume. The structure of the volume complies with the requirements for the publication of the Anthology. The volume, which begins with the abstract and a portrait, the biography of the storyteller Muryn Zhyrau, also includes comments, illustrations, photographs, musical and audio recordings of the epic poems.

At the end of the book there is an ethnographic dictionary, bibliography, and summary in Russian and English. The footnotes contain translations and interpretations of ancient Turkic and Arabic, Farsi and Russian words, as well as dialects. The publication is supplied with electronic version and audio recording of the works. The zhyrshy representing the West Kazakhstan school of narration were invited for the recording on audio CD.

With the help of the QR code indicated on the cover of the book, the reader can access the electronic and audio versions of the publication posted on the websites.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	7
ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ	9
Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары.....	11
Аңшыбай батыр	14
Парпария батыр.....	29
Құттықия батыр.....	43
Ер Едіге	52
Нұрадын батыр	76
Мұса хан.....	94
Орақ, Мамай.....	107
Қарасай, Қазы.....	126
Қарадөң батыр және оның ұрпақтары.....	150
Қарадөң батыр	152
Жұбаныш батыр.....	170
Ер Сүйініш	188
Ер Бегіс	212
Көгіс, Тегіс	227
Тама батыр.....	241
Тана батыр	255
Нәрік батыр	272
Шора батыр	297
Жеке батырлар	324
Қыдырбайұлы Қобыланды батыр.....	326
Асанқайғы, Тоған, Абат	359
Қарғабойлы, Қазтуған	380

Ер Көкше	400
Көкшенің ұлы Ер Қосай	410
Ақжонасұлы Ер Кеңес	429
Манашыұлы Тұяқбай батыр	451
Жаңбыршыұлы Телағыс батыр	466
Айсаның ұлы Ахмет батыр	480
Алау батыр	492
Әмет батыр	502
Шынтасұлы Төрехан батыр	513
Суретті сөздік	528
Әдебиеттер	564
Резюме	565
Summary	567

ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ АНТОЛОГИЯСЫ

2-ТОМ

ГЕРОИЧЕСКИЙ ЭПОС (на казахском языке)

Утверждено Ученым советом
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор М. Солтанғазина
Компьютерде терген Қ. Нұркамал
Аудиожазбаны дайындаған Е. Елгезек
Дизайнер Т. Сорокина
Компьютерде беттеген Г. Сәрсенбаева

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 ×108 ¹/₁₆ Көлемі 35,75 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды.